

Каз
М37

МАШҲУР-ЖУСИП



شهر یوسی
7

103
M37

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

Мәшһүртану ғылыми-практикалық орталығы

Мәшһүр Жүсіп

Шығармалары. 11 том

Павлодар 2007

192
УДК 82.09
ББК 83,3 Қаз
М-37

Редакциялық алқа:

Арын Е.М., Қирабаев С., Құсайынов А.,
Мәшһүр-Жүсіп Қ.П. (жауапты редактор),
Қаскабасов С.А., Нұрғалиев Р., Әбусейітова М.Қ., Негимов С.,
Дәуітов С., Қамзабекұлы Д., Тұрышев А., Жүсіпов Н.Қ., Жүсіпов Е.Қ.

Рецензенттер:

А.С. Еспенбетов – М.Әуезов атындағы
Семей университеті ректоры, фил. ғыл. докторы, профессор;
Д. Ысқақұлы – фил. ғыл. докторы, профессор.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы

М-37 Шығармалары. 11 том. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2007. – 418 б.

ISBN 9965-08-177-8

Он бірінші томда Мәшһүр Жүсіптің тікелей өз жазбалары бойынша оның әдебиет, тарих, ғылымының басқа да түрлі салалары бойынша жазғандары қамтылды. 1-10 томдарда Мәшһүр Жүсіп жазбалары тақырып, сала, жанр т.с.с. бойынша жіктеліп беріліп келсе, 11 – томда және бұдан кейін қолжазбаларды жариялау ісінде түпнұсқа тәртібі сақталады, яғни тақырып т.с.с. бойынша жіктелмей, түптелу, сақталу реті бойынша қолжазбаның бірінен соң бірі қалдырылмай ұсынылып отырады.

ББК 83.3 Қаз

Кітапты араб жазуынан аударып, ғылыми түсініктер беріп, құрастырып, баспаға әзірлеген – Нартай Қуандықұлы Жүсіпов, филология ғылымдарының докторы, профессор.

уа-4/24
С.Торайғыров
атындағы ПМУ-дің
академик С.Бейсембаев
атындағы ғылыми

КІТАПХАНАСЫ

М $\frac{4603020000}{00(05)-07}$

ISBN 9965-08-177-8

© Мәшһүр Ж.К., 2007

Шөженің Шоң биге айтқаны

О, Шоң биім, Шоң биім [1],
Тұғырға қонған сұңқарсың,
Суытып мінген тұлпарсың!
Судан шыққан сүйріксің,
Таптан озған жүйріксің.
Бибатпадай бақтысың,
Сүлеймендей тақтысың!
Дін-мұсылман казакқа
Жұрттан озған даңқын бар.
Бәйтеректей бүрлі өткен,
Пайғамбардай нұрлы өткен.

Қожамберді – қырық жігіт Өскенбайдың аулына барымтаға барды, қолға түсіп өлең айтты: «Мен үйімнен шығып ем бойлай-бойлай» [2].

Өтірік өлең. Өтірік өлең айттым да, қызға жақтым [3].

Ақбала мен Боздақ айтысы [4].

Қаршығаны мақтағаны [5].

Қазақтың түбі

(екінші нұсқа)

«Бір Алтынбел деген хан болған. Ханның жалғыз ұлы бар еді, аты – Қайшылыхан» [6]. Сонан басқа баласы жоқ еді. Бір күндерде ханның қатыны құрсақты болды. Бір уақытта бір қыз бала келтірді: «Ай дейін десе, аузы бар; күн дейін десе, көзі бар!» Ол қызды тапқан шешесі ол қызын көріп, көркінен талып қалды. Бұл қыздың аты – «Алмалы – көрікті».

– Сондай бір қыз келтірді, – деп, ханға айтады.

Хан айтты:

– Адамға көрсетпей, кісі көрмесін! – деп, бір жерге жасырып асыратты дейді.

Сонан соң ханның қатыны бір кемпірді шақырды. Кемпірге бір жүз ділда жылына берді. Кемпір бұ баланы алып, қараңғы темір

үйге салып, бұ баланы асырады. Сол қыз бір күндерде ер жетіп өсті. Өскеннен соң бұ қыз бір күнде кемпірден сұрайды:

– Сен қайда барып жүрсің?

Кемпір айтады:

– Ай, балам, бір жарық дүние бар. О бұ жарық дүниеде әкең бар, шешен бар. Талай жандар бар. Анда [сонда] барамын.

Қыз айтты:

– Ай, ене-ке, ешкімге айтпайын, маған со жарық дүниені көрсетші!

Кемпір айтты:

– Жарайды, ешкімге айтпасаң, көрсетейін!

Кемпір бұ қызды тысқа шығарды.

Шығарғаннан соң, о қыз бұ жарық дүниені көріп, өне бойы балқып, есі ауып қалды. Сол тысқары шыққан күндерінде оған Алла тағаланың көзі түседі. Алланың әмірімен со қыз құрсақты болды. Бір күндерде іші өсіп, үлкен болды. О қыз буаз болғанын кемпір білді:

– Енді мені өлтіреді! – деп, қайғы жеді. – Енді мені өлтірсе де, қаным ақ, ханның қатынына айтамын! – деді.

Кемпір келіп, ханның қатынына айтты:

– Қызыңыз құрсақты болды. Еш адамға мен оны көрсеткенім жоқ. Өлтірсең, қаным-ақ. Тірі қалсам, жолым-ақ!

Ханның қатыны айтты:

– Сен онан басқа не қылдың?

Кемпір айтты:

– Қылғанымды жасырмаймын. Менің қылған жазығым – бір-ақ [рет] тысқары шығарған едім. Шыққан күннен құрсақты болды.

Ханның қатыны айтты:

– Сен жамандық қылмаған болсаң, ханға жауабын мен өзім берейін!

Солай айтып ханға барды. Ханға келіп айтады:

– Қызыңыз құрсақты болды – Алланың әміріменен, оны еш адам көрген жоқ, – дейді.

Хан айтты:

– Олай болса, өлтір оны! – дейді.

Ол қатын айтты ханға:

– «Хан қызын өлтіріпті!» – деген атақ жаман болар.

Хан айтты:

– Енді не қылсаң-дағы көзімнен жоғалт! – дейді.

Қатын өлтіруге қызын қимайды. Бір алтынды әбдіреге салып, ішіне азық салып, аузын жауып, кілтін сыртына байлап, ағып жатқан дарияға салып қоя берді [7].

Сол бір жерде Домдағұл соқыр, Тоқтағұл мерген [8] бір жерде аң аулап жатушы еді. Сол дарияның ортасында ағып келе жатқан әбдірені көрді. Тоқтағұл мерген көргенде:

– Ай, жолдасым, – дейді, – судың ортасында жарқырап бір нәрсе ағып келеді. Құдай берсе, оны біз аламыз. Ала калсақ, сен ішін аламысың, тысын аламысың? Со жерде үлеселік. Қолымызға келген соң, бір-біріміз таласып, араз болармыз.

Әуел (ол) Домдағұл соқыр:

– Мен тысын аламын, – дейді.

Тоқтағұл мерген айтты:

– Мен ішін аламын: не шықса да, шықпаса да, менің бағымнан болсын!

Сонан соң жібектен жіп есіп, оққа байлап, Тоқтағұл мерген атады. Ол оқ барып әбдіреге қадалады. Әбдірені тартып, судан шығарып алады. Әбдіренің аузын ашады. Ашса, ішінде «он төртінен туған айдай» боп, ішінде бір қыз жатады. Екісі [екеуі] көргеннен соң, көркінен есі ауып қалады.

– Не кісісің, не еткен жансың?! – дейді.

Қыз айтты:

– Мен Алтынбел ханның қызы едім, – дейді. – Мені бір қараңғы жерде асыраған екен. Мен Алланың әміріменен құрсақты болыппын [9]. Мені сонан соң әкем: «Өлтірсін!» – дейді. Шешем өлтіруге қимай: «Қайда кетсе де, тірі кетсін!» – деп, осы әбдіреге салып, қоя беріпті.

Тоқтағұл мерген айтты:

– Сені біз алармыз, бізге тиемісің?

Қыз айтты:

– Тиейін! Мен осы ішімдегі баламды келтіргеннен соң, тиейін саған! – дейді.

Тоқтағұл мерген:

– Олай болса, жарайды, – дейді.

Сонан соң уақыт жеткен соң, бір ер бала келтірді. Өзіпен көркем болды, [Осы 115 – беттің оң жағына қиғаштап жазылған қосымша: «Бір қолы жұмық туды: уысы тола қан екен»]. [Осы 115 – беттің сол

жағында көлденеңдеп орнаған қосымша: «Ханлардың ханы болған Шыңғыз хан 599-да Тоңыр елінде, моғол жұртында...»). Сонан соң некесін қиып алды:

– Далада жүрмейік, – деп, еліне келді.

Еліне келген соң, со бала ер жетті, өсті. Өзі жақсы, әділ болды. Со баланың атын «Шыңғыз» (Шыңғыс) – қойды. Ол уақытта олардың тұрған шаһарының патшасы өлген екен, [артында] бала қалмаған екен. Елі патша қылуға жақсы кісіні таба алмайды.

[Осы араға келтіруге лайық саналған 116 – беттің оң жағына көлденеңдеп орын алған қосымша: «Балалармен ойнап жүргенде, Шыңғыс ойыны бір басқа, Бөденетай, Бүргентайлардың ойыны бір басқа болады. Сонда шешесінің айтқаны: «Бұланға ерген таза жерге ойнайды, доңызға ерген балшыққа ойнайды»].

– Со Шыңғыс деген баланы патша қоялық! – деседі. Баланы патша қылады: «Өл десең, өлерімізге!» – деп, ант береді.

Сол Шыңғыс патша болып, әділ болды, кісіге зұлым қылмады, зорлық қылмады. Жұрты тыныш болды, елде ұрлық, өтірік жоқ болды.

Шыңғыс туғанда, Тоқтағұл мерген Алтынбел ханның қызын алған екен. Сол қатыннан үш ұл бала туды. Ол үш бала ер жетті. Ер жеткен соң, со Шыңғыс деген патшаға зорлық қылды [10]:

– Бұ атасы жоқ бала еді. Мұны патша қылмаймыз. Біздің атамыз бар. Біздің бірімізді патша қыл.

Сол патша сол үш баламен егес (иңеш) болды. Сонан соң патша:

– Мен жалғыз едім, мені бұлар өлтірер, – деп, қашпақшы болды. Шешесінің қасына келді, айтты:

– Ай, шеше, мен кетемін қашып. Мына үш жаман балаң мені өлтіретұғын болды, – дейді.

Шешесі сұрады:

– Енді, балам, сен қайда барасың? Барған жерінді маған айтып кет. Мен сенің өлі-тірі хабарыңды қайдан білемін? – дейді.

Шыңғыс хан айтты:

– Қайда барайын? Ұзын ағып келген судың басына барып, сол атамның тұсына барып, анда [сонда] жатармын. Атам судың ар жағында болса, судан өтсем, өтермін. Өте алмасам, судың бір (бер) жағында со жерде жатармын. Ай, шешекем, менің өлі-тірі хабарымды мен білдірермін.

Саған осы ұзын ағып келген судан құстың жүнін салып тұрармын. Құстың жүні өтіп тұрар. Өтіп тұрса, менің тірі болғаным. Құстың жүні өтпесе ағып, онда менің өлгенім! – деп, уәде кылды да, – Аман бол, шеше! – деп, кетіп қалды.

Шыңғыс қашып барып, суды өрлеп кетті. Атасының тұсына келіп, судан өте алмай, бұ жақта жатып қалды. Жатып аң атарға шықты. Аң атып, құс атып, анның терісінен үй кылып алды. Құстың жүнін суға салып қойып, құстың жүні ағар суменен өтеді, шешесі тірлігін біліп тұрды. Енді Шыңғыс құстың жүнін таудай қылып үйіп қойды.

Сол Шыңғыс кеткеннен соң, ел патшасыз болды:

– Кімді патша қыламыз? – деп, састы.

Онан соң:

– Осы қатынның баласы жақсы болушы еді, – деп, бір Бүргелтай (Бүріналтай) деген баласын хан қойды.

Бүргелтай жұртты бүтін тұтып, жақсы қылып, тұра алмады. Жұртында ұры көп болды, тентек көп болды, өтірік көп болды. Оның тілін адам алмады. Өзі әділ болмады, паракор болды. Сонан соң сол жұрты азып-тозды [11]. Жұрты бір жерге жиылып, кеңес құрды:

– Біздің патшамыз әділ болмады, жаман болды. Ол жұртты тұтып тұра алмады. Шыңғыс хан патшамыз тұрған уақытта жұртымызда ұрлық, өтірік, зорлық жоқ еді. Жұртымыз көп еді, аз болып қалды, бұ жұртымыз таусылатұғын болды. Бүргелтай патша бола алмас. Со Шыңғысты іздеп табайық, – [десті].

– Мұны қайдан табамыз? Қайда кеткенін Құдай біледі, өзге жан біліп болмас.

– Оны бір білсе, шешесі біледі, онан сұралық.

Жұрты жиылып, со шешесінікіне келді, айтты:

– Сол Шыңғыстың қайда кеткенін білемісің? – дейді. – Мына жаман балаң патша бола алмады, жұртты бүтін тұтып тұра алмады. Шыңғысты іздейік, – дейді. – Біз қайда кеткенін білмейміз. Сіз соны білсеңіз, сіз айтыңыз, білерсіз? *Шешесі айтты:*

– Мен айтайын. Барсаң-дағы, тауып алсаң-дағы, мұнда келмес. Келсе, тұзу [жөн] айтайын. Осы суды өрлеп жүре беріндер. Осы судың бойында Шыңғыс бар-ды, табарсыңдар. Барып, жалынсаңдар, Шыңғыс келер. Жаман сөз айтпаңдар, көптен кісі көрген жоқ, шошып кетпесін!

– Жарайды, – деп, жиырма бес кісі, бәрі жақсы кісі, іздеп кетті.

Бір күндерде Шыңғыстың жеріне келіп жетті. Шыңғыстың аң терісінен қылған үйін көрді, таудай қылып үйіп тастаған құстың жүнін көрді, орнатып қойған ат байлайтұғын дінгегін көрді.

– Шыңғыс осында екен, – дейді. Шыңғыстың өзі жоқ, аң аулағалы кеткенін білді. – Біз бұған көрінбейік, бізді көрсе, қашып кетер. Атымызды жасырып, өзіміз құстың жүніне еніп, жаталық, – [деп], жасырынып жатты.

Бір күндерде Шыңғыс келді. Дінгекке:

– Шыңғыс хан келді! – дейді, өзі:

– Ханның атын ұстаңыз, – дейді. Аттан түсті. Және өзі:

– Ханның атын байлаңыз! – дейді.

Хан үйге кірді, өзі:

– Ханға есік ашыңыз, – дейді. Үйге кіргенде:

– Ханның астына кигіз салыңыз! – дейді. Өзі отырды:

– Ханның алдына ас ап кеп қойыңыз, – деп, өзі асты [даярлап], өзі алып ішті. Асын ішкен соң, ұйқысы келді:

– Ханға төсек салыңыз, – деп, өзі салып жатты.

Жатып қалған жерінде жиырма төрт кісі бас салып ұстап алды. Жиырма төрт кісінің бірін былай, бірін былай лақтырды.

Кісілер айтты:

– А, тақсыр хан, – деп, – «Құлдық қыламыз!» – деп, жалынып келдік.

Сіз кеткен соң, еліміз азып-тозып кетті. Қайтып жүріңіз, патша болып, орныңызға тұрыңыз!

Сонан соң қайтып алып жүрді, еліне алып келді:

– Бұрынғы орнына хан қыламыз! – дегенде, соңғы байдан туған үш інісі:

– Мұны патша қылмаймыз. Бұл кетсін, кетпесе, мұны өлтіреміз! – дейді.

Сонан соң жұрт жиылып, кеңес құрды:

– Мұны қайтеміз? Мұны патша қылсақ: «Өлтіреміз!» – дейді. Өздерін патша қылсақ, жұртты тұтып тұра алмайды. Мұның қайсысын патша қылса да, шешесі білсін! – дейді.

Шешесіне үшеуін жіберді:

– Төрт баласының қайсысын шешесі патша қылса, біз соған разымыз! – дейді.

Төрт баласы шешесіне келді. Бірісі: «Мен боламын патша!». Және бірісі: «Мен боламын!» – дейді. Төртеуі таласып келді. Төрт баласына шешесі айтады:

– Бәрің де менің баламсың, – дейді. – Сендер таласпаңдар! Мен төртеуінді әділ шариғат (шырағат) қылайын. Мына сағымға садағыңды іл. Сағым садақтарыңды көтерсе, соның патша бол!

Төртеуі апарып, сағымға садақтарын ілді. Үшеуінің садақтары жерге түсіп кетті. Манағы Шыңғыстың садағын көтеріп тұрды сағым. Астынан тіреу жоқ, үстінен байлау жоқ. Со жерде сол қатын жұрттың бәрін жиып алып:

– Мынаны көріндер! – дейді. – Бұл Алланың әміріменен бала болған. Мұның, сол Алланың әміріменен, сағым садағын көтеріп тұрады [12]. Мұны патша қылыңыз! Ана үшеуі зорлық қылса, оның үшеуін де өлтіріндер! – дейді. – Жұрт, сендер көпсіндер ғой, зорлық қылдыртпаңдар! – дейді.

Сол жерде Шыңғыс хан болып тұрып қалды. Тозған жұрттың жиып алды. Өзі сондай әділ патша болды [13].

Өзі бір жақсы қатын алды. Қатыны үш ұл тапты, бір қыз тапты. Со [л] патша болып тұрған заманда әрбір патшадан артық болды. Ешбір жауға алдырмады, жұртына қайғы салдырмады. Сонан соң: «Сондай жақсы патша бар!» – деп, Рұм шаһардың кісісі келіп:

– Бір баласын бізге бер! – деп, сұрап келді. – Оны біз патша қыламыз, – [деп].

Рұм шаһарына берді бір баласын. Қырым шаһарынан кісі келді: – Шыңғыс ханның бір баласын хан қылғалы аламыз! – деп сұрап келді. Ол бір баласын алды патшалыққа. Халифа жұрты келді:

– Бір баласын біз де патша қыламыз! – деп. Оған бір баласын берді. Онан соң:

– Сол Шыңғыстың бір баласын біз де аламыз! – деп, Орыстан келді. Оған ұл баласы қалмады. Акбибі деген қызын берді. «Патша оны қыламыз!» – деп, орыс алып кетті.

Ол Шыңғыстың өзі өлгеннен соң, елде жақсы патша болмады [14]. Со Шыңғыстың үш баласы патша болып, үш шаһарда тұрды. Енді бізде қазақта қалмады.

Әз Жәнібек, Бөденетай, Бүргелтай – шешесінің үш баласы – осы тұрған жаман төрелердің аталары. Әз Жәнібек ханның баласы – Досан хан Ұлы жүзде болған. Оның балалары көп боп кетті.

Шыңғыстың әкесі – Алтынбел хан, оның баласы – Қайшылыхан, оның баласы – Темір хан, оның баласы Досым хан, оның баласы Есім хан, оның баласы үш болған: Еңсегей бойлы ер Есім. Есімнің баласы – Абылай хан болған.

Бұхар ханы Абылайдан қыз сұратқан жоқ, «Май қатығын тауып берсін!» – деп, тарту-таралғы жіберген. Бұхар хан [ы] Абылайға айтты: «Маған қызын жіберсін!» [15].

Абылай хан қазақтың ханы болған. Бір Ботахан дегенді тірі көрге салған [16].

Абылай хан (тарихи дастан) [17].

Айтамын, айт дегеннен, ау, жарандар,
Кейін сал кенесіңді, бозбалалар [18].

Қойкелді өлеңі.

Мен аттанып шықтым қалмаққа [19].

Бір батыр қырғызға барыпты: әкесінің, Мандық деген батырдың
кегін алуға [20].

Ер Көкше.

Уақ ұлы Қамбар екен,
Қамбарұлы – ер Көкше [21].

Желкілдек.

Бұрынғы заманда Нұрманбет деген хан болған [22].

Қыз тәрбиесі туралы

Надан жұрт надандығымен қыздарын тұтқынлықта қалдырып, ас ішіп-жемейтін арық қылып, қатпа қылып өсіреді [23]. Оның көп зырры (зәрі) бар. Зағип (зығипа) қатынларының нәсілдері бір-екі, яки үш ғасырдан соң мынқырыз болашқыдыр. Қатын нашар болған соң, кейінгі өсуі кем болып, екі-үш буынға жетпей құриды.

167 – бетте Ботакөз сұлу мен сарт үйірлігін сөйлеген. Бұл сарттың аты: «Хожай саудагер». Бұрынғылардың: «Ер Қосайдың жолын берсін, // Хожай саудагердің саудасын берсін!» – дейтін батасында бар.

Бұл Хожай саудагер ер Қосайға мақтаныпты:

– Арғынның ақсары биінің үйінде жатамын. Ардақты қызы Ботагөз сұлу некелі қатынымдай, – деп.

– Сені койнына алмайды, – десіп, екеуі ерегесіп бәстесіпті.

Егер де сарттың сөзі рас болса, екі қолын төбесіне қойып, бар маңдайындағысынан Қосай безіп, жожаға бермекші болыпты. Сарт сөзі жалған болса, бар маңдайындағысынан сарт безіп, Қосайға қолынан тапсырмақшы болыпты. Базардан бірге қайтып, бір әбдіренің ішінде Қосай бар, Арғынның – Ақсары биінің ауылына келіп, Хожай түсіпті. Қатын-қалаш, бала-шаға, – бәрі үймелеп келіп жатыр. Хожай да дүниені аямай шашып-төгіп жатыр. Келген қатын-қалаштың бірі – Ботагөз сұлу. Бәрі тарқаған кезде Ботагөз сұлуды жалғыз алып калып, мейлінше жалынып:

– Баяғыдан бері алдадың, енді бүгін койныңа ал! – деп, жабысыпты.

Қыз айтыпты:

– Ит ас ішетұғын итаяк алып кел, мен соған жылы су төгейін. Соны іш. Мені шын жақсы көретұғыныңды сонан білейін. Оны қылсаң, сонан соң маған білгенінді қыл, – депті.

Хожай сорлы қуанып кетіп, ұшып түрегеліп, қыздың не айтқанын орнына келтіріпті. Қыз:

– Тойдың ба, сусының қанды ма? – депті.

– Жаныңнан кетеді, басыңнан үркілей (өркүләй) дүниеде сусын іздеместей сусыным қанды, – депті.

– Ендеше осы тойғаның да жетер! Итаяктан адам (ит) ішпес, // Ішкен сарттың астына ит те жатпас, – деп, қыз үйіне тұра жөнеліпті. Сөйтіп Хожай сарт бар өмірінде каталдықпен жиған дүниесінен айрылып, «дат!» – деп, шоңкиып қалыпты.

Бала күнде естіген сөз еді. Біздің бала күнімізде ескі сөзді екінің бірі сөйлеп, айтып отырушы еді.

Сайын батыр.

Бұрынғы елдің барында,

Өткен елдің заңында [24].

Аманқұл абыз

Үйсін-Аманқұл абыз Сыбанкөк деген атымен Құрмантоғалақтан таң намазын оқып аттанып, Ерейменнің Жұмалай асуында бір ағашта атын жиып (тарлап), бұлағынан дәрет алып, бесінді Сарыобаның басында оқыған [25].

Қатынының аты – Кежек, Тайкелтір-Мықтыбай, Шектібайлармен туысқан қыз еді. Ол Кежектен туған: Айдана, Дүрдана. Дүрданадан туған Іңкәрбай. Әділше азаншының әйелі еді. Іңкәрбайдан Батырша дейтұғын бала туып, онан екі бала бар: Мақаш, Мұқаш.

Аманқұл абыздың қарашолақ кітабы бірден-бірге Қожакелді-Әлике молданың қолында көп жүрді. Онан қайда қалғаны белгісіз, ешкім білмейді.

Қосдәулет әңгімесі

Едіге бидің кенже баласы – Қосдәулет Ертістің ар жағында жатқан жылқысынан шығып, Қарағайлы бұлақтағы үйінің сыртындағы қосына атын байлап, таң асырған. Жүген, шылбыр, тізгін – қайыстан, ат таң – асқанша, жер қазып тартып тұрмай, қайыс шылбырды үзе алмай, ауыз омыртқасы шығып кетіп, тұрған жерінде таң атқан соң, пышаққа ілінген.

Дүйсен балуан, әкесі – Жаманқара. О да іштен шыққан күші келіп, Бабатай тасындағы үйіне таң асырған.

Ботбай бай жолда Тұзқаладан бір тайға бір байлам ер бітер алып, соны біреу қалап алып, қазан қайнап тұрғанда, үйіне келіп, атын таң асырған.

Кенесары, Наурызбай Қараөткелге өрт салғанда, бір орыс күнбек күн Қызылжардағы...

Абылайдың Бұқар жыраудың көңілін сұрауы

Абылай хан, мал қорадан шығып жатқанда, Көкшетаудан шығып, кешке мал қораға кіріп жатқанда, Абылай Бұқар жыраудың көңілін сұрау үшін келген. Сонда Бұқар жыраудың хан үйге кіріп келгенде, басын көтеріп алып айтқаны:

Бас ауырса, жан қорқар
Іште пікір...
Хан иемді кө [р] ген [де],
Құдайға...
Ауыздыға сөз берген, – деген...

XXX

Қозған-Төйте тәуіп деген кісі Қызылтаудың Жосалысында – үйінен таң намазын оқып шығып, бесін намазын Аккөл-Жайылманың басында оқып, бес намазды сол жерде өтеп, онан ертең таң намазын сол жерде оқып алып, бесінді үйіне келіп оқып, бес намазын бұл жерде оқиды екен. «Әулиелі Аккөл» – атанғандығы сонан дейді [26].

Күн, Ай және адам денелері

Күн – патша, Ай – оған уәзір. Ғытард, фишір, зіһре – ойыншы. Мырных, Шікір, Мышнай – қазы. Зыхыл – диқан.

Адамның көзі – Ғазірейіл, құлақ – Микайіл, мұрын – Исафил, тіл – Жебірейіл.

Адамның құлағы-хамал, мойныны тор (шор), екі колы – жоза. Екі иін – нысыртан, көкірегі, кеудесі – сыпдыш жағытта арысландай. Бауыр – сүмбіле (сінбіле). Өкпе – мизан. Ұят жері – ғықырып. Жауырыны – құс, бұт – жыды. Тізеден төменгі – хысұлу. Екі аяқ – дініп, басышот... Он екі [мүшесі] – он екі биіс...

Мұхаммед пен шәриарлар.

Пайғамбар шапағатшы таңда жарым,
Көрсетті имандыға өз дидарын [27].

Бозторғай.

«Қиын жол қияметтік тар-ды!» – дейді,
«Бір жағы – су, бір жағы – от, жар-ды!» – дейді [28].

Киік.

О заманда бар екен жалғыз киік,
Тамам кәпір аттанды тұзақ жиып [29].

Алтын бас пен Күмісаяқ.

Айтамын тындасаңыз, жақсы кепті,
Көп адам бізден бұрын өтіп кетті [30].

Заман ақыр.

Хабиб хак сәруардайын,
Әбубәкір, Ғұмардайын [31].

Бір шайырдың сөйлеген насихаты

Стамбул, патша болсаң, Құдыс, Шамға,
Бұхар мен хәкім болсаң, һүндістанға.
Ағылшын, Қытай, Жапон (Иапон), Румды алып,
Дін түзеп, әмір етсең бұл жаһанға.
Тұтсаң да жеті ықылымның бәрі [н] тегіс,
Кіресің ақыр бір күн көрстанға.

Есепсіз бай болсаң да Қарынбайдай,
Сахи боп мал шашсаң да Атымтайдай,
Патшадай Әмір – Темір дін түзетіп,
Болсаң да әйдік батыр арыстандай,
Шешен бол Жиреншедей қызыл тілге,
Ақырда жатар орның – шап-шағын жай.

[Ескерту: Өлең соңында сол жақ төменгі бүйірде басқа сиямен жазылған, яғни кейінірек қағазға түсуі мүмкін анықтама: «Алтынбас-Қыпшақтан шыққан ақынның өлеңі»].

Қарқаралы төрелері.

Тимушын, Шыңғысхан, Жошыхан, Сайын хан [32].
Бәсентиін: төртінші қатынынан – Сырым [33].

Түрлі әңгімелер

Баязид, Бытами заманында бір кәпірге біреу:
– Мұсылман болсайшы, – дегенде, ол кәпір айтыпты:

– Егер мұсылманшылық Баязид қылған іс болса, ол менің қолымнан келмейді. Жок, өзгенікі болса, ол мұсылманшылықтан өзімнің кәпірлігім көп артық, – депті [34].

Хак айтқан, рас (расыт) айтқан. Бұл һәм Тезкирет әулие де айтқан.

Зындық сол кісі Құдайдың барлығына, пайғамбардың хақлығына егер қылыпты: «Дүниенің әуел – ақыры жок. Мақұлықтардың жаратылуы дүниеден үлкен» – дейді. Қияметінің келешегіне нанбаған (инанбаған) кісі.

Ғалым Ламардан болған, лытаф хамсаның сарайы ғалымлықтан болған. Лытаф хамсаға саулаған бойымен құйылып тұрады.

Ғалым Ламардан болған ілтисипаттың сылының (асылының) сылынан – нәпсінің сылының сылы (асылы).

Қылыптың сылының сылынан – елінің сылының сылы. Румның сылының сылынан – судың асылының асылы. Сырдың асылының асылынан – оттың асылының асылы.

Хығидың асылының асылынан: топырақ, – асылының асылы-Хығидың сылының сылынан.

Айтылар: «Төрт ныһар бейіште тәубе (түбі) ағашының түбінен ағады. Ұшандық төрт өзен кәріптердің (ғарыптардың) ділінде.

...Қылыпның бұлағынан набит суы ағады.

Көкірек бұлағынан – сүттің сүті [35].

Борса шаһарында жамых кібир бар: пышағында жазылған. Миршамсидин Мұхаммед Лыжыхары опаты 833-те, хазрет қожа Баһаудин ныкшыбындының ширзадасы. Миркүләл бабаның перзенттер жымындылары сұлтан Баязид Илдірімнің рамады хикаясы мәшһүр. Нух ғалайссалам заманындағы кемпірдің үйінің орыны сол жамғы ортасында бір кішкене хозы ішінде балықтар ойнап жүреді.

Бұл Борсада Сұлтанмұрат Шеруанның жуарында Шегіртке зиараты бар. Бұл кемпір Нух пайғамбарға күнде бір аяқ катық ап келіп:

– Топан суы қаптағанда, мені кемеңе ала гөр! – дейтұғын.

Су тасығанда, Нух мұны (бины) ұмытып кетіп, су тартылғанда, тағы қатығын ап келіп тұр дейді:

Топан суы қаптағанда, мұның өзі де, үй-қорасы, сиыры да аман болған. Сол кемпірдің үйінің орыны Борса шаһарында, Жамихкібір соның орынын алған.

...Зындық сол кісі Құдайдың барлығына, пайғамбардың хақтығына іңкәр қылып та дүниенің ұшы (әуелі), ақыры жоқ мақұлықтарының жаратылуы. Дүниеден келген деу – қияметтің келешегіне айналмаған кісі – рух баян [36]...

Бір үй (ди) бар – тау секілді – орнынан қозғалмайды. Бір үй (ди) бар ағаш сықылды – тамыры берік: кеткен жылмен (желмен) қозғалады. Толып жатқан үй (ди) бар – бұлт сықылды желбіреп, былай (бұлай), біресе олай айдап кетеді [37].

...Бұл ғылым білімнен бастап, мұнан былайғысы бұрын қағаз жүзінде нұсқа болып жазылмаған. Үш жүздің ішінде кеудесі хат болған Қаракесекте – Бердәлі кожа, Қанжығалыда – Саққұлақ, (Әлике)Лике-Байдалыда Аққошқар – Сайдалының Аққошқары – сондай қазақ жақсыларынан естуменен Мәшһүр Иүсіф Көпеевтің қағаз жүзіне тахырия қылып, оным өз зиһынан жасалған сөзлерді мыхымұх міркіб қылып кейінгі заманға жәдігер (иадкер) үшін жад әуелі басы Василий Васильевич Радловтың жинаған сөзі – қазақ әдебиетлерінен.

Ғылым-білім (бірінші әңгіме)

Ғылым-білім немен болады? Әуелі жаратушы Құдай тағаланы танумен болады. Әуел ғылым мағырфата (махырфата) Ал-Жаббар – ғылым-білімнің ең алды – Құдай тағаланы танымақ. Ол Құдайды қайтсе, таниды? Әркім өзін таныса, сонда Тәңірісін таниды. Қазақ қариялары да айтады жақтырмаған кісісін: «Бұл шіркін өзін танымайды!» – деп. «Мен кәріп ніпсе фықид кәріп (ғарыб) Раббы» – деген.

Олай болғанда, ғылым-білімге талап қылғышлар алдымен өзін тануды максат (мықсұд) қылу керек. Бір Алла құдіреті зор, өзі жалғыз. Онан басқа жалғыз болып іске жараған нәрсе жоқ (иок). Дүниеде имансыз – жақсы (ихшы) болмайды, харамсыз халал болмайды.

Құдай тағаланың жаратқан нәрсесінде – ғақылдан ғазиз ұшыриф нәрсе жоқ, дәнемеге қосыла алмай, жалғыз өзі неменеге жарайды?

Жаннан аяулы, онан қадірлі не нәрсе бар? Дәнемеге қосылмай, жалғыз өзі тұрғанда, ол неменеге жарады? Бұл екеуі [бізше, ғақыл мен жан – Н.Ж]. канмен қосылып еді. Үшеуі бір жерге бас қосқан соң, сонымен, мінеки, біз адам болып отырмыз.

Адамның адам болып тұрғаны – осы үшеуінің бір жерге бірігуіменен. Бұлардың басын бір араға қосып, біріктіріп тұрған: от, су, топырақ, жел, – төртеуі бір жерге жиылумен дене болады.

Адамның денесінде осы төрт нәрсе түгел бармақтың көлеміндей көздің ішінен бәрі табылады. Көздің ашылып, жабылып тұрғаны – жел барлығына дәлел. Жас ағады, суы барлығына дәлел. Бір нәрсе тисе, жарк етеді, от барлығына дәлел. Бір арадан қозғала алмай тұрғаны – топырақ барлығына дәлел. Желден қорытылып, қан болды. Оттан қорытылып, зерде болды. Судан қорытылып, қакырық болды. Топырақтан қорытылып, қарақұрым (қорым) болды.

Адамды Алла тағала қалай шеберлеп жасады? Қан – өкпе, бауыр, жүрек – үшеуінде жүреді [38]. Қакырық – өкпеде, зерде – өтте, қарақұрым – талақта. Құдайдың (хыданың) құдіретінің шеберлігін білемін десең, өз бойына жақсы қара. Қандай шеберлеп жаратқан: іштіысы біріне-бірі халафе, басын қалай қосып біріктірген?! Әркімнің жаны бір қалыпта, бір түрде болмайды. Сол үшін айтылады:

Арық пенен семіздің басы бір ме,

Жақсы менен жаманның (иаманның) басы бір ме? – деп.

Дене – бір қараңғы үй, жан – ол үйді жарық қылып тұрған нұр. Біреудің жаны сығырайып зорға жанып тұрған шырағдан сықылды. Кейбіреудікі май шам сықылды, кейбіреудікі тас шам сықылды. Кейбіреудікі – керосин майының жарығы сықылды. Кейбіреудікі – онан да жарық: машинамен жағылатын электрі бар жарық сықылды. Онан да жарығы зор нұрлы жан болады. Есебі жан деген нәрседе ныһайыт жоқ.

Адамның денесі – машина: будың күшімен жүріп тұрады. Денеден нәрсенің үлгісі: әркім өз денесінен алып білуге мүмкін. Күллі денеге күш беріп тұратұғын – жүрек. Адамның он екі мүшесінде мұнан күш алмай, өз бетімен жұмыс қылатұғын дене жоқ [39]. Жүректің қызметкері – өкпе, бүйрек – қанды тазартып беріп тұратұғын машинаның ең күштісі. Дымақының қызметкері – бауыр, бауырдың қызметкері-мехда-құрсақ. Дымақы һәм бауыр – әр кісі тереңлігінің қуатын һәм (өһім) харарт ғарзаны бүйректен алып тұрады. Харарт ғарза Құдайдың адамның денесіне берген тіршілік қызуы. Дымақы барша хуасларының басталатұғын (башланатұғын) орыны. Бауыр – барша ғарза алатұғын машиналарының басталатұғын орыны.

УК-4124

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АКДЕМИЯ С. БЕЙСЕМБЕКОВ
АТЫНДАҒЫ ҒЫЛЫМИ
КІТАПХАНАСЫ

Жүрек – барша тірлікке сылахыты бар машиналарының басталатұғын орыны.

Араб (ғараб) тілінде: «дым былхым сыпыра судаф хылатарға шарғына сырарығпа» – орнында. Қан – су орнында, ылхым – жел орнында. Зерде – от орнында, қарақұрым – топырақ орнында.

1-нәпсі, 2-ауа (һуа), 3-шыһтот, 4-ашу, – бір анадан болған төрт туысқан.

Періден – бір, жыннан – бір, шайтаннан – бір, жұлдыздан – бір, адамнан – бір, періште – алтауы бір сағатта дүниеге келеді. Бәрі бір адамның бойында түгел жүреді. Алтауы – самауы – қазақша ашманы. Төртеуі шарығына сыр әр бағадан. «Атадан – алтау, анадан төртеу» [40].

Өкпе мен бауыр-жүректің екі қызметкері: қанды тазартып, іске жаратып беріп тұратұғын [41].

Ауыздан ішілген асты құрсаққа қарай тартатұғын бір машина бар – «Жазба» – дейтұғын. Мұның тартып алып барғанын шап беріп ұстай алатұғын бір машина бар: «Мәшке» дейтұғын. Араластырып, сапырылыстырып, астын-үстіне шығаратұғын бір машина бар – «һазма» – дейтұғын. Көбігін бір жерге (ирге), қаймағын бір жерге, тортасын бір жерге бөлектеп, бөліп жатқан бір машина бар – «мұмайззе» дейтұғын. Көбігін жоғары серпіп, қақырық, түкірік қылып шығарып, тортасын төмен серпіп, төменгі жақтан шығаратұғын қылып, қаймағын сүзіп, жібермей алып қалып жатқан бір машина бар – «Дафса» – дейтін [42].

Бұл бес машинадан соң, жұмыс жазған бауырға келді. Тұрып қалған – таза қаймақты есептісін бауыр өзіне қарай тартып алып, қан туысына айналдырып (айландырып) бояу жасап, оның қаралтым дәнемеге жарамайтұғынларын талақ өзіне қарай тартып алып қарақұрым жасап, сарғылтым өт өзіне қарай тартып алып зерде жасап. Ақшылын өкпе өзіне қарай тартып алып, қақырық жасап, көріктің желіндей өкпе желімен үріп, кеңірдек жолымен сіңбірік, қақырық қылып қайтадан далаға шығарып жатады.

Мұның бәрінен іркіліп, тазаланып қалған қан бауырда сумен аралас болғандықтан, топырағын талақ айырып алды, отын зерде айырып алды, желін өкпе айырып алды. Суды айырып алған ешкім жоқ болды [43].

Сумен аралас болып жүрген қан тағы дәнемеге жарамай тұғын болған соң, ол қанмен араласып жүрген суды бүйрек өзіне қарай тартып алып, сідік қылып жасап, қуыққа жіберіп тұратұғын болды. Енді бауырдың өзінде қалған таза қан тамыр-тамырға тарап, тамақ ағзаға жайылуға бет беріп, әр мүшеге өсім жүргізіп, етке-ет, майға-май, сүйекке-сүйек қосады. Тамыр ішінде жүргірген қанлардың таза-тазасын сүзіп алып, екі домалақ еркекте бала болатұғын суды жасап, екі емшек ұрғашыда сүт жасап шығарады. Егер талаққа бір ғалыт пайда болып, бауырдағы қаннан қарақұрымды айырып ала алмаса, онымен араласқан қан ағзаларға тараса, безгек, жындылық судайылық (шудайылық) – аурулар сонан болады.

Егер өтке бір ғалыт пайда болып, бауырдағы қаннан зәредей айырып ала алмаса, шөлдеуік сықылды әр түрлі сарылық аурулар сонан болады.

Үшбу дүниеде айтылған машиналар бір жақпас тамақтан бұзылып, жүрмей қалса, адамның аурулы – сырқаулы болатұғыны – сол. Бұлай болғанда, әркім әуелі өз денесінің іші – тысын білуге тырмысу керек.

Құданың құдіретінің шеберлігін тамаша қыламын. Осы [н] ың құдіретті қолымен жасаған шаһарды тамаша қылу үшін, соған бар жалған дүниенің жүзінде пенденің жасаған шаһарлары – соны да әлдеқандай тамаша көріп, пәлен-түген деп, сөйлеген болады.

Құдірет қолымен жасалған шаһар: адам болып жүреді, құс болып ұшады. Он сегіз мың ғаламда болған нәрсе – бәрі бір өзінен табылады. Өзін жасағанда, ұзындығы екі қарыс, жуандығы бір жіліншектей екі дінгектің үстіне сыйғызды.

Бір-біріне дұшпан, үйрлігі жоқ төрт нәрсенің басын біріктіріп, сонан жасады. Тоғыз жолдың торабы [44], сегіз қиыр шартарап, төрт бұрышы түгел он түрлі қазына орнатып, төрт жүз қырық төрт жерден бекіту салып, үш жүз алпыс (алтмыш) өзен ағызып, он екі жерден даруаза [45] жасап, мешіт те – өзінде, базар да – өзінде, көше орамдар да – өзінде, бау ағаш та – өзінде, – жерде не болса, бәрі өзінде; көкте не болса, бәрі өзінде; ексе, бітпейтін; құса, жетпейтін; ауызбен айтып болмайтын қылып жасады. Оты да өзінде, желі де өзінде, суы да өзінде, топырағы да өзінде – ол шаһарда бір тахыт жасап, ол тахытта – бір патша: елі өзінің ішінен шығарып отырғызып қойды.

Патша түзу болса, кара оқыр (ұқыр) бәрі түзу. Патша бұзылса, бәрі бұзылатұғын қылып қойды. Ол шаһарда бір күмбез жасап, аспан көктің күмбезінде бар болған нәрселердің бәрін бұл күмбезде бар қылып қойды. Ол күмбезден бір есік ашылып, ол есіктен дүр (дүрпу) гауһарлар (күһірлер) шашылып тұратұғын қылып қойды. Екі қызыл лағылдан екі ашпалы: ашқанда, ашылып; ашпағанда, жабылып тұратұғын қылды.

Бүтін бір шаһарының тіршілігіне жарайтұғын азық-түлік осы есіктен кіріп тұратұғын болды да, және шаһардың арам – аласы (алысы) өзіне керек еместің бәрін шығарып тұруға төменгі жағынан екі есік шығарды. Екі қызыл лағылдан – ашпалы, жаппалы қылып орнатқан есіктің қақ маңдайынан жел жіберіп, ауасын (һуасын) түзетіп тұратұғын екі бутартпа жасады. Бүтін шаһарының ауасын түзетіп, желмен жүретұғын машиналарының бәріне жел беріп, тахытта отырған патша қапа һәм шатлық жеткізіп, үш жүз алпыс өзеннің суын күшейтіп ағызып және қайта далаға ағып шығып тұратұғын машинаның тетігі осы жел диірменде болды.

Ол патшаға бір уәзір [46] жасап, оның тұратұғын орыны күмбездің қап [қақ] ортасында болды. Ол уәзір патшаға найып болып, доверной есепті бір шаһарға қараған жұмысты осы басқаратұғын болды.

Және бұған бес почтабайшы даяр болып тұратұғын болды. Бірі – есіткенін жеткізіп тұрады [47]. Бірі – ащының ащы екендігін, тұшының тұшы екендігін татып, білін, залалын айтып тұрады. Бірі – пайдалы нәрсе мен залалды нәрсені иіскеп білумен пайда-залалын айырып беріп тұрады. Бірі – бір нәрсенің ұйытқы екендігін, иа бір нәрсенің суық екендігін, – ұстауменен білін, мұның пайда-залалын айырып беріп тұрады.

Бұл бесеуінің даладан алып келген хабарларын бір қалқайған бөлменің аузында отырып тосып алатұғын бір білгіш бар. Ол керегін алады да, керек емесін шығарып тастай береді. Керек деп алғанын өзінен басқа жазып тұратұғын хатшы бар, соған береді. Ол жазып алғанын үстінен қарап тұрған бір көруші бар, соған көрсетеді.

Бұл үшеуі ұнатқан жұмысты тағы бір тексеруші бар. Ол қарайды да дыбырнайға [доверенныйға] жеткізеді. Және бұл төртінші білгіш дыбырнаймен көп талас-тартыс қылып, бесінші [48] білгіштің алдына салып, дыбырнайдың ұнатқан жұмысын дәптерге тіркеп бекітіп, та-

хыт үстінде отырған патшаһыға көрсетеді. Бұл патша өзін жоқтан бар қылған ұлығы патшаһыға арыз (ғарыз) қылып, қол астындағы қара бұқараның (пықыраның) бәрін көңілге алғанына жеткізеді.

Үйіне бұл шаһардың өзінде сегіз ұста бар. Күні-түн дамыл алмай шаһардың керек-жарағын жұмыстап жатқан.

Кімде кім бұл шаһарды тамаша қылса, шаһарды жасаған ұста-сын, оның шеберлігін әбден таниды.

Ретімен былай айтылады:

Мәшһүр Жүсіптің «Адам мүшелері» өлеңі

Жақсы пай ми мен жүрек еді,
Мемлекеті көп дүние (дене) керек еді.
Аты – нәпсі, рағайыт, халқы – ағза,
Казнешейі мәске бөлек еді.

Екі көз – қарауылшы қылған тұрақ,
Елші еді сөз таситын екі құлақ.
Ақ таяғы – шабарман екі қолы,
Жансызы иіскеп білер бұрынырақ.

Дәрігері: «Биле – деген – дәмін татып» –
Бір ғақыл түзетеді бәрін жатып.
Ұстазы – ол құтта жазба дүр.
Баста – ми, тұр бәріне таңдай атып.

Емес пе диірменші отыз тісің,
Ас сіңірет машина нуай кісің.
Ас дәмін ауыз біліп болар дәрігер,
Білуге бәрін айырып жетсе күшің?!

Құтта мүсіре болып қасап,
Ол құтта мүмие зергер керек ұсап.
Сегіз шебер жан білмей, іште жатар,
Тыстағының баршасын түзеп жасап.

Кеңірдек, өңешін мен қарын, жүрек,
Өкпе, бауыр, талағың, – бәрі керек.
Қақырық пен түкірік – сыпырғышың,
Пайдасын білсең керек, болсаң, зерек.

Бәрінен айтылмаған бір жыр қалды,
Бересің үйіп-төгіп соған малды.
Күшті өгізің бар болса, егін айда,
Пайданың, көретұғын, сол – қақ алды.

«Ниса өкім, харышлігім, патуа шіркім» – делінген Калам-Қырымда.

Адамның денесі екі нәрсенің күшімен саламат, ауыр үйсіз (ойсыз) тұрады. Бұл екі нәрсенің бірі – қызыл қан, бірі – бұзылған қара қан. Таза қызыл қан екі дем алыстың бірімен даладан ішке қарай кіре береді. Жүрекке барып, жүректен арман күллі денені аралап қайтуында қара қан болып, тағы жүрекке келіп, дем алыс жолымен далаға шығып тұрады.

Міне, Құдіреттің шеберлігі[н]: ішке қарай кірген дем алыс – қызыл қан, далаға шыққан дем алыс – қара қан. Сол үшін айтылады: «Бір дем әрі, бір дем бері». Осы екі дем алыстың бірі тоқтаса, адам дереу өледі де қалады. Бұл екі дем алысқа жақсы ауа (һуа) керек. Адам өзін таза ауада сақлауға керек.

Екінші – бұл екі дем алысқа күш беруге жақсы тамақ керек. Қазақ мақалында айтылады: «Ауру – астан, дау – қарындастан», – деп.

Үшінші – екі дем алысқа күш беруге әрекет (харекет) өскін (үскін): казакша – жүру, тұру керек.

Төртінші – бұл екі дем алысқа ұйқы мен ояулықты қалыбынан асырмай, кемітпей, орта әдетпенен (ғадетпенен) үйретуге керек.

Бесінші – екі дем алысқа күш беруге шатлық керек. Адам өз көңілін өзі төмендетпей ұстау керек. Қазақта мақал бар: «Ит өз құйрығын өзі алып жүрмесе, оны кім алып жүреді?» – деген. Оның мәнісі – адам өз көңілін өзі көтеріп жүру керек деген сөз.

Алтыншы – дем алысқа күш беруге: ашу, қорқу, өкініш сықылды нәрселерден өзін аулақ алыс жүргізуге керек. Бұл айтылғандардың бірде бірі адамда жоқ болса, адам ауруға шалынады. Не қалпынан асып көтеріліп кетсе, онда да жаман болады. Аса қорыққаннан, аса қуанғаннан, не зор ашу қысқаннан өліп кеткенлер де болған.

Жан – бір асыранды құс, дене – бір қапас. Ол құсқа от, су бермесе, қапаста тұрып аштан өліп қалады, оған қорек беру керек. Хайуан тамақтан семіреді, адам құлақтан семіреді. Мұнан мағлұм болды: жақсы сөзге жан семіреді екен. Жанның қорегі – құлақ, сүйсінерлік

сөз екен. Адам тіршілігінде, ден саулығында құлақ сүйсінер сөз естуге талап кылып тырысу керек. Түркістан шаһарында ақ күмбез бар. Қожа Ахмет Иассауи хазірет сұлтан лығарфин айтқан:

Сөзді айттым, әркім болса, дидар талап,
Жанды жанға пионд (пинд-винт) кылып кетті улап.

Яғни сөзді айттым Алла тағалаға ғашық үмбеті зор болып дидар талап кылушыларға (кылғушыларға). Егер ол тыңдаушы (тыңларғұшы) жан құлағы не айтушының (айтқушының) аузына тыққандай кылып, алма ағашының бұтағына қайынның бұтағын үлестіріп орнатқандай кылып шын көңілімен тыңласа. Қазақ мақалында айтады:

Сөзді айтқыл ұққанға,
Жанды жанға сұққанға.
Айтып, айтпай немене,
Мақтамен құлағын тыққанға?!

Және бір мақал: «Ақпа құлаққа айтсаң, ағып кетер, // Ұқпа құлаққа айтсаң, ұғып кетер». Жан құлағын салып тыңдаушының жоғынан далада тұрған молаға, иесіз қалған қораға айғайлай-айғайлай басым хуарды.

Адамның жаны асыл жаратылған ғалам әр уақ [ыт] та. Құдай тағала жақындықты таба алмағаннан, бұл ғаламға Құдай тағалаға жақындасуды табу үшін, махаббат артылдыру үшін келді. Бұл ғаламға келмес бұрын өз алдына бір қосын ғаскер жұрт еді. Соның үшін хадис (хыдиш) Шариф былайша бұйырды: «Алар уах жұнұд муажындет уан тағарфа шылғауан тiнакіра хатлыға».

Мығной (Мәснәуи) хадис Шариф.

Бұ дүр дүниеге келместен бұрын рух біткен. Ғалам Аруашта өз алдына бір қосын ғаскер еді. Сонда жүргенде, біріне-бірі танымал үйір-шүйір болған жанлар дүниеде бірімен-бірі тату-тәтті, үйір-шүйір болысып жүреді. Бірі Мағрыптың, бірі Машрықтың кісісі болса да, ғалам Аруашта жанға жан танымал, үйір-шүйір болмаса, бір туысқан бауыр болса да, ерлі-байлы болып қосақталып үйір болса да, бір-бірімен тату-тәтті болмайды. Сол үшін айтылады: біреуді біреу жек көрсе: «Рухым шошиды, жаным жек көреді» – деп. Біреуді біреу жақсы көрсе: «Жаным жақсы көреді» – десін айтылады.

Жан жоғары (иоқары) нұрдан келген, қандай жақсы орыннан шыққан? Дене төмен жерден шыққан. Алтынның кені бар жерден жаратылған (иаратылған) дене де бар шығар. Мыс, калайы, корғасын, – бұлардың кені бар жерден жаратылған дене де бар шығар. Ныжасыт көмілген жерден де жаратылған дене де бар шығар. Адам бәрі бір қалыпта, бір түрде болмайтұғын себебі мұндайдан келеді. «Көн құрыса, тегіне кетеді» – деп, әр нәрсе өзінің қалыбына қайтады. Жан [ы] жоқтар (иоқтар) тартады – Құдайға құлшылық қылып, өзінің әуелде шыққан орнына жетуге. Дене төмен қарай тартады: ішпек, тышпак, құшпак арзұсына түсіп, белесінен [белшесінен] батып, былжырай (былшырай) бергенді сүйеді.

Бұл екеуінің ит (ет) тартысында жүрген адам – әуре бір жандағы: тартысқа түскен қыздай кім көрінгеннің қолында бір уқаланды болған.

Дене – бір мейманхана, жан – онда аз күн қонақ. Шама келгенше әркім өз жанын ренжітпей күтіп, жақсы (иыхшы) ұстауға керек. Пенде жанын жалғанда сыйласа, ол жанды ешкім қинамайды. Пенде жанын жалғанда қинаса, ол жанды ешкім сыйламайды, әркім өз жанын тірілтуді керек қылса, ғылым-білімге ғұмырын сарп қылып, ғылым-білімге ғұмырын сарп қылған пенденің жаны тіріліп, сыйлы болады. Ғылым-білімге ғұмырын сарп қылмаған пенденің жаны өлік жан есепті. Өзі өліп жатқан өлікті кім керек қылады?!

Ондай жан дүниеде, һәм ақыретте сый-құрмет көре алмайды. Пайғамбарымыз Мұхаммед Мұстафа Ғалия алсұлт уассалам айтқан: «Дүние ізлесен(дер), (рет) сапар жол жүрің, саудагерлік қыл. Ақырет қызығын ізлесен, ат сахар түнде тұрып, Құдайға жылап гибадат қыл!» – деген.

«Екі дүниені бірдей ізлесен, бұл еркелігінді әкең үйіне қыл!» – деген. Оның мағынасы: «Ғылым үйрен. Ғылым үйренсен, әкең көтере алмаған еркелігінді ғылым көтереді» – деген. Мың сөзден бір сөз, қиссадан қисса, қанша сөйлеп келгенде, сөз аяғы ғылымға тоқтады. Олай болса, маңдайында көзі бар, басында құлағы бар, аузында тілі бар жан ғылымға тырысу керек. Алла тағала адамға ғақыл сықылды нұр берді, көңіл сықылды ғауһар берді. Өткір зейінді, нәзік пікірлі қылды. Тілді көңілге переводчик (перуатшік) қылды. Көз сықылды шамшырақ берді. Мұрын сықылды екі дем алысқа жол берді. Құлақ

сыкылды тыншы берді. Аяқты ат қылып, қолды қанат қылып, үміт (һүммат) қайрат (ғайрат) берді. Бауырға – мейір (мыһыр), шапағат (шапқат), талаққа – күлкі, бүйрекке – қулық-айла (хайла), өкпеге – желпуіш, құрсақты – қазына, бүйректі – күллі денеге тұтқа қылды. Өзгесі былай тұрсын, дұшпанынды құлындай қызметкер қылатұғын бір дене берді. Күллі денен бәрі де – бір бас, жалғыз өзі де – бір бас соқыр. Соқырда мұнан құнды, мұнан пұлды болған соқыр жоқ.

Ойға салып, ойлай берсең, адамның өн бойында Құдай жаратқан нәрсенің бәрі түгел табылады. Ғаламда (ғалымда) жаратылған нәрсе бәрі адамның денесінен табылуға мүмкін. Адамның қарақан басы – күллі ғалам есебінде. Екі ғалам бір адамның өзінен табылады. Мысалы, ғаламда жымадатлар бар. Мұның орнында адамда болған ағзалар. Ғаламда хайуанатлар бар, мұның орнында адамда неше түрлі мінез бар. Дүние тола хайуан болсын, адамдарда болған пиғыл бәріне де шәміл. Қазақша: «қаптал». Ғаламда төрт фәсіл бар. Адамның да жаз сыкылды жадырап, қыс сыкылды шытынап, біресе кеңейіп, біресе тарылып отыратұғын уақыты бар. Ғаламда неше түрлі өнер бар, адамның денесінде неше түрлі машина бар. Мұны білген жандар (жанлар) дүниеде неше түрлі өнер, неше түрлі білімнің үлгісін адамның денесінен үлгі өрнек алып, жасап жатыр. Екі ғаламның ортасында ғалам бір азехе бар. Мұның орнында адамда пікір охуатыр бар. Ғалам мілқөт бар, мұның орнында адамда дәл ожан [ұждан] бар. Бұларның тағсылы бұл жерге сыймайды, бұл жер түгіл бүтін ғаламның жүзіне сыймайды; мікір Құдайды (хұданы) танушы (танғушы) әулиелердің көңіліне сыяды.

Біздің күннен зәрре, теңізден қатырадай ғана адамның ғалам (ғалым) кібір екендігі танылып, Мағырыпта нәпсіге (напыска) дәлел (далил) болсын үшін.

Ғаламға тұлға болған адам денесі – жер, көк есебінде бір Құдайдан басқа жеке өзі орынға тұрып, іске жарап тұрған дәнеме жоқ. Маклұқ болған нәрсенің бірінсіз бірінің күні жоқ. Еркек деген аспан көктей емес пе?! Ұрғашы деген, шіркін, қара жердей емес пе?! Көктен жауса, жерден өнеді. Сол сыкылды еркектен тамса, ұрғашыдан жасын керген – ұл туады, қасын керген – қыз туады. Жерден шыққан ағаш пен шөптін құны қандай, ерлі-байлының арасынан шыққан ұл (ұғыл) мен қыздың құны, пұлы қандай?

Бұл ғалам жермен, көкпен ғалам болып тұрған жоқ, адаммен ғалам болып тұр. Ғаламда ай, үйлер болса, адамға – заман. Ғаламда шаһар болса, адамға – мекен. Жерде таулар болса, адамда – сүйектер бар. Жерде ағаш, шөптер болса, адамда шаш, сақал бар. Жерде жеті ықылым болса, адамда һәм жеті ағза бар. Жерде зіл-зала сағқа болса, адамда һәм күлмек, жыламақ (иғламақ), түшкірмек, жүгірмеклер бар. Жердің сай-сайында өзен ақса, адамның тамыр-тамырында ағатұғын қандар (қанлар) бар. Жердің бұлақтары бірі ашы, бірі тұщы болатұғын болса, адамда һәм құлақтан ағады – ашы, көзден ағады – тұзлы су, мұрыннан ағады нақұлай жаман иіс су, ауыздан ағады тәтті су. Мұнша бұлақтар жұдырықтай бастың айналасынан (айланасынан) шығып жатыр. Құлақтың құлығы ашы болғаны – ұйықтап жатқанда, хышаратлар құлаққа кірмекші болса, құлақтың ащылығынан жиреніп, қайта шығып кетеді. Көздің суы тұзлы болғанының керегі – көздің айналасы – май. Майдың қатығы – тұз. Егер ол тұзды сумен дамылдамыл жуып тұрмаса, көз лезге (илезге) жетпей, бұзылып кетсе керек. Мұрынның сіңбірігі нақұлай болғаны: өзі сасық болса, жақсы иістің ләззатын алады. Әр нәрсе затыменен танылады: «Иғырып – лашия, баздадыһа» – делінген. Өзі хош иіслі болып тұрса, жақсы иістің ләззатын ала алмайды. Ауыздың суының тәтті болғанлығы – әр нәрсе ауызға түссе, ләззатлы болсын үшін.

Адамды аспандағы нәрселерге салыстырып қарасаң, ол аспанда бар болған нәрселердің (нәрселернің) ұксас (ұхшаш), отыңдас (отыңдаш) адамның бойынан табыла береді. Аспанда уалысмазат (уасмазат) лыб рухының он екі-бір жыл есебінде адамның заһарынан батынына он екі жолы бар: екі құлақ, екі көз, екі танау, ауыз, екі емшек, кіндік, төменгі екі жол.

Аспанда сыбға саярра (ссыяра) бар болса, адамның ішінде жұмыс жұмыстап түзетіп тұрушы жеті шебер бар: өкпе – қамырға, құрсак – ғатардқа, бүйрек – зәһәрға, жүрек – шеміске, өт – мыриныхқа, бауыр – мыштыбырыға, талак – зыхылға.

Көктерде (көклерде) туабет, кішире бар болса, адамда оның есебіне қанша саны жоқ сіңірлер бар. Палакта Айдың жиырма (игырма) сегіз орны есебінде адамның іші – тысында жиырма сегіз хуас қуатлары бар. Палакта үш жүз алпыс (алтмыш) күннің орны есебінде адамда үш жүз алпыс қан тамырлары бар.

Палакта айтылған нәрселер өз ғаламында олар қандай жұмыс қылса, адамның денесінде айтылған нәрселер – бұлар да өз жұмысында солардың қылғанын қылады. Палакта ғынасырарба бар болған болса, адамның бойында хылатарбыға бар. Сығыра от орнында: өзі құрғақ, өзі ыстық. Қан ел орнында: өзі иуыш, һәм ыстық. Қақырық су орнында: өзі иуыш, һәм сұйық. Қарақұрым топырақ орнында: өзі суық, һәм құрғақ.

Бұгнасырдан молайдшилаша, яғни жамағат, набатат, хайуанат пайда болған шикелі (шекелі) хылатар багадан.

Сүйектер, түктер, ет, май – пайда болады. Күндегісі күнде жасаңғырып, өніп тұрады. Адам бес жылда бір түлейді. Бұрынғы дене балкүллие тозып, таусылып, орнына жаңадан дене табылып тұрады. Бесік баласы бес толады. Төрт жыл төрт айға кәміл толғанда, бес түлеген құс сықылды форымданып өседі. Бес жаскаша бес түлеген құс есепті болғаны. Енді мұнан былайғы ғұмырында бес жылда бір түлеп отырады. Сол қасиеттен (хысуситтен) адам әр жасында әр түрлі болатұғыны – адам неше бөлуге, неше таратуға көне береді. «Не үшін?» – десең, Құдай тағала адамды абзал қылып жаратқандығы. «Хиралкам мақал уадилл» – аз сөзден көп мағына. Құдайдың жаратқанлығына көп-көп шүкірліктер қылса керек. Бұлардың бәрін қозғамақтан мақсатымыз – Құдай тағаланың фазылын үкір мен зікір қылып, шама келгенше шүкіранасын орынға келтіру үшін.

Шүкіршілік тағылымы

Алла тағала әр пенденің өз басын берген нығметті сөйлеспек шүкіршіліктен болып табылады. «Әлхамды (әлхаддат) бізге бұ нығметті Құдай тағала берді» – деп қандай орыннан қандай қылып жеткізгенлігін мақтаныш үшін емес, басқаларға ғибрат болсын үшін айтып жүруге керек.

Екінші – ол нығметтің бірсыпырасын мұқтаж болғанларға сыр қылып беріп тұруға керек. Тілмен болған шүкіршілік, қолмен жұмсаған шүкіршілік көп абзал, бірнеше дәреже жоғары. Уалхыс сүресінің ақырында: «Фама бынғыма тірбік фыхдыш» – деп бұйырды. «Құдай тағаланың берген нығметтерін заһар қыл, жұрт көзіне түсір!» – дейді. Тілмен: «Әлхамддат шүкір, Құдай осындай бер-

ді» – деп, колмен мұқтаждарға харап қылып жұмсамаса, күнірліктен болады. «Ағуз биламин – зік»: «Алла тағала Калам мешітінде (межидінде) лүи шүкіртінлердің бұйырды: «Ай, пенделерім, егер сізлер нығметтің шүкіранасын орнына келтіре берсеңдер, мен сізлерге берген нығметтерімді артылта беремін!» – деп, уағда қылды.

Мышной (Мәснәуи).

«Шүкір нығмет: «Нығмет фізүнкінд қағар нығмет зікафате бір он кінд» – нығметтің шүкіранасы нығметті үсті-үстіне өсіре береді. Нығметке күпірлік жоқ жерде ойыңнан шығарып жібереді. Құдай тәбәрік отғылы екі періштені әдейі арнап екі жұмыстың басына қойған. Бір періштенің қиямет қайымғаша: «Тасфығы әлхам ғыткіл мынғык хылқа» – деп, тұрады. «Ай, бар Құдая, кім де кімнің қолы ашық, берген болса, шыққанының есебін бер, кеткенін келтір, кемтігін толтыр!» – деп тұрады.

Екінші періштенің қиямет қайымғаша: «Тауфығы (тыбихы) лаһым ғыт гүлмек танаға!» – деп тұрады. «Ай, Құдая, кімде-кім бермейтұғын сараң болса, соныкін жоқ жерге шығар, ұрыға алдыр, ұрыға жық!» – деп тұрады.

Екінші – шүкірлік. Бұл дүниеде патша – хазіреттерінің барлығын өз басында болған нығметлерден артық нығмет – деп білуге керек. Не үшін десеңіз, патша хазіреттерінің қол астында болумен әркімнің басы-малы – аман – есенлікте тұрады. Бұл бір зор нығмет патша хазіреттері арқылы бізге болып – тұрған әркім өз үстінде қарап тұрған патшасына шын ниеті илан тілеулес болу-ол һәм шүкіршіліктен саналады. «Сұлтан зіл Алла сұлтан атына ілінген Алла тағаланың көлеңкесі» – деп айтылған. «Құдай тағалада көлеңке болады» – демейді. Қағыба-алланы «Бет Алла» – деп атаған есепті. «Бет Алла» – деуменен ол Құдайға үй болып, мекен мынһос болмайды. Шарапаты, құрметі басқа үйден артықлығын білдіру үшін, сонын сықылды сұлтанлардың шарапаты, құрметі басқалардан артық болғаннан, «зіл Алла» – деп айтылады.

Кім болса, ол болсын, сұлтан болсын, «сұлтан» деген сөздің мағынасы – не қыламын десе, ерікті, кісіден сұрап іс қылмайды, көңіліне нені хуаласа [ауаласа], соны қылуға шамасы келушіні айтады.

Ол сұлтан болушының (болғушының) кім болғанымен жұмысыңыз болмасын! Алла тағала Калам хадимде: «Құл ал-лыһым, мәлік, ал-мүлік тұты әл-мүлік-пен ша» – бұйырады.

Мәснәуи Шариф айтқыл:

«Ай, Мұхаммед мүліктерінің мәлігі – хұсайыны, Алла тағала кімді қуатласа, өзінің мүлкіне қожайын қылады. Олай болса, Құдірет өзі қалап бірсыпыра мүлкіне қожайын қылып қойған соң, біз сол патша хазіреттерінің қазылған жолында, шашылған топырағында болып, кеше күндіз дәулеттерінің артылмағына ұғар болсақ керек. Кеше он сегізінші ғасырдың әуелгі жағында қазақ уалаятында «Қоқан заманы» – деген заман болды. Сонда қазақта мақал болып қалды: «Ақ жалау барда малым бар деме, // Ғазірейіл барда жаным бар деме» – деген сөз. Ол «Ақ жалау» деген Қоқан ханларының ел шабатұғын қосыны екен. Қоқан заманы қалып, заман император ағзам хұзіреттеріне бізді бағындырғаннан бері жесір қатын, жетім бала – малына ие болып, қазақ жұрты асын тынышлықпенен ішті.

Үшінші шүкірлік – атаның қадірін, ананың құрметін орнына келтіруге шамамыз келгенше сағиуа жытһад қылсақ керек. Бала ата-ананың қызметін парыз ғин деп білу керек. Алла тағала «Айта-Керимеден» – шүкірлі ұлдың (ұлалдың) биұрдығы бұңа дәлел дүр. «Оқылрып рихмиһир макмар баяны сығыра ұшып» – үшін дүр. Ата-ана тірі болса, қызметінде болмақ. Өлген болса, дұға қылмақ уәжіп дүр. Оның (аның) үшін ылтихиааттың ақырында Әлхам ғызырлы ұлыалды дұғасы мыстыхып өлді. Ата-ана шүкіранасы мұныменен табылады.

Төртінші шүкірлік – күндіз болса аспанда Күннің барлығына, түн болса Айдың жарықлығына төрт аяқтыдан – адамға – атты канат орнына иесіне ерікті қылып бергенлігіне, қатынды ерге серік, басыбайлы жолдас қылып бергенлігіне, бұларға өз алдына ғали хида шүкірлік қылу керек.

«Ай мен күндей, // һаммаға бірдей» – деп айтылған себебі – басқа нығметлерден бұлардың баршаға пайдалы екенлігі мағлұм.

Аттың өзге хайуанаттан артықлығы –

Ер қанаты ат болар,

Жаяу адам мат болар.

Атың кетсе қолыңнан,
Ағайын-туған жат болар, – деген сөзден мәлім (мағлұм).

Қатынның жолдаслық пайдасы – адамның басына бас калқа қатынды болған үшін тұрғызылады. Үй ішіне мүлік қазына қатынды болған үшін жиылады. Қатынсыз дүние ісінің ләззаты болмайды. «Алпыс басты ақ орда алпыс еркекпен іші толмайды, бір ақжаулықпен толады» – деген.

Қазақстаннан шыққан Жиренше шешен айтыпты: «Қазақ төрт нәрсенің атын білмей қойыпты. Бірі – ат. Аттың аты «ат» емес, «ер қанаты» – деп қойылса, жарайды. Бірі – қатынның атын «қатын» – деп, білмей қойыпты. Қатынның аты «қатын» емес, «тындым» [49]. Бұл «тындым» деген сөзде екі мағына бар. Бірі – қатын жақсы болып жолықса, еркектің үй шаруасымен жұмысы болмайды, көңілі тынып, хатыр жимих отырады. Бір мағынасы – қатын жаман болып жолықса, өлтіре алмайды, сата алмайды, жөндеп жөнге сала алмайды. Ішінен тынады да отырады. Бірі – баланың атын білмей қойыпты. Баланың аты «бала» емес, «қайырған» қою жарайды. Бала ер жеткен соң, ата-ананы қайырып тастайтұғын болады.

Бірі – келіннің атын білмей қойыпты. Келіннің атын «келін» демей, «айырған» қою жарайды. Келін келген соң-ақ ата-анадан баланы айыра бастайды. Бұрынғылар айтқан екен – еріксіз еңбекті «жалғыз» – деп. Оның мәнісі – ердің өзіне лайық қатын жолықса, егіз болады екен. Қатын жаман болса, туысқан серігіне жарамас. Бала жаман болса, «еңбекті» – деп, соны айтады екен. Еркек деген қатынсыз тұрған күнде бір жалаңаш кісі есепті. Қатын алды, киімді болды. Сол киім жақсы болса, жұртқа мұны жақсы көрсетпек. Сол киім жаман болса, жұртқа мұны жаман көрсетпек. Қатын жаман болған соң, бұ сорлы ағайынға да жаман, алашқа да жаман, туысқанға да жаман, балаға да жаман.

Қатын жақсы болса, онда бұл көрінгеннің бәріне жақсы кісі болды. Жаман еркекті жақсы қатын түзейді, кісі қатарына қосады. Жаман қатынды жақсы еркек түзей алмайды. «Жақсымын» деген еркекті жаман қатын бұзады. Осы сөзді бастап (башлап) жазғаннан бері қарай есімнен адасқан жерім – дәл осы жер болды. Құдай оңғарайын деген пендесінің әуелі қатынын жақсы қылып, өзіне лайықты қылып

жолықтырады. Онан соң оның жолдасы да жақсы болып жолығады. Мұндай жан қараның ханы болып, дәурен сүреді.

Қатын жаман болып жолықса, «Жалғанның тозағы» – де де қой. Жақсы болып жолықса, қатыннан ілгері нығмет жоқ.

Назым

Таһир дүниеде мейірбан (миһирбан)

Қатындай нығмет бар ма екен?

Өпсең кылар жанын құрбан,

Қатындай нығмет бар ма екен?!

Қатының болса местөре,

Сен боларсың меш төре.

Барып шариғаттан сұра,

Қатындай нығмет бар ма екен?!

Қатының болса тамаша (қымаши),

Көрсө, тояр қарны ашы.

Перзенттері – дүр тәжі,

Қатындай нығмет бар ма екен?!

Қатының болса бай қызы,

Маһи табан болса жүрісі,

Дертке дәрмен әр бір сөзі,

Қатындай нығмет бар ма екен?!

Қатын бірлан үйің абат,

Өпсең, жүзі қыз набат.

Және бірін айтсам ұят,

Қатындай нығмет бар ма екен?!

Қатынлы үй – мешіл шаһар,

Ғұмыр табар онан (анден) бірі.

Қатынсыздың ащы заһар,

Қатындай нығмет бар ма екен?!

Бұл сөзді бастап (башлап) сөйлегеннен максатымыз (максұтымыз) Құдай тағаланың құдіретін пенделеріне берген нығметін әбден танып, солардың шүкіранасын орынға келтіруге тырыссын үшін. Алла тәбарік отғылы он сегіз мың ғалам жаратты (иаратты). Оның

ішінде адам жаратты. Барша жаратылмыш мақұлықатты адамға қызметкерлік қылсын [қылуы] үшін жаратты. Адамның фазылын (фазылтын), өмірмітін Калам мәшілінде неше жерде зікір қылды. Сондай ғазиз ұшырып жаратқан адамның зирайты біздер (бізлер) өз қадірімізді өзіміз білмей, өзімізді өзіміз танымағанлықтан, аяқ астында қалып барамыз. Кел, қарындастар (қарындашлар), ғазиз ғұмырымызды биһуда орынға сарп қылмай, адам болуға тырысайық. Адамлық немен табылады, ғылым-біліммен табылады.

Бұрынғы өткен жақсылар айтқан: «Адмайыт – ие бызтық, ие беріш, ие бижан. Тотым зытық бүзім рыбыш хырым жандары».

Хадис Шариф: «Адамшылық сөз сөйлеуменен, сақал бар болғанменен, жан иесі болғанлықпен емес. Тоты құс та сойлейді, текеде де сақал бар, есекте де жан бар. Адамдық: «Хиралнас пен ниғық алнаш». Өзінен басқаға пайда тигізуші болса, дін қарындасқа жуық, жатқа, ағайынға, алашқа, – бәріне бірдей пайдалы кісі болса, адам-сол. Дәнемеге пайдасы жоқ, бостан босқа аузын ашып, аңқиып жүргендер көп бөлады. «Жаман адам жанға ортақ, // Атаның жаман ұғлы малға ортақ» – деп сондайды айтады. Бұғыбай басшы айтқандай: «Мен жауыңды шауып беруші емес, жауға барар жолыңды тауып беруші», – дегендей, мен білдіруші емес, білемін деп талап қылушыға – білетұғын, үйренетұғын жол бар екенлігін айтып жатырмын. Ғылым-білімнің бір тарауы, енді екінші фәсілі бар.

Ғылым-білім

(екінші әңгіме)

Мінез түзету хақында

Ғылым-білімнің ең әуелгі пайдасы – хұсен, құлық тахсылы дүр. Адам өзін көркем мінезге үйрету керек. Алла тәбәрік өтғылы: «Сүюгәу жібін уаңа қағылы құлық ғызым құллиа мидих айылмыш дүр». Бұрынғы өткен ғазизлер бұл сөздің (сөзнің) тәпсірін назым илан былайша сөйледі: «Мұсылман ұғлыға жақсы қылық қыл, тіліңді-хош, шырайынды жылық (иылық) қыл. Ағуздан саш (шаш), ерінде дүрр

миғыны. Егер ол болмаса: «Хамуш илайғыны». Қазақша переводы: «Сөз білмесең, үндеме // Шығанақта тұрарсың!».

Адам өзін-өзі жақсы мінезге салу қолдан келетұғын жұмыс екеніне бұл Хадис Шариф дәлеліт қылады: «Хыснадар хыла кәкім үихылқу бахлак» – Алла бұйыруы бұл дәлел нақылы. Дәлел – ғақылға салып қарасаңыз, тәжірибе жүзінен көзбен көріп тұрмыз. Аспанда ұшып жүрген құсты саятшылар ұстап алып, шақырса, қолға келіп қонатұғын қандай жұп-жуас, мүләйім қылып қояды. Ат үйретушілер қандай асау атты соңынан еріп жүретұғын қылып қояды. Мініскерінің үйретуімен ит қандай үйренеді? Тілсіз хайуан мұндай мінезін түзеп ұстағандықтан, құнды, пұлды болып қолқаға жүреді. Мінез түзетудің мүмкін ергенлігінен Алла иамыр балғаділ айтысы дәлел дүр. Алла тағала пенделеріне ғаділменен әмір қылған екен. Қалай қылсақ, ғаділ боламыз? Оны білуге керек. Әр адамда үш нәрсенің қуаты бар. Бұл үшеуінің қуат күшімен кісі кісі болып жүреді. Бұл үш қуатының бірі-қуат ғақылия, ғақылдың күші. Бірі-қуат ғазбая, ашудың күші. Бірі-қуат шіһүние: әр нәрсеге көңілді шаптырып тұратұғын күші.

Осы айтылған үш қуатының ператы [переводы] болады, тағыриты болады. «Перат» – деп, қалыбынан асқанды айтады. «Тағырит» – деп, қалыбынан кем соққанды айтады. Осы айтылған үш қуатты қалыбынан асырмай, не кем соқтырмай, орта қып ұстауды – «ғаділ», – деп, соны айтады.

Құдай жаратқан нәрседе қалыпсыз, мөлшерсіз жаратқан (иаратқан) нәрсе жоқ (иок). Әр нәрсенің қалыбы бар, мөлшері бар. Адамның бойындағы мінез біткеннің тұқымы: ғақылдан, ашудан, шаһуаттан, – осы үшеуінен шығады. Бұлардың әрқайсысының үш орыны бар. Бір таяқты жерге тастай берсең, соның екі басы бар да, қак ортасы бар. Әрман [әрі] қарап жатқан басыны «перат» – деп айтылады. Өзінің жақтағы басыны «тағырит» – деп айтылады. Қак ортасыны «ғыпдал» – деп айтылады. Сонда мінездердің де ператы, тағыриты болады. Перат илан тағырит бұлақтың көзіндей: жарамас (иарамас) мінезлердің шығатұғын көзі. Ғақылдың ператын(а) «шірбізе» – дейді, қазақша «омырау» – дейді. Мұндай адам білуге мүмкін болмаған нәрселерді: «Білемін!» – деп, далбаса болады. «Аят «Мытша быһат»-лардың мағынасын білемін», – деп, Құдай тәбәрік отғылының кизауықтарына зыһын сарп қылып: «Хакиқатына жетемін», – деп,

«Не нәрсе болса да, білемін, бәрін біліп қойдым», – деп сөйлейді. Өз ойында білмейтұғыны болмайды. Ғақылдың тағыриты «Біладат» – дейді, қазақша – «кес, кеше», – делінеді. Білуге керекті нәрселерді білуге тырыспай, ойсыз, мисыз хайуанларша мылһмыл қалу ғақылдың ғытдалына «хикмет» – дейді, қазақша: «Андымалы». «Адам өзін-өзі аңдып, бойына қарауыл салып ұстайды» – деседі. Білуі мүһем бек керек болған нәрселерді пайда зарарына шын айырып білу – екі дүниеде бірдей қор болмаслықты ойлау.

Енді ашудың ператыны «тыһуорр» – дейді, қазақша «батыр» – деп, осы мінезді кісіні айтады. «Батыр, батыр – дегенге мазаттанамын деп, батпаққа батып жатыр» – дейтұғынлар осы мұндай мінезділердің хақында. «Ырыссыздың батыры шошқаға шабады», – десіп, мақал айтысады. Ашудың тағыритыны «жұбын» дейді, қазақша «үрей» – дейді, «аса қорқақ» – деген сөз. Бір кісі үш дұшпанға жалғыз шабу – ашудың ператынан болады. Бір кісі екі дұшпаннан қашу үрейліктен, ашудың тағыритынан болады. Ашудың ғатуалына(а) «шыжағит» дейді, қазақшасы «жүректі ер» – деген сөз. «Ерден иман құтылмас» – деген мақал осындай жанның хақында айтылады. Мұндай ерлігі бар кісі жалғыз да болса, екі дұшпаннан қорықпайды, қашпайды. «Жасқанған қорған емес, жағаласқан – қорған» – деп, соғыса бастайды.

Енді шаһуаттың ператын [а] ғараб тілінде «шира» – дейді, қазақша «өткен» – дейді. Нәпсінің не тілегенін, бір [д] е – біреуі халал, хараммен жұмысы болмайды. Қызыл ет көрінсе де, адамдығын онан қызғанбайды. Осындай кісінің хақында айтады: «Еркек деген би еді, етті көрсе, иеді» – деп.

Шаһуаттың тағыритына араб тілінде «хыמוד» – дейді, қазақша «ез» – дейді. «Осы шіркіннің үйірлігі жоқ па?» – десіп сөйлейді. Бұл мінез нәпсіге шарифат қосқан сыбағасын бермей, мақрұм қылу шаһуаттың ғытдалына «ғапат» – дейді, қазақша: «әдепті, ибалы» – деген сөз. Мұндай адам нәпсінің шарифат қосқан сыбағасын беріп, халалдан жетіп, халалдан ішіп, халалдан нәпсісіне ләззат алдырып, харамға баспай, нәпсісін бабымен ұстайды...

«Нәпсің – мінетұғын атың, ол нәпсінді ренжітпей, сыйлап-сипап ұста» – деген. Бұрынғы өткен мажтаһадлар, минзыплар мінезден мінезді айыру үшін мінез тұқымын тоғызға бөліп, алтауын тастап, үшеуін ішінен тандап алған. Тастаған алтауы: жербезе, біладіт,

таһрор, жибын, шыра, ғұт... – омырау, кісі, батыр, ұры, өткен, із (ез). Бұл алтаудан хылақ кітаптарын тінтіп қараушы алпыс түрлі мінез таратады. «Хылақ зимиме» – дейді. Таңдап алған үшеуі: хикмет, шажағат, ғапше. Бұл үшеуінен сексен түрлі көркем мінез таратылады: «Хылақ хамиде» – дейді. Мінезді көркем қылып ұстау – бек зор пайдалы жұмыс. Құдай тәбәрік отғылы қалам мәжидінін жиырма-сыншы параның қак ортасында сүре Лезхарипта... бұйырды. Яғни адамзаттың бағзысынан бағзысын дәрежеде мәртебесін жоқтары қылдым... Адамдардың бағзысы бағзысына мысхыр болсын [болуы] үшін ол дәрежеде жоқтары болған. Өзінің қол астындағыларына айтқанын қылдырып: «Мал керек» – десе, малын аямай, «Күш, көмек керек!» – десе, күш-қуатын аямай, иәрдемші болсын үшін. Дүниенің ісі осындай. Біреу біреуге тілін алдырып, не айтқанын қылдырып тұрумен низамға келеді. Бұл дәреже де біреуден біреудің тағауат [тағат] тауып, артық болмағы мінездің артықлығынан болады. Әркімнің мінезі халқы артық бола берсе, қадір-құрметі һәм артыла береді. Қазак мақалында һәм бар: «Тайдын жорғасы түйе болады, // Жігіттің жорғасы еліне ие болады» – деген. Жорғалық мінездің жақсылығынан табылады. «Адамның өмір жасының ұзын болуына бес нәрсе себеп болады» – деп айтылған. Соның ең алдыңғысы – сылархым. Бұл сылархым жақсы мінезді кісінің қолынан келеді. Емен мінезді кісіден сыла, рақым табылмайды. Мұның хақында Хадис Шариф: «Силта рақым зиядет пейіл ғұмыр» – деген.

Екінші – бойын таза тұтпақ. Мұның хақында аң хазіретіміз: «Шибак лұзұ зиядет пейіл ғұмыр» – деген. «Пактік (пәклік), тазалықты ғадет қылмақ ғұмырзияда болуына себеп» – деген.

Үшінші – исламды кім көрінгенге асығып беруді ғадетленбек. Мұның хақында: «Пыши ал – сәлем зидат фи ал ғимыр» – деген.

Төртінші – ашық қолды (қоллы) болып, садақаны ғадет қылмақ. Хадис Шариф: «Садақа тырда лыблаяу тызайд алғымыр» – деген.

Бесінші – Алла тағаланың: «Аң алла иа мирба лағдыл» – әмірін орынға келтірмек. Осы айтылғандардың бәрі жақсы мінезді адамнан табылатұғын болды. Сол үшін қазак мақалында айтады: «Алғыс түбі – ақ май, // Қарғыс түбі – қара қан». «Алғыс алған мың жасайды, қарғыс алған бір жасайды». «Мың жасайды» – дегеннен: мұрат

алғыс алушының аты артында мың жылғаша аталып қалады. Алғыс алмағанның аты өшіп қалады.

Шажағат ерлік болды. Ғапат – әдепті, ибалы болу болды. Хикмет не нәрсе? Алла тағала Айта Керимесінде «...» – бұйырды. Хикмет шын сөзді болса, аманатқа қиянат қылмаса, яғни бос сөзді сөйлемесе, – осы үшеуі бір адамнан табылса, хикмет иесі адам деп айтуға жарайды. Бұл үшеуі бір ағайынды болып табылғанда, Лұқпан Хәкімнен табылған.

Бір данышпаннан ғазиз адам сұрады:

– Дүниеде Кимия деген не нәрсе? – деп.

– Кимия өзі қолға түспейтұғын, дүниеде табылмайтұғын нәрсе болса керек.

Онда ол данышпан [да] жауап берді:

– Қанағатлығы болса, қош (хош) құлық болса, туазыхлық, мүләйім-лікпен болса, кимия сол – дейді. Мұнан мағлұм болды: хикмет хәм кимия – жақсы мінез иесінен табылатұғын болды.

Хадис шарифта бар: «Мен ғамал биғалма иғылым. Алла тағала мәлім иғылма». Әркім білген ғылымменен ғұмыр қылса, білмегенін Алла тағала өзі бір-бірлеп білдіре береді.

Мәснәуи: «Надан болса да, көңілінде... болмаса, ғаллат» – деп дүние мешітімен (мәжітімен) мібтілә болған көңілді айтады. Сол көңілінде ғаллат жоқтығы – ол наданды еріксіз ғалым қылады. Егер ғалым болса да, көңілінде ғаллат болса, дүние махаббаты әбден көңіліне қырарланып алса, оның білген ғылымын тұрақтатпай, айдап шығарып жібереді. Бұл дүние махаббаты көңілінде орын алған қудан жақсы мінез, емге іздесең, табылмайды. Қанағат қылғанда, не нәрсеге қанағат қылу керек? Әуелі ғылым, білімге қанағат қылу керек. Хадис Шариф былай деп бұйырған: «Мен һыдат әл-салам ұғылыма ал құран шым шакилығақта кетіп, Алла ал-зықыр бен ғиниали иум лықат». Бір адамға Алла тағала тозық һидайт беріп, дінменен илан мәшріп қылса, оның үстіне Калам шарифты білдірсе, енді бұл адам: «Мен бай болмадым!» – деп, тамұқ иесі болып жүрсе, Алла тағала мұқтажлықты маңдайына жазып қояр екен. «Қиямет қайым ғарасат майданы құрылашық уақыт ғиша енгім, оның (аның) үшін Калам-кадимде, филғыр хуну-һу хирммах хыбхон» – дейді.

Мәснәуи Шариф: «Би шад болуыңыз, қуануыңыз Калам Алла білгеніңізге, дүниеде барша жиған-терген нәрседен. Бұл Калам Алла

қайырлырак (хайырлұрак) дүр. Бағзы бір молда аталған қулар өз шамасынша үйреніп білген ғылымына қанағаты жоқ болып, байлардың қолындағы малына көз сүзгендіктен, есік-есікке тентіреп, кедейлікпен ғұмыры өтіп бара жатыпты. Кәне, ғылым-білім иесі? Кәне, магрипат сәжігені?

Хикметке һал болған даныш иелері оқып, білгенінен миллетке пайда тигізбесе, миллетке пайда тигізетұғын ер – дүниеде сылайуқ емес, нәдір. Әлнәдірге лымхыдұм хикімінде болып, «Жалғыз ағаш, жалбарынсаң, жанбас», – дегендей, онымен басын қосып, екінші бір тұтанушы жоғынан құр бықсып, түтін болғаннан басқа табары жоқ. Темір қаншама асыл құрыш болғанмен, шакпақ тассыз жеке өзінен от шығып, от тұтатуға жарай ма? Жанбырдың жалғыз (иалғыз) тамшысы садапсыз дүр гауһар болуға жарай ма? Сол сықылды серігі жоқ болған соң, жалғыз кісі кісі болуға жарай ма? Ғылым абрахмет жанбыры садап секілді (шекіллі) бір тамшысына қанағат қылып, аузын жабушыларың (иапқушыларының) ішінде дүр гауһар есебінде болып, қасиеті күнбе-күн зораяды.

Қанағаты жоқ қиете (кей ит) лағыллардың аузына тамса – жыланға тамғаны у болған сықылды. Оның оқыған оқуынан не өз басына пайда жоқ, не басқаға тиер шарапат жоқ. Жүрген-тұрған жеріне шарапат болып, «Сырдан сыңар аяқ өткен» қуларға ұқсап барады.

Ғылым аспандағы күн сықылды жарығы зор дүр. Әркімнің терезесіне қарай сәулесі түседі. Ғылым – ұшы жоқ ұзын, түбі жоқ терең дария. Әркімнің ыдысына қарай су құйылады. Аспандағы күннің сәулесі түндігі ашық, терезесі үлкен үйге түсетұғын болды. Түндігі жабық, терезесі жоқ үйге күллі дүниені алып тұрған күннен иненің жасуындай сәуле бұйырмады. Су да қара жердің көрікті, шырайлы жерінде ағып, түбі бүтін ыдысқа тоқтайтұғын болды. Тақыр, сортаң жаман жерден сыр етіп өте шығып, түбі тесік ыдыстан сау етіп жерге бір-ақ төгілетұғын болды. Ғылым да әдепті, ибалы, мүләйім жақсы мінезлі адамға орнығатұғын болды. Жынды көбелек сықылды көрінген отқа барып, жалп ете түсетұғын қулардан не алсын (аласың)? Ондай адам оқыған оқуының қайда кетіп қалғанымен жұмысы да жоқ. Оқымаған наданнан күні жаман болып, тойған жерден кете алмайтұғын болған соң, жүре береді.

Қанша айтқанмен, мінездің жақсы болуы әдепті, ибалы болумен табылатұғын болды. Әдеп сол өз бойына өзі қарауыл қойып: «Не кемшілік болса да, менің өзімде ғой» – деуменен-Басқаның бәрі ілгері дәрежеде ғой!» деп ойлаумен болады. Хазірет сұлтан Алғарфин – Қожа Ахмет Иассауидің үшінші халғасы: «Сүлеймен ата айтқан: «Ердің бәрін хызыр біл, // Түннің бәрін қыдыр біл!», «Асты көрсең, қадір тұт, // Ерді көрсең, қыдыр тұт!», «Барша – бидай, біз-сабан; // Барша – жақсы, біз – жаман» – деген. Хадис Шариф айтқан: «Шырып алмыр, балғылым уала», – деп, – Ла балмал уалсынып»: Ердің шарапатлы болуы – ғылым-біліммен, әдепті болумен. «Малмен, тұқымым артық» – деумен, онымен дәнеме болмайды», – деген. Ал, әдеп, ынсап (нысих) алдин. Әдеп-діннің қақ жартысы. Әдепсіз болған соң, дін жарты болып қалады екен. Бүтін болмай, жарты болған нәрсе іске жарай ма? «Ғылым шымырт уала» – деп, шежіреден лімтігін, шежірет киф егін. Шімірет ғылым – бір миуа жеміс, әдеп – жеміс шығатұғын мәуелі ағаш. Мәуелі, жарастықты ағаш болмаса, жеміс неменеге шығады? Мұнан мағлұм болды: ғылым ұмғырпыт жеміс екен де, оның өсетұғын ағашы әдеп екен. Бұ заманадағыны талапларының (тәліптерінің) кесірі – жүректерін қан қылып, ғылым іздейді (ізлейді). Әдеп қарсы алдында тұрса да, оның қай зат екенімен жұмысы жоқ. Сол үшін ғылым-білімнен жалаңаш (жалаңғаш) жүріпті.

Замана – һыли кішір, талап-қыдыр, бол-ай, – деп сыдыр мәжіліс – қан қылар (қылор) сыдыр. Өзі төрде болғанмен, сөзі төрде болмайды. Ол төрден оған не пайда? Өзін төрге өзі сүйреп шығарғанда, не құрмет табады? Онан да шама келсе, сөзін төрде қылуға жаһат қылу керек. Мінез түзетуді бірсыпыра сөйледік. Ауыз өзіміздікі екенін тарпа бас салып таққанымыз. Бұзылғанда, мінез немен бұзылады? Онан да біраз сөйлеп, «дей бергіштігімізді» қуанған немедей жалғыз алмай, көппен бірге бөлісейік. Мінез бұзылғанда, ашуланшақ болумен бұзылады. Адам әуел бастан, құлын жастан ашуды жұтып үйрену керек. Бұрынғылар: «Ашу – шайтан, ғақыл – дос, // Ақылыңа ақыл қос» – деген. Ашу – өзіңе дұшпан нәрсе, ақыл өзіңе достық (дослық) қылатұғын нәрсе. «Екеуі жағаласа тұра келсе, дұшпаныңа болыспа, достыңа болыс», – деген.

Мінезді екінші бұзатұғын нәрсе – күншілдік. Күншіл болудан күн бұрын аулақ қашып, алыс жүріп үйрен.

Мінезді үшінші бұзатұғын нәрсе – кырыс (хирас) дүние. Дүниеге махаббаты кеткен адам, көзі – соқыр, құлағы – саңырау болады. Қазақта мақал бар: «Соқырдың қолына түспе, саңыраудың астына түспе», – деген. Соқырдың қолына түссең, сенің қандай екенінді көріп, танитұғын көзі жоқтығынан қолында тұрған нәрсесімен басыңа бір-ақ салады да, жайынды табады. Саңыраудың астына түссең, «Өлдім!» – дегенінді естімейді, өлсең, үстіңнен тұрмайды. Соқыр менен саңыраудан жақсы мінез табылмайтұғынын – жақсы-жаман, үлкен-кіші, – тегіс білсе керек.

Мінезді бұзатұғын бұзғыштың бірі – тәкаппарлық. «Тәкаппар қатеріне (хатырына) келсе, пейіліңе (пих) ал, // Ғазәзіл қысса, сені жадына ал».

Мінезді бұзатұғын бұзғыштың бірі – нәпсіһой арзосы адам үйіне келсе, соған далбаса бола берсе, мұның хақында: «Олататбиғ лыһой фәзлігін сәбиалла»: яғни сен нәпсіһой арзосына жүре берсең, ол сені жолдан шығарып, адастырып жібереді.

Мінезді бұзатұғын бұзғыштың бірі – өтегендік, өрлік. Мұндай кісінің мінезі адыр-бұдыр келеді.

Мінезді бұзатұғын бұзғыштың бірі – кінә сақтап, кекшіл болу. Бұрынғылар айтқан: «Қас жақсының өкпесі // Торғын орамал кепкенше. // Қас жаманның өкпесі // Басы жерге жеткенше!» Біреу саған дұшпандық қылса, көңіліңде сен оны дұшпан тұтып, кінә сақтама! Қазақта бір өлең бар:

Жаксылар қорғасындай ауыр болар,
Көзі-соқыр, құлағы-сауыр (сәуір) болар.
Жарлының жаздай мінген шолағындай,
Аяғы-аксақ, аркасы жауыр болар.

«Ғылым-білімнің бірінші пайдасы – мінез түзету», – деп бастаған (башлаған) едік. Аяғын бұл жерге келіп тоқтадық. Жаксылық, жамандық адамның өз бойынан табылады, даладан іздейтұғын дәнеме жоқ. Жұрт қорқа беретұғын – жеті есікті үйдің кілті ашқышы ешкімнің қолында емес, өзіңнің бойында. Өз денеңде жеті есік бар. Денеңдегі жеті есікті бекітсең, тозақтың жеті есігі тас болып бекітіледі (бикутеліді) де қалады. Тіпті сені еріксіз сүйреп апарып салушы жоқ. Апарып салғанмен, есік ашылмаған соң, немене қылады? Денеңдегі

жеті есік: көз, құлақ, ауыз, қарын, ұят жері, қол, аяқ. Бұлардың бекітуі, ашуды жоқ қылу-нәпсіғой (нәпсіһой) шаһуат алдызосын (аудызосын) жоғалту. Тәкаппарлықты жоқ қылу, күншілдікті жоқ қылу, хырыс дүние болмаслық. Өткендік, өрлікті жоқ қылу, кекшілдік, кінә сақтауды жоқ қылу. Осы жетеуінен өзіңді аршып, таза ұстасан, тозақтың жеті есігі сен дегенде тарс жабылып, бекін қалды деп біл. «Харам» – деген нәрсе – Құдай тағаланың құдірет жарлығымен карантин қылған жері. Сол карантинге бармай-ақ бір жағында жүрумен қанша жақсы ғұмыр сүресің?! Құдайдың мүлкін: «Ғар», – деп білемісің?! Карантин қылмаған мүлкінің өзі де сен сиярлық мол. Құй ұқ, құй ұқпа, айтқаным сол.

Ғылым-білім (үшінші әңгіме)

Ғақыл не нәрсе, сөзді нәрсе. Соны біраз сөйлеу [керек]. Адам деген – бір жалаңаш нәрсе, оны жұрт көзіне киім түсіреді. Сонда мінез, ғақыл сөз болар киім есепті. Осылар көркем болса, жұрт көзіне сүйкімді, көрікті көрінеді. Егер мінезі жаман болса, ақылы жоқ болса, сөз ретін білмей сөйлесе, киімі жаман кісі есепті болып, жұрт көзіне сүйкімсіз, жексұрын көрінеді. Олай болса әркім мінез түзетуді, ғақыл не нәрсе, оны тануды, сөз деген не нәрсе, – осыларды өз бойына орна [ла] стыруды: «Тіршіліктегі керек нәрсенің ең алды екен!» – деп біліп, соңына түсу керек.

Ғақыл деген бір нұр – свет, жарықлық. Бұл өзі Құдайдың беруімен болады. Иа болмаса, ісі ілгері басқанларды көріп, оның ісі не себептен ілгері басып жүр? Көтінен кейін кер [і] кеткендер оны көріп, оның ісі не себептен ілгері баспай жүр? Ісі ілгері басқанлардың қылғанын қылуға тырысса, көтінен кейін кер кеткендердің қылғанын қылмасқа тырысса, – осындай тәжірибеменен де табылады. Сондай болғандығы үшін бұрынғы жақсылар айтқан: «Ақылды өзің білмесең, сатып ал!» – деп.

Адамның қақ қасында һәм халық қасында Құдай оқыматты өзінің ақылының мөлшеріне қарай болады. Ғақылды, ғылымды Алла мығалы адамзатқа қиған, басқа мақұлыққа қимаған. Ғақылдың қаралдысының үлкені жалғыз тарыдай болады: бұл – бір тарыдай

ен азы. Бір пұт тарыдай ақылы бар жан болады. Бір арба тарыдай да ғақылды жан бар шығар. Онан да көп болса, бола береді. Бір тарыдай ғақыл біреуде бола қалса, ол ғақыл иесін қорлыққа жібермей, таза сақтауға жарайды. Біреуге біреу ұрысканда: «Осы, шіркіннің өзінің тарыдай ақылы жоқ!» – деп ұрсады. Малайлықта, қара жұмыста жүргендер тарыдай ақылының жоқтығынан өмір бойы қызметтен басы босанбайды. Тарыдай ақылы болса, есебін тауып, малайлықтан, қара жұмыстан құтылып, басқа бір таза кәсіпке кірісін кетеді. Зейінге (зыһынға) салып, ойға жүгіртіп қарасаңыз, адамның басының ішіндегі мида бес қызметкер бар. Бұларды: «Хос, хамса, бати» – дейді. Бірі-қуат: хысміштірік; бірі – қуат: қиял; бірі қуат: мүтәпкіре (мітіңре). Бірі – қуат уаһма, бірі қуат: махафаза (махазита).

Ең әуелгісі – хысміштірік. Мұның орны құлақтың тесігінің далаға қарап тұрған аузында болады. Мұның қызметі – жұмысының жартысы тыста, жартысы іште. Егер хысміштірік жоқ болса, екі көздің көруі екі басқа болар еді. Хысміштірікте болған машинаның бұзылғандығынан кей адамның көзі теріс қарайды. Оны қазақша: «Теріскөз» – дейді, араб тілінде: «ахеуи» – дейді. Ондай кісі бір нәрсенің өзін екі орында тұрған сықылды көреді. Бұл хысміштірік – көздің көрген нәрсесін адамның ішіне переводтап жеткізетұғын тәржіман.

Екінші қуат – қиял. Мұның жұмысы – переводчиктің переводтап жеткізген нәрсесін жазып тұрушы хатшы есебінде. Мұның қуаты – бір көріп көз үйір болған кісінің түрі, түсі оның жоқ уақытында оймен ойлап, айтуға мүмкін. Көрген, тұрған жерлердің тағырибин тусыған (тасыған) – осы қуат – қиялдың күшімен екінші біреуге айтып түсіндіруге жарайды. Үшінші қуат – мүтәпкіре (мітіңре). Переводчиктің жеткізгенін хатшы дұрыс жаза ма, теріс жаза ма – үстінен қарап оқып тұрады.

Төртінші қуат – уаһма. Мұның жұмысы – көрген, көрмеген нәрселерді, шын мен өтірікті, – бәрін бірдей астарлап соға береді. Мұның еркіне қоя берсе: «Ғаламда жүз мың күн бар» – деп ойлайды. Охалаңке бүтін ғаламда бір күннен басқа күннің жоқтығы баршаға мағлұм. «Дүниеде сынаптан мың дария бар» – деп ойлайды. Охалаңке біреудің өзі де жоқ. Хайуан ғырнатықтың білімі осы қуат уаһманың күшіменен. Ұшқан құс, жүгірген аң, төрт аяқты мал – осы уаһманың

күшімен төрт нәрсені біледі. Бірі – жаратушы кім екенін кәміл біліп, өз шамасынша бәрі Құдайға жалынышта жүреді.

Екіншісі – әрқайсысы өз қорегін(хорегін) кісіден сұрамай таниды. Оны жеткізуші – Құдірет екенін біледі.

Үшіншісі – әрқайсысы өз көшәнедесін көргеннен таниды. Өзіне не дұшпан, не нәрсе қас, оларды қандай десең, сондай біледі. Сол үшін қазақ тілінде айтылады: «Тұрымтайлыға торғай жолықпайды, // Қаршығалыға үйрек ұшырамайды» – деп. Мылтықсыз кісіден аң да, құс та қашпайды, отыра береді. Мылтықты кісіден күн ілгері маңайына келтірмей, қаша бастайды.

Төртіншісі – әр мақұлық өз жынысының еркегі – ұрғашысын, ұрғашысы – еркегін – бұрын көрмеген болса да, көргеннен тани бастайды. Бұл уаһмаға еріп кеткен адам хайуан есебінде болып қалады. Соның үшін айтылады: «Ферғауын ғалия мастыхақтың білімі ғақылмен емес еді, өһіммен еді. Егер оның білімі ғақылмен болса, Құдай тағаланың құдайлығын таныр еді. Қатын тағасы һәм дүние шаруасына еркектен білімді болады. Оның білімі де уаһманың күштілігіменен. Болмаса еркектен ақылы аскандықтан емес. «Ұрғашының шашы ұзын, ақылы қысқа»-лығынан қандай жақсы болсын, бір жаман еркектің қол астында пенде болып жүреді. Болмашы нәрсеге қызығып, алданып қалғаннан, бұл қуат уаһма қиялын [ы] әбден билеп алса, оқуы мүмкін болмайтұғын нәрселерге ұрындырып, хақиқат мерген қалып болатұғын жұмыстарға бастап кетеді. «Аса білім бас жояды» – деген – осы.

Бұл уаһма – не десең, өзінен шығып тұрған шайтан десе болады. Қазақша мұның атын: «уайым» – дейді. Жоқ нәрсені ойлатады. Асылы қашан да болса да ойға түспендер, ой ойлаушы болмандар, ой – шайтан жұмысы. Қазақ мақалында бар: «Жақсы-жаманның азығы, // Өлі-тірінің азығы, // Уайым-шайтанның азығы».

Адамның денесінде болған барша қуатлар ғақылдың қол астында болады. Жалғыз-ақ уаһыма ғақылдың қол астында болмайды, ғақылдың өзімен ертеңді-кеш жауша жағаласып тұрады.

Бесінші қуат – махафаза. Бұл қуат лұх орнында, хысміштірік-переводчик-қиял қатшы – Мітіңре – переводчик не айтады: хатшы, иа зауи – үстінен қарап тұрушы. Уаһма – «Ақты кара қыламын» – деген прокурор есепті. Ғақыл окружной сот-ешкімге зарар болсын деп ой-

ламайды. Окружной сотпен тепсінін сөйлескен прокурордай-ақ уаһма ғақылмен жағаласады да, тұрады.

Қуат махафаза, – бәрінің бас қосып, пәтуа қойған жұмысы – жазылатұғын тақтай. Бесеуі бір жерге бас қосуден не жұмыс та болса, тастай болады да, қалады. Ойлап тұрсақ, адамның көңілі бір дария болды. Ол дария болғанда, неменен болды? Даладан бес үлкен өзен келді. Бірі – көрген нәрсесі, бірі-естіген нәрсесі, бірі – ұстауден білген нәрсесі, бірі – іскеуден білген нәрсесі, бірі-дәмін татумен білген нәрсесі. Бұл бес өзен келіп, хысміштірікке құйылды. Даладан ағып келген судан не келмейді? Арам өлген әр түрлі мақұлықтың өлекесі де келіп жатыр. Дүниеде не жаман, не жақсы, – бәрін тазалап айдап кететұғын – ағын су. Соның бәрі дарияға келіп құйылып жатыр. Бұлай болғанда, қанша үлкен болғанмен, бұл дария ішуге де жарамаса керек. Иісінің сасықтығынан маңайынан кісі жүре алмаса керек. Жоқ, олай емес, хысміштірік судың адалын ішке жіберіп, арамын далаға қарай қайта ағызып, іске жарайтұғын [ын] хатшыларға жаздырып, жарамайтұғынын бір су ағар жолмен қайта далаға шығарып жатыр. Даладан келген бес өзеннің суы хысміштірікке құйылған соң, жайылып, үлкен болып, әр арнада бір өсуменен ішке қарай он өзен болып кетті. Сонымен барып адамның көңілі ұшы жоқ ұзын, түбі жоқ терең дария болды.

Енді бұл дариядан не табылмайды: балық та бар, бақа да бар. Қырда нешік түрлі хайуанат көрсеніз, суда – дарияда соның бәрі де бар. Ол дарияда неше түрлі түбінде жатқан асыл таслар (тастар) да бар. Садап һәм бар. Оның ішінде дүр тасы һәм бар. Осындай көңілі дария болған адам шаршы топта ұялмай сөйлеуге жарайды. Сөздің асылы: үшбу айтылған он хуаш, бесеуі-заһырда, бесеуі батында. Бәрінің басы бір жерге бірігуімен сөз болады.

XXX

Ынтықтама, мыққолғама, молдахама, зыбышхама «Фазыл Құдай сағат сөйлеген сөзі түгел болып өтырса, кәрі-жасқа, үлкен-кішіге, – баршаға бірдей ұнап тұрса, машықсыз хатшы болып, хатқа ұста болса, өзіне келсе, киім қона кетсе, мұның бәрі бір адамның бойынан табылса, Алла тағаланың фазылына алған адамы болып табылды деп біл!».

Сыдық ахуал, хасен хызал, рыфық хуал-ғаламат қыбалсит сөзлік болса, хысылытлары көркем болса, мүләйім жуас, жұмсақ болып келсе, ісі ілгері басуға лайықланғанлықтың ғаламатлары болды.

Сөз өнері туралы

Сөз – өзі не нәрсе? Сөз – адамның өнері (һөнері). «Өнер алды – қызыл тіл» – деген адамның ғазиз шариплік сөзбен болды. Хайуан сөз өнері болмағаннан, хайуан болды. Көңіл – бір жатқан кеннің дариясы. Сөз – сонан шыққан жауһар. Ауыз – бір сафап (садап), сөз – онан шыққан гауһар. Тіл – бір өткір қанжар, болат метін. Оның майдалап, уақтап, жасап шығарып жатқанының бәрі – ниһу: көп адамның бір жерге бас қосқаны. Бір бау-бақша жасалған сықылды да, соның ішінде сөз жеміс сықылды. Бұл палак бір жым болғанда, оған жан болуға сөз жарайды.

Бұ дүние – бір қараңғылықтай нәрсе. Оны жанды қылатұғын – абхаят сөз.

Қалам фасих: «Өліп қалған көңілді тір [і] көріп. Сөздің ләззатын адамның жаны рақат алұр, сөз жүгінің шамлы. Хазірет Жебірейіл ғалайссалам болды. Сөз осал жүк [пе] екен?! Тіс тізіліп орнында тұрғанда, қат [е] ден жерге шашылса, не құн табады? Назымменен келген сөз – орнында тұрған тіс сықылды, қара сөз соның шашылып жерде жатқаны сықылды. Назым – әр түрлі жеміс ағашы шығып тұрған бау ағашы. Қара сөз – тау ағашы – отын керек қылған оны алады.

Қызыл гүлдің бау-бақшада үлпілдеп тұрғаны – назым. Жерге шашылды, қара сөз болды. Меруерт, маржан, інжу, ғақық әбдіреде жатты, кім көрді?! Тізілсе, жұрт көзіне түсетұғын болды. Қара сөз – солардың әбдіреде жатқаны, назым – тізіліп, жұрт көзіне түсуге жарағаны.

Бұрынғылар айтқан: «Тұз – май қатығы, // Өлең жыр – сөз қатығы» – деп.

Бір сөз қанша жалған болса да, назым болса, адамдар құлақ салып, даналар оны пент қыла дүр. Осы айтылған тақырыптарға садақ сөз сөйлегіші заманымызда бар. Бірақ аузын ашып, тасып алушы садап жоқлығынан қара таста қына болып, жабысып жатыр.

Ай, жігітлер, садаптың аузына тамамын дер гауһар болғанда, абрахмет иа ғұмырының қатресі. Қара тасқа тамыр мен қына болған абрахмет жаңбырының қатресі.

Араға тамса, бал болған,

Жыланға тамса, у болған.

Тікенге тамса, қызыл гүл болған,

Тақыр жерге тамса, ащы сор болған,

Тұздың кеніне тамса, тұз болған,

Шөпке тамғаны – қызғалдақ,

Ағашқа тамғаны жапырақ болған, – бәрі абрахмет жаңбырының қатрелері.

Мәснәуи Шариф:

«Ан екі хыриапыт палак набуд иафит палан керек хырра дірт пұт». Бір адам қолына бір есек түсіп еді. Оған аркасына салып мінетұғын палан болмады. «Палан» – деп, Ферғана заман уалаяты есекке тоқитұғын тоқымды айтады. Бір уақытта бұл бейшара палан тауып алып еді, есекті қасқыр жеп кетті.

Бұл замана сондай заман болды. Айтайын десең, тыңлаушы жоқ. Тыңлайын десең, айтушы жоқ. Жалғыз уық емен ағашы болмай, микан ағашы болсын, шаңырақ көтеріп тұрып, үйді үй санына қосуға жарай ма? Қарағай болсын, қамыс болсын, көп болған соң, шаңырақты көтеріп, үйді үй санына қосуға жарайды.

Мәшһүр Жүсіп өлені.

Сонымен бұл жалғаннан өттің кеттің [50].

Мәснәуи шарифтен:

Ай, бысамырғы періде дәне[ме] жо[к] кебір [кеуір-кәпір] де халық, һәм халық. Көп құстар (құшлар) ұшып дәне талап қылады. Ең жоғарыда: «Сытхалық олған тағам ұшырапқа хырыс олға»: ылғи бейшараның өзін торға түсіріп, тамағынан қан алдырады.

«Ай, бысамырғы зымғыде өзмығыс. Бір кінәр бам мыхбос қығыс»:

Көп құстар құрсағының аштығына дауа, талап қыламын деп, там үйдің шошмағында қапаста жысында тұрып қалады...

Көп балықтар суда жүріп, қандай қолға түспейтұғын қулар тамағының тоюына хырыс болғандықтан, кармаққа кадалып, торға ілініп қалады.

...Көп болады. Өзін-өзі түнекке жасырып, шымылдықтан шықпай, күн көрмей, жел көрмей жүрген қулар екі тесікке тығын іздеймін деп, қанша мерсықлықта қалады... Хадис Шариф айтты: «Ол Мұхаммед Мұстафа салиалла ғылина өсім:

– Кімде-кім кепіл болса, есіктің асты мен екі аяғының арасында өзі ие болуына, оның жұмаққа (ұжмаққа) кіруіне мен кепіл боламын – дейді.

Өз бойындағы нәрсеге өзі ие болмағанға өкпе жүре ме? Өзі-өзінікіне өзі ие бола алмағанға өкпелеу жарамайды.

Қара сөз ұзарып, оқушыны жалқау қылып барады. Біраз шағыр жаздым.

Мәшһүрден келе жатыр өнер қайнап [51].

Мәшһүр Жүсіп уағызы

Адам дүниенің опасыз екенін, ғұмыр жастың өтетұғынын, басында тұрған дәуреннің кететұғынын білген соң, бостандығы моланың басына орнатқан тас сықылды қақайғаннан қақайып қарап болған соң, ұстамалы бір ауыр ойсыз тіпті болмайды. Сол ауыр ойдын баршасына да дауа бар. Не үшін десеңіз, дерт жіберген Құдірет болмашы бір нәрседен дауасын да өзі жібереді. Бірақ дауа жоқ екі түрлі ауруға. Бірі: «Өзін білме, білгеннің тілін алма!» – деген қарғысқа ұшыраған ақмақтардың ақымақлығына дауа жоқ. Бірі – жалқаулардың жалқаулығына, еріншектің ездігіне дауа жоқ. Ақымақлықтан жалқаулық көп жаман. Бұл жалқаулық зор ғып дауасыз ауру. Не үшін десеңіз, Алла тағала: «Хазіреттері...» – дейді. Өз қолымен қылып алмаса, адамға дәнеме жоқ екен. Сонда бұл хасуста ан хазіретіміз салиалла ғалайссалам: «...Сағынамын... Талап қыламын: «Сақтай гөр!» – деймін... – Жалқаулықтан, жас болып кәрі кісі сықылды кеп, әрекеттен бос қылмақтан» – дейді екен.

Бұрынғылар:

– Кедейлік үш ағайынды болады, – деген. – Үлкені – кежірлік, ортаншысы – еріншектік, кенжесі – ұйқы, – деген екен.

Осы айтылған үшеуі жалқау кісіде бір туысқан бауырдан жуық боп бас қосады. Кежірліктің тамыры желкеде болады. Кежір кісінің желкесінен тартып, кантарып қойған қырық қаңтаруы болады. Бірі жіберсе де бірі жібермей, ішетұғын астан, алатұғын олжадан құр қалдырады. Жалқаулықтың тамыры – жерге отырарлық дүнбенің (дүмбенің) алақан аясындай айналасында болады. Орнынан қозғалып тұрғысы келмейді, найқалып отыра береді. Ұйқының тамыры – шынтакта болады. Ұйқышы болатұғын қу шынтағын жерге тіреп, жата береді. Тіл алғыш, елгезек болып үйрен, кежірліктен құтыласың. Тіпті дәнеме қылмасаң да, жаяу аяндап, олай-былай жүріп үйрен, жалқаулықтан құтыласың. Дүние ақыреттің бірі болмаса, бірінің уайымын ойлап: «Қалай қыламын, қайтіп есебін табамын?!» – деген ойға түс, ұйқышылықтан құтыласың.

Бұл үшеуінен құтылсаң, қолың әр нәрсеге жетеді. Бұл үшеуі: бірі-желкеннен тартып, біреуі дүнбе құйрығыңнан жерге қарай жабыстырып, бірі шынтағыңнан қисайта құлатып жібермей, табандап жатқан соң, қолың қайда жетсін?! Өзіңнен-өзің көтіннен кейін қарай кетіп қор боласың. Адам әуел өзінің қалай жаралғанын біліп, онан соң Жаратушы халқы, ұсанғы кім екенін танып, онан соңғы зәруі керек нәрсе – мінез түзету екендігін білген соң, ғақыл не нәрсе, сөз не нәрсе, – мұның бәрін таныған соң, не болу керек? Мұсылманшылықта болу керек. Бұл мұсылманшылық деген немен болады: уағдаға опалы болуменен, пайда менен залал таласып келгенде, залалға өзі шыдап қалып, пайданы басқаға қиюменен [болады].

Асылы адамзат: Адам ата, Хауа анадан өрбіген жан бәрі бір кісінің тұқымы екендігін білісіп, бір-біріне жаны ашып, артығы болса, ауысып, қажеті (хажаты) болса, берісіп, кем-кетігін көрісіп, ысхаутылығы, омырауаттылығы болуменен болады. Бұлардың бір де бірі жоқ, құр намаз оқып, ораза тұтқанмен, домалақ-домалақ тасты жіпке тізін алып санауменен мұсылманшылық табылмайды.

Алла тағала Құранда тығауын тынасыр тығасындменен әмір қылды. Оның мағынасы: «Бір-біріне жәрдемші бол; бір білек, бір бас, бір көңілде болыңдар! – дейді.

Бір жерде болған жамағат басы қосылғанда, бәрі бір кісінің денесіндей болу керек. Ішінде бірін бас орнында сайлау керек. «Не айтады?» – деп, соның аузына қарау керек. Онан соңғылары: көз, құлақ, мұрын, ауыз, қол, аяқ, – орнында біріне-бірі қайырылысып, баржоғына, аш-тоғына кем-кетігін қарасып, бір денедегі тұтас мүшелердей бірін-бірі жүдетпей ұстауға хұммет, қайрат қылуға керек. Дүние малы дүниеде қалады, ешкімнің көріне бірге еріп бармайды. Оны ойлап Құдайдың әр не бергенін ортаға салып, өзі ішіп-жеп, өзінен артылса, жұртқа ішкізіп, жегізіп, жалғандағы жиған-терген дүниенің қызығын сөйтіп көруге керек. Бізге Құдай тағала пайғамбарлар жіберді, Құран кітап алдырды. Сол жіберген пайғамбардың акыры – Мұхаммед Әл-Мұстафа салиалла ғалайссалам – сол кісінің мінез қылығын (хылқын), қылған ісін ғалымлардан естіп отырып, соны үлгі қылу керек. Ол Мұхаммед пайғамбар өзі Әбубәкір Сыдықтың қызын алды, оған күйеу болды. Ғұмар Лығароктың қызын алды, оған күйеу болды. Бұл екі қайын атасын көзінен таса қылмады. Хазірет Ғұшманға [Оспанға] қызын берді, өзіне күйеу қылды. Хазірет Ғалыға қызын берді, өзіне күйеу қылды. Екі қайын атасы, екі күйеуі – төрт жар болды. Бұл төртеуінің бір жерге бас қосып бірігуіменен пайғамбардың пайғамбарлығы күшейді.

Онан соңғы Мекке – мікірмеден көшіп келген мыһажырындарға Мединеде тұрған ансарлар екі қатынды сый (ғып), бір қатынын босатып берді. Екі аты бар. Бір атын түсіп берді. Екі киімі бар, бір киімін шешіп берді. Сонымен Мыһажырын ансары күшті болып, біріне-бірі жәрдемші болып: «Отыз үш мың сахаба» – атанды. Сонан соң бұларды ешкім айырып, араз қылып ала алмады.

Сондай Құдайдың абзал жаратқан Мұхаммед пайғамбар салиалла тағала ғалия өслам – төрт жардың, отыз үш мың сахабаның басы қосылумен жау жаулап, жұрт алды. Онан бұрын елу жасқа жеткенше түк кескен жоқ. «Басы – бұлбұл, аяғы – дүлдүл» болса да, жұрт қолына алып көтермей, адам дәнемеге жарамайды. Мұнан ғибрат алып, ойлауға керек. Атқа тоқуға жарамай тұғын жалба-жалба жаман шокпытты ағаштың басына байлап: «Ат шабар, ат шабар!» – деп, айғай салса, сол шокпыттың соңынан қанша жиылған жан еріп жөнелді. Бір жерге апарып шаншып қойса, соны айнала (айлана) отырады. Сонан келіп жұрт көзінше асып өткен атқа бәйге тігеді. Оған жете алмай

қалғанға дәнеме жоқ қылады. Жұрт қолына алып, ағаштың басына байлап, көтерумен жұмысқа жарап, «карақшы» – деп ат атанды. Қағаз акша немене өзі? Ішсе, жесе, тамаққа жарамайды, бұзса, бұйымға жарамайды. Жұрт қолына алып, қадірлеп жұмсаумен қанша алтын, күміс – қанша дүниені қопарып ала бастауға жарап, жұрт оны жанындай сақтап, іннен-інге тығады. Олай болғанда талап қылып тырысып, жарыққа таласқан көбелектей жұрт көзіне түсіп халық аузында сөз болуға ұмтылу керек.

Қазақта бір мақал бар: «Жігіт өсекке ілінбей, есепке ілінбейді» – деген. Және бір сөз бар: «Батып кінә қылуға жарамаған жаман – қорқып тәубе қылуға да жарамайды» – деген.

Бұрынғы казак жақсылары айтқан екен:

Боларында болып өт,
Боз жорғадай желіп өт.
Болмасынды білген соң,
Болған ердің қосын жек.
Өзің адам болған соң,
Аудара тастап,
Қалай кетсең, олай кет!

Бай болсаң, торғын орамалмен бетің сұрт,
Жарлы болсаң, жаныңменен көтің сұрт.
Бай болып, бар болсаң,
Жан бір – алтын ханыша:
Сыйласаң, сыйлауыңа тұрады.
Жок болып, жарлы болсаң,
Жан – бір күдері:
Қанша қинасаң, қинауыңа шыдай береді, үзілмейді.

Және бір жақсы мақал бар:

Жігітлікте жаннан кеш те, іс қыл:
Өлсең, өлесін.
Өлмесең, кісі боласың.
Білген адамға – бәрі насихат,
Білмегенге не айтасың?!

Шайхы Сағди:

«Лышыразы Рахымалла лыбары». Бірік дiр хытан сыбыздыр һытыр хошиар. Әр ұркид пiтiрсат Мағырпата кердiгер». Бапшыл ағашларының жапырағы есi бүтiндердiң нокта татырларында, яғни бысырит көзi илан көргiштерiнiң көңiл көзiнiң қарасында әр жапырағы – бiр кiтап орнында, Құдай тағаланың шеберлiгiн таныту турасында... Сол зат Шариф айтқандай, Құдай тағаланың жаратқан: жер, көк, тау, тас, ұшқан құс, жүгiрген аң, ғылым-бiлiм iздегенге (iзлегенге) – бәрi дәрiс, бәрi сабак.

Аузының дәмi қашқан аурудың ас жақтырмағаны сыкылды сөз мәнiсiн бiлгендер сөздi жақтырмаған есеп. Өзi түспеген [түсiнбеген] сон: «Керегi жоқ әлде немененi жазған», – деп оқымай, тастай бередi. Сөз мәнiсiн бiлетұғындар айнала тұра қалып, онан бiр мағына таратып алғанша шыдамай асығып, ынтығы, көңiлi соны бiлмектiң, оқымақтың соңында болады.

Бiздiң қазақ тiлiнде «мақал» – деген сөз бар. Соны: «Бұрынғылардың мақалында бар екен» – десiп айтысады. «Ол мақал деген қандай сөз?» – десеңiз, «Хақ жандырған шырақты ақымақ үрiп сөндiре алмайды-деген» – деп келедi. «Оны қайдан алып айтты?» – десеңiз, «бұрынғы тоқсан тоғыз мың машайықтан қалған сөз екен» – десiп келедi. Кiмнен қалса, онан қалсын, далаға кетпейдi, кiтап сөзiмен жарысып отырады.

Сопы Аллажар кiтапта айтады: «Шырақты неге Хақ жандырып қойды? Оны кiм: «Шүбә» – дейдi, сақалы күйдi.

Мәснәуи Шариф:

Шырағы – раке – езу, бiр парызы – кiсi кеш пен кiндiсбiлiш сөзi: «Бiр шырақты Құдiрет өзi жандырса, оны: «Жоқ қыламын» – деп үрлеушiнiң сақалы күйедi.

Айта – Кериме һәм iшiнен(ишiнен) «...» [53].

«Шырақ» – деген сөзден ғират (мырат) – дiн ислам нұры екен. «Дiн исламның нұрын сөндiремiн!» – деген ақымақтан саналады. «Мұны да ешкiм де сөндiре алмайды» – делiнген сөз екен. Хазiрет Сұлтан Алғарфин, Қожа Ахмет Иассауи, Шаһынша әулие бiр күн «тоқсан тоғыз мың машайық» – атанған мұридлерiн жамиғ қылып, баршасына бұйырды дейдi. Ан хазiретiмiз салиалла тағала ғалия өсләм миграж асканда, Құдай тағаланың құдiретi илан тоқсан тоғыз

мың сөз сөйлескен екен. Отыз үш мың шарифат, отыз үш мың тарикат, отыз үш мың хакикат, – соның бәрі бір кітапта асла (әсте) болмайды, бір жерден табылмайды.

– Сіздер баршаларыңыз бір жерде отырып, бас-басыңызға бір ауыздан сөз айтыңыздар, кейінгі заманға жәдігер болып қаларлық болсын! Сол Құдай тағаланың құдіреті илан Мұхаммед пайғамбардың сөйлескен сөзін пендеде білуші жоқ. Бірақ сіздердің сөздеріңіз – сол зордың көленкесі сықылданып, жұрт аузында қалсын! – дегенде, – Қай қай ретті қылып сөйлейміз? – деп, Сұлтан хазіреттерінің өзінен сұрағанда, зат Шариф мүбәрәк тәліптері илан өзі айтты, – дейді. «Мақал» – деп айтылатұғын сөз болсын: «Шаруа көшсе, байиды, // Дәруіш кешсе, байиды» «Уақытсыз ерден – бакытсыз ұрғашы артық». «Осы мақалдар Сұлтан хазіреттерінің өз аузынан шыққан» – деп, Мақтымқұл сөзінің есебінде (сынды) бар ғазизлер айтқан.

Токсан тоғыз мың машайық бір төбенің ту басына орнап, үшал жайға «Мәслихат төбе» – деп ат қойды, – дейді.

Сондағы орнаған жайлары – дария жағасы екен.

– Хазіреттің бұлай айтысында бір сыр бар ғой, – дескеннен, сонан сол дария «Сыр суы» атанды дейді.

Сонда бұлар бас қосып, не айтарын біле алмай, жөнделе алмай, біріне-бірі: «Сен айт, сен айт!» – десіп, жалғызы дәнеме айта алмаған соң, ең алдыңғысының айтқан сөзі екен:

– Хазірет баршамызға, бас-басына бір сөз айтып шығарды. Жалғызың дәнеме айтпайсың, «Өзің білме, білгеннің тілін алма» – деген осы екен – дейді.

Сонда солардың ең аяғы, соңында қалғаны айтқан екен:

– Шідердің қасында құйысқанға қыстырылған тезек сықылды болып жүріп, мен не айтамын? – деген екен.

Орта бойында біреуі дәнеме айта алмаған соң:

– Кел, мұны қол-аяғын байлап, тіпті ештеме айтпаслық [қа] суға тастап жіберелік! – деп, бас салғанда,

– Құдай-ай, ту... «Көп қорқытады, терең батырады» – деген осы екен-ау! – депті дейді.

«Сол ретпенен әрқайсысы бір сөз сөйлеп, қазақ ішінде «мақал» – деп айтылып жүрген сөз сол тоқсан тоғыз мың машайықтан қалған екен» – десіп келеді.

«Басқа пәле – тілден» – деудің мәнісі

Түркістандағы күмбездің ішінде үстіне жолбарыс терісі жабылған, басында мүйізді бастар тұрған жолбарыс атанған кісі – хан баласы шаһзада екен. «Баба Сәмбет әулие» атанған кісі екен. Бала жасынан сөйлемеслікті ғадет қылған екен. Ит жүгіртіп, құс салып жүреді екен. Сонда атасы қасындағы жігіт – желеңіне тапсырып қойған екен:

– Егер елсізде жүріп, осы баламның аузынан үн шықса, не сөйлеп тілі шықса, менен сүйінші сұрандар! – деп.

Күнлерде бір күн бір қырғауыл қалың шөптің ішінен: «қақ-қақ!» – деп дыбыс шығарған соң, дабыл туып (түйіп) ұшырып, қосына алдырып шоқытып отырғанда:

– Басқа пәле қайдан? Басқа пәле-тілден, «қақ, қақ!» – деп, өзің дыбыстамасаң, саған пәле бар ма еді?! – деп сөйледі дейді. Соны артында аңдып жүрген төлеңгіт естіп алып, ханнан сүйінші сұрапты:

– Тілі бар екен, өзі сөйлемей жүр екен. Құсы қырғауыл алғанда, сөйледі, – деп.

Хан баласын алдына шақырып алып:

– Құсың қырғауыл алғанда, не дедің? – деп еді.

Балада үн жоқ, сазарды да қалды. Хан осыншама ділгір болып: «Сөйлер ме екен?» – деп, сұрап бақты, бала да сөйлемеске, тіл бермеске шыдап бақты. Ханның ашуы келді:

– Далада құсың қырғауыл алса, сөйлейсің. Мен: «Сөйле!» – десем, сөйлемейсің. Бар тілінді жоқ қылып, менен жасырасың, бір дүлей, мылқау болып бар болғаныңнан жоғың жақсы. Ұр жаққа, жұл мұртын! – деп бұйырған соң, хан жарлығын екі қыла ма, төлеңгіттер ұра бастады. Сонда бала не дейді:

– Сөйлегеннен сөйлемеген жақсырақ. Сөйлеп едім, басыма тиді таяк! – дейді. Басқа дәнеме айтпады. Хайыр атасы башлық қанша жамағат сол жерде баланың әулие екенін біліп, аяғына жығылып, ғызырлар тіледі. Бар ғұмырында сөйлеген сөзі – осы екі ауыз сөз. «Онан басқа ләм-мим дегенін пенде хұда естіген жоқ» – десіп айтысады.

Әне, сондай тіліне ие болған ғазизлар қандай зор дәреже тауып (табып), әлі ұйымлы қиамет аузынан бір ауыз сөзі дүние хәлінің көзіне сүрме (сүреме) болып қалды!

Мына бізге қарасаң, қарғаларша қаркылдап, арбаларша шаркылдап – толмаған торсық екенімізді өз қолымызбен ғаламға шашып, жасырарлық ғып мейізіні (мизіні) ашып, бітімсіз һай мұратым аз...

Адамдардың тиімсіз қылығы сөйлеген сөзінен білінеді. Не үшін десеніз, ішінде дәні жоқ пістенің аузы ашылды-ақ дегенше, рәсуа болады. Осы айтылған қаулаға мұтабық өзімізді өзіміз рәсуа қылып, дей бергіштігімізді білдіріп жатқанымыз ғой. Ешкімге насихат айтар жайым жоқ. Қанша айтып, онша айтып жатырмын, өзіме айтып жатырмын. «Мәшеке, Мәшеке!» – дегенге мәз болмай, асылын (сыл) сылыма қара. Қайдан шықтың, қайдан келдің? Бергі шыққан жеріңе көз жіберсең айатолым нәжіс су киімге тиіп кетсе, жуып тастауға (таслауға) лайықты болған. Мойныға салып тұрған сөзден танғанмен, құтыла аламысың? Арғы шыққан тегіңе қарасаң, кім көрінген ерік шіркін төгіп жатқан тұрап дәлел – қара топырақ. Әуел басынан ойлап қарасаң, напак су едің. Бұл жолының (иолының) бірінен шығып, біріне кірдің. Бес ай жансыз, бес ай жанды: ғарабша – «рухұма», қазақша «жатыр» – деген үйде жатып, қыз қанынан қорек алдың. Онан соң және барған жолыңнан қайта жалған дүниенің жүзіне шықтың. Жатқан жерінің, кірген-шыққан жерінің жайлысы-ай?! Шыққанда не болдың? Аузына өкпе тығып, артыңа құрым кигіз тігіп, ағашқа танылдың. Болғанда, не болдың? Ныжасыт хаммалы болдың. Құрсағың толған айтуға жарамай тұғын нәрсе. Қуығың толған-бәуле. Мұрнында – сінбірік, аузында – қақырық, құлақтарыңда – құлық, көзінде – былшық, тамырларыңда ет пен терінің арасы – іркілдеген ірін. Қолтықтарыңда – қолаңса, аяқта – шуаш. Жүзіңнің ақлығы нұр деймісің, былағамнан келген нәрсе. Жүзіңнің қызылы қызыл гүл деп білемісің? Арам қызыл қан: бір тамшы жағына шықса, намазға жарамайды. «Сарғылтым – алтынның ажары» – деймісің? Өттен келген сары зерденің бояуы. Қаралығың – «мүшік қосылған қарасия» – деймісің? «Қастауыш» – дейтін қарақұрым араласқаннан күнде екі қабат шек-қарын аршығаннан жаман арам-алыс нәрсеге қолың былғанады. Өн бойында кісі жиренбейтұғын бір жерің жоқ. Ақырында құрт-құмырсқаның азығы, бір сасық өлексесің. Осы айтылғанның бәрі өз қарақан басыңнан табылып тұрғанда, ұялмай, қызармай, қай жеріңнен тәкаппарланып, өзінді-өзің әлдеқандай көріп отырасың. Уоу, жүзіқара Мәшһүр, жұрт: «Мәшһүр, Мәшһүр!» – деген

кез [де] «Бұл не қылған Мәшһүр?!» – деп ойласам, «Ниһаяты барып тұрған ақымаклықта Мәшһүр екенсің ғой!».

Не үшін десең, ғылымдық (ғылымлік) илан жаһиллік егісі бір-біріне зыдлар дүр... Екі зыдырсанның бір жерге бас қосып, біріне-бірі достық(достылық) қылмағы лайық (зылайық).

Бұл Мәшһүр наданларың сені мадақ үшін айтқан сөзі болса, сенің надан екенің мұнан мағлұм болып, айтпай танылып, сұралмай білінді. Неге десең, танымаған кісі танымаған біреуді мақтай ма? Таныған кісі өзінің таныған адамын мақтайды. Өздеріндей надан болған соң, надандығына әбден сүйсініп мақтап жүргені, «Сенің молда (молла) екенінді біліп мақтады» – деуге өзі надан болған соң, кімнің молда екенін, кімнің молда емес екенін қайдан білсін?!

Жаһал кісі мадақ (мадах) етпес. Мекер өзі ұқсас (ұхшаш) жаһалды (жаһылын) мадақ етер. Ғалымлар, оһаһылдар бір-біріне зыдлар дүр. Ғалымға хас болған істі (іиші) жаһал құп көрмесе керек. Жаһаллар істі ғалым һәм құп көрмесе керек. Жаһал ғалымға дұшпан дер. Шоңа өзі ғалым болған жоқ. Ғалымның мән-жайын білмес, танымас, сыйла-мас бар емес пе?!

Егер зым үшін айтылған болса, бұл зым сенің һізөксің ғылым мығарып сыддында болғанлықтан, дүние жинамай, ғылым мығашта ғақыл өрістің (орыштың) жоқтығынан айтылған сөз болды. Онда ол ғылым омғарпың дүниеде сені құр алақан қалдырады. Әрі мал тауып беріп, бай кісі қылмайды, әрі жақсы атақ алып бермейді. Олай болса, Мәшһүрліктен безер бол, ақыретте құр алақан қалмасқа сағи қыл!

Ан хазіретіміз салиалла тағала ғалиәссаламның бұл Хадис Шарифын жадында озбұт етіп, істелінбес ғазаба иом лыкиата ғалым ләминғыға ғылыма қиямет көзі ғазаптың қатты, күштірек ғылымы – өз басына пайда бермей, қаңғып жүрген молдаларға болса керек...

Пәлі, тапқан олжаң! Қой, қой, қой, ақ қағаздың аппақ бетін қаралауға тырыспа! Қара көңілді ақ қылып, мазмұн болған сағатлардан өзінді пак қылуға тырыс. Өзіңнің өзіңе жаның ашымаса, саған кімнің жаны ашысын!

Иосиф абыз не айта [ды] не істі:
Қолым қорада, құлағым далада, ойым – Алла қай жақ шыған. Фирезде көк тас, етек – мойыншақта – көк тас, көріністі адамның бәрі адам. Аспанда болған жұлдыздар һәм сондай. Бірақ жұлдыздардың ішінде

қолға түспейтін саты да бар. Кісі қашып құтылғысыз нас та бар. Адам-да да сондай: көзге сүрме кылуға тотия сықылды: ексе, бітпейтін, қуса, жетпейтіні де бар. Бас ауыртқаннан басқа түкке жарамайтұғыны да бар... екеуі бірдей. Бірақ бірі – бірге, бірі – мыңға жүреді. Садап дарияда да бар, құры шөлде де бар. Бірі – дүр тасына қап, бірі – шіріген сүйек. Жылтырап көрінуге шам да жылтырайды, мұз да жылтырайды. Қант та аппақ, тұз да аппақ. Бірақ екеуінің дәмі екі басқа. Осыларды айтпай танып, сұрамай білуге ердің ері, егеудің сынығы керек.

Жыл мезгілдері туралы

...Бұрынғы қариялар мұны: «Бұ иар есебі» – деуші еді. Осымен күн есептеп айтқаны айтқандай келіп отырушы еді. Наурыздан есеп кылғыл: жаз – тоқсан төрт күн, жаз – саратан тоқсан үш күн: 13 хамал, 13 шор, 13 жүзе, 13 саратан, 13 есід, 13 сұмбіле.

Күз – сексен тоғыз күн. Қыс – тоқсан – сексен күн. 2 мизан, 3 ғықырып, 29 құс, 3 жыды, 3 ұлу, 19 хұт – айымды Наурыз күнін жақсы мығын қылсаң, жаздың 92 күнін тамам қылып, жайына кірер болсаң, он күн бұрын Үркер туар (туғар). Он күннен соң, отыз үш күнде Тараз отығар. Елу күннен соң Жаркырауық туар. Онан соң кырық үш күнде күзге ілігерсін. Онан соң 89 күннен соң кысқа кірерсін. Қыстан он күн бұрын Үркер ұяғыр. Қыстың тіле он күн боспа шопан тонар, жиырма күн қайтсе суық келер...

Хамал отыз бір күн болар. Қарғаның он беске келер күн берілетін онда теңелер жана жыл онда есеп болды. Марттың бір жанасы – орысша (росыхша) он сегізін: «Алексей Божын» – дейді. «Қар астынан от жанады» – делінеді. Он бірде – «көк табан», он екіде: «... табан»-деседі. Тур [а] отыз бір күн болар (болұр). Шүркірекеш (төркірекеш) һыдһыд шақырар, алты жанасына кіріп ап, ағызы ашылар. Он беске Қызыр Ілияс қамшы сілтер күні болды. Жиырма жана сыйға үркер суға түсер.

Үркер суға түссе, сиыр да суға түседі. Ақ сиыр бұрын түссе, қыс қарлы болады. Қара сиыр бұрын түссе, қара [қардан] кешу (кешуі). Апрельдің жеті жаңасында нұр (шор) бір және енеді. Жүзе (жоза) – отыз екі күн. Майдың сегізінде күн жүзе бір және енеді. «Аты жоқ» – деген құс сонда (анде) шақырар. Барша ағашларға жапырақ жел көрер.

Бұлан сонда (анде) тоғыслар. Оның (аның) он беске жай токсанынын басы болар.

Саратан – отыз бір күн. Сарғалдақ деген шымшық сонда (анда) шақырар. Саратан кірекеш Үркер туар (туғар) июньнің тоғызында саратан кіреді. Июньнің он екісінде Тұрсынбай баласы Шоқыбай көрсетті:

– Әне, Үркер! Жұрт туатын жерін білмейді, сондықтан коре алмайды. Әйтпесе он екінші июньде, міне, көрінеді, – деп.

Онда біз жиырма алты жастамыз, сонан соң кім керек қылыпты оны. Саратанның он бірінде күн қайта бастайды.

Шілде (шілле) түсер: күн қысқарып, түн ұзара бастайды. Сыд отыз бір күн болды. Июльдің он жаңасында сүдігер сыд болды. Жаз қаңтары, жаз ортасы сыдының жиырмасында жаз – шілде шығар.

Орысша – июль, арабша – Сыд, румие есебінде тамыз дейді. Қазақтың: «Сарша тамыз» – деп жүргені – сол.

Румие есебі: 1. Азар, 2. Нысан, 3. Аяр, 4. Хызыран, 5. Тамыз, 6. Аб, 7. Июль, 8. Шырын уани. 9. Шырынтаны. 10. Кәфін әуел, 11. Канын таны, 12. Шыбат. Ескендір Зұлқарнайыннан қалған – он күн бұрын жүргізеді.

Сүмбіле отыз бір күн болар. Оның он бесі – күз токсанының басы болар. Қырғи келер, құс айрылар, төбе жел болар. Өрдегі баласы анасы... байтоксаны сонда (анда) түгесіледі.

Августің тоғызында күн сүмбіле бір және енеді. Августің он жетісінде астауға мұз қатса, жиырма екінші февральда күн жылынады.

Мизан. Отыз күн бұрын мизан енді. Күн бірле, түн анда теңеу [і] – он беске қазан кіреді, Бұлан сонда (анда) шығады. Жүзә да балалайды. Мизан мен жүзә: әр ай – сегіз ай, Бұлан сегіз ай көтереді.

Сентябрьдің он жаңасында күн мизан бір және енеді. Мизан Тараз үкенле (өгенле) нәрсе. Өлше – нұр палак уәжде. Сүмбіле-бір жиейле тақырып...

Қазак: «Қыркүйектің қызыл желі» – дейді. Бір жұма аумай, жел оңында түседі. Он екі айда желдің қисынын түзейді – деп, есеп айтқыштың бір тәжірибесі күні.

Ғақырып – отыз күн боларының он беске қараша деген қаз қайтар. Сонда қария-ғар, мұз түнер. Апрель – қысы бес – он күнге бар дүр.

Жок ерісе, мұз тонар. Октябрьдің он бірінде күн ғақырып бір және енеді. Ғақырып ақырын келсе, қыстың қаһары қайтты.

Октябрьдің он төртінде кескен ағаш шірімейді. 28-інде «Метрей» – деген күн болады. һәмма құслар қыс [қа] шыдай алмай кетеді. Үшінші октябрьде құмырска жер астына кетеді.

Құс 29 күн болады. Ноябрьдің он жаңасында күн құс бір және енеді. Ноябрьдің жиырма бесі – қыс токсанының басы, Үркердің батқан күні болады. Қаракұйрық ұйығады: адал аңның алды.

Жыды 29 күн декабрьдің тоғызы күні жыды бір және енеді. Декабрьдің жиырма бесі – Иса пайғамбар туған күн – қыс ортасы. Жиырма тоғызында жұмла суға түседі. Ойықтан қара су ішу жарамайды. Жыды – Кажабаласы Темірқазықтың арапша аты. Декабрьдің он тоғызы – қыс шілдесі басталып, ғинуардың жиырма сегізінде қыс шілдесі жоғалады.

Ұлу отыз күн ұлу кірсе, қыс қаңтары ауады. Қаңтар дегеніміз - қыс ортасы. Ұлудың он бесіне аю ақырып айналады. Ол-ұйығу үшін бастаған ойыны. Ұлудың жиырмасына қыс хыламы шығады. Ұлудың қалған он күнінде: «Мане атман» – дегеннен қазақ «акпан» кеткен. «Бой тоқтыда бұлғақ қалды, // Бойшаң қызда бұғақ қалды» – деп, «Қырлан, акпан, кырлан – деп, қаңтар мырза өте шығады» – делінген сөз бар.

Қазақтың қаңтары – қыс ортасы да, акпаны осы дудың он күні. Ғинуардың 8 – жаңасында қояш ұлу бір және кіреді. Хұт (кұт) отыз күн болар (болұр). Февралдың жеті жаңасында Күн бір және хұт кірсе, балықлар су түбінен бетіне ойнап шығады. Хұтының он бесінде қыс токсан шығады. Баһар токсанының басы бастанады. Онан (анден) соң сегіз күн «Иамғы жүзу» – дейді. Қазақ: «Кемпір осырығы» – дейді.

Онан кейін жеті күнді: «Аям рахмет» – деседі. Бір тілде «бір-сым» – дейді. «Жел жібектей есіледі», – дегені – «Хұт тамам болды, ескі наурыз өмірін тауысты» – деседі. Екі наурыздың арасы үш жүз алпыс бес күн. «Жібек құртын жандандырамыз» – деп, ышқырына қос хына байлайды. Жанданған соң, тұт жапырағының ортасына тастайды. Сонан соң домалақ-домалақ оралып, жібек болып шығады [53].

Ризық туралы

...Сонда ризық екі түрлі. Бірі – заһарда адамның тіршілігіне күш-қуат беретұғын: асамақ, ішпек ұқсамақ. Бұларға зэрүрі болған керек-жарақ нәрселер. Бірі – бәтін де, көңілінің де өз алдына ризығы бар. Жанның да өз алдына ризығы бар. Ғақылының да өз алдына ризығы бар. Нәпсінің де өз алдына ризығы бар. Сырының да өз алдына ризығы бар. Көрініп тұрған ризықтарының ризық екенлігін барша хайуанат түгел біледі. Өзінің тұрған заманында ризық неден болғанын, оны беріп тұрушы кім екенін айтпай біліп, сұрамай таниды.

Адамның адамшылығы – көрінбей тұрған қалыпта, рухта, ғақылда, нәпсіде, сырда ризық барлығын біліп, сондайын ризықлар бірлан ризықланып, халық-жұртқа һәм сол ризықлардан үлес несібе үлестірсе, хазірет Ғиса ғалиассаламнан жәдігер қалған бір сөз бар: «Кім де кім болсын, екі тумай, іске жарамайды» – деген. Бір туғаны ананың құрсағынан шығып, шешенің жатырының тарлық, қараңғылық, қиындығынан жарық дүниенің жүзіне шығып, қанмен араласқан жаман сулардан құтылып, қалқиып, қарайып кісі болғанды айтады. Екінші туатыны – хайуанлық дәрежесінде қалдыратын мінездерден құтылып, адамдық дәрежесіне белге (білге) ішпейтін, жемейтін періште сипат болуға тырысып, өз қарақан басыңның ыстығың (іштіығың) не жұмыс үшін жаратылғандығын түгел танып, көзге көрініп тұрған ғылымлы сорда қалмай, ғылым мағына жұмысымен айналасуды айтады. Солай болғаны үшін әуелгі (ауалғы) шешеден туған туысты қанағат қылып: «Сонымен кісі болдық» – дегендер жаны жоқ өлік есебінде болып ел болудан, жұрт болудан қалып барады да.

Ғылым-білім пахым, парасат күшімен өзін екінші тууға түсіргендер жаңадан бір рух жасап алғандай болып, тіріліп, көшіп, ілгері басып, таяғы жұрт үстінде болып барады.

Әуелгі туғанмен қанағат қылып қалғандар тірі жүрсе де, өлік есебінде, өлсе және өледі де қалады. Екінші туу қолынан келгендер дүниеде жүргенде де, тірі: өлсе де, оған өлім жоқ. Жалғанда жүрер жолын, қылар ісін әбден біліп алғаннан тұпа-тура Құдайына барады. «Ғылым-білімге – әбден жетілгенді далада қалады» – деп ойламаңдар. Ғылым-білім оған Құдайды бір таптырады.

Айта – Керимеде-Алла тәбәрік отғылы: «Ие ғалам лығып уалшаһадат», – деп тұр. Оның мағынасы: «Көрініп тұрған да ғалам бар екен». Көрініп тұрған ғаламды: «Ғалам лашаһадат, ғалам лызор, ғалам лыхак» – дейді. Көрінбей тұрған ғаламды: «Ғалам лығып, ғалам лимығына, ғалам ламир» – дейді. Олай болғанда, көрініп тұрғанды: төрт аяқты хайуан, ұшқан құс, жүгірген аң, – бәрі де біледі. «Көрінбей тұрған ғалам» мағынада – ғалам ламирде не бар, онан адамға келетұғын қандай пайдалар бар? Соны білуге тырысу керек.

Бұрынғы ата-бабаларымыз мұның бәрін білді. Бірақ артына нұсқа қалдыруға хат жазу білмеген себепті ауыздары айтып кетті. Исі қазақ деген жұрттың көрініп тұрғаннан басқамен жұмысы болмағаннан: «Қазақтың жаны – азапта, // Наданның жаны – тозақта!» – деп, зарлап кетті. «Көзі соқыр-соқыр емес, // Кеудесі соқыр-соқыр» – деп, қақсап кетті. Осы сөздерді бұрынғы ата-бабаларымыз айтып кеткен. Сонда біздің осы көрініп тұрғанменен ғана алданып: «Өзіміздің шешеден туумен кісі болдық қой!» – деп, шолақ ойда қалғандығымызды білгендіктен, бұл сөздерді айтқан. Құдая шүкір, біздің исі қазақ деген жұртта аса зор, тіпті мол бір байлық бар. Мүлтігі жоқ, міні жоқ, қатесіз бір өздеріне мәләкә болып байланған, ешкімге ортақсыз еншісіне тигендей бір нәрсе бар. Сонда бұл қазақ өзге жұрттан артық бай болғанда, неменеге бай десеңіз – «Наданлық байлығы». Надандықтың байлығына келгенде, қазаққа жетемін, теңелемін деп ешкім талас қылмайтұғындығына қол ап кел!

Онан соң жұрт болғанда, өзінің қатесіз, дұрыс нәрсесі – надандығы. «Қазақтың надандығында мүлтік бар, мін бар, қате бар» дегеннің өзі де оңбас. Мұнан көтерме алып, пайда қыламын дегенің басқа жаққа қаңғыма, тек қазақтың ішіне келсең, шохи етегіңнен ілініп, тұра қаласын.

Адамның тысқы денесінен біраз сөйлеп, «дей бергіштігімізді» білдірдік. [Адамның] ішкі тарапынан біраз сөйлеп, «Уалжаһыл мырзұқ» – деген сөзге қаптал екенімізді танытайық деп жатырмыз. Біз мырзұқ болғанда, неменеге мырзұқ болдық? Малауйғы бос сөзге мырзұқ болдық. Біз аузымызға ие болып, «екі елі ауызға төрт елі қақпақ» қойсақ, аузымыз садап болар еді де, ішімізде ғылым-білім дүр тасы болар еді.

Аузымызға ие болмақтық. Аузымыз «ауызы ашық» дегендерінің қабығы болды да, бақалшылардың қоржынында сатайын десе, өтпей, тастайын десе, көзі қимай, буыншақ-түйіншек диуаналардың қалтасындағы: құрт, бауырсақ, кәкір-шүкір сықылды дорба қампитқаннан басқа дәнемеге жарамай қалғандығымызды жұрт білсін деп, бейпіл байлықты аямай шашып жатырмыз. Адам алмаған соң, акшаға өтпеген соң, далаға шашпағанда, мұны не қыламыз? Ақыретке алып баратұғын көрік пен атаукереміз емес, мына бір шаһары... Һыдһыд Сүлейменнің көріп келуімен хазірет Сүлеймен ғамға [ғалайссаламға] баян қылған Сыба (саба) шаһарынан кейін болса, Құдайға салыңдар.

Адамның денесінде ішкен-жеген қоректің ғайытылтығынан, барып тұрған тазасынан жиылып бір араға топланып [топталып] [54] жүректе бір рух жасалады. Мұның атын: «Рух хайуаны» – дейді. Сондай болатұғынлығы үшін қазақ жұрты айтады бір тамақ ішерде: «Жүрек жалғайық, жан шақырайық» – дейді. Бұл сөзлерінің мәнісі – тамақ күшінен жиылып болатұғын нәрсе екен. Құдайдан келген жан басқа, бұл басқа. Құдайдан келген жан «Құллы рұхпен мірір биома отитыммен ал-ғылым ала қалла» – жанған шам сықылды үйді жарық қылғаннан басқа үй жылытуға, тамақ пісіруге күші болмайды.

Өзіміздің қойдың қиынан болған отын үйді жылытады, тамақ пісіруге де жарайды, өз әлінше оның да жарықлығы бар. «Рух хайуаны» осы есепті.

Қош онан соң қаннан туған есепті болып бауырда бір рух жасалады [55]. Оның атын: «Рух шаһуаны» – дейді. Он екі ағзаға азық-қорек жіберіп, денені түзетін, ұстап күшейте беруге жаһыт қылып тұрады.

Бұл екеуінің бірі нысан мішәбесінде адамға адамшылық жөнін ойлатады. Бірі жын мішәбесінде адамшылықтан шығарып, жын-шайтан қылатұғын жұмыстатуға тырысады.

Құдайдан келген рух періште мішәбесінде, ғылым ұмғарып, мұның жарығымен көріліп танылады.

Хош, бұл рух хайуаны илан рух шаһуаны – ерлі-байлы есепті болып, екеуінің аз дауа жыннан мытыз (үмітсіз) жыннан нәпсі мәрре туады. Үйіне бұл нәпсі мәрре еркек болып тумайды, әйел болып туады.

Бір Құдайдан басқаның бәрі де жұп жаралған. Құдай тағаланың жаратқан нәрсесінде ерлі-байлы болып жаралмаған еш нәрсе жоқ. Ағузы билламин ал шайтан ал-ражим...

Нәпсі мәррениң атасы – Нысан, анасы Жын болды. Нәпсі мәррениң жыннан болған нағашылары бұған неше түрлі тағатны зейнетлеп көрсетіп тахынт есебінде [56] жасап, патша көтерді.

Адам ата, Хауа ана бір-біріне мытсызах қылды. Екеуінің хытлатыннан һой туды. Табиғат бесігінде тербетіліп, хылат Рыбғаның құтымен [куатымен] тәрбие тауып өсті. «Лыжыныс емал ла лыжыс» – ұры-қарының серігі» – дегендей. Бұл һой мен Нәпсі (нығыс) Амарре екеуі бірігіп, дене шаһарына орнап алған соң, адамның денесінде Құдай жаратқан үш куат бар еді. Бірі – ғақыл куаты, бірі – ашу куаты, бірі – шаһуат куаты. Ғақыл куатынан омыраулықты алды, ашу куатынан батырлықты алды, шаһуат куатынан өтегендікті алды. Бұл үш мінезді өздеріне ертіп, бесеу болып алған соң, Құдай пана берсін, камысқа өрт койғандай, дүрілдеп ала жөнелді. Бұл үш мінезді өздеріне ертіп, бесеу болып алған соң, денедегі іске жарардың бәрін жан-жаққа айдады.

Әуелбасынәпсіөзішаһуаткажүзденді(иүзленді),көңілдіғаплықкажүздендірді(иүзлендірді),дененіхарамшапһаткажүздендірді,тілдімалауғыныбоссөзгежүздендірді.Көздідүниемытахларына,жалғанныңжарастығынажүзлендірді.Құлақтығайбаткажүздендірді,колдыжаннатка,қиянаткажүздендірді.Аяқтыбасшысыз,косшысызтозақкасалғанбойыменапаратұғынжолғажүзлендірді.Ғақылды–ұшыжоқұзын,түбіжоқтеренойғасалыпжіберді.Рухтығұбұпұғрұртәкаппарліккежүзлендірді.Сырдысытырласырарболмайкәшіпласырарболуғажүзлендірді.Бастан-аяққашақүллідененітүгелбилепалғансоң,біреудізерпірсітқылды,біреуді–бұтпірсітқылды.Тіптідәнеме табылмаса, төсегінің үстіне ақ топырақты алып келіп үйін қойып, соған табынатын қылды. Бала күнімізде ертегі қылып айтушы еді: «Бір қыз патша бар екен. Соған мұсылманиан шыққан бір жігіт ғашық болып келген екен. Сонда ол жігітке қыз патша айтқан екен: – Мына жақта маған ғашық жеті дию бар. Жетеуі жеті кентте ие болып тұрған. Сол жеті диюдің басын алып келсең, сонда мен саған тиемін. Ол жетеуі жеті кентте тірі тұрған күнінде мен ешкімге тие алмаймын. Жаным тәтті, қорқамын жанымнан! – деген екен.

Ойлап қарасақ, сол жеті кент адамның өз денесінде екен. Мұны «Кәпірдің жеті кенті» – деп айтылады екен.

Адамның денесінде болған жеті кент: көз, құлақ, ауыз, қарын, ұят жері, қол, аяқ.

Бұл жеті кентте жатқан жеті дию: ашу, батыр, шіһөт, тәкаппарлық, күншілдік, хырыс дүние, өтегендік, кекшілдік.

Енді бұл жеті кенттен не іздесең, табылады. Жалған-жарастығының бәрі осыларда. Бұл жеті кентке қараған жұрттың ара-арасынан ағатұғын дариялар бар. Дүниеге шұғылданудың өзі бір дарияға түсіп кеткенмен бірдей. Дария қылзымнан кейін болса, Құдайға сал. Уайым-қайғының өзі – бір Дария. Дария ғыманнан кейін болса, Құдайға сал. Хырыс дүние болудың өзі – бір дария. Ғапілдік – өз алдына дария. Бұл екеуінің өзі – Ақ теңіз, Қара теңізден кейін болса, Құдайға сал! Таусылмайтын ұзын ойдың дариялығы дүние айналған мұхиттан кейін болса, Құдайға сал!

Мен өзім көп шаһарды араладым. Мұндай өз дүниесі өзінде түгел шаһар көре алмадым. Дүниеде кісінің қанша есін алатұғын, ішсе, есінен тандыратұғын – біреу қымыздан жасады, біреу тарыдан жасады, біреу мейізден жасады. Арақлар бар ғой – қай түрлі мас қылатұғынды ішсе де, ішкен кісі есін бір жиып, өзіне келеді ғой. Бұл шаһарда бір түрлі күшті арақ бар. Ішкен кісі өмірінде есін жия алмай, өзіне ие бола алмай қалады. Ол ненің арағы десең, наданлығының арағы. Надандықпенен мас болғанға өмір бойынша есін жиып, өзіне келу жоқ. Ол арақты ішіп алған соң, өмір бойы есі өзіне келуден қалған соң, бұлардың ұстаған діні не? Бұлардың ұстаған діні – ананит. Бейшара марқұм Ақмолла айтты ғой: «Әркімді ананит адастырады, // Қисайды сол себепті аяқ басу» – деп.

Өздерінің ұлықтап, тәрбиелерлік, күтіп алған жеті құдайы бар: хып гүл, хып инох, хып жымах, хып нәпсі, хып мал, хып олт, хып жат.

[Мәшһүр Жүсіп өлеңі]

Жаратылыс сыры

Бұл шаһарда бар екен Рам бағы,
Әркімлердің көңілінде қалған дағы.
Исі жарған мұрынды қызыл гүлдер,
Саһи сәру өзінде шамшат тағы.

Болады күн десең де, ай десең де,
«Кірпігі-оқ, қасы – тартқан жай!» – десең де.
Шашы – сүмбіл, исі бар мiшiк жұпар,
Болады қымыз десең, шай десең де.

Көруден, үзіп күдер, кім түңілді,
Жағалап қанша жүрсе, бұл Еділді?!
Бықсыған түтіні жоқ, жалыны жоқ,
Оты бар өртейтұғын жан көңілді.

Тіл қатып бір-екі ауыз шыкса тілі,
Жау болып жан-жағынан бұрынғы елі.
Ғақылды сабырменен ұшыратұғын –
Және бар ол шаһардың күшті желі.

Жаралған қаншама асыл адамзаттан,
Безділер есінді алып, жуық жаттан.
Көзі-тілдің түбінен шыкса бұлақ,
Көп артық тәттілігі бал мен қанттан.

Бара-бара безділер төрт пен бестен,
Төрт, бес түгіл кешеді күндіз-кештен.
Бұл шаһарға кірген жан шыға алмайды,
Айрылуы, сүттен – ақ, ақыл-естен.

Аядай жерден ағып бір төрт бұлақ,
Су ішінде саулайды жанып шырақ.
Көрген соң судан жанып тұрған отты,
Қалады құр шықпаған жаның бірақ.

Біреуі – Телеграмма (Тіләңкірәм) сол бұлақтың,
Тұрады қасында қос шырақтың.
Шаһардың патшасына жеткізеді
Хабарын жуық пенен ол жырақтың.

Бутартпа ол бұлақтың болған сыры,
Бәрінің де көз тартып ажар түрі.
Халқының бір шаһардың бәріне-жан:
Күшімен осы будың болып тірі.

Енді бірі бұлақтың ән салады,
Ғақыл-ойың жете алмай, ес танады.
Ішпей суын, ерніңе тиюменен
Өліп жатқан жансызға жан салады.

Шаһардың қоныс мекен қылған қасын,
Сүрумен қызық дәурен, жасап жасын.
Бұл шаһарға түсумен назар көзі,
Талай соқыр көтеріп алған басын.
Жаратқан қызықты ғып Құдайға-бас,
Балқиды өне бойың, болғанда тас.
Балқымаса, немене деп ойлайсың,
Соқырлардың көзінен саулаған жас.

«Шын жыласа, соқыр көзден де жас шығады» – деген – осы. «Ұстасаң, уысың толмайтын, ауырлығы – қадақтың төрттен біріне толмайтын әне бір қыз емшек, екі төбе бар ғой! Соның басына шығып, қарауыл қарар ма еді?» – деумен құр аузыңнан сілекейің аққаннан басқа түсер дәнеме жоқ болып кететұғын күндер бар еді ғой! Күллі шаһардың бәрі де бір бас, осы екі төбенің сүйкімдігі де бір бас.

Құдай тәбәрік отғылы бізді қызықтырып сөйлеген: «Шаһар деген – сегіз есікті үйін мақтағанда, онда хор лағынның барлығын: «Пажағала-һуын егер» – деп, түсіп қылып мақтаған. Құйрығы басында болған жануарлар араласпаған сөзде маза болмайды.

Бұл шаһардың қызықтылығына қызығып, кірген жан дүниесі түгіл, басына ие болмайды. Адам атадан бұл заманғаша жан біткен құмар болып келе жатқан бір сұлу қыз бар. Неше мың байдан қалса да, «Қызбын!» – деп, қарайды да, тұрады. Қалың малы-жан, иман. Алла сақтасын, бұл қыздың уысына түскен адам адамдықтан шығып, дәнемеге жарамайтұғын болып қалады. Мыңнан біреу-ақ басын алып шығуға жарайды.

Хош, енді бұлай болғанда, не болды? Шайтан Ғалия лағынға (алғынаға) шайтандық қалмады. Мұны көрген соң, ол өзі шайтан болып қалғандығына пұшайман болды. Неге десең, оның отығасы адамзатты азғырмақ еді. Мұндай болған жанды азғыру түгіл, өзі шәкірт болып, мұнан сабақ алуға лайықты болып қалған соң: «Баяғыда жысдына сәжде қылмаған адам баласынан қалай сабақ аламын?» – деп, арланды. Өзінің дәлелімен болмай, өз бетімен мұндай болып кеткенін көрген соң, шайтандығы далада қалғандығына зарланды. Біліп дүр заһыр дұшпанларын дост емес, қажетке кір-меклік иле пост, – дейді.

Нәпсі, рух туралы

«Алла адамды иманлыққа бұйырушы» – деп еді. Ол нәпсіні бұлар таққа отырғызып, хан көтерді... «һой оһус арзосына табиғ болма, ол сені Құдай жолынан адастырады» – деп еді. Бұл жеті кентке бағынған жұрт ол һой оһуске әбден ерін алды... Құдайдан басқа құдайға серік тапты-лар. Құдай орнына өзінің көңілі сүйген нәрселерін Құдай тұтынды-лар. «Әркім – сүйгенінің құлы» – деген сөз – Үшбу айтынын [айтқанның] мағынасы: «Әнбие, әулие Құдайды қандай жақсы көрсе, олар да өздерінің көңілі қуатлаған нәрселерін сондай жақсы көреді» – делінген [57].

«Ағуз биламин ал-шайтан ражим фырайтымен тынхыз Алла һуат айа»: Көрмейсің бе, ай, Мұхаммед, аншылайын адасушылар (адасқушылар) өздерінің арыз қылған нәрселерін Құдай тұтындылар. Ол бейшаралар да ойлайтұғын шығар: «Біз де Құдайдың құлымыз» – деп. Жоқ, жоқ, олар Құдайдың құлы емес, өздерінің көңілі сүйгенлерінің құлы.

Солай болған үшін ан хазіретіміз сали Алла тағала ғалайссалам бойла бұрды: «...» Құдай кашан да жақсы нәрселерге табынғушыларының бәрінен һойсына табынушылар – «атбығазе үжік сорын рақ».

«Ағуз биламин ал-шайтан ал-ражим! Уажыраб лыһыр мышла сыһап лығритаз жаһа лымырсын»: баян қыланларға қария иелеріне жіберілген мүрсәлдерінің қисса уажбарины ол қария һұлларына Құран өктеп сөзі келді. Оны айтып түсіндірерлік ғалым ғұламалар келді.

«Ағуз биламин ал-шайтан ал ражим – азарсылына лиһым шын-пігіз бұһма фығиззына бышалыш фықалуана лікам мірсілүн» – ол қария һылларына [құлдарына] жіберген елшілеріміздің бірі – Құран кітап, бірі – ғақыл, ес еді. Бұл екеуін жалғанға тұттылар. Оның үстіне таупық (тупық) һыдайт жіберіп едік.

Бұл ғылым, ғақыл, таупық, һыдайт бин сыйлы болып, құрмет тапты. Онан бұрын ғылым мен ғақылдың діңкесін өтірік ойдың өзі-ақ құртып еді. Бұл таупық, һыдайттан бұрын келген елшілердің бәрін зынданға салып, ас бермей, су бермей сақтап, құр шықпаған жандары ғана бар, өлмесе де, өлгеннің бергі қасы болып қалған екен-лер.

Бұл шаһарды бұрынғы иеленген батырлар нәпсінің басына ғаплаттың жүгенін ұрып (орап), быдғымыттың білерін (белбеуін)

берік тағып, наданлық егерін беліне баса ерттеп, жалқаулық айылымен екі жерден берік тартып, қос (нос) қамшысымен дүрсілдетіп ұрып: «Құлды бәрекелді өлтіреді» – дегендей: «Сенен онды ешкім жоқ!» – деумен түбіне жеткен екен... Сонда бұл қария құлдары (һыллары) Алла тәбәрік отғылы тарапынан келген елшілер илан дауласып, талас-тартыс кылып:

– Бұрын осы шаһарда хукім жүргізін тұрған өзімізден артық дәнемен жоқ. Өзіміз қандай болсақ, сендер де сондайсың! – [дейді].

– Құдай тарапынан келдік! – деп [айтушыға]:

– Өтірік айтасыңдар, жалғаншы, алдаушысыңдар! – деп, болмады...

Ол Құдай тарапынан келген мүрсәлдер айттылар:

– Алла тәбәрік отғылы біздің Раббымыз біледі: біз анық Құдайдан келген елші екенімізді. Бізді не дейсің? Бізлер сізлерге анық әшкере өрісін (өрішін), Құдай сөзін естіргішлерміз! – дейді...

Онда бұл қария иелері айттылар:

– Біз сіздерді жаман ырым көріп тұрмыз. Мал болса, шығындай береді. Намаз оқымай, ораза тұтпай, Құдайдың құдай екенімен жұмысы жоқтар бай болып-ақ жүр ғой. Егер бұл қылықтарыңды қоймасаңдар, сіздерді кесекпен атамыз, қиын-қыстау, қатты ғазапқа саламыз. Жүрсен, өзіміз не қылсақ, соны қылып жүр. Болмаса, айтпады деме, көресіңді көресің! – дейді...

Онда ол мүрсәлдер айттылар:

– Ол айтқаның – өзіңе, екі қара көзіңе жаман ырым. Бізде емес, сіздерде – өзінді жоқтан бар қылған Құдайдың айтқанына көніп, айдауына жүрмегендеріңнен, жаман пейілдеріңнен тауып тұрсыңдар. Құлшы[лы]қ үшін жаратқан тіршіліктеріңді жоқ орынға жұмсап, ысырап қылып жүргендеріңнен – не қылған істерің ілгері баспайтұғындығы – сол! – дейді.

Қайыр, бұлардың талас-тартысы таусылмайды. Құдайдан келген: ғылым, білім, тауық, һыдайт – нәпсінің көзінің ағы мен қарашығындай көңілді тірілтіп берді. Ғақылдың жалғыз баласындай, өзіне қанат-құйрық болып тұрған қуат – мітіпкірені тірілтіп берді. Сонан соң бұл қуат-мітіпкіре һидһид Сүлеймен есепті болып, Сыба уалаятын жансыз жүріп аралап көріп қайтқандай дене шаһарындағы жеті кентті аралап қайтып, Латипа раббана болған нәпсі иатқа (жатқа)

аталған хақиқат есебіне, – деп, ат қойып, айдар тағылған. «Лабызкер Алла тытмын лықылып келме тибе еле» – мұсып болған қалып-ны қозғап, оның қозғалуымен рух қозғалып, рухтың қозғалуымен сыр (шер) қозғалып, онан – қайғы, онан қапа, ләтін хамса, – біріне-бірі ұласып, ғалам ламирден болған рухтың желі. Ғалам – лашаһаттан болған желіне нашиз ұнабұд қылып, ғалам ламирден болған Сырдың суы. Ғалам – лашаһадаттан болған суды нашиз ұнабұд қылып, ғалам – ламирден болған Хақының оты ғалам – лашаһадаттан болған отты нашиз ұнабұд қылып, ғалам – ламирден болған Хақының топырағы ғалам лашаһадаттан болған топырақты нашиз ұнабұд қылып, ғынайт жаңбыры жауып, Нұхтың топанындай қаптап, баяғы айтылған неше дарияларының бәрі оның қасында шұқанақ болуға жарамай қалып, һыдайт нұры саулап, жалған оттың бәрі өшіп, қаран суалып қалып, маңайында дәнеме қалмай бара жатқанын көрген соң, баяғы нәпсі әмірліктен (эммерельыктан) айрылып, тақ Сүлейменнің койнына келіп қорғалаған Былқыстай – Қалыптың келін койнына кіріп кетіп, фығал алмай ериді. Нәпсінің бұрын табиғат тахыты болып тұрған тахытын [тағын] – Хылак зімиме шегелерін суырып тастап, хылак хімиде шегелерін тапқан соң, шарифат тахыты болып, кәнне һурә болды да тұрды.

Өзіне келіп қорғалаған соң, өзі иесі болған соң, нәпсінің басына хыластың (ықыластың) жүгенін салып, шарифат жалауын міхкем [бекем] қылып тағып, ғибадат егерін (иегерін) беліне, басына ерттеп, һәмматтың [үміттің] айылымен бір тартып, ғираттың керттарымен коса тартып, шок кежімімен кежімдеп, зокты жем орнына жегізіп, хұл қорқыныш камшысымен борбайға періп қалып, «Шу!» – деп, жөнеліп еді.

Алла шінет (пінет) берсін: көрген көрді, көрмеген көрмей қалды. Қызылбас мылтығының оғындай атылды.

Ал, енді жеті кентте жататұғын жеті дию қайда? Ғынайт жаңбырынын селі қаптағанда, һыдайт нұрының оты саулағанда, кірерге көр таба алмай, қорғаларға жер таба алмай: «Баяғы өзім шыққан анамның бұтының арасы қайда екен?» – деп, таба алмаса да, алақтап жүр де...

Егер сұлтан ұзындығы екі қарыс, жуандығы бір тұтам екі бағананың үстіне салған шаһарға сытыла кылса, қырып-жойып,

қиратып жеңіп алумен кірсе, оның даяр (дияр) дарасында наниттен бір жұрт қалмайды. Уағиярдан бір дияр қамыт (үміт) қыла алмайды.

Бұрынғы ол шаһарда сыйлы, құрметлі болып тұрғанның бәрі аяқ астында қалады. Көзі ашылмай, өнері шашылмай жүргеннің бәрі – көзі шырадай жанып, көрмейтіні, білмейтіні болмайды. Ғазиз кішіртің қалил болады да, ғазиз бішіртің мыху болады. Ғазиз үждік пына болады. Әр усип мизмумың бір құлық мыхмуда мыптыдил өлін, әр сұлтанның хүкімі һайт болады.

Көңіл сұлтаны дене шаһарын билеп алған соң, жеті кентте: шыжағат, ғапат, хикмет, хылым, рыза (риза), қанағат, сабыр, – осылар хүкім жүргізеді. Бұл жетеуі көңіл патшасының жеті доверныйы – жеті көкте: шәміс (шымси), кымыр, зухре, ғытард, мырхым, мыштыры, зәһилиі жұмыс қылса, бұл жетеуі һәм адамның денесінде солардың қылғанын қылады деп біл.

Ағуз биламин ал-шайтан ал-ражим айталһым – олар зиаметте хиына һәбиздің құдайлық құдіретімізден бір далил қар астында қалған. Қара жердей болып қалған көңілді ғинайт жаңбырыменен тірілтіп, жазғытұрғы жердей жасартып, көгертіп: «Уахыржына мынһар хаб-ба». Ол көңілден тағат егінлерін өстірдің. Ол тағат егінлері жан азығы болып ынта, кие шаһарының патшасының өлген қызы тірілгендей, өліп қалған себепті болып тұрған жан тірілді. Хамына иакілін. Ол енді денеде көрінбей тұрған хиссаттат шарипаларыңыз асап ішіп, қорекленіп қуат қырсиа пайда қылып, білмейтін қылмайтын дәнеме қалмайды. Ұжғана пиһа жаннатпен нақыл уағнап қылдық. Біз ол көңіл сұбтанларын да иат (жат) хұдазгер пікірлерін хырма емші ма-шабесінде адамды тойдыруға, семіртуге келгенде, мұнан ілгері емші болмайды.

Шоқ рухты озім емші шабасында ләззатлығы болуда. Мұнан ләззатлығы емші болмайды. «Офжырна пиһамен лығуын»: «Біз ол көңіл бостанларында хикмет бола қаларын ағыздық. Мекашға ұмша һидидан баһралансын үшін ол мекашға машаһидидан баһраланушылар әр не қылған қайратларынан нәтиже табады. Лиакаумин шімірет ұғымыта идыһ пылашкрон. Заһарда хырма уаузұм емшілерін. Батинде зіһір-пікір шоқ зок емшілерін жасын үшін жиып, онан баһра алу үшін шығарып беріп тұрмыз.

Кәне, осыларды өздерің кәсіп (кесіп) қылдың да, біз құдіретімізбен халық қылдық. Енді мұның шүкірін (шікірін) ада қылсаңызлар, өзлеріңізге берілген нығметлер (тығметлер) үсті-үстіне артып, аса береді де. Егер шүкірлік қылмай, кіпран нығмет болсаңызлар, өз-өзінен кеміп, аяғынан жидіп, жоқ бола береді... Дүниеде бидай еккен бидай алады. Арпа еккен арпа алады, хұрма еккен хұрма алады. Жүзім еккен жүзім алады. Дәнеме екпеген енесінің... алады.

Ай, жігітлер, біреу білім, ғылымды кәсіп қылады. Ол кәсіп қылған соң, Алла тағала халық қылады. Біреу наданлықты кәсіп қылады. Ол оны кәсіп қылған соң, Алла тағала оған да өзінің кәсіп қылған нәрсесін халық қылады – сондай болатұғыны үшін. Омағызырлында ғақыл-жаһыл. «Ныжалақ ласағыл уалағалы» – дейді.

Таңның атқанын, күннің батқанын, бес уақыт намазды, отыз күн ораза, – бәрін біліп, намазлардың уақыты мен оразаның уақыты мөлшерін тануға білімі жеткенді – «Ғақыл иесі» – деп, соны айтады. Мәжнүн болмаса, сәби болмаса, «Ғақыл балығы» – дейді. Өз ғақыл балығы бола тұрып, ғылым-білімді кәсіп қылмай, наданлықты кәсіп қылушыларға не айтасың, айтар сөз жоқ.

«Омаға мылта ұйдаһимнің бір мағынасымен мен не берсем, өзлеріңнің он саусағың мен қылған ғақылларыңның жалақысы деген. Не нәрсені болса да, өзің кәсіп қылмасаң, қарап тұрғанға дәнеме жоқ. «Бекерден Тәңірі безер!» – деп, бұрынғылар сол үшін айтқан. Тәңірі безгеннен әркім безер. Тамам.

Бізлердің ортасында отырғаннан атуадан басқаны шығады деп ойламайсызлар: Нәпсі, ниет пе үлкейе кетіп руханият ғалбит болған көңіл жат шаһарын түгел билеп алған соң. Һамма ғазар ғайт дүр, көңіл шат. «Кеше ғаділден аман болар ед [і]» – деген сөз жаңа орнын тауып. Нысанның қалыбы – жамиғ: бірінде мытсырып өліп, һамма ағзалары бар лыжымла қалыбына мығұб ұмтағы өліп. Енді бұл көңіл өзі сұлтан болған соң, өзінен жоғары сұлтан барлығын жазып, сұлтанның қадірін сұлтан біледі. Қазақтың: «Бұл шіркін өзін танымайды, кімді таниды дейсің!» «Өзін таныған тәңірісін таниды» – деген сөзлері осы айтылғанларға дәлме-дәл келеді.

Ал енді мұны білсең, өзің және осы білгенлігіңді өз орнымен жүргізуге саки (сағи) ұғар тіл болсаң, Адамның қойдың сыңар құлағындай жүрегің ішінен періште де табылды, адам да табылды,

жын да табылды. Мыхиз рух латипа (латиға) Раббана хақиқат есебіне нәпсі иатқа (татқа). Рух есен, қылып (қалып) есен. Зін хакила періштені қылса, бұл һәм соның бәрін қылуға әбден күші жетеді.

Ғылым ұмғырпат қызметі мұныменен табылады. Хиссайат шариға (шарифа) қуат қыдыссия үшбу тақырып қылынған көңілдің жұмыстауымен болады.

Ішкен-жеген қоректің ғайытлытып барып тұрған тазасынан байланып, жүректің қақ ортасында тахыты болған.

Рух хайуан нысан шабасында адамгершілік ойлататұғын дене, тіршіліктің керек жарағын ойлататұғын көңіл осы.

Адамның денесіндегі каннантуып жасалған бауырда байланатұғын рух шаһуаны – бұл жын есебінде. Адамды бұза бастайтұғын – осы. Сол үшін қазақ халқы айтады адамгершілігі жоқ біреуді: «Қара бауыр шіркін кімнің қадірін біледі?» – деп.

Ал енді бұл жоғарыда айтылғандарға садақ болған адамның денесінде ғарыш та бар, кіріс де бар, лұх махғот да бар. Он сегіз мың болмай, ғалам отыз алты мың болсын, ғаламда болған нәрселердің баршасы да адамда бар. Даладан іздейтұғын дәнеме жоқ, не іздесе (іздесе), бәрі адамның өз бойында. Мысалы, сен бір қағазда өзріне [өзінен] бұрын ешкім жазбаған бір сөзді жазғың келді. Онда соны жазуға ең әуелі рухың соғып, қалыбың мил қылды. Өзің қылып нәсіп болған қалыбыңды қозғады да, ол қалыбың... болған қалыбыңды қозғап, бұл рух соны әрекетке келтіріп, миға телеграмм соғып, телефон түсірді. «Мида қуат миқата» – деген тапкір, тізкірінің күшімен күш алып тұрған қуат қасиет шариға (шарипа) бар еді. Баяғы көңілге алынған нәрсе сол мыхафазада тас болып жазылып қалды.

Егер әуел миға жазылмай, өз бетімен жазылатұғын болса, бір наданның қолына қалам, қағаз беріп жазуыңдағыны не деп мың жыл таяқта, енесінің... де жазар ма екен?!

Хош, сонан соң мидан бір ақ тамыр – сол миға жазылған сөзді қолдың басындағы бармақтарға, саусақтарға телеграмм соғып, телефон түсіргендей түсіреді. Қол барып жыбырлап, қыбырлап, қаламды алып, сияға малып, баяғы басы көңілден шыққан сөзді ақ қағаздың жүзіне түсіреді.

Адамда: қызыл тамыр, кара тамыр, ақ тамыр, – үш түрлі тамыр бар [58]. Қызыл тамыр – таза қызыл қанның жолы. Қара тамыр –

бұзылған кара канның жолы. Ақ тамыр – адамның денесінің телеграмм-телефонының шыбығы. Қазақ жұртында айтпаушы ма еді – бір ұрғашыға жарамай жүрген біреуді: «Ақ тамыр, шіркін, бұл неменеге жарайды?!» – деп.

Құдай тәбәрік отғылының құдайлық радасы бір нәрсені: «Жоктан бар қылайын!» – десе, сол радасының сыры (шыры) – әуелі ғарышта заһрөр (таһрөр) қылады. Онан соң – ғақыл. Әуелі ғақыл кілу-астасы илан кірісте заһрөр қылады. Сонан кірістен лух әлхыфотқа жазылады. Хош, ол лух әлхыфоттан ғызыр філкінаттің жарам ширри-е болуыменен ғақыл ғашыр ұғкыл фағғал рух лыхос тібуклектен ғынасырларға түсірін, әрекет палакпен ұшғах куакіппен [көкпен] табиғатларының анасы болған харарт рытүбіт бірүдіт ибостлардан өтіп, мұрат (мырад) болған нәрсе барлық ғалиын «Мұлидынлаша» – дейді. Жамадат, набадат, хайуанат, канат, жұсмәдін – тоғыз палактін әрқайсысы бір қызметін ада кылуменен неше зымнан (симпан) өткерілгендей, өтін келіп, жалған дүниенің жүзіне жалтырап, барлыкка шығады.

Қағаз (қағыз) махыл кітабит өліп, шыкал хырұпи махафаза кылғандай маһат тыбайх болған: жирарт, зитүбіт, бірүдіт, ибусіт, шакал, ғибиаларды заһөр қылуға қабілеті болғанлықтан жоқ нәрсені барлық ғаламында махафазаға жарайды. Хақ тағала быдағырша мініп болған мағыналары тарих мізкөр иле ғалам (ғалым) сағали ғалам Күн фасадқа ендіріп, неше нәрседен міркіп қылу илан жысым айлап, кайнат жуайла, яғни кайнат жуайла, яғни аспандарының әшіриаты ила мәулет тілесе кылып, төрт ана, жеті атадан – үш бала туғызып қойды. Міне, Құдіреттің шеберлігі!

Айналайын, Құдайым-ай, өзін кылған ісіңе мен не лаж қылайын-ай?! Хош, бұл көрсеткен мысалымыз да рух нысанының мұраты да иесінің көңілде хасылы. Хақ тағаланың арада ғалиясының сырының ғарышта заһрөрі мақамында дүр...

...Сондай болғанлығы үшін Қалам мешітінде: «Лыкыз халқына лайтсан фиахасен тактым» – дейді. Егер Хақ тағала сені Бопден мемлекетінде патша етпес еді. Уамур салтанаты сыңа тигойз етпес еді: Осыңа намына ғалым ұлық үшін бұл нысынхай нәжіс етпес еді. Сен ол сұлтаны неше ғараб ұлыр едің...

Өзің ойлашы: «Ауырлығың қанша?» Базардағы кірге түс: киіміңмен бес пұт барсың. Ал енді осы ауырлығы бес пұт болған нәрсені не көтеріп тұр: «Ненің күші жүргізіп, тұрғызып, жалғанда ойыңа алғанның бәрін не қылғызып тұр?» – деп білесің. Өзіңді көтерін жүрген де, бәрін қылғызып тұрған да – жалғыз-ақ дем. Сол бір дем тоқтаса, тырқиып өлесің де қаласың. Оның үлкендігін, зорлығын мөлшерлеймін десең, көзге көрінетұғынның ең кішкенесі – биттің сіркесі. Ол онан да кішкенелігінен көзге көрінбеді. Ауырлығын мөлшерлеймін десең, бит пен бүрге мұрныңа кіріп бара жатса, денен сезіп біледі. Бұл демнің мұрыннан кіргенін, шыққанын денен сезіп біле алмайды. Көптігін мөлшерлеймін десең, бір «уф!» – деуіңмен шығып кетеді де, өлесің де қаласың. Сен осынан неге ойламайсың Құдайдың шеберлігін, құдіретінің күштілігін?! Осыған ғақыл -ойы жеткені үшін, бұрынғы ата-бабаларымыз қақсап кетті ғой: «Дәм – ғанибет, дидар – ғанибет» – деп. Бүгінгі жүрген қазақ осы сөзді айтумен білсе де, шешуін білмейді. Егер шешуін білсе, мұндай болып жүрмес еді.

«Дем» – деп, дем алысты айтады. «Дидар ғанибет» – дегені: «Сол дем алыстың барлығымен бірімізді-біріміз аман-есен көрісіп отырмыз. Жалған дүниенің жүзінде осы екеуінен артық дәнеме жоқ», – дегені.

Дем – бұ дем дүр. Өзге демді дем деме. Дүниеден сен хәм өтерсің, кам жеме. Ендеше бір-ақ демде отырсың. Ендігі дем саған бар ма, жоқ па, белгісі жоқ. Сол бір демді босқа жібермей, жалған үшін жұмсасаң, жалғанда мәңгі баки тұратұғын кісідей жұмыста. Ақырет үшін жұмсасаң, ертең өлетұғын кісідей қыбырла. Жалған дүниенің жүзінен жинастырып, құрастырып алып жаратылған, көзге көрініп тұрған он екі мүшенің бар күші жалған жұмысында болсын. Көзге көрінбей тұрған: көңіл, жан. Бұл екеуінің күшімен болатұғын қасиет шырға – қуат қадасия жұмысы. Ақырет жабдығы Құдайдың құлшылығымен болсын! Жалған жұмыс карап тұрмай, он екі мүшенің қыбырлай беруімен бітеді. Ақырет жұмысы-Құдайға жақындық қылу – көңіл қызметімен табылады.

Мұны ойламай, риасит үшін ғалым тахсил қылып, ныжасит үшін хала хылғыт қылғанлар. Жалған дүниенің керегі жоқ, тек Құдай ақыретті берсе болады. Зыкуат бір, ғышыр бір, пітір бір лысыдқа тырдалбыла отыз адалғұмыр – деп, ықылас лығуам кез кіралхымар

тағрипка садық болған ғуамаларды (ғұламаларды) бет жуу, көт жуу, домалақ тасты жіпке тізіп алып, санаттыру жынымен жындандырып, ақымақ қылып адастырып жіберді. Кітап Құран келместен бұрын, жалған дүниенің жүзіне кітап Құранға ие болып, сөйлеуші пайғамбар келместен бұрын, Мекке, мішіркілерге өз ойларымен құдай жасап алып: «Лат манат» – деп ат қойып алғандары сықылды. Бір ишан деген, хазірет деген екі атты жоқ жерден шығарып алды да, жұрттын су түбіне кетуіне себеп болған сол екі ат болды.

«Қабыл мышной (мәснәуи) мығной ғуасы жырқын». Мәулана Жалалдин, молда Руми хазіреттері айтқан: «Ним (енем) молда хазірет иман, ним табиб хатре жан, ним фиғын шайтан» – деп.

Бұрынғы қазақ қариялары да айтып кеткен: «Дүмше молда дін бұзар, // Қисық арба жол бұзар» – деп. Қазақты бұзып, харап қылғанда, дүмше молдалар бұзып, харап қылды.

Алла тағала ғалам жаратты. Оның ішінде адам жаратты. Адамнан асыл жаратқан еш мақұлық жоқ, ғылым мен ғақыл адамның озығасы болды. Оның шындығына «Ағуз биламин ал ражим» – ұғлы адам «Ласма қаһа» – аятпенен беріктелді. Жетпіс екі тіл бар. Сол жетпіс екі тілдің ішінде ғараб тілінен асыл тіл жоқ. Оның асылдығы: «Ағуз биламин ал шайтан ал ражим ана низылынан Құран ғарабина лығылкім тоқылын» – аят бірін дәлел келді.

Онан соңғы тілде қазақ тілінен асыл, қазақ тілінен бай тіл жоқ. Сол ата-бабасының тілі болған қазақ тілін осы күнгі жүрген қазақтың жалғызы білмейді. Егер қазақ тілін білсе еді: дін де осында, ғылым, білім де осында, әулиешілік те осында. Солай болғаны үшін бұрынғы өткен ата-бабаларымыз бәрі жақсы болып, әулие болып өтті. Не үшін ақжүрек болып, ақкөңіл болғанлықтан бұған дәлел болуға Мығной, Мышнойдың бір сөзін тәбәрігіне сөйлейік.

«Жаһыл Раббы ғылты ғалым кінд ғылым рағылт зыдлыһа біркіз»:

Оқымаған «Әліфті» – таяқ деп білмеген наданды жүрегінің ғаллатсызлығы ғалым қылады. Қанша ғылым иесі болса да, жүректе ғаллат болса, ол ғылатт ғылымды жоқ қылып жібереді» – деген. «Жүректе болатұғын ғыллат не?» – десең: дүние махаббаты. Кімде кімнің көңілінде дүние махаббаты болса, онда ғылым-білім бар деп

ойлама. «Кімде кімнің көңілінде дүние махаббаты бол [ма] са, ғылым-білім сол көңілде», – деп ойла.

Жарқырап тұрған күннің көзі мендей бұлт шықса, жоқ есебінде болмақшы емес пе?! Ғылым күннің көзі болса, дүние махаббаты бұлт есепті. Оның бетін алған соң, енесінің... кетті де қой. Бұрынғылар көңілінде дүние махаббаты жоқтығы айдан анық, күннен раушан.

Адам баласында бір табиғат (табғит) бар: қадімгі заманнан өзге өзгерсе де, бұл табиғат өзгермейді. Бұл күнге шейін мәңгі баки. «Ол не?» – десең, тура сөйлеушінің жазасы – нақақ өлтірілу. Күнәкерлер кесімді түрлі жазасы бар.

Бір адам турашыл болса, хақ сөйлеуші болса, оның жанына сұқтанып қас қылушы даяр тұрады. Бұл табиғат әр милетте, әр жыныс адам баласында бүгінге шейін бар нәрсе. «Хақиқат дүр – осы, осы!» – деп, коштаушы болмайды. Соның көзін қалай жоғалтудың жабдығына кірмек. Сол табиғат (табғит) хазірет пайғамбарымыз Мұхаммед Мұстафа ғалиасалу уассаламның жанына ғариплардың сұқтанып өшіккені сондай: замананың фазылы болып жаралған пайғамбар да қашып, басын зорға құтқарды. Ыжырт себебі осы болды.

Тура сөз иелері өз ұлтында тұрып, күн [к] ешіре алмайды. «Батырлық – жолдасқа пайда, жанға қас, // Мырзалық қонаққа пайда, малға қас». Басқа пәле қайдан? «Басқа пәле – тілден». Менің дегенім дәнемеге тұрмайды, Құдай өзі сақтауында қылсын! Иа, Алла, өзін сақта!

Алла тағаланың шеберлігі

Бір жаман өзіне де, басқаға да залалды ағаш: денесі зор, бұтағы есепсіз көп, жапырақтары баныһайт. Әр жапырағы әр түрлі басқа-басқа: о көзге көрінбес, бек тамаша қызықты. Көрген кісі құр көрумен өзіне құмар. Исінің оңдылығы мұрын жарады, «Тәттілігі бал мен қанттан тәтті» – десең, өтірікші болмайсың. Бірақ қай-қайсысы болса да, ақыры у болып, жолап кеткеннің басын жоймай тынбайды. Және ол жаман ағаштың түбінен күрілдеп ағып жатқан өзен бар. Ағып жатқан өзен болғанына, бұтағы, жапырағы мол, өзі қызықты болғанына қызығып, бір ел келіп, сол ағаштың түбіне қонды. Ағашта у барлығын біліп, уы білінген бұтақтарын кесумен әуреленді. Бір

жағынан бір бұтақты бұл кесіп жатса, ар жағынан тағы өніп, өршіп шыға береді [59]. «Залалды болды» – деп, бір бұтағын бүгін кесіп тастаса, ертең және бір бұтақ шыға келеді. Ол онан да зор залалды болып шығады. Ешкімнің ойына келмейді: «Әуелі суды құртайық. Сонан соң ағаштың түп тамыры құрып қалған соң, шығып, өсуге, өнуге жарамайды ғой», – деп.

Бұл ел: «Сол ағаштың бұтағын кесіп, тауысамыз!» – деумен өздері таусылып бітті.

Енді бір ел келді. Бұл ел бұрынғы елдей болмады, білді. Су құрыса, түп тамырынан ағаш құрып, жоқ болатұғынын. Суды бір жаққа бұрып ағызып жіберді де, ағаштың айнала түбіндегі топырақты алып тастап, ағаштың түбін кемпірдің қаса сүйегіндей ақситты да тастады. Енді ағаш өзінен-өзі құрып, у жапырақ шықпақ түгіл, қу түбі [р] болып, дәнемеге жарамай қалды. Текке көп бұтақ кесіп бейнеттенуден бұл ел халас болды. Қиссадан-қисса, мақсусаттан махқұлаты сезіп білуге керек. Бұл жаман ағаш не дейсіз? Бұл жаман ағаш – адамның іші, сырты. Көрінісі қаншама қызықты болғанымен, бір кісінің ішінде бір кебеже қазурат бар. Жаман емей немене: оған шыққан көп бұтақ – хылақ зымима. Оған шыққан жапырақтар, бәрі де у болып жатқаны – хылақ зымимадан пайда болған: тәкаппарлық, күпірлік, мұнафиқлық, риа, күншілдік, сараңлық, хырыслық, өтегендік, өрлік, кекшілдік. Ғажап оғырырәлі ғиралынһаба – ұшы жоқ ұзын, түбі жоқ терең – жаман мінезлерінің неше атасының ұлы. Бұл ағашты: «Бұтағын кесіп, тауысамын!» – демек – «Ішіп-жеп, қарын тойғызып жүріп, халақ хымидан иесі боламын!» – демек. Ол ағаштың түбінен күрілдеп ағып жатқан өзен – адамның денесіндегі қан.

Ай, жігітлер, естерінде болсын, «шайтан ғалия лағына» – дейді, «ханнас» – дейді. Ол бір кесек нәрсе емес, бит пен бүрге сықылды бір жеріңнен денене кіріп кететұғын – өзіңнің денендегі арам қанның жүрекке барып құйылып, жүрегінді толқытып, өзіңді бұзатұғын шайтан да сол, ханнас та сол. Қан бұзылса, кісіні бұзады. Шайтан деген нәрсе – өзіңнің ойың. Ой иесі – шайтан жүрегіне неше түрлі ой салады, бәрін өзіңнің бұзылған қаныңның күші салады.

Олай болса, көп ішіп, көп жеумен екі арам көбсейеді. Бірі – қарын кебежесінде бір қап қызурат, бірі – күллі дененді аралайтұғын қан.

Бұл екеуі бойында толық болып тұрғанда, басқан-тұрған жұмысыңның бәрі өз басыңа у болғаннан басқа пайдасы жоқ.

Құнанбаев Ибрай [Абай] марқұм айтты ғой:

Өмір, дүние дегенің
Ағып жатқан су екен.
Жүрген, тұрған жұмысын
Ойлап тұрсам, у екен, – деп.

Және бір сөзі:

Адам-бір [боқ]... көтерген [боқтың] қабы,
Өлсең, сасық боласың [боқ] таң тағы.
«Менімен сен тең бе?» – деп, мақтанасың,
Білімсіздік белгісі – ол баяғы, – дейді.

Соңғы ел әулиелер адамды адам санына кіргізбей жүрген қарындағы бір қап қызурат екенін білді де, ішпек-жемекті аз қылды. Ол екеуі аз болған соң, ұйқы бөлінді, сергек болды. Сонан соң күлкі кем болды. Және де арам қан азайды. Арам қан азайған соң, жүректі барып ұйтқытып бұзатұғын дәнеме табылмайды. Сонан соң бұл адамнан хылақ зымима балқайе атымен жоқ болып, хылақ хымиде күш-қуат алып, періште сағит болды.

Аз жемек, аз ұйықтамақ, аз сөзлемек [сөйлемек], – кімде кім жымығ қылды – эне-елтіл Мекке. Бұл сөзге дәлме дәл болды да тұрды.

Наданлардың жүрегі – ет жүрек: Олардың ойлайтұғыны – жаман ой, нәпсілері патша есебінде, күллі денесін сол билейді.

Бір адам нәпсі соңына ермесе, дайым хылапына жүрсе, сонан соң мұның жүрегі ет жүрек болмайды, көңіл болады. Көңіл болған соң, дене мемлекетіне патша есепті болады. Мұның ойлайтұғыны – Құданың [Құдайдың] зікір-пікірі болады. Не нәрсе асыл болса, көзге көрінбек емес мақсат болған нәрседен махқұлат болған нәрсе асыл. Жан, иман, ғақыл, ғылым – осылардың асыл екендігіне кімнің шек, күмәны бар. Бір де бірі көзге көріне ме? Бұлардың бәрі мағқұлақтан саналады. Дене – көзге көрінетұғын нәрсе. Ол махқұлаттан [мақсаттан] саналады. Көзге көрініп тұрған махсұсаттан не болатұғынлығын сөйледік. Енді махқұлаттан баян қылайық.

Енді мүмин жан ділімен, шын тілімен – тіл мен жүрегін бір жерден шығарып, бір калима тиббе жан сүйсінерлік бір сөз сөйлесе, қуат ол сөз хамидшына болсын, қуат ол сөз хамидшына болсын, қуат ол сөз табиғатта болсын, қуат ол сөз басқаға пайдасы тиетұғын жақсы сөз болсын, – бұл айтушы (айтқушы) пенденің аузынан шыққан соң, бір ағаш болып өседі. Бұтақтары аспан көкті аралап кетеді. Түп тамырлары неше қабат жерді аралап кетеді. Мұның зорлығында – жапырақ ұштарының (ұшларының) көптігінде (көплігінде) өлшеу, есеп сан болмайды. Екі дүниеде де таусылмайтын – өзі – баспана, өзі – сәуле, өзі –... киім, өзі – тамақ, – бір ағаш болады да тұрады. Мұның қазыналығы – Құдайдың барлық жаратқан екі ғаламында бар болған қазыналардан асыл болып шығады. Алдыңғы сөйлегеніміз – жаман ағаш еді, о да адамның қарақан бойынан табылып еді. Соңғы сөйлегеніміз – жақсы ағаш еді, бұ да адамның қарақан бойынан табылатұғын болды.

Қалай Құдайдың шеберлігі: от, су, топырақ, желден міркіп қылып жасаған?! Адамды біресе анадай ағаш қылды, біресе мұндай ағаш қылды. Айналайын, Алланың шеберлігі-ай! Ай, жігіттер, жаман ағаш болып қалуды мақсат (максот) қылмаңдар, жақсы ағаш болып шығуға тырысыңдар. Хылақ зымимеде қалсаң, жаман ағаш болдың. Хылақ хымидамен мытсып болсаң, жақсы ағаш болып шықтың. Кім кімге болсын, жексұрын көрінбей, сүйкімді көріну шағы қыл.

Біреу өз бойына ақылын төреші қылса, ақыл ойлап біледі. Өз бойына қалай қылса, пайда келеді; қалай қылса, залал келеді. Соның пайдалысын табиғаты ұнатады: қылса, пайда болатұғынын біледі. Бірақ нәпсі оны жақтырмайды. Неге адамның өзі өз қара басына пайдалы жұмыс нәпсіге машақат көрінеді. Сонан соң бұл өзі нәпсінің ынғайына жүрген соң, қанша көп қарақан басына келетұғын пайдадан мақрұм қалады.

Екінші, жаралуда әркімнің табиғаты басқа – басқа жаратылған. Табиғат деген әр адамда бір мінез: қиынға баспай, оңайға қашады. Қиынға басса, бақытты болуына көзі жете тұрып, жалқаулықтан, иа ұйқыны қимағандықтан, иа һамбатсызлықтан [үмітсіздіктен] өз басында ерік, ықтияр жоқ кісідей жалқаулық пенен ұйқының тұтқынлығында қалады.

Хош, біреу болады: жалқау да болмайды, ұйқышы да болмайды, жаһатлы, қайратлы болады. Бірақ істеген ісі оңға баспайды, орынға

тұрмайды. Ол бұл талап қылып, қысад қылса да, Құдайдың халық қылмағандығынан болады. Сонда да жалықпай, қажымай, сонына түсе берсе, өлмей, тірі жүрсе, ақыры барып, бір ұшығынан шығып, ойға алғанына жетпей қоймайды. Сондай болатұғыны үшін бұрынғылар айтқан: «Ырыс қашса да, туыс қоймайды – деп, – Шын іздеген миқан ағашын табады!» – деп. «Жуын да, иа, пенде!» – деген.

XXX

Ағузи билламин шайтан ал ражим уан лис ла нысан ламасиғы. Адамға дәнеме жоқ, мікір (мекер) өз қолымен қылып алмаса, мұның турасында пайғамбарымыз Мұхаммед Мұстафа ғалия әлсилует уәссалам – «Хадис Шариф» айтқан: Лығбыдид бер, уа Алла құдіретінде бір істі ойлап, қасиет (қысад) қылса, Алла тағала халық қылып, көзге түсіреді. Сонан соң: «Тағдырда осылай болған» – деп, мұның сынауы Алла тағалаға болады. Алла тәбәрік отғылының халық қылуынан пенденің қыситы [қасиеті] бұрын болмақ. Пенде ізгі ниет бірлан бір істі қысад қылса, Алла тағала халық қылмақ – солай болғаны үшін. Тағдыр-мағдырға табиғмықтырсыз тағдыр жоқ дейді. Яғни нысан ықтиярыны ғибадат[қ]а сарп етіп құлдық ұрылмақ естігіш Тәңірі тағала хазіреттері арада етіп халық қылады. Егер нысан ықтиярны жауызлыққа сарп етіп, құлдық қылмаслықты ықтияр еткіш Тәңірі тағала хазіреттері ол ықтиярын һәм халық қылады. Не нәрсе болсын, кәсіппен, себеппен табылмақ. Дүние болған соң, дүниенің ісі себепсіз болмайды.

Ғылым, білім үйренуде әркімнің өзінің һәмматы, уа жытһаты себеп болады. Надан қалуға да әркімнің өзінің һәмматсызлығы, уа жытһатсызлығы себеп болады. Сондай болғаны үшін бұрынғы сылып-лар: «Лыширып балһым лығалте лаба лымырым лабалита», – дейді. Адамның шариф, уа ғазиз болуы һәмматының білізлігі (білінділігі) илан болмаса, шіріген сүйекпен шариф, ғазиз болмайды. Көз алдында көрініп тұр ғой, һәмматын дүниеге жұмсаған ерік әліне қоймай, мал табуынан байып, жұрт алдына түсіп жатыр. һәмматын ғылым, білімге жұмсаған. О дағы өнер тауып, туған-туысқанларынан жер мен көктің арасындай ұзақ болып бара жатыр. Кәне, баяғыда өліп қалған ата-бабаның шіріген сүйегі?! Құр: «Мен баяғыда соның тұқымы едім» –

дегенің дәнемеге тұрмайды, іске жарамайды. Алла тәбәрік отғылы адам балаларын жаратуда тегіс қылып бірдей жаратқан. «Кәсіп қылып әркім өз күшімен тапқан нәрседі болмаса, басқа хақ [ы] ларда һәмманыз бірдейсіз. Жаратылуда, жан болуда біріңізден біріңіздің иа артық, иа кемдігіңіз жок», – деп, Құран Кәрімде неше жерде айтқан. Бұ тегіслігімізге жаратылуымыз, жоктан бар болуымыз – бірінші мысал дүр. Бір байұғлы, яки бір пақырұғлы дүниеге келген уақытта нендей ағзаларға ғақыл артуына қызмет ететұғын нендей қуатларға мәлік ие болса, әрбіріміз де ол ағзаларға, ол қуатларға мәлік иеміз ғой. Мал тауып, бай болып, жүргеннің ғылым, білім иесі болып, өнер тауып жүргеннің басы екеу, көзі төртеу, қолы алтау, аяғы сегіз емес кой! Осыдан неге ойламайсындар: кемдікте қалу әркімнің өзінен болатұғыны екенлігін. Қазақ мақалында да айтады: «Жорға жүрісінен пұл болады, // Жаман жүрісінен құл болады», – деп. «Талап қыл, пендем, // Жеткізбек менен (менден)» – деп, Құдай тағала өзі уәде (уағда) қылған.

Кедейлік деген, наданлық деген – жағаласқан жау. Бұ жалғанның ісі жағаласып тұрған жау сықылды. Солай болғаны үшін: «Жасқанған қорған емес, // Жағаласқан – қорған» – деген бір шаһбаз айтқан екен.

Жүрмейін, жігіт болып, аштан өлсем,
Жокшылық, Тәңірі алдында саған көнсем!
Кедейге мал бітеді, баянын (паянын) айт,
Аз ішіп, аз ғана жеп, сергек жүрсең.

«Тарта жесең, тайлығың қалады, // Қорқа жесең, койлығың қалады» – деген сөз бар.

Әмме ғақыл – бір мығной қуат. Кәсіп қылған хақларымыз түрліше болуы – тырбия (тәрбие) кәсіп қылған істер (ишлер) аркасында. Бұл ғақыл деген нәрсенің өзі де – пенденің өз кәсібіменен табылатұғын жұмыс. Оңған, ілгері басқан жандарды (жанларды) көріп, соның қылғанын қылуға жаһат қылса, әне, – ғақылды кісі қылғаны. Оны ойла-маса, қылмаса, ғақылсыздықты сеп қылғаны.

Бағзы біреу айтады:

– Бізде ерік, ықтияр жок. Біз не қылсақ, бәрін қылдырып тұрған – Құдай тағаланың өзі! – дейді. – Біз балта, кетпен, шот есебіндеміз.

Құдірет қолына алып, қалай жұмсаса, солай жұмсалып тұрамыз, – дейді.

Бағзы біреу айтады:

– Біздің жүргеніміз, тұрғанымыз, не нәрсеге болса да, қол ұрғанымыз пайдасыз, бостан босқа құр қиналу, тағдырда Құдірет өзі не жазып, не қылып қойған болса, сол болады, – дейді.

Мұның біреуі аса соққан, біреуі кем дегенде шолақ ойда қалған. Екеуінікі де – қате, адасқан ой. Аусыты, ортасы – кәсіп. Біз кәсіпке мұқтажбыз. Біздің қасиетіміз(қысидымыз), пиғылымыз, амалымыз (ғамалымыз) – себеп, Алла тағаланың халық қылуы, мұсаббап. Себепсіз мұсаббаптың жоқтығына ғытқады мыхкім қылып, пенде мүмин, мұхыд (мұшид) себепке тырысуы керек.

Хазірет сопы Аллажар (Аллайар) айтқан:

– Мінәсіп іс (іш) ирөр (жүрер) және мінәсіп. Оны (аны) қылмаққа пенде болды кәсіп... Құй ұнаған жұмыс болсын, құй ұнамаған жұмыс болсын, – бәрі пенденің өз кәсібіменен болмақ! – деген.

Бұрынғылар айтқан:

«Байдың малы ардақты, // Кедейдің баласы ардақты» – деген. Бай болатұғын кісі өзін де аямайды, баласын да аямайды. Жарғақ құлағы жастыққа тимей, ұйқы көрмей, күлкі көрмей, күн қатып, түн қатып, жаны да жоқ ойында, ас-су да жоқ ойында, малдың камын қылуға жығтады зор болады. Кедей малдың камымен жұмысы жоқ, есі-дерті баласының суыққа тоңбағанын, қарны аш болмастығын, ұйқысы бұзылмағанын мақсат көреді. Жасынан жаман әдетке (ғадетке) табиғаты үйренген. Бала соны калып алып, ақырында мұқтаждықта, қорлықта қалады.

«Алла тәбәрік отғылының уанлысылла нысан әлемет (аламас)» – деген сөзінен білініп тұр – жалқауға атар таң, шығар күн жоқтығы. Еріншектің қолы ештеңеге жетпекші емес. «Жалған дүниенің жүзінде кімнің қолы қысқа?» – десең, еріншектің қолы қысқа. Ұйқышыға дәнеме жоқ [60]. Бұрынғы айтқан: «Ұйықтасаң, ұйқы аласың, // Ұйықтамасаң, жылқы аласың» – деген.

Кежірлік деген бір пәле бар: Кедей болатұғын кісінің желкесінде болады; ішетұғын асынан, алатұғын олжасынан құр қалдырады. Бұрынғылар айтқан: «Кедейдің қырық қаңтаруы болады: бірі жіберсе де, бірі жібермейді. Әр нәрседен құр қала беретұғыны – сол» – де-

ген. Біреудің ішінде бір қырсықты жан болса, соның қырсығы бәріне де сырайт қылады. «Жер ауызды – жемес ауыз байлайды» – деген сөз бар. Жастар, ұғып алындар: «Залым тысылха лекіремге тысылха лыһуан» – деген. «Сылап, сипап айтқанмен түзелмесен, күндердің күні болғанда, қоршылық еркіңе қоймай түзетеді» – деген.

Жас күндерінде ата-ана қызметін қылып, бата алмағандарың – қартайғанда өзіңнен төмен иттердің құлдығында (құллығында) қаласың. Жаратқан Құдайдың ризалығын (ырзалығын) мақсат қылсаң, есі-дертің Құдай ризалығында болса, Құдай үшін қылған гамал (амал), тағат, ғибадатыңның пайдасын көресің. Ұстат [ұстаз емес – Н.Ж.] ризалығын мақсат қылсаң, есі-дертің ұстат ризалығында болса, қанша үйреніп білген ғылымыңның пайдасын көресің.

Ата-ана ризалығын мақсат қылсаң, есі-дертің ата-ана ризалығында болса, жасаған жас, сүрген өмір, қылған кәр кәсіп, тіршілігінің пайдасын көресің. Бұл үшеуінің ризалығын іздемеген, ойламаған болсаң, бұ жалғанның жүзінде атар таң, шығар күн, жарық сәуле көремін деп ойлама. Иттен ілгері, кісіден кейін болып, жалған дүниенің жүзінде жүргеніңнен өлгенің артық. «Олажыбад фиғал хыти-арта» – яғни пендеге өз пиғылдар [ын] да қатер бар дүр. Егер тағат қылса, сауап таба дүр. Егер кінә қылса, азап (ғазап) таба дүр. Әмбе (эмма) уәжін емес Алла тағаланың тағатқа сауап бермегі, ұмғыситқа азап қылмағы білге сауап берсе, Алла тағаланың фазылы-ғазап қылса, әділ (ғаділ) пенде кәсіп қыла дүр. Алла тағала халық қыла дүр. Яғни әр пейілге (фihлеге) пенде рада қыдыртыны. «Жары қыла дүр кәсіп!» – деп атай дүрміз. Әр пиғыл екі қыдырт бірле тахқик таба дүр. Бірі-кәсібі, бірі – халқы, кәсіп – алтау, аспап бірле болыр. Халық алтау – аспапсыз. Алла тағаланың фазылы – қыбихқа жүру. Залымға несіп ет берілмей дүр.

Біреу кедей болса: «Құдай кедей қылды». Біреу жаман болса: «Құдай жаман қылды». Біреу надан болса: «Қайтсін, Құдай надан қылды»-деу. Мұндай сөздер Құдайды жамандаған болады. Не тапса, әркім өз пиғылынан, өз кәсібінен таппақ [61]. Құдай ешкімді зорлықпен кедей қылмайды, ешкімді зорлықпен жаман қылмайды, ешкімді зорлықпен надан қылмайды.

Құдай бермейтұғын сараң емес, сақтай алмайтын осал емес. Не кемшілік болса, пенденің өз пейілінен, өз осалдығынан.

Алла тағаланың халық қылмағынан пенденің қасап қылмағы бұрын ұмқыдым деп білу керек. «Фазыл хитары мысбук бамур рыбға әуелі тысар жызи» – қыласын. Яғни хатырыңда кешіресің: «Пәлен жайға барсам-ау!» – деп, хасылайсын.

Екінші: Тыстық бығайда мыхзуса маған ол барғанымда пәлен пайда табылар!» – деу [мен] көңіл біркiлтесiң.

Үшінші: Сарып құдірет, яғни әрекет пиғылдарды бір жарытасың, атқа мінесің, үйренесің.

Төртінші: – сағида житадынды сарп қылып, бар күшінді аямай жүрумен ол ойына алған жеріңе барып түсесің.

Бұл төртеуі болмайынша пиғылға шимырұқ мiмтиных.

Пиғыл істері «місбоқ памур рығпа ғыра» – қатары болып табылады. Тыстық пайда мыхзуса илан сарып құдірет арада болады.

«Таржих хидмыста ойын тыхсис» болады. Сағиуа жаһадат тағдырға татбақ келеді. Осының бәріне ғылым-білім жеткенлігі үшін Лермонтов айтқан: «Антұрғандық қылығын Алла ісі деп нандырар қандай сопы, қандай молда?!» – дейді. «Жаман құдайшыл келеді, // Әлі жоқ ақыретшіл келеді» «Ісі жоқ кісі – намазшыл, // Асы жоқ кісі – оразашыл».

Мұның бәрі – қаңғығанлық, адасып, далада қалғанлық. Кісі сол – кәсіп, әрекет (харекет) қылсын, өзінен басқаға пайдасы тисін. Өзінен басқаға пайда келтірмейтұғынды кісі деме, жаман ұрғашының күсі [62].

О да аңкиып тұрады, мұның да аузы аңкиып тұрады. «Жаман адам жанға ортақ, // Жаман бала малға ортақ». Жаман туған бала – атананың, һәм бірге туысқан бауырларының соры. Нағыз баламен шірізлік. Ай, Құдай-ай, сақтай көр, не қылайын күні бұрын жалбары [нып]?!
[62]

Екі тіленші әңгімесі

Бір көзі соқыр, бір аяғы шолақ, бір қолы жоқ бір кедей тіленшілік қылып, біреуге кіріп келді. Кірген үйдің ішінде отырғандардың зәресі ұшып: «Бұған не береміз?» – деп, дағдарып отырғанда, омырауы есіктей, балтыры бесіктей, екі иініне екі кісі мінгендей, еңгезердей, күбідей жуан бір күжбан мойнында салған бақалшыларының

коржынындай қабы бар, тағы бір тіленшілік қылған кедей кіріп келді. Сонда бұрын келген кедей соңғының келгендігін жақтырмағанлығын ішіне сақтай алмай:

– Алып шықпас кең деп келеді, – [деді].

Онда соңғы айтты:

– Алсам, алып шығармын. Алмасам, қалжырап шаршап, налып шығармын! Сен де бір нәрсе үміт (мид) қылып: «Аламын!» – деп келмесең, ненің бітіміне келіп отырсың? – дейді.

Онда бастапқы келген айтты:

– Мен тіленшілік қылсам, айып (ғайып) емес, көзім болса соқыр, қолым болса, шолак. Аяғым болса, ақсак. Екі көзің шырадай жайнап тұр, екі аяғың құлаш төс шара болып ойнап тұр, екі қолың баяғының алыптарының қолындай, жалғанның жартысындай қаралдың бар. Мына түрінмен, осы аптынмен ұялмай, қалайша тіленшілік қылып жүрген арсызсың! Қызмет қылуға ерініп, жалшылыққа жүруге арланып, сондағы тапқан табысын тіленшілік болса, бүйтіп жүргенше, өліп-ақ қалғыр, өлсең, болмай ма?! – дейді.

Онда соңғы кедей айтты:

– Біреу байлыққа баккүндес, біреу малайлыққа баккүндес, біреу өнерпазлыққа баккүндес, бейшаралыққа да күндестік болады екен-ау. Екеуміз бейшарашылықты салыстырайық. Сенен кәріп болмасам, Құдайға сал! Мына менде болған байлықты сен-ақ ал! Жок, өзіңнің бейшарашылығың менікіне қонсы қона алмаса, осы үйден екі қолыңды төбене қойып кетуге бармысың?! – дейді.

– Жарайды, болса, болсын! – дейді. – Менің бойымдағы кемдіктің бәрі ешкімге айтқызбай, танытып, сұратпай білдіріп тұр ғой! Кәне, сенікі не кемшілік, не бейшарашылығың бар? Сал ортаға, айт мына әлеуметке! – дегенде, соңғы кедей суға түсетін кісіше шешініп, жалаңаштана бастады. Ененен (анадан) жаңа туғандай, сыр жалаңаш шешініп еді, Құданың құдіретінің шеберлігі – жалғыз-ақ жерге басар екі аяқтан – бір кісі деп ойлаған екен. Өзге жоғарғы дене түп-түгел боп бөлек, бір бойынан екі кісінің денесі табылды. Бірі жанды, бірі жансыз – екі аяғы бір, өзге денесі бөлек егіз екен. Есебі қаралдысы өзіндей бір денені өмір бойы аркалап жүрген екен де қойған екен. Ана арқасындағы жансыз дене өзі ісік, өзі былқылдаған сеп-семіз – жанды денеден әр мүшесі зор жанды денедей екі есе бар десе болатұғын.

– Міне, көр, қалай екен? Құдайдың менің арқама таңып қойған тамашасы. Жүрсем, арқамда, отырсам, арқамда, жатсам, арқамда. Өнге қиындығы да бір бас, алда (әлде) аунап жатайын десем, біреу қолымнан тартпаса, аударылып жата алмаймын. Және де ұйқыға көзім барғанда, бір түрлі ауырланып өн бойымды алып түсіп кетеді. Маған жалғанда арқамда осы пәле тұрғанда, ас ішіп, не бойыма тарасын, ұйқы ұйықтап, мейірім не қансын?! Ал, өздерің көрдіндер, миға салып, ойлап қараңдаршы, бейшарашылық мұнан өте ме?! – дегенде, отырған жұрт шулап қоя берді:

– Рас, рас!

– Құдай мұндайлықты өзің түгіл дұшпанына да бермесін! – деп.

Ай, жігітлер, қиссадан-қисса деген. Бір татар Жим жерінде құрбан шалуға бір қой сатып алыпты. Жетектесе, жүрмепті тырысып. Өзі кәрі қой, өзі арық қой екен. Сонан соң кейіп боқтапты:

– Ай, аңаңды ит с...кір! – деп.

Естіп тұрған бір мұсылман:

– Енді бұл құрбандыққа жарамайды, нығыметті боқтадың. Өз аузыңнан ит баласы қылдың, – депті.

Сонан соң оны қоя беріп, басқа бір қой сатып алыпты. Ол тағы да ыңғайына жүрмей, ыза қылды дейді. Сонда боқтайын десе, боқтай алмай, боқтамайын десе, шыдай алмай:

– Ай, шешен [е] ұқсайсың-ау, айтарға жарамайсың-ау! – дейді.

Сол айтқандай, өмірінде арқасына жансыз дене арқалап жүрген – мына біз! Бірақ жалаңаштап көрсетуге шарият қоспайды. «Уалқыдыр хире үшіремін» – Алла тағала адамға:

– Жақсылық, иманлық, – бәрі Құдайдан деп білу – иманның бір шарты болған үшін, Құдай ісін пендеге шаққанда, пендешіліктен шыққаннан басқа табар дәнемең болмаған соң: «Күресерге дәрмен жоқ, күш қазандай қайнайды».

Алла тәбәрік отғылының шеберлігі – қарғылаған иттен қадірсіз болатұғын орында бақтырды. «Ел итінің құйрығы қайқы». Құйрығы қайқы иттің қол астында көлеңке берді. Күшті иттің боғын жеген ит құтырады. Құтырған иттің талауының ортасында қылды. Және осының бәрін білмейтұғын ғапілдерден қылып жаратқан жоқ. Жыланның қыбырлағанын, құмырсканың жыбырлағанын көзін көргеннен – жақсы-жаманның ойында не тұрғанын біліп, сезетұғын

кылып: «Су іше, уахыш; ас жеме, тас же. Заһар қап без – әр қап. Жалған дүниенің жүзінде көңілің жадырамасын, қабағың ашылмасын, аузың айтуға бармасын да, өле-өлгенше есіңнен дахы қасірет калмасын!» – деп, шеберлікпен асырап сақтады [63].

Құдая, шүкір, әлхамдїлла, шүкір! Не болса, ол болсын, жалғыз мені солай бакқан жок екен. Өзі мағеұм [мағлұм] кылған, өзі мазлұм кылған. Сүйгенлерін солай бағатұғын – әуелден гадет ісі екен. Ризамын, Құдай, ризалыгыма мүмин мұсылманларым куә болсын үшін тахрир Алла тәбарік отғылы пендесін бірде шермен сынамақ, бірде кайырмен сынамақ, біресе лытғына алмақ, біресе қаһарына алмақ. «Бір тойда екі жар жок. // Бір дауда екі жан жок».

Өзінің жаратқан қазынасында не нәрсе асыл болса, ол асылды аямай, мейірманшылық (мыһырбаншылық) фазылы өкірми, лытпименен берді. Бергеніне шүкіршілік қанағат керек.

Енді дүниеде не ірік, не шірік, не махқыр, не кемтар болса – біздің сыбаға. Егер шалтығы (шаттығы) көп дүр, қаһары һәм бар. Басың һәм көкке жетсе, құлсын, ай, жар!

Ғалым ара қаһар алһи болып; халық ила хақ, екі куәһи болып жақсыға онан ғам азар ерүр. Бағы аракіл һәм нәпсі хара ерүр. Мұны білсең, тәубе де, Құдай шүкір, тәубе де.

Алла бергеніңе шүкір, бергеніңді бекітіп бер, көндім, Құдай, көндім! Мен өзімді өзіңе тастадым (ташладым). «Қатын алдың, кемеге міндің, // Балалы болдың, кәріп болдың».

«Қатын алдың, кемеге міндің, // Балалы болдың, кәріп (ғарыб) болдың».

Он сегіз мың ғаламның патшасы – Құдай. Құдайдың Құдайлығы. Оның жаратқан барша мүлкі есебі, ұшы жок ұзын, түбі жок бір терен бір дарияда кім болсын, өзің сол дарияның толқуында отау тіккен бір бір көбікпін – деп білу керек –«Уф!» – десе, бұзылып кететұғын. Неге десең, өзіңнің бір: «Уф!» – деуімен жок боласың да қаласың. Оны білсең, ендігі әурелігің немене?

Бұл дүние ғылымы (ғаламы), – кім-кімге болсын, бір қаптаған топан. Ол топанда кеме тауып мінуші кайда? Кім көрінген сал байлаумен әуре болып жүр. Өзің ойлашы – бір көңілдегісі болмай, шаршап қалғанды: «Қарашы, өзінің салы суға кетіп, жаман жүдеп тұрғанын!» – дейді. Не үшін айтады: байлаған салы босап, шешіліп,

тарқап кетіп, суға кеткен кісідей салбырап жүдеп тұрғандықтан айтады. Бұ дүние – бір жырғымық түпсіз терең дария. Ол жырғымықта нәпсі оһуа еріксіз әркімдерді мiһлік оғырық. Дүниеге шұғыллану (шыпыллану) ол өзі – бір ұшы жоқ ұзын, түбі жоқ терең дария. Уайым қайғы – өз алдына ол өзі бір түпсіз дария. Дүниеге хырыслық – ол өзі шалқып жатқан өз алдына бір дария. Ғапылдық (ғапыллық) деген – о да өз алдына ниһаятсыз терең дария. Адамның көңілі жан-жаққа тарап, «ақылы алты тарап, ойы жеті тарап» болудың өзі – бір өз алдына дария. «Салт басты, сабау қамшылы» болып жүрген, «басы бос, байы құдай» – болып дәнемемен жұмысы жоқ, «Тапқаны – тамағына, жұтқаны жұмырынына» үйрек сықылды сүнгиді, мейлі, жүзеді мейлі. Бір жаққа ұшып кетейін десе, артында қалар дәнемесі жоқ құс есепті болады.

Хош, нәпсі һуанның арзушы ерік әліне қоймай, қатын алғызды. Қатын алу – көт керек, күнде батпан ет керек. Оның екі тығынын толтырамын дей-дей, тоймасқа бергендей, толмасқа құйғандай, «еңбегің еш, тұзың сор» болып, құмға сінгенмен бірдей боласың да, отырасың. «Көз көруден тоймайды, өмір жасаудан тоймайды. Бай малға тоймайды, ғалым ғылымға тоймайды. Жер суға тоймайды, от отынға тоймайды. Өлік дуаға тоймайды, қатын ерге тоймайды» – деген атакты тоймайтындардың бірі емес пе?! Ал, мұны тойғыз... Мұны тойғыза алмасаң, оны тойғызушыны тойғызу үшін, мал табудың бейнеті сенде болмақ. Ішіп-жеу рақаты – басқанікі болмақ. «Өзіңдікі өзіне бұйырмасын!» -деген қарғысқа, кісі қарғамай, сен ұшырамақшысың. Бір жанынды отқа да саласың, суға да саласың. «Кісі болып көрініп, жұрт көзіне түсейінші!» – деп, бұ дүниенің жүзі – бір көз жеткісіз дария, сен сал байлап, әуре боласың: «Қатын-баламды дариядан ғарық қылмай, аман өткізсем екен!» – деп. Бір үйдің іші жан сақтаймыз деп отырған салдың Құдайдың құтты күні бір байлау жібін қатын біреуге берумен отыр. Бұл салмен қалай судан саламат шығады? «Салы суға кеткен!» – деп, осындай жанды айтады. Мұнымен жүріп, ақыры суға ғарық болғаннан басқа табарың жоқ. «Қатын алдың, кемеге міндің, // Балалы болдың, ғарық болдың» – деген сөздің мәнісі осы болады.

Береке қашқанда, әуелі астан қашады. Сонда сол астан береке қашырушы – сол асты ұстап жүрген қол. Мұндай «ұшы жоқ ұзын, түбі жоқ терең» дариядан саламат құтылуға Нух пайғамбардың кемесі...,

Нух ғалайссаламның өзіндей кісі тауып алмаса, капитансыз кұр кемемен су жайын білмеген топастар қалай саламат шығады?! Олай болса, тырық мыстықымды шабыт болған табаны жалпақ тарлан боз, бір ұлы Құданы [Құдайды] тауып (табып), етегінен ұстасаң, бынайсіләм бес бөренесінен кеме жасап, өзі капитан болып, сені дүние топанынан құрғақлық сахына (сажына) саламат шығаруында шек шыһыр жок. Ол капитанның кемелерінің атын айтайын. Түгел кемесіне мінгізеді, дүниеге шығылланудар жасынан саламат өткізеді. Құдайдың не қылғанына риза болу кемесіне мінгізеді, уайым-қайғы дариясынан саламат өткізеді. Қанағат кемесіне мінгізеді, хырыслық дариясынан саламат өткізеді, зыһыруткой кемесіне мінгізеді. Ғапылдық (ғапыллық) дариясынан саламат өткізеді. Таухид кемесіне мінгізеді: «Алла сыбын баки һос»-дегізеді, ұзын ой дариясынан саламат өткізеді. Мұндай болған адам: «Құдайдың жазғаны болады, жазбағаны болмайды!» – деп біледі. «Құдайдың бұйырғаны кетпейді, // Бұйырмағанға, кісі асықканымен, жетпейді!» – деп біледі. «Құдай сақтаса, пәле жок, қарғаса, дауа жок. Құдайсыз дәнеме болмайды!» – дейді де отырады. «Мына аяқты, Құдай баскызса, басамын, Баскызбаса, қайдан басамын?». «Осы алып отырған демді, Құдай алғызса, аламын, // Алғызбаса, қайдан аламын?!» «Не қылса, ерік-ықтияр Аллада, // Менпенде: пендеде не ерік, бар, не ықтияр бар?!» – деп, дәнемсі мақсат қылмай: «Иа, Алла, өзін оң жолыңа баста! Өз ризалығың табылатұғын жұмысқа мені таста! Бір дем бастым жолына, түстім өзіңнің қолыңа! Не қылсаң, ризамын! Мен бейшара зағип, ұмажыз құлыңа» – деуден басқа пікір-зікір болмайды. Алла һәм әмин, иа Раб-ал-ғатин! (1911-інші миллады, 21-інші мартта, дүйсенбі күні)

Үш асыл туралы

Адамның кара бойында үш асыл бар: асылдықта бірінен бірі өтеді. Сол үш асыл болған нәрсесіне болған жанға екі дүнисде еш пәле жок. Бірі – көз, бірі – тіл, бірі – көңіл. Көз – көңілдің, қол – ауыз [дың] басшысы. Көз қалай бастаса, көңіл солай кетеді. Тіл – көңілдің тілмашы; көңіл не бұйрық түсірсе, тілмен түсіреді.

Кәне, бұл үшеуіне ие болайын дессе, көздің де жамылғышы (жамылхышы) бар. Екі қабақ – көздің жамылғышы. Екі қабақтың басын

қосса, көз жұмылады. Тілдің де жамылғышы бар – отыз тіс пен екі жақ ауызды тарс бекітсе, о да жабылады. Көңілде жамылғыш жоқ, қорғансыз қорасыз жадағай. Ауызды бекіткенмен, көзді жұмғанмен, көңіл жабылмайды. Көңіл жамылмаған соң, көзінді жұм мейлің, жұмба мейлің; ауызды бекіт мейлің, бекітпе мейлің; көңіл – бір медресе дәріс. Онда иа әлһам, иа усуса. Ол медреседе екі мідіріс дуам отырады. Алла тәбәрік отғылы бір өзінен басқа тақ жаратқан нәрсесі жоқ. Не нәрсе жаратса, жұп жаратқан. Не болса, не келсе, егіз болып келмек. Ол мідірістің бірі – періште. Көңілдің екі құлағы бар. Бұл періште оң құлағында отырады: аты – Мүлеһім. Оның көңілге салған хабары – Әлхәм. Ол мідірістің екіншісі – шайтан ғылиа – лағына, аты хынас [ханнас]. Бұл хынас көңілдің сол құлағында отырады. Мұның көңілге салған хабары – усуас.

«Біреу ақ көңілмен айтса, біреу қара көңілмен тындайды» – деген сөздің мағынасы: ұстат дәріс айтып, сабақ беріп отырғанда, хынас лағын усусасымен сөз мағынасын теріс ұқтырып отырады. Сондай болатұғыны үшін бір ғазиз рысаласында сөйледі: «Иа иһа әлқұм алзи фи-ал-медресте кілмә хысыл туа усуса-ай», – медреседе ғылым тахсил қылғышлар, барша тахсил жасаңыз, усусадан басқа дәнеме емес!» – дейді [64].

Сарп, наху, мантық – деген оқулар усусадан басқа білдірер дәнемесі жоқ. Жердің жеті түбіне барады, усусаны жетік оқып, үйреніп келеді де, халықты бұзады. Бұл хынас – лағын көңілге усуса салғанда: «Ғылым ізде» – дейді. Иа «қажы бар» – дейді, иа «пірге қол бер» – дейді. Соның бәрін жаны ашып: «Жақсылыққа қолы жетсін!» – деп салмайды. Семіртіп сою үшін, өмірінше басынан арылмастай төменде қалдыру үшін: «Ағуз билламин шірөр нығысына».

Адамның көңіліне неше түрлі хуатыр [қуаттар] түседі. Соның көбін Ғылиа-лағына салады. Бұл көңілге ие болу қиын жұмыс. «Қиын» – деп, қоюға жарамайды. «Жасқанған қорған емес, // Жағаласқан-қорған». Адам өзі қайрат (ғайрат) қылып, һәммет қылса, бәрін жеңеді.

Алла тәбәрік тағала адам баласының заһыр сортына заһыр ғамалына, пенде қоретұғын жеріне қарамайды, калыбына, ниетіне қарайды. Олай болатұғын болса, халықтың көзі түсетұғын үсті-басын, үйді таза ұстауға мәз болма, Алланың назары түсетұғын көңілді таза ұстауға тырыс. Көңіліне бір бұзық қиял қатер қылса, тіл мен көңілінді

бір жерден шығарып: «Ағуза билламин ал-шайтан ражим!» – айтады. Алдында андып тұрған Лағыннан, арқанда даяр тұрған Құдіретке қорғалаған есепті болып, жүрегіңнің басында Алла тұрсын». Шаман келгенше тырысып, Алланы жүрегіңнің басына орнатып бақ. Сілүк жолының керегі – осыған, сілүк жолына кірмей, орната алмайды. Ол жолға кірген соң да, «Ердің ері, егеудің сынығы» – дегендей жан орнатады. Жалқаулық қылмаған сағи ұғырт қылған, жыбаты хәміті зор болған әркімнің қамматы өзінің хамматына қарай болады. Хаммат-көңіл жұмысы. Көңілде махаббат ұшқиқат әлхам раббани бағзы ғадауат усуса шайтаны. «Зиреке махаббат ұшқиқат рахман сағаты дүр. Бағзы ғадаут шайтан ғалиа-лағына сағаты дүр» – Кім де кім болсын, көңілінің хамматын махаббат ұшғықытқа сарп қылу керек [65]. Бағзы ғадауат жолынан тыйып ұстауға керек. «Кел-ай сәлік көзін фибрат билан аш» – махаббатсыз кісіден кош болып.

Хадис Шариф:

«Ла-ла иман, ла-лімін ла мыхжила» – дейді. Көңілді пак, таза сақлаудың жолдары. Әуелі бұл Ай[т]е Керимені иад (жат) біліп, мағынасын молда қаза қыл. Құлақлы иғылым мапи қылу бікім, не ғылым бизат, алыс дүр. Олай болса, қалыпты, әдепті қылып, ұстауға сағи ғырт қыл. Көңіліңнен не қатер (хитор) кешсе, Алла тағала самих убысыр ғылым екендігі зейінінде даяр тұрсын.

Екінші қалып Алла тағаланың нәзірге хи хадис Шариф бар. «Ан ла-ла нәзір әлі соркім уабданім біл нәзір әлі қалу бігім онаи тігім».

Үшінші – бұл Хадис Шарифты жадында тұт...

Төртінші – көңілі есеннің бір жауһар нәпсінің ғырмығы. Шырығының мынхырбыны дүр. Ол хуаһыр нысаняның әуел басы – ғақыл һыда дүр. Ғақылдың қуаты – ғылым офһым дүр. Уағылас мағырпат хұда дүрге ғылым уфһымның күшімен әркім өзін танымақ. Өзін танығанның соңында өзін жаратқан халық сахи кім екенін танымақ. Бұлар сағадаттарын оқыртқын дүр. Мұнан соң сыға деп камал мығады дүр. Мұнан соң ниет салха хасен шығады дүр [66]...

Бесінші – бұл көңілдің бес халы бар. Ол халлар басқа ағзаларда жоқ дүр. Бұларды танып білу керек.

Көңілдің бір халы – андушы дұшпаны бар. Ол дұшпан ханас-лағын иусус фиис дүр алнас – мұныменен қарсыласуға жарайтұғын. Егер Алла тағаладан бытырық лығиз әлхам болса, екеуі жағаласып,

бірін-бірі босатпай, аңдысып тұрар. Әлһам болмаса, хал мүшкіл, жеңіл басыбайлы құл қылып алады да қояды. Бұл екеуінің жеңу жыдалы көңілге бір зор соғыс. Бұл екеуінің соғысына орын болған көңіл дамылсыз тысадымда қалғаны.

Көңілдің екінші халы – хойның дұшпанлығы: «Улаттыбых лыһой физлік ғин себіл Алла! – демеді ме – Мұнымен қарсыласуға жарайтұғын».

Егер Алла тағаладан ғынайт болып, ғақыл болса, ғақыл жок болса, көңіл хой ерікті: не айтқанын қылдырмақшы. Ғақыл бар болса, ғақыл мен хойның жың ұждалы. Көңілге бұ да бір зор соғыс. Ой, Алла-ай, өзің сақтай гөр! Ғақыл деген өзі бір асыл жауһар – бітінге тығақы бар. Есебі Құдайдан келген бір жарық сәуле. Ғылым деген сол ғақылда бір істің сортының хасыл болмағы. Ол хасыл болған сәуленің жарқылығымен қылынған бір жұмыс: уақыхға мытабық болады. Ол ғақылды бұзатұғын нәрсе тауһым. Тауһым деген уһымның күшіменен ғақылдың хүкім жүргізбегі. Ол жүргізген хүкім садык болмай, кәзіп болып шығады. Кімнің болсын оның өз ойымен қылған бір ісі оң болып шықса, ғақылдың жұмысы теріс болып шықса, «Ғақылмен қылдым ғой!» – деп ойлағанмен, ғақылдың жұмысы болмайды, уһымның жұмысы болады. «Аса закон бас жояды» – деген сөз ғақылмен қылынған емес, уһыммен қылынғандықтан болады. Уһым – қазақша – ұзын ой, не ісінді болса, шарифат тезіне сал. Шарифат тезіне түзу шықса, ғақылмен болғаны [67]. Шарифат тезіне түзу келмесе, уһыммен болғаны. Әлһам деген көңілде бір мағынанын шешіліп білінбегі. Физы рыбаны болу бірлан усуса тарикымен болмаса, жұрттың көбі сөз мағынасын әлһамменен жүргізбейді, усуса қуатымен жүргізеді. Солай болғаны үшін бұл заманғы қожа-молданың канша оқып білген білімінде қасиет болмай, ақ қағаздай жүрегі ағара алмай, кара сиядай қап-кара болып кететұғындығы – сол.

Көңілдің үшінші халы – көңілге хуатырның дұшпанлығы. Көңілге қатер қылатұғын нәрселер – оған қарсы тұратұғын хақлық, туралық. Хуатыр деген жаңбырдай жауып тұрған оқ. Көңіл оған тігілген бір нысана. Мұның дуасы – риязит шақа нәпсіні басы босанбастай, қолы тиместей риязитқа салуы – ас ішіп жеуге шамасы зорға келетұғын болсын. Болмаса биттей тынық терсең, бұл хуатыр ұйтқып соққан борандай қылады [68].

Көңілдің төртінші (дүртінші) [69] халы қалыбының нықылап-лығы. Мұның ғаламаты қуат көңілінің қаралығы тастан қатты болмақлығы масуа иемел махаббат. Мұнан нағыз балла: Алла тағала өзі сақтамаса (сақламаса), пенде өз ықтиярымен құтылуға мүмкін лайық бір жұмыс. Ныһайты кәпір (күпір) залалыт. Мұның дауысы «Ағуз билламин ал шайтан ал ражим Раббана латуа хызнан нысна уахата нарста газес» – бірлан құтылмасаң, онан басқа мұнан құтылуға жол жоқ.

Бесінші халы-өзге нәрсенің апаты (апыты) көзге көрініп көрініп келеді. Көңіл апаты – көрінбейтұғын нәрсе. Бұл апаттың (апытның) ер (ир) өскендігін (үшкенлігін) ғақылмен, фаһиммен білу қиын. Алла тағала өзі фазылына алып сақтамаса, пенде өз көңілін өзі бұл апаттан сақтауға (сақлауға) ие бола алмайды. Ан хазіретіміз Мұхаммед Мұстафа ғалия ал-сылып өссалам! Сұбыхан Алла: «Иам қалып (қылып), ал-қалып (ал-қылып)» – деген. Бар шамасының келгені-сол болған. Барша Құдайға жылаушылар (иғлаушылар) осы көңілінің нықлабынан дәрменділікте (дүрменделікте) қалғаннан жоқтаған (иоклаған).

Біз де көңіл нықылаплығын қостай бермесек, жылау (иғлау) қайда: «Ағуз билламин шырор нәпсіге (нәпсісіне) умин сияят ғымалнамин иһді. Алла піла мізле умин иғылла һілаһадила». Қанша сөйлеп, пысықсып келсем де, осы жерге келгенде, дағдардым. Иа, Алла тағала, қиямет күнінде дағдарта көрме! «Иллаһим эрһал хақ хақ [қ] а ораз қына абаға дарна лыбатіл батлауар зықана жытнаба».

Құдай тағаланың құдіретінің шеберлігін тамаша қыл! Адамның сыртқы қабығы – топырақ ғаламы. Оның іші-қан: бір қабат терінің ар жағы шып-шып шығып тұрған қан ғой. Бір жерінді пышақ кесіп кетсе, қан бұрқ етеді ғой. Ол – су ғаламы. Ол қанның ар жағынан жанның буы. Ол – жел ғаламы, оның ар жағы – рух хайуаны, жүрек қызуы. Хыратт ғыризия. Ол – от ғаламы. Ол – жүректің жеті түрлі қалыбы бар. Жеті түрі – жеті көк ғаламы есебінде – көңілдің қалыптары [70].

Әуелгі қалыбы-көңілді жаман ойдан құтқарып, ет (ит) жүректіктен шығарса, енді мұның аты жүрек болмайды, көңіл болады. Енді ол көңілдің жұмысы – жаман ой болмайды, пікір-зікір болады. Мұндай болған көңілді «қалып» – дейді. Қалып болса, ғақылға ие болуға жарап, хақ илан батылдың (батылның) парқын айырып, мүмин муахыз

болады. Бұл калып дүние (дене) көгі орнында. Мұның сәулесі – Ай сәулесі орнында.

Екінші қалыбы – сыдыр. Бұл сыдыр қалыбының сыптай (сыйдай) болып, мітпікіре қуатын жүргізуге жарап, шырах сыдыр хасыл болады.

Үшінші – қалыбы – жыта алқап ғим ұшата бұған бірдей. Білнөр бірдің фырағатта әлімде (алымда) көңіл дәрежесі үшінші зыпқаға барған ерлер дүрден табылады. Радат (арадат) ғибиа илата, – ер өліп, ол һуа ила манзыл (мынзыл) алуға жарайды [71].

Төртіншісі – «Мыттыжа ал қалып лыһағыржай рахманы уалһам жалалы ныпсианы (ныксианы) болып фірастіле фырқыңы» – білесің. Бұл мыттыжа ал-қалып.

Төртіншісі – аспан орнында мұның сәулесі күн сәулесіндей ар жақ, бер жағына түгел.

Бесіншісі – шапақ (шығып). Бұл шапақ есігі ашылса, сені жазбаққа ние алып қып дүниеден балкайе кешіп: «Бір Құдай (Хұда)!» – деп қаласың. Хазірет сұлтан Алғарфиннің: «Тиғы бәтін бірле нәпсіні шаптым, міне» – дегендегі «тиғы бәтін» – осы жердегі қаһарманның қылышы.

Алтыншысы-құлат, дарадат рахмания хасыл өліп, лыһамат нәпсі енеден халас болып, мызһыр жымал үлесін шейх сығанларның тыблалығы көңілдің осы мақамына барғанда болды.

Жетіншісі-сойда тахсил садап етіп, сыдық үлесін ұса оқылбегі (оқылмағы) мырат жамал үнзіррет зулжалал боласың (бөлесің). Өнүр ұхзор өсірөр иле төлесің. Озман өмгеннен хырұж идесін өмтәмек улан сымайа ғырұждан ғызмілің(ғындлілің) мықтыра ғындында нібие иле мықғыд сыдқа кетесің, уабдалабад. Онда хызүр озық етесің.

Бұлар түгел болды. Дәл тамам болды. «Ала ан бізкір Алла [а] тымен лықылып...

Аза туапка болып, мұндай дәл айына хұда болды.

Ондай болса, мұндай дәлінің діру үнінде рух есен болды. Рух есен болған соң, ол дәлінің заһары – кіріс, бәтіні ғарыш Рахман пұлды қылып, әл-мүмин ғарыш лырхыман деген Хадис Шариф мисталыққа дәл келді. Зирек қылып һәл ғырбан бет хазірет Рахман дүр. Нәте кім хақ тағала маусығыны рыхи уаласмани усиғыны қылып, ғабді ал-мүмин, ал-һин, ал-лин, лұрхы биор міш дүр...

Хылақ хамида бірлан мытсып болған кәріптерінің (ғарыпларының) қалыбы. «Кішжірт тибіте сылһашабырт офыр ғыһапы симан» – болған сон, бұл шежіре дәлінің сылынан төрт өзен ағатұғын болды.

Қалыптың бұлағынан Набат суы, Сыдыр шешмасынан сығұт суы: су емес, бұл-сүт. Сырның хамханасынан – махаббат шарабы – мас қылуда камырдан күшті. Оның мастығы (маслығы) айныды. Бұл махаббат шарабының маслығы – айнымайтұғын мастық (маслық).

Рухтың су ағарынан – мүддат балы.

Жан ғаламы

Жан ғаламы – өз алдына бір ғалам. Мұның күмбезі – омахы (дымахы). Ғақыл – онда фирузында шырақ, шаштар (шашлар) – хикмет шырағының түтіні. Бас-Құдай тағаланың шеберлігімен жаратқан сарайының фиштақ отыңкізсі. Көзлер – нұр шығорының (шоғырының) мынзирасы. Кірпіктер – нұр құсының қанат қанат-құйрықтары. Көз айналасы – жеті қорған – дүние айналған жеті көк. Көздің қарашығы – оның міргізі, нонның ноқаты. Мұрын – әліф, екі қас-оның үстінде мід...

Ғылым хикмет мағрипатқа ие болған. Алла тәбәрік отғылының фазыл керімі бірлан осынша ғылым фаһымда ыстиғдад қабілеті болған.

Адамның бас жүзі шідірт лымынт тыһи. Қуат махафызасы – лух мыхфоз. Қуат, киял мытғынырасы – калам. Миы-кіріс, ғақылы – ғарыш-ағзам. Қайыры Құдай тәбәрік отғылының он сегіз мың ғаламда жаратқан нәрсесінің бәр-бір мұның қаракан басынан табылады. Зәрре болып, Күн орнына жарап тұрса; қатре болып, дария орнына жарап тұрса, сен қалай тамаша қылып қарай алмай шыдап тұрасың?! Айналайын, шебер қыдыр талихы Құдайым-ай, зәрреге күнді сыйғызып, қатреге дарияны сыйғызып, он сегіз мың ғаламды һәм зор құдіретлігі (қүдіретлығы) – өзін бір жапырақ еттің ішіне сыйғызып, бізге тамаша шеберлігін көрсетіп тұрғаны-ай! Сыдырт ал-минтыһи бұл болды.

Түп (Тәубе) – ағаш қайда? Құдай не жаратқанының бәрін жалғанда бізге көрсетпек.

Пейіште түп-ағашы: жапырақтары, бұтақтары, жемістері жоғарыдан төмен қарап салбырап тұрады. Бұл жалғанда не деп

ойласаң, «Назһин» – деп айтуға жарарлық қызлар – түп ағашы сол. Шашы – жапырақлары, екі қолы – бұтақлары. Екі емшегі – алма деймісін. Анарды місін (мүсін) емшілері қалайша оған қарамай тұра аласың?!

Ол түп ағашының түбінен төрт бұлақ ақса, шаштың айнала-сынан да төрт бұлақ ағады. Бір бұлағының суынан көзін су ішіп, мейірің канады. Бір бұлағының суынан мұрның су ішіп, мейірің канады. Бір бұлағының суынан құлағың су ішіп, мейірің канады. Бір бұлағының суынан аузың су ішіп, мейірің канады. Көзінен көзін су ішеді, мұрнынан мұрның су ішеді. Ән салса, хош аузынан құлағың су ішеді. Тілінен бір сүйсең, аузынан аузың су ішеді. Бәрі-Құдай жаратқан нәрсе. Құдайдың жаратқан нәрссінде жаман бар ма?!

Бірақ ғақылсыз надан өз жүрісінен өзі жаман болады.

Бұл сөзімізді бастағанда, көңіл жайын таныту үшін, Құдай тағаланың қалай шеберлеп жаратқандығын сөйлеу үшін бастап едік. Тағы мұның турасынан бір сөз.

Алла тағала Калам межідінде (мешітінде) Мираж лыжирын: «Илқиян бинаһма бірзих лайыпғиан инхырыж мынаһма аллу-лу дил-мыржан» – дейді.

Бұл айтқаны – мақсаты: «Мұнан мағкұлатны сезіп біл!» – дейді.

Әуел мақсатын (махсусатын) сөйлеп түсіндірейік. Ащы дария мен тұщы дарияның астасқан жері болады. Екеуі қосылысып, бір арнамен қатар жарысып ағады. Арна-бір, су ағар жол – бір. Міне, Құдайдың шеберлігі сонда – бірінен біріне бір тамшы қатынаспайды. Қайықпен барып, екеуінің де түсі белгілі: бірі – ақ, бірі-көк мөп-мөлдiр. Ақ жерінен алып ұрттасаң, ащы; көк мөлдiр жерінен алып ұрттасаң, – тұщы. Қанша қосылып бірігіп аққанмен, біріне-бірі иненің жасуындай әсер (ашыр) қалған жоқ. Сол ағыспен біраз жер бірге қосылып ағып отырып, және бірінен бірі көктей өтіп, екі айрылып кетеді. Сонда сол айрылып ағып жатқан жерінен су алып татып қарасаң, баяғы тұщы-тұщы; баяғы ащы-ащы. Ай, айналайын, шебер Құдай-ай! Қалай Құдайдың шеберлігіне жұрт таң-тамаша қалмас?! Лұлу, маржан асыл тастар сол ащы дария мен тұщы дарияның астасқан жерінен табылады. Болмаса дүниенің жүзінде не мөлдiр тұщы сулар бар, не түрлі адам аузына алмастай ащы да су бар. Біреуінің түбінен бір тас тауып алған жанды көздерің көріп, құлақтарың естіді ме?!

Құдай жерде қанша дариялар бар болса, көкте болған дариялар онан да көп. Көк туырлықтай болса, жер таздың тақиясы құрлы жоқ. Бұл жерде болған, көкте болған дарияның арасында һәм бинһама бір зих лайыпғиян бар. Ол бұлт – жерде болған сулар бу боп көтеріліп бұлтқа барып тоқтайды, әрі өте алмайды. Көкте болған сулар бұлтқа келіп құйылып тоқтайды. Бері өте алмайды. Тамшы болып өлшеуменен ғана жер жүзіне катынасады. Жерден бұлтқа барған су ар жағындағы көктегі суға жел болып көтеріліп, катынасады. Бұ да Құдайдың зор шеберлігі емес пе?! Судан бу шығарып, будан жел шығарып, жел [мен] су шығарып қойған, міне, көз алдыңда отарба, от пароходтар судан шыққан будың, будан шыққан желдің күшіменен будың, будан шыққан желдің күшіменен зырқырап жүріп жатыр.

Топырақтан отын шығарды – қуат. Ойлашы өзін: асылы топырақтан болмаған отын бар ма? Отыннан от шығарды Құдірет, оттан жел шығарды. Құдірет, желден су шығарды құдірет! Ол суды қайта ап келіп, жерге төгіп, тағы топырақ қылды құдірет! Аспаннан жауған жаңбыр, яки қар, – бәрі топырақ болады. Топырақтан басқа дәнеме болмайды. Бүгін қар болса, ертең – топырақ, бүрсігүні – шөп, онан соң – отын, онан соң – от болып – түтін; онан соң – жел, онан соң – тағы су, – осылай құдіреттің шеберлігі.

Енді бір айналып (айланып) өзіне қара... Өз бойыннан тап: Қаралдың кіп-кішкене жаратылған мақұлықаттың ең ұсақ уағы болса да, бәрі өз бойыннан табылып тұр. Сенін дененде қойдың сыңар құлағындай бір жапырақ ет бар, оның аты – жүрек. Ет жүректің ойға салуымен дүниеге шұғыланудың өзі бір дария емес пе? Дүниеге шұғылданған адам дарияға түсіп кеткенмен бірдей. Дария қылзымнан кейін болса, Құдайға сал! Ет жүректің ойға салуымен уайым-қайғы өз алдына шалқып жатқан бір дария емес пе?! Дария ғыманнан кейін болса, Құдайға сал! Ет жүректің ойға салып, құмарландыруымен дүниеге хырыс болу өзі-бір дария [емес пе]?! Мұның үстіне ет жүректің былқылдақтығынан дәнемені сезбей, ғапыл к [а] лудың өзі бір дария. Бұл екеуінің дариялылығы – Ақ теңіз, Қара теңізден кейін болса, Құдайға сал! Таусылмайтын ұзын ойдың дариялығы теңіз – мұхиттан кейін болса, Құдайға сал!

Осы айтылған дариялардың бәрі ашы-ауыз [ға] ұрттап алмай-тұғын. Бұлардан ащы – [у] лы жалғанда не болады деп ойлайсың.

Енді бұлармен қатарласып, тұщы болып, бұлардың ащылығынан жеңілмейтұғын дарияларды сөйлейік. Мұнша дариялар күшейіп, зорайып жатқандығы – жүректің аты «Ет жүрек» болып, оның ойлағаны жаман ой болып, ол жаман ойға шайтан ғалия ал-лағынасыя болып, табиғаттай тахыт жасап, нәпсі әмірі (әммере) патшалық қылып тұрғандықтан еді. Алла тәбәрік отғылыдан таупық хидайт фазыл ғынайт болып, ет жүректі – ет жүрек – жүректіктен шығарып, көңіл деуге (диюге) жаратты. Жаман ойдан құтқарып, пікір-зікірге түсірді. Қуат мітпікіре, қуат мыхафаза күш алды. Табиғат тақиты қалып, шарифат тақиты орнады. Нәпсі әмірі (әммере) патшалықтан түсіп қалып, көңіл патша болды. Сонан соң мұндай болған көңілге ғылым дариясы қайнады, ғақыл дариясы қайнады...

Неше түрлі толқынмен қайнап, тасып ағып жатқан ащы дарияны көрумен хұп зытре болып, сұлу қыздай бұраңдап, иіріліп аққан тұщы мөлдір тұнық дарияны көріп, рыжаде болып, бұл хұп рыжаның өзі Ащы теңіз, Тұщы теңіздей жарысып ағып, екеуінің астасқан жерінен зыһид өзі... келіп, Алла тәбәрік отғылының қаһарынан қ... ор сып лытығы болған уақыттар таул... Бұл қыз бенен біттің, Ащы теңіз, Тұщы теңіздей жарысып, бұл екеуінің астасқан жерінен фикыр... гауһарлар табылып, бірде сүннет Құдайға мұсылығы сызылып, бірде һайбат қорқынышта қалып, бұл сүннет һайбаттың өзі Тұщы теңіз, Ащы теңіздей жарысып ағып, бұл екеуінің астасқан жерінен фита гауһарлары табылып, бықа мынзылына рәсуа (ер исуа) үміт бірлан мысыт қайранлықта қалады.

Хазірет сопы Аллажар Рахметулла ғалияның нәдір құлдық оның мыштақы болмақ. Өзінен пани хаққа бақи болмақ, танымақ, Тәңіріні танымақ, һуадан кейін тұрмақ, нығал наруадан бойын сұнбак, егілмек құл деместе қазаға разы болмақ. Барша істе үміт (мида) етпек. Үшал құдіретлі шаһиттен жанардан (ианардан) хұп етіп жанбақ кезінен мағынасына жаңа садық келді. Өзін жоқ есебінде қылып, Құдайды бар деп білмек. Өз ризалығын, өз мақсатын керек қылмай, Құдай ризалығын талап қылмақ.

Жаратылысты сөйлеушілер айтты делінген... Әуел жаратылғанда, дүние жүзі топан суы қаптағандай топ-толы суда еді. Сол судың ең әуел оты ұшқындап бөлектеніп, Ай, Күн, Жұлдыздар болды. Бұрқыраған булары-аспан көк болды. Жел болса, жоғарылап, мекен-

дерімен бірге еріп кетті де, су мен топырақ қалды. Су бу болып, аспан көкке көтеріле-көтеріле таусылуға айналды. Қалған топырақтан таулар туды. Ең әуелі Ұлытау басы көрінді. Жалған дүние жүзіне бұрын көрінгендіктен: «Ұлытау! – атанды. Сонан кейін Шыңғыс, Тарбағатайлар көрінді. Сонан кейін он екі қазылық таулары көрінді. Ең соңғы кенжесі-Баянаула болды. Солай болғаны үшін, мұның бір өзінде жеті көл және әр тасының басында іркіліп қалған сулар бар. Және су тесіп кеткен тастар көп.

...Бұл көк: Ай, Күн, Жұлдыз. Мұнан бұрын жаратылған деуге гақылға сыймайды. Аспан, көк деген бер жағындағысы ар жағын жасыра алмайды. Ар жағындағысы бер жағын жасыра алмайды – Шыны айна сықылды. Қаттылығы, беріктігі алмас сықылды, есік жоқ, тесік жоқ тұтасқан бу сықылды. Осыны басып, көріп келген ешкім жоқ, ойлап-ойлап, ойға жүгіртіп айтылған сөздер... [72].

Бір қарға бес балапанына лашын алып жеп кеткен үйректің қалған тамтырын алып келіп тастай беріпті [73].

XXX

Бір парыздың ішінде бес парыз бар: Білмегі – парыз, қылмағы – парыз, мөлшері – парыз, иланбағы (инанбағы) – парыз, ықыласы – парыз. Бір уәжіп болған нәрседе төрт уәжіп, бір парыз бар: білуі – уәжіп, қылуы – уәжіп, илануы – уәжіп, ықыласы илан болмағы – парыз. Рия қылмаслық – уәжіп. Рия – харам: қай орында болса да, харам болған нәрсені қылмаслық – уәжіп.

Алла тағала пенделерін тұғыры жолға көндіру үшін өзінің сүйікті досы – пайғамбарларына жіберген бұйрық сөзінің ішінде: «Уанна кәкімуа фи алла нығам кеғбірет» – дейді. Яғни: «Дұрыстықта сізлернің пайдаларыңыз үшін болған төрт аяқты (аяклы) хайуанда көп ғибраттар бар!» – дейді. Егер бұлардан ғибрат алсаңыз, надандық дариясынан ғылым-білім құрғақлығына сәламет шығасыз?! – дейді. Ол ғибрат не?» – десеніз, көзімізге көрсетіп қойды. Төрт аяқты хайуан от оттайды, су ішеді. Ол екі ұл – екі нәрсе хайуанның құрсағында бас қосудан – қан мен жын болады. Бұл қан мен жыннан қорытылып, аппақ сүт шығады. Ол малдың желінінен шыққан сүтте қанның түсі жоқ, жынның иісі жоқ. Бұл екеуінен қалыс таза сап болғанлықтан, іш-

кен жанның сусынын қандырып, жанын рақатландырады. Мұнан ғибрат алып, пенде мумин Құдай тағалаға қылған құлдығын (кұллығын) қан мен жынның арасынан қорытылуы жетіп шыққан сүттей аппақ қылып, шығаруға керек. Сонда Құдай тағаланың дәрғаһына сүйкімді болады. Һой – өз пайдасы үшін қылынған жұмыс. Пенде мумин Құдайға қылған ғамалы рия менен Һойының басы қосылуыменен болады. Не ғамал, не пиғыл болса, риясыз, Һойсыз болмайды. Олай болғанда, әркім қылған ғамалына рия менен Һойды араластырмай кылуға тырысу керек. Рия – жұрт аузына іліну үшін, жұрт көзіне түсу үшін пенделерге сүйкімді көріну үшін қылынған жұмыс. Һой – өз пайдасы үшін қылынған жұмыс. Пенде муминнің Құдайға қылған қызметі – риядан да аулақ, Һойдан да аулақ болуға тиісті (тиіушлі). Бұл екеуінен аулақ болған ғамал қан мен жыннан қорытылған сап сүттей болады.

Әр адам сөйлеген сөзін – арамын алып тастап, адалын сөйлеуге тырысу керек. Сөйлеген сөздің де қаны, жыны аралас болса, тыңдаушының (тыңлаушының) мейірі қанбайды. Егер де қаннан, жыннан айырып, сап сүттей қылып сөйлесе, ол сөзге құлақтың құрышы қанады. Сондай болатұғынлығы үшін Мышной Шарифтің сажы Маулана Руми айтқан: «Медеті ан Мышной тахиршыд, мыһаты байсыт тахон ширшід» Яғни, бір-екі жыл Мышной Шариф айтылмай тоқталып қалды. «Не үшін десең, қанның сүтке айналуына махаббат керек!» – деген. Олай болса, сөйлеген сөзге де сабыр, болжал, уақыт керек екен.

Мышной: «Атшы аптат дір ғыһыд ғұмыр һімшу шөп хішік мин-хор даухыжыр». Хазірет Ғұмар лығарұқ ризалла тағлығынын халифа болып тұрған заманында бір өрт шықты. Тастар қу шөп орнында отқа жанды.

Мышной: «Халық үміт (амит) жанып, Ғұмар істеп (іштеп), кәтші мами нәмірд бап». Халық жұрт сасқанынан хазірет Ғұмар Ризаллағына жылап (иғлап) келді:

– Қанша су құйғанмен, отты сөндіре алмадық. Сөндіру үшін құйған суымыздың өзі майдай даулап жанады! – деп.

Мышной: «Кағыт ан атшы, аз аят Құдай шығла азатыш нақыл шимаст».

Хазірет Ғұмар Ризалла тағлығына жауап па сауал қайырды:

Ол – от – Алла тағаланың қадір құдайлығынан бір ғаламат. Халыққа құдіретінің шеберлігін көрсету үшін, ол от ненің оты дейсіз? Ол – өздерінің сарандықтарынан ұшқынып от алып тұтанған от.

Мышной: «Ап бекзаридтан қисмет кенд бінхал бікзарид кірал жінид».

Ол отқа су шашпаңдар, нан шашыңдар! Сарандықты тастап (ташлап), сахилыққа айналыңдар! Пақыр, міскінге садақа үлестіріңдер! Сонан соң ол от өзінен-өзі сөніп қалады! – дейді.

Мышной: «Халық кінгітиыз шиге дір бекітуде ем. Мәснихи һәл фитот бір дейім!».

Халық бірден шулап қоя берді:

– Біздің есігіміз ашық еді, дастарханымыз жаюлы, қазанымыз асулы, кісі бетін қайырмай, бір кісідей қонағасы беруші едік! – дейді.

Мышной: «Қагатнан дүрсім ғадетте де еді. Зыбырай (Азбірай) хақ дірінін – дейді. Хазірет Ғұмар Ризалла тағлығына айтты:

– Сіздер не берсеңіз, бұрынғы ата-бабамыздың ғұрып-мірфімімен бересіз: «Сыйға – сый, сыраға – бал» – деп, бір нәрсе дәмәтіп бересіз. Сізлердің мырзалығыңыз – қазақ деген халықтың партия болыскандағы мырзалығы шикілігі... «Құдай үшін!» – деп, есіктеріңіз ашық емес!».

Мышной:

– Мақтаныш үшін киімі тәуір, ат-тоны жақсыға берсеңіздер, өздеріңізге жақтас болғандарға берсеңіздер!

Науаи рахметке ғалияның бұған дәлел үшін бір сөзін тәбәрігіне сөйлейік.

Науаи:

«Бір малы мирғы ирөр ғыдаллік емес. Мұққы дабыл мал ианарына сыпыра кім ол аш емес. Бірөр ана түнге жалаңаш емес. Атана тартарға жүз жылқысы бар самана берерге – жүз жылқысы бар сізлердің берсеңіз, бұл тарика болған соң, аспанның ағыны сізлердің бағыстан қысқы қоныс, жазғы малыңыздың өрісіне жаумай өтіп, тағы өте шыға жауып: «Көктен жаудырсын, жерден өндірсін!» – деген тілеуден мақұрым қалып тұрасызлар.

Құдайдан қорқып: «Құдай ризалығы үшін!» – деп – «Біздің де Құдайға ісіміз түсер-ау!» – деп, ол үшін бермейсіздер. Олай болмағанда, Құдай үшін бірді берсең, есесіне онды бермек».

Мышной: «...Мал деген – бидайдың дәні. Оны ашы жерге сеппендер! Мал деген – бір қылыш. Оны жол тосушылардың (тосқушылардың) қолына берме! Құдағөй, Құдажой, Құдай жолына жұмсайтұғындарды тауып, өзің үшін емес, халсасадд Құдай үшін бер!

Қалмақ тасқа табынады. Ол тастан қалмаққа не пайда?! Қазақ та сондай: дүниесін өзіне пайдалы орынға жұмсамайды, пайдасыз орынға жұмсайды. Жердің жеті түбінен қаңғырған-тентіреген келсе болғаны, сол – ол апарып ол дүниені қандай орынға жұмсайды, кім біліп қойыпты?

Мышной: «...Дін нылы кім, дүние нылы кім – парқын айырып біл. Дін нылына бер, дүние нылына берме! Құданы талап қылушыларды (қылғушыларны) тап, солармен һәм сыхбат бол! Ықылас қандай болады, үйрен! Өзің білмесең, білгендерден [сұра] !

Мышной: «...Ғалимен бейталаптан үйрен! Ықылас бірлан болған ғамал не? Ол Ғалимен бейталап сыдалла лығалып пәк үмітір еді, әр ғамалында рия қатшудан».

Мышной: «...Хазірет Ғали кәрімалла ұжһа бір соғыста бір кәпірдің шаһлуанымен қарсыласып, қол ұстың тапты. Күші әбден асып жықты. Кәпірдің шаһлуанын шалқасынан салып, өзі үстінде, ол астында: «Армансыз өлтірейін!» – деп:

– Құдайды – бір біл, пайғамбарды хақ біл! – дейді».

Мышной: «...Ол кәпір бід жахил, хазірет Ғали кәрімалла ұжһаның жүзлеріне түкірді. Ол хазірет Ғали кәрімалла ұжһа баниларының уәлилерінің жүз суын ап, руын арттыруға мыхжизат керемет орында келген жан еді».

Мышной: «...Ол жаһыл түкірді сондай жүзге. Ол жүз қандай жүз еді? Аспандағы күллі ғаламға сәуле беріп тұрған айдың жүзі. Ол Ғали кәрім ұжһа Алланың жүзінен ұялғаннан, дәрдет мыстығал бәрінің хызырына сәждеге бас қойып, ерді-лер. Оның үшін кім ай нұры қояштан еді? Қояш нұры ғарыш ағзамынан еді. Ғарыш ағзам нұры ан хазіретіміз Мұхаммед Мұстафа салиалла тағала ғалияәссалам нұрынан еді. Бұл – Ғали кәрімалланың ұжһанының жүзінің нұрлары. Сәруәрге сүннеттің нұрынан мыстағад болғанлығы үшін, ай онан (анден) қарсыласуға хия қылды».

Мышной: «...Хазірет Ғали керімалла уажһа залилкарны лактырып жіберді. Кәпірге кол созбастан, мандайына шертпестен, қалай болса, солай тастап, үстінен тұрып жүре берді.

Мышной: «Ол шаһлуан қайран калды. Хазірет Ғали керімалла ұжһаның бұл қылығынан, орынсыз жерде ғапу қылып, рақымы келіп калып, босатып жіберегенлігінен, сұрады және:

– Бұ қалай, батыр, ерік әліме қоймастан, аяқ-қолымды бір уыс қылып, бұрып алып, не пейім болды? Мені өлтірмей, жадағай тастап, кешу қылып, жол бердін?

Онда хазірет Ғали керімалла уажһа айтты:

– Сіз [ді] мен ғазат қылмағымды ниетім қалса, Құдай үшін еді. Мен сені: «Дінге кір, мұсылман бол!» – дегенімде бетіме түкіріп жібердің. Енді сені өлтірсем, өлтіруім Құдай үшін болмай, бетіме түкіргендігін үшін өлтірген есебінде болатұғын болды. Сонан соң қылған жұмысым Құдай үшін болмай, өзім үшін болып кетерлік болған соң, өлтірмей, үстіннен тұрып жүре бергенім сол! – дейді.

Онда кәпірдің шаһлуаны айтты:

– Мен беруге бар едім, дін беруге жоқ едім. «Өлемін!» – деп, жаннан қорқып, мұсылман болғанлығымнан, мұсылман болмай, өліп кеткенім маған көп артық зор абырой (абұйыр) еді. Қорықсам, астында жатып, дереу шабайын деп тұрғанда, нар қылышың бар сенің бетіне түкірер ме едім?! Сен мені босатқанда, менен қорқып босатқан жоқсың. Өзіңді күшті қылып жаратқан Құдайыңнан ұялумен босаттың. «Қылған жұмысым Ол үшін болмай, өз көңілімнің тілегені болып кетпесін!» – деп, сен ұялғаннан Құдайдан ұялу әркімге керек. Мына мен жан діліммен, шын ықыласыммен сол Құдайды «бір!» – деп білдім. Оның жіберген пайғамбарын: «хак!» – білдім. Міне, қазір мені мұсылман қылған – сенің қылышыңның түсі суықлығы емес, жүзіңнің жылылығымен ер ашуланарлық іске ашуыңның келмегендігі! – деп, Ла-ила-илла-Алла, Мұхаммед – расул Алла! – деп, хазірет Ғали керімалла ұжһаның қолын ұстап, дос болды.

Мышной: «...Жазғытұрым жаңбыр (иамғұр) суымен тас арасына қандай жасыл ұланлар өсіп-өніп шығады. Сол жап-жасыл көкпенбек (көпкөнбек) болуы – таудың зорлығы, тастың қаттылығынан емес, топырақтың майдалығынан болып жатқан жұмыс. Сондай сен өзіңді топырақтай майда ұстасаң, неше түрлі өзіңнен гүлдер (гүлдер) өсіп –

өнеді. Өзінді таудай зор қылып ұстасаң, тастай қатты қылып ұстасаң, тамұқ отыны болғаннан басқа табарың жоқ. Топырақтан майда бола берсең, сенен өсіп-өнетұғын нәрселердің қадірлі, қымбатлы болуында ныһайт жоқ.

Қиссадан қисса, сараң болма, сахи бол, Құдай үшін бол! Не қылсаң, о қыл, Құдай үшін қыл! Бассаң, тұрсаң, өз басыңның пайдасын іздеме (іздеме), Құдайдың ризалығын ізде! Не қылсаң, Құдай риза болады? Жұмысың сол болсын, ықылас... Ағузи билламин, ал-шайтан ал-ражим!.. Қазақтың: «Дүние бір күн бетін көрсетеді, бір күн көтін көрсетеді» – дегені осыған келеді. Бұрса шаһарында жамығысыбы фыштақында жазылған: «Әмір Шамсалдин Мұхаммед опаты 823-те хазірет қожа Баһауалдин ширазадасы Митал бабаның хамитлоры сұлтан Баязиттің демеуі... Нух ғалайссалам заманындағы топан суынан орнында отырып, сақтаған тамағының үйінің орны сол жамиф... сында... балықлар...

XXX

Табиғат лағызының үш мағынасы уардір. Бірі – кафе, жәмік пен хыбыш, мыжмұх ісі дүр. Дігірі әрбір жемек. Бітәдін жіриан иден хуалыбы дүр. О дігір мағынасы – Алла тағала хазіретлерінің жырам уажсамда жақсы елдігі нытзамек тағырығы дүр. Қазақшасы: Құдай жаратқан нәрсе – табиғат дүниесі. Адам жасаған нәрсе – өнер дүниесі. Тіршілік үшін болған өнер – тірнек. Сәулет, сән-салтанат үшін болған өнер – көрнек.

XXX

...Баянаулада сытқамыт қылып тұрған Қамардин хазіреттен естіген сөз.

Құдай тәбәрік отғылының жаратуы. Көктің астында, жердің үстінде баз бір адам болады. Оның шарапаты өз басына жеке тисе, аспанға ұшып кетер еді. Баз бір адам болады. Оның кесапаты іргі жеке өз басына тисе, жер жұтып жіберер еді. Алдыңғы жанның шарапаты – мұны жерге жұтқызбайды. Мұның кесапаты, кесірі ананы көкке жібермейді. Міне, Құдайдың шеберлігі – бұ дүниенің ісін, біріне-

бірін байластырып жаратқан. Солай болғаны үшін жалған дүниенің жүзінде осы екі түрлі пенденің екеуі де бар...

Атасының аты білінбей, өз аты шыққан ерлер (екінші нұсқа)

Әуелі Адам атаның атасының атын білуші жоқ [74]. Қайдан білсін: первый (пируай) человек болып, топырақтан жаратылды (иаратылды).

Екінші – хазірет Ғайса пайғамбар. Оның атасының атын білуші жоқ (иок). Қайдан білсін: Құдірет шеберлігін көрсету үшін, он үш жасар қыздан атасыз туғызды.

Үшінші – хазірет Хызыр пайғамбардың атасының атын білуші жоқ. Атасы бар, бірақ атын анық біліп, сарт еткізіп айтушы жоқ.

Төртінші – Ескендір Зұлқарнайынның атасын білуші жоқ. Өзге пайғамбарлардың атасын қай кітап болса да, сөйлейді. Бәрі бір жерден шығады. Бұл екеуінікіні бір кітап олай дейді, бір кітап былай дейді [75].

Бесінші – Шыңғыс [Шыңкіс] ханның атасының атын білуші жоқ, бағзы бір: «Ата білемін» – дегендер: «Писугей баһадүрдің баласы» – дейді. Оған көңіл тұрақтамайды [76]: «Писугей – калмақ. Бір калмақтың баласын осынша жұрт қалай төбесіне көтереді?! Стамбулдағы (Сіләмбұлдағы) ғұшмания нәсілінен басқа бұл Азиядағы хандардың көбі – Шыңғыс нәсілінен. Россияда – граф, ноғайда – князь, казакта – төре, бәрі – Шыңғыс нәсілінен. Писугей баһадүрден қыз туып, ол қыз он бес жасқа жеткенде, отырған үйінің ішіне бір сағым түсіп, сол сағымнан буаз болып, бір ұл тауып [ты] [77]. Ол бала он үш жаста жетімлікпен жиһан кезіп, жиырма жеті жаста Алла тағала бақталайын өзгеден артылып, шүршітке хан болып, жүріс қылып, дүние жүзін алып, «Шыңғыс!» – деп, ат атанды. Мағынасы: «Ханлардың ханы»-деген сөз. Сондай атасыз, Құдайдың құдіретінің шеберлігімен сағымнан пайда болғанлығына заманындағы халықтың көзі жетіп, соның үшін тұқым – тұқымын жұрт басына көтеріп кетті. Кеше Әмір Темір Көреген қанша жұртты алғанда, бұл Шыңғыс нәсілінен болған ханларды өлтіргенде және орнына сол Шыңғыс нәсілінен екінші бір-уін хан сайлап жүрді. Бұл Шыңғыстан бері қарай бір кітапта мәшһүр

мағрұр болған хандар-баршасы Шыңғыс ханның нәсілі. Дүниені алған ылаку – мұның немересі. Заты қарадан болғандықтан, Әмір Темір қанша жұртты алса да, хан аталған жоқ. Жаксы көргендер: «Әмір Темір Көреген» – дейді. Жек көргендер: «Темірлің» – дейді. Кім болса, ол болсын, жаман кісі болған жоқ. Жұрт аузында аты қалды, дүниеде қанша қылған жақсылықтары қалды.

Алтыншы – Алаша ханның атасының атын білуші жоқ.

Жетінші – Асан қайғының атасының атын білуші жоқ.

Сегізінші – Жиренше шешеннің атасының атын білуші жоқ.

Тоғызыншы – Абылай ханның атасының атын білуші жоқ. Өзі басына қойдырған тасында: «Абылай ибн Сүйеніш хан» – деп жазыпты [78]. Ол Сүйеніш қай жерге хан болғанын, қайда жүріп хандық қылғанын ешкім білмейді.

Осындай атасының атын адам білмей, өз аты жұртқа шығып кеткен жанлар көп болады. Бағзы біреуден сұрасаң, «білмеймін» – деуді өлім есепті көреді де, бәріне де ата табады.

Қыпшақ-Қорлыбай бидің баласы Досболдан, «ата білуге жүйрік» – дегенмен күншығыс жұртының біреуі ата сұрапты. Сонда өзінен Адам атаға шейін сырғытып айта беріпті. Адам атаға барғанда:

– Адам атасы кім? – дегенде,

– Адам атасы – Арсалаң, – депті.

Естіп тұрған ғауымлар:

– Жарықтықтың атаға жүйрігі-ай! Адам атаның атасының атын да біледі екен! Мұндай атаға жүйрік жан тумас! – деп, дүркірей-ақ жөнеліпті.

Ол кісінің айтуы:

– Қазак, Қалмак, Қаракалпак, Естек, Орыс, – бәрі бір ағайынды екен. Ең кенжесі – Орыс екен. Баланың кішісі болған соң, еркелетіп: «Басы ауырады» – деп, шашын алдырмаған екен. «Шөметейі ауырады» – деп, кестірген екен. Орыс жұртының шашын алдырмай, кестірусіз кеткен себебі – сол! – депті.

Білімі жетпегендікпен: «Тауып айтты!» – деп бірсыпыра жұрт ұғып алғандықтан, жұрт аузында бұ да сөз болып қалды. «Пәленнің атасы-пәлен», оның атасы – түген!» – деп, – Сонымен Адам атаға шейін апарамын!»-деушілер «Адам атасы – Арсалаң»-деушімен бір мектептен оқып шыққандар болады [79].

«Айтушылардың бәрі де өтірік айтады. Мына мен шын расын айтамын!» – деп жатқаным жоқ. Қазақта бір мақал бар: «Күнәң жоқ болса, күн есепте. // Жазығың жоқ болса, жер өрте» – дегендей, «Тіпті кінәсы жоққа Құдайдың рақметі де жоқ!» – деген сөзден қорқып қалып: «Қараған көз, сөйлеген сөз – бәрі күнә, // Қожаға өлең айту – сізлерге еп пе?!» – деп, Ұмысын қыздың «Заман қожаға айтқанындай, басы жұмыр, түсі жалпақ» – пенде болып жаралған соң, күнәдан құтыла алмай жатқаным ғой! Баксыдай бал ашып, түлкідей түс көріп, не болмаса жаурын жағып, соған қарап айтып жатқаным жоқ. «Естіген құлақтың жазығы жоқ» – демеп пе еді?! Сөз білетұғын, жол-жоба білетұғын кәрі құлақтылардан естігенімді айтып жатырмын.

Анық шын сөз керек болса, Құдай сөзі Құранды оқынлар. Пайғамбар сөзі Хадис – Шарифті оқынлар. Шын сөзден жалыққан, ұйқысы кашқан, іші пысқан, еріккендер өткен-кеткенді әңгіме қылып, барды-жоқты сөйлеп, аузына келгенді іркіп қалмай, айта бергендердің әңгімесіне құлақ салсаңдар, оқудан жалығып, ұйқының келуіне іздесе табылмайтұғын ем дәрідей болады.

Қазақ жұртында бір сөз бар: «Ерден назар тимей, есек базарына делдал болуға жарамайды» – десіп келеді. Оның мәнісі – кім-кім болса, әулиелердің қолдауыменен кісі болады» – дегенге келтіреді және мұнысына орын табады.

Әмір Темір көреген (бірінші әңгіме)

Бұрынғы заманда Бұхарай-Шәріпте бір қасиетлі керемет иесі әулие болған екен. Сол әулиенің ер жетіп, азамат болған жалғыз баласы болыпты. Күнлерде бір күн Бұхара ханының ақтаяқтары әулиенің баласын бір жаман іс қылған орыннан ұстап алып, ханға алып бармақшы болғанда,

– Әуелі таксырдың өзіне алып барып алдынан өтейік. Сонан соң ханға алып барайық, турадан-тура (тұрсадан-тұрса) бұл жерден алып кетсек, баласының мінезін білмей, бізді қарғар! – деп баланы атасына алып барыпты.

– Қылғаның рас па? – дегенде, бала танбай, мойнына алыпты. Сонан соң әулие:

– Мұны бүгін маған беріп кетіндер. Ертең қолдарыңа берейін! – депті, ақтаяқтылардан алып қалыпты. Ақтаяқтылар кеткен соң, әулие Құтып заман екен, басын төмен салып, мұрақпа қылып, қырық шілтен ғайып ерендерін (ирандарын) түгелімен жинап алыпты:

– Бұхараның осы тұрған ханы өлген соң, орнына хан сайлауға қолтықтап, қолдап жүрген кісілеріңді маған қазір алып келіндер, көремін, – депті.

Сөйтсе, қырық шілтенінің он бесі соя тұрған ханның бір баласын қолтықтап, қолдап: «Хан болуға осы лайықты!» – десін жүреді екен. Он төрті бір қазының баласын қолтықтап, қолдап: «Хан болуға осы лайықты!» – десіп жүреді екен. Енді қалған он бірі Әмір Темірді қолтықтап, қолдап: «Хан болуға осы лайықты!» – десін жүреді екен. Ол Әмір Темір өзі Самарқанлық-Қыпшақ, Әміртағай (Әмірхымғай) деген батырдың баласы екен, Бұхарада оқу оқып жүрген күні екен.

Әуелі он бесі ханның баласын оңаша алып, Құттыпқа әкеліп тапсырды, Құтып:

– Мынау отырған менің жалғыз балам бір жаман іс қылып, өзі мойнына алды. Осыған не бұйырасың? – дейді.

Ханның баласы:

– Өзіңіз білесіз де, – дейді.

– Өзім білген нәрсені сенен сұраймын ба? Кет, көзіме көрінбей! Жоғал, шығың, шығың! – деп, қуалап шығарды.

Онан соң он төрті қазының баласын алып келді. Оны да оңаша алып, хан баласына айтқанын айтып еді, ол:

– Тақсыр, шарифат біледі де, – дейді.

– Шарифат жұмысын сенен сұраушы ма едім?! Шарифат иесі сен бе едің?! Отырма, жоғал! – деп, оны да қуып шығарды.

Сонан соң он бірі Әмір Темірді алып келді. Әлгі екеуіне айтқан сөзін бастан аяқ бұған айтып еді.

– Сіздей жақсының баласы мұндай істі қылған болса, өзі мойнына алса: «Атадан ұл туса игі, // Ата жолын қуса игі! // Ата жолын қумаса, // Барынан да жоғы игі!» Мұның төресі – мынау! – деп, ұшып түрегеліп, Құтыптың ілулі тұрған қылышын алып, баланы көк желкесінен бірақ шауып (шабып), басын жерге түсірді.

Құтып:

– Афырин колына! Рақмет сені тапқан катынға! – деп, кырық шілтенді шақырып алып:

– Жай колдарынды, бер бұған баталарынды! Балам, аяғың жеткенше жүр, колын жеткенше карышта! Бетіңе жан келмесін! – деп, бата берді дейді.

Қырық шілтеннің он бесі мен он төртіне айтты:

– Сендердің: «Адам болады, іске жарайды!» – дегендерің қуыс қурай екен. Біреуі: «Өзің білесің» – дейді. Ол – адамның жаманы. Ар жағында айтарлық дәнemesі жоқ болған соң: «Өзің білесің» – дей салады. Біреу адам деп ақылдасқан (ғақылдасқан) соң, тисе, тимесе де, бір төте сөзді айтып қалу керек: тисе, алады; тимесе, сол жерде қалады. Екіншісі: «Шариғат біледі» – дейді. Шариғат білетұғынын кім білмейді?! Оның да бөтегесінде дәнeme жоқтығы. Өзі біреуге сүйенейін деп тұрған жасық жұрт ұстауға жарай ма? Бикайратқа пейіш (биһіш) жоқ» – деген. Міне, кайратты (ғайратты) ердің жұмысы: «Халыққа әшкере қылмай, жұртқа масқара қылмай: «Көпке өлтірткенше, өзін өлтір!» – деп, өлтірді де, салды.

«Әмір-Темірдің «Әмір Темір» болып жүргені – әулиелердің назары (нәзірі) түскен екен. Қырық шілтен ғайып ерендер колтықтаған екен!» – десіп келеді.

Әмір Темір Көрегеннің туған анасы – «Мұхтасар әлука» кітабының мұғаууысы (мұғғыты) Сыдыр Шариғаның қызы. Ұстазы ғұлама Тіптазаны шығ [арды]. Бұхарай-Шәріпте Миркүләл кожа Баһаудин мен екеуі һәм пірі бір пірден шыққан.

Сегіз жасар күнінде намаз жамағатқа ең әуел хафатын (хұтпа) намазына барған екен. Үйге қайтып келген соң шешесіне айтыпты:

– Жұрттың не жыны бар екенін білмеймін. Мешітке кірсімен, Қағба – Алланы көріп, құлақтарын қаға бастайды. Мен имам әлхамды оқып болып, сүре қосар кезде әрен көріп, сонда құлағымды қағып, намазға кірістім, – депті. Өз ойында ойлаған екен: «Намаз оқығандардың баршасы мешітке кірсімен, Қағба – Алланы көреді ғой! Соны көріп, құлақ қағады ғой! – деп. «Қағба – Алланы көрмей, құлақ какпаймын!» – деп, қалшиып, [құлақ] какпастан тұрып қалады екен. Сонан соң Қағба – Алланы көріп алып, құлақ қағады екен.

Шешесі баласының бәтін көзі ашық екенін біле қойды да:

– Балам, мешітке баратұғынлардың бәрі де түні бойы ұйықтамай, таң атқанша Құдайға жылап шығады. Сол үшін кірсімен, кешікпей көріседі. Сен түні бойы ұйықтап жатасың. Сол себепті кірсімен көре алмайтұғының – сол! – дейді.

«Қайтып бала өмірінде түнде басын төсекке салмайтұғын болды, – дейді. – Өмір Темір Көреген атанғанның себебі – бұл», – дейді. Мағынасы: «Көргіш», «көрімпаз» – деген сөз екен. Және өзі Хызыр пайғамбарды дүниенің қай шетінде жүрсе де, үйде отырып көріп отырады екен. Хызырдың бет алған жағына аттанады екен.

«Татар деген жұртты қырып, шаһар Бұлғарыны жермен-жексен қылып, Ескендір Зұлкарнайыннан қалған бір зеңбірек бар екен. Соны Бұхарай Шәріпке алып кайтқан» – деседі.

Сол бет алған жүрісінде Орыс жұртының Владпмир деген қаласына барғанда, хазіреті Хызырдың шылауынан кетіп қалғанын көріп, Орыс жұртымен елдесіп, ұрыспай кайтқан екен. Татар қадимнен күшті жұрт болып, шаһар Бұлғар зор шаһар болып, қай жұртқа болса да, иығы асқандығын қылып тұрған күнінде Татар мен Бұлғарының дүниеде атын ғана қалдырып, өзін жоқ мінізлесінде қылып жібергендігі «Ай мен күндей, // һәммаға бірдей» – әшкере анық сөз. Сол үшін Татардан шыққан сөз білемін дегендер Әмір Темірді неше сакка жүгіртіп жамандайды.

Әмір Темір Көрегеннің ақыретте қандай боларын білетұғын – ол ауылға барып келген ешкім жоқ. Дүниеде қылған ісі, салдырған мешіті, медресе, Шаһынша әулие хазірет сұлтан Әлғарфин кожа Ахмет Иассаундін үстіне күмбез салдырған. Ташкентте «Зенгі ата» – деген әулиенің үстіне күмбез салдырған. Сонда ол екі күмбездің кірпішін Сауран деген жерден құйдырған. Әр екісіне жаяу кісі қаз-қатар тұра қалып, бір қолдан бір қолға беріп, кірпішіп солай жеткізген. Бұхарай Шәріптің ғидкәт намаз оқылатұғын зор мешітін Әмір Темір салдырған. Және Бұхарай Шәріптің осы күнгі қорғанын Әмір Темір салдырған.

Һылаку заманында Қазыхан хазіреттері фолант қылып кетуі бойынша Бұхарай Шәріпте һыдая нонларға да дәйеге (кике) деген уазифа тығын қылған.

Бұл кісінің заманында Мірсейіт Шәриф хазіреттері илан ғұлама Тинтазаны һәм сахабат болып мғнәзірелер қылысып, кейінгілерге

қанша үлгі қалдырған. «Қадалса, бір тиген; иа түссе, бір пейіл. Рада-сыз емес, хақтан екенбіз (иканбыз)» – деп, жожа сопы Аллажар айтқан сөз хақ: «Рашит: «Не нәрсе болса, Құдайдан ридасыз болмайды».

«Әмір Темір Көреген хырож қылып, қанша жұртты харап қылды. Мұсылман болса, мұндай неге қылады?» – дейді.

Шаһар Наркірам сахаба ғызамларының мұсылмандығында не шек күмән бар?! Хазірет Ғали Кәрім Алла ұжхамен хазірет Мағауияның арасында қанша ғуға қырылыс болды. Хазірет Ғұшман ризалығына ие бейкүнә шаһит қылды. Соның бәрі шүршіт пен қалмақ емес. Сахабаларының табғынларының өзді-өзі хазірет Хұсайын (Хасен) ризаллығына мінізетпен Мағауия арасында болған оқиғалар қандай болды? Біздің Сыр ғаскерлері мешітхарамады атхана қылып, Медине мүнереңі қандай аякасты қылды? Жесірлік Шаһарбану илан хазірет Хұсайынның қарындасы Зейнептің жесірлігінен өтпес те. Жетімлік имам Зиналғардиннің жетімлігінен өтпес...

Және сопы Аллажар хазіретлері: «Қате қылған билан жазды демеспіз, жамағат һилиден азды демеспіз» – деп.

Олардың хақында иман сөйлемектен кейінгілердің аузын тыйды. Заһар дүниеде қылып кеткен ісіне қарағанда, Әмір Темірді: «Ішпек, битек, бейбақ» – деп айтушы адасып, лағып, құла түзге шығып кеткеннің құтты өзі болса керек. Өзінен бұрынғы татар мен башқұрдан шығып, ғалым болып, кітап айтушыларының (айтқушыларының) бәрін: «жалғаншы» – деп, өзін ғана «шыншы» біліп, айтатұғын кісіге қойыпты. «Құдай сөзі – Құраннан, пайғамбар сөзі – хадистен дәлелі жоқ сөзді: «Өзге сөзден менің сөзім шын анық!» – дей берген – тал қорапшасына салып, қалаш сата шыққан матушкалардын: «Менің қалашым жақсы!» – деп мақтағаны сықылды сөз ғой!» – деп ойладық.

Түркістан шаһары туралы

Түркістан һәм қадимнен келе жатқан зор шаһар еді. Бір шеті – Алатауда, бір шеті – Қаратауда. Осы күнде Сайрам суының күнбатысында, «Ат бұлағы» – деген деген жер – ат базары еді. Түркістанның күнбатысында «Теке суы» – деген жер – қой базары еді. «Қырық қақпалы Қарашық» – атанып еді. Сол Түркістанды ха-

рап қылып, быт – шыт қылып жіберген – हुлаку. Мұның зардабынан «Құндыгер», «Құбаң» – деген ел: «Дін исламның шегесі, мұсылманның паналайтын жері» – деп, Халифа жұртына ауып кетті. Сонда төрт жүз шатырменен көшкен. Осы заманда халифа Ғаббасияның сарқыншағы серке жияр сықылды сұлтан Ғалаудин (Ғалауалдин) халифа заманы еді. Ер Тұғырыл барып, қолбасы болып, жауын жаулап, жұрт алып беріп, ер Тұғырылдан соң, мұның баласы Ғұшманғазы қолбасы болып, ақырында сұлтан Ғалаудин өлген соң, Ғұшманғазы халифа болды. Сонан осы күнге шейін халифалық Ғұшманғазы әулетінде қалды: «Ғұшмания» – деп айтылатұғын себебі – бұл. Бұл кісінің асыл нәсілі Түркі жұртынан екендігіне – «Ғұшмания түркісі» – деген сөз – қарина мұқлия.

Бұл Ғұшманғазы халифа болмай, жаңа талап ат арқасына мініп: «Жау қайда-лап» жүрген күнінде бір мейман болды дейді. Сөйтсе, сол үйде бір Құран қабы бар, қабының бауы бар, жоғары асулы тұр екен.

– Бұл не нәрсе? – деп сұрайды дейді.

Үй несі:

– Бұл – Құдай сөзі Құран, – дейді.

– Олай болса, бұл Құдай сөзі Құран тұрған жерде шіреніп, ширатылып отыруға жарамайды, тек түрегеліп тұрсақ керек екен! – деп, таң атқанша қақиғаннан қақиып тұрды дейді: екі қолын қусырып, Құранды көрген соң, Құдайдың өзін көргендей иіліп.

Ертең таң атып, ол ауылдан былай шыққан соң, алдынан ақ сақалды Бабай ұшырады:

– Балам, сен бүгін түнде Құдай сөзі Құранды ұлығлап, тікеңнен тік тұрып шықтың-ау! Ол еңбегінді Құдай жеп кетпейді. Берді. Өзін ту көтерде: «Ғұшман, Ғұшман!» – деп, жауға шап, қиямет қайымғаша Ғұшман атың дүниеде қалды. Енді мұнан былай заманның ақырына шейін сенің тұқымың жұрт ұстайды! – деп батасын беріп жөнеле берді.

Сөйтсе, хазірет Хызыр екен. Пайғамбар заманынан бас хазірет Ғұмар – ғаділ патша. Онан соң Бәни Мисседен болған халифалар, онан соң Ғаббасиядан болған халифалар да, – бәрі де: «Талап қылып, Стамбулды фатих кылып, Айя – Софияда намаз оқимыз!» – дескен екен. Өйткенмен ешқайсысына алуға несіп болмаған екен. Ақырында ер Ғұшман қазы әулетінен сұлтан Фатих сұлтан атлығы халифа

Фатих қылып, Стамбулды алып, Айя-Софияда бес уақыт намаз оқытқан сол ер екен. Онан бұрын халифалық та әр шаһарға, әр тұқымға көшіп жүріпті: Шамда, Бағдатта, Мысырда, ең аяғы Бұрсада. Ер Ғұшманнан соң халифалық басқа тұқымға көшуін ұмытты. Сұлтан Фатихтан соң халифалық Стамбулдан басқа жерге қоныс аударуын ұмытты. «Ғұшмания» – деген сөз заманның ақырынаша қалды [81].

Қазақ тегі туралы бір әңгіме

Қазақ халқының қариялары:

– Біз үш ханның баласымыз – десіп сөйлейді. – Сейілхан, Жайылхан, Елхан. Сейілханнан – сегіз арыс Түрікпен, Жайылханнан – Майқы. Майқыдан туған: Өзбек илан Сыбан. Өзбектің үш баласы бар: үлкені – Мың, ортаншысы – Жүз, кенжесінің аты – Қырық дейді. Сыбаннан: Қазақ пенен Созак. Созак баласы – Қарақалпақ. Қазақ балалары: Ақарыс, Жанарыс, Беқарыс. Үш жүздің баласы: «қазақтың атасы – осы үшеу екен» – деп айтысады. Елханның балалары – Құндыгер (Қондыгер) жұрты [82]. «Ол қайда?» десең, халифа қоластында «Құндыгердің ауыр қолы – деп айтылатұғын бұрынғының сөзінде бар емес пе?!» – дейді.

Түрікпен дегеннің мәнісі – Құндыгер жұртының ауып кеткенінде, мұнда қалғанлығы үшін маңайындағы сарт-сауан: «Түркі мұнда, – деп – түркілерден қалғанлар» – деп, сонан «Түрікпен» – атанып кеткен»-деседі.

«Мал – арыстанның аузында, Түрікпеннің түбінде» – деп айтылатұғынлығы: Түрікпеннің жігіттері аса ер, мықты болып, басқа жұртқа мал сіңіртпесе керек. Сол себептен: «Түрікпеннің түбінде» – деп сөйленетұғыны – сол» – дейді.

Біздің қазақ жұртының қариялары Түрікпен жұртынан шыққан: «Көрұғлы», «Хамдыбек», «Жүсіпбек» – дастанларын өзге хикаялардан жылы көріп, жан тартып: «Өзіміздің туысқанымыз ғой!» – десіп отырады [83]. Түркі жұртынан бір әңгіме айтсаң: «Ол жарықтықтар да ақсүйегіміз ғой! Біз солардың адасып қалған азғынымыз ғой! Біздің жақын бауырларымыз солар ғой!» – деп отырады. Сол үшін Халифа жұртының мүсәпірлерін аса сыйлап, қадірлеп күтеді. Онан соң қазақ сөзінде жауласқан, атысқан, шабысқан әңгіме болса, қырғызбенен,

калмакпенен бола береді. Сонан ойлаймын: «Қырғыз, казак аты ұйқас болса да, заты басқалығы бар-ау!» – деп. Еш әңгімеде айтылмайды: «Түрікпен мен казак жау болды!» – деп; Не: «Ноғай мен казак сондай өштес болды!» – деп.

Және казак жұрты ескіден бір сөз сөйленсе: «Бұрынғы ноғай, казак заманында десіп келеді. «Бұл ноғай, казак демектің мәнісі неме-не?» – деп, қариялардан сұрасақ: «Ноғай, казак әуелінде бір тұқымдас болған» – дейді. Сол казакпен тұқымы бірге болған ноғайлар: «Қызлар ноғайы», «Құндырау ноғайы», «Аштархан ноғайы», «Қара ноғай», «Қырым ноғайы», «Ормамбет ханның жұрты» [84] – қадимнан келе жатқан ноғайлар – осылар!» – дейді.

Онан соң: «Мынау Еділ, Жайық қасында: «Шуаш, Шерміш, Армұкса» [85], «Көшер ауылы», «Мешер ауылы» – дегендер – бұлар – Татар. «Татар, қолына дәнеме түспесе, бір нәрсені сатар!» – деген сөзден қашып: «Біз де ноғаймыз!» – десіп келеді. Олардың: «Ноғаймыз!» – демегі: «Зікіралшы лұқуғафи сахыпта ғира бытырық әл-мішекле» – дейді.

Жеті атаның ұлы ноғай бар [86]. Олар казакпен түбі бірге тұқымдас, – бәрі бір атадан таралған. Қыпшак та тоқсан екі баулы ел болған. Ноғайлы да тоқсан екі баулы ел болған. «Жұрт жұрт болғанда, Қыпшақтан көп, мұнан дәулетті (дәулетлі), зор болған жұрт жоқ!» – десіп келеді. Бұл Еділ, Жайық – Қыпшақтың қонысы. «Еділ деген бай екен, Жайық деген мерген екен. Екеуі ағалы-інілі бір туысқан кісі екен».

Бұл күнде сол Қыпшақтың көп жұрты Қокан жақта. Бір аз ғанасы әр жерде кірме болып жүр. Жайықтың көшпелі дүниеден кез болып, алған қызынан «Құлан жалғыз» туып, бұрынғылардың: «Құлан жалғыз, Құдай жалғыз» – деп сөйленген сөзінен білініп тұр.

Жеті Құран әңгімесі

(екінші нұсқа)

Ан хазіретіміз салиалла ғалайссалам өзі тірлігінде жеті Құран жаздырған екен: «Жеті ықы[лы]мға үлестіремін!» – деп. Сонда ең әуел бірін ғарабқа беріпті. Ол қолына алып, көзіне сүртіпті. Бірін ғажамға берген екен, ол қолына алсымен, төбесіне қойыпты. Бірін

өзбекке берген екен, ол колына алсымен, койнына тығып жіберіпті. Қасында отырған сахабалар ан хазіретімізден сұрасыпты:

– Ғараб алды, көзіне сұртті. Ғажам алды, төбесіне көтерді. Түркі-өзбек алды, койнына тықты. Бұлар не себептен бұлайша қылды-лар? – деп.

Ан хазіретіміз салиалла ғалайссалам айтыпты-лар:

– Ғараб – өзімнің көзім, – депті. – Менен соң дін өзгеріп, нұсқа ғалатқа айналса, ғараб түзетеді, – депті. Көзіне сұрткені – сол, – депті. – Ғажам Құранды төбесіне көтерді, бұлардан ғалым көп шығады. Ғылымды басына көтеруші бұлар болады, – депті. – Ғалымның ең перуайы (первый) – хазірет имам Ағзам [87] ғажамнан шықты. Өзбек алып койнына тықты. Бұлар Құранның харакатын оқи білмесе де, қасиеті жүрегінде қалады. Бұл жұрттан әулие көп шығады, – депті [88]. «Сол үшін дін өзбекте қалды!» – деп, мәшһүр мысал болыпты [89]. Біздің қазақта мақал бар: «Өзбек болса, өз ағам, // Сарт болса, садағам» – десіп келеді.

Орманбет хан әңгімесі

«Он сан ноғай бүлгенде, Орманбет (Өрмәмбет) хан өлгенде» – деп айтылатұғын Орманбет Есіл, Нұра бойында «Тоғанастың тоқсан екі көлінде» жайлап, қыстап жүрген күнінде Орманбет ханның үйіне үш жаяу келіп қоныпты.

– Кім боласыз? – деп сұраса:

– Дін исламның қорғаны, шариғаттың шегесі, қазығы халифа жұртының кісісіміз, – депті.

– Жол болсын, не ғып жүрсіздер? – дегенде,

– Халифа патшасы жіберіп еді: «Үш қашқын қашты. Сол үш қашқынның барған жері бүлінеді, құриды. Соны мұсылманның қай жұртына барып, паналаса, сол орамында болған мұсылман патшалары ұстап берсін!» – деп, бізді солардың соңынан қудырып жіберді, – десіпті.

Орманбет хан:

– Біздің бұл орамға ондай жын саяқ (жыңсаяқ) келген жоқ, – депті.

Онда ол үшеуі айтыпты:

– Сіздің қол астыңыздағы жұрттан таптық, бар екен! – депті.

– Ол қайда жүр екен, – депті.

– Оның қайда жүргенін айтайық: ұстап, байлап, бізге аяқ-қолын құлткелеп, кісендеп беретұғын болсаңыз, – депті.

– Жарайды, айтқандарыңша кылып, бекітіп берейін! – депті.

– Бекітіп берсеңіз, ол үш қашқынның дөкейі, аса бұзылған атшамынысы зорлық еді, онан соңғысы ұрлық еді. Онан соңғысы өтірік еді. Сол үш залым сіздің қоластыңызға келін, қорғалап тығылған екен. Соны ұстап берсеңіз, жұртыңыз жұрт болып отырады да, оны ұстап бермесеңіз, ел-жұртыңызға бүліншілік кір [е] ді! – депті.

Сонан соң Орманбет ойға түсті дейді:

– Менің бұл жұртыма мұндай жаман пиғылдар араласқан екен. Әуел ақырдан бері қарай ұрлықтың, зорлықтың, өтіріктің араласқан жері онбаушы еді. Қой, мен көптің аузын тыя алмаспын. Онан да басымды алып қашайын! – деп, бір түнде ғайып болып жоғалып шыққан екен.

Сонда кетіп бара жатып, көп қойшыға душар болып, бесін намазының уақытысы екен.

– Балалар, мен намаз оқып алғанша, атымды ұстай тұр! – деп айтса, Орманбет хан екенін танымайды, тілін алып, атын ұстап тұрмапты. Ішінде бір кішкенедеу жасырақ бала:

– Қырық жыл баққанмен, қой мұратқа жеткізбес. Құдайдан қорқынышлы әз ағаның атын ұстап, батасын алсам, бір мұратқа жеткізер! – деп, айнала тұра қалып, қашан намаз оқып болғанша, бүлк етпей, атын ұстап тұрып, қолтығынан алып аттандырып, батасын алып қалыпты. Сонда Орманбет хан балаға айтып кеткен екен:

– Менің атым – Орманбет. Мен деген жұрт осы төбенің басына тас-тан там салып, маған оқитұғын Құранын, қылатұғын батасын қыла берсін! Мен енді бұл ел-жұртқа жоқпын. Менен соң он сан Ноғайлыға сен үлгі айтарсың! Сенен соң Ноғайлы деген жұрттан төбе басына шығып, төре берер ұл тумас!

Біздің бұл жұрт жайлады

Нұра менен Есілді.

Арқаның тарлау шөбінің

Арқасымен есірді.

Бір қараның орнына

Сый-сипатқа берісті.

Баласын зарлап, қақсатып,

Малша жұмсап жесірді,
Таласып байлар қонысқа,
Жетім-жесір, нашарды
Қонысынан көшірді.
Абиұр бағын дау алар,
Қимаған малын жау алар!
Жер-су адыра, тұл қалар,
Кейінгі үрім-бұтаққа
Қылып бір кетті кесірді.
Бұ жерден ауар қонысы,
Аукаты болар – қол ісі.
Бір-бір ұшар көзінен
Өн бойы Есіл, Нұраның
Малдың бір жатқан өрісі!
 Өзінен-өзі бүлінді
Ноғайлы мырза баласы.
Күн-түн боп Орыс кірісі,
Үлкені кетер көре алмай,
Бейнетті жүрер өле алмай.
Кедейліктен тентірер
Алумен тауып бере алмай!
Алдына салып желкелер
Мәскеудің казак-орысы, –

Осындай бірнеше кейінгіде болашақ оқиғаларды айтып:

– Ал, балам, енді қалғаны болса, жұртқа өзің айтып баян қыла берерсің! – деп, аузына түкіріп, көз алдында қыбылаға қарап, жөнеле берді дейді. Сонан соң қайтып Орманбетті: «Көрдім, білдім!» – деген жан жоқ. Сол бала Мөңке би атаныпты. Сол айтуы бойынша ноғайлар баланың: «Осы жерде амандасып қалдым!» – деген жеріне там салып, соны осы күнде: «Орманбет тамы» – деп айтысады.

Абылай хан (үшінші нұсқа).

Он екі жасар бала күнінде қасында Оразаулық деген сарт бар, екеуі Түркістан шаһарына келіп, Әбумәмбет патшаға қызметшілік қылды [90].

Абылайдың тұтқын болуы (төртінші нұсқа).

Құба қалмақтың ханы Қалдан Шеріннің Сәру деген інісін бір жорықта кез болып, Абылай өлтірген екен [91].

Абылайдың Қалдан шерінге елші жіберуі (екінші нұсқа).

Абылай хан Қалдан Шерінге жауласпай тұрған күнінде көп елші жіберген екен... [92].

Абылайдың бір жорығы (төртінші нұсқа).

Абылай хан карақалмақ Қатысыбанға қол жиып, шеру тартып барғанда, қалмақтың ханы Абылайға кісі салды дейді [93].

Балтакерей-Тұрсынбай батыр (үшінші нұсқа).

Абылай хан және бір жорыққа аттанғанда, құс ұшпас, құлан жор-тпас Бетпақтың сары даласында бір қарала атты кез болды дейді [94].

Абылай заманындағы батырлар (үшінші нұсқа).

«Абылай ханның заманындағы қазақ жұртынан шыққан батырлар...» [95].

Бұрынғы замандағы құн төлеу (екінші нұсқа).

Абылай ханның хан болып дәуірі жүріп тұрғанында, құнға кесім қылдырған, тамам талас сөздің үстінен қаратып, бітім айтқызып, билік қылдыратұғын биі – Күлік – Шобалайбаласы Жаңабатыр би екен [97].

Абылай ханның заманындағы Төртуыл – Қаржас-Қалқаман батырдың баласы Бұқар жырау деген қария болған екен [98].

Құдай рахмет қылсын Бұқарекене [99]! Сөйлеген уақытысында сөзі мұндай неше хисса шығар. Бізге келіп жеткені – осыншасы. Біреуден біреу ауыз ұғып, жат айтумен бұ заманға келіп тұр [100].

Абылайдың қырғыз-өзбекке жорығы (екінші нұсқа).

Абылай хан заманында қырғыз Садырбала деген шығып, ақ қалпақты қырғызды түгел [билеп] тұрған күнінде мақтанып сөйлеген екен [100]. Баяғы атам замандағы Бұқарекенің: «Қала салады, орыс алады», – деген жерлеріне Абылай ханның немересі Кенесары заманында салынып, Кенесары, Наурызбай барымташыдай шеттеп, жырмалап жүріп, екі мыңға анық толмайтұғын жігіт – желеңмен

оған бір тиіп, бұған бір тиіп, басы-көті сегіз жыл бір ауылға болса да хан атанды.

Ереймен, Есіл басы тау болыпты,
Кәпір көп, мұсылман аз қау болыпты.
Ер Саржан – Қоңырқұлжа құда болып,
Орыспен Кенесары жау болыпты.

Төскейде мал жатады қау болғанда,
Жігітке кедейлік жоқ сау болғанда.
Ұшқан құс, жүгірген аң өте алмады,
Орыс пен Кенесары жау болғанда, – деп, бұрынғы заманның ақындары өлеңге шығарған.

Абылай ханның Қарауыл қызы – алғашқы алған бәйбішесінен ұл жоқ, жалғыз қыз болды [101].

Қамбар-Жанак акын айтқан:

Абайділда, Аббастын елін жайлап [102].

Көтеш акын, о да – «жетімді» көп алған кісі.

Тінәлі, Тышқанбайдан алдым «жетім» [103].

Абылай ұрпақтары (үшінші нұсқа).

Уәли ханның тоқалы Айғанымнан Көкшетаудағы Шыңғыс тұқымының бір Шокан дейтін баласы қыршын күнінде өліп кетті. Бұл күнгеше тірі жүргенде, зор атақ шығаратұғын ердің бірі еді. «Бұл Абылайдың үрім-бұтағын таратып, бәрін тегістеймін» – деушіге бір қап жан керек: Нухтың ғұмыры, Аюбтың сабыры, Харонның байлығы керек. Әділден – Нұралы, онан – Тезек төре. Жамадан – Уатай, онан – Аймак төре.

Шыңғыс балалары: Сартай, Әбілпейіз, Самай, Мамай халық аузында әнгіме болған сөзді сөйлеу керек. Жұрт білмейтұғынды айта бергенмен, дәнеме өнбейді.

Абылайдан кейінгі хандар (екінші нұсқа).

Абылай хан өлген соң, Сарқазақ, Сейтен, Итқара сұлтан – бір таптың осылардай басты кісілері жүріп, Уәлиханды хан көтерді [104].

«Кенесары-Наурызбай» дастаны (бірінші нұсқа).

Кешегі өткен хан Кене

– Дүр гауһардың данасы [105].

Наурызбай мен Жанқабыл қақтығысы (екінші нұсқа).

Кіші жүз: Алшын, Жаппас: бес Жаппас, төрт Шөмекей: «Кенесары ханға қараймыз, бізге зекетші жіберсін!» – дегенімен жүз жігітке бас қылып, Наурызбайды жіберген [106].

Тарихи бір дерек

Тарих ныжырытден тоғыз жүз отыз бесіне [935-не] мықтима [ғы] шыр берген елі – мемлекет Иран. «...» – переводы (переуаты): Румиды-Иоһаны да «аю адам» – демек дүр. «Дарап Фиалқос қызын тізуж Елемес екіқабат буаз күнінде төркініне апарып таста!» – дегенмен бір бұз [ық] ойрана үйіне (үйіріне) өлтіріп тастап кеткен үстіне аң аулап жүрген Фиалқос оқтай ұ [шырап] тауып алып, қатын өлі, шырқырап жана туып жатқан бала тірі, аса бір қылып алынған Дара Дарапбаласы Ескендр баласы болып... бірі бәйбіше тоқалды.

Бұл Ескендр [Александр] – Платон шәкірті болған, меші [т] ұстауға... болып, рысту жолдас болғандықтан, көп жер алды. Бани Сирия Жұж Ома Жұж ұлан бұ дегел-дір. Ол иманды Хымир қыбыласынан [107].

Бір сапарда отыз кісі жорықтас болыпты. Он бесі – мұсылман, он бесі – Мұхтырса бір дарияға кез болыпты. Бір қайық: он бес кісі... жайлы отыз бірі мінсе, су түбіне кететұғын түр [і] ба [р]. Мұсылманның біреуі оқымысты ғалым екен: – Менің бір Інжіл кітабынан жаттап алған өлеңім бар еді. Сол өлеңді айтып оқып жүріп, соның бұйрығымен сендерді алқакотан отырғызайын «аралатпа» қылып. Сонан соң: «Бір, екі» – деп, отызға жеткенше санайын. Отыз деген сан кімге тоқтаса, соны дарияға тастай берейік.

Бұрынғылар: «Осындай жеребе (зиребе) қылып, жеребеге шыққанды тастамақшы болысқанда, Жүніс (Иүніс) пайғамбар жеребеге шығып, дарияға тастап, қалғандары аман құтылған екен», – деген соң, Тауратта, Інжілде, Забурде – бәрінде бар сөз.

Естігендері:

– Рас, рас! – деп, костап, ғалымның сөзіне «кылша мойным мұнша!» – деп, бәрі де қатысты, «Тастай қатып, сүттей ұйып», ғалым бәрін аралатпа кылып, реттеп, орна істеп орналастырыпты...

Кеше Мұса, Секербай заманында торышолақ атпен Тұяқ деген жолдаспен кырык бір жасында Арқаға – Ошақты-Қоңырбай халфе келген. Халфе Хұсайынұғлы... касиеткерде болып, бес жыл кызметлерінде тікесінен тік тұрып, дұғай фатқасын алған екен. Момын ахон, Сағындық ахон ғылым алған екен. Өзі пір болып, мүрид бастап тұрған күнінде астананың қызына жүз қошқар апарып салған. Халифе Хұсайынға қасына жүз қошқар, алпыс кесек ак... алып барған. «Ел камын айтқан жаксыны // Сөйлетпей ұрар ұртына» [108]. Олардың бұл Россияға табиғ болған уақыттағы хандары – хан тұқымынан емес, карасүйектен [109].

Өзбек хандары туралы

Шайбани ханларынан Ғабдолла – ласымила Самарканд Бұхараны Мырза Бабыр ибн Ғұмар шайхының Уакқасы өліп, мазбүр Бабыр хан кашып, қала Қоканд шаһары бина болмыш мұзхидан кешіп, буаһада бір һұшияр адам Өзбек ұрығынан тұрғауия мініп, кыбыласынан Бабыр есімлі бидің тағылымы тетбірі бірлан. Мұның нәбирелерінен бір тағылыны кемел тахмал отызын елелбас зәріне дүріп хырир бастық уәзіріне жатқызып, орап алтын бесік ішіне қойып: «Бірнеше күнлер сахараларда бақтырып, киік емізіп, жүр екен. Құс жем беріп жүр екен» – дегізіп, кезегінде Бабыр ханның әулеті «Алтынбесік» – ат қойып, хан көтерген.

Қокан ханларының әуел басы қулықпен жасап, хан сайлаған. Ақырын және сөйлеу керек. Әндіжан (Андижан) мерғытынан атырабында түбі-тегі кырғыз Сахрауи Ысқақ қазының Болат (Полат) есімлі баласы Мерғынанда тахсыл қылып, атасы Бұхарай Шәріпке ғылым тахсылына жіберген сапарында Самарқанда Болат ибн Мұрат – ханына жолығып, оған (аныңа-онына) бір хыжырада тұрмыс аз медет ішінде Болат ибн Мұратхан қыста өліп, опат жетпісте. Болат марқұмның Лепес (Әліпби) кітап өсер ашия. «Күллі мұның әлінде қалмас

кітабының ішінде Мұстафа (Мытыфи) Болаттың алтынмен жазған шежіре қағаздар емес, бұ зат еліне қайттығы заман бүліне (бойлына) береміз бе?» – деп, уақта (уақытта) Мұстафа өліп, өз інісі Мұратханның ұғлы Болат деу тыстық етер-місте бірден-бір хандық ретпесіне сағади етіп, ақырда бұ былая душар етпестер. «Бұ хабар Сейхым иса Ферғана ханлығы бітта (тіпте) Бабыр ханның ұлы» – десіп, хайла ила бір хан түзілмес екен. Ақырына ойла бір дұзма хан елінде (әлінде) нықыраз ұлдығы тауық ғыраба дін дүр. Бір істің біттесіне ила фыттақ Өлпірсе (Өлірбісе) ақыры оған (аныңа) тама ма? Ер шор құлының мастық самғайына көрілді. Ол да ағаш басына асылып, хан көтеріліп еді. Ең ақырғы хан атына құмарланғандары ағаш басында тұрып өлді. Нақақ нәрестелері кытылының жазасы болды.

Мәшһүр Жүсіп «Ғибратнама» өлең (бірінші нұсқа)

Япырмай, кессем бе екен мен тілімді,
Үйрендім қайдан өнер көп білімді?! [110]
Өткіздім қасірет пенен капалықта (хапалықта)
Қызықты ойнап-күлер мезгілімді.

Жатпадым су түбінде садап [111] болып,
Күнінде шықпас па едім дүрге толып.
Байғыздай тас жастанып, тауда жатпай,
Сықылды болдым қарға: ұшып, қонып.

Болдым ғой өнерімді тауысқандай,
Мерт болдым – Айға шауып арысландай (арыстандай).
Сұнкардай биік шыңды мекен қылмай,
Шықылықтап көзге түстім сауысқандай.

Сөйлеуден тыйылмаған қызыл тілім,
Өттің бе зарланумен қайран (хайран) күнім?!
«Түлкінің қызылдығы өзіне сор», –
Болғандай болдың маған өнер-білім.

Ішім – от, сыртым – жалын: қайнағаным,
Бұйырған, жұтқан күмән, шайнағаным.
Жаныма тыныштығы жоқ, өзіме – қас:
Бұлбұлдай жағып жұртқа сайрағаным!

Сайрауға дәрменім жоқ, тұрмын қажып,
Ұзын түн ұйқы көрмей, жүдеп азып.
«Лышһырт апте» – деп айтқан хадис,
Мен жүрмін құтыла алмай, тілден жазып.

Айналдым (айландым) болып бұлт [112] биік тауға,
Іліндім болып шортан – жібек ауға.
Тілі жоқ көп мылқаулар тыныш [113] жатыр ғой,
Қызыл тіл, сен басымды салдың дауға.

Ақылды аузын жауып, ділін ашқан,
Бұл күнде ғақыл, білім бізден қашқан.
Ішіне ақымақлықтан сыйғыза алмай,
Алтынды пұлын білмей, жерге шашқан.

Жатқанмен алтын жерде кір болмайды,
Жай тас пен дүрдің құны бір болмайды.
Жанбыры абрахмет [114] жауғанменен,
Садапқа төгілмесе, дүр болмайды.

Жанбыры абрахмет нұр болады,
Жауғанмен басқа жайға қор (хор) болады.
Жыланға-у, араға – бал, тасқа қына,
Тамғаны кара жерге сор болады.

Тікенге тамып кетсе [115], гүл болады,
Көзсізге – көз, тілсізге тіл болады.
Жауғанмен тауға-тасқа пайдасы жоқ,
Сай-сайдан ағып дария сел болады.

Ғаламға абрахмет нұрын шашар,
«Үстім су болады» – деп, надан қашар.
«Бір тамшы сонан маған бола ма?!» – деп,
Дарияда жатып садап аузын ашар.

Бұлттай жауатұғын менің өзім,
Көкірегім – қан, жаспенен толған көзім.
Жанбырдың абрахмет тамшысындай,
Ғаламға дастан қылып айтқан сөзім.

Бораған қардай болып бұрқырадым,
Жалғаннан суып көңілім, тоқырадым.
Бойыма алтынымды сактай алмай,
Болмаған мұныменен еш мұрадым (мұратым).

Бұл күнде алтын азып, жез болыпты,
Дүниеде жақсы-жаман сөз болыпты.
Гүл іздеп, Гүлстанда жүрген бұлбұл
Бір күні қаршығаға кез болыпты.

Сұрапты қаршығадан сонда бұлбұл:
– Жалғанда ынтызарым – бір қызыл гүл!
Қаршыға, сен де құссың, мен де құспын,
Ақылың сенің менен емес қой мол!

Бектердің оң қолында тұрағыңыз,
Ерттеулі күнде жүйрік[пы]рағыңыз.
Кекіліктің миы менен жүрегін жеп,
Табылған әрбір құстан мұрадыңыз.

Татисың қымбат баға, қадір пұлға,
Жүресің патшалармен шығып жолға.
Жазым боп, жазатайым түссен қолға,
Түсірмей ап кетеді қолдан-қолға.

Өткіздім мен әр түнді сайрауменен,
Басымды тікенекке байлауменен.
«Көрем, – деп, – қызыл гүлдің ашылғанын!»
Ұзын түн зығырланым [116] қайнауменен.

Қызыл гүл мен ұйықтамай, ашылмайды,
Көзімше аузы ашылып, шашылмайды.
Оянсам, ұйықтап кетіп, ашылады,
Қасіретім, бір көре алмай, басылмайды.

Зарлаймын ұзын түні: «Көрермін!» – деп,
Көре алмай ашылғанын, қасіретім көп.
Гұмырымда бір ашылған уақытын көрмей,
Барамын бұ жалғаннан уайым жеп.

Гүл үшін, тікен болды, жатқан жерім,
Барады бір ашылмай ішкі кірім.
Зарығып бұ қайғыдан [117] қанлар жұтып,
Тарқамай бұ жалғаннан кеткен шерім.

Қаршыға келді сонда жақындасып,
Бұлбұлмен сөйлескелі жауаптасып:
– Құссың да сен бір ақымақ, ақылың жоқ,
Бір гүлге пайдасы жоқ болған ғашық.

Сайрайсын түні бойы ауыз жаппай,
Қонасын сабырсыздан әрбір шаққа-ай!
Жетпестен бір мұратқа, мың сөйлейсің,
Сол үшін қалып тұрсың мұрат таппай!

Аузыңды, ақылың болса, жабар едің,
Үндемей сабыр қылып бағар едің.
Тілі жоқ мен сықылды мылқау болсаң,
Бір күнде мың мұратты табар едің.

Боласың сен ақылды менен қайтіп,
Зарықтың бір гүл үшін жапа тартып?!
Бір күнде мың мұратым болар хасыл,
Адамға үндемеймін бірін айтып.

– Қаршыға, мұны айтқан – сен бір ерсін,
Мұратын [118] әр пенденің Тәңірім берсін.
Табарым мылқау болып, мұрат болса,
Болмаған хасыл мұрат кете берсін.

Мұрныңды шошайтасың мақтағанға,
Жүруші ең келемеж боп көп тағанға.
Қолыңда көрінгеннің болып тұтқын,
Мәз болып жүріпсің де сақтағанға.

Бермейді саған етті қаныменен,
Бір құстың тояттатар саныменен [119].
Өзінді ертеден-кеш ашықтырар,
«Алсын, – деп, құс көрінсе, жаныменен!»

Бір ұрттам қан ішесің, бір құс алсаң,
Сен-ақымақ: тамақ үшін болған сарсан.
Арбакеш сарттарға құл болғанша,
Онан да жақсы емес пе өліп қалсаң?!

Жаратқан бір Құдайға жетер затым,
Зарланған ұзын түнде мінажатым.
Бітпесе бір мұратым, кетсін, барсын,
Ғаламға дастан болған «бұлбұл» атым.

Мұратым бітпесе де, көңіліме-тоқ,
Қарға мен сендей қаңғып жемеймін бок.
«Шіркіннің қаршығадай сайрауын-ай!» –
Деп айтқан бір қазақты естігем жоқ.

Құс болсаң, бозбалалар, бұлбұлдай бол!
 Табылар іздегенге бір қызыл гүл!
 Ет үшін бір-екі елі торға түскен,
 Тіл алсаң, бола көрме қаршыға сол!

Ташкент шаһарында Нияздың бұлағында Бұлтың – Қыпшақтың – Наурызбай қызы Әшіргүлді (Ғашіркүлді) «қаршыға» – деп, Мәшһүр өзін «бұлбұл» – [деп], жазған өлеңі еді. Бірі 37-де, бірі 17-де еді.

Жеке деректер

Бұрса шаһарында Жамғыкібір қыстағында жазылған. Миршә-місдин Мұхаммедалжыхары опаты 833-те хазірет қожа Баһаудиннің (Баһауалдиннің) пірзадасы Міркамал бабаның перзенттер рыжымыныдлар сұлтан Баязид илдірімнің дамай хикаясы – Мәшһүр: Нух ғалайссалам заманындағы кемпірдің үйінің орыны сол жамғы кібірінің ортасында, бір кішкене қуыс ішінде балықлар ойнап жүреді.

Топан суынан саламат аман қалған. Хазірет Нух ғалайссаламға күнде бір аяқ қатық беріп тұрғандықтан, кемпірдің үйінің орыны сол қуыс айналасымен айналасына тас төсеп тастаған [120].

Төрелер шежіресі

Барақтың бір қатынынан: Ханбаба төре, Маман, Таһир, Бөкей – төрт ұғлы болған. Ханбаба ұғлы Досан, Досан ұғлы Қылыш төре, мұнан-Ибраһим төре. Мұнан-Жүніс (Иүніс) төре. Бұ әулет Бура елінде Өскемен (Өсткәмен) атырабында дүр. Үш ұғылға: Маман, Таһир, Бөкей төрелер әулеттері (ауладлары) Қарқаралы елінде жүрірлер. Қарқаралы мәдесінде: Жазылан (Иазилан), Сақып, Мансұр. Бөкей хан болып, мұның ұғлы – Шыңғыс төре, мұнан – Жамантай хан дүр.

Ғылым-білім

(төртінші әңгіме)

Ағузу билламин ал-шайтан ал-ражим бисмилла ал-рахман рахим!

Қыталын халық ғыбрада палак жаратты [122]. Қытрадан гауһар пак сактамак опа кіләмік барша мақұлықатты (мақұлықатын) жаратушы – халық оразық Алла тәбәрік отғылының құдіретіне сыяды. Бай десең, Құдай – бай; мырза десең, Құдай мырза; күшті десең, Құдай күшті; шебер десең, Құдай шебер өзі. Өзіне шын жабысып, кажет (хажыт) тілеушінің (тілеугішінің) кажетін шығарады. Дәрғаһына тіленші болғанның тілегін береді. Дәрменде (дірманда) болып қалғандарды дәрменділіктен құтқарады, мұнлылардың мұңын таркатады, ауруларға шипа береді. Тәубе талаптардың (тәліптердің) тәубесін қабыл (қыбол) қылады. Мығпырт (мығғырт) талаптардың кұнаһын жарылқайды (иарылқайды).

Кәне, осынша жұмыслар бір Құдайдан баска кімнің колынан келеді?! Ендеше Құдайдан басканы мактау дұрыс (дұрсыйт) емес. Пак-легенде, калай пактейсің (паклейсің)?! Аузына тас, топырақ толғыр кәпірлердің, ұғлы бар, кызы бар деген сөзінен пак деп білеміз.

Яһудилер (Иаһудлар) ғазиз ғалайссаламды: «Ибн-алла» – дейді. Ұзырылар (ұнсарылар) Ғайса ғалияссаламды «Ибн-алла» – дейді. Бағзы кәпірлер-жүзкаралар періштелерді: «Құдайдың кызы» – дейді.

Алла тәбәрік отғылы бұлардың айтканының бәрiнен пак. Құдайда ұл да жоқ, кыз да жоқ. Өзі ешкімнен тумады және ешкімді тудырмады. Тумак, тудырмак Құдайда жоқ сипат, ғайып (ғиып) үшірік ныксаннан пак үмбізе деп білеміз.

Ол Алла тағаланы хош мактауымызға бір себеп керек. Мактаймыз бір Құдай тағаланы. Астымызда болған жерлерді, үстімізде болған көктерді (көклерді) жаратты. Ол жерде (ирде), ол көкте канша мақұлықтарды жаратты?! Және шеберлігі бұл емес пе: көктен жауған жаңбырдың бір тамшысынан дүрдің тасын жаратты. Дүниеде Құдай жаратқан жансызда дүр гауһар деген тастан асыл нәрсе жаратқан жоқ. Сол дүр гауһар жердің тасы, иа таудың тасы емес, жаңбырдың бір тамшысы. «Қүдіретімнің шеберлігімен осыдан (осынан) білсін!» – деп, калай Құдайдың жаратуы?!

Март числосының тоғызында Күн хамал бір және енеді. Сол күн Наурыз болады: «бірінші хамал» – деп, саналады. Сол хамалдың он бірі өтіп, қалған он тоғыз күнінің ішінде жауған жаңбыр, яки кар «Абнисан» – деп аталады. «Рахмет жаңбыры (иамғұры)» – делінген сөз. «Қазактан не сұрайсың? Осыны: «аблайсаң» – дейді. Алланың

абрахметін «аблайсаң» – деп, сөйлеп жүрген жұрттың ішінде жарылып өлмей жүргендігің – осы да өзіңнің аман тұқым табиғатлығыңа заһрүр үшін бір дәлел (далил).

Бұл «абрахмет» аталғаны – көк пен жер жұп: бірі – байы, бірі катыны есепті. Бұл абрахмет – бала болатұғын суы. Онан соңғы қар болсын, жаңбыр болсын, шық суы болсын, – бала болмайтұғын су, бала-шағасына киім, тамақ есепті жіберген нәрселері. Бұл абрахмет ағашқа – жапырақ, тікенге-гүл, сахараға-лала қызғалдақ, араға-бал, жыланға-у, тұздың кеніне тамса – тұз, тақыр жерге – ащы сор, қара тасқа – қына. Күллі дүниенің жүзінде өсіп – өнетұғынның бәріне өсім, тұқым осыдан болады.

Сонда мұнша мақұлықат мұның абрахмет екенін біліп, құмарланып, керек қылып тұрған жоқ. Құдіреті күшті Құдай өзінің құдайлық мейірі тасып, жаудырып тұр. Жанды-жансызда мұны керек қылғанда, ұшы жоқ ұзын, түбі жоқ терең дарияда жатқан «садап» – деген бір кішкене нәрсе: «Абрахметтен аузыма бір тамса-су!» – деп, дарияның бетіне қалқып шығып, ынтасы құрумен, іңкәрланумен аузын тосады. Сонда бейпіл жауып тұрған жаңбырдың бір тамшысы оның аңқитып ашқан аузына тамбасқа шарасы бола ма, тамады. Бір тамшы тамған соң: «Болдым, тойдым, маған енді басқа дүние бір тиын құрлы керегі жоқ!» – деп, бір тамшыны қанағат қылып, дарияның түбіне барып, керек те іздемейді, дәнемені де керек қылмайды, тырп етпей жатып алады. Сол іңкәрланып, құмар болып, ынталы жүрек, шын көңілмен аузын тосып, бір тамшыға қанағат қылғандығының қасиетімен әлгі тамған бір тамшы садаптың қарнында дүр гауһар тас болады. «Дүр гауһар» – деп, дүниеге аты жайылып, өзін көруші аз болатұғын асыл сол қашан да болса, асылдың аты жұрт аузында болып, өзін көруші аз болмақ. Аз түгіл көруші жоқ та болмақ. Танымаған иттің көргені не, көрмегені не? Итке дүр гауһар тастан да ауыздан ішіп, арттан түсіп қалатұғын нәрсе қадірлі. Уай, айналайын, құдіреті күшті Құдайым-ай, шеберлігіңнен ғана айналайын-ай!

Ол садап та жалғыз-ақ біреу ғана боп жаралған мақұлық емес. Балық, бақа сықылды сулы жерде болатұғын о да өзалдына бір түрлі жаратылған көп мақұлық осы Сарыарқада да болады, адам айтар емес, көп болады. Суалған көлдің орнында, құрып тартылған өзендердің орнында жатады. Бірақ бұл сахараның мақұлығы қазақ қандай на-

дан болса, о да сондай надан болады. Солай болатұғыны үшін дәлел сөз мынау: «Ол бейшара да өзінің дариясында болмай, қазақтың сахарасында болғандығына әз тұтып, күндіз-түн күйіп өртенумен іші қап-қара болып кетеді!» – дейді. «Дарияда болсам, өзімнің ғылымды-білімді хәм жынысларымның ортасында жүрсем, мен де сондай абрахмет жаңбырына аузымды тосып, қарнымдағыны дүр тасы қылып шығармайтұғын ба едім?! Бұл жерде жатып, тостым не, тоспадым не?! Бір ит садап екендігімді танымай, езіп, жаншып, жоқ қылып кетеді ғой! Қазақ итке қой қорасына қалатұғын қолақпандай қара тас керек. «Көзге ілінбейтұғын, тырнақтың көлеміндей тасты – жолында жатпақ түгіл, қойнында жатса, не қылсын?!» – деп, сол үшін садапты қайда көрсең, сырты ақ болады да, іші қап-қара болады.

Шал тіліне маһыр болған Уәлиалла-лардан бірі сахарادا келе жатып, бір Лала деген шөпті көріп, қып-қызыл болғанына қызығып, әдейі қасына келіп, айналдырып (айландырып), тамаша қылып қараса, өзегі көмірдей қап-қара екен дейді. Сонда ол Уәлиалла сұрапты:

– Ай, Лала, атын жер жарушы еді! Қай әулиенің кітабын оқысам, екі сөзінің бірінде: «Лала!» – деп, қаксай түрегелуші еді. Бұ қалай, атын да қызықты, сырт көрінісің де қызықты, жүрегің қап-қара. Егер сенің жүрегіңнің қаралығы надан қазақтың жүрегінің қаралығындай болса, онда сен – аузы Алла тағаланың өзінің құдірет аузы болған әулиелерінің аузында әңгіме болып жүрмес едің. Бұл жүрегіңнің қара болғандық сырын айт! – дегенде, Лала жылап қоя берді дейді:

– Уәлилынаның сауалы – Лаланың жауабы. «...» Сонда Лала айтты дейді:

– Не қылайын, тағдыр әлһиға қылар шарам бар ма?! Бау-бақшада райханмен қатар тұрсам, мені көрген заман есіннен айрылып, итше ұлыр едің! Кім-кім болсын, сахарادا болды, халі осы-дағы. Осы Лала екендігімді таныған кісіні көрсеткеніне шүкір, Құдайдың осы бергені де болады. Енді разымын – жасаған жасыма, сүрген дәуреніме! Бұл садаптың (садапның) бір тамшыға қанағат қылатұғын – бәрі емес, мыңнан бірі. Көбі аузын аңкитып: «Тамған үстіне тама берсе екен!» – деп, аша береді. Сонан соң ол тамшылардан меруерт болады. Меруерттің бір-бір данасы абрахмет жаңбырының (иамғұрының) бір-бір тамшысы. Міне, Құданың (Құдайдың) шеберлігі! «Әр не жерінде» – деген осы ма? Біздің сайын далаға қанша жауғанмен, бір меруерт

бола ма? Атаның зылбынан (сылбындан) ананың рыхымына барған бір тамшы судан қанша жан дүниеге келіп жатыр, кетіп жатыр, – есебін бір құдірет өзі біледі, онан басқа кім біледі?! Ан хазіретіміз Мұхаммед әл-Мұстафа ғалия-ал-сылут уассалам (уалсалам) һәм бір тамшы судан гауһар пак болып шықпады ма?!

Ғылым һәм – абрахмет жаңбыры: қанша жан оқып жатыр, қанша жан құлағын тосып тыңдап (тыңлап) отыр?! Соның ішінде ағаш сықылдыға жапырақ (иапырақ) болады, тікен сықылдыға гүл болады, сахара сықылдыға лала – қызғалдақ болады. Ара сықылдыға бал болады, жылан сықылдыға у болады, тақыр жер сықылдыға ащы сор болады, тас сықылдыға қына болады. Садап сықылды оған аузын тосушы қайда? Аузын тосқанмен, бір тамшысына қанағат қылушы қайда?! Жылан сықылдыға у болғандығы мынау. Мен Бұхар, Ташкентті кездім, үш жүздің баласы қазақты араладым. Қой жылы жалған дүниенің жүзіне (иүзіне) келдім. Бес «қойды» қолдан санап [қазақ жыл санауында 12 жылдан соң қайта айналу бар екенін ескерсек, «бес қой» – дегені бес жердегі он екіні қоса есептегенде, 60 жыл болады. Демек осы сөзді жазғанда, жасы алпыста, 1918, не 1919 жыл екенін айтып отыр – Н.Ж.], өткіздім. Бай баласы барып, мешітте, медреседе сарғайып жатып, молда (молла) болып шыққанын көргенім жоқ, естігенім де жоқ. Ғылым іздеп (ізілеп) кашқанда, ноғайда солдаттықтан кашқан, каш [қын] екен. Қазақ болсын, ноғай болсын, сарт болсын – өзінің туған шешесі өліп, өгей ананың қолында қалған жетім бала қашады екен. Ата безер, ана безер, ұйқышы, жалқау, кежірлер әкесінің: «Тұр, малға бар, пәлен қыл, түген қыл!» – дегенінен тынышы кеткендер қашады екен. Сонан соң ол қайда барса, онда барсын: «Ғылым-білім үйренейін, Құдайды таныын, дін таныын!» – деген ниетінде тіпті жоқ. «Қай ишанның көжесі мол, қай ишанның наны мол, тегін тамақ қайдан табылады, қай қалада шәкірт халқына ақша пұл көп түседі?» – мақсат, мұраты осы болумен күнін өткізеді екен. Өз басына қайсы ғылым пайдалы, нені білсе, көзі ашылатұғынымен жұмысы жоқ. Надан неге құмар? Надан – өзіне залалдыға құмар. Сонда оның және хырыс болып тығылатұғын оқуы – «Нұсырып мантық» болады екен.

Әкесі – қазақ, шешесі қазақ: қазақ тілін өзі және білмейді, өзінің білмейтұғындығын тағы білмейді. Жаһыл міріккап болып жүріп: «Сарт тілін, араб тілін, араб тілін білемін!» – деп, әуре болады екен

де: «Ит жаманы анда да жок, данда да жок», екі ортада бос қалады екен». Ал, енді мұның бар білгені – өз басына пайда бермеген соң, бұл жылан болды.

XXX

Оқыған оқуы у болды. Бұл ойлады: «Бұл оқу оқымақтан мақсат: мұнымен дүние тауып, бай болмақ, қатын алмақ, ағаш үй салмақ, мал малданып, жан жанданбақ» – деп, есі-дерті уыз жас күнінде тамағы тою, сый көру, төрде отыру болған соң, бар ғұмырын соның жолында өткізбек болды да: «Ғылымнан мұрат – Құдайды танымақ екен – деп, – бұл ғылымды білген соң, жалған дүниенің жүзінде та[пқан] нәрсенің иненің жасуындай керегі жоқ екен!» – деп, ғылым іздеген (ізлеген) бір жанды көре алмадым. Бәрі де оқып жүр: қыс өзі оқыса, жаз бала оқытпақ-алыпсатарлық. Ғылым-білімді бір дүние тауып аларлық құрал-сайман біліп, оқып жүр.

Ғылым. Он сегіз мың ғаламды жоқтан бар қылған Құдайдың өзінің бір сағаты болса, бұл ғылым орнаған адамға жалған дүниеде енді ненің керегі болады?! Қағаз таусылып қалды, иншалла, акырына со...

Құлақ – телеграмма, ауыз – телефон, көз айна есебінде... аяқ-отарба, өт – параход, кол – машина, мұрын – воздух [ауа]. Ұят жер – дүлпаньнды дос қылып беретұғын күшті қару. Көз – Шам-шарип. Ауыз – Мысыр, екі құлақ – Мекке, Мігірме, Медине, мин фара, кол – Хорасан, бұт – Бұхара. Онда тамам әулие болса, мұнан да тамам әулие шыққан. Мұрын – Шынмашын, аяқ – Америка.

«Жок, бекер!» – десен, осының бірін соларға айырбаста.

...Өз үйінде тұрған жеті көкке таң – тамаша бол. Өкпең – бірінші аспан. «Неге?» – десен, бірінші көкте Ай не қызмет қылса, өз дененде өкпең соның қылғанын қылады. Құрсақ-екінші аспан. «Неге?» – десен, екінші көкте ғытард не қызмет қылса, құрсағың өз дененде соның қылғанын қылады. Бүйрек – үшінші аспан, «Неге?» – десен, үшінші көкте зыһре не қызмет қылса, өз дененде бүйрегің соның қылғанын қылады. Жүрек – төртінші аспан. «Неге?» – десен, төртінші көкте күн не қызмет қылса, өз дененде жүрегің соның қылғанын қылады. Өт-бесінші аспан. «Неге?» – десен, бесінші көкте мірих не қызмет қылса,

өз денеңде өтің соның қылғанын қылады. Бауыр – алтыншы аспан. «Неге?» – десең, алтыншы көкте міштірі не қызмет қылса, өз денеңде бауырың соның қылғанын қылады. Талақ – жетінші аспан. «Неге?» – десең, жетінші көкте захал не қызмет қылса, өз денеңде талағың соның қылғанын қылады.

Миың – кіріс, ғақылың – ғарыш ағзам, қуат – махафазаң, лух лахфух. Қуат – тәңірің, ғылым (қылым). Басыңның – жүзінің сідірті әлментіһи. Шарғына сырарыпған – денеңдегі: зерде-қан, қакырық, қарақұрым, молдышылашың.

Қан, жан, ғақыл

Бірінші айылымда... бастағы шашың. Екінші айылымда – Мекке, Мікірме, Медине, Мінурә. Екі көз, екі құлақ, екі танау. Үшінші айылымда – Мысыр, Қыдыс, Шариф, Дымшық, Багдад... Ауыз – жұтқан тамақтың жүрер жолдары. Төртінші айылымда – Хылып, Азербайжан, Диаргер, Мұсыл, Тебриз. Екі емшек, кесер кеуде, жүрек тұрған жер. Бесінші айылымда – екі қол: натазлы сүйіс, рызырых, Хорезм. Алтыншы айылым – ұят жер тұрған жер: Бұхар, Самарканд, Былхыбыд хышан. Жетінші айылым-аяқ: Қаракалпак, Өзбек, Шағатай, Қашқар, Ұлынғай, Портқал, Еңлиз мемлекет, Қыпшақ, Сықалба, Болгар – осы.

Шыналин халық ғибрад палак жаратты. Қатреден гауһар пак.

Хазірет сопы Аллажар Рахметолла ғалия рахметуаска мұны айтпақтан. Мұраты – көзге көрініп тұрған мақсат не білдіруі емес. Көзге көрініп тұрғанның жаратушысы кім екендігін ұшқан құс, жүгірген аң – бәрі біледі. Көзге көрінбеген мақұлықатты Құдай тәбәрік отғылының қалай шеберлікпен жаратқанлығын біліп: «Адам атына муафиқ боламын!» – дегендер өз бойында не барлығын танып білуі үшін сөйледі:

– Егер Құдай тәбәрік отғылының шеберлігін білемін десең, өз бойыңа жақсы қара, ғибрауа палак баршасы өз бойында түгел. Жерде таулар болса, денеңде – сүйектер. Жерде – ағаш, шөптер болса, денеңде – шаш, түктер. Жерде – жеті қылым болса, денеңде көз – бір, құлақ екі, мұрын – үш, ауыз – төрт, қол – бес, аяқ – алты, ұят – жер – жеті. Өз денеңде болған жеті қылым – осылар. Жерде зілзала болсын,

дененде түшкірмек, селк етіп шошып калу бар. Жерде өзендер болса, дененде үш жүз алпыс қан тамырлары бар. Жерде ащы, тұщы бұлақтар болған болса, дененде: құлақта – құлық ащы, көзде – жас тұзлы; мұрында сіңбірік иақұл-ды. Ауызда – тілдің түбінен шығатұғын су тәтті. Құлақта құлық ащы болғаны, ұйықтап жатқанда, бір қасірет кірмекші болса, ащылығынан жиреніп, қайтып шығар... Көздің суы тұзды болғаны – көздің айналасы – май, тұз майы де [лінеді] [122]. Мұрын суы нақұлай болғаны лашия иғырыф бастады. Жақсы істен баһра алуы (алсын) үшін, ауыз суы тәтті болғанда, жеген тамакка ләззат қосып, қызықты, сүйкімді көрсету үшін, жерден өсіп-өнген нәрселерден адамның денесінен өсіп-өнген нәрселерді [н] асыл болатындығын сонан біл. Өзге жоғарғы жақтағы бибаһа асылдарды былай қояйын. Адамның денесінде бір жаман соқыр бар. Қасын керген қыздарды, жасын керген ұлдарды дүниенің жүзіне шығарып тұратұғын қуың-сол.

Хош енді палак өз бойыңнан табылатұғынын кара. Ағузи биламин... ал-ражим уасүназат.

Әл бұрыж. Аспан көкте он екі бұрыж бол [са], дененнен екі құлақ, екі көз, екі танау, екі емшек, ауыз, кіндік, төменгі екі жол. Палакта сыбаға (сыбаға) се [к] сен жеті жұлдыз бар болса, дененде: өкпе, қымыр, құрсак... бүйрек, зыһре, жүрек, шәмис. Өт – мырынхиш, бауыр – міштірі, талак – захыл. Палакта көп жұлдыз болса, дененде көп тамырлар, сіңірлер. Палак та – жиырма сегіз мінезлі, денен де жиырма сегіз хуос (куат). Палакта – үш жүз алпыс (алтмұш) дүржат, дененде – үш жүз алпыс қан тамырлары.

Палакта ғынасыррыбға болса, дененде зерде – от орнында, қан – жел орнында, қақырық су орнында, қарақұрым – топырақ орнында. Ол төрт ғынасырдан мәуліт шылаша болсын, ж... төрт хылтар жерін һәм мәуліт шылаша орнында туатұхылд [ан] бар.

Күндіз – адамның шаттығы (шатлығы) [124], түн – қапалығы. Көкті құрсаған бұлт – адамның лез [де] өзінен қуырылып шытынбағы. Оның айықканы – адамның жадырап отырмағы. Күн күркіреген [і] – адамның дауысы. Жалт еткен нажағай – күлкісі, жаңбыры – жылағаны. Жалғанның жүзіне хошлық беріп тұрған жел – дем алыс. Көк жолында құстың жолы – қасы, жаңа туған ай – құлағы, толған

ай – жүзі. Түн қараңғылығы – шашы, атқан таң жарық [т] артқан – маңдайы.

Қайсыбірін айтайын: аспанда болғанның бәрінен де адамның денесінде болған – асыл. Маған десең, біреуге көңілің кетсін, шала құмар қар...нда далбаса етсін, есі-дерті біреуге кетпеген ит бұ сөзімнің кадiрiне пайда үшiн...

Алла тәбәрік отғылы абрахметінің бір қатресін садаптын қарынында дүр гауһарды жаратқан секілді (шекiллi) ан хазiретiмiз Мұхаммед Мұстафа ғалия сылат сiләмдiнi хәм бiр тамшы судан пак гауһар кылып шығарды. Сен өзiң хәм әуел өзiндi танысың. Сонан соң өзiндi қандай шеберлеп жаратқан Құдайдың құдайлығын танысың. Онан соң хылақ зымимадан балаклие шығып хылақ хамиде бiрлан матсып (мытсып) болсаң, нәпсi, ниет миғылып болып, руханат ғалыб болсын, ферғауынлықты қойып, Мұса кәлималла болуға Әбужаһил пактi қойып, хазiрет хабиб Құдай Мұхаммед Мұстафа ғалия салауат уассалам болуға сағи қайрат [қ] ылды. Өзiңнен пани охық... болып калсаң, өзiң де сол бiр тамшы гауһар пак боласың да қоясын. Самуат ойыны тұтты, мақұлық (мығлұқ) жиһане әкiмдi көрсеттi қарасын. Құдай тәбәрік отғылының шеберлігін: адамның сыртқы қабығы – топырақ, оның iшкi қабаты – қан су орнында. Оның iшкi қабаты – жанның буы жел орнында. Оның iшкi қабаты – рух хайуаны – жүрек: кызуы охар орнында. Оның iшiнде көңiлдiң жетi түрлi калыбы бар, ол – жетi көк орнында. Көңiлдiң қалыптары (қалыплары): әуелгiсi – ет жүреклiктен шығып, кылып деп айтуға садық болса, ғакыл иесi болу [үшiн] хақ илан батылының паркын айырып, мумин мұхит болады. Екiншiсi – сыдырлық мытғың бiр болып нышырах сыдыр боласың. Үшiншiсi – хыбтет алып, ғам онша... ол ауа (һуа) иламынзы а...асын.

Төртiншiсi – маһжата алкап әлхам жамалы рахманы уалхам жалалы нәпсi не болып фератыла фiрқакi билесiн. Бесiншiсi – шықпасыны жазба хақына алып хып дүниеден балкайа кешiп, өзгесiн. Алтыншысы – фуат, уардат рахмания хасыл өлiп, әл-хамат ныхсаниядан халас болып, мынтаһыр жамал өлесiн. Жетiншiсi – суыда тахсил сыдык етiп, сыдык өлесiн. Оқылбек мұрат жамал үнзiрге зуал жабал боласың. Ұнырух зор росрұд ила төлесiн. Өз үмкеннен хырож етесiн. Мыкамiк ұлан самай ғамая ғұрыж етесiң. Ғындмiлiк мұхтасар ғындызе нiбия ила мыккыз садақа келесiң. Уабдала бад онда хызыр

оғұс етесін. Удірін дәл де рух нысан. Мұның заһыры кіріс опатны ғарыш рахман дүр зерге қылып һылғыр пан (хан) бет хазірет Рахман дүр неге кім Хак тағала маусыға зиулесмынаны осыны қылып... қалай сығырдойы қасірет есебін тауып, Ғаршы-күрсі Лух қалам – барша ғаламды бір жапырақ еттің ішіне. Міне, Құдіреттің шеберлігіне шек кел [тіру] болмасын.

Құдай тәбәрік отғылы құдайлығын жақсы-жаманға, кәпір-мұсылманға, жанды – жансызға – тегіс көрсетіп қойды. Күн мен Айдың сәулесін алтын кешке де түсірді, адам жиренетұғын, иттен басқа жемейтін нәжіске де түсірді. Өзіне жақын болған, айтқанын қылып, айдауына то [к] таған так Сүлеймен, Ескендр Зұлқарнайынға да билетті дүниенің жүзін. Өзі: «Құдаймын!» – деп, Құдайдың құдайлығымен қарсыласқан Намұрт ұстат ферғауын киянатқа да жетті. Кәне, осы істі Құдайдан басқа кім қыла [д] ы?!

...Міне, құдіреттің шеберлігі – жеті қат жердің тұрағын – бір шабақ балықтың мойнына көтеріп қойды. Оның мысалы өз бойында тұ [р]. Жеті қат жерде болған нәрсе түгел табылған дененді кішкелігінен һәм асылдығынан бір дем алысқа көтертіп қойды. Денеңдегі үш жүз аяпыс тамырдағы қан – бір дария, дем алысың соған кіріп-шығып тұрған бір шабақ балық. Күллі денені жұмысқа жаратып тұрған – жалғыз-ақ дем. Ол демнің өзінің үлкендігі сіркедей де жоқ. Сірке деп биттің ең кішкелесін айтады. Ауырлығы һәм сіркенің ауырлығына жетпейді. Көптігі бір-ақ жым. Сол өзі біресе кіріп, біресе шығып, суда шөлге, буға жетіп жүр [мей], шығып батып, шығып батып тұрады. Барша жан-жануардың тіршілігі жерден үлестірілгендей, күллі дүниенің тіршілігі осы бір демнің әрқайсысын бөліп тұрады...Дүниеде көктің асты, жердің үстінде бір жыл: он екі ай – өзін төрт фәсіл (пысыл) қылып, жаратқан болса, өз дененде де туғаннан өлгенше жасаған жасың – бір жыл: он екі ай – он екі даруаза есебінде болған ағзаларың, жеті күн кінәсадыр болатұғын жеті мүшен. Үш жүзалпыс күн – үш жүзалпыс тамырың. Сәби күнің – жазғытұрым, жаз шілде... мосқал қыркылжың ш [ағ] ын – шаш-сақалыңның [ағарғаны] – қар жауып, зымстанға айналғаның [124].

Ғылым-білім

(бесінші әңгіме)

Құдай тағала... Алла тәбәрік отғылы өз құдіретіменен хазірет Мұса галайссаламды Құдірет өзінің сөйлестіргемі илан періштелер де сөйлемектің барлығына дәлел ныхойынлар... – деген хазірет Біләл ризиааллағынаның шын әрпін (хырпын) сын қылып айтады екен [125]. Азан айтқанда: «Саһымдан ла – ила –Алла!» – дейді екен. Сонда естіген жұрт:

– Шынға тілі келмейді, мұның айтқан азаны дұрыс бола ма?!» – дескенде, періштелер айтқан екен:

– Біләлдің «сыны» Құдайдың қасында «шын» болып жазылады, – деген екен.

Біздің қазақ тілінің ішінде періштелердің бір сөйлеген сөзі жүр: «Кеткенің келсін, кемтігің толсын», – деген. «Оны қай орында айтты?» – десең, Құдай тәбәрік отғылы екі періштені әдейі арнап, екі жұмыстың басына қойған. Бір періштенің қиямет қайымғаша тәсбиһы...

...Құдай:

«Кімде кімнің колы ашық, береген болса, соның есесін бер, орнын толтыр!» – деп тұрады. Қазақшасы: «Кеткенің келсін, кемтігің толсын!» – деп, тілеулес болады. Бұл Хадис Шариф бірлан айтылған сөз. Кәлам кадимда былай бұйырады: «...сізлер бір нәрсені айғақ (тығақ) қылсаңызлар, яғни... «Құдай ризалығы үшін!» – деп, берсеңіздер, Алла тағала ол берген нәрсеніздің қайым мықабын даярлап тұрады.

XXX

Алла тағаланың Калами хырыпсыз, әуезсіз. Бұлай болғанда, Кәлам-Аллада жазылды: «Әріп (харып) болды, пенденің аузы оқыды. Ауыз табылды, нұсқасын көз көргенмен, ауыз оқығанмен, Құдай тағаланың каламы болмады.

Енді ол қылғанды... сөзі болады. Алла тағаланың ғылым сағаты [бар] пенденің көңіліне нұр төгілсе, мағынасын мылақызы қылып, ауыз оқып отырғанда, көңілмен сенбей жалығып отырса, көңіл жұмысымен жұмыстаса, сонда Құдай тағаланың каламы болады.

Адамда ауыз тілі бар: «Қал тілі» – дейді. Көңіл тілі бар: «Хал тілі» – дейді. Оның ар жағындша рух тілі бар: «Жан тілі» – дейді. Оның ар жағында сыр тілі бар: «Сапар тілі» – дейді. Тіл тауқымет екендігін аңлап... мылахаза кылып отырса, көңіл махаббатта екенлігін аңлап, хибһім хибунаны мылахаза кылып отырса, жан құрметте (құрбетте) екенлігін аңлап... мылахаза кылып отырса, шырмыша һәдінде екенлігін аңлап...

Осы айтылғанның бәрі бір денеден даяр болып, табылып отырса, сонда Құдай сөзі болады. Көңіл қызметі араласпай, құр ауыз оқығанмен, Құдай сөзі болмайды. Үйренумен тоты құс та окиды. Граммафон да окиды. Бұл күнгінің көбі не тоты құс, не граммафон: Құдай сөзін Құдай сөзі кылып оқығыш не десе, Алла тағала өзінің...

Мұхаммед Мұстафа салиалла ғалайссаламға әуел мағынасын білдірді. Сонан соң хазірет Жебірейіл ғалайссаламнан қарасын жіберетін, бір-бірілеп жіберді. Ан хазіретіміз хазірет Жебірейіл ғалайссаламнан үйренген жоқ. Құдіреттің өзінен ғылым сағатынан келіп жалғасып, бастан-аяқ бәрін сонан біліп қойды. Солай болғаны үшін Хадис қыдысы былай сөйледі: «...Бір пендеме дос тұтсам, оның құлағы – менің құлағым, оның көзі – менің көзім. Оның тілі – менің тілім!». Бұл мақамды: «Мақам түсті!» – дейді. Ша...нсор осы мақамды көтере алмағаннан, бойына сіңіре алмағаннан, иаке ғашық кәпір болуды мақсат кылып: «Аналыхық» – дейді. Хазірет сұлтан... дегені осы. Енді мұндай болғанда, бұл тұр... оқушының аузы. Құдайдың... сөзі болдық, қазақтың: «Ауыз кімдікі болса, сөз – сонікі» – дегені осыған дәл келеді.

Алла тағала адамды он нәрседен міркіб кылып, адам кылды. Мұның бесеуі – ғылым мышһаттан... бесеуі – ғалымлар... болған бесеудің жұмысын тіл жұмыстайды. Ол қал тілінің зікірі: «Ла-ила-ила-Алла!». Хош, ғалымлардан болған қалыпта зікір барлығына дәлел... мұның жұмысын хал тілі жұмыстайды.

...Хал тілі – қал тілінен шешен.

...Мұның тілін – «жан тілі» – дейді: мұның зікірі. Мұның зікірі: «Иһу!» – сабырда һәм зікір барлығы үшін Алла тағала қалам қадимында: «Уаллазин жахид уа фина лыһид иһым сыбилна! – дейді. Солай болғаны үшін: «Лымжа һуат торш емес һыда» – дейді. Міне,

бұл іске ныда сабыр жұмысыменен болады. Бұл жұмыста... қылу керек.

Ғылым екі түрлі. Ғылым лысор (алсор) бар, ғылым мағха бар. Ғылым лысор жабсыр жасалған ғылым. Ғылым мағха – жан ғылымы. Жансыз жабсыр неменеге жарайды, не орынға тұрады? Лынгыз гибрат. Ғылым лысор – мағына. Ғылым мағына – қал тілінде болғанның бәрі соры мағын [асы] болу керек.

«Қал, қал» – деп қала жаздадым. Шеміш тіпірбізі болса, осымен өле жаздадым», – деп, мышной мағной айтылған. Мәулана Жалалдин Руми... «Ғылым халың болмаса, ғылым қалыңнан не сот. Зікір тілің болмаса, зікірпаныңнан не сот?» – деп, шаймырыш айтқан.

Әр нәрсенің бір сұлтаны [б] ар. Денеңнің сұлтаны – көңіл. Сондай-ақ...

Бұл қорғанға қорғалап кірген жерің жоқ, далада қаңғып жүрсің. Неге десең, тілің айтады: «Ла-ила-ила-Алла!» – дейді. Ділінде оның мағынасы не екенлігімен жұмысың жоқ. «Ла» – дедің, «несіп» – дедің, «Алла» – дедің, «Еш мақсат» – дедің. «Ила Алла!» – дедің, «Біз зат пак» – дедің. Кәнеки, оның мағынасыменен жұмысың болғаны?! «Мал-жан, бала-шаға, қатын-қалаш» – деп өліп барасың. Біреуге – «әтке (теке)», біреуге «лытжа(алтжа)», біреуден – «құп (қоп)», біреуден – «рыжат» – дейсің. Заһырда қылып тұрған жұмысыңнан білініп тұр – мағынасымен жұмысың жоқлығы.

Бұл тұрмыста жаның ол қорғанға кіре алмады да, «Ла-ила-ила-Алла» – сұлтан болып сені билей алмады. Бұл қорғанға жаны қорғалағандар бұл сұлтанға ұжыдының (жудының) шаһарын түгел билеткендері: «Алла – бес бақи һос» – дейді де, қояды, өзге түгіл өзін де керек қылмайды... Бұл аяттың мығһу мұнда болған сұлтаннан мұрат-сұлтан: «Ла-ила-ила-Алла!». Ол уәлідерге оның хәкімі уаллин ақырының хымласын шәміл... қалып... Не үшін десең, Құдай тәбәрік отғылы барша жаралушы халқы табиғат зұлматында ғадлия халық етіп анлады. Кінді нұрынан фазылия пір тоса алмас дүр. Ол нұрды баһра мындаулан дүние ақыретінің сағадатына дәрежен кәмететіне жетпес дүр. Әр не болса, сонда болған дүр. Кім-кімге болсын, ол нұрдан сәуле түскен болса, ғылым фазылдан болмас дүр. Ол нұрдан сәуле көрмеген ғалым (ғылым) әділ (ғаділ) де қалмас дүр. «Мөрімді көр, сор уашиаха шәміл емес...

Мәшһүр Жүсіп өлеңі.

Айтушы мен болайын, құлақ кой сен [126].

Оттай боп кызыл гүлдің көрінісі [127].

Күндіз бен түннің айырмасы.

Жалғанның тозақ пенен пейіші бар [128].

Абай өлеңдері [129].

«Ем таба алмай», «Кейде есер құрғырың» [130].

Тәубе (түп) ағашы

Пейіште тәубе (тоби) ағаш (иғаш): жапырақтары, бұтақтары, жемістері (иемішлері) жоғарыдан төмен қарап салбырап тұрады. Бұл жалғанды не деп ойласаң: «Қыздар (кызлар) наз [ы] нан» – деп айтуға жарарлық болса, Тәубе-ағаш, сол шашы – жапырақтары, екі қолы – бұтақтары (бұтақтары), екі емшегі – алма деймісің, анар деймісің – жемістері (иемішлері) – қалайша оған қарамай тұра аласың?! Ол – Тәубе ағаштың түбінен төрт бұлақ ақса, шаштың айналасынан да төрт бұлақ ағады. Бір бұлағының суынан көзің су ішіп, мейірі қанады. Бір бұлағының суынан мұрның су ішіп, мейірің қанады. Бір бұлағының суынан аузың су ішіп, мейірің қанады. Көзінен көзің су ішеді, мұрнынан мұрның су ішеді. Ән салса, хош әуезінен құлағың су ішеді, тілінен бір сүйсең, аузынан аузың су ішкені – сол [131].

...Ғақылы – ғарыш, қайыры-Құдай тәбәрік отғылының он сегіз мың ғаламда жаратқан нәрсесінің бәрі мұның қарақан басынан табылып, зәрре болып, күн орнына барып тұрса, катре болып, дария орнына жарап тұрса, сен қалай тамаша қалып қарай алмай шыдап тұра аласың?!

Айналайын, шебер құдіретлігі Құдайым-ай, зәрреге күнді сыйғызып, катреге дарияны сыйғызып, он сегіз мың ғаламды һәм зор құдіретлігі – өзін бір жапырақ еттің ішіне сыйғызып, бізге тамаша шеберлікпен көрсетіп тұрған [ы]-ай! Сажип құран – ол кемісе, дүрге мысбиға сыярренің егісі бір-бір жін бір дәреже егін мітулдәуле ол игі көпке хәкім екеу ерилөр.

Ғытард лез Һыра өлүрсе, биһіз кетіп өлөр. Күншіле міштірі өлөр. Себи нәзір һал ғылымы өлөр. Оқыс ғали һаза. Заһилла миринх жымығ өлірсе, зияда шахбих убһа дүр өлөр...

Күнжара – зығырдың диірменге тартылғанда қалған сабанын айтады. Ферғана заминда есек пен өгізге тамақ үшін базарда сатылады.

Мәшһүр Жүсіптің «Мықдима» өлеңі

Бір ноқат жоқ, жан біткен қалып болды,
Хыпсадд қалыптан салып болды.

Дүниеден дәл менен уау, сан табылмай,
Қарайғанның бәрі де әліф болды.

Әліф болған бойымен тұра алмады,
Тамасалықтан ол мойын бұра алмады.
Жалғыз жарсыз жалғанда болғандықтан,
Аз өмірде бір дәурен сүре алмады.

Лайық хірге абда боп...

Ерге егізлік ешкайда болмады жұп.
Кімді көрсен, теректей құр қақиған,
Тамағы тас болуға ұнасып жұп.

Қарасаң, не нәрсе бар күннен жарық,
Көріп тұр мұны көзбен барша халық.
Күннің ашық-жабығын сұрап қара,
Жарық деп жарқана [т] ың айтпас анық.

Мәшһүрдін жұртқа таныс жазған хаты,
Алашқа ақындықпен шыққан аты.
Болса да жарық күндей, жақтырмайды,
Адамның сұмырай туған жарқанаты.

Зағпыран – көрінісі көзге нашар,
Мұрынды, ісі жарып, кеуденді ашар.
«Күнжара, сабан емес, немене?» – деп,
Осқырып, одағайлап есек қашар.

Бар ма, айтшы, көбелекке оттан пайда?
Даяр болар саулап от жанған жайда.
Құр жалбақтап барғанмен, көріп отты,
Бас-басына пәруана болу қайда?!

Көзіңе шырай берер гүлдің түсі,
Ашады адам көңілін көрінісі.
Қарақоңыз катады у жегендей,
Мұрнына тиген жерден гүлдің исі.
Бұлбұлға – өлім қыстай гүлдің жоғы,
Гүл көрінсе, не керек ашы-тоғы?!
Гүл майын қарақоңыз жақтырмайды,
Оның меншік жұпары – аттың боғы.

Дін тағылымы (бірінші әңгіме)

...Хылақ хамиды бірлан мытсыф болған кәріптерінің кішжірт типте сылһашабет хырғыһа фиалсманға жарық болған ділінің шежіресінің асылынан төрт озен ағады. Қалыбының бұлағынан – нәбіт суы. Сыдыр шешмасынан сығмут сүті. Сірнін хәмханасынан махаббат шарабы хамыр сыкылды мас қылуда. Рухының суағарынан – мұррат балы [132].

Мышной Шариф:

Бір дарияда садап болса, оның ішінде інжу дүр гауһар болмақ. Егер дария қанша зор болғанымен, садапсыз болса, ешкімге пайдасы [з] бір ашы су. Егер садап болып, ішінде інжу болмаса, тысы – ақ, іші – кара, ешкімге керексіз бір қу.

Жеміссіз ағаш-терек қанша көрікті болып, сымдай болғанмен, ақыры – бір отын. Аспанда бұлт қанша қалың болғанмен, жаңбыры бол – [маса], бір қалың түтін де, жарқ еткен нажағай – бір жарқ етті. Артында дәнемеге пайдасыз бір нәрсе болды. От өшкенімен, артында шоғы қалса, кейінгіле [р] тағы тұтатып алып жандырады. Артында шоғы жоқ отыннан – барынан жоғы жақсы. Бұлар һәм бір ғибрат сөзлер – қылуға ке – [ре] к.

Мәшһүр Жүсіптің «Кәф пен нон» өлеңі.

Дүниенің қарамадым көп-азына [133].

Мәшһүр Жүсіптің «Жалғыздық» өлеңі.

Ер едім талай бұзған қамалыңды [134].

Мәшһүр Жүсіптің «Бір үйге» өлені.

Бір үйге көп қараймын тамаша етіп [135].

Арғын-Сүйіндік – Айдабол тарауы [136].

Он сан Орта жүзге ұран болған Олжабай [137].

Әмен Көпейұлы өлендері

Жалқаулық жастан үйір бойды басып [138],

Күшті ақыл, өткір зейін, ойды басып.

Қайраттың қызу отын лапылдаған

Надандық суын сыйып (с...п) қойды басып.

Туралық – іс өлшеуі, ой мөлшері,

Сезімсіз ез бастарға болмас нәсіп.

Жан – лекер (лікір), дене – мекер (мікір), жатпа бекер,

Су ап кел, әрекет (харекет) қыл, отын тасып.

Айта алмай істің жөнін, сөздің шынын,

Қалыңнан темір талқы шықтым жасып.

Асаудай аса соғып тентек жүрек,

Отырып ошақ басы, жұрттан асып.

Мен арсыз: жүрек сезбей, жұрт та сенбей,

Алдым-жар, артым – тұман, қалдым сасып.

Дос-тамыр арттан қуып, алдан буып,

Кел құтыл: ордан қарғып, тордан қашып.

Ерік жоқ: біреу іреп, біреу сойып,

Қол созып, аузын салып, тайталасып.

Тасты (қышты) алғыл не нәм үфіңді

Озуа лыжһала уфи қырым хысып.

XXX

Жалғанның ғақылдыға ісі қырын,

Бар қылмас бір болса, тағы бірін.

Кім ақымақ – надан болса етек алған,

Бұл ретте білмес ешкім Тәңірім сырын.

Қайғыда білген жандар өмір бойы,

Көңіл-шат, наданның көп жылқы, қойы.

Көп болған артық ойлап, жолдан тайып,
Жетпеген не зеректің бұған ойы.

* * *

Дүниеге саналылар көңіл бөлмес,
Молдығын бұл жалғанның байлық білмес.
Мас болып: қарны тойса, төсін керіп,
Болып жүр көп надандар көрге кірмес.

Бейнеттің, жанның көбі, жүгін артып,
Жігіттің білімі артық – қолы тартық.
Бейнеткорша [ша] бағаншы шыттай надан,
Жүрсе де, білер дәулет, қорлық тартып.

Жазған сөз жаным ашып Алашыма,
Алаштың ұраны «Үш жүз» – баласына.
Қаннан – қан, еттен – етім, бауыр жырттым,
Қараған қаз [ақ] таптың қаласына.

Іші – лас, сырты таза залымдардың
Алданба құр сыртының тазасына.
Мәз болып, байғазы алған балаларша
Сатылып жылтыраған танасына.

Һәбілдің зиаратын аттап өтіп,
Қабылдың бата қылма моласына.
«Қорыққанға қос көрініп» – қойдай үркіп,
Тығылып дажалдың бұтханасына.

Ес кетіп, сабыр қылмай саскалақтап,
Қорыққаннан көзін сыймай шарасына.
Ұмытып Құдайды да, құранды да
Бас ұрма латесанат ағашына.

* * *

Бұрынғы ата-бабамыз,
Асылдан шыққан тек еді.
Мақұл затты надамыз
Оғыз ханнан кеп еді.

Сол айтылған Уыз хан,
Туған жок бізден ондай хан.
Жаксы үлгіден жол салған,
Дүниені алған бек еді.

Тоқсан екі ру [лы] ел,
Нағыз терек, мұны біл.
«Пайғамбарға он бір жыл
Қызметші несіп» – деп еді.

Содан қалған тұқымбыз,
Ұраны – Алаш, бұл «Үш жүз».
Үлгілі жұмыс, ескі сөз,
Билерден қалған кеп еді.

Қазақта хан Абылай,
Батырдан озған Олжабай.
Нақ солардың кезінде
Дүние бостан кен еді.

Сақау, Көтеш, Орынбай,
Күліктен асқан Шобалай.
Мергенші – «Пәлі, Төлебай!» –
Дұшпанға қорған шеп еді.

Жанабатыр, Мырзағұл
Бәрі жомарт ақ еді.
Осы бір өткен елу жыл
Қасер мен шердің шегі (шелі) еді.

Жанактың қандай көздері,
Туған соң асыл өздері.
Бір-ақ ауыз сөздері
Мын ауруға ем еді.

Өтеміс – қазақ абызы
Құлболдының нағызы.
Аузына [н] шыққан лебізі
Магниттің демі еді.

Қалды бидай сабаны,
Жаксысы кетіп, жаманы.
Шоң мен Шорман заманы
Не нәрседен кем еді?!

Бармай-ак кой әріге,
Қарашы бергі кәріге!
Пейілге бай бәрі де
Дастарханға кең еді.

Партия куған заманың
Ку, сұм болған наданың
Бұл сөзім қай адамның
Көкірегіне енеді?!

XXX

Жастықта біреу түссе тура жолға,
Ғазиз бас шығып кетер қымбат пұлға.
Таусылмас хатка жазып сыбаға бар,
Ондай боп бір өзіне қашқан құлға.

Жастықтың, уыз іште, оты-жалын,
Ұшқын бар лапылдаған тіпті қалын.
Болмаса Хақтан жәрдем тауық суы,
Қандай жан сөндіргендей оның бәріп?!

Сонда да жаза кесіп, ықтияр қыл,
Әр істе түзулікті ал – акка дәлел (дабыл).
«Бұл дәурен кетпес менен!» – деп тұрмысын,
Билігі сенде ме еді ай менен жыл?!

Өнер біл, екпінді бол, дінінді сал,
Өткір тіл, ұғымды бол, ұмтылып қал.
Тауып жол, жылдам жөнел, болмасаң ұл,
Келсе ақыл, демейді екен: «Жас, кәрі шал!»

Жаксы іске жігіттіктің жұмса күшін,
Қызмет қыл жан ойнатып дінің үшін!
Бәрі-жел: кем болса шал қылған нәміл,
Көп уайым заман қандай күнің үшін.

Жігітлік – асыл қымбат бір қызыл гүл,
Оны ашқан сахарларда құйылған жел.
Бұл заман үстінде жаз тұрар демей,
Бақыт, бақ өтпей тұрып, қадірін біл!
Ұстарсың дүние, ақырет бірдей ісін,
Білім тап, ғылым іздеп Құдай үшін!
Жан болмай: тастан – қатты, мұздан – суық,
Көп жұртқа жігітліктің жұмса күшін.

XXX

Абылай ханның опаты 1200-ден.
Әбілфейіз ханның опаты 1200-ден.
Әз Мұхыр ұлдығы қырына хабар үшін сал...
Миллэттің 1781-де деп жолдаспай (иолдашпай), қарсы сөйлеп, уалла
ғылым жысқақа (бысқақа) ажал.
Не ғым иманлы құл өлгенде, т [ә] ні де болмаса, осы кезінде тәнде
(тінде) «Тоқылмыш сынбых өлінміш ұлан уауыр мішік ағы: «Өзін
(орын) кеше туғандай қылып тоқыған хабар тайттың үлбіреген
шүберегі болған-болмағаны не қажет?» – деген.

Сөз тапқыш – Афоризм

Борков биеге теріс мініп, құйрығын көтеріп, шошайтып қойған.
Биені: «Кеме сияқты қыламын» – деген.

Бір студент, қасында бір қыз бар гүбейітте [гуляйтта] жүр екен.
Борковтан қулық асыру үшін:
– Кемеңізде мінерге орын бар ма? – дегенде, Борков биенің құйрығын
көтеріп:

Капитанның каютасынан сұраңыз! – деген (Спросите ее каюта
капитан?)

Студент не айтарын білмей, ұялып қалған.

Мәшһүр Жүсіптің «Миркамалдин ишанға» өлеңі.

Пірлерден зат едіңіз тиген назар [139].

Нақыл сөз

Аспан толған жұлдыздан-
Жарқырап туған Ай артық.
Жабы туған тұғырдан-
Қазанат туған тай артық.

Әділетсіз ұлықтан
Қайыры бар бай артық.
Түйе сойған жиыннан
Токты сойған той артық.

Тіл алмаған ұлыңнан-
«Сіз, біз!» – деген іні артық.
Кедектеп басқан келіннен
Кескектеген ит артық.

Ауыл кезген қызыннан
Есіктен кезбес ит артық.
Көріп алған көріктіден
Көрмей алған текті артық.

Аттың несін мақтайын,
Алқалы топты жармаған ?!
Түйенің несін мақтайын,
Алыс жолға бармаған?!

Адамның несін мақтайын,
Адамдық атын харлаған (қаралаған)?!
Дүниенің несін мақтайын,
Табандап тұрып қалмаған?!

Хакімнің несін мақтайын,
Жауыздардың арын арлаған?!
Қатынның несін мақтайын,
Қағып төсек салмаған?!

Баланың несін мақтайын,
Атаның тілін алмаған?!
Қыздың несін мақтайын,
Айтса бір сөзден қалмаған?!

Молданың несін мақтайын,
Өлі менен тірінің

Бәрін бірдей жалмаған.
Бұқараны сөгіп қайтейін:
Жаман-жақсы болса да,
Бір уақыт-тағы Алладан!

Мәшһүр Жүсіптің «Иман жолдас» өлеңі

Өлімнің болжалы жоқ келетұғын,
Әр пенде Хак жазғанын көретұғын.
Иманын жолдас етсін әр пенденің
Уақыты жетіп, күн болса өлетұғын.

Құдайға түгел қиып жүре беру,
Еш пайда жоқ қайғыдан өлетұғын.
Көп артық себепсіз-ақ кез болады,
Уақыты жетсе Құдайдың беретұғын.

Азаптанып жиған мал, қатын-бала,
Өлсең, саған бірі жоқ еретұғын.
Екі-үш қабат ақ бөзге орап қана,
Терең қазып, тепкілеп көметұғын.

Есі бүтін ер жеткен балаң болса,
Быт-шыт қылып малыңды бөлетұғын.
Бұ сөзге пыһым етіп, назар салсаң,
Күн қайда өлмес бұрын өлетұғын?!

Ғибрат бар әрбір түрлі бұл сөзімде,
Ерлерге сөз асылын білетұғын.
Отырып әрбір түрлі ойға салсам,
Орын жоқ бұ дүниеде күлетұғын.
Сізлерден өтінемін, дін-қарындас,
Не хайла бар нәпсіні жеңетұғын?!

Мақалдар

Кеңесті азбайды,
Кең тозбайды.

Ұйқыдан басы кетпегеннің
Көзінен жасы кетпейді.

Оқушы өз пікірін оқиды, жазғанды оқымайды... Өнерде ілгері болған адамның тірлігі пір, ишанлықпен өтеді.

Білмеген айып емес,

Білуді ізденбеген айып.

Мәшһүр Жүсіп өмірі

Қазақ – Арғын: Айдабол-Күліктің Күлігінен шыққан Мәшһүр Жүсіп Көпейбаласы қой жылы Ережеп, Әлміржіп айында Қызылтауда жалған жарық дүниенің жүзіне келген. Бес жасында мектепке беріліп, алты жасында Шар кітап оқып, сегіз жасында Зырыфой бастап, Баянаулада Қамардин ахонның алдына отырып, тоғыз жасында ғылым фика мұхтасар кукаяға шырох қылып, он бес жасында шағырлық илан шаһырт татып, жиырма тоғыз жасында Бұхарай Шарифке барып, медресе Шоқырда ысытқамыт... мырза Ұлықбекте мүдәррес Хамза кожадан пай алып, мүдәррес болып тұрған күнінде ноғай Нысырахдин [нен] дәріс оқып, Миракенде Миянмәлік Сахипзада немересінің тәрбиесінде болып,... лардан кайыр фатка алып, отыз жеті жасында Ташкент шаһарында Бесағаш махалласында Әбу-әл Қасымхан ишан патхасында тұрып, бізлер Әкірамхан... нан мағлұмат алып, жүру – тұруы көп болып, оқу-білуі аз болып, сахрай мірік апаты илан ғыыр мұх – сыклықта қалған... әркімдердің аузынан алған сөзін нұсқа қылып, қағаз жүзінде қалдыру үшін бір мың тоғыз жүз он екінші [1912-] жылында Қаракесек өтіп, қап тесер ат арқасына мінген күнде он бірінші мартта үшінші хамалда жексенбі күні... болғанын жазып қолдан шығарды. Өзі елу төрт жастан дәмелі отырған күнінде заманы пүтретте [запретте] болып, бұрынғы жақсы заман тозып, таусылып, соңғы жақсы болатұғын заманның әлі күні тумай тұрған күнде, ол заманның түрін осы «Мес» кітабында төрт жүз тоқсан сегіз [498] бетінде жазған. Сонда бұзылған заманның кезеңінде ит пен шошқаның талауының ортасында жүріп тұрып, солардың қорғалатуымен аяғын көсіле алмай, қолын соза алмай, үнін шығара алмай, боктағы құрттай быжынаған тыңшы, қораға байлаған төбеттей арпалысқан, сенісер... қойып, нокта кесті, көнбіс, жетекшіл қылып алған жұрттың ортасында жүріп, «Сарыарқаны» – сөйлеген Мәшһүр Жүсіп Көпеев – осы! Баспаға бастырған жерінен Хұсайынов

баспаханасынан он төрт қалам иесін сотқа алып, атылу, айдалу... [екі] аяқтыдан бакташысы бағып, сақтаған Мәшһүр – осы.

Түннен қараңғы қайғы, удан ащы қасірет, қорғасыннан ауыр түңілу ортасында жүріп, теңізден терең ойға шомылғаны.

Мәшһүр Жүсіптің «Тарының қауызындай» өлеңі

Бұл қарын бір күн тоймақ, бір күн ашпақ,
Күнде тойып отырса, тым-ақ жақсы-ақ!

[Б] ұрыннан келе жатқан жаман әдет:

«Қарын ашқан қаралы үйге қарай қашпақ».

Не болар жеген тамақ арын сатып,

Тұрған жоқ еріп іші, сені ұнатып.

«Бір тойған-шала байлық» – деген қазақ,

Қызығып, тойғандықтан, қалар жатып.

[Б] ұрынғылар: «Балалы үй – базар» – деген,

Жарасар сондай үйден ішкен-жеген.

«Ары жоқ, думан қылып отыратын

Өзің ит, бұл бір қу мазар» – деген.

[О] сы күнде дағдарып бұл жұрт сасқан,

Кез болып бір пейілге асқан-тасқан.

[Та] рының қауызындай болмай қалды,

Астың – жер, болғанменен үстің – аспан.

Бір үзік шежіре

...Нарымбай, Түгелбай. Нарымбайдың көшіп, Қаржасқа келген жылында туған баласының аты – Қаржасбай. Онан туған баланың аты – Омар. Бұл Омардан – Имаммалил... «Түбі-тегіміз Үйсін» – дейді. Нарымбай, Түгелбайдың нағашысы – Қаржас Ж [ас] құс екен де, шешесімен еріп нағашысы [на] келіп, тұрып қалған. «Өздерінен басқа да ағайындары бар» – деседі. Жасқұстың төрт баласы болған: Құдайберді, [Тәң] ірберді, Тілеке, Тілеміс; қызынан туған жиен [дері]: [Б] асымбай, Түгелбай.

Егін... орып салатұғын жерде бес пұт... шығатұғын жерге тоғыз жүз пұт жоңыршық шығады деге [н]...

Қыз жұмбағының шешуі

(екінші нұсқа)

1905 – жылында Ақмола облысына қараған Атбасар уезінде Терісакқан өзені бойында Мейрам Жанайдаров ауылында [140] – Құмқоңыр елінің қазағы сөйледі: «Осы табында (тобанда) айтылмыш жұмбақты Сыр мазипатында Ақмешіт атырабында бір қыз айтыпты: – Шешкен кісіге қалың малсыз тиемін! – депті. – Сол жұмбағы – мынау! – депті.

[Қыз жұмбағы]:

«Ертеңмен тұрдым, үш бала көрдім: екеуі – жалаңаш, біреуінің киімі жоқ. Киімі жоқтың етегі тола ақша түйілген: төгіледі деген ойында, қиялында дәнеме [141] жоқ. Және сонда үш көл көрдім: екеуі – құры [құрғақ], біреуі – суы жоқ. Суы жоқ көлден үш балық алдым: екеуі – өлі, біреуінің жаны жоқ. Және сонда үш үй көрдім: екеуі-жалаңаш, біреуінің шиі жоқ. Және сонда үш қазан көрдім: екеуі – жарық, біреуінің түбі жоқ. Және сонда үш пышақ тауып алдым: екеуі-сынық, біреуінің сабы жоқ.

Суы жоқ көлден жаны жоқ балықты алып, шиі жоқ үйдің ішінде отырып, түбі жоқ қазанға асып, сабы жоқ пышақпен кесіп жедім [142]. Қарыным – кабақтай, бұтым таяқтай болды. Сөйтіп отырып, отырған үйімнің жапсарынан шығып кеттім. Есігі ойда да жоқ».

[Мәшһүр Жүсіп түсіндірмесі]:

«Бұл жұмбақ иесі: «Атым – Батпа, Байбейсеннің қызымын» – депті. Мен ендеше талай «Батпанікін» батырып, жоқ есебінде қылып жіберетұғынның өзімін. Бар болса, жарыққа шықсын! Шын болса, аныққа шықсын! Құй бар болсын, құй жоқ болсын, сөйленген сөзі әшкере болып, халыққа шықсын! Баянаулада тұрағы – Мәшһүр Жүсіп (Иосып) Көпеев [143]. 1905-інші жылында, 15 ноябрьде Мәшһүр Жүсіптің шешуі: «Ертеңмен тұрып, үш бала көрдім» – дегені: бірі – тұламыл, бірі – қырыс дүние, бірі – дүниеқор адам. Бұған дәлел болуға «Хадис (хыдыш) Шәріп» бар: «Айшип ибн адам уйшаб фиа хызылтан хырыс отул ламил». Адам осы екеуімен үш ағайынды есепті. Ана екеуі – асылы жалаңаш нәрсе. Дүниеге келген адам жалаңаш

келіп, жалаңаш кеткендіктен, киімі жоқ есепті. Киімі болса, киініп кетпес пе еді?!

Дүниеде: «Қанша нәрсе менікі!» – деп, бауырлап жүргені – жалаңаш кісінің: «Етегім тола ақша бар!» – деп жүргені сықылды, оны: «Төгіледі!» – деген ойында болмағаны. Жалған дүниеде жүргенде: «Бұл дүние менен қалады» – деген қай пенденің ойында бар?!

«Үш көл көрдім» – дегені – бірі – дүниеге келмей тұрғандағы ананың қарнынан шыққанда, суы терең көлден кемесі сынып, бір тақтаймен жан сақтап шыққан – жердің құрғағына шыққан есепті емес пе?! Бірі – өлген соңғы адамның күні не болары белгісіз түбі жоқ тереңге түсіп кеткен сықылды емес пе?! Ол екеуінің заһар көрініп тұрған суы жоқ. Бірі – дүние: «Суы жоқ көл» – деп, дүниені айтқаны. Дүние – бір сағым есепті нәрсе емес пе?!

Суы жоқ көлден алған үш балығы: бірі – тірлік, бірі – денсаулық, бірі – байлық. Өлім даяр тұрғандықтан, тірліктің өзі өлі балық сықылды. Ауырып – сырқамақ даяр тұрғандықтан, денсаулықтың өзі өлі балық сықылды. Ішіп-жеген қорек, дүниелік жаны жоқ балық сықылды.

«Үш үй көрдім» – дегені: бірі – заман мазы, адамның басынан өткен заманы. Бірі – заман мыстақпыл, адамның алдында қарсы келшек заманы. Бұл екеуі – тұттай жалаңаш. Енді біреуі – заман хал, қазір адам үстінде тұрған заман. «Оның да шиі жоқ» – дегені: шиі болса, желге төтеп берер еді. Адамның басынан дәуренін ұшыратұғын (өшіретұғын) жел – өлім. Қазір тұрған заманың өлімнен алып қалуға шамасы болмаған соң, желге шиі жоқ үй есебінде болғанлығын айтқаны.

«Үш қазан тауып алдым» – дегені: Адам қолына түскен дүниені туысқан бауырына сақтатуға көзі қимайды. Оны жарық қазан сықылды көреді. Баласына сақтатуға да [144] көзі қимайды. Баланы да жарық қазан сықылды көреді. Жарық қазанға сеніп, кісі тамақ қылып, іше ала ма? Бауырына, баласына сенбегенде, сеніп, дүние сақтатқан кісісі қатыны болады. Ол – түбі жоқ қазан. Ана екеуі өзі ішіп-жесе де, дұшпаныңа бермейді ғой! Мұның түбі жоқ қазан есептісі – душар болса, көңіл тапқанға [145] байының дүниесінің бетіне карамай, беріп тауысатын қулар да әрқашан болатұғын оқиға (уақиға). Олай болғанда, түбі жоқ ыдыс сықылды болды.

«Үш пышақ» – адамда болған үш қуат: бірі – қуат ғазбие – ашу қуаты; бірі – қуат шаһуание – әр нәрсеге көңіл шабу қуаты; бірі – қуат ғақлия, ғақыл қуаты. Қуат ғазбие мен қуат шаһуание – ғақылсыз сынық пышақ сықылды дәнемеге жарамайды. Ғақылдың өзі де ғылымсыз болған күнде [146] сабы жоқ пышақ сықылды.

«Түбі жоқ қазанға асып жедім» – дегені: «Қанша қолыма түскен дүниені қатынмен бас қосып, ортақ ішіп-жедім» – дегені.

«Қарным қабақтай болды» – дегені: «Дүние – кәміт мығрұр болып, нәпсімнің семіруі қатден тежеуіз (тежеусіз) болды, үш қанат үйіме сыймай, дүрілдеп отырған күнім көп болды» – дегені. «Бұтым таяқтай болды» – дегені: «Нәпсі дүние мешел (мысалы) сықылды еді де, оны көтеріп, ұшырып жүрген жан аяқ есебінде еді. Жан тарапым, ақырет пайдасы жағым арықтап, өзі өлуге тақалды» – дегені.

«Шиі жоқ үйдің жапсарынан шығып кеттім, есігі ойда да жоқ» – дегені: өлім жолын айтқаны. Өлген адам отырған үйінің жабығынан еріксіз шығып кеткен есепті. Есіктен шықпағандығы белгілі [147]: оң жақта жатыр ғой. Жатқанмен, жаны жоқ болғаны – жапсардан шығып кеткен сықылды болғаны – сол.

«Осы үйдің есігінен шығармын-ау!» [148] – деп, өлім жабдығын ойлаушы мыннан біреу-ақ болып табылады. Құдай жолына басын құрбандық қылып, өлімді ойлап, жақсылық жолға шығып, сол жолда жүрші өлгендер – әнеки, үйдің есігінен шыққан – солар! Үйде жатып өлгендер – есік ойында жоқ, жапсардан шығып кеткен есепті.

ҒЫЛЫМ-БІЛІМ

(алтыншы әңгіме)

Уалха мілін ғылиһа: хылда Құран сөзі мақсат рухы еді де, кітап сөзі оған фатрит рәсім еді [149]... Бұрынғы заманның адамдары (адам-лары) өз мәніне лайықтап, хукім жүргізді. Олардың заманынан бізім [біздің] заманымыз басқа болды. Пайғамбар Мұхаммед әл-мұстафа ғалия ал-салут өссалам зекетші (зікуәтші) сайлады да, ол зекетшілерді ғамал ал-садақаға алды да, олардың еңбегін, расходын зекеттен шығарды. Бізім заманымызда бұл орын бос қалды. Бос қалған орынға ғамал ал-садақа (лысидка) деуімізге (диюмізге) тәліп (талап) ғылымнан басқа ешкім лайық болмады.

Хош, екінші уалму ланиғыта қылуһым кәпірден жаңа мұсылман болған бар. Яки (яке) мұсылман болуға ыңғайланған бар. «Мұсылманшылыққа үйір-шүйір қылу үшін лұғаттас болсын!» – деп, зекеттен оларға сыбаға шығарды. Ислам зыһор қылып, мұсылманлық ғылиба қылған соң, сахабалардың хымбағы бірлан сақыт болды. Бұл орын да бұл күнде бос қалды. Бос қалған орынды тәліп (талап) ғалымға қимаймыз ба?!

Үшінші уфиалрықап. Бұрынғы мәзіплердің оқуында құл сату, құл алу, азатлық, құлдық (құллық) бар еді. Бұл заманда бұл жұмыстар басы бүтін жоқ болды. Қарап тұрсақ, кедейдің баласы – өз әкесіне құл. Неге десең: «Оқу оқын!» – десе, «Былшылдама, кісіге жүріп, мал тауып бер!» – дейді. Сонан соң әкесінен кетіп, оқын десе, қаражаты жоқ, әкесі оқуына болыспайды. Нашар – не ғылаж, кісіге жалданады. Біреуден ақы алып, жалшы малай болғаны басыбайлы құлдықта қалғаны емей немене?! Уфи алырқаптың тәуілін бұған алып, жарлы-жақыбайдың «Ғылым іздеген (ізлеген) баласына жәрдемші болу үшін зекеттің бір мығырыпы – міне, осы!» – деуімізге мүмкін.

Аят Кериме: «Бір мағынаға мынхысир емес, бір аятқа – мың мағына – онан да көпке кетеді.

Жігітлік – бір арақ: оны[ң] мас қылып жығар (жықхар) кәрілік. Жігітлік – бір денсаулық: оның ауруы – кәрілік: шаш-сақалдың ағарғаны.

Ал, енді өлгеннен басқаның: «Жоқ!» – дегені – белді бүкірейткені: «Басың шұлғып, өміріңмен амандық айтыс!» – дегені. Жастықтағы һуаһос – жазғытұрғы жасарып шыққан ағаш. Кәрілік – соның бәрінің қуарып қалғанлығы. Жастық, жігітлік – күн сайын бір түлеп отырған құс. Кәрілік – түк кеспейтұғын қарақұс – адамды ойлағанына жібермейтұғын.

Байын жоқтаған қатындай жаслығына аза тұтып отырғанлығы – бір бет ала қазан тозуы, бойдың қисайып, қыңырайғаны: «Басыңды жермен қос!» – дегені. Молада жатқан өлік кімді қолынан жанына жатқызуға шамасы бар?! Кәрілік те сол есепті: көңілге алғанын қолынан тартып, жанына жатқыза алмаған. Соның өзі – бір өлім. Тірілік, енді менен кеткенің бе?!» – деп, аза тұтқаннан, көзден жас ықтиярсыз ағатұғын болады. Буын-буында әл-қуаттың қалмағандығынан, қол қалтырайтұғын болады. Дүниенің бәрі сайрап, қызыл шоқ [ғай]

жайнап тұратұғын жүрекке ұмытшақ (омутышақ) деген бір ел орнығып, деген [ін] қылып алады, денеден денсаулықтан бүртүк қалмайды. Көңілде ғақыл-естен сәуле түгіл, қызыл шок та қалмайды. Жігітлер көріп, басын шайқайды, балалар келемеждеп ермек қылады. Мұнан ауырмаған жері бола ма: «Аяғым!» – дейді, «Тізем!» – дейді, «Белім!» – дейді, «О жерім, бұ жерім, осы бір кеудем!» – дейді.

Құдай жаратқан жас күнінде талай жұмысқа жараған денесінің о жерін, бұ жерін жамандай бастайды. «Кәріліктен шығар!» – деген ойында дәнеме болмайды. Мұнан үмітлі болған дәнеме таба алмаған соң, зарығады: катын-бала көттен тарығады, тату жанкүйерлері қасында бір сағат отырудан жалығады. Кемшіліктің неше атасының тұқымы мұның үстіне орнап, сыйлас етуге түк қалдырмай, көңіл шатлығын ұрлап, басы аман, малы түгел отырып: «Ах!» – деуге (ахуаға) зорлап, бұрынғы тілін алып, ұшып тұратұғын катын-қалаш, бала-шаға [ны] айтқан сөз [ін] ит үрген құрлы көрмей, жарық дүние жалғыз өзіме қараңғы есебінде [болды].

XXX

Бір ұлығ патша бір кең уасых сарай салдырды да, онда бір зал үй жасатып, сол үйге өз-өзіне бір уәли қойды. Ол залдың айналасында он екі хыжыра жасатып, ол уәлидің қоластында қылып, он екі хәкім қойды. Ол он екі хәкімнің қоластында жеті атты (атлы) жасауыл қойды. Ол жеті жасауылдың қоластында төрт жаяу жалаңдаған атарман-шабарман қойды.

Мәселе – жарлық, бұйрық: ұлық патшадан уәлиге бұйрық түседі. Уәли он хәкімге бұйрық түсіреді. Он екі хәкім бірден қол қойып, жеті жасауылға бұйрық түсіреді. Жеті жасауыл төрт жаяуға бұйрық түсіреді. Төрт жаяудың құрықтары ұзын, арқан жібі мықты, ешкімді құтқармайды, босатпайды. «Байлап алып кел!» – дегенді қол аяғын еріксіз байлап, тырп етпестей қылып алып келеді. «Біздің алдымызға келтірме, жолатпа!» – дегендерін қырдан-қырға, сайдан-сайға қуалап, жоламастай қылып жібереді.

Ұлық патша – Раб алгамин, мәлік Иұмалдин. Кең уасих сарай – ғарыш ағзам, Уәли онда сәкін болғышы. Ғақыл әуел – кең зал, үй – күрес. Ол ғақыл әуел көріністе сәкін қарар қылады. Ол залдың

айналасында он екі хыжыра палак шамында болған. Он екі бұрышта (быршыда) он екі періште – мүшіл (мүкіл) хәкімлер болар. Жеті жасауыл: сыбға, сиарра, кымыр, ғытард, зыһре, шәміс, мырынжы, мыштыры, захыл. Төрт жаяу – ғынасыр арбаға: хырат, бірудит, рытбут, иосит; атшы – обад, аб ухак. Бір кемсенің халі – мытғир өлсе, ғам онда сытылас ламытсахр қалса, дүниеден қарыз (ғыраз) етіп ал. Шекмек заманы келсе, оның хақында тәбиіптерге бұна суда мырзы ғалып өлмес дүр. Малыңхулиа ғаллтин болмас дүр. Бұна шәріп фітимун ила мығалжа лазым дүр.

Табиғ дихидерге мұның мырза табиғатына ибост ғалыб ол дығынрын дүрге демегі (дымағы) өзре мысал өлмес дүр. Инбост тыбғына себеп һуайшта дүр. Таһпар өліп рытобыт һуасы ғалыб олмыдкыша «Өмнәжін һәм» – дерге бұна суда ғарыз өлмес дүр. Осы дария (тәрбия) ғытардла мырынхи – араларында мішеке к... мізмүме хасулынан таһрөр еді. Тағтард мықарына сағадин ила тіслесе (тішлисе), ершімід кешенің халі сылаха келміз. Хал бүкім бұлнәрік жимласы бұ сөзлерінде садақа (садқа) дүр. Зиреке әрбірінің ғақылы – ердікі қадір сөйлемес дүр. Нилсүнлерге ғақыл жезді асылына ермеслер дүр.

Әма хақиқатта ең асылы – бұ дүрге қашан бір кемісе, иа сағадат ықпал етіп, Хақ тағала ана [оған] һидайт етпек мұрат айла. Ол кеме екі қуатты не ғып (қып) хуала етерге ғытард мырынхы дүр. Аналардағы ғынасырла пиада ұлан заптылара мирадерге ибосыт кемеңікі (кімдікі) – ол кемсенің бойына тағып ибосты басына отты мағына хуала етер. Оны (уаны) дүние ләззатларынан байыттырып, қазан ұғым тазнына сүлесок етіп замам арадтіле қырып хазірет хыға идірет. Бұ хақиқаты бұ тыбһа дерегіне ғылым тәбиіп иле өте хикмет тыбғыла оне хыкам иахум иле хасил өлүр.

Білім, ғылым набутла заһыр әр өлүрге хымла иа мыхдит ұлан патша ибн зауал лайзалы білмес ұла зерек. Хақ тағала кінді махаббат илд екі ғибадатты кәт мехнат обылайла окат шырыз осада иле жинап ғызатына дағуст етерге. Ай, бәнім, құлдарым, сіз білер мехнат сандығыңыз шыбыным нызағым үмжетім кімнід иүрге ғындымда мыхтырым ұлан ғыбадми аныңа (оған) кінді, ризау жынтыма, ұхзұр ғызтыма дағуат ұжзиб идірім інтекім хібірде...

Үшбу сөзді опадар елі жазып, Қаракесек елінің әуел быһарына мойынға алып: «Қылша мойным мұнша» – деп, жалғызлықты ықтияр қылған еді.

Алланың мейірбан (меһірбан) жылғы елсіз қыстауда жалғыз жатқанда, ақ үрпik балапанды душарластырып, ел-жұртқа араластыруға себеп қылды да, ақыры алданышы – ит пен құсқа қалды. Онан басқа жалғанның бар-жоғына босқа қалды.

Хикмет әлхи пенде болған соң, пендешілік мыбталықта болмаққа Құдая шүкір, хамид шәкір һымырына қалғаныңа, әр не бергеніне шын көңілмен, жан діліммен ризамын. Өзіне көндім, өзіңе тоқтадым, бәрін өзіңнен деп білдім [150].

Қазак: «Неке суы – Мекке суы» – дейді [151].

Көтеш акынның «Қу мешін» жылында айтқан өлеңі [152].

Ханбабаны «Ханбаба» – деген төреден... Малқар баласы Қарпык алып қалған [153].

Шанышқылы Бердіқожа батырды бір дұшпаны өлтірейін деп жатқанда, айтты дейді... [154].

Қазак мақалдары туралы (үшінші нұсқа)

«Бұзылған шаһардың сыны (сәні) жоқ» – дегені [155].

Бір адамның жақсы қатыны болады. Сол қатын өліп қалса, бұзылған шаһар есепті болады, еш нәрсесі орынға қайтып бір келмейді. Бұл турада бұрынғылар бір мақал айтыпты:

1. Қарадан хан қойса, қасиеті болмайды.
Үлгісізден би қойса, өсиеті болмайды.
Кәлимасыз пір болса, кереметі болмайды.
Алалы түйе, арам мал
Берекеті болмайды.
Атадан қалған халал мал
Әрекеті болмайды.
Тоқтышақтың терісі
Тон қылып қисең, тоңбайды.
Қарғыс алған атадан

Егізекі оңбайды.
Үш ай тоқсан түспесе,
Үлкен теңіз тоңбайды.
Қатын шайпау болмаса,
Ер жалғыз үй қонбайды
Мыңды беріп, бірді алсаң,
Бір байырғыдай болмайды.

2. Және қазақта бір мақал бар:
«Ер – егіз, еңбекті жалғыз».

Ердің өзіне лайық қатын жолықса, сонда «егіз» болады. Қатын жаман болса, ағайын да жаман болса, бала да жаман болса, «еңбекті» (еңбекте) деп, соны айтады. Ерлі-байлы екеуі аман тұрған күнде «егіз» есепті. Бірінен-бірі айрылып қалса, қай қалғаны «еңбекті» сол болады.

Істеген ісі оңға басқан адам «егіз» есебінде: өзі біреу болса да, ісі орынға тұрғандықтан, онымен – «егіз». Істеген ісі оңға баспаған адам «жалғыз» есебінде «еңбекті» – деп соны айтады. Басы-аман, малы-аман – бүтін тұрған адам – «егіз» есебінде қазаптарға (кәсіптерге) ұшыраған адам: «еңбекті» – деп соны айтады. Қазақ мақалында бар: «Еңбектінің үйінен етік басындай өлім шықсын!» – деген. Және айтады: «Еңбектіге қара жер ойылады» – деген: «Құрғақ жердің өзі оған саз балшықтай – басқан аяғын суырып ала алмай, әуре болады» – деген сөз.

Сөзді тарата берсе, әр түрлі мағынаға алына береді.

3. Жандыда – жайын үлкен,
Жансызда – қамыс үлкен.
4. Жандыда – бала нанға тоймайды,
Жансызда – тері иге тоймайды.

Нақыл сөздер, мақалдар

Көз – караудан тоймайды,
Өмір – жасаудан тоймайды,
Бай – малға тоймайды,
Ғалым – ғылымға тоймайды,

Жер – суға тоймайды,
Қатын – байдан тоймайды,
Өлі – дуаға тоймайды,
От – отынға тоймайды,
Қара жер – кісіні жұтудан тоймайды.

[Ескерту: Жалпы рет санын ескерін, тік жақшаға алынғаны – біздің есептеуімізді; жай жақшадағысы – сол мәтінде орын алған сан ретін танытады – Н.Ж].

[5] (1) Тіріліктің қадірін
Өліп көрде жатқан біледі.
Денсаулықтың қадірін
Ауырып, төсек тартқан біледі.
Жантыныштықтың қадірін
Толғатып бала тапқан біледі.
Ашы менен тұшыны
Татқан біледі.
Алыс пен жуықты
Жортқан біледі.
Сары атанның қадірін
Ел қыдырған сарт біледі.
Сеңсең тонның қадірін
Сексенге келген қарт біледі.
Төс айылдың батқанын
Иесі білмейді, ат біледі.
Ер жігіттің қадірін
Ағайын білмейді, жат біледі.
Кімнің жақсы-жаманын
Жаратушы Хақ біледі.
Іші өткеннің – арты біледі.

[6] (2) Аты – тоны сай кісі
Жнын-тойға барысар.
Ұлы-қызы сай кісі
Құдалыққа барысар.

[7] (3) Бір баласы бардын
Шығар-шықпас жаны бар.

- Екі баласы бардың
Өкпе, бауыр, жалы бар.
Үш баласы бардың
Бұхарада бұты бар,
Қорасанда қолы бар.
- [8] (4) Бай байға құда болса,
Араларында жорға жүреді.
Кедей кедейге құда болса,
Араларында дорба жүреді.
Бір бай – бір кедей құда болса,
«Қайдан болдым?!» – деп, зорға жүреді.
- [9] (5) Жүйріктің тері кеппес,
Сұлудың көті кеппес.
- [10] (6) Атың жемқор болса, берді Құдай;
Қатының жемқор болса, ұрды Құдай.
- [11] (7) Айылың құйыскандай болсын,
Алашың туыскандай болсын.
- [12] (8) Енелестің енесін ұр,
Аталастың атасын ұр,
Жақыныңнан табарсың.
- [13] (9) Жаман да болса, ағамыз,
Жақсыны қайдан табамыз?
Ауру емес, жын емес,
Мінезді қалай бағамыз?!
Ғиззат құрмет көп кісіні аздырар. Бұ екіге азбағандар
(азмағандар) аздырар. Кедейлік – кенжі сыбға біркет не зард.
- [14] (1) Бақсыны көрсе, аурудың дерті козады;
Ұстаны көрсе, айылбас тозады.
Елді көрсе, ат озады.
Айғаласып келгенде, тау озады,
«Алла-лап» зікір салған қожа озады.
- [15] (2) Суы жоқ жердің шөбі арам,
Перзентсіз ердің малы арам,
Еңбексіз ердің дәмі арам.
- [16] (3) Есек тұсаусыз болмайды,
Ер дұшпансыз болмайды.

- [17] (4) Арзан би ғылат болмайды,
Қымбат би хикмет болмайды.
- [18] (5) Ортадағы ауыл кең болмай,
Іштегі ауыл ел болмайды.
- [19] (6) Әулие ат үстінде,
Машайых мал ішінде.
- [20] (7) Жаяудың шаңы шықпас,
Жалғыздың үні шықпас.
- [21] (8) Жігітлікте жаннан кеш те, іс қыл;
Өлсең, өлесің; өлмесең, кісі боласың.
- [22] (9) Өнерлі өрге жүзеді.
- [23] (10) Өнерді үйрен де, жирен.
- [24] (11) Олақтың жыны бар:
Өз ісін өзі бүлдіреді.
- [25] Олактан салак жаман.
- [26] Шешеннің тілі ортақ,
Шебердің қолы ортақ.
- [27] (12) Шешен жігіт, қыран құс, жүйрік ат, –
көпке олжа салады.
- [28] (13) Ат арыса, тулак;
Ер арыса, аруак.
- [29] (14) Аска барсаң, атыңнан түңілесің;
Тойға барсаң, тоныңнан түңілесің.
- [30] Ат – аттынікі; той – тондынікі.
- [31] (15) Ұлың тойшыл болса, аттың соры,
Қызың тойшыл болса, к...ң соры.
- [32] (16) Такыр жерге су тұрар,
Қайратты ерге мал тұрар.
- [33] Малдының жүзі – жарық,
Малсыздың жүзі – көншарық.
- [34] (17) Ғақыл-малда, көрік – көмейде.
- [35] Бір күн қарны ашқаннан-
Қырық күн ақыл сұрама.
- [36] Аш атасын танымас.
- [37] Ауру кісі – тырыскақ,
Аш кісі – ұрыскақ.

- [38] (18) Жарлы болма,
Жарлы болсаң, арлы болма.
- [39] Кедейдің керімінен сақта.
- [40] (1) Кедей болатұғын кісінің қырық қаңтаруы болады:
бірі жіберсе де, бірі жібермей, ішетұғын асынан, алатұғын
олжасынан құр [ы] калдырады.
- [41] (2) Мал – басқа бітер,
Қына – тасқа бітер.
Ішіп-жемейтін жаманға
Қасақана қасқа бітер.
- [42] (3) Бір мал пайда келтіреді,
Бір мал залал келтіреді.
Залал келтірген мал – иесін өлтіреді.
- [43] (4) Ғақылсыз бас-аяқтың әлегі.
- [44] (5) Үйде өскен бұзау өгіз болмайды.
- [45] (6) Бітісі жаман қамысты
Су ішінде өрт алар.
Жетесі жаман жігітті
Ажалдан бұрын дерт алар.
- [46] (7) Ауру – елегенге түстенеді,
Қорғаштағанға – қонады.
- [47] (8) Аударыспақ ойнаса,
Аздың көті қылпылдайды.
Тақия алыспақ ойнаса,
Таздың көті қылпылдайды.
Жұрт ду көтеріле шаба жөнелгенде,
Туасы жалғыздың үйде отырған-
Әке-шешесінің к...і қылпылдайды.
«Күйеу ұрын келеді» – дегенде,
Қыздың к...і қылпылдайды.
- [48] (9) Таз – әулекі, соқыр – әңгі.
- [49] Бұ дүниеде үш кемседен қатер аз:
Бірі – ақсақ, бірі – соқыр, бірі таз.
- [50] Дүниеде бір көзі бар, бір көзі жоқтан сақтан,
Бір қолы бар, бір қолы жоқтан сақтан,
Бір аяғы бар, бір аяғы жоқтан сақтан.

Егер бұлар бүтін тұрғанда, дүниені бұлдірер еді. Құдай тәбәрік отғылы пендесінің сырын әбден біліп жаратқан. Оларды бүтін қылмай, жаратқаны – басқа пенделеріне жаны ашығандығы, аяғандығы және олар бүтін жаратылғанға сыбағасын жегізбейді.

[51] (10) Есерсок болмай, ер болмайды.

Есептен болмай, бай болмайды.

[52] (11) Мал: «Боктан сасыққа бітемін!» – депті,

«Тастан қаттыға бітемін!» – депті.

[53] (12) Малда ақыл жоқ: итке бітеді;

Жүнде ақыл жоқ: к...ке бітеді.

[54] (1) Арлы – арына караса,

Ақымақ: «Жеңдім!» – дейді.

[55] Ақылды ойланғанша, ақымақ ісін бітіре [р].

[56] (2) Ағайынның азары болса да, безері болмайды.

[57] (3) Тауда болар тарғыл тас,

Тарыкса, көзден шығар жас.

Татыр [тар] колтықтан оқ тисе,

Суырып тастар қарындас.

Өзінің басын зор тұтқан,

Ағайынды қор (хор) тұтқан,

Жапанда қалар жалғыз бас.

[58] (4) Кісі болар кісінің

Кісесінен танымын.

Кісі болмас кісінің

Мүшесінен танымын.

[59] Болар ұлан – боғынан.

[60] (5) Ораздының баласы

Он бесінде: «Баспын!» – дейді.

Шиырлының баласы

Жиырма бесінде: «Жаспын!» – дейді.

[61] (6) Жолаушы жиылып, елден көп болмайды.

Шұқанақ жиылып көлден көп болмайды.

[62] Бай байға құяды,

Шұқанақ сайға құяды.

Өзен өзенге құяды.

- [63] (7) Бардың әлі: «бар» – менен,
Жоқтың әлі – дәрменменен.
- [64] Бар мақтанса, табылады;
Жоқ мақтанса, шабылады.
- [65] Бар – шабылмас, жоқ – табылмас.
- [66] (8) Екі елдің тілегін тілегенге
Бір елдің бейнетін береді.
- [67] (9) Мұсылманның қайыры тиер басына,
Енді соқыр көрінсе, жоламайын қасына.
- [68] (10) Жаман малды асырасаң,
Аузы-мұрның май етер.
Жаман адамды асырасаң,
Аузы-мұрныңды қан етер.
- [69] (11) Жаманменен құда болсаң,
Дауыменен сый қылады.
Итпенен үйір болсаң,
Боғыменен той қылады.
- [70] Иттің [боқ] жемесе, басы ауырады.
- [71] (12) Ауру қалса да, әдет қалмайды.
- [72] «Өлгенді тірілді» – дегенге нан,
«Әдет қалды» – дегенге нанба.
- [73] «Тау қозғалды» – десе, нан;
«Жаман жақсы болды» – дегенге нанба.
- [74] (13) Жердің тауы айналмайды, тас [ы] айналады;
Ауған елдің басы айналады.
- [75] (14) Еркекте ақыл қалмайды,
Өз қонысынан ауған соң.
Ұрғашыда ақыл қалмайды,
Біреуден сауын сауған соң.
- [76] (15) «Жал – құйрығы қаба» – деп,
Жабыдан айғыр салмаңыз.
Жаугершілік күн туса,
Ұстап мінер ат тумас.
«Атасы бай екен!» – деп,
Асылсыз қызды алмаңыз.
Екі кісі бас қосса,

- Сүйрендеп сөйлер ұл тумас.
- [77] Ат – биеден, алып – анадан туады,
Қас бұзақы қардан туады.
- [78] (1) Жаманды: «Жаман!» – десе,
Бөркі қазандай болады.
- [79] Арамсыз адал болмайды,
Жамансыз жақсы болмайды.
- [80] (2) Үш ай тоқсан түспесе,
Мұз қатпайды теңізге.
«Жаксыдан жаман туды» – деп, түңілме.
Күндердің күні болғанда,
Тартпай қоймас негізге.
- [81] (3) Бір тары ботқа болмас,
Ботқа болғанмен, жұртқа болмас.
- [82] (4) Қаз тойғанына семірмейді, орғанына семіреді.
- [83] Хайуан тамақтан семіреді,
Адам құлақтан семіреді.
Жаксы сөзге жан семіреді.
- [84] (5) Өлі-тірінің азығы,
Жаксы-жаманның азығы.
Жаксы сөз-жанның азығы.
- [85] (6) Біреу өлмей, біреу күн көрмейді.
- [86] (7) Ақ қоянның қалшасын
Адам жесе тоймайды.
Қыз күніндегі мінезін
Кей майталман – бір елге
Қатын болып түссе – дағы қоймайды.
- [87] (8) Шыбыштан туып, серке болмайды,
Тоқалдан туып, ерке болмайды.
- [88] (9) Кіші қатын – кісі қатыны.
- [89] (10) Бай – бастас, би – құлақтас.
- [90] (11) Жаксылардың көзі – жүз, құлағы мың болады.
- [91] (12) Аталастың аты озғанша,
Ауылдастың тайы озсын.
- [92] (13) Қорыққанға қос көрinedi.
- [93] Ұрының көті қуыс.

- [94] (14) Ат – ерінді, ер мұрынды келсін.
- [95] (15) Анасын көр де, қызын ал,
Аяғын көр де, асын іш.
- [96] (16) Көн құрысса, калыбына кетеді.
Жаманға қанша қақса, өзінің салтына кетеді.
- [97] (17) Ауру – астан, дау – қарындастан.
- [98] (18) Матаңның жаманынан – ағаш жақсы;
Ағайынның жаманынан – алаш жақсы.
- [99] Арпаны асқа санама, // [Боғ] ыңды көбейтеді,
Жаманды іске санама, // Тобыңды көбейтеді.
- [100] (19) Қазақ болмай, азап (ғазап) болмас;
Тамақ болмай, тамұқ болмас.
Ит балалап, сауын болмас,
Екі даугер ауыл болмас.
Қас төреде бауыр болмас.
- [101] (20) Әділ биде ата жоқ,
Тура биде туған жоқ.
Туғанына бұрған биде иман жоқ.
- [102] (21) Атан да болса, бір жолдас;
Қатының да болса, бір ойнас.
- [103] Құдан құрдасындай болсын,
Құдағыың ойнасындай болсын!
- [104] (1) Ойнасқа сенген-ерсіз қалған.
- [105] (2) Дәметпеген – астан құр қалады,
Ұялған – көттен құр қалады.
- [106] (3) Өлер өгіз балтадан таймайды.
- [107] (4) Балта көтерілгенше, дөңбек жал табады.
- [108] (5) Ұры өлгенше: «Ақпын!» – дейді.
Тоқал өлгенше: «Накпын!» – дейді.
- [109] (6) Бақпаса, мал кетеді;
Қарамаса, катын кетеді.
Баланы – жастан; катынды – бас [тан].
- [110] (7) Атыңды тұрып тышуға үйретпе,
Қатыныңды екі с... үйретпе.
- [111] (8) Құлдың екі көзі жоқ,
Ұлдың бір көзі жоқ.

- [112] (9) Ашаршылықта туған баланың
Екі көзі – аста.
Жұтшылықта туған құлынның
Екі көзі таста.
- [113] (10) Қырық қатынның ақылы – тауықша жоқ;
Ақылы болса, ол қатын жер ме еді бок?!
- [114] (11) Байлық – мұрат емес,
Жоктық – ұят емес.
- [115] (12) Берген биге жараған,
Бермеген кімге жараған?!
- [116] Берген перне бұзады.
- [117] (13) Ұршықты – парасы бұзады,
Қызды шешесі бұзады.
- [118] Аға мактағанды алма,
Женге мактағанды салма.
- [119] (14) Шаруаның мұны бір,
Бұзылғандардың жыны бір.
- [120] (15) Құл жиылса, шакпақ шағады,
Би жиылса, такпақ табады.
- [121] (16) Құл құтырса, құдыққа қармақ салады,
Күн құтырса, к...не бармақ с [алады].
- [122] (17) Өз – өлтірмес,
Жат – жарылкамас.
- [123] Өз көзі – өлтіргенді тірілт [еді],
Жыгылғанды – тұрғызады.
- [124] Өзімдікі дегенде, өгіз кара күшім бар.
- [125] (18) Істің ағы білмейді,
Ердің бағы біледі.
- [126] (19) Суда жүрген сүңгуір
Көл қадірін не білсін?!
Түзде жүрген дуадақ
Шөл қадірін не білсін?!
Жарлыдан жана байыған,
Жалғыздан өсіп көбейген
Ел қадірін не білсін?!
Өзі көкәйыл, өзі дию пері, өзі долы қатын,

- Ер қадірін не білсін?!
- [127] (20) Отының су болса,
Қыстың құрғақшылығынан не пайда?!
Етігің тар болса,
Дүниенің кеңшілігінен не пайда?!
Қатының долы болса,
Елдің бейбітшілігінен не пайда?
Қыс фарағат бірле өтер,
Құрығы болса отыны.
Қатының долы болса,
Сүйегіңнің қалмас бүтіні.
- [128] Сүтсіз сиыр – мөңіреуік,
Долы катын – жылауык.
Балалаған қой – жамырауык.
- [129] (1) Ит өз құйрығын өзі көтерін жүрмесе,
Оның құйрығын кім алып жүре [ді]?!
- [130] (2) Иттің Иесі болса,
Бөрінің Тәңірісі бар.
- [131] (3) Кедей елдің көшбасшысы көп болады,
Кері кеткен елдің кеңесі көп болады.
- [132] (4) Төлеңгіті билеген төре оңбайды,
Қатыны билеген ер оңбайды.
Бұралқысы билеген ел оңбайды.
- [133] (5) Тау белгісі тас болар,
Бай белгісі ас болар.
- [134] Төренің жаманы – төлеңгітімен қас болар,
Баланың жаманы – әкесін өлтіргенмен дос болар.
Құдайдың ең жаман жаратқан адамы –
Қатынының ойнас байымен дос болар.
- [135] Бұзылар елдің белгісі – бұратарасы бас болар.
- [136] (6) Асығып басқан – шайтанның ойнағын басады,
Аңдап басқан – Хызырдың ізін басады.
- [137] (7) Шеттегі ауыл көшсе, ортадағы ауыл шет болады.
- [138] Шеттегі ауылға арқасы жауыр болмаған –
Ортаға қонып, ауыл болуға жарамайды.
- [139] (8) Бір бала бар – әкеден өте туады,

- Бір бала бар – әкеге жете туады.
Бір бала бар көтінен кете туады.
- [140] (9) Ауыр кісі [ні] – көлігі сүймейді,
Ит жүйрігін түлкі сүймейді.
- [141] Желін [і] сау кой қосаққа имейді,
Көсеуің ұзын болса, қолың күймейді.
Ағайының көп болса, адам тимейді.
- [142] (10) Бүркіт алсаң, зорын ал;
Талпынғанда, керегеннің көгі суырылсын!
Қатын алсаң, сұлуды ал,
Өлгенде, артында ағайының талассын!
- [143] Бүркіт алсаң, көрінген қызылға талпынып бармайтұғынды
ал; // Қатын алсаң, көшкенде, жұртыңда қалмайтұғынды ал.
- [144] (11) Желдетпей, тұман ашылмас,
Желпінбей, жүйрік басылмас.
- [145] (12) Мырзалық – қонаққа пайда, малға қас;
Батырлық – жолдасқа пайда, жанға қас.
Өтірік сөз – дауға пайда, иманға қас.
Өткір пышақ – қолға пайда, қынға қас.
- [146] (13) Бидін үйі – құр даурық,
Ұстаның үйі – құр «шық-шық!».
- [147] Ұры байымас, сұқ семірмес.
Ұры байдың ауылын көрдің бе еш?
- [148] (14) Алғыс түбі – ақ май,
Қарғыс түбі – кара қан.
- [149] (10) Боларыңда болып өт,
Боз жорғадай желіп өт.
Болмасынды білген соң,
Болған ердің қосын жек.
Өзін адам болған соң,
Аудары тастап, қалай кетсең, олай кет!
- [150] Бай болсаң, торғын орамалмен бетің сұрт,
Жарлы болсаң, жаныңменен көтінді сұрт.
- [151] Бай болсаң, жан – бір алтын:
Қанша сыйласаң, сыйлауыңа тұрады.
Жарлы болсаң, жан – бір күдері,

Қанша қинасаң, қинауыңа жарайды, үзілмейді.

[152] (11) Атасы тегін малдан жаныңды аяма.

[153] (12) Әркімдікі өзіне,

Ай көрінер көзіне.

[154] (13) Жарлыға жарты қарсақ пайда,

Бүтін қарсақ қайда?

[155] (14) Қара таудағы елдің қатын-баласына шын қылғаны –
пайда // Бұл шіркіннің байығаны қайда?!

[156] (15) Пайданы басыңа қыл,

Басыңнан асса, досыңа қыл!

[157] Панасыз болса, сайдан без,

Пайдасыз болса, байдан без.

[158] (16) Жат кісі ауыл үй болмай,

Ақ кісі мал төлемейді.

[159] (17) Бала ойнамай, күн көрмейді,

Сиыр жаланбай, күн көрмейді.

[160] Ойнамаса, бала бола ма,

Жаланбаса, сиыр бола ма?!

[161] (18) Есек ойыны – қырық жылда,

Есебі табылар – бір жылда.

[162] (19) Біреуге – пышақ,

Екеуге-таяқ.

[163] (20) Қимылдаған қыр асар.

[164] (21) Көп сөйлеген жігіттің

Бір ажалы көптен.

Көп кетеген түйенің

Бір ажалы – шөптен.

[165] Бай – бір жұттық,

Батыр – бір оқтық.

[166] (22) Аз ғана елге – жасауыл болма,

Аз ғана асқа – бөгеуіл болма.

[167] (23) Сабасына қарай – піспегі,

Сақалына қарай – іскегі,

Есегіне қарай – тұсауы.

[168] Қобызына қарай күйлеу керек,

Көрпесіне қарап, көсілу керек.

- [169] (24) Жорға мінген жолдасынан айрылады,
 Сұлу алған кұрдасынан айрылады.
 Құдай ұрған құдасынан айрылады.
- [170] (25) Күшті елдің боғын жеген ит құтырады.
- [171] (26) Қатын алдын – кемеге міндің,
 Балалы болдың – ғарык болдың.
- [172] (27) Досыңның үйінде шашыңды алдыр,
 Дұшпаныңның үйінде тырнағыңды алдыр!
- [173] (28) Дәм – ғанибет,
 Дидар – ғанибет.
- [174] Бай төсегі – темір кіс (ыс)
 Кедей төсегі – қара кіс.

Байдың мамық күс төсегі жамбасына (жанбасына) темір ыс (іс) сықылды батып, ұйықтатпайды. Не үшін? Есі-дерті малдың қамында болып, алагеуімнен алас ұрып тұра келеді. Кедейдің жаман құрым киізі – бала кістің жүнінен жұмсақ болғандықтан, шаршы түс болмай төсегінен тұрмайды. «Бала кіс» – деген, «Ақкіс», «Қаракіс» – деген тышканның бір атасының өлі суының ішінде қаракістің жүні жұмсақ болады. Бұрынғы замандарда патшалар, байлар жаңа туған жас баласын балакістің терісіне бөлейді екен: «Қатты болмасын!» – деп.

XXX

«Ителгіден қорқып қашқан дуадақ былғаймын деп санғиды. // Дәнемені сезбейтұғын наданлар онай ғана жұмбақтың шешуін білмей қанғиды».

Жоктан тигені – диірменнен өнгені.

Аузымыздан сауып, бармағымыз тістеп қалдық.

Өлімшінің ажалы жетпесе, өлтірушінің қолы жетпейді.

Екі жақсы ерікпес,
 Екі жаман бірікпес.
 Білген – білгенін істер,
 Білмеген – бармағын тістер.

Дарияға түкірме, // Сусының құриды.

Дәруішке түкірме, // Тұқымың құриды.

Жанды жексен (хиксен) осы мақалды өзі айтып, Нәжімиден хазіретті...ге апарудан қалдырған.

XXX

1920-ыншы жылда марттың 28-і, сенбі, 306-ыншы номер Нәзір жазған сөзге «Қыр баласы» жауап қайырған: «Бұл Нәзір бұрыннан адасу, қай жақта болса, сол жақта жүретұғын бала еді. Осындай сөздің басылуына жол бермеген басқармаға алғыс айтамыз. Көпейұлы 1925-інші жыл, 29 март жексенбі, 560 номер. «Қазақ тілі» – молдалардың таласы туралы жазған жасқа алғыс айтамыз. Көпейұлы.

«Пірден емес, мірден» – деген – деген сөз осы кітапта алты қағаздан соң.

Күлік ішінде – Тілеуімбет – Наурыздың Тілеуімбетінен шыққан Бесімұлы Ақжігіт абыз Көкшетау маңайында өліп, топырағы сол жақта қалған екен. Ендігі жыл ел жайлауға барғанда, басына бата қыла барса, моласына үйрек жұмыртқалаған екен.

Заманындағы жұрт:

– Мынау тегін жан емес, әулие екен! – дескен екен.

Енді бір деректер

«Ақан серінің шын аты – Ақжігіт еді» – деген соң: «Сірә Ақжігіт моласы Құскөл, Сарыкөл маңайында болады-ау!» – деп жүр едім. Айтушылардың айтуы: «Жарқын тоғыз қызын – жалғыз баласының қатыны – келінін молаға апарып, мал сойып, бала сұраған екен. Сол моланы «Ақжігіт моласы» – деседі екен. Сонан келе буаз болып, ұл тауып, атын «Ақжігіт» қойған екен: «Ақан сері» атаныпты.

Қазақ айтады: «Пірден емес, мүридтен (мұрттан)» – дейді. Ол сөзінің мәнісі: «Не нәрсе болсын, орынға тұруы пірдің күштілігіне [н] болмайды, мүридтің ықыласының күштілігінен болады. Әулие атанатұғын, абырой табатұғын жанға ықыласы күшті һәмметі (үміті) зор мүрид кез болады. Пірдің кереметі таудай болса, мүридтің ықыласы тарыдай болса, таудай керемет тарыдай ықыласқа дәнеме қыла алмайды. Егер де пірдің кереметі тарыдай болса, мүридтің ықыласы таудай болса, тарыдай керемет таудай ықыласты аспанға ұшырады.

Шайхы Зыған деген әулие болды. Мекке, Мүкірәммеде тоқсан жасынаша төрт атак шығарды. Төрт жүз мүрид болды, әрқайсысы жынид бығидты бай...п ғамидас болды. Ақыр ғұмырында бір ұғыма барып, бір тырысаның қызына ғашық болып, ғақыл – естен айрылып калып, кәлам Алланы отқа өртеп, затар байланып, арақ ішіп, дін-иманнан балкуәние безіп, бұт-пірсіт болып, күндіз доңыз бағып, түнде шіркеуге от жағып, қыз не бұйырса, соны кылып калды.

«Махаббат жамына һасыламан мізит» – деп жүрген ықыласы күшті хүкіметі (хикметі) зор бір мүридi естiн, iздеп барып, Құдайға жылап, Мұхаммед пайғамбарға шын сыйынып, Құдайдан қуат, Мұхаммедтен шапағат болып, құтқарып алып, бұрынғы таз калпына түсірді. Баяғы шайхы Зыған болып, Мекке, Мікірәммедегі орынға келіп, ажал жетіп өлді.

Хикметте айтушы еді: «Пір кәмілді көрмей, шайхы Зыған» – деген еді. Мұның хикаясын Мерғали Шернизамдин хамса Науайы да сөйлепті. Мағынасына түсініп, оқыған кісі тоймастай кылып, күнде-күнде оқыса, жалықпайтұғын кылып, «Сүлік жолының уардат» – деген бір өткелі болса керек. Мұнан басканың басына түспеген уақиға болса керек. «Қойы қазсаң, терең қазба, // Өзіңе, жығылсаң, жаман болар». [Бұл] сөзі құранда айтады... қай орында қай жерде болса, қазак мақалының мағынасы аят мағынасымен бір жерден шығып отырады... ғибадаты басқа болғанмен, түп мағынасы бір.

Мақал:

«Көп бір уыстан берсе, толтырады; // Бір мұштан қойса, өлтіреді».

Бұл заманда бір уыстан беріп, толтыру жоқ.

Бір мұштан қойып, өлтіру заманы.

«Ұрлық қыл да, мал тап, // Ойнас қыл да, ұл тап».

«Көнілсіз жұмыстан көтсіз бала туады» – Осы екі мақалдан құны асар мақал жоқ шешуін білгенге.

Ақсуыр – Сәрсен ақсақал айтқан тақпақ.-Күлік –Тайшық болысқа ат үстінде тұрып айтқан. Содан кейін Тайшық жасай алмай өлген.

Бір тай бие болмайды,

Екі тай түйе болмайды.

Жетім-жесірді жылатқан

Өз елін өзі қан қаксатқан

– Азды-көпті жиған-тергеніне ие болмайды.

Мәшһүрдің жас баласы өлген жастарға айтатұғыны осы еді:

Балам өлді – деп, жылама,
Береді Құдай есесін,
Тағы бала табады
С... берсең шешесін!

- [1] Өлушінің ажалы жетпей, // Өлтірушінің қолы жетпейді.
[2] Ит жоқта шошқа үреді қораға,
Би жоқта құл жүреді арада.
[3] Ер толқыса, ел сүйеу болады,
Су толқыса, жар сүйеу болады.

Кіші жүзден шыққан Өтетілеу би заманында төрт Шөмекей, бес Жаппасқа қараның ханы болған [156].

Төртуыл: Қаржас-Үкібай би сөз бастағанда, былай бастайды екен [157].

Үйсін: Төле бидің дауам айтатыны [158].

Бұ да бұрынғы үлгілі билерден қалған сөз [159].

Әмір Темір көреген (екінші әңгіме)

Ғалымдар бас қосқанда, сөйлескен сөздер.

Сағдан (Сағдалдин) Мығуд пен Ғұмар Хорасанда Тіптазаны қариясында туғмыш дүр. 892-де Самарқанда опат етпес (етміш) дүр. Өзі қазы әскер (ғаскер) Әмір Темір көрегеннің ұстазы (стазы) болған һұдая – Шәриф кітабының мыснифиы (мызғы): «Ізетке ғанибет айту дұрыс емес» – деп.

Рум ғалымларын мiлзiм қылған дәлелi – бұрынғы сахабалар айтты, табғынлар айтты: «Олар өзімен замандас еді. Ізет табғыннан бұл мытаһырынларының айтуы дұрыс емес!» – деп.

Екінші Болгар ғалымларының «Хайла шарығы» – деп шығарған сөзін мансұққа шығарған: «Бұлардың көзі жоғалмай, жұрт түзелмейді» – деп. Осы айтылған екі жұртқа соғыс ашқызған – Әмір Темір көреген. Илдірім Баязиттің тұсында Рум уалаятын жаман харап қылған. Болгар (бұлғар) жұртын да жермен – жексен қылған. Сондықтан Түркі жұртының кітап айтқандары Әмір Темірді мақтамайды, жа-

мандайды. Татар мен Ноғайдан кітап айтқандар да мақтамайды, жамандайды. Олар не десе, о десін. Әмір Темір көреген қожа Баһаудин (Баһауалдин) мен екеуі бір пірге қол берген. Пірлері: Миркамал, Истази, ғұлама Тіптазаны. Бұл ғұлама Тіптазаның шәкіртін (шыһыртын) естіп, Мекке, Мүкірмә, Мәдина, Мүннәрадан Мірсейіт Шәріп әдейі іздеп (ізлеп) келген екен – жолығып бір сөйлесуге құмар болып.

Әмір Темір – Құдайдың құтты күні: «Базар шап (шып)» – деп, түн базарын құрдырып, ойды, даланы жап-жарық күндізгідей қылдырып, ғұлама мәжілісін жасатып, заманындағы жүйріктерді сөйлеттіріп, сөйтіп отырады екен. Ғаламнан озған алаяқтар бас қосып отырған мәжіліске Мірсейіт Шәріп өзін танытпай, жұпыны киіммен келіп, түге [л] игі жақсының кебісі тұратын жерге келіп, отыра кетті дейді. Басқа кісі сезбеді, танымады. Тінтазаны парасат нұрымен – тегін кісі емес екенін сезді. Төрде отырғандарды тұрғызып:

– Былай жоғары шығыңыз, олай отырмаңыз. Сіздің орныңыз ол жер емес, мына төрдің қақ төбесі! – дегендей қылып еді.

Мірсейіт Шәріп не дерін білмей, сасып қалды. Аузына сөз түспей, саскалақтап:

– Быхырысит мәжіліс шат һу дүр быхырма жырым дұлу біз ер охістік бір зібір – дейді.

Ноғайлыдан шыққан Мөңке бидің сөзі

(екінші нұсқа)

Азарсың, жұртым, азарсың [160],

Азғаныңның белгісі:

«Тайпақ-тайпақ көлдерден

Балық шығар» – деп еді.

«О балықты аулайтын

Үш ашалы шанышқылы

Қайық шығар» – деп еді.

«Қылмысы [161] жаққан пенделер

Алып шығар!» – деп еді.

«Қылмысы жақпас қырсықты

Екі етегі су болып,

Бір Жаратқан Тәңірге

Налып шығар!» – деп еді.
«Ауылдарын шу қылған,
Жаулықтарын ту қылған [162]
Зайып шығар!» – деп еді.
«Оқшантай жоқ, кісе жоқ,
Белбеу шығар» – деп еді.
«Жүгіпіс жоқ, малдас жоқ,
Көлбеу шығар» – деп еді.
«Заманақыр адамы
Менмен шығар!» – деп еді.
«Үй басына тоқ еткен
Келі шығар» – деп еді.
«Келісімен керісіп,
Келін шығар» – деп еді.
«Келін-айғыр,
кемпірі
Саяқ шығар!» – деп еді.
«Бір уысқа толмайтын
аяқ шығар» – деп еді.
«Қай жақ болса қонысың,
Сол жақ шығар» – деп еді.
«Бұзау, тайынша, танаға
Жүк артылар!» – деп еді.
«Қарап тұрған [163] жігітке
Қыз артылар!» – деп еді.
«Ағып жатқан дария
Су тартылар» – деп еді.
«Көкек айы болғанда,
Кемпір күйлер!» – деп еді.
«Ендігінің қатыны
Байын билер!» – деп еді.
«Тоға [н] басы – мұраб [164] – деп, –
Арық шығар» – деп еді.
«Сол арықтың ішінде
Ыңғайы жоқ жаманның
Пышағы мен шақпағы

Қалып шығар» – деп еді.
«Бес қойға алған өгізді
Тегін дерсің!» – деп еді.
«Егін егіп, тарының
Сөгін жерсің!» – деп еді.
«Жалаң аяқ сарттарды
Бегім дерсің!» – деп еді.
«Ысқа деген қамыстан
Үйі шығар» – деп еді.
«Сол үйінің ішінен
Қозы жауырын, қой бұтты
Биі шығар!» – деп еді.
«Заман ақыр болғанда,
Ат қояндай болады,
Адам құмандай болады [165]
Көдеге садағын ілер!» – деп еді.
«Өлеңтіні жағалай
Тал шығады» – деп еді,
«Тал шыбықтай бұралып,
Сал шығады» – деп еді.
«Сокқан бейіт сықылды
Үй шығады!» – деп еді.
«Қырыққан серке бұттанған
Би шығады!» – деп еді.

Және бір қарияның үлгілі сөзі:

– Байғыз деген құс болар! [166].

Дадан-Тобықтыдан шыққан Қараменде бидің сөзі [167].

Бұл қазақ қай уақытта «Үш жүз» атанған [168].

«Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама».

Жұттан, жаудан жаяу басын алып қашқан ел – шұбырған шұбырындысы аппақ сүрлеу болып қалады екен... [169].

Бір сөзді жазып отырғанда, бір сөз еске түсіп кетеді.

«Сөз-сөзден туады» – дегенге дәл келеді. Шоң, Торайғыр билер...» [170].

«Абылай аспаған сары бел» – аталған мәнісі» дерегі

Бұл Кишек: Бекболат алпыс бесте, Едіге жиырма бесте: «Абылай ханды шабамыз!» – деп барғанда [171], жарасып, бітіп, тынып қайтқанда, барған жолына Бекболатқа бір қыз, Едігеге бір қыз сыйлаған. Бекболатқа берген қыздың аты – Кишек, Едігеге берген қыздың аты – Ұмсын.

Біздің бұл қазақта – құлақ естіген жерде Уак: Нұрекен байдан бұрын қажыға барған кісі жоқ [172].

Замандардан заман өткенде, бұрынғылар өліп, таусылып, қалғандарға нәубет жеткенде: «Араб жұртынан бір Мұхаммед деген пайғамбар шығыпты!» – деп [173].

«Алланың шайтанынан адамның шайтаны күшті» – деген сөз (екінші нұсқа)

Бір ақсақ пен бір соқыр өмір бойы жолдас болған [174]. Екеуі де қайыршы. Ақсақ нашар, әлсіздігінен тапқанын-таянғанын өзі көтеріп арқалап жүруге кемдігі болған. Соқыр біреу жетелемесе, өз бетімен жүре алмай тұғын [ы] болған. Шайтан (сайтан) осы екеуін азғырып, айыра алмай, көп әуре болған екен.

Күндерде бір күн Алдар көсеге [175] ұшырасыпты:

– Не ғып жүдеп, салбырап келесің, байғұсым? – депті.

– Мына бір соқыр мен ақсақтың татулығына сұқтанып, озынша азғырып айырайын десем де, айыра алмай, шаршап келе жатырмын ғой [176]! – депті.

– Мен екеуін өзіңнің көз алдында қайтып қосылмастай қылып айырайын. Маған өзің қол тапсырып: «Бір!» – деп, білегімді; «Екі!» – деп, етегімді ұстап... тағыма [177] бас ұрамысың?! – депті.

– Жарайды, осы екеуін айырып жіберсең [178], айтқаныңды қылайын! – депті.

– Ал, енді тамашама қарап тұр! – деп, ақсақты шақырыпты.

– Жылдам кел, тез кел! – деп. – Ана соқырың солай тұрсын. Оның сыбағасын да беремін! Беремін [179] ! – деп, ақсақ шойталаңдап басып, шолақ аяғын қолын бұлғап, біреуді шақырып келе жатқан неме-

дей [180] жетіп келгенде, [ақсақтың] екі қолын мықтап ұстап алып, аямай-ашымай оның жағына шапалақпен сарт еткізіп бер періпті:

– Мұны соқырыңа апарып бер, – деп, және құлаштап тұрып сол жағына періп, – Бұл өзіннің сыбаған! – деп, екі жағын дуылдатып, қоя беріпті. – «Көзі жоқ» – деп, ана сорлынікін алып қойма! – деп айғайлайды дейді [181].

Соқыр асығып, қолын жайып тұр дейді. Жаққа сабағанын көрген жоқ, «Мынау соқырдың сыбағасы, мынаны өзін ал!» – дегенін [естіген соң]:

– Дәнеме берген жоқ, өзімді о жағыма бір ұрды, бұ жағыма бір ұрды! – дегеніне [соқыр] өлсе, нана ма?

Нанбаған сон:

– Оның: «Соқырдың сыбағасы» – деп, бергені мынау еді, – деп, нандыра алмағанына ыза болып, – оның бергені мынау, – деп, соқырдың екі қолын мықтап ұстап алып, бар күшімен бұ да ұрды дейді.

– Қайран, көзі құрғырдың жоқтығы-ай! Оның бергенін бермегеніңмен тұрмай, өзімді келемеж қылғаның өтіп кетті-ау! Өлсем де, қаңғып далада өлейін! – деп айрылып кетіпті... [182].

[Көтеш ақын өлеңдері].

Көтеш ақын бір жазғытұрым ауырып, көше алмай, жалғыз ауыл қалған [183].

[Тобықты шежіресі].

«Шәкәрім шежіресінен [Мәшһүр Жүсіптің] Тобықтыны жазып алуы [184].

Мақалдар:

Өзі тоймағанның сарқытын ішпе [184].

«Енсегей бойлы ер Есімхан» [185].

Манатхан баласы Баһир төре Арқаға келгенде [186]...

Айдабол-Сары-Қоңыратбай баласы Досжан молда [188].

Көрсары, Ақсары, – төрт сарының екі сарысының нәсіл жұрағаты [189].

Талас:Қобдан, Иманке, Туатай, Жаманқара, – «Төрт Қара» – атанған – осылар» [190].

«Ғышмания» аталған түркілердің баба уаждаттары... [191]

Ұлы жүз – Үйсін – Ошақты – Жалайырдың Жалайырынан Бөлтірік би деген би шығыпты [192].

Ақмайдан, Токмайданның Токмайданынан – Қатыс [192].

Мәшһүр Жүсіп өлеңі

Келіп қалса, бұқтың не, бұқпадың не?

Алушы жоқ.

Ұқтың не, ұқпадың не?

Есектің басы құрлы қарамы жоқ,

Аз ғана елден шықтың не, шықпадың не?!

XXX

Күн шықты, жұлдыз біткен өртке күйді,

Күймесе, қайда кетті, не жау тиді?!

Бел қатайды, еңсе бір көтерілді,

Ғайыптан (қайыптан) бір қыз келіп беттен сүйді.

Бір ұғып алып айтып жүретұғын сөз

Мүдде болды кедейлік

Сал сөз де елегіш (илегіш).

Шалқайтар (шалқаяр) – тату,

Қымс етсе – ерегіс.

Алалықтан күш болу

Бұл қанша керек іс?!

Шемен бар – уда дерлік,

Сасық бар – буда дерлік.

Замана түрленді

Жақсылар кірленді,

Ызасынан у жерлік!

Он екі жыл аттары

Ғарапша... парсыша... қазақша:

Тышқан, сиыр, барыс, қоян, ұлу, жылан, жылқы, кой, мешін, тауық, опадар, қаракиік.

Қатындардың қойған аты:

Жорғалауық, әуке, діңке мен жырық, шолп етер ұзын шешей, тағдыр, жәндік (жандық), ойнарқы, құс баласы, ноқай, жер түртер.

Ақылға салғанда, қатындар қойған ат дұрыс.

Ана тілінің асылдығы – осы.

«Ұлан жасындағысын ұмытпайды» – деген бар ғой. Мұса, Секербай заманында [194].

Географиялық мәліметтер

Алматының сыртында Іле тауы, оның сыртында – Күнгеі Ала-тау. Шудың бір басы осы екі таудың арасынан басталады. Токпак, Піспек – Шу бойында. Ақсу, Шоқала өзен [і] Ескінде тауынан ағып, Шуға құяды. Мерке де – өзен, бұ да Шуға құяды. Талас – тау аты, Ескенде тауы мен Талас тауының арасынан Талас өзені ағады, Әулиеатаны басады.

Шу ауданы Қырғыстанмен шектес [195].

[Ақылбай Абайұлының «Дағыстан» дастаны].

«Дағыстан» әңгімесі.

Қазақтың «Қап» дегені-Кавказ серек [196].

Мәшһүр Жүсіп өлеңі

Мылжың шал.

Жұрт көрсін жетпіс үште жазған хатын,

Күн болды арылта алмас темір татын.

Кеңеске бір книга толтырдым да,

Атадым: «Мылжың шал» – деп кітап атын.

Қазақта бар сөз:

Кеден кеден болды,

Кеден неден болды?

Ұйғыр халқынан бөлініп, кара Қытайға карап кеткендікт [ен], «Кеден» атанған бір жұрт болған, сондықтан «кеден» аталған.

Далан – Тобықты – Қараменде би ұрпағынан шыққан Нармамбет өлеңі:

Кең дала, кеткенің бе, кер бетеге [197]?!
Байқошкар қажының өлеңі.

Қыстау Адыр түбінде Ташен сал бар [198].

Қалмақта Құбақалмақтың ханы «Қалдан Шерін» – деген хан болған [199].

1828-інші жылда 10 сентябрьде туып, 1910 – жылда 20-ыншы ноябрьде өлген – Лев Николаевич Толстой:

1801–1851-інші жыл туған жаннан 30 жас үлкендігі бар 82 жаста каза тапқан.

Кенесары ханның «Жапар төре» – деген бір баласы Кенесарының өзіне еріп соғысқа кіріп жүргенде [200]...

Мәшһүр Жүсіп өміріне қатысты деректер (бірінші нұсқа).

«Айдабол-Күліктің Күлігі» [201].

Шора батыр (бірінші нұсқа).

Қазақ ертегісі – Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы сөйлеуші.

Бұрынғы заманда Қазан деген қалада Тама деген ел тұрақ қылған екен [202].

Мәшһүр Жүсіп өлеңі.

Жылым-кой, биыл жасым жетпіс үште [203].

Мұса мырзаға Ташкентлік бір Қадірия деген ишен келді [204].

Мәшһүр Жүсіптің «Мына заман» өлеңі.

Шалқарбайдың Жүнісін ажал алды [205].

Ер Едіге (екінші нұсқа).

Ер Едігеден естігенімді сөйлейін [206].

Жаланаяк Әудер әулие.

Күні кеше Қуандықтан шыққан Арық Қоңырбай Айқожа ишаннан халфе болып... [207].

Әкесі басқа адамдар туралы (бірінші нұсқа).

Әкесінің атын жан білмейді [208].

Шернияз Жарылғасұлы (1807–1867).

Қазақтың ауыз айтқан өлеңі, жоқтауы [209].

Бұрынғылардың батасы.

Құрттай бала күнімізде батагөй шалдардың батасы. Кейінгіге нұсқа кылып қалдыру үшін Көпейбаласы Мәшһүр Жүсіп жазған.

Әуелі Құдай жарылқасын [210].

Нұрман сөзі

(бірінші нұсқа)

Кеше Қоңыраттан шыққан «Көктің ұлы» атанған Сапақ датка мен замандас – Қоңыраттың бір табынан «Қара Нұрман» – шешен шыққан [211]. Осы екеуі біріне-бірі кездеспей, бақкүндестік кылып жүреді екен. Сапақ – өскен, өнген рудан шыққан, туған-туысканды, балалы-шағалы. Нұрман туған-туысқаннан да таза, бала-шағадан да таза: жалғыз да екен, жарлы да екен.

Бір қалың ну жиында екеуі кездесіп калып: «Мына жакта Сапекен отыр гой!» – демей, Нұрман желдей гулеп есе беріпті. Сонда Сапақ шыдап отыра алмай:

– Нұрманым, Нұрман-ак екенсің! Құлағың жоқ, шұнақ екенсің де, құйрығың жоқ шолақ екенсің де! Жалтақтап сөйлейсің – жалғыздық көргенінді білдіріп; көтеріліп сөйлейсің, көмексіздігіңді білдіріп, – дегенде Нұрман айтыпты:

Жалғызды мінесен, Құдайді міне!

Жарлыны мінесен, пайғамбарды міне!

Құлағым шұнақ болса, сұңқар шығармын,

Құйрығым шолақ болса, тұлпар шығармын!

Құйрығы ұзын – болды ит,

Құлағы ұзын – болды есек,

Ешкі егіз табады,

Ит сегіз табады,

Шошка тоғыз табады.

Бабаң егіз еді,

Атаң сегіз еді,

Өзің тоғыз едің!

Сенің көп балаңды алайын десе,

Құдайдың пәлесі жоқ па?!

Маған бала берейін десе,
Құдайдың баласы жоқ па?!

Байдалы және Айғаным (бірінші нұсқа соңы).
Өлі аруақты тіргіздің [212].

Түрлі деректер

1928-інші жылда 22-інші мартта бейсенбі күн – Қоян құлады, ұлу такка мінді. Жыл басы бір-скілі күнге келді. Егін, шөп ебедейсіз көп болады, бидай, тары арзаншылық болады, балаларға ауырырақ етеді.

Айдай әлемді демейін – итше ұлытқан жерлері болмақ. Шортанбай қожа айтқан екен:

Байды Құдай атқаны,
Жабағы жүнін сатқаны.
Кедей қалай күн көрер
Жаздай жатақ жатқаны.
Жалғыз сиыры бар болса,
Соғымына сояды.
Қағаздатып бұзауын
Ноғайына қояды.

Гисабек ишан дауам айтып отыратын мәтелі: «Байлық – мұрат емес, // Жоқтық ұят емес».

Бұл сөздердің шындығы жұрт көзіне биыл көрінді. Арғы затымыз түрікпен екен де, бабаларымыз Баймұрат керуенбасының қайыны Қызылжарда тұрақ қылған Найман – Иіс керуенбасы екен дейді.

Ғұбайдолла Жақия баласы – Әбдірахман керуенбасының шөбересі. 1927-іншінің жаңаша августің 25-бейсенбі күні бір керегі болғаны үшін жазып қойдым. Не қылғанымды өзім білемін, кімге қаксай берейін.

Бұл-Қыпшақ, өзі Моғол-Татардың Моғолынан-Ғараб, Ғажам, Татар, Танғұт, Тәжіктен басқа Ауған, Афған, Дүнгене, Тарыншы, Ойрат, Бұйрат – бәрі осы Қыпшақтан тарайды. Бұ да көп ертектен – бір ертектен.

Айтушы – казак. «Естіген құлақтың жазығы жоқ» – деп сөйлеуші – Көпейбаласы Мәшһүр Жүсіп.

Шайхы Бұрқы диуана және Мәшһүр Жүсіптің бір өлені.

Мұса пайғамбар заманында Шайхы Бұрқы деген диуана болыпты [213].

Сарыарка тарихы (екінші нұсқа).

Сарыаркада Нұра деген өзен бар [214].

Сарыарканың кімдікі екендігі.

Қазак жұртының басынан кешкен күнлер. «Октябрь он жетінші» Манифесі шықты, – дегенде айтылған әңгіме:

Сөз шықты біздің казак баласына [215].

«Сөйлей берсе, сөз таусылмайды, // Сарт құрымай, бөз таусылмайды».

Абылай ханның қалмақты Сарыаркадан бастырып, аудырғандығын – заманасында болған шайыр Көшекұлы Күдері кожа сөйлеген. Бұрынғы заманда Жоңғария қалмақ күшті дөкей тірлік қылған кырық сан кара қалмақта Қоңтажы деген тайшысы болған. Қалмақ «хан» – деген сөзін «Тайшы» – дейді екен [216].

Қалмақ ауғанда, тамақ сұрап жылаған балаларына айтқан сөзі.

Соркара, Сортың бар ма [217]?!

Қалмақтың Сарыарканы жоқтап жылағандағы зары.

Қайран да, қайран, қайран тау [218].

Бір шежіре үзгі.

Бұқабай баласы – Жүсіпбай: Мажыра қатыннан туган. Мұнан бала бар: «Сатылған-Әбдірахман баласымын» – деп жүр. Көтеш ақынның тұңғышы – Қыстаубай, Отаубайдан – Игілік, мұнан: Құнанбай, Жұманбай, – үш ағайынды. Омбыдан әрі патша құдығында, Омбыға тоқсан шақырым жер. Байдың бәйбішесінен – алтау, токалынан алтау.

«Ойтүндік пен Белеңде» – дегендегі «Белең» қай жұрт [221]?

Әмен Көпейұлы (1888–1921) өлеңі

Күймей қайтіп тұрарсын
Түріп көріп заманның?!
Айтқандай қып жүрісін
Келтіріп тұр жаманның.

Өзі – қымбат, сөзі – пұл,
Аты келіп тұрған соң.
Жұрттың көбі оған құл,
Жалған мойнын бұрған соң!

«Бұл қалай?» – деп, ойланып,
Көп шаршайды сұм жүрек.
Аз қызыкқа байланып,
Жүру бекер не керек?!

Жас күніміз тозып тұр,
Айнымас ішіп арақтан.
Тарыдай бақ озып тұр
Таудай болған талаптан.

«Жазуда – деп, – бар-жоғы»
Түпсіз сөзге бармаңыз.
«Тисін – десең, – бақ оғы»
Дұрыстық істі кармаңыз.

Сынап қара, нанбасаң,
Шын талаптан қалмаңыз.
Жалықпасаң, қалмасаң,
Бірер-бір күн алдаңыз.

1915 жыл.

Бұқар жырау өлеңдері.

Орта жүз: Арғын – Төртуыл – Қаржас – Алтынторы – Қалқаман батырдың баласы – «Бұқар жырау» атанған қария тоқсан үш жасында Абылай ханның алдында бір толғаған толғауы [222].

Түркістан, Ташкент орысқа алғаш қараған кезде Сыр бойынан Мәделі қожа ақын атанып... [223].

Хандар шежіресі.

Жошыхан ұғлы – Токайтемір, мұның ұғлы – Тоққұлқожа [224].

Ұлбике мен Күдері айтысы.

Бұрынғылар домбыра ұстап, өлең айтатұғыннан: «Қайым білесің бе?» – деуші еді [225].

Ұлбике мен Жангел айтысы

(екінші нұсқа)

Жангел (Жаңкел) – каракалпақ, кара касқа кедей, жалғыз үй қала алмайды [226]. Ел көшкенде, әкесі де, өзі де жаяу-жалпы жүреді екен. Ұлбике – байдың қызы [227]. Көкөзектен ауылы көшіп, түйеге жүк комдап жатыр екен. Жангел жаяу, көшінен бұрылып: «Ұлбикемен айтысып кетейін!» – деп, жүк артып жатқанда, өленді қоя берді. Көш ел де, көшіп жатқан ел де екеуінің қасына иіріліп тұра қалды.

Сонда Жангел айтты:

Сайқамыс, сай-сайқамыс сайда болар,
Көп жылқы көк алалы байда болар.
Жүк артқан, ауыл көшіп, қыз бен катын,
Кешуі Көкөзектің қайда болар?

Ұлбике былай дейді:

Жангел кедей келеді қардай борап,
Жаяу келер әкесі алдын орап.
Жылқын өтпей бара ма, жазған кедей,
Кешуін Көкөзектің менен сұрап.

Жангел сөзі:

Пышакқа қын табылса, сап табылар,
Әкем көшке мінгендей ат табылар.
Шыпжалақтай бермеші, құрғыр Ұлжан,
Сендей байтал айғырға көп шабылар.

Ұлбике сөзі.

А, Жангел, күйгеніннен «Байтал» – дедің,
Жаксы болсаң, «Байтал» – деп айтар ма едің?
Әкең көшке мінгендей ат табылса,
Жайлауға жаяу барып қайтар ма едің?

Жангел сөзі:

Ау, Ұлжан, күйгеніңнен «Кедей!» – дейсің,
«Кедей» – деген жақсы ма, не өйдейсің?
«Кедей, кедей!» – дейсің де, еш қоймайсың,
«Тар жол, тайғақ кешуде» – көбеймейсің!

Ұлбике айтады.

Кедейді «кедей» – демей, «бай» – дей ме екен?
Үйінен бай кедейдің май жей ме екен?
Кедейлікке шамданып, шамырқанып,
Бәрі де кедейлердің сендей ме екен?

Жангел сөзі:

А, Ұлжан, кедейлігім жасырдым ба,
Мен саған: «кедеймін» – деп, бас ұрдым ба?
Кісіге қарап тұрған соқтығасың,
Үстіне бұқа болып асылдым ба?

Ұлбике сөзі.

Кедейлігің, неге айтпайсың, жасырмасаң,
Алдыма неге келдің, бас ұрмасаң?
Қыз түгіл, сен шіркінге қатын қайда,
Снырға бұқа болып асылмасаң?!

Қыз жеңіп кетті де, Жангел жеңіліп қалып, жүре берді. Тағы бір ел көшіп келе жатқанда, Ұлбике жеңгесіне:

– Көшті кішкене анау келе жатқан Жангелге жанастыра жүр. Екі бұзаулы снырына арба салып, жаяу айдап келе жатыр. «Биыл жұттан нең өлді, нең қалды?» – дейін. Дәу де болса, арба салған сныр да өзінікі емес қой!

Сонда Ұлбике айтады.

Қорқыт пен су аяғы теңіз қалды,
Байлардың арығы өлді, семіз қалды.
Биыл қыс талай жанды ұлытты ғой,
Жангелжан, неңіз өлді, неңіз қалды?

Онда Жангел айтты:

Өлді де Байтөбетім, Басар [228] қалды,
Байлар көшіп құтылды, нашар қалды.
Бар еді төрт сиырым, түгел өлді,
Жалғыз-ақ кызыл ала қашар қалды.

XXX

Ұлбикенің өзін «жүн жеп, жабағы тышқан» бір байдың баласы қатындыққа алған екен. Қатын болып, қолына барып түскен соң [229]:

– Тойға барушы болма, өлең айтушы болма! Енді тойға барсаң, өлең айтсаң, көзіңді жоғалтамын, қарашығыңды батырамын! – деп қойыпты.

«Жаман шірік иті» үйде жоқ болған қарсаңда бір той болып, ауыл-аймағы, қайыны-қайнағалары:

– Сені біз сабатпаймыз! – деп, тойға алып барып, тойдан қайтып келсе, «ит» келін қалып [230]: «Сені ме?!» – деп, кіжініп отырған үстіне октай ұшырап, қойдың бір қатқан санымен қақ бастан періп қалғанда, мұрттай ұшып, тіл тартпай кете беріпті [231].

Жұрт жиылып қалыпты. Төркіні де аралас-құралас екен: құн сұрады. Сонда төркініне таңдау берді:

– Бидің билігіне бересің бе, пайғамбар шарифатына көнесің бе? – деп [232].

– Пайғамбар шарифатына салдык! – деді.

Сонда шарифат айтатұғын Күдері қожа екен, айтқан шарифаты [233]:

– Өлер Ұлбике өлді: аяр да ас жоқ, тояр да ас жоқ. Мұны сойыңдар, өкпесін алып көріндер. Өкпесінде жазу жоқ болса, тойға бару, өлең айту әйел жынысына дұрыс емес [234]. Өзіне сот, бұған құн бұйырмайды. Егерім өкпесінде жазу болса, онда айтпаса, ішін жарып кетеді. Үш кісінің құнын берсін: сүйек құны, өнер құны, қара құн.

Ұлбикені сойып, өкпесін алып көрсе, өкпесі жыбырлап тұрған жазу екен. Көрген жұрт ботадай боздап, қойдай маңырап, сиырша өкірісіп жыласты дейді. Көзінен көрген жұрт күйгендіктен, Ұлбикені өлтірген байы Бойтан серіні бас «жетім» үшін құнына беріпті.

Сүйек құны үшін – елу жылқы, алты «жақсы» беріпті. Өнер құны үшін және елу жылқы, алты «жақсы» беріпті. Қара құн үшін «Тоқал құн» – деп, тоғыз «жақсы» беріпті.

Күдері қожа айтыпты:

– Бұл әулие еді. Екеуміз бір айтысқанда, мен:

«Бір айда етеккірің үш келетұғын әйелсің ғой!» – дегенде, «Бетпақтың шөлінде жаныңды алып қалған мен едім. Сонда да танымағаның!» – деп еді. Бетпақ шөлінде адасып жүріп, тілім аузыма сыймай, өлер шаққа жеткенде, Ұлбике болып, бір аяқ сусын бергенде, көзім шырадай жанып, өмірімде шөлдеместей болып едім! – депті.

Құдай рахмат қылсын Ұлбикеге, Күдеріге, Жангелге! Бәрің де әулиесің, қолдай гөр!

Ұмсын мен Заман қожа айтысы

(екінші нұсқа)

Ұлы жүз: Үйсіннен шыққан ақын Ұмсын қыз бен Заман қожанын айтысқаны [235].

Заман.

...Жомарт ер ақыретте иман табар,

Сираттың көпірінен бәрінді айдар.

Күнәдан бұ дүниеде пак болсаңыз,

Сегіз ұшпақ ішінде [236] орын сайлар.

...Дін күтсе, иман берер жомарт ерге,

«Қол берген – сауап, – дейді, – жеті пірге!»

Ақыретке барғанда, сұрау жоқ-ты,

Сегіз пейіш ішіне [237] кіргендерге.

...Қыз шыдап отыра алмады, өленді қоя берді:

Ассалаумағалейкум, бердік, сәлем,

Біз сөйлейік, рұқсат берсе қожам.

«Білмегенді сұра!» – деп айтқан Құдай [238] тағалам,

– Қай сауаптан пейішті көреді адам?

...Заман.

...Қожа – құдай пендесі, о да не дүр,

Мұхаммедтен басқада жоқ-ты өнер.

Қиямет қайым болғанша қосылмақ жоқ [239],
Жамиғы жан сол шақта түгелденер.

...Заман.

Ұмсын-ау, сөз күнәсы – өтіріктен,
Нәпсінің бір күнәсы – мәкүріптен.
Залалы жоқ адамға [240] ғайбат қылма,
Аллаға тіл тигізбе, үміт етсең.

...Заман.

Ұмсын-ау, айтқан сөзге нанбаймысың,
Сен данышпан ақылды өз жынысыңнан.
«Тәңірі алдында бар, – дейді – талай қасаң» [241],
Әркім тартар өзінің қылмысынан.

...Ұмсын.

Шариғат құпия ма, жария ма,
Қожеке, біз – шұқанақ, сіз – дария.
Сұралмаған бір сөзім қалған екен:
«Өлмес жан, өтпес дүние жаралған ба [242]»

Тағы бір деректер

Ағиіс (Ақиіс), Қу, Абыралы, Марамик, Боктыкент – бұрын
Қуандық қонысы болған екен. Ағиісте – Ақиіс, Қалқаман, Қуда –
Нұрбай, Алшынбай батыр; Боктыкентте – Байдалы, Байтоқа.

Әлісай, Есенкелді батыр мен Сармантай, Алшағыр батыр Қарсұн-
Кернейдің үш жүз кісісін өткелсіз Шиліде (Шейліде) қойдай иіріп,
қырып, Кернейдің батырбасы Ескенбайды өлтіріп, қашуға жарағаны
тірі құтылған. «Өткелсіз Шиліде» «Ескенбай» – жер аты болып
қалды.

Қойкелді бай – Қаракесек – Байбөріден шыққан. Саяк, Алтай-
Тоқадан; Азнабай – Төртуылдан – «Азнабай – Сапақ» – атанған.

«Арқадағы алты бай: Ақкісі мен Сеңкібай» – атанған – Шаншар-
дан шыққан байлар.

Мантен, Таутан, Малкелді – Айдаболдан шыққан байлар.

Сақау мен Тоғжан айтысы

(екінші нұсқа)

...Сақау.

Ақырған қараңғыда қара қабан,
Сақауға сөйлейтұғын келді заман.
Еліміз қорасаннан [243] көп қырылды,
Құдайға шүкір, әлі жүрмін аман.

...Тоғжан.

Қызылтау, Баянаула бел-ақ еді,
Орманшы өз алдына ел-ақ еді.
Нағашың Шаншар болып, шырақ, тудын,
Кеспелік, Түрмелік [244] тым (дем) шұнақ еді.

...Сақау.

Жан бергенге жөн берген Құдай тағала,
Құлына жаратылған өзі пана.
Бәңгіден [245] бітсе, оған той қылар ем,
Бір біткен Ордабайдан арам бала.

...Тоғжан.

Жұлдыз жиі болмайды жыбырламай,
Жігіт мейірі қанбайды сыбырламай.
Бір кісіге бір кісі жан бере ме,
Өз пайдама жатамын қыбырламай [246].

...Тоғжан.

Болғаны қиямет қайым қашан еді [247],
Кенже ұлы Келдібектің Асан еді.
Жақсыны бұрынғы өткен ауызға алсақ,
Алаштан асып туған Бошан еді.

...Сақау.

Қаракесек қап-қара күңнен туған,
Қазыбегі би болып, бетін жуған.
Төртуылдан төрт кісі атқа мінсе,
Сонда сенің басыңа зор күн туған [248].

...Тоғжан.

Торайғыр біздің елде бойдақсиды,
Асканша Қушоқыдан [249] қунақшиды.
Аскан соң Қушоқыдан көзі алақтап,
Токтыдай баспақ болған бұлғақсиды.

...Тоғжан.

Торайғыр біздің елден жөнелді енді,
Есіл би азықсыздан енді өлді енді.
Тамам би коштасуға (қостасуға) тақалғанда,
Қара су Шортандының [250] кез келді енді.

Ұлбике мен Күдері айтысы [251].

Шөже мен Қалдыбай айтысы.

Қаракесек – Шаншар ортасында Қойсүймес баласы Баймұрын мырзаға Қуандық ақыны болып жүрген соқыр Шөже өлең айтқанда, Қаракесек ақыны Қалдыбай қожа Баймұрынды айырып аламын деп айтысканы.

Қалдыбай.

Ау, Шөже, шындаймысың, ойнаймысың [252]?

Жанақ пен Түбек айтысы.

Арғыннан шыққан – Қамбар: Жанақ ақын мен Найманнан шыққан – Сабырбай: Түбек – екі ақынның айтысқаны Найманның ортасында бір төренің асында Қамбар – Жанақ – өзі – кәрі шал, өзі жалғыз атты жолаушы.

Жанақ.

Мен үйімнен шығып ем Ертіс өрлеп [253].

Сұлтанмахмұт Торайғыров өлеңдері.

Тұрмыс, маған от шашып [254].

Мөнке мен Опан айтысы [255].

Бұхарай Шәріпте «Жақсы Ғабдолла хан» – атанған хан болған [256].

Шортанбай мен Орынбайдың айтысы [257].

Түбек пен Жамшыбай айтысы [258].

Шөже мен Балта айтысы [259].

Көтеш пен Күнекей қағытпасы [260].

Шөже мен Шортанбай қағытпасы

Соқыр Шөже айтады:

Алғаным – Бигеліден қара манат,
Бергені Жаналының – күрең жорға ат.
Бөкейдің көптігіне таласпасаң,
Байлыққа таластырма мұрдар жаллат.

Онда Шортанбай айтады:

Жамантай жарты патша князь болған,
Құсбегім Арыстан мен анау тұрған.
Бойында бектігі жоқ Қонырыңның:
Шақша мен тарақ сатып, дүние жиған [261].

Торайғыр шөбересі Сұлтанмахмұт Торайғыров өлеңі.

Әйтеуір адам көрсе бармай қоймас [262].

Байқошқар, Ажар, Жұпардың өлеңдері [263].

Әкесі басқа адамдар туралы (екінші нұсқа).

Қазақ сөзі: «Ат – биеден, алып анадан туады», «Көңілсіз жұмыстан көтсіз бала туады...» [264].

Жаяу Мұса туралы

Әжібай-Қанжығалы: Досқана-Төлегеннің Досқанасынан Сасық би деген би шыққан. Қанжығалының: Бапан, Сасық дейтұғын екі биі болған. Сасықтың қыстауы Баянаула бауырында, Қыңыртас (Қоңыртас) сыртында болған. Малкозы-Төбет бай байлықпенен Сасықтың Нағжан деген қызын баласы Байжанға атастырған. Қызды сүйікті, қылықты болғандықтан: «Нақыш, Нақыш!» – дейді екен.

Қыз күнінде Боштай Нақышпен ойнас болып, Боштайдан буаз болып он жақта көтеріп барып, Байжан босағасына барсымен тапқан. Жаяу Мұса – сол. Боштайдың өз қатыны Даржаннан сондай бала туған жоқ [265].

Жақсы Ғабдолла хан тарихы [266].

Байдалы және Айғаным (бірінші нұсқа).

Бұрынғылардың такптап сөйлеген кара сөздері. Қуандықтан шыққан Байдалы би [267]...

Кешкенбай.

Тұлпар деген елден бір жұпыны; айынды, атакты емес, елеусіз, кораштау Кешкенбай деген би шығыпты [268].

Такпак.

Кім айтканы белгісіз. Арай, арай, арай бар [269].

Мөңке би сөзі

(үшінші нұсқа)

Ноғайлыдан шыққан Мөңке бидің такптап [айтканы]:

Азарсын, жұртым, азарсын,

Азғаныңның белгісі:

«Тайпақ-тайпақ көлдерден

Балық шығар» – деп еді.

«О балықты аулайтын

Үш ашалы, шанышкылы

Қайық шығар» – деп еді.

«Қылмысы жаккан кылықты [270]

Алып шығар!» – деп еді.

«Қылмысы жакпас қырсықты

Екі етегі су болып,

Бір Жаратқан Тәңірге

Налып шығар!» – деп еді.

Ауылдарын шу кылған,

Жаулықтарын ту кылған [271]

Зайып шығар!» – деп еді.

«Оқшантай жоқ, кісе жоқ,

Белбеу шығар» – деп еді.

«Жүгініс жоқ, малдас жоқ,

Көлбеу шығар» – деп еді.

«Заманақыр адамы

Менмен шығар!» – деп еді.

«Үй басына тоқылдақ [272]

Келі шығар» – деп еді.

«Келісімен керісіп [273],

Келін шығар» – деп еді.

«Келін-айғыр,

кемпірі

Саяқ шығар!» – деп еді.

«Бір уысқа толмайтын

Аяқ шығар» – деп еді.

«Қай жақ болса қонысың,

Сол жақ шығар» – деп еді.

«Бұзау, тайынша, танаға

Жүк артылар!» – деп еді.

«Қарап тұрған [274] жігітке

Қыз артылар» – деп еді.

«Ағып жатқан дария

Су тартылар» – деп еді [275].

«Көкек айы болғанда,

Кемпір күйлер!» – деп еді.

«Егіншінің [276] қатыны

Байын билер!» – деп еді.

«Тоғам басы – мұраб – деп, –

Арық [277] шығар» – деп еді.

«Сол арықтың ішінен

Ыңғайы жоқ жаманның

Пышағы мен шақпағы

Қалып шығар!» – деп еді.

«Бес қойға алған өгізін

Тегін дерсің!» – деп еді.

«Егін егіп, тарының

Сөгін жерсің!» – деп еді.

«Жалаң аяқ сарттарды [278]

Бегім дерсің» – деп еді.

«Ысқа» [279] деген қамыстан

Үйі шығар» – деп еді.

«Сол уйниң ишнен
Қозы жауырын, кой бұтты
Би шығар [280]!» – деп еді.
«Заман ақыр болғанда,
Ат қояндай болады,
Адам құмандай болады [281]
Көдете садағын ілер!» – деп еді.
«Өлентіні жағалай
Тал шығады!» – деп еді.
«Тал шыбықтай бұралып,
Сал шығады» – деп еді.
«Соққан бейіт сықылды
Үй шығады» – деп еді.
«Қырыққан серке бұттанған
Би шығады!» – деп еді.

Тақпақ

Бодененін жатқан жері хас болар,
Кәрі өлсе, жігіттерге ас болар.
Жігіт өлсе, білімтағылар пәс болар.
«Дат!» – десем, ырғилы шәлден кәріп (ғарыб).
Ат бірнеше ерді жұрт қылар мылағат.
Кәрі өлсе, ол Құдайдан рахмат,
Жігіт өлген күні болар қиямет.
Байғыз деген құс болар,
Ең кәріптіктен – жатқан жері тас болар.
Оралдының баласы
Он бесінде бас болар,
Бастығының белгісі
Қолабалы қол келсе,
Келте қара ту келсе,
Ел шетіне жау келсе,
Қолға алғаны – тас болар,
Қайда қартпен дос болар!
Кембағал байғұс баласы

Жиырма бесте жас болар.
Жастығының белгісі-
Ертеменен тұра алмас,
Беті-қолды жуа алмас.
Тепкілесек, оянбас!
Белін қатты буа алмас,
Буса, белі бос болар.
Сол жаманның көңілінде
Есі-дерті ас болар.
«Асыңды іш те, шырағым,
Жылы жайда жат!» – десең,
Өлгірдің уақыты хош болар!
Сондай бала бергенше,
Қолыңда тобылғы сапты қамшың іс болар.
Айта берсем,
Мынау шебім еп болар.
Кең шаһардың арығы
Жазып қойған шеп болар.
Мешкейменен ас жесең,
Қол жуғанша жеп болар.
Ақыр заман болғанда,
Әр мешітте, жақсылар,
Талтайған сопы көп болар!

Шоң бидің Қуандық еліндегі асқа баруы (бірінші нұсқа).

Шоң-Торайғырдың Шоңы қартайғанда, Қуандықта бір асқа барған әңгімесі [282].

«Абылай аспаған сары бел» – аталған мәнісі (төртінші нұсқа).

Ғаламда он сегіз мың жан болыпты [283].

Бұхар, Қоқан хандары туралы (үшінші нұсқа).

Мен өзім жиырма тоғыз жасымда Бұхарай Шәрифке барып, салт атты, сабау қамшылы болып жүріп, тоғыз ай тұрып қайттым [284].

[XVIII–XIX ғ. Қоқан хандары].

Қоқан хандары: «Алтын бесік ұрпағымыз» – дейді [285].

[Кіші жүздің ұрандары].

Кердерінікі – «Қожахмет», Таманікі – «Қарабура»... [286].

[Бәсентіін шежіресі соңы].

...Тілеукабыл батырдың тұнғышы – Акша [287].

Өмірбаяндық бір үзік дерек

...Жанаша августің он үші, бейсенбі күні Семейден шығып, Бөкеншіге кондық: «Семейге қырық шақырым» – дейді. Бөкеншіден шыққан күн Шаған өзенінде ат шалдырып, Бесқарағайда бір «итке» кез болып, қона алмай, Айғыржал, Кіндіктіден өтіп, Мұхамеджан болыстың ауылынан өтіп, түнде далаға түнеп, таң атқан соң сөйлескен жандар: «Бүгін сексен шақырым жүріпсіз. Семей осы жерге жүз жиырма шақырым» – дейді. Мұнан шығып, Қиғытан, Босбос [т] ұсында ат шалдырып, Соқыркалаға тұстас Қаратеректе [б] ір-екі үй Қаракесек көптен сіңісті болған иттер бар екен, манайында жатып, аттанып, Кеңтүбекте Андас-Алдаңғор ауылына ат шалдыру үшін түсіп, елу шақырым жерге бес теңге беріп, пар ат жалдап, Тұзқала тұсындағы Иманға жеттік. Семейден шығып, Кеңтүбекке жеткенше иманымызды үйіріп, бозқасқа, [к] өкқасқадан түк қалдырмай айтып, Андасқа жетіп, «Уф!» – деп, [д] емді бір-ақ алдық. Ат та, өзіміз де қалжырадық. Бес теңгеге пар ат жалдап, Иманға жеттік. Иманға жеткен соң ат – [к] өлігіміз аман болуына иманымыз күшті болды. Тұрсынхан, Хамитолда – екеуініңінде алты күн жатып, өзіміз жайланып, ат-көлігіміз [ді] олардың шын пейілмен күткендігі сондай болды. Манамбай... қотанынан аралап өтіп, түспей кеттік. Жармақтан [Ермақтан] – ...қтас-тан бір шай ішіп, Есентүгелде отырған...

Нух, Наурыз тарихы.

Мәшһүр Жүсіп Көпейбаласының Наурыз жайын сөйлеу үшін сөйлеген сөзі. Естіген құлақтың жазығы жоқ. Құрттай бала күнімізде жарапазан айтатұғын шалдар айтып жүруші еді [288].

Бердіқожа.

Абылай хан заманында Шанышқылы-Бердіқожа батырды жерге таласып... [289].

Құнанбай туралы (бірінші нұсқа).

Бұл Көкшетау, Диуанатау аталған жерлер Қарқаралыға қарайтұғын: Қаракесек – Қамбар қыстаулары [290].

Едігенің алғашқы билігі (бірінші нұсқа).

«Ердің құны – есебін тапқан сабазға екі-ақ ауыз сөз» – деп, қай заманда айтылған? Ұлы жүз – Үйсін-Ошақты деген ел Орта жүзден: Малай, Жәдігер деген таптан бір Құлназар дегенді өлтірген екен [291].

Едігенің Тоғаспен құда болуы (үшінші нұсқа)

Едіге би Жақсыдалбада Қарағайлы бұлақта отырған күнінде үйінің сыртына он жолаушы келіп түсе қалыпты [292]. Ол заманда кигіз үймен қыстап шығатұғын күн, үй сыртынан күрке тіктіріп берінті. Оның артынан іле он кісі түсе қалыпты, оған да күрке тіктіріп беріпті. Қонағасыларын беріп, ертен таң атқан соң, бәрін үйге шақырып, құрт жылыттырып беріп отырып, жүрген-тұрған жөн-жобасын сұрасыпты.

Сөйтсе, олар:

– Ұлы жүз: Үйсін-Тоғас бидің елінің кісісіміз, – десіпті. – Өз ұлтымыздан, ағайын арасынан бір ұрыс-төбелес болып, бір қатын бала тастады. Өз ортамыздағы биіміз-Тоғас би: «Ағайын – бірің оң көзімсің, бірің – сол көзімсің! Мен қанша: «Түзу айттым!» – дегенмен, жығылған жағың өкпелі боларсың! Көз таңбалы Арғында Манас би деген би бар, соған барындар!» – деп, солай айдады. Ол Манас би: «Қаз дауысты Қазыбектің баласы Бекболатқа барындар!» – деп, оған айдады. Ол Бекболат: «Үш жүзге үлгі айтқан Үйсін: Төле би: «Жалғыз ауыз сөзіне риза болып, барған жолына он «тоғыз» байлаған Едігеге барындар!» – деп, сізге айдады. Келіп отырған мән-жайымыз – сол! – деді.

– Ол қатыннан түскен түсік қайда? – деді.

– Құрым кигізге тігіп алып, қанжығамызға байланып жүрміз, – десті.

– Кәне алып келіндер, көрейін! – деді.

Тігіп тастаған құрым кигізді алып келіп, сөктіріп көріпті. Көрсө, екі бөлек сүйек екен, егіз бала екен, бас, қол, аяқ – он екі мүшеден бір мүше жоқ, сурет бола алмаған екен.

Едіге би сөйлепті:

– Мұнда бастайтын бас жоқ, көретұғын көз жоқ, ұстайтын – қол, жүретұғын аяқ жоқ. Кісі есебіне, адам санына қосылған жоқ екен, бұған құн бұйырмайды. Бұрынғы ата-бабадан [293] қалған сөз бар еді: «Даушы құр қалмайды, жаншы құр қалмайды» – делінген. Бұл төбелеске екі «тоғыз» айып салу керек. Қатынды ұрған жағың түйе бастатқан «тоғыз» төлеуің керек. Қатынға болысып төбелескен жағың ат бастатқан «тоғыз» айып төлеуің керек. Түйе бастатқан «тоғызды» Тоғас бидің босағасына байландар, ат бастатқан «тоғызды» Манас бидің босағасына байландар! Бекболат пен екеумізге бітіріп қайырған абыройдың өзі олжа болуға толық! – депті.

Бекболатқа барып айтқан, о да: «Пәлі!» – депті, Манасқа барып айтқан екен, о да: «Пәлі!» – депті. Тоғасқа барып айтқан екен, о да: «Пәлі!» – депті.

Оның ырза (риза) болғандығы сондай – ақпан мен қантар – қыс ішінде он жігіт жіберіпті: «Едігенің қызы болса, айттырып келіндер. Қызы жоқ болып, ұлы болса, қыз беретұғын болып келіндер. Өзін қонаққа шақырып келіндер, «Елдің жайлауы, биенің байлауы болсын!» – деп, тоқтамасын, жарқырап жаз шығысынан, күркіреп көк шығысынан қалмай келсін!».

Он жігіт келсе, Едіге қыздарын әр орынға атастырып беріп қойған екен. Алты қыздан соң туған Шоңға да қалың беріп қойған. Шоңға тетесі Қиғара, оған қалың берген жоқ болса керек. Сол Қиғараға Тоғас бидің Нақ деген қызын атастырып қайтты дейді. Едіге би бұл келген он жігітке он қара ат, он қара құлын жарғақ кигізіп қайтарыпты.

Жарқырап жаз, күркіреп көк шығысымен: «Ат қара тел (тіл) болды» – десіп, Едіге би аттанып, бірсыпыра кісімен Тоғас бидің еліне барды. Тоғас бидің елі Күркілдек өзенінің бойында отыр екен. Қым-қуыт, шым-шуыт, азан-қазан, у-шу болып жатқан жұрт. Тоғас биге барып түсіп, көріскен соң, елдің ың-жың болып жатқан мән-жайын сұрады.

– Мұның мән-жайы мынау, – деді, – елімізде: «Кәрі қатты Жәңгір хан» атанған ханымыз бар еді. Сол ханымыздың жалғыз баласы жардан

құлап, жайрап қалғанына бүгін сегіз күн болды. «Мен қандай зарлап қалған болсам, жан-жануар, мал да, жан да мендей зарласын!» – деп, жаңа туып жатқан жас төлдің енесін өзеннің бір жағына, баласын өзеннің бір жағына қаматып, иіртіп, сегіз күн, сегіз түн болды – мал баласы жамырамағанына! Хан өзі теріс қарап жатып алды. Баласы өлгеннен бері нәр су татқан жоқ, ешбір жанға тіл қатқан жоқ. Елдің осындай күйзеліп тұрғандығы! – деді.

– Ханның өзі Құдайдың құлы, Мұхаммедтің үмбеті ме?! деді.

– Құдайға құл болмаған, Мұхаммедке үмбет болмаған жан бола ма? – деді.

– Ертең о неменің басын, түсінен қорқып оянған жандай, бір көтертейін, мені алып бар! – деді.

– Жарайды, бүгін қонағасыларыңды жеп, жайланып жатыңыз, не болса, ертең көрейік! – десті.

Ертеңгі күннің таңы атып, күні шықты. Астарын ішіп, түннен қалған сарқыттарын жесіп, өздеріне өзі келіп, жайланып, сақадай сайланып, кәрі қатты Жәңгірханның үйіне барысты. Бұлар саңғырлап сәлем беріп, кіріп еді: «Күндегі көп сәлемнің бірі ғой!» – деп, хан тебіренбей, тырп етпей жата берді. Сонда Едіге шарт жүгініп отырып сөйледі:

Ақ сұңқар ұшты ұядан,

Қол жетпейтін қиядан.

Тұяғы бүтін тұлпар жоқ,

Қияғы бүтін сұңқар жоқ,

Тұлпардың тұяғы

Тасқа байласа, кетіледі,

Суға байласа, жетіледі.

Теректен – бұтақ,

Теңізден – көбік.

Ақ сұңқар әуелеп аспанға ұшты,

Алтын қоңырау үзіліп жерге түсті.

Хан, саған Құдайдың бір жабдығы түсті,

Мойның жуан, көтересің күшті!

Көтермегенмен, қайтесің?!

Оны алған Құдай

Одан да күшті, бұдан да күшті! – дегенде, хан басын көтеріп, көзін ежірейтіп, Едігеге қадалып қарай қалды:

– «Көз таңбалы Арғында Едіге деген бір жас бала бар» – деп естуші едім. Солмысың, басқа біреумісің, өзінді танытшы! – деді.

– Болсақ, болармыз! – деді.

– Айтқан аузыңнан айналайын, сені көтеріп тапқан катынның а...нан айналайын! Балам өлгелі бүгін сегіз күн болып еді. Осындай қылып бір жан сөйлеген емес. Сондықтан мен өліп жатыр едім, енді мені тірілттің, тірілттің! Бұрынғылар: «Өшкенің өнсін, өлгенің тірілсін!» – дейді екен. Өшкен өнбек емес, өлген тірілмек емес. «Өшкен өнді, өлген тірілді» – деп, осындай орынға тұрған, көңілге қонған сөзді айтады екен. Көтере алмай жатқан басымды көтерттің, өзімді біржолата тұрғызып кетсейші! – депті.

Сонда Едіге:

Сенің бұл кайғың:

Жиылған көптің тобында қалады,

Тұзу мылтықтың оғында қалады.

Жүйрік аттың тұяғында қалады,

Қыран құстың қияғында қалады.

Жыландай иіріліп,

Құйындай үйіріліп,

Аққан судың бойында қалады.

Ақ маралдай керіліп,

Аяғын бір басуға ерініп,

Ыргала басқан сұлудың койнында қалады!

Өлім деген, шіркін, өрт емес пе?!

Осы айтылғандар –

Оны сөндіретін су емес пе?!

Ит өз құйрығын өзі көтеріп жүрмесе,

Оның құйрығын кім алып жүрмек?! – дегені –

Адам өз көңілін

Өзі көтеруге керек» – дегені емес пе?! – дегенде хан ұшып

тұра келіп, сілкініп:

– Менің өшкенім өнді, өлгенім тірілді. Алып кел малды, қыр да, сой. Мен жұртыма беремін зор тамаша той! – деп, «Тоғастың киітінен ханның Едігеге берген сыйыты артық болды!» – дейді.

Сол Тоғас би Нақты кемеліне келтіріп, ырғап-жырғап, қыс ішінде ұзатқан екен.

– Құдағиымды көріп қайтамын, – деп, – Тоғастың бәйбішесі бірге жүрген екен.

Бір күн [і] құдағиы күйеу мен қызының күркесіне кіріп келсе, күйеу пақыр қалыңдығының аяғын қойнына салып жылытып отыр екен.

– Ұрғашыдан құны кем неме екен ғой, мынаған еріп еліне барғанмен де, көп жаманның бірі болып кетермін! – деп, өкпелеп, сол жерден еліне қайтып кетінті.

Едігенің көрген түсі (үшінші нұсқа).

Бұрынғылардың қандай жан екендігін қасында жүрмесен де, мен сөйлесем, танысың.

Ол заманда қожа – молда жоқ [294].

Едігенің соңғы билігі.

Күлік: Шобалай баласы Жаңабатыр бидің бес көк ала бас атаны жоғалыпты [295].

Өміртай тапқырлығы.

Осы Өміртай жас бала жігіт күнінде... [296].

Олжабай батыр (төртінші нұсқа).

«Он сан Орта жүзге ұран болған Олжабай!» – деседі [297].

Тұрлыбек пен Сақау ақын.

Кеше қазақ орысқа қарағанда, Керей, Уақ, Атығай, Қарауыл бұрын қарап, «бодан» атанған [298].

Тұрлыбек пен Қабыл әңгімесі.

«Сөзден сөз туады, // Сөйлемесе, қайдан туады? Тұрлыбек сол келгенінде біздің Сүйіндік жұтамай жүре ме, жұтқа шалдығып, жүдеп-жадап шыққан екен [299].

Олжабай батыр (үшінші нұсқа).

Бұл тарих шежіре: ауыздан – ауызға алынған сөздерден жиналған [300].

Малайсары және Олжабай.

Он сан Орта жүзге ұран болған Олжабай батырдың бағынын ашылған, аруағының шашылған жорығы [301].

Олжабай және Жасыбай.

Біздің бұл казак Сыр бойынан ауып келгенде, Ұлытау, Кішітауды қыстап, Сорқара, Сортыны жайлап, сол маңа [йы] на орын теуіп жүріпті [302].

Кенесарының қырғызға барған себебі.

Ең алғаш казак орысқа қарап, дуан аузы ашылғанда, Шоң би аға сұлтан, дуанбасы болған [303].

Абылай хан (бірінші нұсқа).

Абылай ханның ең алғашқы көзге түсін, ауызға ілінген жері. Маған көктен Жебірейіл келіп айтып тұрған жоқ. Қазақта жазулы шежіре жоқ [не] ні сөйлесе, кигіз кітаптан сөйлейді [304].

Абылайдың тұтқын болуы (бесінші нұсқа).

Қалмақтың ханы кәрі Аюке жалғыз қызын қырық қыз қосып, Қалдан Шерінге жіберген екен: «Кімге берсе, билігі Қалданда» – деп [305].

Балтакерей-Тұрсынбай батыр (төртінші нұсқа).

[Абылай]... тауды бет алып аттанып, бара жатқан бетінде «құс ұшпас, құлан жортпас» Бетпақтың сары даласында бір кара ала атты октай ұшырады [306].

Арғын-Сүйіндік – Айдабол тарауы.

...Олжабайдың тұңғышы Есенаманнан: Көлен, Үйсінбай, Қожабай [307].

Абылайдың бір жорығы (үшінші нұсқа).

Қарақалмақ – қатысыбанның ханы Абылайға елші жіберген екен [308].

«Бодансыз Керей» – аталу мәнісі

«Керейден бір Жәнібек деген батыр шығыпты [309]. Шақшақ-Жәнібектің жиені екен», – деп естіген едім. Бұл «Қыз Жәнібек» – ата-

ныпты. Мұның қылған ісі: «Керейді орысқа қаратпаймын!» – деп, «Алатау мен Алтай тауының аралығында Алакөл деген көл бар. Бір өзіне жеті өзен құяды. Тайы құлындап, тайлағы боталайтұғын жер, бұл Сарыарқадан да артық, Жиделібайсынан да артық!» – деп, солай қарай аудырыпты. Өзіне ерген ел барыпты. «Қалғанын тағы алып келемін! – деп, – бұл жаққа келіп қайтып бара жатқанда, ажал шап етіп аяғынан алып, жолда өліп, қайда өлсе де, бұл күнге шейін аты жоғалған жоқ!» – дейді. «Төрт атаның ұлы Керейдің екі атасының ұлы сол жақта есепсіз бай: «Бодансыз (бодамсыз) Керей-атанған» – деседі.

Абылай заманындағы батырлар (төртінші нұсқа).

Абылай хан заманында қазақтан шыққан батырлар: «Қаракерей-Қабанбай [310].

Абылайхан түсі және өлімі (үшінші нұсқа).

Бұрынғы замандарда қалмақ қазаққа таң атырып, күн шығармаған [311].

Абылай ұрпақтары (төртінші нұсқа).

Абылай ханның алғашқы алған Қарауыл қызы бәйбішесінен ұл жоқ, жалғыз қыз болды [312].

Әбілғазының шежіреге кірісу тарихы.

Үргеніш дейді, Хорезм дейді, Хиуа дейді. Заман қадимнен шаһар атанып, талай хандар тұрақ қылған жай. Шыңғыс жұрағатынан Арабхан деген хан билеп тұрған [313].

Қазақ түбі (бірінші нұсқа).

Адам ата, Хауа ана – күллі адамзат осы екеуінен өрбіп-өнген» [314].

Қазақ хандары.

Қазақ сөзі: «Арғы атаң сенің-Шыңғысхан, // Пайда болған сағымнан» [315].

Бұл қазақ қай уақытта «Үін жүз» атанған? (екінші нұсқа).

Қырық сан Қырым, отыз сан Рум, он сан Оймауыт... Ноғайлының елі бір алаша тайдан бүлініпті [316].

Сахабалар тарихы, қазақ қажылары (екінші нұсқа).

Замандардан заман өткенде... Араб жұртынан бір Мұхаммед деген батыр шығыпты!» – деп... тоқсан екі батыр атқа мінді дейді [317].

Орта жүз шежіресі жалғасы.

Жанарыс екі қатыны болыпты [318]...

Жидебай батыр (екінші нұсқа).

Болаткожаның бел баласы – Ақша, Төйте [319].

Найман шежіресі.

Жанарыстың бәйбішесінен туған төрт кожаның бірі – Қаракожа [320].

Қыпшақ шежіресі.

Бұрынғы қариялар Орта жүзді «Жеті арыс» – деп сөйлейтұғын [321].

Арғын-Сүйіндік – Ақбура тарауы.

Ақбура: Ақкошқар, Жишбай (Жетібай), Кенже, Көкен [322].

Тобықты шежіресі.

«172 [3]-інші жылда Ақтабан шұбырынды болды, – деп, – «Қалқаман – Мамырда» – айтқан [323].

Қанжығалы шежіресі.

Қанжығалы: Ішпек, Піспек [324].

Бөгенбай батыр ұрпақтары.

Қанжығалыдан Бөгенбай батыр шықты [325].

Бәсентиін шежіресі.

Мен өзім Павлодарда тұрдым [326].

Арғын-Сүйіндік – Орманшы тарауы.

Сүйіндіктен: Оразкелді, Сугыншы [327].

Керей шежіресі.

Көрсары (Құрсары), Ақсары [328].

Бәсентиін: Бұқа, Күбір тарауы.

«Бәсентиін ішінде Бұқа, Күбірміз» – дейді [329].

Арғын-Сүйіндік – Қаржас тарауы.

Мұса, Секербай заманындағы қариялар [330].

Жүсіпбек Аймауытұлының Мәшһүр Жүсіпке бірінші хаты.

20 май 1927 жыл. Маға хатыңызды алдым [331].

Мәшһүр Жүсіптің «Жүсіпбек Аймауытұлына» (бірінші хат) өлеңі.

Мен «Мимнан» бір сәлем хат «Жым» ініме [332].

Мәшһүр Жүсіптің «Жүсіпбек Аймауытұлына» (екінші хат) өлеңі.

Кісі едім әлдеқашан өліп қалған [333].

Жүсіпбек Аймауытұлының Мәшһүр Жүсіпке екінші хаты.

15 ноябрь 1927 жыл. Құрметті, Мәшһүр аға, сізге үлкен ұятты болдым [334].

Сүгірәлі абыз (бірінші нұсқа).

Алты атаның ұлы Әжібайдан шыққан абыз – Шумақтың абызы Сүгірәлі абыз [335].

Шопанның Зілғарасының өлеңі.

Атығайдан мен шыққан Зілғара едім [336].

Үшкілбай Сасықұлы өлеңі.

Бойында Шөптікөлдің Үлкенашы [337].

Мәшһүр Жүсіптің «Мұса Шорманұлының асы» өлеңі.

Бисмилла – бұ сөзімнің басы болды [338].

Мәшһүр Жүсіптің «Ізбас қажы» өлеңі.

Мен өзім үйден шығып Далба бардым [339].

Мәшһүр Жүсіптің «Мұса Шорманұлының асы» – өлеңіне қатысты дерек.

«Мұса мырзаның асы(ның)» – өлеңін бастағанда, Әкімбек Ші-дертіні өрлей көшіп [340]...

Ауған жұрты.

Бұл Ауған жұрты әр рудан құралып, жұрт болған ел [341].

Қнянат.

Жақсы қыз бозбалаға пар болғандай [342].

Әуелі керек нәрсе иман деген [343].

Арғын – Сүйіндік – Айдабол шежіресі жалғасы

[Жанарыс – Қаракожа – Арғын – Құтан – Мейрам – Сүйіндік-Сугыншы – Шуманак – Құлболды – Айдабол – Малкозы – Н.Ж]. Малкозыдан: Толыбай, Сары батыр. Толыбайдан: Олжабай, Құлжабай, Рыскұл (Ырыскұл), Орман. Сары батырдан: Омар, Байкелді, Дәулен, (Дәурен), Майкөт. Олжабайдан: Бектен, Дәулет, Өтебай, Жалантөс. Омардан: Талтакбай, Құтаяқ. Дәуленнен: Кәден, Есімбек, Көнек. Байкелдіден: Алдағор, Қошай, Қаймақ, Маймақ. Майкөттен – Андамас, Андамастан – Дәу, Дәуден – Есберген [344].

[Айдабол – Жанкозы – Төлебай – Еламан – Н.Ж]. Еламанның токалынан: Жауқашар, Нұралы, Ботан, Бакпай. Жауқашардан: Түйеші, Бозбай, Шаумен, Тасай (Қасай), Тауасар. Түйешіден: Салықшы, Қаткей, Күржік, Бұршай, Бисақай (Ишақай), Жұмақай, Базарбай. Бозбайдан: Қожахан, Жұқай, Алдақай, Шотай, Дүйсенбай, Шаққа. Шауменнен: Темеш. Тасайдан: Жанбыршы, Тасыбек, Бәжік. Тауасардан: Мәліт, Жалтын, Құлшай. Салықыдан: Адам, Тайбасар. Қаткейден: Қалмұхаммед, Құлмұхаммед. Күржік [ген], Бошай [дан] тұқым жоқ. Бисақайдан (Пышақайдан): Бошан, Сыздық, Ахмет. Жұмақайдан: Омар, Оспан. Базарбайдан: Жамақай, Ибрай. [Айдабол – Жанкозы – Төлебай – Еламан – Жауқашар – Бозбай – Қожахан – Н.Ж]. Қожаханнан: Түсіпбек, Жолкен, Шаумен, Сыздық. Жұқайдан: Ибрай, Тоқап, Қасым... Шотайдан: Білде, Адам. Дүйсенбайдан: Ақай, Сыздық. Шападан-Омар, Омардан-Түсжан. Темештен: Елтоқ, Адам, Аманжол, Омар, Өпкір, Пұшық. [Айдабол – Жанкозы – Төлебай – Еламан – Нұралы – Н.Ж]. Нұралыдан: Қалабай, Жанабай, Алтайбай, Сексенбай. [Нұралының] бәйбішесінің аты – Аканай, екінші катыны – Қалам. Қаламнан туған: Қожыр, Қаракесек, Қантай, Базаршы, Күзембай, Қамбар, Ертай, Қарымсақ. Нұралының бір катынынан: Жантай, Бакпай, Байжан, Бышай. Жантайдан – Мылтықбай. Мылтықбайдан – Бекше. Алтыбайдан – Әбіш, Әбіштен – Мағжан, Бөрікөш. Сексенбайдан – Дүрмұхаммед. Бакпайдан – Айыт, Бозша. Айыттан: Адам, Мұса. Бозшадан – Санқай, Баймағамбет. Алтыбай шешесінің аты – Кішкентай.

Нәпсінің тарихы

Адам ғалайссалам Хауа анамыз екеуі жұмақ (қылығында) қылушынып қашқан уақытында Шайтан ғалия лағынменен дене (дүние) екеуі қашқан екен. Шайтан ғалия лағын еркегі – дене мұныш болып, бұл екеуінен хауа туған екен. Жүрек пенен бауыр екеуі арасынан нәпсі туған екен. Жан мен дене арасынан көңіл туған екен. Жан – атасы, дене-анасы. Алла тәбәрік отғылы жұпсыз нәрсе жаратқан жоқ. Қан, жүрек болып тұрған күнінде нәпсі табиғатыны тақ қылып, патша болады екен. Адамға неше түрлі жаман уасуаса, жаман пұлға жұмсайды екен. Енді ет жүректілігіні тастап, пікір-зікірге кіргіссе, онда көңіл патша болып, шарифатты тақ қылып, адамды жақсы орынға жұмсайды. Ол қайтсе, ет жүректіліктен шығады, жаман ойға түседі? Көңіліне пікір-зікір келтіріп, Құдайдың шеберлігін біліп, осындай қылып, адамды осынша түсірден сақтануға тырысу керек. Құдай бар ма, бар, оны қайдан білесің? Өзімізден білеміз. Өзімізден білгеніміз мағынасын. Өзіміз [ді] Құдай жаратпаса, қайдан мұндай адам болар ек?! Бір өлексе, иа бір хайуан қылып қойса, қайтер едік?! Осындай Құдай тәбәрік отғылының шеберлігін ойына келтіре берсе, пікір-зікірге ауырлады. Ет жүрек қаннан тарқайды. Көңіл бөліп, тағал биегіл кірлит алыңыз.

Пайғамбар мен кәпірлер соғысы

Қадір соғысы. Пайғамбар мен кәпірлердің соғысы. Ең алғашқы Қызылқырыштың керуені Шам – Шәріфтен ырғап-жырғап, екі иығынан дем алып, ыңыранып қайтты. Әбусыған тағында басты-басты кісілері бар хазіретіл Ғалия-ал-салам уахи келтірді. Кісі аз да, мал көп, соны олжа қылып: «Мүмин мұсылман ат-тонға бір жарысын!» – деп, ан хазіретіміз сахабаларға хабар беріп, үш жүз он үш (313) кісі болып, Мәдинә Мүнуәреден шығып, керуен таларға бет қойды. Керуенде қырық-ақ атты (атлы) кісі бар, – дейді. Өзгесі жаяу-жалпы, малшы, койшы, – жамандар. Бұл жақтан бұлар шыққанда, керуенге де ха [б] ар барып қалды. Мұхаммед Мұстафа ғалия-ал-салауат-уассалам қосын тігіп шыққанлығынан сол күні Меккедегі құрайышларға да хабар барып қалды. Онан Әбжаһил лағын бас болып, тоғыз

жүз елу (950) кісі жасанып шықты. Керуенлер жүріп келе жатқан жолын тастап, басқа жолмен кетті де: «Керуенге тоғысам ғой» – деген дәмелі болған жерден Мекке мішіріктерінің жасанып шыққан жауға ұшырап қалды. Міне, Құдай тағаланың құдіретінің шеберлігін тамаша қыл! Керуен талап, олжа қыл?» – деп, Медине, Минуэреде тыныш жатқандарды айдады. «Ал керуенді талап алды» – дегендей, Мекке Мікірмедегі бұлардың дұшпанын киыс кетіріп, қозғап, екеуін түйістіріп, Медине, Минуэреден қопарыла аттанғандар: «Аз кісіні көп қырамыз!»-деген оймен пайғамбар Құда [й] дың тілімен, пайғамбар Құдай хазірет Жәбірейіл ғалия-ал-саламның сабырмен шығып еді. Тым-ақ жақсы көрген жоқ. Ойламаған жерден жасанған жауға жолығып қалғандығын «Амал жоқ, қашқанмен жанды қала алмамыз. Не болса да, қарсы тұрып қаруласайық!» – деп, қарсы тұрды. Кәпір көп, мұсылман аз. Мұсылмандарда жетпіс түйе, екі ат, алты сауыт, сегіз қылыш бар. Өзгесі жаяу, – құр қол. Кәпірлер ат-тонды, қару-жарағы тегіс. Пайғамбар Расул оқып дұға қылды:

– Ай, бар, Құдая, үркердей кісі еді. Көрден, жерден бас құралып, бір жиылған мұсылманлар қырылып қалса, енді бір жан сені айтарға табылмайды: «Құдай бар екен!» – деп.

Екі жақ соғысарға келгенде, Құдіреттің шеберлігі – кәпірлер өз тобына – өзі көп, мұсылман аз көрінді. Араласып қалғанда, мұсылманлардың көптігі кәпірден он есе асып кетті. Мың періште көрінбей болысты. Алла шеберсің! Және мұсылмандардың түскен жері – тізесінен құмға батады. Кәпірлер күн бұрын келіп, жердің шақат шарының болмайтын шымына түсіпті. Және суды айна тосыпты (түсіпті). «Мұсылмандарды шөлге қамап, қыр [д] ық!» – деп, және сол шөлге түнеген түн көп сахаба... фытлах болып қалып: «Ғұсыл суы жоқ құйынай [ық] десе, шайтан ғалия лағын [ға] адам суретінде келіп мұсылмандарды усуса қыла бастады:

– Сіздер намаз оқимыз! – десеніздер, таһаратсызларың, һәм жыныпларың бар, су болса жоқ, тізелеріңнен құмға батып, шырматылып жатырсызлар. Кәпірлер жердің оңдысында, судың ішінде, судың басында. Сізлер айтасызлар: «Біз Құдайдың жарлығымен келдік! Ішімізде Құдайдан тіл алып тұратын пайғамбарымыз бар!» – дейсіздер. Кәне, Құдайдың сендерді оңдырғаны? «Керуен жатыр сол жерде» – деп, жаудың үстінен түсірді. Жердің жайлысын, судың тұнығын

кәпірлерге бұйырды. Сіздерді шөлге қамап қырғызуға ынғайланды. Пәлі, Құдайың Құдай-ақ! – деп, сықақ қыла бастады. Мұсылмандар дәнеме айта алмады, төмен қарап, еріндері түйенің еріндей салбырап, жүдеп тұрды. Онда айналайын Алланың мейірбаншылығы: Жанбыр кұйды-ай! Сондай жауды, сай-сайдан өзен ақты. Құмның ара-арасы сумен толып, құмды жер тақтайдай тарсылдады. Шымды жер езіліп, саз болып, кәпірлер тізесінен сазға батты. Мұсылмандар иығы көтеріліп, рақат, шатлыққа айналды. Кәпірлер жүдеу, бас тартып, иығы төмен түсе бастады. Құдайдан келген періштелер мұсылмандардың көзіне көрініп, көптігін көрсетіп, олардың жүрегін күшейтті. Кәпірлердің көзіне көрінбей, оларды соғысып, төбелеске қызықтырды. Періштелер соғысқа кіруін кірсе де, қалай төбелесудің мағынасын білмей босқа жүрді. Сонда Алла тағаладан оларға жарлық келді: «...» – деп. Әбужаһил лағын сол жолы өліпті.

Қазақ шежіресі

(тоғызыншы нұсқа)

Үш жүздің баласы – Қазақ: үш Келімбеттің баласы: Қаракелімбет, Сарыкелімбет, Ақсақкелімбет [345]. Қаракелімбеттің баласы – Орта жүз (Средняя арда (орда)), Сарыкелімбеттің баласы – Кіші жүз (Мл [ад] шая арда), Ақсақкелімбеттің баласы – Ұлы жүз (Большая арда). «Түгел сөздің түбі бір, // Түп атасы – Майқы би» – дейтұғын би – Ұлы жүзден шыққан.

...Үйсін атасы, Құтанбай – Орта жүздің атасы. Мұның баласы – Ақжол, мұның екі баласы бар: Аққожа, Қарақожа. Аққожадан: Найман, Қоңырат. Қарақожадан: Арғын, Қыпшақ; кумаларынан: Керей, Уақ. Қыздан туған: Бойтан – Тарақты. Орта [жүз] – «Жеті арыс» – осылар болады: 1. Найман, 2. Қоңырат, 3. Арғын, 4. Қыпшақ, 5. Керей, 6. Уақ, 7. Тарақты. Бұл Керей, Уақ «Жеті арысқа» да қосылады, «Желкілдеген жеті Момынға» да қосылады. Арғынның бәйбішесінің аты – Аркүл (Әргүл). Мұныменен туған жалғыз Мейрам сопы. [Арғынның] екінші катынының аты – Момын. Мұнан туғаны: Ақсопы, Қарасопы, Сарысопы, Арықсопы, Нәдірсопы.

[Арғынның] енді ең соңғы алған тоқалынан – Тәнбіс сопы. Ақсопының баласы – «Толыбай» ұранды Қанжығалы. Қарасопының ба-

ласы – «Барлыбай» ұранды Бәсентиін. Арықсопының баласы – Қаруыл, Нәдірсопының баласы – Тобықты. Тәнбіс сопы баласы – Аманжол, онан туған «Шар жетім» Шақшақ». Бір тарауынан – Төлек, онан тарайды – Қырықмылтық.

Енді Арғынның төрт ұлы бар: Ақташы, Бұғышы, Кенлеші. Тағышы. Мейрам сопының баласы – Құтан (Құдан), Бұтан. Құтанның бес ұлы бар: Қуандық, Сүйіндік, Бегендік, Шегендік, Қаракесек [346]. Бұл Құтан, Бұтанды әркім біле бермейді олардың аты [н]. Сүйіндіктен – Оразкелді, Суғыншы. Суғыншыдан – Шуманак, Мәжік. Шуманактан: Жанболды, Құлболды, Орманшы. Мәжіктен: Малай, Жәдігер. Құлболдыдан: Күлік, Айдабол, Ақбура, Майлытон, Шегір. Майлыдан: Жазыбек, Тінібек, Қатке. Дәулетболдыдан тарайды: Қойлыбай, Шағырай, Жәдігер, Шақа, Сары, Үйкір, Құсан.

Айдаболдан: Жанкозы, Малкозы, Аккозы, Қаракозы, Бозкозы, Тайкелтір, Қошетер, Жы [л] келді. Жанкозыдан: Қосқұлақ, Төлебай, Опақ, Сары, Шаян. Малкозыдан: Жаманай (Жұманай), Байымбет, Сары. Аккозыдан: Сағындық, Жекен, Қарабатыр, Қалит. Қаракозыдан – Құлнияз. Бозкозыдан – Құл, онан туған – Жұқа, онан туған – Тана.

Төлебайдан: Жоламан, Еламан, Едіге, Елкелді, Малкелді. Еламаннан: Тұрсынбай, Шонты, Текебай, Көрпебай, Жәуке. Тұрсынбайдан: Бәзіл (Фазыл), Боштай, Құдияр, Қылжырбай, Тәшпек, Шоқыбай, Байтен, Ташит (Ташти).

Ғылымға берілгендік үлгілері

Бір Адам сексенге келген бір құлын азат қылыпты. Сонан соң құл ойлапты: «Құдая, сексенге келгенше пенденің пендесі болдым. Енді ғылым іздейін!» – деп медресеге барыпты. Барса, бір-екі жас жігіттер отыр екен. Бұларға айтыпты:

– Қарағым, менің енді оқуға тілім келе ме? – депті.

Онда олар айтыпты:

– Мына екі аяғыңды жоғары қаратып, басыңды төмен қаратып асып қойсақ, тілің келмек түгіл келеді, – депті.

– Ойбай, қарағым, өйткенде, тілім келер болса, мені асып қойындар! – депті.

Сонан соң ерігіп отырған шәкіртлер асыпты да, қойыпты. Сол бетімен шығып кетіпті. Ертең келсе, кешегі байғұс әлі солай тұр екен: сонда айтып тұр дейді мына сөзді: «Кінту ғыба хиыр әулие!» – деп. «Ақырет кебірі деген кітапты осы кісі айтқан екен. Бұл айта берген де, әркім жаза берген.

Алла тағала бір күнде сондай қылған. Алла жаратқан...

Бұхарада бір шәкірт барып, бір ұстаға:

– Міфтах, – депті.

Онда ол ұста:

– Құп, тақсыр, – депті.

Бір-екі күннен соң келіп:

– Бітіріп қойдың ба? – дегенде, айтыпты:

– Сіздің не дегеніңізді білмедім. Әйтеуір: «Құп!» – деп едім, – депті.

Сонда ол шәкірт айтыпты:

– Надан бейшара осы күнгеше бір «міфтах» мағынасын білмейсің бе? – дегенде,

– Енді не білесің, не керек айта бер! – [деп], сөгіпті.

Сонан соң ол ұста: «Өлмегенге қара жер» – дегендей, терлеп-тепшіп, істеп беріпті. Сонан соң бұл ұста дүкенін, неше түрлі сайманын тастап, тәрік қылып: «Ғылым оқиын!» – деп, медресеге барып, оқыған екен. Еш нәрсеге тілі келмепті: «[Іздегенге] жер көп-ті дүние-ай!» – деп медреседен қаңғып шығып кетіпті. Келе жатып, бір ағаштың түбіне отырса, қылжыңдап бір құмырсқа бір аяғы жоқ бір биданы [бидайды] тістеп, бір ағашқа өрмелеп, алып шығамын деп, шыға алмай, жығылып қалады. Бидай бір жаққа, өзі бір жаққа кетіпті дейді. Сөйтіп жүріп не керек, ақырында алып шығыпты. Ол байғұс мына құмырсқадан сабақ алып: «Бір аяғы жоқ құмырсқа житһады мынадай?!» – деп, қайта келіп, медресеге кіріп, ғалым болып, «міфтах» – деген кітапты түсініп алады екен.

Шайтаннан адамның жеңілуі мәнісі

Бір заманда шайтан ғалия-ал-Лағына бір ағаш ішіне кіріп:

– Мен Жебірейілмін! – деп, сөйлеген. Сөйтіп көп адамды аздырған екен.

Сонан соң бір адам қолына балта алып келіпті:

– Ағашты кесемін! – деп. Алдынан шайтан ал-Лағына шығып:
– Мына менің алтынымды алып, пақыр, міскінге берсең, мың сауапқа ба [та] сын! Ағашты кескенмен, бір-ақ сауап табасың. Мың көп пе, бір көп пе?! – деген соң, ол бейшара алтынды алыпты да, қайтып кетіпті. Шайтан ғалия ал-Лағынның бергені жай нәрсе болыпты, бояма нәрсе болса керек. Көрсе қолына алып, дәнеме жоқ болған соң, бұл адам ашуланып қайта келіп еді, алдынан және ғалия ал-Лағына шығып айтыпты:

– Қайда барасын? – деп.

Өлгі кісі айтыпты:

– Ағашты кесемін! – депті.

– Сені жібермеймін! – депті.

Бұл:

– Барам! – депті.

Екеуі таласып ерегісті. Сонан соң ғалия ал-Лағына күшейіп, аузынан оттар шашып бара жатқан соң, бұл кісі айтыпты:

– Кешегіден күшейіп бара жатқаның қалай? – дейді.

Ғалия ал-Лағына айтыпты:

– Кеше сен шыққанда: «Ғылым Құдай үшін!» – деп, онда екі жағында періштеден – әскерің бар еді. Бүгін алтынға риза болып шықтың. Бүгін періштеден әскерің жоқ. Сол үшін күшейіп тұрмын! – депті.

Сонан сол [ол кісі] қайтып кетіпті әлі келмей.

Мәшһүр Жүсіп өлені: «Құдайым жексенбі күн жер жаратты».

Құдайым жексенбі күн жер жаратты [347].

Адам денесін ай, жылмен салыстыру

Адам денесі ай, жылға салыстырғанда, бір жылда төрт фәсіл бар болса, адам денесінде: ахылат, арныбыға, былхым. Жазғытұрым секілді (шіклі): өзі жуыс (иуыш), өзі салқын сахара. Жаз шілде секілді (шіклі): өзі ыстық, өзі құрғақ. Дем – күз фәсілі секілді: өзі ыстық, өзі жуыш (иуыш). Сәуеде қыс фәсілі секілді: өзі құрғақ, өзі суық.

Жазғытұрым – сәби балалар. Жаз, шілде – жігітлер. Күз фәсілі – егде мосқал: қырық – елуге аяқ басқанлар. Қыс фәсілі – кемпір-шал.

Бір жылда он екі ай болса, денедегі он екі даруаза. Бір аптада жеті күн болса, денеді жеті қылым орнына тұрған ағзалар.

Бір жылда үш алпыс күн болса, денеді үш жүз алпыс тамыр шид.

Бала ананың рақымында, атаның солыбынан барып жатқан уақытта кім тәрбие қылады? Соны білуге керек.

Әуелі бір нытыға (ынтық) болып тұрғанда, захыл тәрбие қылады. Екінші айда мыштыры тәрбие қылады. Үшінші айда мырых тәрбие қылады. Төртінші [де] шымыш тәрбие қылады. Бесінші [де] заһар тәрбие қылады. Алтыншы [да] ғитард тәрбие қылады. Жетінші [де] камар тәрбие қылады. Сегізінші [де] қайназихыл тәрбие [қылады]. Онда туған бала адамға қосылмайды. Тоғызыншы [да] маштыра тәрбие қылады. Сол уақытта туады. Онда туған бала жақсы болады.

Шыбғы сахараның ішіндегі ең нашары – захыл, ең оңдысы, хош уақыты – мыштыра. Ашулысы – мырых, хатшысы – ғитард. Заһар – күлкіші, ойыншы. Ғалым мыштыры менен шымыш – екі арасынан болады тәрбиесі.

...Көктегі он екі даруаза осы болады. «Наурыз» – деген сөздің мағынасы: «Ну жаңарушы күн» – деген. – «Үйге жүгірді, ескі жыл шықты» – дегені.

Сараңдықтың зияны туралы

«Құдайдан – бер де, тіле!» – деген. Намаз зекетпен қабыл. Ораза пітірмен қабыл, тілек садақамен қабыл...

Құдай сараң емес, // Сақтай алмайтын жаман емес». Не болса, пенденің өз пейілінен болады. Құдай өзі айтып қойды: «Мен [ен] тілесен, беріп тіле!» – деп. «Өзің жақсы көрген нәрсеңді мен үшін бермей, менен жақсылық көрмейсің!» – дейді. «Өзің сараң болсаң, Құдайдан жақсылық көремін деп ойлама!»

«Өзің сахи болсаң, Құдайдан жамандық көремін деп ойлама»... қолын қысқа ұстағанлар – өзін-өзі халаклікке салғанлар. «Берсең, аласың; // Ексең, орасың!». Есі-дертің дүниеде болмаса, дүниені керек қылмай, жаннан кешіп, малдан кешіп, сұрансаң, Құдай сонда береді сұрағаныңды. Есі-дертің дүние болып, қолыңдағы дәнемеге тұрмайтұғын жаман дүниені Құдай үшін беруге сен қимай тұрған

сон, Құдай жақсылығын саған қалай қисын?! «Бермейтұғын нәрсе болмайды, сұрауы жетпейді!» – дегеннің мәнісі...

Он сегіз мың ғаламның патшасы Құдай барша мүлкінің иесі өзі біреуге тегін, біреуге сатып береді. «Анаған тегін беріп тұрсың ғой! Маған неге сатып тұрсың?!» – деуге кісінің сөзі өте ме?!

Құдайдың сатуға берген нәрсесінің өзі тегін бергенінен артық көріп қуану керек!

Қуанудың белгісі – ғақыл-естен айрылып, қуанғаннан жүрегі шарасына сыймай, қолда барын шаша бастауға керек. «Мен қолда барымнан айрылмайын, Құдай маған пұлсыз бергенінді құнсыз алма!» – деген ғақылға сыя ма?! Бізге Құдай өзі жол салып, үлгі көрсетіп қойды. Сол жолмен жүріп, сол үлгіге салып іс пішуге керек.

Хазірет Ибраһим халал Аллага баласын бауыздамақ бин пәрмен бұйырып, көк қошқар жіберіп, арашалап алады. Сол күнге пенделерге үлгі болып қалды. Сол үшін құдірет патшалық мейірі тасып, жүз жылқы, алты «жақсыны» оп-оңай түсірген уақытта «Жан үшін жан!» – деп, Құдай жолыңа құрбан!» – деп, жан үшін жанға татырлық малды шалып жіберуге керек. «Жан үшін жан!» – деп, айтуға қандай мал жарайды? Өзі семіз, өзі жасамыс қошқар жарайды. Бас – бір кісіге сыбаға, қарыны – бір кісіге сыбаға. Өзге денесі елу сегіз кісі ортасына алып жесе, тоярлық болсын! Қысылған, сасқан уақытында осындай қошқар тауып шалып жіберсең, оның жаны бұған қалып, мұның жаны оған ұйысып кетуіне еш шек шүбә жоқ.

Құдай сөзі – Құран, пайғамбар сөзі – хадис, молдалардың сөзі – осы екеуінің бұйрығы.

Бұл сөздерде жалған жоқ. Жалғанлық болса да, не кемшілік болса да, «Қан төсеп, қағанақ жамылған» – басы жұмыр, төсі жалпақ пенде өзінің пейілінде. Не берсе, Құдай әркімнің өз пейіліне қарай береді.... Жаман пейілің – сараңдығың. Сараңдық деген – от. От нені бар қылады: тиіп кеткеннің, жолап кеткеннің бәрін жоқ қылады. Бұл пейілден айрылмай тұрғанда, дүние – ақыретте Құдайдан саған дәнеме жоқ. Оң құлағыңмен есті, құй сол құлағыңмен есті. Мен кітаптан көрген үшін Құдай өзіме білдірген үшін айтамын. Қазақ мұны білмей: «Құдай бермеген соң, қайтсін?!» – дейді. «Құдай жазбаған соң, қайтсін?!» – дейді. Құдай неге бермейді, Құдай неге жазбайды? Не нәрсе болса, жаратуда Құдай жанның бәрін бірдей

жаратқан жан-жануар. Және Құдайдың құдайлығы, жаратуы, жан беруі, мал беруі, бас беруі бірдей. Бірақ «Жорға жүрісінен пұл болады, // Жаман жүрісінен құл болады» – дегендей, біреу артықтыққа, біреу кемдікке айналып кетеді. «Екі қылыш бір қынға сыймайды, // Екі тілек бір көңілге сыймайды».

Біреудің тілеуі жалған болады, жалғанмен кетеді. Біреудің тілеуі ақырет болады, ол ақырет жұмысыменен алданады. Біреудің тілеуі мал болады, ол малмен кетеді. Біреудің тілеуі бас болады, малды керек қылмайды, о да онымен кетеді, уыз жас күнінде есі-дерті неде болса, пенденің өмірі сонымен кетеді. Біреудің тілеуі біреуге ауып кетеді. Біреудің несібесі біреуге ауып кетеді. Біреудің ниеті біреуге ауып кетеді. Ақырында осылардың бәрі [н] өзінен білмейді, Құдайдан көреді. «Тілеуім болмады, несібем кем болды, бейнетім жанбады!» – деп, өзінің бүлдіріп алғаны ойында жоқ. Баланың тіпті тумағандығы – ұрғашының маңдайсызлығы. Өмірінде пұшпағы қанамаған жаннан сараң тіпті болмайды. Сол үшін бұрынғылар айтқан: «Адам ішінен адам шықпай, адам кеңімейді. Бала таппаған қатынның шіп-шикі құрт бүйрегі болады» – деп. Туған баланың тұрмағаны еркектің маңдайсызлығы. Маңдайсыз қатын алған еркек қалай оңады, қалай жұрт болады?! Маңдайсыз ерге барған әйел ол қалай оңады, қалай жұрт болады?!

Мың сөзден – бір сөз: «Әйелдің барып тұрған сараңы о да маңдайсыз болады, еркектің барып тұрған сараңы – о да маңдайсыз болады». Құй әйел болсын, құй еркек болсын, сахи болса, маңдайлы да болады, тандайлы да болады. «Көре-көре көсем болады, // Сөйлей-сөйлей шешен болады// Баулысында батыр болады» – деген. Ұл болсын, қыз болсын, сәби балаларды кішкене уақытынан «береген» қылып, сыйлық қылуға баулып, үйретуге керек. Бергенді мақтап, бермегенді жамандап: «Берген биге барған, // Бермеген кімге барған», «Жасынан бергіш болып, сахи болып қолы ашықтықты мінез алған баланы өскенде, жұрт қалап би қояды» – деген сөз. «Бермейтұғын сараңды кім көтереді? Ит құрлы қадірі жоқ, аяқ астында қалады».

Бұл сөзді бастағаннан мақсатым әр бала туғанда, «Ғақыққа құрбан» – дейтұғын құрбаны болады. Соны переводтап (перуаттап) түсіру үшін бастап едім. «Ғақық құрбан» – дегеннің мағынасы – бала туғанда, соның шүкіранасы үшін; ұл болса, екі қой, қыз болса,

бір қой маңдайдағы барлық малының жақсысынан сойып, Құдайы қылып таратуға керек. Ан хазіретіміз сали ғалия өссаламнан – Хадис Шәріп... мұнан мағлұм болды Алла тағаланың әр берген нығметінің бір міндеті – бар міндетінің барлығы – сорту алғыншыда. Мағынасын білу үшін ерте күннен раушан болып тұр. «Құдай тағала уа жаныма тірікні хош!» – дейді.

Құдай тағаланың нығмет бергендігін халыққа заһар қылып, Құдайдың бергендігіне сүйсінгендіктей, жұрт көзіне түсір! – дейді. Бұл ғакық құрбан қылмақтың мағынасы: «Иа, Құдай, бергенді бекітіп бер!» – деген тілек болса керек. «Көк қошқар жіберіп, Ибраһим халал Алланың ұғлы Смағұл ғалия-ал-саламды арашалағаның сықылды біздің де қолымызға өзін түсірген олжамызды пәле-қазадан арашалай ғөр!» – деп, сыйыну болса керек.

Туған баланы апаттан сақтауға бір себебі болатұғындығы үшін мұны қыл деп айтып жатыр. Болмаса ойға тұрмайтұғын бекер жұмысты Құдай да жаратпайды. Пайғамбарлар да айтпады ма? Қазақ жұрты өз білімін «қалжа» – деп, бір қой сояды. «Бесікке салар» – деп бір қой сояды – білімі жетпегеннен осы екі қой далаға кетіп жатыр. Егер білімі жетсе, енді осы екі сойылған қойды: «Ғакық құрбан» – деп, атап, кітап айтқан шарт-шариаттарын орынға келтірсе, қылған еңбек далаға кетпей, сол баланың аман-сәлемет болуына себеп болады. Пенде не қылған ісін шын ықыласпен орнына келтіріп қылса, тіпті далаға кетпейді.

Қыз жұмбағының шешуі

(үшінші нұсқа)

...Бар болса, жарыққа шықсын. Шын болса, аныққа шықсын! Құй бар болсын, құй жоқ болсын, сөйленген сөз әшкере боп, халыққа шықсын [348].

«Ертеңмен тұрып, үш бала көрдім», – дегені: бірі тұл әміл, бірі – қырыс (хирыс) дүние, бірі – дүниескор адам. Бұған дәлел болуға «Хадис Шәриф» бар: «Ишап ибн адам үйшіп ғына хы силтан хырыс оту ламіл» адам осы екеуімен үш ағайынды есепті. Ана екеуі – асылы жалаңаш нәрсе. Дүниеге келген адам жалаңаш келіп, жалаңаш кеткендіктен, киімі жоқ есепті. Киімі болса, киіп кетпес пе еді?!

«Дүниеде қанша нәрсе менікі!» – деп, бауырлап жүргені-жалаңаш кісінің: «Етегім тола ақша бар!» – деп, жүргені сықылды. «Оны төгіледі» – деген ойында болмағаны жалған дүниеде жүргенде: «Бұл дүние менен қалады!» – деген қай пенденің ойында бар?!

«Үш көл көрдім» – дегені: бірі – дүниеге келмей тұрғандағы атаның қарны, ананың қабы [р] ғасынан [349] шыққанда, суы терең көлден кемесі сынып, бір тақтаймен жан сақтап шыққан – жердің құрғағына шыққан есепті емес пе? Бірі – өлген соңғы адамның күні не болары белгісіз, түбі жоқ тереңге түсіп кеткен сықылды емес пе?! Ол екеуінің заһары – көрінін тұрған суы жоқ. Бірі – дүние: «Суы жоқ көл» – деп [дүниені] айтқаны – дүние бір сағым есепті нәрсе емес пе?! Суы жоқ көлден алған үш балығы: бірі – тірлік, бірі – денсаулық, бірі – байлық. Өлім даяр тұрғандықтан, тірліктің өзі – өлі балық сықылды. Ауырып, сырқамақ даяр тұр [ған] дықтан, денсаулықтың өзі өлі балық сықылды. Ішіп-жеген қорек (хорак), дүниелік – жаны жоқ балық сықылды.

«Үш үй көрдім» – дегені: «бірі – «Заман мазы», адамның басынан өткен заманы. Бірі – «Заман мастақпыл»: адамның алдында, қарсы келешек заман. Бұл екеуі – тұттай жалаңаш. Енді біреуі – «Заман хал»: қазір адамның үстінде тұрған заман. «Оның да шиі жоқ» – дегені: шиі болса, желге төтеп берер еді. Адам басынан дәуренін өшіретұғын жел – өлім. Қазір тұрған заманың өлімнен алып қалуға шамасы болмаған соң, желге – шиі жоқ, үй жоқ [350] есебінде болғанлығын айтқаны.

«Үш қазан тауып алдым» – дегені: Адам қолына түскен дүниені туысқан бауырына сақтатуға көзі қимайды, оны жарық қазан сықылды көреді. Баласына да сақтатуға көзі қимайды, баланы да жарық қазан сықылды көреді. Жарық қазанға сеніп, кісі тамақ қылып іше ала ма? Бауырына, баласына сенбегенде, сеніп, дүние ұстатқан [351] кісісі қатыны болады. Ол – түбі жоқ қазан. Ана екеуі өзі ішіп-жесе де, дұшпанына бермейді ғой. Мұның түбі жоқ қазан есептісі: душар болса, көңілін тапқанға байының дүниесінің бетіне қарамай, беріп тауысатын қулар да әрқашан болатұғын уақиға. Олай болғанда, түбі жоқ ыдыс сықылды болды.

«Үш пышақ» – адамда болған үш қуат. Бірі: қуат ғазбие – ашу қуаты. Бірі: қуат шаһуания – әр нәрсеге көңілі шабу қуаты. Бірі: қуат

ғақлия – ғақыл қуаты. Қуат ғазбие мен қуат шаһуания – ғақылсыз сынық пышак сықылды дәнемеге жарамайды. Ғақылдың өзі де ғылымсыз болған күнде [352] сабы жоқ пышак сықылды.

«Түбі жоқ қазанға асып жедім» – дегені: «Қанша қолыма түскен дүние [ні] катынмен бас қосып, ортақ ішіп-жедім» – дегені.

«Қарным қабақтай болды» – дегені: «Дүниеге мысыт, мағрор болып, нәпсімнің семіруі қатден тежеусіз (тажаусыз) болды. Үш қанат үйіме сыймай, дүрілдеп отырған күнім көп болды» – дегені.

«Бұтым таяқтай болды» – дегені: «Нәпсі – дүние мешел (мисалы) [353] сықылды еді де, оны көтеріп, ұшырып жүрген жан аяқ есебінде еді. Жан тарапым (тарфым) ақырет пайдасы жағым арықтап, үзілуге тақалды» [354] – дегені.

«Шіні жоқ үйдің жапсарынан шығып кеттім, есігі ойда да жоқ» – дегені: өлім жолын айтқаны. Өлген адам отырған үйінің жабығы, жапсарынан [еріксіз] [357] шығып кеткен есепті. Есіктен шықпағанлығы белгілі... [Жапсардан] шығып кеткен сықылды болғаны – сол.

«Осы үйдің есігінен шығармын-ау!» – деп, өлім жабдығын ойлаушы мыннан біреу-ақ боп табылады. Құдай жолына басын құрбандық қылып, өлімді ойлап, жақсылық жолға шығып, сол жолда жүріп өлгендер – энеки, үйдің есігінен шыққан – солар. Үйде жатып өлгендер – есік ойында жоқ, жапсардан шығып кеткен есепті.

Мәшһүр Жүсіптің «Дауасыз дерт» өлеңі.

Ағайын барды күндеп көре алмайы [356].

Мәшһүр Жүсіптің «Бұлақ көзі» өлеңі.

Шығады: «Асыл – тастан, өнер жастан» [357].

Мәшһүр Жүсіптің «Өнерпаз» өлеңі.

Өнерпаз қара жерге салар қайық [358].

Ниет туралы

Ұлы жыраққа отырғанда, жуынсаң, азы үш (3) кебі болады. Бірінші жуғандағы ниеті. Әуел жуғанда, Құдай тәбәрік отғылыны «бір!» – деп білмек. Екіншісінде Құдай тағаланы «екі» – деп айтудан сақтанамыз (сақланамыз). Үш жуғанда, «үш» – деуден сақтанамыз.

Төртінші жуғанда, ниет қыламыз: «Төрт жаһар жарды шапағатшы қыл!» – деп қыламыз. Бесінші жуғанда: «Бес уақыт намаз қабылд [ығы] на ниет қыламыз. Алтыншы жуғанда: «Алты тарапымнан рахмет бер!» – деп, ниет қыламыз. Жетінші жуғанда: «Жеті тозақтан сақта!» – деп ниет қыламыз. Сегізінші: «Жұмаққа кіруге несіп қыл!» – деп, ниет қыламыз. Тоғызыншы жуғанда: Анама пайғамбар құданың тоғыз қатынын шапағатшы қыл!» – [деп]... Оныншы жуғанда: «Атама он пейішті несіп қыл!» – [деп]. Он біріншіде айтады: «Жақып ғалайссаламның ұлы... несіп қыл!» – деп, ниет қылады. Он екіншіде айтады: «Он екі... болған күнәдан жарлық. Он үшіншіде айтады: «Дүниеде имансыз кетуден сақта!» – дейді. Он төртіншіде айтады: «Өлер халде иман [мен] кетпекті несіп қыл!» – дейді. Он бесіншіде айтады: «Жеті тозақтан сақтап, сегіз жұмаққа кіргіз!» – деуші еді...

Мәшһүр Жүсіптің «Адам екі түрлі» өлені.

Бисмилла-сөздің басы, Хақтың аты [359].

Біреп сөздер мәнісі

«Ғұмар парық» – атанған себебі мынау екен. Пайғамбар хыдқа (Құдайға) бір кәпір илан бір мұнафиқ екеуі (екісі) дауласып келді. Кәпір ісі хақ екен, мұнафиқ ісі қара екен. Пайғамбарымыз айтты:

– Екеуің хазірет Әбубәкір Сыдыққа бар, – дейді.

Екеуі келді. Әбубәкір Сыдық айтты:

– Пайғамбар Құда [й] ға болмаған маған боласың ба? Хазірет Ғұмар парыққа бар, – дейді.

Бұл екеуі Ғұмар парыққа келді. Сонан соң Ғұмар парық ризалығына айтты:

– Біраз мұнда тұра тұр, – деп, жоғарғы үйге кіріп кетті. Үйден келіп қылышын алып келіп, мұнафиқтың басын алып тастады:

– Пайғамбардың айтқанына көнбегеннің шаригаты мынау! – деп, өлтірген екен.

Кейінге бір міксім мирас болып қалды. Хазірет Ғұмар парық мағынасы: «Ақ пен қара арасын айырғышы» – деп, Пайғамбарымыз айтқан екен. «Ақ пен қара арасын айырушы» – деген сөз.

«Әбубәкір Сыдық» – атанғаны пайғамбарымызды кәпірлер: «Өлтірем!» – дегенде, аркасына капка салып аркалап жүрген екен. Сол уақытта бір кәпір келіп сұрағанда, шынын айтқан екен:
– Мұхаммед осы – деп.

Пайғамбар: «Әбубәкір Сыдық» – деп айтқаны шыншыл, өтірік айтпайды екен.

«Ғұшман Зауылнұрын» атанғаны-Пайғамбарымыздың екі қызын алған екен. Сол себепті: «Екі нұр иесі» – деп айтылғаны: «Екі қыздың күйеуі» – дегені.

Ғали «Кәрімалла ужһа» – атанған себебі: шешесінің ішінде жатқанда, харам шибха мекеруа нәрсені ішкізбейді екен. Сол себепті: «Ғали кәрім Алла ужһа»-атанған.

Мәшһүр Жүсіптің «Жарты нан» өлеңі.

Айтатын құран сөзін молда қайда [360]?

[Осы папкадағы Мәшһүр Жүсіп жазбасына оның жиені Жолмұрат Жүсіпұлы (1894–1977) түсіндірмесі [361].

Мәшһүр Жүсіптің «Жетпіс бап» туындысы.

«Бисмилла, Ағузы «бар сөз басында [362].

Мәшһүр Жүсіптің «Шайхы Ысқақ» өлеңі.

Гибрат ал, ей, ағалар, мына сөзден [363].

Мәшһүр Жүсіптің «Жер мен көк» дастаны.

Серік жоқ, кемшілік жоқ, және де айып [364].

Мәшһүр Жүсіптің «Миграж» дастаны.

Әуелі бисмилладан сөзім басы [365].

Мәшһүр Жүсіптің «Пайғамбардың дүниеден өтуі» дастаны.

Алма ақы ешкімдерден қылып борыш [366].

Мәшһүр Жүсіптің «Он тоғызыншы бап. Басқа да патшалар, жомарттар, әулиелер» туындысы.

Ал енді патшада ғаділдік жоқ [367].

«Мәшһүр Жүсіптің қарғамен айтысы».

Түн ұзап, күн қысқарып, болды қазан [368].

Мәшһүр Жүсіп өлеңі.

Шаршадым осы жерде ауырып басым,
Көзімнен қан аралас ақты жасым [369].

Дін тағылымы

(екінші әңгіме)

Жан денеде еді ғой. Ол күнде есінде біз түгіл жаратушы (иарат-қушы) Құдай да болмай кеткен күн болды. Бұл күннің аты – қиямет-қайым: қолдан-құш, аяқтан әл кеткен уақыт. Бұл уақыт [та] әркім өз жанымен қайғы. «Бар ойың болсын, жолыңнан қалма. Уақыты жоқ. «Уақ, уақа ал-қалқаңшы қойып» – дегенде, бұлардан бұлай дағдарған соң, күн бұрын түңілген. Олардан бір жарылқасын болар, «Дат!» – дегеннен өзінің үміті жоқ, нашар. «Сол тарапына бағып, Ислам ғылик урсимтасын» – дер екен. Ағайын-туысқан, жар, дос, қатын-баладан дәметкен есепті». Бұлардан не болады? «Иұмирғыр әлмірі мен хиа уама уание уса жите унбия»: Бұрыннан хабары құлаққа сіңіп қалған соң, ақырет күнінде солай болатұғыны үшін сол тарапына сәлем бергенде: «Дауысы шығар-шықпас сендерден сұрадым не, сұрамадым не?» – дегендей оң жағына сәлем бергендікт [ен], екпіндей алмайтұғынның мәнісі сол екен. Екі жағынан бірдей түңілген соң, Жаратқан патшаның өзіне жабысып, дұғаға қол көтереді екен. Баяғы намаздың басында жабысқан «Әлхамдыға» тағы шаб қылады деген намазынды жұмыртқа басып жатқан құстай: «Осыны бала қылып, ұшырып шығарармын-ау!» – деген пікір-зікірмен оқып, жұмыртқа басып жатқан құс біреу үстінен басып кетпесе, ұшпайды. Болмаса, екі шоқып, бір қарап, бидай, тары терген құстарша шоқақтатып оқу ма?

Пенде муминнің Құданың құдіретіне ең жақын уақыты – сәждеде жатқан уақыты. Сәждеге бас қойғанда: «Енді басымды көтерсем, Құдіреттен алыс кетемін-ау!» – деген пікірде болып жатуың керек. Және: «Екінші сәжде қылғанша, бармын ба, жоқпын ба? Шықса жаным осы сәжденің үстінде шықса екен!» – деген арзуда болуың керек...

Мәшһүр Жүсіптің «Гибрат өлең» туындысы (бірінші сөз).

Дүние малын тамам қылып,
Қарын көзі тойған жоқ-ты [370].

Мәшһүр Жүсіп. «Гибрат өлең» (екінші сөз).

Әуел бастан туғызған Адам,
Тумай адам, өліп болмас [371] !

Мәшһүр Жүсіп. «Гибрат өлең» (үшінші сөз).

Адам ұғлы, бес ісінді
Бір жайт біл [372].

Мәшһүр Жүсіп. «Гибрат өлең» (төртінші сөз).

Қырғыз келіп, елің «көш-көш» болса,
Түйең басың ете-ете кетерсің [373] !

Мәшһүр Жүсіптің «Мұсылманның сипаты» өлеңі.

Өтінейін, достарым,
Хош тыңдаңыз: Бисмилла [374] !

Дін тағылымы

(үшінші әңгіме)

Һәм анык білдің: киямет күнінің хақлығына нанбағанларды киямет қайым болып, Құдай алдына баруына қарар от-сыдық болмағандарды, шын дінде болмай, жалған дінді ұстап жүргендерді «Ол кім?»-десең: «Жетімге қаһар кылғандар, жетімді аяп мүсіркемегендер. «Және екінші кім?» – десең: Мұсылмандарға тағам беруге өзі һәм сараң болып, басқаларға да: «Бер!» – деп, қыздырушы болмағанлар. Жетімлерді, мүскінлерді мақрұм қалдырып оларға жаны ашымпаз, аямпаз, мүсіркемпаз болмай, қатал болып жүріп, құр намаз оқығышларының хақында айтылған. Фабыс (қас) жаза және олардың жазасы мынау дегендей, пұл (кұл) және мүмин мұсылман болып, бір-біріне жәрдемін тигізіп болыспайды. Мұндай жандар (жанлар) дінсіз, дианатсыз. Құр намаз бұларды дінді қыла алмайды.

Дін мағынасы-насихат. Насихат мағынасы – жаны ашымақ. Қанша жаның ашып айтқан сөз құлағына кірмейді. «Үлкен латхыбун лына зыхын» – делінген.

«Екінші рас сөз жағымды болмайды» – делінген. Сапарға жүрерде өзіне сөйлеген насихат: «Лығырар мімлайтақ мен сенің сидалмырсылын». Бұл заманда өз бетімен кеткен бұл жұртты түзетіп,

жолға сала алмайсың. Көптің ыңғайы, ынтымағы қалай аунаса, ішінде тұрып, сен онан аман қала алмайсың. Тынлайын десен, айтушы жоқ. Айтайын десен, тындаушы жоқ. Тірі тұрып, жұрт ішінде жалғыз қалғанша (қалғұнша): «Ғылу лаһамта мен ла-иман Хадис Шариф һәмит» – бір қапа (киға) мініп, пақырлық майданына жолан киафыл.

Жұмсақ көңіл бірле қатығы, бірде жатқанын (иатқаның) – сенің жұмсақ көрпе үстінде жатқаныңнан [ж] ақсы дүр. Бейшарашылық, мүсәпірлік, беклік – опа патшалықтан жақсы дүр. Жүз (иүз) иамағы бар шапаның таллалық тоннан жақсы дүр. Қанағаттан жақсы нәпсі жоқ дүр. Дертменлер қажетін іздеп тапкыл! Пасықлар қажеттен қашпақ уәжіп дүр. Әр немеге Құдайдың (Құданың) ризалығы болса, онда болғыл! Әр кісі ғашық махаббат дерттен бейхабар болса, егер атың һәм болса, жаттығына білгіл. Есі бүтін ғақылға ие болған адам дұшпаннан қашуға керек. Сенің аса жақын үгітші дұшпаның нәпсін дүр. Нәпсіңнің халапына жүр. Нәпсіңнің семіруін іздеме, арық болуын ізде. Халап нәпсі істе[ме]к амал тағат болар ма мұнан артық қарық гадет?!

Онан соңғы дұшпаның – койнында жатқан қатының дүр. Егер ол кетпесе, сен кет алып. Бас көтерін жүрмегіл тақтан ағар тас. Бұл екеуінен соңғы зор дұшпаның – ұл-қызың дүр.

Мал перзент бұ дүниенің көркі ерер,
«Аз уа хакім ғидуа» – деп, хабар берер.
Әкесіз адам ұғлы көрге кірер:
Мүлік алмас есебіне бермек үшін...

Баланың аты – Дұшпан шырын.

Қожа Хафиз... Үшбу қожа Хафиз сөзінің тәпсіріне бір қазақ жақсысы құп шешіп сөйлеген. Сонда екеуі бір жерде отырып айтқан емес. Екеуі екі заманда бірінікіні бірі естімей сөйлеген:

Барлы, барлы, барлы тау,
Басы есеннің малы сау.
Ұйықтамаса, қабак жау,
Ішпей жүрсе, тамақ жау.
Жыртық үйге тамшы жау,
Арық атқа қамшы жау.

Тебеген болса, биен жау,
Кетеген болса, түйен жау.
Қашқак болса, атын жау,
Тіл алмаса, қатын жау.
Ұрысқак болса, ұлын жау,
Керіскек болса, келін жау.
Ұл он беске жеткенше,
Қолға ұстаған қобызың.
Ұл он бестен асқан соң,
Тіл алмаса, доңызың.
Көкпектен өліп қалмаса,
Жасында күйеу алмаса,
Бәрінен өткен қызың жау.
Хам болма, писік бол
Жасық болма, пысық бол.
Жабы болма, кайратлы, өткір бол!

Пайғамбар Құдай [й] (хұда) Мұхаммед мұстафа ғалия ал-салауат өссалам: «Қайыр мен үміт хадуһа» – дейді. Яғни: «Менің үмбетімнің қайырлысы – өткіррегі».

Қанша пайғамбарлар өтіпті, әрқайсысы бір кеппен не ре [н] жіпті. Ол жақсылар екі Құдайды тауып (табып) дүр. Әр кез кісіден тамұх (тышмақ) қалмап дүр.

...Бұрынғы бір жақсы сөз бар: «Бок жесең, палау жегеннің боғын жеме // Өзі [бок] жегеннің [боғын] жеме!».

Дүние – бір жақсы-жаман өлексе: әркім бір кеміріп кеткен сүйек. Бір ғазиз айтқан:

Бұ дүние фи емес, бір сытхуаны,
Кеміріп неше иттер кеткен, әне?

Өзі дүниеқор болған адамнан: «Дүние аламын!» – деп, пенденің пендесі болма, жаратқан бір Құдайдың пендесі бол! «Пайданы басыңа қыл, // Басыңнан асса, досыңа қыл!». Өз басына пайда келтіре алмай жүрген жаманнан «Пайда тиеді» – деп, «Қошқардың енегі үзіліп түседі» – деп, үміткер болған ақымақ итқұстай [б] олма!

Дұғасы қабыл болатұғын адамдардың дұғасынан мақрұм қалма! Ең әуелі дұғасы қабыл болушылар – сасқан, босқан, қысылған, қиналғандардың хақында Айта Кәриме бар...

Екінші, дұғасы қабыл – ата-ана. Ата-ананың дұғасы бала үшін қабылдығына шек, күмән жоқ. Жастар, балалар ата-ана дұғасынан мақрұм қалмаңдар. Шын ықыласпен ата-анасының қас-қабағына қарап, тік тұрып, іші елжіреумен берген батасын алып қалған бала екі дүниеде қор болмайды. Ата-ананың дұғасын шын алған бала өзі мыстыжап лыдғұт болады. Ақырет үшін қылған құлшылығыңнан бір кәтте болмағаныңды ойласаң, Құдай ризалығын ізде. Қанша оқыған ғылымыңнан бір кәт табуды ойласаң, ұстаздың ризалығын ізде.

Жасаған жас, сүрген ғұмыр, қылған әр кәсібіңнен бір кәт табуды ойласаң, ата-ананың ризалығын... [ал].

Үшінші дұғасы қабыл – әділ патшаның халқына қылған дұғасы қабылдығында шәк, шіб һате (қате) жоқ.

Төртінші дұғасы қабыл – ізгі тақуа пір һізгер Құдайдан қорқыныш [ы] бар, уәлиаллаларының дұғасы қабылдығында шәк, шүбһә жоқ.

Бесінші дұғасы қабыл – ата-ананы шын ықыласпен күтіп сыйлап, ризалығын алған баланың мыстыжап лыдғұт болып, оның дұғасы қабыллығында шәк шүбһә жоқ.

Алтыншы дұғасы қабыл – халал жолда жүрген мүсәпір жолаушылар, ораза тұтқышларының дұғасы қабыл. Ауыз ашарында қажыларының дұғасы қабыл: үйіне келгеннен қырық күнгеше намазларының дұғасы қабыл – сапарынан қайтып үйіне түскенше.

1908 жылында 4 июнь, 1326 – һижиртның 17 – нұмында қазақша пішін елінде жұмға күнінде хазірет сұлтан Алғарфин – Қожа Ахмет Иассауи Шаһыншат әулиеге мықжа болып, хыжират ұлынды.

Мәшһүр Жүсіптің «Ғашық жігіт сөзі» өлеңі.

Өтіпті Хасен бірлан, ол Хұсайын [375].

Адамдар тілін байлауға болмайтыны

Хазірет Мұса ғалайссалам айтыпты:

– Иа, Раббы, менің хақымда жаман сөйлеушілерінің тілін байла! – дейді.

Құдай тәбәрік отғылы айтты:

– Өз хақымда қалай сөйлесе, ерікті қылдым. Өзіме қарағанда, ауыздығын алып қоя бердім. Сен менен қалай шын ұлықтығын артықтығың? – дейді. Пайғамбар да болса, хазірет Мұса ұялып қалды.

Құдай тәбәрік отғылы уахи ендіردі. Қызыр (Ғызыр) пайғамбарға: – Егер сен хош көрмесең, мен сені шайнаушылардың (шайнаушылардың) ауызында сағыз қылғанымды жазбайтын, өз қасымда сені мантуа сығынлардан, – дейді.

Хадис нәбуида: «Зікір олла жеті иқолау мәжнүн», – дейді. «Лайтим иман әлмір хаты иқалла не мәжнүн»:

Құдая, шүкір, әлхамдилла, шүкір, заманымдағы жұртқа сағыз қылып жайнатқанына?

Мәшһүр Жүсіптің Мұса Шормановты оның келіні атынан жоктауы.

Бисмилла – сөздің басында,
Көрдім бір қасірет жасымда [376].

Мәшһүр Жүсіптің 21 жасында жазғаны.

Ағуз, бисмилла бар сөз басында [377].

Мәшһүр Жүсіптің «Қамардин хазірет» өлеңі.

Бисмилла, ал рахман рахим дейін,
Құдайға хамыд айтам мұнан кейін [378].

Мәшһүр Жүсіптің «Жарты нан» өлеңінің жалғасы.

Жамандық қайдан туар, тілден туар [379].

Мәшһүр Жүсіптің «Сәйгелді, сона, бөгелек» өлеңі.

Сәйгелді, сона менен бөгелек-ті [380].

Абай өлендері.

Жүректе қайрат болмаса [381].

Мұхаммед пайғамбар туралы

Пайғамбарымыз Мұхаммед Мұстафа салиалла тағала ғалияәс-салам 570 жылында 27 апрельде 12-інші абиғлауында дүйсенбі таң

ата дүниеге келміш дүр. Бұл жылды: «Ғылпіл» – деп атайды. Кітаптарда пілі һибырттан 51 жыл бұрын.

15 жасында Мұхаммед Хадиша анамызды некелеген (некахланған), 40 жасында пайғамбарлық келді. Сол уақытта Мекке халқын 12 жылдай иманға шақырып, 40 кісіден артық жар, дос таба алмай, 53-інші жыл ақырында Медине, Мүнәрре көшіп бұл һижрет миладінің 613 – жылдарына келеді.

17-інші ғосдууақих (агусду уақых) болған дүр.

Медине халқына он жылдан дерт (дiрт) түсіп...інші жыл бытдысында дүниеден хылыт айлады. Пайғамбарымыз Мединеге келген соң, қуат-шаһуат тапты. 18-інші жылында һыжыратының 12 мың мұсылман бірлан Мекке халқын шауып, талап алды. Мүшіріклер қайтып бет қарай алмады. 10 жылдың тағы ауылында 90 мың мұсылман бірлан барып, 4 тауап алды. Сол күннен бері мұсылмандарға қажы парыз болып қалды. Һыжыратының он бірінші жыл [ы] кіргенде, пайғамбарымыз дүниеден ақыр аяр тыхар айлады. 63 жасында тарих миладының 634 (534) жылында 12-інші рабиғалаулда дүйсенбі күн бесін уақытысында болған.

Хазірет Әбубәкір ризаллығына Пайғамбардың орнына 2 жыл 3 ай халифалық етті.

Хазірет Ғұмар уалғар қараз Аллаға үшінші жылында отырды. 10 жыл жарым жылға қика етті. Хазірет Ғұшман ризаллағына 12 жыл халифалық етті. Хазірет Ғалы керімалла 4 жыл 6 ай халифалық етті. Хасен ризиалла 6 ай халифалық етті. Мұнан бұрын да Мағауия ризаллына, хазіретлеріне бір болды. Бұл кісіні «Иманлардың басы» – деп айтады. «Халифа» – деп айтуға көтермеді.

Сопы Аллажардың... 20 халифа. Бұл кісі кіре алмай қалады. Сол айтты: «Күрсім дүниеден жүз халифат болған, 30 халифаша көз бісебісе, сыз-сыз». Арафат (Хирпытпат) бақшаларында бір өзен барды. Әркім оның бақшаларында. Өзеннен ішер сыла сусамас. Яғни бір адам ғылым-білім мағрипат иесі – кәусардың оның бойынан табылады да қояды. Ешкімге, ешнәрсеге мұқтаж болмайды. Бітті, бітті, жоқ, жоқ...

Ноғай, қазақ шежіресі (екінші нұсқа).

Ноғай, қазақ шежіресінен жазылған бір сөз [382].

Айырбастың қалай құнсызданғаны туралы

Айырбассыз нәрсе жоқ [383]. Атластан киім табылмаса, оның орнына кой жүн шекпен айырбасқа тұрады. Бал мен қант ішіп-жеп, жоқ болса да, айран менен көже аштан өлтірмеске – оның орнына тұрады. Су алып ішуге ыдыс жоқ болса, уысыңмен алып ішсең, өлмейсің. Ыдыс орнына уысын тұрады. Мінуге ат табылмаса да, екі аяғың сау болса, аттың барған жеріне сен де барасың. Оның орнына денсаулық пен екі аяғың барлығы тұрады. Сенін алды-артында маңайына жан жолатпайтын... жасарың болмаса да, дәнемең жоқ болып, кедей болғанның ол өзінде маңайына жан жолатпайтын оның орнына о да туар.

Алтын, күмістен салдырған сарайың болмаса да, бір баспана іші қос отырарлық жасап алған избушқаң оның орнына о да тұрады. Атлас, торғыннан төсек-орның болмаса да, жамбасың (жанбасың) астына не төсесең, оның орнына о да тұрады. Сақалтарағың жоқ болса, қолыңменен сакалыңды араластырсаң, тарақ орнына қолың тұрады.

Дүниеде болған нәрсенің бәріне де айырбас бар, көріп тұрған жоқсың ба? Бұрын қазақ халқы ишанларды, қожа – молданы төбесіне көтеріп, қадірлеуші еді. Пайғамбар шаригатымен ата-бабасының ғұрып жәрдеміменен (мірдәміменен) жас [аған] бұл ғазиз ғұмырменен, жасаған жасың [а] айырбас жоқ. Кәне, «Осының қадір-құнын танып ғазиз ғұмырды, жасаған жасты босқа өткізбейк!» – деуші қайда? Һай, Һай, ессіз (иесіз) ғұмыр-ай; Һай, Һай, есіл жас-ай! Неменен өттің, не жұмыс бітірдің?! Ойласам, маңдайыма бармағым тіредім де, жансыз сынтастай сілейіп отырып [қалдым]... [384].

Ерік ықтияр өзінде болған күнде бұрынғы ата-баба заманында бұл қазақ ишанлар мен қожа-молданы күтіп, сыйлады. Оның орнына начальник, урядник, стражниклерді күтіп сыйлайтын болды. Бұл қазақ әкесіне ас беруді ұмытты. Мұның орнына начальник келсе, мал сойғыз... болды. Қожа орнына урядниклерді күтті. Қожаларға беретұғын нәзір, ниязын бұларға берді. Молда орнына стражниктерді күтті. Молдаларға беретұғын тебенін бұларға беретұғын болды. Бұрынғы ата-бабасына беретұғын асын ұмытты. Ел аралаған начальниктер үш жылда бір қазақтың ата-бабасына асын бергізетұғын болды.

Хазіретіміз [Меккедегі] қағбаға әуел барғанында, ең әуелі хазірет Ғұмар (Омар) барып, қағбаның есігінің құлпын сындырған, барша бұтларды [бұт тастарын] сындырған. Сонда бір тасқа ешкімнің қолы жетпеген биікте болған. Сол уақытта пайғамбарымыз салиалла тағала ғалия өслам – хазірет Ғалы кәрімалла үжһаге хатеп қылған:

– Менің иығыма шығып ал! – деген.

– Ай, тақсыр, сіздің иығыңызға шығу әдепсізлік, обал емес пе?! – дейді.

Ан хазіретіміз жауап берді:

– Өзім жерде қалсам да, сөзім жерде қалмасын! – депті.

Сінгірі (зігірі) ан хазіретінің мұбарак иықтарына шығып алып, хазірет Ғалы ол бұтты сындырыпты.

Мәшһүр Жүсіп өлеңдері

Көріппіз: иманға – дос, жанға – қасты,

Теріппіз: жалған істі, қойып расты.

Ертең түгіл, бүгінгі пайдасы жоқ,

Көрмессің ес жимайтын біздей масты!

Білместер орынсызға малын шашты,

Наданнан құрт-құмырсқа тозақ қашты.

Мақұлықат ғапіллікте мұнан бетер

Тауып бақ – жердің үсті, көктің асты.

XXX

Қызық па, жүрдік орынсыз,

Қадірлес бар ма сені аяр?!

Істеген жұмыс болымсыз,

Кәне, тұрма, боп даяр.

«Бар ма, – деп, – тұрлау?» – сұрама,

Арғыдан ойлар ақыл жоқ,

Көрген, білген құрама,

Сүйесің күйіп, жалын жоқ.

XXX

Білмеген қазақ та, бар, ноғай да бар,
Ең әуел иман ғылымын оңайлап ал!
Кітапты, пайғамбарды, періштені, –
Құр атын білуменен не пайда бар ?!
«Ең әуел керек нәрсе – иман!» – деген,
«Ақырет істеріне илан (нан)!» – деген.
«Құдай кешер!» – дегенмен іс бітпейді,
Иман шартын білмесе, айуан (айнан)!» – деген.

Бұқар жырау

«Жал құйрығы қаба» – деп,
Жабыдан айғыр салмаңыз.
«Атасы бай екен!» [385] – деп,
Жаман қатын алмаңыз.
«Жал құйрығы қаба» – деп [386],
Жабыдан айғыр салсаңыз.
Жаугершілік күн туса,
Ұстап мінер [387] ат тумас.
«Атасы бай екен!» – деп [388],
Жаман қатын алсаңыз.
Екі кісі бас косса,
Сүйреңдеп сөйлер [389] ұл тумас.

Қазақ мақалдары

1. Бұзылғандардың жыны бір,
Шаруаның мұны бір.
2. Төленгіті билеген ел оңбайды,
Қатын билеген үй оңбайды.
3. Бұзылған елді бұра-тарасы билейді.
4. Кедей елдің көшбасшысы көп болады.
Кері кеткен елдің кеңесі көп болады.
5. Тау белгісі тас болар,
Бай белгісі ас болар.

6. Төренің жаманы төленгітімен қас болар,
Баланың жаманы – әкесін өлтіргенмен дос болар.
Құдайдың ең жаман жаратқан адамы –
Қатынының ойнасымен дос болар.
7. Мырзалық – қонаққа пайда, малға қас,
Батырлық-жолдасқа пайда, жанға қас,
Өтірік сөз – дауға пайда, иманға қас.
Өткір пышақ – қолға пайда, қынға қас.
8. Қарадан хан қойса, қасиеті болмайды,
Үлгісізден би қойса, өсиеті болмайды.
9. Калимасыз пір болса,
Кереметі болмайды.
Алалы тұяқ, арам мал
Берекеті болмайды.
Атадан қалған адал мал
Әрекеті болмайды.
Үш ай тоқсан болмаса,
Үлкен теңіз тоңбайды.
Қатын шайпау болмаса,
Ер жалғыз үй қонбайды.
Бірді беріп, мыңды алсаң,
Бір байырғыдай болмайды.
10. Ораздының баласы
Он бесінде: «Баспын!» – дер,
Қас сорлының баласы
Жиырма бесінде: «Жаспын!» – дер.
11. Балаң жаман болса, дәрменің кетер,
Қатының жаман болса, арманың кетер,
Қайғы – қасіретпенен заманың кетер.
12. Бұралқының пұлы жоқ,
Бұзылған шаһардың сыны жоқ.
13. Аз-аздан үйреніп, дана болады,
Тамшыдан жиылып, су дария болады.
14. Асығып басқан шайтанның ізін басады,
Аңдап басқан – Қызырдың ізін басады.

15. Бір бала әкеден өте туады,
Бір бала әкеге жете туады,
Бір бала көтінен кейін кете туады.
16. Ораздының баласы –
Өз үйінде – өзі құл [би].
Шерлінің баласы –
Өз үйінде өзі сый [пұл].
17. Жоқтық ұят емес,
Байлық мұрат емес.
18. Бар-барын бермейді,
Жок – қарап тұрмайды.
19. Бір баласы бардың
Шығар-шықпас жаны бар.
Екі баласы бардың
Өкпе, бауыр, жалы бар.
Үш баласы бардың
Бұхарада бұты бар,
Қорасанда қолы бар.
20. Бай-байға құда болса,
Арасында жорға жүреді.
Екі кедей құда болса,
Арасында дорба жүреді.
Бір бай бір кедей құда болса,
«Қайдан болдым?» – деп, зорға жүреді.
21. Ит жүйрігін түлкі сүймейді,
Ауру кісі күлкі сүймейді.
Желіні сау қой қосаққа имейді.
22. Көсеуің ұзын болса, қолың күймейді,
Ағайының көп болса, адам тимейді.
23. Құлынында жетім қалған –
«Қурайт!» – даса, үйірін білмейді.
24. Қозысында жетім қалған –
Түртіншегін қоймайды.
25. Иттен туған – құрмалдыққа жарамайды,
26. Жұтшылықта туған құлынның
Екі көзі таста.

Ашаршылықта туған баланың

Екі көзі аста.

27. Қазақ болмай, азап болмас,
Тамақ болмай, таму болмас.

28. Ит балалап, сауын болмас,
Екі даугер ауыл болмас.
Қас төреде бауыр болмас.

29. Қазақтың жаны – азапта,
Наданның жаны – тозақта.

«Шығасы шықпай, кіресі кірмейді» мақалының шығу төркіні (екінші нұсқа)

Қазақта бір мақал бар: «Шығасы шықпай, кіресі кірмейді» – дейді [390]. Бұл сөзге дәлел керек – қайдан алынған сөз екендігі. Хазірет Сүлеймен ғалайссаламның он үш жасында аузынан шыққан сөз. Ол сөздің шығу себебі: хазірет Дәуіт ғалайссаламның халифалық құрған күнінде хазірет Сүлеймен ғалайссалам есік алдында ойнап жүрсе, бір қатын жаман наза болып, жылап келеді. Бала сұрады:

– Ай, катын, неге мұнша күйінді-жылаударсың? – деп.

Қатын айтты:

– Екі жетім бала-шағам бар. Өзіміз қара қасқа кедейдің барып тұрғанымыз. Жалғыз-ақ пұт бидайымыз бар еді, онан басқа дәмкіміз жоқ еді. Соны диірменшіге апарып, ақысын беріп, тарттырып алып, қапқа салып, арқалап келе жатқанымда, бір қатты дауыл [391] соғып, өзімді домалатып жығып, ішіндегі ұн-мұнымен қабымды ұшырып алып кетіп, артынан қуып, өкпем өшіп, жете алмай, бара жатқанымда, дарияға түсіріп, Құдай пана берсің, көзіме бір де көрсетпей, [дарияның] қақ ортасына алып кетті. Дарияға түссімен батқан болса, өмір бойы сүнгісем де, соңынан қалмас едім. Көз жетпестей жерге, ортасына алып кетіп, титығымды құртты. Ұнды не қылайын, әркімнен сұрап алсам да, бір жөні болар еді-ау! Қабымды ғана қайтейін?! Өзімнің бар өмірімде еңбек қылып тоқып алған қабым еді. «Шешеміз ұн тартып [алып] келеді» – деп, қуанып отырған балаларыма: «Жүзіқара

боп, не бетіммен көрінемін?!» – деп, соған ішім ашып, күйіп барамын» – дейді.

– Ой, бейшара [392], Құдай саған үлкен болыстық қылған екен. Дереу барып тақта отырған патшаға арыз қыл: «Бір қап ұнымды жел тартып алды. Маған «әлім жеттік» кылып [393]. Желден көлденең алып бер!» – дей ғой! – дейді.

Қатын жылап, патшаға кірін еді, екі пұт бидай берді. Қатын қуанып:

– Бір жасы мың болғыр-ай, балаларыма құр бармасқа тәуір болды ғой! – деп, алып шықты.

– Хазірет Сүлеймен сұрады:

– Патша не дейді? – дейді.

– Айналайын, әділ патшамыз екі пұт бидай беріп, көсегемді көгертті, – дейді.

– Ой, бейшара, сен ұн тілей келген тіленші ме едің?! Дауыл соғып, ұныңнан айрылып калып, келген емес пе едің?! Ұнды олжа көріп, қуанба. «Дауылдан ақымды [394] алып бер, әділ патша болсаң!» – деп, бар қайтадан. «Желдің үстінен арызға келін едім ғой! [де]» – деп, қайта жіберді.

Қатын қайта кіріп еді, Дәуіт патша үш пұт бергізді. Қатын қуанып, алып шығып еді, Сүлеймен ғалайссалам:

– Тағы кайыра бар, – дейді. «Мен ұн сұрай келгенім жоқ сізге! Ұнымды алып кеткен желден көлденеңімді алып бер! – деп келдім [395]. – Әділ патша болсаң, арманыма жеткіз. Ақымды алған жел мен мені алдына алып, терге. Ұнымды не үшін алғандығын айырып бер! Қазақтың қарабайы сықылды болып [396] кайыр бергеніне мәз болмай: «Патшалық хукімінді тура қыл!» – деші. Не айтар скен? – дейді.

Қатын қайта кіріп айтып [397] еді, хазірет Дәуіт ғалайссалам:

– О заман мен бұ заман желмен кісі дауласканын көргенім (көргемін) жоқ. Бар, бейшара, бес пұт бидай ала ғой! – дейді.

Қатын қуанып, бес пұт бидай алып шығып еді, хазірет Сүлеймен ғалайссалам:

– Әлі арызыңа жете алған жоқсың. «Маған бидайдың керегі жоқ, дауымды шарифатқа салып бер. Қанша берсең, кайырыңа ризалығым жоқ, – әділшілігінді көрсет!» – деп, жабыс! – дейді.

Қатын тағы қайта кірді:

– Мен сізден бидай сұрамаймын, даугермін. Дауымды тыңда! – деп еді [398].

Дәуіт ғалайссалам:

– Уай, қатын, сен қалай жансың: менің алдымнан қуанып: «Құлдық бас!» – деп, бидайды алып шығасың. Тек далаға шықсаң болғаны, қайтадан келіп мылжындай бересің. Осы саған далада біреу бір нәрсе үйретіп тұр ма, шыныңды айт! – дейді.

– Өзіңіздің кішкене кенжетайыңыз мені еркіме қоймай: «Қайта баршы!» – деп, болмай жіберіп тұрған сол! – дейді.

Хазірет Дәуіт ғалайссалам тысқа шығып:

– Ай, балам, не үшін бұл қатынды әуре қылып, қайта-қайта кіргізе бересің? – [дейді].

Хазірет Сүлеймен ғалайссалам айтты:

– Ата бұл қатын сізді: «Қара қылды қак жарып, төре беретұғын әділ патша ғой!» – деп, арызға келіп тұр. Есебі [399] ұнын алып кеткен желдің үстінен даугер болып: «Ұнымды не себеплі алып кеткенін біліп бер!» – деп. Сіз мұның арызын тындамай, дауына қолын жеткізбей: «Дау іс білмеген ойбайға зорлайды» – дегендей, қайыр-садақа беруге зорлай бересіз. Патшалық ісі осылай бола ма екен? – дейді.

Хазірет Дәуіт ғалайссалам айтты:

– Балам, желмен дауласып, дау алған бар ма екен? Желмен мұны көлденеңдестіруге менің әлім келе ме? – дейді.

Бала айтты:

– «Иттің иесі болса, бөрінің тәңірісі бар» – деген қайда? Желдің де билеушісі бар шығар, о да өз бетімен алған жоқ шығар. «Желге менің әлім келе ме?» – деген жұрттың қолынан сайлап қойған жұмысы ғой. Сіз Құдай сайлаған халифа: сізде және пайғамбарлық күші бар ғой! Құдай жаратқан мақұлықта байлаусыз, пәтуасыз, бір қалыпта тұра алмайтұғын нәрсе жел ғой. Бір уағдасында тұра алмайтұғын адамды жұрт айтады ғой: «Күнінде желше жүз құбылады» – деп. Бет алдына лағып (ұлағып) есетұғын желден күші аса алмайтұғын болса, ол халифалықтан сізге не пайда?! Ол пайғамбарлықтан сізге не қасиет?! Алла тәбәрік отғылы сізді пайғамбар қылғанда: «Менің құдайлығымды пенделеріне таныт!» – дейді. Құдайдың құдайлығын, құдіретінің шеберлігін таныта алмасың бар: «Патшамын, пайғамбармын!» – деп, не-

сіне мәз боласың? Жел де – Құдайдың қызметкері, сіз де – Құдайдың қызметкері. «Менің қол астымдағы бір жесір қатынның бір пұт ұнын қабыменен бір жел алып кетіпті. Өзің жұмсап па едің, өз бетімен қылған ісі ме?» – деп сұра Құдайыңнан. Бұл бейшара қатынның көз жасын Құдайдан сұрап беруге намыстанғаның ба, жоқ, ерінгенің бе? – дейді.

Хазірет Дәуіт ғалайссалам айран-асыр, дал болып тұра қалды. Ғибадатханасына барып, Құдай тәбәрік отғылыға мінажат қылды. Сәждеге басын қойып, көтеріп алып еді.

– Ассалам ғалейкум! – деп, адам суретінде бір періште жетіп келді: – Иа, бани Алла, ол қатынның арызы турасында, міне, мен келдім. Менен желге мүкіл періштемін. Ол қатынның қабы менен ұнын мен өз бетіммен желге алдырғаным жоқ. Дарияның жүзінде іші саудагер: дүние талап қуларымен толы бір кеме келе жатыр еді. Кемесі толған товар [400] еді, адамзатқа не керек – жарақ түгел еді. Дарияның ішіндегі тасқа соқтығып, кемелерінің бір жері жарылды. Сол жарықты бітеуге шамалары келмей, суға ғарық боларлық дәрежеге жеткен соң, қойдай манырап, козыдай шулап, Құдайға жыласты:

– Иа, Құдай, осы дарияға ғарық қылмай, балыққа жем қылмай, бізді саламат құтқарсаң, сенің күш-құдіретіңнің, құдайлық жолына кемедегі малдың қақ жартысы жетім мен жесірдікі болсын! Жетім мен жесірдің көзінің жасының құрметі үшін бізді бұ пәленнен құтқара гөр! – десіп, ботадай боздасты. Сол уақытта олардың шын жабығып жылаған наласы Құдайға жетіп, Алла тәбәрік отғылы маған бұйырды:

– Пәлен жерде бір жесір қатын қаппен ұн арқалап келе жатыр. Соның ұнын қап-мабымен алып келіп, кемеңнің жарығына тық! – дейді. – Бұлардың жаны өлімнен аман қалсын да: «Жетім – жесір үшін!» – деп, арнап айтқан құдайы садақа нәзірі сол қатын мен екі баласына берілсін! – дейді.

Сол кеме дарияның құрғағына жақындады, алдынан кісі шаптырыңыз [401]. Кемеңнің жарылған жерінде қатынның ұны қабымен тығын болып, су кіргізбеске бөгет болып тұр. Ол керуеннің бір де бірі оны көрген де жоқ [402]. Сіз Құдай тәбәрік отғылының бұл шеберлігін халыққа, жұртқа шашып, есіттіріңіз де, кемеңнің жарығына тығылған қабын танып, қатын алсын! Және Құдайға айтқан нәзірін

сепсітпей, шып-шырғасын шығармай-ақ, қа[лы]бынша керуен бұл қатынға берсін!

Міне, Құдайдың құдайлығы – осы: ешкімге залал салмайды. Пендесіне не тағдыр қылса, ақыры сол пендеге жаны ашып, болысқандығы болады, – дейді.

Сонан соң хазірет Дәуіт ғалайссалам қатынды жібермей, тоқтатып қойып, дарияның жағасына жасауыл, қарауылшы қойып, – көп кідірмей, керуенлер де құрғаққа шығып, қысылған, сасқандығына қайыл болысып, жандары аман қалғанына... [403].

Мәшһүр Жүсіптің «Шайтанның саудасы» өлеңі (екінші нұсқа)

Сөз қылып жаза бердім жоктан, бардан
Далаға от жандырдым, қалап қардан.

Бір нақыл жұртқа жәдігер, таңсық бір [404] сөз –
Хазіреті Ғайса рухолла пайғамбардан.

Бос сөзді ауызға алып, айтпаймыз біз,
Ынсапты шын құлақпен тыңласаңыз [405].

Базарға жұрт жиылған келе жатқан [406],
Лағынға жол үстінде ұшырапты кез.

– Сен шықтың тура жолдан асып, – дейді,

– Біздерге жол қисығы несіп (нәсіп), – дейді.

– Жалпақ жұрт барып тұрған ду [407] базарға
Барамын мен де қыла кәсіп! – дейді.

– Қашырды есек пенен танып тұрмын,
Өтірікті шындай қылдың [408], нанып тұрмын.

Біле алмай артқан жүгің не екенін

Тамаша, хайран-асыр қалып тұрмын.

– Артқаным бір есекке ылғи жалған,

Жалғанда өтірік жоқ мұнан қалған.

Нанбасаң, еріп бірге көр [409] көзіңмен

Базарға қызығымды қалай салған.

Жүгім бар бір есекте мікір-хайла,

Мұнымен келтіремін үлкен пайда.

Бір тиынға он тиын пайда аламын,
Көптің басы косылған жиын-жайда [410].

Күншілдік бір есекке тиеп артқан
Жібек, кендір арқанмен буып [411] тартқан.
Базарға мұнан бұрын көп барғанмын,
Жерім жок бұл саудадан залал тартқан.

Артқаным бір есекке өншең [412] зорлық,
Есепсіз мал табамын, кылмай ұрлық.
Мен алмай оның малын кім алады,
Иттер бар көріп жүрген малдан қорлық.

Білмейді ешкім менің улығымды [413],
Майлық пен көріп бірдей сулығымды.
Қатынның ең жаманы, ит ап кетер [414]
Талау мен мекер-хайла қулығымды.

Закон жок жерде [415] мұны қалдыруға,
Оларға өзім ерікті алдыруға.
Білмейтін дәнемеі жаман ұстар
Мекермен алдап байын нандыруға.

Базарға алып барса, не қылады,
Қараумен әр нәрсеге көз салады.
Білетін [416] күншіл [д] іктің қадір пұлын,
Оқыған көп оқуды молда алады.

Шаршарсын базар барсаң, басың қатып,
Сөйлеп тұр өз білгенін әркім шатып.
Жұрт билейтін ұлықтар таласумен,
Зорлығымды [417] алады пұлға сатып.

Томпитып қалтасына жүрген [418] сыймай,
Беруге ешбір жанға көзі кимай.
Алумен тәкаппарлық сатып менен,
Дүрдиер өз үйіне өзі сыймай [419].

Сиырдай қатып жүрер дәл болған құрт,
Көмей де жоқ, бос сөзбен толумен ұрт.

Еңтігер желбіреумен екі танау:

«Семіз, – деп құр көрумен, – айтсын, – деп жұрт [420].

Ғайса айтты:

– Токта, малғұн, болды, – дейді,
– Айтқан сөзің бәрі орынға қонды, – дейді.
– Апарып оны қайда өткізесің
Он қашыр тиеп артқан пұлды? – дейді [421].

...Алдынан алушылар даяр жетті,
Қолдан-қолға түсірмей талап кетті.
Қайтқанда тағы ұшырап рухоллаға,
Мән – жайын саудасының кеңес етті [422].

– Бес есек өзді-өзінің орнына өтті,
Жүк еді он қашырда бір ретті.
Артқаным бәріне тамиг еді ғой [423],
Біреуін тіленшілер талап кетті.

Иініне әуел [424] қоржын салған алды,
Қайыр сұрап, жұрт тынышын алған алды.
Пірге қол берген сопы, бірадарлар,
Жұрттан пұл жинап, қажыға барған алды.

Бір қашыр жүк бәріне түгел жетті,
Тоғызы өтпей біраз тентіретті.
Қожа, молда, ишандар елден жеген,
Дағдарып тұрған шақта сол сап етті [425].

Бұл пұлмен бірі мешіт салмақ болды,
Бірі мүлгіп, ишан боп қалмақ болды.
Біреуде – шай, біреуде ет қайнатып [426].
Жұрттан пайда шығарып алмақ болды.

Олардың және айтайын қылар ісін,
Кейбіреуі бұлдайды сатып түсін [427].
Бас-басына бір мүсуэк омырауында
Егеп өткір қылуға тамиг тісін.

...Тәспіні жыбыр-жыбыр серпін тастап,
Наданды [428] қисық, қыңыр жолға бастап.
Онысы – жерге шашқан бидай-тары,
Торғайды келу үшін торғай бастап.

Бұлардың қылған ісін қылмайды ұры,
Құйылған кеудесіне шайтан қоры [429].

Мол кылып, жайнамазды жайып салып,
Алғауам, кәл һауамға жайған торы.

Мал табу бәрінікі болып қасты,
Мал сойғыш мырза болып, қазан асты.
Жұрттың басын шынжырлап айналдыру
Мақсаты сол: мойнына кітап асты [430].

...Бір шай мен бір табақ ет [431] – берін пара,
Үміті сонда қылған бір-бір қара.
Жүзқараның айтам деп арсыздығын,
Қылмайын ақ қағаздың жүзін қара.

Шайтаннан кылды сауда көтерме алып,
Орнына бұлар жүрді, шайтан калып.
Хадтен асып кеткеннің кебін сөйлеп [432],
Сияға былғамайын қалам малып.

...Байқамай жазып өттім бес-алты жол,
Еркіме қоймаған соң қызығып [433] қол.
Ақ қағаз, қара сия қосып басын,
Түсірдім жұрт көзіне риза бол!

Дін қайда, осы күнде ғылым қайда?!
Тұрған жан [434] [жоқ] анық көңілі бір Құдайда!
«Лақ, тоқты алам!» – деп жүрген жаннан
Ойлайсың: «Тиеді, – деп, – кімге пайда?!»

Дүниеден қалғаны [435] жоқ аяп күшін,
Қайраумен шықыр-шықыр отыз тісін.
Айт, тауып жастанайын босағасын,
Молданы бала оқытқан құдай үшін.

Дүние үшін жанның бәрі қайғы жеген,
Ешкімді күйдірмеймін текке неген.
Кісі тап та, айт маған, жаным құрбан,
Анық көңіл, шын тілмен: «Құдай!» – деген [436].

Айтсаң [437], тілді алмайды қатын-бала,
Енді мұны айтамын кімге ғана?!
Өзіңді «жынды» – дейді, «шайтан» – дейді,
Не кылсаң, кылдың өзің Хак тағала!

Бет алдына [мен] лактым ауыз бақпай,
Бетімді жіберген соң ешкім қақпай.

«Хақлық [пен] туралықта тұрамын!» – деп,
Жалғанда жалғыз қалдым жанға жақпай [438] !

...Деймісің: «Тесілген тас жерде қалар!»
Шамшырақ Хақ жандырған саулап жанар.
Асыл, жасық екенін білмесе де,
Шелекке тағу үшін [439] біреу алар.

Бес жаста қалам ұстап, жаздым хатты,
Дүниеде көрдім бәрін – бар не қатты?
Ат берін, ақша беріп, шашқаным жоқ,
Жүзінде жалған дүние: «Мәшһүр!» – атты [440].

Мәшһүр Жүсіптің «Сүлеймен мен Ібіліс» өлеңі.

Құдайдың құлшылығы бізге парыз [441].

Мәшһүр Жүсіп өлеңі.

Біреу – өлі, бірі тірі «Ал» мен «Бердің» [442].

Мәшһүр Жүсіп өлеңі.

Ай – қараңғы, күн – бұлт: түн деменіз [443].

Қазақ мақалдары:

1. Тіріліктің қадірін –
Өліп көрде жатқан біледі.
Денсаулықтың қадірін –
Ауырып төсек тартқан біледі.
Жантыныштықтың қадірін –
Толғатып бала тапқан біледі.
2. Ащы менен тұшыны – татқан біледі,
Алыс пенен жақынды – жортқан біледі.
3. Сеңсең тонның қадірін –
Сексендегі қарт біледі.
Сары атанның қадірін –
Ел қыдырған сарт біледі.
4. Ер жігіттің қадірін –
Ағайын білмей, жат біледі.
Кімнің жақсы-жаманын
Жаратушы Хақ біледі.

Ақыл мәнісі

Ақыл пидияның машрухулдығы – бір адам. Ғынбыр сәбілі ораза тұтпаса, соныра каза қыларға да уақыт болмайынша опат идірісіне бұ кешке шарх зажыра пидия тігіліп етпес дүр. Бұ да захар дүйенуі демес дүр. Уала ғұмырында еш ораза жоқ, намаз жоқ. Білге (бізге) ораза, намазды, тасаттықтығы етпей сүр (жүр). Бұ кебі адамға еш нәрсе жоқ дүр. Ішкі пікмибіне ойын Алла [дан] тілесе, Ғифуайдар жарлық тілесе, ғазап етер сауап берсе, фазылы ғазап қылса, әділ поптардың қылып тұрған жұмысы. Орыстың поптары жасап шығарған жұмыс. Егер дүрмыға мынласыны дұрыс па деп білсең, «Пидия садакасы» – деген сөзге еш қажет жоқ дүр. Ила (және) пидия сақыт болды, кетті...

Бұрынғы заманда надан қара халықты нандырып, малын алдап алу үшін, қаратаулық, өгізтаулықтардың: «Азбырай сом услата усайыр уажбат (ражбат) хиба кірдім, кештім!» – деп, қулықпен жасаған құлақ қағазын қашанғаша колданып, колдап, әуре болып адасқандық та жетер. Ол жұмыстар – тақлитпен қылынған жұмыс. Тақлитты қойыңдар, тахикқа тырысыңыздар. Хазірет сұлтан Алғарфин шаһиншат әулие айтқан:

– Тақлидашым тақик сыры айланбады. Көнгіш басым нәпсіліктен құтылмады. Иман үш түрлі болмақ: иман тақлиты, иман сытталы, иман тахқиқы. Иман тақлиты болған иман зығип деген – тақлит болған нәрсенің бәрі сондай. Алла тәбәрік отғылы өз мейірманшылығы бірлан бізге отуасыд балхық бұйырды. Біз халқымызды хақлыққа тұхиа қыламыз. Бізде таһлил отлауыт Құран уа мысалы: «Зігерила усит қытғия жәбізідгіл дүр. Фигһамыз (бағамыз) мыных етпес дүр. Имамларымыз өсиетнамада жазылады. Халық гызым бала жетпек он тиын, жиырма тиын хатресі үшін оқылар боһшы шырых дәлелдер фоһиа ила өсиет һәм шаригатымызда жоқ дүр. Бұ пидия мығамыла шимит сөзін дүр. Еш ораза, намаз қылмаған зынила он екі жасынан есептеп ақыр ғұмырына қыдыр мығамыла қыла алар хал бөгер сол Алла дер. Зікіруәмісін хұтакім кігуағын мibaулайым кірбілге намаз қылды да, Алла қабыл етпеді десеңіз, ныгуаз балла бұ Алла сөзін рахымлырағымен ұлан затының рахметіне мақабылне жисарт бөкжи сөзін айырамыз. Мүбәрәк расул Алла опат етті. Сахабалар туһлил оқып ақша алды-лар.

Пайғамбарының төрт көшесіне отырып, кімселер акша алдылар ма, соны оқыттылар ма... қырқыны оқыттылар ма, еш, еш, ешбір дұғаның тә [п] сірін інкәр етсем, факит дұғаның қабылнамасы үшін...

Құдай сөзі – қиямет жұмысы саудаға көнбейді. Не болса, сату-сыз болсын. Құдай сөзі – Құран, пайғамбар сөзі Хадис Шәріф не айтты? Сонымен ғамал қылыңдар. «Пәлен кітап сөйлейді, түген кітап бүй дейді» – деген сөзді қойыңдар, жамиғлар, мұз сықылды кітапты шығарушыларға лағнет айту дұрыс болмаса, рахмет айтуым дұрыс емес. Не үшін десең: «Дүние рәміз, дүние шығарылмасын!» – деп, кейінгінің басын қатырғаннан басқа пайдасы жоқ. Олар – түнде отын жинағандар: қараңғыда қолына не түссе, талғамай, жия береді.

«Құл» – дегені «қал» – деген сөзді тастандар деген сөз ғой!» – Мәшһүр пәтуасы.

Мәшһүр Жүсіптің «Ханымбике» өлеңі.
Дүниеде қарап тұрсаң, мақұл бар ма [444]?

Абайдың «Жазғытұры» өлеңі.
Жазғытұрым қалмады қыстың сызы [445].

Мәшһүр Жүсіптің «Ібіліс шайтан хикаясы» дастаны.
Бір күні отыр едім кітап оқып [446].

Мәшһүр Жүсіптің «Қиямет ахуалы» киссасы.
Қалмай ма әлі-ақ бір күн Мәшһүр өліп [447].

Мәшһүр Жүсіптің «Шонтыбай қажы» дастаны.
Жақсылық, талап ойлап жолға түстің [448].

Өзін жерлеуге байланысты Мәшһүр Жүсіптің айтқан ескертпесі

«Олжа қыламын!» – деуші болмандар. Топырақ қайдан бұйырса, адам сол жерде жүре бермек. Бір жерден бір жерге сүйретпендер. Қазақша: «Мал байлаймыз схад [расход], пәлен-түген!» – деп былшылдамандар. Мен өзімді тірі күнімде Құдайға шын бергенмін. Өлген соң, менімен жұмыстарың болмасын. «Үйдегі парызды базардағы нарық бұзады» – дегендей, замананың толқыны еріксіз

билеп кетіп: «Өлгенде, керек болады» – деген ой тіріде өзіңе жарату жабдығыңа ықтияр түсірді: «Пенденің дегені болмайды, // Алланың дегені болады»...

Бір жайнамаз, екі шапан, сәлде – сары сумкада. Және Алла оған жетпесе, көр садақаға арнаған күміс, күміс сақиналар бар. Ауызға су тамызатұғын мақта һәм камфора майы сәлденің қасында бірге.

Жайнамаз, Сіләмболы (Стамбул) алаша, өлгенде, бір шапан, онын сыртынан жайнамазға орап барып, екеуі қабір басында берілсін...

Қазақ мақалдары, нақыл сөздері

1. Кетеген болса, түйең жау,
Тебеген болса, биен жау.
Тіл алмаса, қатын жау.
2. Ұл он беске жеткенше,
Қолға ұстаған қобызың.
Ұл он бестен асқан соң,
Тіл алмаса, доңызың.
Көкпектен өліп қалмаса,
Жасында күйеу алмаса,
Бәрінен өткен қызың жау.
3. Жалақ болмай, бай болмайды.
Салақ болмай, батыр болмайды.
4. Әзірейіл барда: «Жаным бар» – деме,
«Ақ жалау» барда малым бар деме.
5. Едігеден бастасаң,
Ертегіге кетерміз.
Пайғамбардан бастасаң,
Мәселеден кетерміз.
Келтесінен бастасаң,
Сөз түбіне жетерміз.

Бір мың тоғыз жүз жиырма екінші [1922] жылында, опадар жылы Мұхаммедшарафиденге «Далил Шариф» – оқуға рұқсат бердім – ұстазымнан алған. Бір хаттаманы жазып бердім. Рұқсат алғандығына осындай дәлелді қағаз болады: болмаса бекер құр қиналу.

Мәшһүр Жүсіптің «Қиямет ахуалы» дастаны (екінші нұсқа)

Қалмай ма әлі-ақ бір күн Мәшһүр өліп,
Жалп етіп, қаза жетсе, шамдай сөніп,
Азырақ тарқатайын іштің шерін,
Қызыл тіл тұрған шақта тілге келіп [449].

Жүзінде жалған дүние көп сөйледім,
Ақылға үйлестіріп, еп сөйледім.
«Дүниеден гапіл болып [450] біз де өтерміз,
Ат қалсын кейінгіге!» – деп сөйледім.

Бекерге жібермейік келген шақты,
Пенде алмас Құдіретім берген бақты.
Денсаулық тіріліктің арқасында
Безейін бір азырақ тіл мен жақты [451].

Күн батса, қас қарайып, шығады түн [452],
Пенденің толып жатыр мойнында мін.
Бәрі өліп жан біткеннің, тірілген соң,
Болады сұрақ-сауал қиямет күн.

Бір күні қияметтің – елу мың жыл,
Құрылар сират көпір – сол жалғыз қыл.
Күн тұрар найза бойы тас төбеңде,
Қиынын қияметтің осыдан (осынан) біл.

Аспан көк түгесілер еріп ағып,
Қызарар жер темірдей, от боп жанып.
Көмірдей қазаптағы қап-қара боп,
Шыдайды сондай күнге пенде не ғып?!

Қоярға жер таба алмас пенде жанын,
Жан үшін берер еді барлық малын.
Ұғыл-қыз, ата-ана, қатын-бала
Бірінің сұрай алмас бірі халін.

Ес қалмас сол күндерде (күнлерде) кәрі-жастан,
Шаш қалмас ағармаған ешбір бастан.
Деген күн: «Әр пайғамбар әліменен»
Сандалар жан біткеннің бәрі мастан [453].

Құдайдың әр не қылса, келер күші,
Пенденің толып жатыр қыл [мыс] [ісі].
Бас косып он сегіз мың ғалам халқы,
Бір жерге жиылады үлкен-кіші (өлген кісі).

Қартаяр, шашы ағарып жас балалар,
Жақсылар жамандардан басқаланар.
Қамаған адамзатты қойдай айдап,
Періште айналасын қоршап алар.

Таба алмас алақандай қашарға жер,
Шын ерлер осыны ойлап, жабдығын жер.
Кәпірлер түк таба алмай, сасқанынан:
«Болсақшы иа лайтаны күн тұту рабан!» – дер [454].

Құдайым Жебірейілге жарлық етер:
– Алып кел бар тозақты, тұрма бекер!
Жаһаннам жандыратын уақыты болды,
Кешіксең, әр нәрсенің мезгілі өтер [455] !

Жебірейіл бұл жарлықты (иарлықты) алар тұтып,
Токтамай [456] жаһаннамға барар жетіп:
– Шақырды сені Тәңірім! – дегенінде,
Жаһаннам шошып кетер дір-дір етіп.

– Шақырды мені Тәңірім неге қыстап,
Осынша керек қылып асығыстап. –
Жүрегі қорыққанан [457] дір-дір етер:
«Ғазапқа салар ма, – деп, – өзімді ұстап?!»

– Жоқ сені шақырады – алдырмаққа,
Тамаша көрген жанды қалдырмаққа.
Күнәкар, ғасы болған пенделер көп,
Соларды [458] саған салып жандырмаққа.

Өткізген кәпірлікпен ерте-кешін,
«Құдайдан асырам, – деп, – сол өз күшін!»
Тұтпаған жарлық сөзін ғасылар көп,
Шақыртты сізді Тәңірім солар үшін.

Ішіне жаһаннамның отты жағып,
Қорықпас көрген жанлар онан не ғып?!
Су сиыры сықылдатып қайқақтатып,
Жетпіс мың жетелейді бұйда тағып.

[Әр бұйда шығыршық] та жетпіс мыңнан,
Періште қосылады өңшең тыңнан.
Шығыршық бас-басына толып жатыр,
Періште жетелейді миллион саннан [460].

Жабысар ұстап ылғи забанилар,
Жаратқан себепсіз көп қадір Жаббар.
Періштенің әрқайсысының мықтылығы –
Тауларды бір ұрғанда, қылар дал-дал [461].

Жандырып жаһаннамға тозақ отын,
Үш тармақ будақ-будақ шығар түтін.
Үшқындар таңдай бо [лы] п жарқ-жұрқ етіп,
Аузына кәпірлердің [462] құяр отын.

Мың жылдық жетер лебі жолдан қызып,
Сол келер [463] баса көктеп топты бұзып.
Жаһаннам қызып алып тулағанда,
Шынжырын сол жетпіс мың кетер үзіп.

«Қызуы жаһаннамның өтер», – дейді,
«Мың жылдық жолдан лебі жетер!» – дейді.
«Бәріне де періштенің айрылып қап,
Домалап бет-бетімен кетер», – дейді.

Жадына ал, ай, пенделер, бір Құдайды,
Жаратқан жарық үшін Күн мен Айды.
Құдайдың жарлығымен қызғаннан соң,
Күшіне жаһаннамның [464] кім шыдайды?!

Жер қайда паналауға қоңыр салқын?!
Ол күннің айтып болмас тілмен қалпын.
Лапылдап жалын, түтін қабат қаптап,
Састырар көп жиылған Махшар халқын.

Әнбия, Мұрсал, Нәби [X] аққа жылар,
Тұра алмас тағат тұтып, шыдап олар.
Ибраһим, Мұса, Ғайса, Шиш, Ыдырыс, Нух –
Қорғайды өз бастарын (башларын) қорғап олар.

Көрген жан мұндай күннен есін танар,
Айрылар ақылынан [465] әнбиялар.
«Жанымыз билан қылса, қала ма?!» – деп,
Шап беріп сол Ғаршыдан ұстап алар.

Қорыққаннан шығара алмас ешкім үнін,
Тәңірім басқа салған соң мұндай күнін.
Һароннан өз інісі [466] Мұса безін,
Ибраһим сонда ұмытар Смағұлын.

Қарамас сонда ешкім жолдасына,
Ұмтылар әркім рәсуа бол [ма] сына.
Анасы Мәриямнан Ғайса безіп,
Күн туар әр пайғамбар өз басына.

Жылайды қорқып [X] аққа жасын төгіп,
«Рәсуа ғып тастай ма, – деп, – бекер [467] сөгіп?!»
Бәрі де жерге бетін баса қалып,
Жығылып етпетінен жатар шөгіп:

– Ағарды бұ мехнаттан шашымыз! – деп,
– Көл көзден аққан жасымыз, – деп.
Бәрі де пайғамбардың мұңдасады:
– Құтылса өзіміздің басымыз! – деп.

Жаныңа бір шыбындай иман пайда,
Бәрінен жан біткеннің таусылды айла.
Ғаламға он сегіз мың пана [468] болған, –
Мұхаммед, айналайын тақсыр қайда?

Қолында жасыл ту бар, көзге түсіп,
– Үмбетім, үмбетім! – деп, өкпесі ұшып.
– Тұра тұр, тоқта, тозақ, тулама! – деп,
Алдынан келер тақсыр құстай ұшып.

– Иа, Алла, тілемеймін мен өзімді,
Сарғайттым үмбет [үшін] гүл жүзімді!
Сактай гөр үмбетім бәрін оттан,
Қабыл қыл дәрхағында бұл сөзімді.

Алданып үмбетлерден кейін қалдық,
Міндетті бір жұмысты мойынға алдық.
Күйдірсең, тозағыңа мені күйдір,
Жолына үмбетімнің мен құрбандық!

Бір басын үмбет үшін отқа тастап,
Көтеріп жасыл туды жүрді бастап.
«Құр-құр» – лап асау атты тоқтатқандай,
Тозақтың шынжырынан тұрар ұстап.

Келеді пайғамбар мен тозақ сөзге:
– Кісім көп күйдіретін сізден өзге [469] !
Қоя бер, жарлығымен мен келемін,
Күйдіру харам болған сізді бізге.

Қойыпты ғазап үйге мені Құдай,
Қылмаса хақ жарлығын емес оңай.
Күнәлы пенделерді жандырамын,
Алдымнан сіз тұрыңыз енді былай!

– Мен кімін, көз салсаңшы келбетіме,
Келмеген сенен басқа көп бетіме.
Қайта ғой осы арадан тілімді алып,
Жібермен мұнан былай [470] үмбетіме!

Тозақпен тұрар тақсыр көп дауласып,
Басынан жалын менен түтін асып.
Лапылдап жалын, түтін қоймаған соң,
Жіберді Аятолым суды шашып.

Токтатар Мұхаммедім қарсы келіп,
Құрметін, тоқтамайды, тозақ біліп.
Су шашып Аятолым жіберген соң,
Лап етіп тозақ оты қалды сөніп.

Тозаққа бір Алладан хабар жетті:
– Ай, тозақ, тулағанмен, күшің бітті.
Жарамай өзің іске, сөніп қалдың,
Сыйла да қайт [471] онан да Мұхаммедті!

Қалған соң, қайтсін тозақ, өзі сөніп,
Ғаршының сол жағына тұрар келіп.
Қуанар Махшар халқы сол арада,
Асқанын Мұхаммедтің сонан біліп [472].

Айтыңыз сол тақсырға салауат көп,
Қанша мақтап айтсақ та, бізлерге еп.
Бұл сөздің мазмұнына келген аят
Құранда: «Рахмат әл ғаламин!» – деп [473].

...Бұл жерде пайғамбардан бір сөз келді,
Имамлар рауаятын сонан терді.
«Мұны естіген адамдар бой бақсын!» – деп,
Білгенін Мәшһүр Жүсіп жаза берді.

«Фата туна афуажа» – келген аят,
Аятпен шертейін бір хикаят.
Сахаба Мағаз бен Жабал (деген) таксыр,
Қалыпты пайғамбардан бұл рауаят [474].

Пайғамбар айтты:

– Махшар күні болса,
Тіріліп үмбетлерім көрден тұрса!
Он екі түрлі болып тұрар жерден,
Құдайым қазы болып, сауал сұрса (сұраса)!

Келеді бір түрлісі маймұн болып,
Сасыған, канды іріңге іші толып.
Темірдей тырнақтары етін жыртып,
Өз бетін алып салып, өзі жұлып [475].

«Майданы ғарасаттың толар» – дейді,
«Тамам жұрт қорқып сонан тұрар!» – дейді.
Халайық жиылғаннан сұрар сонда [476]:
– Не қылған жазалылар бұлар?! – дейді.

– Дүниеде бой бақпаған, тілін тартып,
Тәубесіз дүниеден кеткен қайтып.
Бұлар сол екі адамды шағыстырып,
Жүгірген үйден-үйге өсек айтып.

– Мұнан соң келер, – дейді, – ылғи доңыз,
Жонынан жарылғандай, болып семіз.
Бұлар да бір тайпа боп жиыл [ыс] ар,
Сан жетпес көптігіне ұшан-теңіз.

Бордакка байлағандай өзін жемдеп,
Дүниеде білмегендер: «Өзін кем» – деп,
Танданып Махшар халқы жаман шошыр,
Сұрасар бір-бірінен: «Бұлар кім?» – деп.

– Жан емес бойын бағып: «Құдай!» – деген,
Намаз бен оразасын һәм күтпеген.
Бейшара кәріптерді (ғарыбларды) қан жылатып,
Парық қылмай кісі ақысын, арам жеген.

Сонан соң бір топ келер ізіменен,
Адамға қарай алмай көзіменен.

Салбырап басы төмен, жерге карап,
Енбектеп, жерді басып жүзіменен [477].

Жұрт шошыр:

– Жүрген жан, – деп, – бұлар қайда?
– Дүниеде сол әр түрлі қылған хайла.
Өсімге өз қолынан ақша беріп,
Үстінен ақшасының жеген пайда.

Көздері әр бір түрлі енді алақтап,
Сол келер желкесіпен тіл салақтап,
Дәнеме екі көзден орын жоқ боп,
Барарын білмей қайда сандалақтап [478].

Байларға бұлар орын тұрып берген,
Күштіге нашар [дікін] (нашардан) жырып берген.
Дүниеде бетіменен билік қылып,
Төресін он тиынға бұрып берген [479]

Дүниенің опасына алданғандар,
Тәрк етіп Хақ бұйрығын қылған жандар.
«Құлағы жоқ, дал болып келер, – дейді, –
Зорсынып өзін-өзі малданғандар» [480].

Бір түрліні келеді періште айдап,
Аузынан ірің ағып, соры қайнап.

Періште:

– Бұлар, – дейді, – айдап келер,
Қамайды сол арада қатты айғайлап [481].

Бұлар сол – оқу оқып, ұқпай қалған,
Шыны жоқ, айтқаныңа, бәрі жалған.
Жұртына өсек айтып өз аузымен
Құр қалған біле тұрып көп ғылымнан [482].

Өтеді әр қылмысы шұбалаңдап,
Аяғын сол арада басар андап.
Келеді әр бір түрлі жазалылар [483]
Кесілген қол-аяғы домалаңдап.

Бірі боп он екiнiң бұ да барған,
Айтқаным – кітап сөзі, емес жалған.

Қызығып ол – пұлына көзі түсіп,
Түрткілеп қонсысының тынышын алған.

Жұтқаны оттан болған сол асылып,
Аузынан будақ-будақ от шашылып.
Ұлыққа ағайынды шағыстырып,
Көрінбеген боп жүріп, сөз жапсырып [484].

Жалынға түтін менен [485] іші толып,
Сол ісі боқтан жаман сасық болып.
Қой басып, сиыр сүзіп, жылқы теуіп,
Әр жерге жатып тұрып, бір жығылып.

Періште сол еркіне қоймай айдар,
Бұркылдап төбесінен миы қайнар!
«Мінекей, осы айтқанға келер» – дейді,
Бермеген сол зекетін сараң байлар.

Кигені бір түрлінің ылғи темір,
Қап-қара өне бойы болып көмір.
Мақтанып неше түрлі киім киіп
Мінез ғып тәкаппарлық сүрген өмір (ғұмыр).

Қанды ірің, алды-артынан бірдей ағып,
Мойнына шынжыр менен бұйда тағып [486],
Қосақтап шайтанменен бірдей айдар,
Бетіне қап-қара ғып күйе жағып.

Аралас еркек пенен ұрғашысы,
Қаптады Махшар халқын жаман ісі.
Тәубесіз бұ жалғаннан өтіп кеткен,
Жалғанда зина болып қылған ісі.

Жүзлері кара болар, көздері – көк,
Халқына Ғарасаттың көрінер жек.
Салбырап төменгі ерні жерге түсіп,
Отпенен қарын толған, өз етін жеп.

Жылатып жетімдердің малын жеген,
Сауда ғып: «Өтірік пе алса?» – деген.
Аракты ішуменен өмірі өтіп,
Бас қосып бұл үшеуі бірге келген [487].

Қол-аяғы кесіліп бір топ тұрған,
Біреуге өтірікке куә болған.

Тіпті тіл жок, бір түрлі мылқау болып,
Куәлік біле тұрып айтпай қойған.

Келеді ең соңынан он екінші,
Айдай боп сол жүзлері он төртінші.
Көздері нажағайдай жарқ-жұрк етіп,
Сол асып бір күнгіден бір күнгісі [488].

Алтын тәж басқа киген құндыздай боп,
Жарк етіп өте шыққан хор қыздай боп.
Дүниеде Хақ құлдығын қылған адам
О дағы өтіп кетер жұлдыздай боп.

Уа, дариға, жыр ескен ғапіл мастық [489],
Дүниеде бір жайыңды қылған қастық.
«Қиылып түк таба алмай тұрғаныңда
Бір ғазап келер, – дейді – жаман ыстық [490].

Ағашта заһыр, зақұм – періштелер
Алдыңа аяқ-табақ алып келер.
Ішіпе аяқ-табақ зайғыр (заққа)
Жиылған халайыққа: «Іш!» – деп берер.

Түбіне жаһаннамның зақұм жетер,
Әр түрлі күйге салып ғазап етер.
Тамақ болып тойдыру былай тұрсын,
Тиген жерден о [н] ың ішін жыртып кетер.

«Тездет!» – деп, періштелер желкелейді,
Ішпеске кімге сорлы еркелейді?!
Әрі өтпей тамағынан тұрып алып,
Қаталап өлер болып сөз сөйлейді.

Қанды ірін, сары су болар, іші сасық,
Ас емес бұрын ішіп қылған мастық.
– Бұлар кім? – деп сұрайды жиылған жұрт
Аққан-тамған көр-жер келер бірге араласып.

– Өзі ыстық өртер, – дейді – қайнаған су
Ішуге аузы батпас, ап-ащы у.
Күйдіріп іші-баурын оттан жаман,
Өне бойын елжіретіп, өртейді ду.

Сусынын қандырмай да, қанар қатты,
Осындай әр не қылса құдірет-ті!

Нанбасаң, осы сөзді Құраннан көр,
Хақында (жақында) себеп болған бұл аятты.

Жоғарғы ерніменен көк тіреген,
Күндей боп жауатұғын күркіреген.
Төменгі ерніменен жерді тіреп,
Аузынан от жаңбырдай сіркіреген.

Кәпірді отқа атады бір қолын мың,
Қалмайды біреуінен біреу сол [шын].
Екі қол, екі аяғы қырық мыңдатып,
Лақтырар шаршамастан сол болып тың.

Қозғалмас жаһаннамда тау мен тас бар,
Жаралған бар осындай адамзаттар.
Үй де бар, сарай да бар, шатыр да бар,
«Бекер сөз» – деп ұқпаңдар мұны, жастар!

Деменіз: «Жок нәрсе қорға айтады,
Дүниесін (денесін) сол тамұқтың зорайтады.
«Өтірік!» – деген кісі күпір болар,
Кітап сөзін өтірік деп кім айтады?

Тозақтың төбесі ашық, болмас түндік,
Кітаптан бәрін оқып, әбден білдік.
Кәпірдің бойларының ұзындығы-
Сол болар сол бір жұма жеті күндік.

Құдайдың әр не қылса, құдіреті мол,
Жазасын табандасаң, табады сол.
Кәпірдің терісінің қалыңдығы-
Болады жортар атқа үш күндік жол.

Бойлары әрбір таудай биік болар,
Қап-қара өне бойы күйік болар.
Бір сағатта жүз жанып, жүз тіріліп.
Дамылдап мың сан күнде күйін болар.

Қанша күйсе, өлмейді, болып тірі,
Қазір күйсе, қайтадан болар тірі.
Мойнында әрбірінің бір-бір тас бар,
Ғазаптың бір осындай қиын жері.

Сескенең жаһаннамның түсін көрген,
Өте алмас әбден анық оған кірген.

Бір Алла түстісінен білдіргелі
Құранда сипатынан хабар берген.

Онда жоқ сүйінетін сол қыс пен жаз,
Қылғанмен, көтерер жоқ, кәпірлер наз.
Қалайша жаһаннамның ғазаптарын
Айтайын білгенімше сонан біраз.

Төр жағы жаһаннамның – бәрі қорған,
Кеңдігі қырық жылдық ұзақ болған.
Ыстығы дүние отынан қырық есе,
Бос жер жоқ: іші-тысы-оттан қорған.

Жаһаннам жеті есігі – ғазап үйі,
Жаратқан құдіретімен терең бойы.
Қырық мың жылдық жолдан алыс – тереңдігі,
Жетеді баршасына кімнің ойы?!

Нанбасаң, осы сөзді Құраннан көр,
Жастанып отыратын онда жоқ төр.
Бір ұшқын жаһаннамнан келіп түссе,
Қырылып өлер еді жан-жануар.

Жегені заһар, зақұм – ап-ашы у,
Құрылар сират көпір үш жерден ту.
Бір тамшы сол зақұмнан жерге тамса,
Дүниеден тата алмайсың бір қасық су.

Он тоғыз арай басшы зыбанилар,
Қолына түскен жанды қатты қинар.
Біреуі дүниеге бір көрінсе,
Қырылып өлер еді жан-жануар.

Бұлардың қол астында көп періште,
Жұмыскер әрбірісі әрбір істе.
Көздері нажағайдай жарқ-жұрқ етіп,
«Мұндай күн бар ғой!» – деген жоқ қой есте.

Өгіздің мүйізіндей азу тісі,
Біреуі біреуінен асып күші.
Демде бір зәредей ес қалмайды.
Бұлар [дың] айбаттарын көрген кісі.

Сақтай гөр сол азаптан, бір Құдайым!
Білмейді тіршілікте мұндай жайын.

Мен жазып мұның бәрін бітіре алман,
Мінеки, осы арада тоқталайын!

Сұрауы періштенің бізде мол бар,
Алдыңда тергеу болар киын жол бар.
Бозбала, таусылмастай азық камда,
Алдыңда жете алмайтын ұзақ жол бар.

Дүние – іші қуыс, бір кең сарай,
Койды ғой қызықтырып бізді Құдай.
«Ішіне кірген жандар шыға алмайды,
Өмір, өмір өтер, – дейді, – қарай-қарай!»

Малы бар, көп жасаулы, байдан алма,
«Арзан» – деп, кедей қызына құмарланба.
Ақылы, әдебі бар, ұяты бар,
Тектінің тұқымынан ғапіл қалма.

Талап етер аз ғана амалыңды,
Өлшейді жақсы менен жаманыңды.
Үстінен жалғыз қылдың айдағанда,
Құдая, тайдырмағыл табанымды!

Аяғы бұл сөзімнің болды тамам,
Сөйледім білгенімше хикаядан.
Патшасы он сегіз мың ғаламның жалғыз
Жеткізгіл тілегіме Алла тағалам!

Ы. Алтынсариннің «Жаздын сөзі» өлеңі.

Сәуірде көтерілер рахмат туы [490].

Мәшһүр Жүсіптің «Сүлеймен мен Ібіліс» өлеңі

(екінші нұсқа)

Құдайдың құлшылығы бізге парыз [491],
Жалғанда құтылмасак бізге парыз.
Пайғамбар тақ Сүлеймен бір күндерде
Аллаға бір сөз айтып, қылды арыз.

Жын-пері адамзатқа қылдың еркін,
Билеттің кылып арзан [492] дүние мүлкін.
Ұшқан құс, жүгірген аң, жел мен судың –
Жараттың бір жүзікте кылып кілтін.

Жер алыс үйден шығып жүрмегенге,
Бар нәрсе жоқ сықылды көрмегенге.
«Берді, – деп – патшалықты!» – ойламаймын,
Билігін бір шайтан Лағын бермегенге.

– Ежелден жүрген шайтан қисық жолға,
Жақсылық қылған емес ешбір құлға.

– Ол итті билегенмен не қыласың,
Ойлайсың: «Болады, – деп, – неге тұлға?»

– Сен мені қойдың халифа, патша сайлап,
Алдыма салып жүрмін бәрін айдап.
Билігін Ібіліс Лағын маған берсең,
Тас қылып қойсам, – дейді – мықтап байлап!

– Муафиқ тағдырыма емес сөзің,
Жетпей тұр бұл араға сенің көзің.
Шайтанды босатпастан байлап қойсаң,
Жүргейсің өле жаздап аштан өзің.

– Жараттың оны (уоны) неге әуел бастан,
Атамыз адамзатқа қылып қастан?!
Сенен бір сұрағаным – билігін бер,
Қояйын байлап соны, өлсем де аштан!

– Ұшырып алып келсін, бұйыр желге,
Қоймасын: тығылса да, көрден-көрге.
Қалжырап өзің аштан дағдарарсың:
Таба алмай астан қорек ішіп-жерге.

Бұйырды сонда желге: «Алып кел!» – деп,
Ұйтқыған самал тұрды, жел уілдеп.
Ұшырып ап келген соң, байлап қойды [493]:
– Ал, малғұн, тырп етпей жата бер! – деп.

Шайтанды байлап қойды бентке салып:
– «Ғазаппенен қинайын!» – деп, өшін алып.
Ерік берген пендесіне әрбір түрлі,
Құдайдың құдіретіне қайран қалып.

Ақыл – малда, көрік – шырай көмейде екен,
Бұл сөзді ешкім бекер демейді екен.
«Еңбегінен болмаса, адал емес», – [деп],
Тағамды патшалықтан жемейді екен.

Базарға тоқып зәнбіл сатады екен,
Ас қылып соны қорек татады екен.
Өзінен онан басқа жемей тағам,
Аш та болса, сонымен [494] жатады екен.

Бір себет талдан тоқып, қолына алды,
Сатып тағам алуға базар барды.
Базарда қыбырлаған жалғыз жан жоқ,
«Бұл қалай жоқ болды?» – деп, қайран қалды.

Бос қалған шаһар іші [495], көше, сарай,
Келеді жан-жағына қарай-қарай.
Жандыдан жалғыз жүрген қарға да жоқ,
Құдайдың құдіретін көр, болды қалай?

Тамаша көз жіберді әрбір жаққа,
Қылып тұр Тәңірім оны сынамаққа [496].
Жан біткен үй ішінде мешітте отыр,
Құбылаға қарап, жылап жалғыз Хаққа!

Ешкімнің ойында жоқ дүние жалған,
Безіпті үлкен кіші – бәрі малдан.
Біреуге біреу үндеп, тіл қатпайды,
Бұл іске так Сүлеймен қайран қалған [497].

Жылаулы бір Құдайға жанның бәрі,
Отырған шарт жүгініп жас пен кәрі.
«Бұ не сыр, жұртқа түскен, не күн болды,
Жұмыстан қалды бүгін жұрттың бәрі!» [498].

Құдая білдірсейші, қалдым ғой таң [499]...

– Нандың ба, көріп маған көзіңменен?
Сен жұртты көрме бірдей өзіңменен.

Өзіңмен еркін айтқан сөзіңменен [500].

– Мәнісін мұның саған айтам енді,
Бұларды өз қалпына қайтар енді.
Әркімге әрбір түрлі іс қылғанда,
Түрткілеп: «Бол, бол!» – дейтін шайтан еді.

Біреуге-ол, біреуге бір жұмыс салып,
Түрткілеп ерікке қоймай тыйышты алып,

Шайтанды өзің байлап қойғаннан соң,
Байланды бүгін істен бәрі қалып.

Шайтанның адамзатқа достығы – қас,
Мұрнына дәрі иіскетіп, қылады мас.
Болмаса шайтан ерікті пенделерге [501],
Алданып бұл дүниеге жүрмейді бас.

Отырған бір орыннан бұлар тұрмас,
Бас қосып бір-бірімен кеңес құрмас.
Себепсіз [502] ешбір нәрсе жаратпадым,
Шайтансыз үшбу дүние дүние [болмас] !

– Құдіреттің шеберлігін білдім енді,
Менікі ойлап тұрсам, бекер! – дейді [503].

Шайтанды қылып халас қоя берді:

– Малғұнды босатайын енді! – дейді.

– Адамзат топ-топ болып жүр [ді], – дейді,

Малғұнды қылып халас қоя берді.

Ұмтылды өзді-өзінің шаруасына,

Ду болып қыза берді базар енді.

Қылады біреу шаруа, біреу-сауда,

Аң атар мергендікпен біреу тауда.

Дүниеде көп жұмысқа жарайды екен,

Бостан-бос қалмайды екен шайтан жау да.

Өзезіл болып малғұн қалған екен,

Билігін дүние ісінің алған екен.

Дүниеде адамзатты аздырмаққа

Әркімге әрбір қиял салған екен.

Бәтшағар соның үшін жүрген өлмей,

Шара не басқа түссе, пенде көнбей?!

Жалғанда қылып жүрген әрбір істі –

Адасар: оң-терісін пенде білмей...

Белгілі: көрініп тұр көзімізге,

Бек анық болып аян өзімізге.

Бозбала: «Бекер ғой!» – деп, болма қоңыр

Кітаптан көріп айтқан сөзімізге.

Ғибрат ал – болып жүрген болыс-биден,

Жалғанда әрбір басқа түскен күйден.

Мал шашып, ұлықтыққа партия боп,
Табылар екі жүз сом елу үйден.

Бір талап ой ойласаң егер дінге,
«Жүрем, – деп, – Құдай сүйген тура жөнге!» [504].
Беруге дін жолына қылса һәммат,
Табылмас елу үйден екі теңге.

Осылай болып біздің заманымыз,
Құрып тұр бұған айла-амалымыз.
Жалғанда арманда боп біз барамыз,
Бір жерге тұрақтамай табанымыз.

Бұл Мәшһүр Бұхар барған, Қокан барған,
Ойы бар: «Кетсем-деген – онан арман!»
Дегенге ер жете ме, мал жеткізбей,
Барады іште кетіп әрбір арман [505].

Мәшһүр Жүсіптің «Шайтанның саудасы» өлені (үшінші нұсқа)

...Бос сөзді ауызға алып айтпаймыз біз,
Нысаплы (не себеплі) [506] шын құлақпен тындасаныз.
Базарға жұрт жиылған келе жатса,
Лағынға жол үстінде ұшырапты кез.

...Жүгім бар бір есекте мекер [507], хайла,
Мұнымен келтіремін үлкен пайда.
Бір тиынға он тиын пайда аламын,
Көптің басы қосылған жиын – тойда.

...Көтерме өтірікті (өтірікпен) менен алған,
Бар күшінше олар да сөйлер жалған.
Кім де болса, жалғанда сол ап кетер [508],
Қор болып қашан өтірік жерде қалған?!

Білмейді ешкім менің улығымды,
Майлық пен көріп бірдей сулығымды.
Қатынның ең жаманы, ит [509] әкетер,
Талаумен мекер-айла қулығымды.

Базарға алып барса, не қалады,
Қараумен әр нәрсеге көз салады.

Білмейтін күншіл [д] іктің қадір құнын
Оқыған көп оқуды молда алады.

Неге (текке) болыс болады малын шашып,
Қашан болып шыққанша жанталасып.
Текке тиын біреуге кім береді,
Зорлығымен алмаса үкім асып?!

Томпитып қалтасына ақша салып [510],
Беруге ешбір жанға көзі қимай.
Алған соң тәкаппарлық менен сатып,
Дүрдиіп өз үйіне өзі сыймай.

– Ол бір жүк шиыр емес, соны, – дейді,
– Бұлардан он есе артық құны, – дейді.
– Бұл жерде алушы жоқ, шаршамайын,
Өткізіп қайтқанда айтам оны, – дейді.

Мұнымен шайтан Лағын базар барды,
Бес көлік жүкпенен топты жарды.
Лезде апа-сапа қылды бәрін,
Ұйқы-тұйқы, көбейтіп дауды-шарды.

Алдынан алушылар даяр жетті,
Қолдан-қолға түсірмей талап кетті.
Қайтқанда тағы ұшырап [511] Рухоллаға
Мән-жайын саудасының кенес етті.

– Бес есек өзді-өзінің орнына өтті,
Жүк еді он қашырда бір ретті.
Артқаным бәріне де тамиф еді,
Біреуін тіленшілер талап кетті.

Бір қашыр жүк бәріне түгел жетті,
Тоғызы өтпей біраз тентіретті.
Қожа, молда, ишандар елді жеген-
Дағдарып тұрған шақта сол сап етті [512].

Армансыз кім кетпейді бұл жалғаннан,
Бұл, шіркін, опасы жоқ дүние жалған!
Атамыз Адамды топырақтан иарыл жаратып,
Қоймай дүниеден оны да [513] алған.

Дін қайда, осы күнде ғылым қайда,
Тұрған жан [514] анық көңлі бір Құдайда?!

«Лак, тоқты алам!» – деп жүрген жаннан
Ойлайсың: «Тиеді, – деп, – кімге пайда?».

Дүниеде жан қалған жоқ аяп күшін,
Қайраумен шықыр-шықыр отыз тісін.
Айт: тауып, жастанайын босағасын
Молданы бала оқытқан Құдай үшің.

Айтсаң, тілді алмайды катын-бала,
Енді мұны айтамын кімге ғана?!
Өзінді «жынды» – дейді, «шайтан» – дейді,
Не қылсаң, қылдың өзің Хак тағала!

Бет алдыма лақтым, аузым жаппай,
Бетімді, жіберген сон, ешкім қақпай.
«Ақлық пен туралықта тұрамын!» – деп,
Жалғанда жалғыз қалдым, жанға жақпай.

Тас едім жергілікті Құдай тескен,
Жалғанда жан емеспін көңлі өскен!
Белгісіз не екенім болып (болды) бір жан,
Кісі боп, бір жерім жоқ көзге түскен!

Мәшһүр Жүсіптің «Миғраж» дастаны (екінші нұсқа)

Бисмилла – Хақтың аты, сөздің басы,
Кәріптің, естісе ағар, көздің жасы.

Миғражын ан хазіретінің өлең қылып,
Сөйлеген Мәшһүр Жүсіп хикаясы [515].

Құдайым жарылқай ма, көптен, аздан?!
Ойым бар, келсе күшім, қағба қажыдан.
Қанша сөз, бәрін жазып, тауыса алман [516],
Азырақ сөз сөйлейін Миғраждан...

Расулат, набуат – қырық та келді.
Өтіпті бұл ортада бір жыл енді.
Айтарға сырын бір күн жан таба алмай,
Күндерде бір күн тұрып бүгілді енді.

Басына, кейін қалған, қайта бардым,
Келгенде осы жерге демімді алдым.

Қаламды қолыма алып: «Жазайын!» – деп [517],
Кеңестің екпінімен кетіп қалдым.

Өш болып, Әбужаһил оқпен атты,
Кәпірлер ренжітеді Мұхаммедті.
«Сырымды кімге айтамын іштегі?» – деп,
Қасына Қатым (хадим) диуар келіп жатты.

«Айтамын мен мұңымды кімге енді?
Таппадым халал кісі, халал дінді!».
Таянып уақыты Құптан болған шақта,
Періште ол Жебірейіл жетіп келді:

– Иа, Мұхаммед, Құдайың айтты сәлем,
Жіберді пырақ пенен шола саған [518].

Өзіменен: «Мұндасып, сырлассын!» – деп,
– Сол достым: «Болсын, – дейді – қонақ маған!».

– Кеудем жарып, жүрегім суырып алды,
Бір алтын легенге соны салды.

Легеннің іші толған ғылым, хикмет,
Тазалап, өз орнына қайта салды.

Алдыма менің келін пырақ түсті,
– Мінем! – дедім, шегінін, бойын қысты.
Жебірейіл

– Жай тұр! – дейді, тұрдым, міндім,
Жөнелді мені құстай алып ұшты.

Сол жерге көзі түскен басқан аяқ,
Оңымнан шықты дауыс жақын таяп.
Солымнан бір шыңғырған дауыс шықты,
Қайрылмай, жүре бердім [519] қарамай-ак.

Алдымнан жетіп келді бір келіншек:
– Жібермес едік, – дейді, – сені білсек.
– Шаршайсың, ол жолменен жүрме, – дейді.
Болмадым, тілін алып, мен еріншек.

Тыңдамай оның сөзін жүре бердім,
Алдымда, – Жебірейіл бар, соған ердім.
Міндім: «Бисмилла!» – деп [520], кеш, ерте ме,
Алдына мешіт Ақса жетіп келдім.

Пырақты байлай тастап, үйге кірдім,
Ішіне Құдыс Шариф сәлем бердім.

– Әлгі келе жатқанда дауыстаған,
Оңымнан, һәм солымнан ол кім? – дедім.

– Дауысқа оңнан келген қайрылмадың,
Үмбеттен, бәрекелді, айрылмадың!
Қарасан, үмбетің жөһит болар еді,
Қайрылып, оның көңлін жай қылмадың!

Солдан келген дауысты қылайын кеп,
Қолдады осы жолы Құдайың көп.
Егер сен мойын бұрсаң ол дауысқа,
Үмбетің қалар еді насырани боп.

– Әкелді екі кесе маған шарап,
Шараптың біреуі – сүт, біреуі – арақ (ғарак).
Сүтті іштім сол уақытта, арақты ішпей,
Түсіне екеуінің қарап-қарап.

– Сүтті іштің, бәрекелді, тәуір танып,
Тозаққа күймес енді үмбет жанып.
А [ра] қты ішсең, үмбетің ғасы болып,
Махшарда жүрер еді жазаланып.

Құдысқа тамам аруақ [521] бәрі келді,
Әнбие, Мүрсәл, Нәби және келді.
«Бұл не түн қадір түн бе, барат па»,
Сәруай екі ғалам ханы келді.

Алдынан сәлем айлап келді [522] бәрі,
Бұрынғы өтіп кеткен Мүрсал нәби.
Сол жерде екі ракот намаз оқып,
Бәрінің тақсыр Расул болды имамы.

Бәрінен бұрын келген [523]: ислам мен дін,
Жеті көк, жұмақ, тамұқ ғыфите замин
Харамнан ол Ақсаға барған жерін
Нанбасаң, көрсетейін аятпен мен.

Осындай мазмұнына аят түсті,
Табамын тағы дәлел мұнан күшті.
Періште төрт Мұқараб төрт [524] жағында
Бұл ретпен пайғамбарды алып ұшты.

Һәм Ақсадан жоғары алып кетті,
Соған шейін ол пырақ құрмет етті.

«Миграж» – деген жарық нұр пайда болып,
Сонымен Мұхаммедті аспанға елітті.

Жебірейіл айғайлайды:

– Есік аш! – деп,

– Сенімен кім келеді серіктесіп?

– Мұхаммед келді, – дейді, – бізбен бірге.

Сол жерде сәлем беріп, ашылды есік.

– Мархабат, иа Мыжтафа, хақ Мұхаммед,

Болайық Құдай жазса, біздер де үмбет.

Ашылды әуелгі аспан есіктері,

Тұр екен Адам ата күтіп құрмет.

Ол жерде мен Адамға сәлем бердім,

Кісі екен ұзын бойлы, жүзін көрдім.

– Қош келдің, бақытың ашылсын, балам! – дейді,

Бөгелмей онан өтіп жүре бердім [525].

Мен міндім Мекайілдің енді үстіне,

Мінген соң, Мекайілнікі жүрмесін бе?!

Екінші көкке жеттік, есік ашып,

Періште онда тұрған бір кішкене.

Басын көрдім, аяғын көре алмадым,

Мен, Мекайіл қалды сонда, жүре алмадым.

Үшінші Исафилге мінгенімде,

Кәнеки, онда тоқтап тұра алмадым.

Екінші [526] көкте Жақия, Ғайса тұрған,

Мен сәлем берген шақта мойнын бұрған.

– Қош келдің, жомартым-ай, асқан, – дейді,

Жүруге енді Исафил мойын қойған.

Үшінші жетіп қалдық бізлер көкке,

Тұр екен Жүсіп нәби сонда текке.

Ол жерде Жебірейілге мініп алып,

Бет қойдық тағы да жөнелмекке.

Төртінші бізлер көкке келіп қалдық,

Тұр екен Ыдырыс сонда, хабарландық.

Бесінші көкте жолықтық біз харонга,

Алтыншы көкте Мұсаға жаңа бардық.

Жылады бізді көріп Мұса нәби:
– Көрмей ме көзі сендей туса нәби?!
Сон кылып бәрімізден шығарса да,
Оң кылып, абзал қылған Құдай сені!
Мұхаммед үмбетің көп, уайымың жоқ,

Мен айттым:

– Деме, таксыр, бұлайша! – деп,
Үстіне Жебірейілдің мінгенімде,
Ашылды айқын болып, жетінші көк.
Аспанға жетінші көк барып [527] кірдім,
Нәби бар – ол-Ибраһим, сәлем бердім.
– Қош келдің, жолың болсын, балам! – дейді,
Сиратул мұтаһаға жетіп келдім.

Жемісі, жапырағы – бәрі де зор,
Төрт өзен саулап аққан, бәрі де [528] нұр.
Екеуі сарқырайды онан ағып,
Екеуі қалай аққан, білінбей тұр.

Сарқырап екі бұлақ ағады нұр,
Болғанда бірі – Фират, біреуі, – Ніл.
Екеуі ол жұмаққа (ұжмаққа) барып құяр,
Болғанда бірі-Жайхун, біреуі, – Сыр.

Палак дария [529] болғанда, періште-құл,
Бәрі де қызметінде қусырған қол.
Сол араға барғанда, келді төсек,
Өзі – алтын, түсі қызыл, – сипаты бұл.

Көтерген ол төсекті және кейін,
Бас та жоқ, аяқ та жоқ, жалғыз иін.
Болғанда түсі жасыл – сипаты бұл.
Нәсілін Алла білер [530], мен не дейін?!

Жебірейіл осы жерде қала берді.
Өзінің жүре алмасын сонда білді.
«Шын жаяу қалдым ба?!» – деп, сасқанында,
Сонда иін тосып, иініне ала берді.

Иінге қуанғаннан келіп мінді,
Қалғанын Жебірейілдің жаңа білді.

Алты жүз қанаты бар, һәммасы зор,
Форымына асыл сурет кірген енді [531]

Жебірейіл:

– Бізден бөлек қалма! – дейді,
– Уай, тақсыр, мені ауызға алма! – дейді.
– Қанатым күйер, мұнан артық ұшсам,
Бар, тақсыр, талабыңнан қалма! – дейді.
– Мен Мұхаммед, хақ пайғамбар! – деген екен,
Құдайым сол ниетін білген екен.
Сол хақ Расул пайғамбарым бұл түні
Үстіне бес нәрсенің мінген екен.

Біреуі – пырақ, біреуі, – Миғраж нұры,
Біреуі – төрт періште – дүние гүлі.
Бірі – төсек, біреуі – жасыл иін.
Қонаққа осылайша барған жері.

Тамаша көп көргені жолда қалды,
Жүре алмай ол Жебірейіл сонда қалды.
Лауһиден: Ғаршы, Күрсі арман өтіп,
Құдіреттің дәрғаһына жақын барды.

Әр жерде бас та қалды, аяқ қалды,
Бір жерде кебіс қалды, таяқ қалды.
Пердеден жетпіс қабат арман [532] өтіп,
Құданың құдіретіне таяп барды.

Ғаламның он сегіз мың бәрін басты,
Неше мың мақамлардан жоғары асты.
Мысалы жайдың екі тұтқасындай
Иаки (яки) жақынырақ жақындасты.

Аят бар: «Шама дана фатад Алла, –
Факана қаб Хусайын ауадна».
«Неміз бар біздің онан әрі барар?!», –
Кітаптың ұқтыр жырын айтып қана [533].

Сол жолда бір жолбарыс көрген екен,
Қорыққаннан сақинасын берген екен.
Жерлерге нахият жок қадам [534] басып,
Құдайдың қонақ үйіне келген екен.

Ішінде қонақ үйдің шымылдык бар,
Жаюлы түрлі-түрлі дастарқандар.

«Алтан иат ла ила уал салауат уал тибат»
– деп, Хаққа сәлем берген ай, жаранлар.

Сәлемін алды Құдай сонда не деп:
– Ассалам ғалайік иа иассхата әл нәби – деп,
Тағы да Рахматулла о берекет,
Бәрі де болсын саған есепсіз көп!

– Алланың бұл сәлемі киын! – депті,
– Алмаймын мұны жалғыз өзім! – депті.
– Ассалам ғалиына иа, Раббым хақ,
Құлдарға ізгі болған болсын! – депті.

– Жалғыздық – жалғыз Алла, саған жарар,
Ізгі құл пайғамбарға қосақталар [535].

«Ат қосақсыз жүгірмес» – деген мақал,
Шаһазат берген соған періштелер.

– Же тағам саған қойған қажир (қаһар) арнап [536],
Отырған қолын созбай біраз барлап,
Ішінен шымылдықтың бір қол шығып,

Тағамды:

«Бисмилла!» – деп, қойды жайлап.

Майсыз шам жарық болып жағулы тұр,
Табакта күміс қасық малулы тұр.
Манағы жолбарысқа берген жүзік [537], –
Қараса, әлгі қолда салулы тұр.

Пайғамбар мұны көріп, ғажапланған,
Әлгі қол тағам жеген дастарқаннан.
– Әмірімді пенделерің алды ма құп,
Деді ме, иа болмаса: «Сөзің жалған?!».

Сонда не деп пайғамбар жауап айтты:
– Келтірді пенделерің шаһадатты:
– Самигна уа тағына – деді бәрі,
– Жарылқа күнәларын сен! – деп айтты.

Раббана уа ла тахмил ғалайна асран (ахран),
Бұрынғы үмбетлерден қылмағыл сен (сан)!

Нәрсеге шама келмес сен күштеме,
Бір қажет дәрғаһыңнан сұрайын мен!

Ғапу қыл, жарылқағыр күнәһымды,
Қабыл қыл дәрғаһыңда бұл сөзімді.
Тозақтың отын сөндір үмбетіме,
Сақтадың оттан нешік Ибраһимді.

Топанда Нух нәбиге бердің нажат,
Қыл қабыл, қылса үмбетім көп мінажат.
Үстінен қыл көпірдің кеме бергіл,
Өтегіл егер бізден болса қажет.

Көк кошқар Смағұлға құрбан бердің,
Жүністі үш зұлматтан [қалас қылдың].
Жүсіпке құдық түбін бостан қылып,
Ғайсаға «Інжіл» атты (атлы) кітап бердің.

Мұсаға «Таурат» бердің, маған қайда,
Билеттің жел мен суды Сүлейменге.
Дәуітке «Забур» бердің – үлкен кітап,
Аюпқа саламатлық қылдың пайда.

Адамға ғылым, жаннат, аят бердің,
Қызырға өлмес абыхат бердің.
Не бердің маған сондай, [иа] иллаһим,
Қарным аш, дәрғаһыңа тоймай келдім!

– Адамға жәннат берсем, шығардым тез,
Бірауыз үмбетіңе демеймін сөз.
Үмбетің күнә қылса кең дүниеде,
Кешіріп біз ұжмаққа (жұмаққа) енгізерміз.

Жоқ қылсам Ибраһимге намард отын,
Үмбетіңе сөндіремін тозақ отын.
Смағұл өкшесінен шыкса зәмзәм,
Үмбетке кәусар берген-күдіретім.

Көк кошқар Смағұлға берген болсам,
Бір кошқармен ажалдан мен құтқарсам [538],
Үмбетіңнің жолына пида қылып,
Жаһут (жөйт) пен насараны құрбан қылсам.

Жүністі мен сақтасам үш зұлматтан,
Балықта, иа қараңғы түнде жатқан.

Үн жерде үмбетінді сактайын да:
Кабірде, кияметте һәм сираттан.

Мұсаға мен сөйлесем Тұр тауында,
Сенімен мен сөйлестім Нұр тауында.
Таурат үшін Аятыл, Күрсі бердім,
Оқыса пайда болар көп қауымға.

Нухка кеме берсем топан суда [539],
Жиылар үмбетлерің жасыл туда.
Табаны тиген жерден көпір кылам,
Үстінде тар сираттын жас пен қуға.

Қызырға берген болсам мәңгі суын,
Көтерер үмбеті [н] нің ол һәм туын.
Мұхаммед, үмбетіңе махшар күнде
Салсабил, ішкіземін ұжмак суын.

Ғайсаға «Инжіл» берсем, – сенде жоқ па,
Инжілден сүре «Ыкылас» кем болып па?!
Дәуітке «Забур» берсем, саған – «Ясин»,
Ясинге баска кітап тең болып па?!

Бәрінен артық көріп бердім, әні!
Һәм артық ол қасымда көрдім, әні!
Кім оқыса, тамұктан азат қылдым,
Атаса ол сүре – Фатиханы.

Не Инжілде, Забур мен Тауратта жоқ,
Жан бәрі Сүлейменге қараса көп.
Періште қызметінде тұрмады ма?!
Солардан қалған-ақ па осал болып?!

– Иа, Раббы, ризамын, бердің бәрін,
Атын бар: Ғафу, Рақым және Кәрім.
Болмаса бір өзіннен жарылқасын,
Болғандай күнәсы ауыр үмбетлерім [540].

Арамыз алыстамас, жақындасар,
Кем калмас күдіретіме кәріп-қасер.
Тамаша қыл – жаратқан ғаламымды,
«Болсын, – деп, – бір аз ғана көңіл ашар!».

Сол жерде күдіретпен шын сөйлескен,
Құдайға онан баска кім сөйлескен?!

Қайсыбірін айтайын мен бейшара,
Тоғыз жүз тоқсан тоғыз сөз сөйлескен [541].

Ал тамаша қылады жаратқаның,
Оның екі қыла ма, сірә, айтқанын?!

Қайсыбірі қағазға сыя берер

Баян тағы қылайын бір айтқанын.

– Ғарышта аяқ басып жүргенімде,
Алладан пырақ келіп мінгенімде,
Келбетті сол жайларда бір ү [й] көрдім [542],
Балқыды өнебойым көргенімде.

Сол үйдің іші де асыл, сырты да асыл,
Құбылып көрінеді қызыл-жасыл.

Құдіреттің әр мүлкінде кілт жоқ еді,

Бұл үйде болар ма еді мақсат хасыл?!

– Кілт болса, ішін ашып көрейін, – деп,

– Бұл үйде не бар-жоқ, білейін, – деп.

– «Ла-ила-Алла, хақ Мұхаммед!», –

– Ашылар бұл, калиманы айтсаңыз көп.

Есітіп бұ калламды ауызға алдым,
Ашылды есік, есіктен көзім салдым [543].

Қарасам, үйдің іші-жойқын дария,

– Иа, раббы, бұл қалай? – деп ғажаптандым.

Дүниеден үлкендігі – жетпіс есе (хиса),

Қанарсың ішсең сонан жалғыз кесе.

Құдайдың құдіретіне ғасы болып,

Күнәкар болып қалар пәлен десе.

Ішінде сол дарияның жалғыз ағаш,

Бұтағы, миуасы жоқ, жап-жалаңаш.

Басында сол ағаштың бір құс отыр,

Не торғай, не жарқанат, не қарлығаш.

Ол құстың аузында бар зәрре тозаң,

Шөп шықпас тақыр жерге ащы бозаң.

Дария үлкен бе, иа ағаш, иа құс зор ма,

Тозаң ба? – үлкендігін хатқа сызам [544].

– Мұхаммед, не тамаша көрдің мұнан?

Рахматым дария емес пе мынау тұрған?!

Дүние дүр: алды-арты жоқ жалғыз ағаш,
Барлығы үмбетіннің бір құс болған.

Енді барлық күнәсы тозандай-ды [545],
Әр нәрсе бұйырғаннан оза алмайды,
Қайсысы көп: рахмет пе, иа күнә ма, –
Енді ақылшы бұл жерге сөз андайды.

– Дария рахмет болғанда, дүние-ағаш,
Үмбет бір құс мысалы – тұрған жанас,
Бір зәрредей болса күнә,
Көрген соң көп рахметті қарыным аш.

– Аңдағыл, иа, Мұхаммед, мұны, – депті,
– Жаралған бар мүлкімнен рахмет көп-ті.
«Ла, илаһа, ила ила Алла!» – деген жанды
Махшарда жанған отқа салман» – депті.

– Бес намаз, ораза бар зекет пен каж(ы),
Оқырсын өзің үшін нәпіл намаз.
Кәләм бар, неше түрлі аят ахпар,
Үмбетке мирас болсын, қағазға жаз!

Аралап сегіз ұжмақ бәрін көрген,
Біріне көзін салмай, жүре берген [546].
Хор қызы ғылман ұлан зейнетленіп,
Әрбірі әрбір түрлі түрге кірген.

Біріне таксыр Расул көз салмайды,
Менсініп, сірә, тіпті ойға алмайды.

– Бір арыз (ғарыз), таксыр, сізге айталық біз,
Бар Құдай бақытымызды оңғармайды!, –

Солай деп шуласады тамам хорлар,
Пайғамбар тоқтап тұрып, сөзін тыңлар:

– Не арыз менде болған, немене – деп,
– Қанеки, хор қызлары, айтыңыздар!

– Кеттіңіз бірімізге назар салмай,
Жаксы деген үмбеттерің әлдеқандай?!

Бізлерді біреуіне бағышлаңыз,
Біздер де қуанайық наумит қалмай.

Пайғамбар бір сағатта Миғраж асқан,
Пырақ бар алты жылдық жолды басқан.

Сиратіл Мунтахада жүрген кезде

Бір дауыс қатты естілді тау мен тастан.

Көк күркіреп, жеті қаттың салды көп,
Аспаннан періштелер шулаған көп.

Бек қорықты пайғамбарым сол уақытта:

«Япырм-ау, заманақыр болды ма?! – деп.

«Көңілдің Алла деген қошы (ношы)» – деген,

Жебірейіл жетіп келіп хабар берген:

– Құптанға азан айта Білэл келді,

Тықыры кебісінің-осы! – деген.

Қадамды тақсыр Білэл басқан екен,

Басқадан шарапаты асқан екен.

Ізінің Мунтахаға дыбысы барып,

Жын-шайтан тықырынан қашқан екен.

Өзгеден ол Білэлді сүйіп алған,

Бұл сөзім кітапта бар, деме: «Жалған!»

– Сіздерді бағыштадым Білэлға! – деп,

Ал сонда пайғамбарым айта салған.

Сонда хорлар не дейді бұ қорлыққа:

– Атар таң, шығар күн жоқ біз мұңдыққа!

Қазанның күйесіндей Білэліңіз,

Қой, тақсыр, онан басқа үмбет жоқ па?!

Пайғамбар бөгелмеді қыз сөзінен,

Әркімнің, жаман болса, кінә өзінен.

– Сыртынан оны билеп айта салдым,

Сұрайын мен Білэлдің, – депті, – өзінен.

Ашылды сегіз пейіш – жұмақ (ұжмақ) төрі,

Түсіпті пайғамбардың жерге нұры:

– Бір жұмыс саған орын таптым! – дейді.

– Иа, Білэл, басың көтер, қара бері!

Алдайтын адамзатты қу тіл екен,

Болжалсыз көрмеген соң [547], су түбі екен.

Құптанның жаңа азанын айтып болып,

Ол Білэл бата қылып отыр екен.

Қарады жоғарыға көзін ашып:

– Ай, Білэл, хор қызлар [ы] саған ғашық.

Бұларды аласыз ба, алмайсыз ба?

Мен тұрмын сыртыңыздан саудаласып.

– Пискен жоқ, таксыр, саудаң еркін, – депті,

– Ол қыздар кімге керек, шіркін! – депті.

– Сахарада: «Бір Алла!» – дегеніме [548]

Алмаймын сегіз жұмақ мүлкін! – депті.

– Жаранлар, жақсы бар ма бұл қалыпты?!

Есітіп хор қызлары ұялыпты.

Қиямет қайымғаша ғашық болып,

Таласып хор қызлары сол қалыпты.

Адам жоқ тақуа болған Білалға тең,

Құданың рахматы мол, құдіреті кең,

Таксырдың бетіндегі сол қарасын

Бетіне хор қызлары қылады мен [549].

Балықшы, құс жаманы шағала-ды,

Бір тырна айдын көлді жағалады.

Қарасын хор қызлары алғаннан соң,

Сол кезде таксыр Білал ағарады.

Ғаламның он сегіз мың бәрін көрді,

Артық бақ Мұхаммедке Тәңірім берді.

«Қапалы кәріптердің (ғаріблердің) көңілі өссін!» – деп,

Аз ғана Мәшһүр Жүсіп інжу терді.

Қанша орын, неше мақам жүріп барды,

Аз дәурен, екі ортада, сүріп барды.

Иіні екен Ғаушыл ағзам хазіретінің,

Әлгі иін сол мақамда тұрып қалды.

Баяғы Мұнта [һа] ға келді қайтып,

Нәрсенің көрген-білген бәрін айтып.

Құрулы жетпіс перде ар жағында,

Мақамы өзгелерден тіпті артық.

– Мұхаммед, бұл өзі [н] нің үмбетіннен,

Аты – Ғұсыл (Ғаушыл): айрылмас (ер өлмес) сүннетіңнен.

Шығады біраздан соң жұрттан асып,

Осының келіп қалдың қызметінен.

– Олай болса, Құдайым сені сүйсін,

Сені дос-ты тұтпаған жанып күйсін!

Иінін айтты:

– Аяғым Ғұсыл ағзам,

Басқаның аяғына иіні тисін!

Солай деп бата берген пайғамбарым,

Ондай ғып жаратпайды жанның бәрін.

Үйіне қайтып келіп, ол түн жатып,

Шақырды ертең ерте асхапларын.

– Аллаға періштелер жалшы, – дейді,

– Тіл алып, жұмсағанға баршы! – дейді.

– Тісіме қыстырылып күріш қалды,

Иа, Ғалы, тісіңменен алшы! – дейді.

Сонда Ғалы тісімен күрішті алған.

Күрішті алып, аузына қағып салған.

Сол күріштің қуатынан себеп болып,

Хасен мен Хұсайын пайда болған.

Пайғамбар адам білмес орында жүр,

Әрқашан Әбубәкір оңында жүр.

Түндегі жолбарысқа берген жүзік [550].

Қараса, ер Ғалының қолында жүр.

– Балам, сен мұны қайдан алдың? – депті,

– Бүгін түнде қай жерге бардың? – депті.

– Емес қой өзіндікі мынау жүзік,

Қолыңа кімнен алып, салдың?! – депті [551].

– Ата мен намаз оқыдым сізге ұйып,

Солыңнан шайтан тұрды дыбыс беріп.

– Бабама үндеме! – деп, қуатланып,

Жібердім желге ұшырып, бір-ақ түйіп.

– Данаға, жас болсам да, тең едім ғой,

Сіз дарқан болғанда, мен кен едім ғой!

Ішінен шымылдыңтың қол ұзатқан,

Иа, баба, сол корінген мен едім ғой!

Қуанды мұны естіп сахабалар,

Бәрі де бұл Мигражға инандылар (иландылар)

– Шахариар мен асхаптың бәрінен де

Екінші Ғалы! – деген хақ пайғамбар [552].

Неше артты бұрынғыдан Расул түрі,
Көркейді күннен-күнге ислам нұры.
Шаһариар, сахабалар, – бәрі нанып,
Кәпірлер шек кылса да, калмай бірі.

Әуелі жолығыпты Әбужаһил,
Көп жанға залал етіп, қылған батыл.
Ақыры пайғамбарым сөзі шын боп,
Қылышпен бұзылғанды, қылды катыл.

Иад (жат) кылдым әуел Хақты сөз басында,
Берілмей себеп медет біз ғасыға.
Рухын ол зат пак тербеткен соң,
Кетейін айтып мұны бір қасида.

Миғражын Хак пайғамбар хатқа салдым [553]
Қолыма «Бисмилла!» – деп, қалам алдым.
Рухын пайғамбардың тербеткен соң,
Аз сөйлеп білгенімше, тамамладым.

Тамата тамам болған бұл хикаят,
Қаламым жігітлерге көп хиapat.
Рухы бірадардың шадыман болсын,
Оқыңыз бір дұғаны, көп жамағат!

Мәшһүр Жүсіптің «Жігіт назы» өлеңі.
Жастықтың заманы өтті жалдайтұғын [554].

Мәшһүр Жүсіптің «Ібіліс шайтан хикаясы»

дастаны
(екінші нұсқа)

– Білемін ақыр бір күн өлмегімді [555],
Шарасыз тағдырына көнбегімді.
Ғаламның он сегіз мың патшасы – сен,
Жейсің менің Құдай еңбегімді.

– Әзелден біліп едім жалғаныңды,
Шет болып білдің бүгін қалғаныңды.
Бейнесіп ақыреттен мақрұм қалдың,
Жалғаннан сұра ойына алғаныңды.

– Киейін [556] қолдан тігіп, киім қайда,
Бұрынғы салтанатлы күйім қайда?!

Баспана – адамларға бердің үйді,
Сұраймын әуел сенен: «Үйім қайда?»

– Қам қылдың: «Көрем!» – деген жетпей ойың,
Осылай болды сенің жай [ы] – күйің.

«Қалдым, – деп – баспанасыз!» – болма арманда,
Дүниеде монша болсын сенің үйің.

– Құлшылық қылып едім әрбір жайда,
Болмады бір тиындай жанға пайда.

Оқитын, адамдарға бердің Құран,
Құраным оқитұғын менің қайда?

– Әуелден пиғылың бұзық, ісің жаман,
Кетпедің сол себепті болып аман.

Айтылған домбырамен жиын-тойда, –

Уай, малғұн, болсын құран өлең (уалан) саған.

– Жаралған (иаралған) әурелікке менің басым,
Не керек мұнша дәурен (дауран) сүрген жасым?!

Ас-қорек, адамдарға бердің тағам,
Қанеки, ішіп-жейтін менің асым?!

– Еңбегін еш адамның жемейміз біз,
Өз пейілің болып тұр өзіңе кез.

Қорегің ішіп-жейтін болсын сенің [557], –

Ас ішсе, егер біреу «бисмилла» – сыз.

– Мен бұрын қызметіңе жүрдім жарап,
Бұ күнде құр алақан қалдым қарап.

Сүт қайнатып адамдарға бердің тағам [558],
Қанеки, ішетұғын маған шарап?!

– Адамды қылар батыр қару-жарақ,
Түзейді қыздың көркін айна-тарақ.

Бір жұтса, мас қылады ішкен жанды,
Шарабың сенің, малғұн, болсын арақ.

– Басымнан арылмаған қалың сорым,
Жалғанда маған керек әрбір форым.

Адамға аң ұстайтын қақпан бердің,
Дүниеде менің қайда қақпан-торым?!

– Сен жолдан (иолдан) шығарарсын ғапілдарды,
Өзіне жуық жүрген жақындарды.
Адамды тұзағына түсіруге
Еркіне бердім, – дейді, – қатындарды.

XXX

Ібілістің, қылған шайтан, асыл затын,
Алладан алып тұрды тілеп [х] ақын.
Мұнымен кетсе сөзім, қысқа болар,
Айтайын анық қылып бір рауаятын.

Хадисте үшбу сөз қылынған жат (иад) [559],
Біледі кітап көрген барша адамзат.
«Жұмысым мұнымен [ен] бітпеді ғой!» –
Дегендей Ібіліс малғұн болмады шат.

Көңіліне ұнамаған болды жері,
Ішінен кетпей еркін онша кірі.
Ойында бір дүдәмал қапы бардай,
Жарқылдап келіспейді ажар түрі.

Жарайды, мен мұнына дедім: «Пәлі!»
Көңіліме ұнамады [560] мұның бәрі.
«Алдым!» – деп, қалағаның мәз болмаймын,
Болмады – ойымдағы еркін әлі!

– Білігін бұл жалғанның бердім тегіс,
Болмайды бұл дүниеде мұнсыз келіс.
Еркін билеп өзің жұмса, – деді,
– Дүниеде қанша болсын алтын-күміс.

– Келмеді шығарғысы қолдан, – дейді,
– Айрылмас бұған жолдас болған, – дейді.
– Дүниемен алтын-күміс алдандырып,
Талайды шығарарсың жолдан! – дейді.

– Қызығы бұ дүниенің жиған малдай,
Көреді дүниеқорлар малын жандай.
Кететін мойын бұрмай адамлар көп,
Ілтипат мал мен пұлға назар салмай.

– Жараттым ішіп-жейтін жақсы (ихшы) тағам,
Бірін-халал, біреуін қылып арам.

[Жі] бектен атлас, торғын қылдым киім,
Бұларсыз күн көре алмас жүрген адам.

– Жармаспа қайта – [қайта] маған! – дейді,
– Жақсы киім, ләззатлы тағам, – дейді.

– Дүниеде не қызықлы нәрсе болса,
Билігін түгел бердім саған! – дейді.

– Киерге-киім, ішерге тағам, – дейді,
– Бәрі оңай: бере берсең маған! – дейді.

– Осал жін мұның өзі үзілетін,
Арқан бер үзілмейтін маған! – дейді.

– Алданып бұларыңа надан тоқтар,
Қалады әуре болып ақылы жоқтар.

Тоя ішкен ала істе мастарың бар

Қайтпайтын, маңдайына, тисе шоқпар.

«Дүние! – деп, – алтын-күміс» – малданбайды,
Қызығып бұл жалғанға танданбайды.

Бұ жалғанның баянсызын білген ерлер,
Бұлардың (бұларның) ешбіріне алданбайды.

Жараттың шайтан қылып мені сорға,
Мен жүрмін: «Түсірем, – деп, – адамды орға!»

Кететін жемге алданбай сұңқарлар көп,
Түспесе үзілмейтін жібек торға.

– Арызыңды сенің қабыл көрдім, – дейді,
– Шын біліп бұл сөзіңе көндім, – дейді.

– Арақ пен сырнай, керней – қызығыны
Тамаша сауық үшін бердім! – дейді.

XXX

Бір Алла бұл малғұнға бәрін берді,
Сол (шол) үшін болып ерікті шайтан жүрді.

Алданып біраз көңілі мұныменен,

Мырс етіп, бүтін күлмей, жарты күлді.

Дәнікті қалағанын берген сайын,
Жалғанда бергендігі болды дайын.
«Болмады әлі түгел!» – дегендей боп,
Және айтты шайтан лағын мәні-жайын:

– Жараттың жақсы-жаман екі айыр жол,
Адамның бір жағы – оң, бір жағы – сол.
Адаспай жақсы жолдан жүрер түзу
Кім де кім: «Болам-десе – өзіне құл!»

Бұл жолға басшы кылдың пайғамбарлар,
Олардың соңына ерген қанша жандар?!
Көрсетіп көп мұғизат тамаша істі,
Ие боп жақсылықпен өткен анлар (олар).

Қылып [ең] мені басшы жаман жолға,
Дүниеде себеп болып азған құлға.
Бермесен, бұл ісіне, өзің жәрдем,
Мен оны түсіремін қалай торға?

Болғанда мен – бір аушы, адамзат – аң,
Өнер бар – көрген адам қалғандай таң.
Ол Мұса қалам Алла мұғжизамен
Түбінен Ніл дарияның шығарды шаң [561].

«Алам, – деп, әркім ойлар, – қуған анын»,
Қызығар – ит түлкінің жыртса таңын.
Фітнаның бұзықшылық дариясынан
Түбінен шығарайын сондай шаңын.

Бұзайын, дал-дал қылып, тас-талқан,
Ерікті (кыл) қолымды ашып, қылып дарқан.
Адамды тұзағыма түсіруге
Маған бер үзілмейтін мықты арқан.

XXX

Әзәзіл, қылып қойған, малғұнды еркін,
Сол үшін қылып қызықты дүние, шіркін!
Дегендей: «Саған енді бұл жарай ма?» –
Көрсетті қатындардың шырай-көркін.

Қараса, қиылып тұр кара қасы,
Толғанып оқ жыландай өрген шашы.
Ақықтай екі еріні қызыл болып,
Түймедей домаланып гауһар тасы.

Еті аппақ – кара жерге жауған қардай,
Жүзі бар кара жерге тамған қызыл қандай.
Бұлттан жарып шыққан ай секілді:
Қиғаш қас, сүмбіл (сүнбіл) шашты, жазық маңдай.

Бойлары райхан гүл [дің] сабағындай,
Алманың, екі беті, сағағындай.
Әкетер көрген жанның ақыл-есін,
Орыстың мас қылатын арағындай.

Күмістен тартқан сымдай – екі қолы,
Қояндай домаланған келіп жоны.
Ғұшырманның лимонындай екі емшегі,
«Алам, – деп, – қайтіп үзіп, қолыма оны?»

Сынаптай толықсыған екі саны,
Тістері – меруерт, маржан, дүрдің кені (кәні).
Мамықтай ұлпілдеген тамақтары,
Жатқан [ның] арманы [не] иіскеп, әні?!

Аузынан, шырын, шекер, шыққан сөзі,
Көзіне тотия боп басқан ізі.
Жаныңды еркіңе қоймай, алар суырып,
Көзіңе күліп карап, түсер көзі.

Әкетер ақылыңды, бойдан тартып,
Көргенде толықсытар майдай балқып.
Сабырыңды қалдырмайтын бір жері (жыры) бар,
Бәрінен бұл айтқанның, айтсам артық.

Әзәзіл лағын шайтан мұны көрді,
Көрген соң, көңілі кетіп, шырай берді.
«Болды, – деп, – ойымдағы енді түгел» –
Шапақтап алақанын, қарқ-қарқ күлді.

Көңілінде енді титтей қалмады кір,
Болғанмен, қыла ма сабыр, қаншама ер?!
– «Жұмысым, ойға алған бітті!» – дейді,
– Құдая, берсең маған, зинаны (ринаны) бер!

Болады кімге залал, кімге пайда?
Әр істің ықтияры бір Құдайда.

Адамды тура жолдан шығаруға
Құдайдан сұрап [еді] күшті хайла.

Хак берді қатынларға ажар-көрік,
Мінез берді түрлі шайда (жайда) оған серік.
Еркекте ақыл, сабыр ес қалмайды,
Болғанмен дін ісіне қанша берік.

Әркімнің әр не қылса, өзінде еркі,
Онаша шет жүргенде, дінге беркі (берігі).
Ердін ақыл, сабырынан асып шықты.
Түрленген ұрғашының ажар көркі [562].

Жаратқан қылып зиба әуел бастан,
Не жан жоқ бұ жалғанда мұнан асқан!
Құл болған қатындарға әрқашаннан
Патшалар ақылменен жұрттан асқан.

Қатынсыз, ойлап тұрсаң, дүние болмас,
Болады ерге серік, қылған [ы] қас.
Қанша еркек бір қатынсыз бас қосқанмен,
Ақ орда алпыс басты іші толмас.

Адамды мас қылатын екі көз-ді [563],
Көрсө, көңіл ертетін, айдай жүзді.
Органның әрбір түрлі дауысындай,
Ләззатлы, махбубларда шырын сөзді.

Ах ұрса (отырса) қасын керіп, кеш қара қас,
Қылады көрінгенді көзімен мас.
Ғанша (ғұнша) ерін, пісте мұрын, лұлу иек,
Дүниеде бар неше түрлі асыл тас.

Су ішіп көздерінен, мейірің қанар,
Болғанмен қанша ақылды, қайран қалар.
Жүзінен шығып тұрған оттарына
Өртеніп, шыдай алмай, көңілің жанар.

Басыңнан кетіп қалар ақыл-есің,
Басуға өзіңді-өзің жетпес күшің.
Жетпесе бұ дүние ойға алғаның,
Толады қайғы-қасірет дер [т] пен ішің.

Ашылған болып гүлдей жазғытұры,
Көрініп-ей, жасырынып ішкі сыры.
Сөзіпен махбұблардың болып заһар,
Адамның кетіргендей қайғы шері [564].

Алтын шаш, қиғаш қаслы, мәнұн қабақ,
Нәркес көз, үжсе ала без, ғақық тамақ.
«Өтем, – деп, – мажазайдан хақиқатқа!»
Дәріс оқып, диуаналар алар сабақ.

Суретке қалады екен сурет қарап,
Мысқа – жез, күміске алтын іске жарап.
«Мағынасын әлиф, әбжад білемін!» – деп,
Кетеді диуаналар болып харап.

Асыл бар әрбір түрлі адамзатқа,
Жазылған үшбу сөз, – бәрі хатқа.
Шатпен ісі болмас мас болған соң,
Жұмысы фиал хақиқат болып затта.

Келсек те қырық екіге, біз баламыз,
Түкірініп көрінгенге көз саламыз.
Суреттің иесіменен болмас жұмыс,
Алданып құр суретпен біз қаламыз.

Таммата тамам болды.

[1910 ж].

Мәшһүр Жүсіптің он екі мүшесіне амандасқаны

Бисмилла ал рахман ал рахим дейін,
Құдайға хамит айтам мұнан кейін.
[А] йырған тіл мен жақты заман болар,
Сөйлеп қал, қызыл тілім, оған дейін [565].

Құйылар бір күн топырақ екі көзге,
Кім жетер бұ [л] жалғанда жасап жүзге?!
Қызыл тіл осындайда ізденіп қал,
Бір күні зар боларсың сөйлер сөзге!

Нұр жауар [Х] ақтан рахмет иманды ерге,
Таласар күн-күн сайын өнерлі өрге.

Жүзінде кең дүниенің кеңес бастап,
Жатарсың әлі-ақ бір күн қазған көрде.

Баста-ми, ақыл-естен айрыларсың,
Қайран көз жан шығарда жаудыарсың!
Қаламға аттай шапқан он саусағым-
Дал-дал боп өлгеннен соң саудыарсың!

Су емес ішіп қанар – дүние сағым,
Жігітлік қайран күнім, өтті шағым.
Астына қара жердің кіргеннен соң,
Қаларсың бөлектеніп тіл мен жағым!

Қайрат жоқ қолдан келер, қайнайды ішім,
Келе алмас қыбырлауға сонда күшім.
Саудырап бет-бетімен қалар түсіп,
Маржандай ауыздағы отыз тісім.

Жерлерде әлдеқандай болады орным,
Жалғанда жақсы-жаман кеңес құрдым.
Сасыған өз дененді өзін иіскеп,
Жатарсың шыдап сонда қайран мұрным!

Мөлтілдеп домаланған көзден бұлақ,
Сөнерсің майсыз жанған екі шырақ.
Тықырын құрт-құмырсқа естіп шыдап,
Жатарсың, амал бар ма, екі құлақ!

Дәрмен жоқ қозғалуға қол мен аяқ,
Жақпаса сол қылмысың, жерсің таяқ.
Дауасын үшбу дерттін таппаған соң,
Жасымнан жиһан кезіп, болдым саяқ.

Ұл-қызым, ара тұрмас, әке-шешем,
Албыта өлім шарабын бір күн ішсем,
Қызыл тіл ыңғайыма жүрген күнде,
Алайын арыздасып сегіз мүшем.

Мәшһүр Жүсіптің «Қатын хақында» өлеңі

Танырлық молда болсаң, құран қайтын [566],
«Раббана атина» – көр аятын.

«Фиалд дүние жасанат» – деп айтқаны,
Жалғанда болса несіп жақсы қатын.

Біз қалдық – қатын алмай, алдық қайын,
Бұл сөзде бір жалған жоқ жұртқа дайын.
«Уафи ала қарт жасанат» – деген сөздің
Мағынасы – жұмақтағы жүрлөғайың.

Тамырдың тайын алдым, алмай атын,
Алаштың қылып үйір жуық-жатын.
[Бей] уақыт азаптанар бөтені жоқ,
Кез болса маңдайына жаман қатын.

Мәшһүр Жүсіптің «Ит дүние» өлеңі (үшінші нұсқа)

Жақсыға жақсы болсан, қонбас па едің [567],
Қош әмір соларменен болмас па едің?!
Ғылымын пайғамбардың біле алмадың,
Мен сені сонан соң-ақ: «Оңбас!» – дедім.

Ит дүние, неге сонша шолақ болдың,
Қонуға жақсыларға олақ болдың.
Көзіңе көрінгенді жалаңаштап,
Бәрін де жан біткеннің тонап болдың.

Ит дүние, не жақсының көзін ойдың,
Мен сенен сонан соң-ақ әбден тойдым.

Ғали Елубайұлының «Имам Зүфір» дастаны.
Қолыма бейсенбі күн қалам алдым [568].

Мақал, жұмбақ және нақыл сөз

«Құндыгердің ауыр қолы» – деп айтады екен. Бұрынғының сөзі бар:

Батырлық – жолдасқа пайда, жанға қас [569],
Разылық – қонаққа пайда, малға қас,
Өткір пышак – қолға пайда, қанға қас.
Өтірік сөз – дауға пайда, жанға қас.

XXX

«Бір жапырақ еті жоқ, бір ұрттам қаны жоқ, белгілі жаны жоқ» – [деп] сөйленген не нәрсе? Жансыз дем алып тұрған не нәрсе?

«Бас-көзден, ауыз тілден – дәнеме жоқ» – айтқан сөзі. Артында калған екеу не нәрсе?

Жын емес, адам емес, періште емес – адам баласына тағылым берген не нәрсе?

Не жын емес, адам емес, періште емес болған нәрсе – өзі өлді, өлгендігі себебімен екінші біреуді тірінің – жарар не нәрсе?

XXX

Арай, арай, арай бар

Арай толған сарай бар.

Бурылша атқа бұғау бар,

Бұғауды кесер егеу бар,

Сом темірге балға бар,

Сұмсынғанға Алла бар.

«Жарлымын!» – деп жабықпа,

«Жалғызбын!» – деп зарықпа...

Мұнайма, жігіт, мұнайма,

Мұн тарқатар Құдай бар.

Ақ сұңқар: «Ұшқырмын!» – деп мақтанба,

Алдында жаюлы тұрған торлар бар.

Тұлпар, сен: «Жүйрікпін!» – деп мақтанба,

Алдында қазулы тұрған орлар бар.

«Басым көп» – деп, топтанба,

«Малым көп!» – деп, сұқтанба!

Дұшпан үш түрлі: біреуі – өз дұшпаның, біреуі – досыңның дұшпаны, біреуі – саған дұшпан болғанмен дос болғандар.

Дос үш түрлі: біреуі – өз досың, біреуі – досыңның досы. Біреуі – саған дұшпан болғанға дұшпан болған, – депті.

Енсегей бойлы ер Есім хан (екінші нұсқа).

Қазақ жұртының бұрынғы үлгілі билері сөз бастағанда: «Есім ханның ескі жолы, Қасым ханның қасқа жолы» – деп сөйлейді екен [570].

«Атасының аты білінбей, өз аты шыққан ерлер» (үшінші нұсқа).
[Жиырма] жеті жаста Алла тағала: «Шыңғыз!» – деп ат атанды,
мағынасы: «Хандардың ханы» – деген сөз [571].

Абылайдан кейінгі хандар (үшінші нұсқа)

Абайділда ханды Баянаула деген таудан орыс ұстап алып кетіпті. Көкшетауға Уәлиханның тоқалы Айғаным ханым қала салдырыпты [572]. Баянаулаға Шоң би қала салдырыпты. Торайғырды Абайділда ханмен бірге Омбыға алып кеткен соң, ақ патшаға қарап бағынып, қарап қойған соң, Қасымхан баласы Саржан төре бала жігіт, жас-мас күнінде саудамен келген орыстарға:

– Мұртыңды бастыр, шашыңды алдыр. Болмаса, сені садаққа тартып өлтіремін! – де [п], жақ пен оғын қолына алып, көздеп тұрған соң, орыс онымен қорқып, сонан соң кешікпей: «Қасым ұрығын орыс ұстайды!» – деген әуезе болды.

Қасым хан естіп, бала-шағасы мен өзіне ерген жігіт-желеңмен Шу, Қаратауға қарай ауып көшіп кетті. Степан Семе [ов] ич деген бір полковой шығып, Саржан төремен ұрыс қылып, екеуі жекпе-жек жеңісе алмай жүрген күнде, кәпірді суық көріп, мұсылманға жан тартып, жуық [көріп], Түркістан, Ташкент жұртына қарай жақын көріп, жан [тартып], Ташкенге барған кезінде [Ташкент] құсбегі шақыртып алып, Есенкелді деген інісі мен Әлжан деген [баласы мен] – бәрі қырық-елу шақты, бәрін шаһит қылды. Ол уақытта Кенесары, Наурызбай Түркістан шаһарында медреседе оқып жатқан бала күні еді. Бопай ханым деген апалары барып, медреседе жатқан екі інісін алып қайтып, қайта Сарыарқаға келіп, Қуандық, Сүйіндік деген елдің шетінен жыр-малап, азын-аулақ ел қолына түсіріп алып, Кіші жүздің: Беркі, Шейте, Жаппас, төрт Шөмекемен жау болып, Обаған, Тобылдан барып, алты атаның баласы Балқожа, Жанқожаның елін шауып, талап алды. Есіл, Нұра бойында Қоңырқұлжа төремен жау болып, Қаратаудың түбіндегі Созақты шауып, Отыншы, Сушы деген түбі қырғыз – екі бегін өлтір [іп], ойда – орыспен, қырда қазақпен өш болып жүріп, сегіз жыл үргін-сүргін жүріспен ханлық қылып, ақырында Алатаудағы қырғыз Әйтеке Жырықтың ұрпағы Жанқараш, Жантай қолында [шаһ]идлік

[д]әрежесін тапты. [Кене] хан жылы қ[оян] [еді]. [Қырық] жасында, жылқы жылда [демі таусылды]...

Мәшһүр Жүсіптің «Исабек ишан» өлеңі (екінші нұсқа)

Дүниеден жақсы да өтті, жаман да өтті,
Бір бізден ақыр тиыш [лық] [кетті].
Әулиелі Аккөлді мекен (отан) еткен –
Сөйлейін (Айтайын) бір асыл зат гау [һар] [текті] [574].

Өзі ишан, жұрт бастаған, заты кожа,
Нәсілі Сейітзада сондай таза.
Әр түрлі қасиетін ойға түссе,
Болмас [сың] бұл күйікке қайтіп [наза]?!

Жолынан шариғаттың адаспаған,
Дін тұтпаған наданға жанаспаған.
Қырмызы қызыл жібек сықылданған,
Бар еді қай мінезі жараспаған?!

«Қызыл тіл – өнер алды» – шешенім-ай,
Жылысқан жорғадайын көшелім-ай!
«Абылай аспас – сары бел» Сүйіндікке
Пір болып үлгі шаш [қан] [көсемім]-ай!

Шәрбатын Баязит бастам [и] дай,
Хикаяң Рүстем [дастанындай].
Мысалы махаббатың [575] бек ләззатлы,
Гүл райхан фағхор шын [бастанындай].

Шыншылық хазіреті Сыздықтай бар,
Көрдін бе бұ жалғанда, ай, жа [рандар]?!
«Алтынның қолда барда қадірі жоқ»,
Артыннан, жұрт таба алмай, [болдык қой зар!].

Айбатың бар-ды ғәділ (әділ) Ғұмардайын,
Түзеттің шариғаттың әрбір [жайын].
Сүннетті парызларды ада қылып [576],
Дін [ісін] махам тұттың солардайын.

Жомартлығың сахаба Садуақастай,
Бибаһа [бибаға], ол кәбірит [мәрмәр] тастай.

Сүннетін пайғамбардың махкам тұтқан –
Кәнеки, кім бар еді сонан басқа-ай?!

...[Тарих] ат, мағрипаттап үлгі шашып,
Құдайға жарастықты қылып [қызмет].

Атасы Мұратқожа әулие өткен,
Бұтақтап бірден-бірге келіп жеткен.
Арғы атасын сұрасаң, Назар ишан,
Тазарып шыққан гауһар асыл тектен.

Салила ол имам раббани [577]

Олар дүр мұждаду уалғитани.

Алған да, алмаған да арманда боп,
Дариға, көрмей қалдық біздер, әне!

[Туғаннан] шариғат жолын қуған,
Жолына дін – исламның белін буған.
[Табылмас дүр] найаб (набаб) гауһарым-ай,
Сағадат қандай жақсы күнде туған?!

[Пір болып] кереметлі шықты жастан,
Данышпан, ақылды еді жұрттан асқан.
[Қанша білмес] наданды жөнге салып,
Бұлақтың тұнып жатқан көзін ашқан.

[Жасынан] артық болған алапаты,
Жеткендей мың сан жанға шарапаты.
[Өзіне] өле-өлгенгенше жоламаған,
Бад-бақыты, сұм дүниенің, әр апаты.

Басынан бақ-дәулеті көшпей кеткен,
Шырағы жанып тұрған өшпей кеткен.
Қанша жан қастықпенен жабылса да,
Кәпірдің қағазына түспей кеткен.

[Тар жерде] жанға пайда керектім-ай,
Ақыл мол, күш-қуаты білектім-ай!
[Өзіне] қанша дұшпан қаптаса да,
Саспайтын, асықпайтын жүректім-ай!

Жоктайды Қарабұжыр қалпыменен
Әжеке, Дәнен, Тентек халқыменен.

Дүниеден өтіп кеттін, қайран ерім,
Бұрынғы ғазизлардың салтыменен.

Бір аз күн бұл Аркада болдың қонақ,
Дүние, опасы жоқ, не еткен шолақ?! [578]
Әжібайдың алты ұғлы (ұлы) ықылас берген,
Оларда (Аларда) жоқтайды екен абыз Шумак.

Жолаба – Қыпшак деген бір қыдыру ел,
Және Керей, Күрлеуіт, – о да түгел.
Теп-тегіс мүрид болған не кемеңгер, –
Қалдық қой тегіс шулап Жайылма, Ақкөл.

Актілес, Сырым, Күшік-Бәсентиін,
Олардан бола ма екен Найман кейін?!
Дүниеден өтіп кетті-ау қайран ерім,
Түзеткен өз өз әлінше (хәлінше) діннің үйін.

Ас берген шыныменен Апай, Бәрі,
Жоғарғы Қанжығалы онан гөрі.
Айдабол мен Қаржастан ықылас берген,
Қаска жайсаң, – не маңғаз кемеңгері [579].

Төрт арыс: Қама, Жапар, Есен, Бозым [580],
Аркада ту ұстаған жалғыз өзің.

[Т] аксырға бала болған көп халайық,
Жылайды: «Сағындық, – деп, – айтқан сөзін!»

Бәрекелді, баспа немен ойлайды екен,
Боранбай әр кез айтып қоймайды екен.
«Ағузи иланың ашта» Сырым, Керей, –
Бәрі де Ишекеме тоймайды екен.

Бір халық сипанитте құла тайым,
Көңіліне саналы ердің түсті уайым.
Қазақтың жалғыз туы құлаған соң,
Қатындай к [а] лдым өлген байым.

Біраз күн дәурен сүрдік мүрид бастап,
Жылайды халқың жоқтап, көзін жастап.
Жұлдыздай Өмірзая туып батқан,
Биопа бұл дүниені кеттің тастап.

Басыңнан қозғалмаған бақ талайың,
Қоршаған алды-артыңнан Күн мен Айың.

Пірлерің: Шайых, Баһадур, қолдап тұтып,
Ағылайы Ғалиында болсын жайың.

Білмедік: аз күн тірі жүрмесінді,
Бұл шақта дүние-жүзін көрмесінді.
Дуадан басқа бізде ешнәрсе жоқ,
Білген соң қайта айналып келмесінді.

Көруші ең ғалымдарды шыбын жандай [581],
Сұқбатың бек ләззатлы халуа балдай.
Артыңда – қалды жалғыз қырық бес бала,
Болады заманында әлдеқандай?!

Адасып азған елдің пірі болмас,
Ғамалдың пірсіз қылған түрі болмас.
О дағы тегін ағаш бұтағы емес,
Әйтеуір тірі болса, құры болмас.

Көрсеткен әр бір түрлі нышананы,
Білдірткен кереметпен ишараны.
«Әулие өлік емес, тірік», – деген,
Қолдай гөр кәріп біздеі бейшараны!

Шам сөніп, болды дүние – қараңғы үйдей,
Кеттің ғой бір сүртуге көзге тимей.
Паналап барар жан жоқ жан-жағымда,
Тұрайын бұл күйікке қайтіп күймей?!

Арқаға Қоңырбайдай халфе келген,
Қанша жұрт оған құлап ықылас берген.
Бұйырып Баянтаудан топырағы,
Күнінде қаза жетіп о дағы өлген.

Онан соң Жүсіп ишан шыққан заттан,
Шұбар төс, шынжыр балақ зобыраттан.
Біраз жыл Әмір, Мағрұб үлгі шашып,
Басында бір төбенің о да жатқан.

Әулие Құлболды ишан шықты бұрын,
Не затлар бұл Арқада қылған орын.
Файзолла ишан һуайда кабат шығып,
Білген соң кетіп қалды халықтың сырын [582].

Бір халфе Төртуылдан жұрт бастады,
Қылған ісін хылап деп жұрт тастады.

Қанша ишан, қанша мүрид шыкса-дағы,
Бәрі де Ишекемнен бір аспады!

Дұғагөй кемиді ғой әрбір жайда,
Кешегі Сейітқожадай кожа қайда?!
Ишан бар: өзі қажы Бесмұхаммед,
Демесен қара қазақ ел-Алтайда.

Бола ма заты қара таза тектей,
Бәрінен озып шыққан баса көктей.
Табылмас енді Аркадан сондай ғазиз,
Хазіреті ишан дұғагөй Исабектей!

Көрдің бе менің қапа болғанымды,
Айып көрме дым айта алмай тұрғанымды.
Атыңды күйгенімнен атап салдым,
Кеше гөр әдепсізлік қылғанымды!

Жайылма, Ақкөл, Қонай [583] иесіз қалған,
Дуа қыл Ишекемді есіңе алған.

Ақкөлдің әулиелі өз басында,
Таксырдың ғимаратын сонан салған.

Медресе, там қасына, мешіт салған,
Бұйырып топырағы сонда қалған.
Жетеді ойына алған мұратына
Әдейі зиаратқа іздеп барған.

Күмбез бар орнатулы бастарында,
Біз білмейтін ғазиз бар қастарында.
Әркімді әр түрменен жұбантады
Сұм дүние алдап бір күн [584] тастарында.

Ишекем өтіні кетті бұл жалғаннан,
Келу жоқ қайта айналып сол [барғаннан].
Бір ғазиз енді сондай шыға қалса,
Дариға, шығар едік біз де арманнан!

Дариға, бұл жалғанан өттің, кеттің,
Біздей ғапіл сорлыны арманда еттің.
Серкесіз қой секілді суға түскен,
Әр жаққа сергелдең қып теітіреттің [585].

Періште төрт мұқараб хақиқаттан,
Төрт пайғамбар жол ашқан мағрипаттан.

Әбубәкір, Ғұмар мен Ғұсман, Ғали –
Олар да үлгі шашқан тарихаттан.

Шарифаттың төрт имам тұрған жері,
Түгендеуге керекті ердің ері.
Кәміл мүрид етегін тұтпағанның
«Болады, – деп айтады, – шайтан пірі».

Жол жүріп, шекпе сапар, жоқ-ты пайда,
Үйде жатқан адамға келу қайда?
Басшы жоқ, бастаушы жоқ жүре қалсаң,
Ұры бар жолың тосқан әрбір жайда.

Сол жолмен жүрсең, көп қауіп-қатер,
Басшысыз қадам қойсаң, басың қатар.
Жетпек түгіл желкеңнен қиыларсың,
Аяғың бір басқанда-ақ миға батар!

Жарандар, олай болса, керек басшы,
Насихат наданға айтқан удан ашы.
Бетімен болғаннан соң бара алмайтын [586],
Кәнеки, адастырмас басшы тапшы!

[Иа, Раб] бым, Ишекеме ракмет етсін!
Бак, аруак руына қайта бітсін!
«Көп сөз – күміс болғанда, аз сөз – алтын»
Осымен сөзін Мәшһүр тамам етсін [587] !

[К] ой, колым, айтпа тілім, тоқта қалам [588],
Сен айтқанмен, өлмейді түгел тамам.
Рухына Исакемнің бір дұға қыл
Бұл сөзді оқып, естіп білген адам.

Тамматы тамам болған бұл хикаят,
Сәлемім жігітлерге көп сияпат.
...еренлерің шадыман болсын,
Оқыңыз бір дұғаны, көп жамағат.

Мәшһүр Жүсіптің «Бақ құсы» өлеңі (екінші нұсқа)

...Қазақ еткенде, сарп еткен Атымтай да
Апарып екі ортаға делдал қойдың [589].

Бірі – тірі, бірі – өлі: «Ал» мен «Бердін»,
Мал кашты уысынан һамматлы ердін.
«Шық бермес Шығайбайға» – тұрақтады,
О-дағы біліп алды берген жердін.

Бақ деген бұрын бір құс болушы еді,
Қиядан-кияға ұшып конушы еді.
Асыл зат, текті жерді таңдап конып,
Жарасып тұғырында тұрушы еді.

Бақ құсы осы күнде шыбын болды,
Қайда сасық, іріңді тауып қонды.
Таздың басы, пұшықтың мұрнын тауып,
Бүгінде ақсақ – соқыр – бәрі де онды.

Біздерге әртүрлі өлең Тәңірім берді,
Қыдырдык денсаулықпен талай жерді.
Астында жаппа күрке көшершілік,
Аксақал Жапке бірлан Ғайса келді.

Көре алмай, сағынғаннан көптен бері,
Жаксы екен аз өмірде болған тірі.
Бас қосып қадірлескен жаксылармен
Таркады біраз құмар, көңіл кірі.

Ежелден көшпелі еді мінез біздің,
Жаксысын көріп едік бұл үш жүздің.
Алмаңыз көңіліңізге, ай, ағалар,
Бабыңыз болмай кетті екі егіздің.

Кәрілік туралы

Көшекең сөзі.

Елу деген – ер жігіттің [жасы] екен [590],
Алпыс деген – бір сұмдықтың басы екен.

Асулы тұрған ет те жоқ,
Ашулы тұрған көт те жоқ,
Қарсы шабар камал жоқ,
Оған қыла [р] амал жоқ.
[А] йқай-[ұ] йқай кәрілік қайтсін,
Қайтып келер заман жоқ.

Шортекең сөзі.

Жайнап тұрған көзді алдың,
Сайрап тұрған сөзді алдың.
Алып атандай күшті алдың,
Ақ меруерттей тісті алдың.
Үлбіреген бетті алдың,
Уылжыған етті алдың.

– Ай, кәрілік, неңді алдым?
Кеспей, пішпей, ат қылдың,
Алғанменен жат қылдың.

Ай, кәрілік, неңді алдым?

Өлім хикаясы [кетіп баяны]

Қалғанда тар лақатта жалғыз өзім,
[Әрка] шан жұмылғанда екі көзім.
Айрылған жан мен тәндей қаларсың сен,
Жалындай жүрек жарған мұңлы сөзім.
Қайғылы қысқа өмір, күнім өтіп,
Жан мен тән айрылса да күні жетіп.
Жасырман қандай күймен айтқанымды,
Кім білер қандай... ...ім кетіп.

Белгісіз бір мәтін аяғы

«Көк аланы бір-ақ балалы малға сатыпты – деген сөз сонан қалды» – деседі. «Басы айырдан – көті айыр – деген сонан қалды» – дейді.

Қазақ мақалдары

1. Барлы, барлы тау,
Басы есеннің малы сау.
2. Ұйықтама [са], қабак жаман,
Ішпесе, тамақ жаман.

3. Жыртык үйге тамшы жау,
Арык атка қамшы жау.
4. Кетеген болса – түйен жау,
Тебеген болса, биен – жау,
Ең жауыңның үлкені –
Тіл алмаған қатын – жау!
5. Қашқақ болса, атың жау,
Ұрысқақ болса, [катын жау].
Керіскек болса, келін жау.
Ұлың он беске жеткен сон,
Тіл алмаса, о да жау.
Көкпектен өліп қалмаса,
Жасында күйеу алмаса,
Бәрінен өткен қызын жау.

Мөңке бидің сөзі:

Азарсың, жұртым, азарсың [591] !

Сүлеймен мен құмырсқа патшасы

Ағузы билламин, ал шайтан, ал ражим! Бисмилла ал Рахман ал ражим уахышыра Сүлеймен... күндерде бір күн хазірет Сүлеймен ғалайссалам... екі сегіз жүз шақырым [592]...

Едігенің Тоғаспен құда болуы

(төртінші нұсқа)

Едігенің бала жігіт, жаңа [үйленген] кезінде үйінің сыртынан он кісі келіп түсе қалды [593]. Шатыр тігіп берді. Және он кісі келіп, о да түсе қалды. Оған да бөлек баспана тігіп берді [594]. Түн болды, қонағасын беріп жатты. Таң атқан соң, ұйқы қанып, тамағын ішкен соң, би келіп;

– Жол болсын! – деп жөн сұрады:

– Ұлы жүз: Үйсін-Тоғас бидің елінің адамларымыз. Өзді-өзіміз даулымыз. Дау себебі: ұрыс-төбелес болып, бір қатын бала тастап, соны құрым кигізге тігіп алып, өз еліміздің [биі] Тоғас биге алып бардык, – деді.

– Көз таңбалы Арғында Манас би деген бар еді. Соған барындар! – деп, бізді бұйрық қып, соған, Манас биге айдады. Оған келін едік:

– Қаз дауысты Қазыбектің баласы – Бекболат биге барындар, – деп, бұлай айдады. Бұған келіп едік:

– Кеше үш жүз басы қосылғанда, Үйсін – Төле менен ердің құнына екі-ақ ауыз сөзбен біткен Едігеге барындар! – деді, сізге айдады. Жүрген жайымыз-сол! – дейді.

Екі даугерлерді алдына алдырып:

– Құрым кигізге тіккізген баланы алдыр! – дейді [596]. Кигізін сөктіріп көрсе, түсік екен. Анық бала болған жоқ екен де, бас, қол, аяқ – мүшелерден белгі жоқ екен. Ортан қол, сұқ қол сықылды егіз бала екен.

Сөзі мынау дейді. Едіге би бұған бұлайша төре берді дейді:

– Мұнда бас дейтін бас жоқ екен, көз дейтін көз жоқ [597], ұстай-тұғын қол жоқ екен, жүретұғын аяқ жоқ екен. Он екі мүше түгелденген жоқ екен. Бұл адам есебіне қосылмайды. Бұған құн бұйырылмайды. Бірақ ата-бабамыздан сөз бар еді: «Даушы құр қалмай да, жаншы құр қалмайды» – деген. Бұған айып керек. Ұрыс-төбелес болғанлығы үшін, таяқ жеген қатынға жақтас болғандарың ат бастатқан «тоғыз» қып айып тартындар. Қатынды ұрғанда, жақтасқандарың түйе бастатқан «тоғыз» тартындар. Бір «тоғызды» Тоғас бидің босағасына байландар. Бір «тоғызды» Манас бидің босағасына байландар! Бекболат пен екеуімізге бітіріп қайтарған [598] абырой да болады! – дейді.

Екі жағы да риза болып, бұл сөзді Бекболатқа барып айтты.

О да: «Пәлі-де!» – дейді. Манас биге барып айтты. О да: «Пәлі-де!» – дейді. Тоғас биге барып айтты. О да: «Пәлі-де!» – дейді. Тоғас би Едігенің сөзіне риза болғандықтан, қыс ішінде он жігіт жіберді:

– Едігеде қыз болса, құда түсіп келіндер! Егер қызы жоқ болса, еркек баласына бізден қыз айттырсын! Құда болалық, шақырып келіндер! – деп.

Қыс ішінде он жігіт келді. Едіге биде қыз жоқ екен. Қиғара деген ұлы бар екен. Соған Тоғас бидің Нақ деген қызын айттырып, жарасқан соң: «Елдің жайлауында, биенің байлауында қарсы келіп, құда түстіріңіз!» – деп, шақырып қайтты. «Бұлардың жолы құр қайтпасын!» – деп, он кісіге он ат, он қара құлын жолын қылып, жарғақ кигізіп қайтарды.

Жаркырап жаз шыққан соң, күркіреп көк шыққан соң, Едіге би бірнеше адамлармен Тоғас бидің еліне барса, Тоғас бидің елі бір аққан өзен судың бойында екі жағы жарқабақ өткелсіз су екен. У-шу, азан-казан, ине шаншар бос жер жоқ болып, тізіліп жағалай [599] ел қонған екен. Қым-қуыт, шым-шуыт болып шулап жатқан бір ел. Таң-тамаша қалып, Тоғас бидің үйінің сыртына келіп түсті. Тоғас биге келіп, көрісіп, амандық айтысып болған соң:

– Бұл у-шу, аласапыран, не нәрсе? – деді. – Жанғырыққан неме-не? – дейді.

Тоғас би айтты:

– Мұның мәнісі бар, – деді: – Кәрі қатты Жәңгір хан деген ханымыз бар еді. Соның жалғыз баласы бар еді. Сол жалғыз баланың өлгеніне бүгін сегіз күн болды. Жалғыз баласы өлген соң, хан елге жарлық кылды:

– Төрт түлік малдың енесін судың бір жағына қойсын, баласын бір жағына қойып, шулатсын, мендей зарлансын! Қозыны қойға жамыратпандар, бұзауды – сиырға, құлынды – биеге, ботаны – түйеге! Мен қандай аңырасам, жан-жануар – мендей аңырап, зарлансын!» – деп.

Сол жарлық бойынша бүгін сегіз күн болды төрт түлік малдың баласы енесіне жамырамағалы! Мал шулап, азан-казан болып тұрған соң, халықта не тыныштық, не құзыр болсын?! Хан өзі сонан бері дым сызбай жатыр. Төсектен басын көтермейді, теріс қарап жатқан бойымен жатыр. Ешбір жанның сөзі құлағына да кірмейді, дес те бермейді. Еліміздің қым-қуыт, шым-шуыт, у-шу болып тұрған мәнісі – сол! – дейді.

– Ханның өзі Құдайға құл, Мұхаммедке үмбет пе? – дейді.

– Құдайға құл, Мұхаммедке үмбет – дейді.

– Ендеше ертең [оның] басын төсектен шошығандай қып, көртейін! – деді.

– «Оналар істің басына, // Жақсы келер қасына», – деді. – Бүгін қонағасыңызды жеп, тынығып жайланыңыз. Ертең сізді ханның ордасына алып барайын, – дейді.

Бұл түн жатып, таң атқан соң, Тоғас би Едігені ертіп, ханның ордасына барды. Қазақ дәстүрінше құран оқып, дұға кылды. Одан кейін ашық қып:

– Алдияр! – деп, сәлем берді. Өз білгендерінше:

– Хал [ық] орынша! – деді.

Хан басын көтеріп бұларға карамады да, дес те бермеді. «Күнде келіп жатқан көптің бірі ғой!» – деп [отыра] берді [600]. Сонда Едіге шарт жүгініп отырып сөз бастады:

Ақ сұңқар ұшты ұядан,
Қол жетпейтін қиядан.
Тұяғы бүтін тұлпар жоқ,
Қияғы бүтін сұңқар жоқ.
Тұлпардың тұяғы,
Тасқа байласа, кетіледі,
Суға байласа, жетіледі.
Алтын қоңырау үзіліп жерге түсті.
Құс маңдайлы, жез таңдайлы
Бір тұйғын балақ бауын үзіп, тұғырынан ұшты.
Құдайдың саған бір жабдығы түсті.
Мойының жуан, көтерерсің!
Көтермегенмен, амалың бар ма?!
Оны алған Құдайдың әмірі күшті!
Көтер, хан басыңды!
Босатпа беліңді,
Мұңайтпа еліңді!
«Тозбасты ұста соқпайды,
Өлместі құдай жаратпайды» – деген! – дейді.

Сонан соң хан басын төсектен жұлып алғандай, көтерді. Едігеге қарап ежірейіп, қадала қалды. Біраздан соң айтты:

– «Көз таңбалы Арғында Едіге деген бір жас бала бар», – деп, естуші едім. Солмысың, жоқ басқа біреумісің? Айнам, жөніңді айт?! – [дейді].

– Болсақ, болармыз, – дейді.

– Айтқан аузыңнан да айналайын, сені көтеріп тапқан қатыннан да айналайын! Балам өлгелі сегіз күн болып еді, осындай бір ауыз сөз айтып, көңіліме тигізген жан жоқ еді. Балам тірілгендей, көңілім тірілді, – деді. – Менің осы қайғым қайтсем қалады, не қылсам, құтыламын? Менің қайғымды кетіріп, орнымнан тұрғызып кет! – деді.

– Сенің бұл кайғың жиылған көптің тобында қалады,
Атылған мылтықтың оғында қалады.
Қыран құстың қияғында қалады,
Жүйрік аттың тұяғында қалады.
Аққан судың бойында қалады.
Сұлу қатынның койнында қалады.
Өлім деген, шіркін, өрт емес пе?
Ойын – күлкі, сауық, көңіл көтеретін сол емес пе?!

«Ит өз құйрығын өзі алып жүрмесе, оның құйрығын кім көтеріп жүреді?!» – деген сөз бар емес пе? – дегенде, хан төсегінен ұшып түрегеліп:

– Өшкенім өніп, сөнгенім жанды ғой! – деп, малды жамыраттырып, дүние жүзін шаңдаттырып, қыран құс, жүйрік ат, тұзу мылтық жинаттырып, той – тамашалар қылдырып, Тоғас бидің киітінен ханның сыйыты асып кетті дейді. «Өнер алды – қызыл тіл» – деген осы.

Тоғас бидің қызы Нақты қыс ішінде ұзатыпты, – дейді. Тоғас бидің [қатыны] қызын:

– Едіге бидің үйіне ертіп алып барып, құтты жеріне қондырып қайтамын! – деп, бірге ере жүрген екен. Жүріп келе жатып, қонып түскен жерде қызы мен күйеуі отырған күркесіне кіріп келсе, күйеу қыздың екі аяғын қойнына тығып отырғанын көріп:

– Мына, шіркін, жұрт болмайды екен, барып болмас! – деді, сол жерден Едігеге ішкі сырды, «күйеуінің» жайын айтпай, амандасып, өкпелеп қайтып кетіпті [601].

– Нақтан туған Шаржау жалғыз. Шаржаудың бәйбішесінен Добан жалғыз. Тоқалынан: Үмбет, Мәмбет. Мұнан – Садуақас.

«Добанның қатынына қызығып, Шоң бидің тоқалының баласы Қорабай деген Ерейменнің бауырында, Қарасеңгір деген жерде Шопай жартасының қарасуына мойнына шылбыр салып, терең қарасуға тастап, өлтіріп, қатынын алған. Өзін Ерейменнің ішінде көлдің басына қойған. «Үш мырзаның көлі» – атанған: Төкей, Таксей, Добан – үшеуі бір жерде!» – депті.

Шамен, Қаракыз, Сайділда: бұл үшеуі – Добаннан. Үйсін: Ошақты – Жалайырдың Ошақтысы – Малай, Жәдігерінен тапқан Құлназар дегенді өлтіріп, құн бермей кеткен.

Сол турасында Бөрібай ақын айтқан екен. Өлеңмен Бөрібай ақын күн сұрағаны:

Ошақты, Құлназарға күн бермексің,
Алты «жақсы», жүз жылқы пұл бермексің!
[А] лты «жақсы», жүз жылқы күн бермесең,
Тұлымды қыз, алтын айдар ұл бермексің!

Құлназар келіп өлді ауылыңа,
Ішім оттай күйеді бауырыма!
[Алты] «жақсы», жүз жылқы күн бермесең,
Есенбай таңба басар сауырыңа!

Мәшһүр Жүсіптің «Сүлеймен мен Байғыз» өлеңі (екінші нұсқа)

Ескі сөз бұрынғыдан қалған екен [602],
Жаңа сөз қанша айтқанмен, жалған екен.
Пайғамбар тақ Сүлеймен болған жерде
Бір сұлу тандап жұрттан алған екен [592].

Әрқашан адамзатқа нәпсі ғалыб (қалып),
Талай жан қатын алып, болған кәріп (ғарыб).
Сол қатын не айтқанын қылдырыпты,
Патшаны тақ Сүлеймен билеп алып.

Жолына қылып пида жанды дейді
Бір қатын билеп-төстеп алды дейді.
Аспанда құстай ұшып жүрген тақсыр
Пенде боп бір қатынға қалды дейді.

Дүниенің біле алсаңыз [603] шын-жалғанын,
Құлыңа жалған дүние қол салғаның.
Патшаға тақ Сүлеймен қылдырыпты,
Сол қатын дүниеде ойға алғанын.

– Қолың жетіп тұрғанда, қарма, – дейді,
– Атың жүріп тұрғанда, шарла, – дейді.
– Жананым, жаннан артық жақсы көрген,
Жалғанда ойға алғаның бар ма? – дейді.

– Өлшеусіз мұнан артық бақ болса екен,
Сары ала саф алтын тақ болса екен!

Болғанша қиямет қайым тот баспайтын
Шанқандай үй сүйегі ақ болса екен!

– Жанымнан өтті менің айтқан сөзің,
Отырсам, бәрі түгел, көріп жүзің.
Не нәрсе [бұ] дүниеде тот баспайтын,
Ақылды данышпаным, айтсайшы өзің!

– Домбыраның күйін тартар тиегінен,
[Сөз] саулар ақынның жақ иегінен.
Болғанша қиямет қайым тот баспайтын,
Үй салдыр тамам құстың сүйегінен!

Сүлеймен зайыбының тілін алған,
Жиғалы тамам құсқа айдау салған.
Тамам құс бірі қалмай жиылғанда,
Бір құс бар: «Байғыз» – деген келмей қалған.

– Бара гөр байғызыма құлдық қылып,
Болғанша қызылшақа жүнін жұлып.
Мұрнының тесігінен жүн өткізіп,
Алып кел, келмесе де, зорлық қылып!

Қаршыға байғыз құсқа барып келді,
Ай жүріп, ара қонып, арып келді.
Мұрнының тесігінен қыл өткізіп,
Сорлыны дедектетін алып келді.

– Байғыз-ау, кейін қалдың ақыл тауып,
Қаршығам арып қалды, саған барып.
Толғаның толы бөк іске (шеке) шыдап (сыздап)
Боласың неге тұлға келмей қалып?!

– Патша әділ болмаған соң күн (көре алмай),
Өлерміз қоршылықпен жем жей алмай.
Өлік пен тірікті салыстырып,
Екеуін жатыр [едім теңгере алмай].

– Алдымнан кете алмайсың енді қашып,
Одан да жалынып бақ, шыныңды айтып.
Тіріні өлік пенен салыстырсаң,
Білдің бе екеуінің қайсысы артық?!

– Табылса әділ патша, ғарызым айтып,
Кетер ем мекеніме бірақ қайтып.

Өлі менен тіріні теңгеріп ем,

Тіріден болды өліктің біреуі артык.

– Көз жұмбай, дария кештім пенделіктен,
Көрмедім пайда жиған дүниеліктен.

Тумак, өлмек – артық-кем жоқты-ау іс-ті,

Тіріден өлі артылды не себептен?

– Жалғанда аз күн теріп несіп жерміз,
Білмейміз – бұ жалғанда не үшін жүрміз?

Кей адам ерте жатып, кеш тұрады,

Оны біз: «Тірі – демей – өлі!» – дейміз.

– Кеш тұрып, ерте жатып, кесір жаска,
Жаздырып қою керек мұны таска.

Беріліп күні бойы күлмей жаттың [604],

Бар ма еді алданышың мұнан басқа?!

– Шамалап өз ойымды, меңгере алмай,
Барамын болып қисық, жөндей алмай!

Еркекті қатын менен салыстырып,

Оны мен жатыр едім теңгере алмай.

– Байғұс-ау, құтылмасаң шыныңды айтып,

Өлерсің қоршылықпен бейнет тартып.

Еркекті қатын менен салыстырсаң,

Білдің бе екеуінің қайсысы артық?

– Еркекті ессіз қылып, қара басып,

Қор болды ұрғашыға араласып,

Еркек пенен қатынды теңгере алмай,

Бір қатын артық шықты саннан асып.

Көз жұмбай дария кештім пенделіктен,

Көрмедім ешбір пайда түзуліктен.

Құдайым артық- [кемсіз] [жұп] жаратқан,

Болғаны қатын артық ол неліктен?!

– Жалғанда аз күн жүріп, несіп жерміз,

Білмейміз бұ жалғанда не үшін жүрміз?!

Кей адам қатын тілін алатұғын,

Біз оны еркек демей, қатын дерміз.

– Қаралдың жұдырықтай, ақылың зор,

Қатын тілін алғанды қылдың ғой қор!

Айырдың қан төгетін көп кінәдан,
Байғызым, қашан дүние тұрғанша тұр.

Қылыпты тамам құстың бәрін азат,
Байғыздың бұл сөзіне көп болып шат.
Қатынның басын сонда алдырыпты:
– Сен мені жұртқа рәсуа қылдың – деп, – [мат] !

Талайды қатын жолдан аздырыпты,
Ақымақтың көбіне көр қаздырыпты.
«Гибрат боп кейін [гі] ге қалсын, – деп, – жат!» [605]
Кітапқа мұны-дағы жаздырыпты.

Мәшһүр Жүсіптің «Өлім алдындағы хал» өлеңі.

Қаламды жазайын деп алдым қолға [606].

«Абылай аспаған сары бел» – аталған мәнісі (екінші нұсқа).

Ғаламда он сегіз мың жан болыпты [607].

Мәшһүр Жүсіптің «Жетпіс бап» – дастандар шоғыры (екінші нұсқа)

Он екінші бап

...ұғлы дүние салды,
Бірін – Ғалы, екеуін Ғұшман алды [608].
Біреуі бір орынды жерге барып,
Жалғыз-ақ Фатимадан мирас қалды.

Жеткенде қырық жасына Құран еніп,
Хақ пайғамбар екенін ғалам білді.
Жебірейіл пайғамбарлық алып келіп,
«Ақыра бисмилла» – аяты ендірілді.

Әуелі Хадиша анам ақырар қылды,
Онан соң хазіреті Ғалы дінге кірген.
Онан соң Әбубәкір ислам тауып,
Осы дін соларменен көтерілген.

Онан соң Зайда мен Хырыш дінге кірді,
Сонан соң мәрте-мәрте келе берді.
Пайғамбарлық келгеннен билан қарай
Тағы да Әбужаһил күндеп жүрді.

Халықты пайғамбарға иландырмай,
Айнытып Жаһил лағнет бұза берді.
Тағы да Жаһил лағнет дұшпан болып,
Бірсыпыра жығмет ере берді.

Әбубәкір, Ғұмар мен Ғалы жолдас,
Соңынан ертіп алып қауым елді.
Мұсылман күннен-күнге көтеріліп,
Шарапатын расулдің көзі көрді.

Сол уақытта жолдасы үш жүз кісі,
Баршасы: «Пайғамбар»! – деп, сыйына берді.
Бір күні Жебірейіл келді жетіп,
Пайғамбар Әмһанының үйінде ерді (еді).

Келіпті уахыралиа жалғыз Хақтан:
«Қонаққа өз қасыма келсін!» – депті.
«Достым бұған мінсін!» – деп жіберіпті,
Бір пырақ алып келді ол ұжмақтан.

Екеуі сол мезгілде жөнеліпті,
Қасыма Тәңір оның берген бақтан.
Көз ашып жүргенінше Құдыс барып,
Мұхаммед нәпіл намаз оқып шыққан.

Ғайсаның көкке шыққан ізіменен,
Ғарышқа қарсы қарай пырақ асқан.
Жеті қат көктен өтіп Ғаршы барып,
Сарайын сегіз ұжмақ аралатқан.

Сегіз ұжмақ ішінде жүр хор қызлары,
Хақ расул тамашаға көп қараған.
Барыпты онан өтіп қабақ ұсайын мықайына,
«Апақ» – деген орында Хақты тапқан.

Тоғыз мың тоқсан ауыз сөз сөйлесіп,
Ішінде бір сағаттың барып қайтқан.
Қайтып келсе, жылуы басылған жоқ,
Жылуы төсегінің түнде жатқан.

Құманның тамшысы басылмайды,
Шүмектен құйғандағы тамып аққан.
Есіктің күршегі [н] сылдырлатып,
Манағы сапарында ашып жапқан.

– Бір сағат – деп, айтсам да, келмейді өзі,
Айтсам да: «Беремін!» – деп, кінә таппан.
Таң намазын оқырда жылу жеті,
Халыққа миграждың жайын айтқан.

Сол жиылған халықтың ортасында,
Тұр екен Әбужаһил Тәнірі атқан.
Кейі нанып, кейбірі күмән көрні,
Ешбірі сөйлемеді жамағаттан.

Үндемей көп жамағат отырғанда,
Сөйлейді Әбужаһил ана жақтан:
– Иа, Мұхаммед, сөйлейсің нені? – депті,
– «Нанар» – деп отырмысың мені? – депті.

– «Жеті көктен әрі өттім» – дерсің,
Келе ме бұл сөзімнің жөні? – депті.
Тағы да баска жерде сөз ғып сөйлеп,
Екінші айтамысың мұны? – депті.

– Бұ сөзбен бірталай жұрт бұзылады,
Жамағат, қойыңыз мұны, – депті.
Ұялмай: «Бір сағатта ұшып барып,
Көрдім, – деп отырмысың – аспан көкті?!»

– Ол өзі бір жәдігөй сикыршы, – деп,
– Онан да өтірігі асып кетті.
Жаһилге қарсы қарап Хақ пайғамбар:
– Уа, Алла, бұ сөзім рас! – депті.

– Қоймаймын, – деп айт [қ] аң – қаранлар, – деп,
Ақырып Әбужаһил айғайлапты:
– Бұ қалайша пайғамбар болады? – деп,
Ішінен жұрттың барып күмән айтты.

Бірсыпыра мұсылман: «Шын!» – деп біліп,
Бірсыпыра мұнафықтан дін кетті.
– Иа, Алла, өзің нандыр осыған! – деп,
Ішінен пайғамбарым қайғы жепті.

Пайғамбар үйге таман келе жатса,
Алдынан Әбубәкір қарсы кепті.

Жаһил да жақын (иақын) екен сол арада
Пайғамбар миграждан сөз сөйлепті.

Хақ расул мигражды айтқан сайын:

– Хақ [қ] а жар (иар), расул Алла тақсыр, – депті.

– Достына [Жаһилға] мұның бәрі қажет емес,
Нанбаған осы сөзге кәпір! – депті.

Инанған (иланған) халайықтың көңілін басып,
Сол жерде Әбубәкір тамаша етті.

Әбубәкір Құдайдың сөзін естіп,

Қайғырып Әбужаһил есі кетті.

Сөйледі Әбубәкір дәлел (далил) бірлан:

– Білмеңіз «Өтірік!» – деп, мұны, – деген.

Сол жерде көп халайық жиылысып,

Манағы жұрттың бәрі қайта келген.

«Тамаша! – деп, мысал сөзді кітап айтар,

Халыққа Әбубәкір жауап берген:

– Жебірейіл бір күнлерде сапар қылып,

Көктен жерге жетпіс мың періште келген.

(Періштемен келіп қайтар).

Жебірейіл Пайғамбардың досы болса,

Қажет пе бір апармақ оны? – деген.

Және де қараңызлар туған Айға,

Не қылса қажет емес бір Құдайға!

Жерден көк жүз алпыс ұлық дүр,

Кетеді көз ашқанша әлдеқайда.

Көз ашып, жұмғанша мың жылшылық,

Жүреді сапар қылып алыс жолға.

Пайғамбар шарифаттың нұры болса,

Ғажап па бұ жүрмегі әнбияға?!

«Сұбхан алзи асра биғыбада лайлан» – деген аят,

Құранның қараңызлар аятына.

Мәшһүр Жүсіптің «Пайғамбарға сенбеушілер хикаясы» туындысы

Тәнімен көкке шықты Ыдырыс, Ғайса [609],
Ғажап қо [й] бір бармакка ғам расулға.

Олардан дәрежесі артығырақ,
Жарық кып нұрын шашқан бұ ғаламға.

Ібіліс дүние кезер көз ашқанша,
Жер мен көк екі арасы әлде қанша?
Ойлаңыз: «Расул онан қалай [өтер]»,
Қажет пе Жебірейіл алып барса?!
Жын-пері көкке шығып, дүние кезген,
Бұл дәлел осылайша миға салса!

Адам өлсе, тәніпен жаны шығар,
Ғарышқа бір минутта барып тұрар.
Жүрмейтұғын жаратқан бұ ғаламда
Ғажап па барып қайтса ол сәруар?!

Көзінің ішіндегі карашығы
Жырақтағы жер менен көкті көрер (көрар).
Пайғамбар бұ жаһанның нұры болса,
Бұған кім: «Не көрдің?» – деп, күмән қылар.

Шайхы ер екен Самдағы бір әулие
Бір сағатта мың жылдық жолға жүрер.
Таң намазын – пентін үйінде оқып,
Парызын Қағбада тамам қылар.

Күн шыққанша жүз жиырма жылдық жолға жүріп,
Орнына, күн шыққанда, қайтып барар.
Олардан да бұл расул артығырақ,
Жуумен кол тәмсіл қылып [барар].

Осылай Әбубәкір тәмсіл қылды,
Айналмай (айланбай) Әбужаһил жүре берді.
Көңілі айтқанына қайта орнығып,
Бірталай мұнафықлар дінге кірді.
Әр жерде мұғжизасын көргізсе де,
Қастықпен Жаһил лағнет аңдып жүр [ді].

Сөйлейін пайғамбардың хикаятын,
Далилдан білгенімше айтып затын.
Пайғамбар болмағына дәлел қылған,
Айтайын сол тақсырдың шарапатын.

Неше түрлі керемет көрсе-дағы,
Қоймаған Әбужаһил инабатын.
Нұсқадан тәржімалап, қисса қылдым,
Ношымғұл [мен] Ақпар рауаятын.
Дәрәнде деген жерде кәһірлерге,
Бір күні көрсетіпті мұғқызатын.

Бір мың бес жүзге – пір жылдылар
Дәрәнде деген жерде отыр – дәлел,
Отырды бір хүсілмет кеп құрысып,
Әңгіме пайғамбарды сөз қылды-лар.

– Мұны ол соған айтып қарайық, – деп,
Сол жерге Әбутәліпті алдырды-лар.

Жаһил айтты:

– Бір сөз бар, Әбутәліп,
Мұхаммед бұзып отыр, есті барып.

Бұрынғы атамыздын дінін бұзды,
Егер ол мәжнүн болса, қар [а] талық!
Иә, болмаса, дініне егер қайтса,
Токтасын бір қалаған қызын алып.

Оны егер ел бұзғызбай, [сен] жүргізсең,
Өзіңнің айтқаныңша пұл берелік.
Егер бұған көнбесе, рұқсат бер,
Жиылып өзіп бір күн өлтірелік.

Шақырып, Әбутәліп, келгеннен соң,
Осылай сөзің айтты барша халық:
– Ол саған осы күні бала боп тұр,
Бұл сөзді тағайынлап айтшы барып!

Тәліп айтты:

– Дұрыс па мына сөзің,
Айтпаймын: «Оны қой!» – деп менің өзім.

Не десен де, жауабын өзі берер,
Шақыртып ал, лайығын білсен өзін.
Бізлердей көңілдегі сөзінді айтып,
Естіп кел өз аузынан айтқан сөзін.

Шақырды Мұхаммедті хабар салып,
Шақырып жиын жерге келді алып.
Пайғамбар бөгелместен келді жетіп,
Бұлар да айтар сөзін тұр ойланып.

Барды да баса жаншып жоғары өрлеп,
Отырды ең жоғары төрге барып.
Ешбірін көзге іліп карамады,
Қорықпасын ешбірінен білді аңғарып.
– Бұл неге сәлем беріп, сөз қайтпайд? – деп,
Сөйлейді Әбу жаһил тұра қалып.

Жиылған осы араға бір мың кісі,
Екенің онай мінеп ұлық ісі.
Қарттарға сәлем беріп карамайды,
Бәрі де тәкаппарлық қылған ісі.

Менмендік пайғамбарға бола ма екен,
Ұқсар ма пайғамбарға бұл жұмысың?!
Хақ расул ортасына келгеннен соң,
Сөйлейді бағанағы әңгімесін.

Пайғамбар айтты:

– Қызмет мал алмаймын,
Сендердің айтқаныңды қыла алмаймын.
«Мәнусиге, – хақ, – сәлем берме!» – деген,
Бір Тәңірден ұлықты біле алмаймын.

Бұйрығын бір Тәңірінің жеткізбекке,
Сол үшін – «Қой!» – дегенге тіл алмаймын.
Бұл Құран – жаратушы Хақтың сөзі,
Жасырып оны ешкімнен қоя алмаймын.

Қайтпаймын өлсем-дағы бұл жолымнан,
Танбаймын өлгенімше мен мұнымнан.
Сендердің танығаның-Құдай емес,
Пұт – бұрқан жасайсыңдар қолдарыңнан.

Өлгенде мүшіріктің орны тозақ,
Қорқындар жаратушы Құдайыңнан.

Құдай – бір, Құран – шын, Пайғамбар – хақ,
Алланың – мен – елшісі, ойла бірақ.
Әшінде от пен жылан, шаяндар бар,
Орыны жөһудлердің – жеті тозақ.

«Жолына дін-исламның көнген жанға
Бар, – дейді, – ізгі бағы, сегіз ұрмақ.
Құдай-бір, Құранды шын – білмесеңіз,
Тамұққа отқа салып, қылар ғазап.

Махшарда барша жанды тірілтеді,
Апарар Ғарасатқа бәрін жинап.
Сол жерде Тәңірім өзі қазы болып,
Тексерер барша жаннан сауал сұрап.

Өз денең өзіңе куә болып,
Тіл мен көз баршасына болды айғақ.
Жаратқан барша жанды Жаббар Құдай
Махшарда күллі жанға қазы болмақ.

Сендердің табынғаның – тас пен ағаш,
Жасатып аласыңдар қолменен-ақ,
Миза менен таразы құрылады,
Күнә, сауап, – баршасын өлшеуге алмақ.

Егер де күнә жағы ағыр (ауыр) келсе,
Апарып жаһаннамға оны салмақ.
Үстінде жаһаннамның қыл көпір бар,
Жіңішке қылдан нәзік, мұздан тайғақ.

Періште күрзіменен ұрып-соғып,
Жүргізер ықтиярсыз онан да айдап.
Жығылып Мүшірік, жөһут (жөйіт) кетер сонда,
Астында тозақ оты тұрған қайнап.

Түбінің тереңдігі – мың жылдық жол,
Сонда жанып жатады соры қайнап.
Он сегіз мың ғаламды кім жаратты,
Қарашы миға салып, оны да ойлап.

Ойлашы: «Сені, мені кім жаратты?»
Жарық жұлдыз, аспан, күн жаратты.

Бұ ғаламды жаратқан жалғыз Алла,
Бір өзінен басқаны жұп жаратты.

– Мен – Пайғамбар, Құран-шын, Құдай жалғыз,
Жолына дін-исламның көн! – деп айтты.

– Өз жаныңа өзлерің қылма қастық,
Әмірім (аһырым) менін айтқан жөн! – деп айтты.

Сол жерде Жаһил лағнет тұра келді,
Бұл сөзге қарсы қарап, жауап берді:

– Пайғамбар болсаң, бізге белгі көрсет,
Бастасаң тұғыр жолға тамам елді.

– Бұрын да пайғамбар болып еді,
Оларға төрт Інжіл келіп еді.

Ол Мұса пайғамбарың кереметін
Бани Исрайл (Израйл) қауымында көріп еді.

Ферғауын Мұсаменен қарсыласып,
Дарияға ғарық (қарық) болып өліп еді.

Осындай кереметін көргеннен соң,
Көп қауым айтқанына көніп еді.

Ол тисе де көрсеткен мұғжизасын,
Сонымен пайғамбар деп сеніп еді.

Пайғамбар айтты сонда:

– Не сұрайсың?

Тағы да айтқан сөзден бұзыларсың.

Жаратқан жалғыз Алла берер өзі,

Құдіретін бір Алла аңғарарсың.

Бар еді Дәрәнде тауда бір үлкен тас,
Сол тастан тамбуы (тамбыды) боп, шыққан ағаш.

Бұтағы, жапырақлы болсын өзі,
Басына жеміс шықсын оған жанас.

Сол ағаш айтқанымдай өсіп шықсын,
Қылмалық сонан кейін саған талас.

Ол ағаш пышақ өтпес қатты болсын,
Жемісі бал шекерден тәтті болсын!

Аурулар асаса, шипа болып,

Көзсізлер – көзлі, тілсіздер тілді болсын.

Осындай кереметті анық көрсет,
Халықтың саған рас көңілі сенсін!

Бұл Мұхаммед Хақ пайғамбар болса өзі,
Жамағат кереметін анық көрсін!
Не айтсақ, сонымызды істеп тұр ғой,
Мұның да айтқанына жұрты көнсін!
Егер мұны қылмаса, бәрі жалған,
Халықты бекер бұзбай жайға жүрсін!

– Жарайды! – деп, осыған қылды уағда,
– Тілесө, Жаббар ием берер! – дейді.
Алладан төмен қарап ныжат тілеп,
Тілек тілеп, пайғамбар аз отырды.
Бір сағат зікір (пікір) қылып отырғанда,
Жебірейіл сол арада жетіп келді:

– Иа, Мұхаммед, қайғырма мұның үшін,
Бір Алла тілегінді берді! – дейді.
– Алладан уахи [алып] келдім, – дейді.
– Жітник, бәрі даяр болды, – дейді.

– Адамды жаратпастан екі мың [жыл] бұрын,
Ішіне осы тастың ендім, – дейді.

– Осы айтылған ағашың даяр тұрып,
Мен ізлеп сол уақытты тұрдым! – дейді.

– Мақпуздағы періштелер жазған екен,
Осындай сұрамағын біліп елдің! – дейді.
– Не қылсаң да ықтияр бір өзінде,
Жеті қат көк, жеті қат жердің! – дейді.

Ол расул қолын жайып дұға қылды,
– Бисмилла! – деп, ол тасты шайқап еді.
Алланың әмірімен тас жарылып,
Ішінен ағаш өсіп, шыға келді.

Жапырағы көкпеңбек, жеміс шығып,
Сол жерде айтқанындай бәрі көрді.
Жемісі [н] жеген ауру шипа тауып,
Көзсізлер – көзді, тілсіздер тілді болды.

– Иа, Мұхаммед, Құдайың тілінді алса,
Ішіне осы тастың қайта енгіз! – дейді.

Ішінен хак пайғамбар тілей берді,
Тастан шыққан ағашты қайта ендірді.

– Көк болмаса, жердегі бәрі соқыр,
Біздерге көктен мұғжиза көрсет! – дейді.

Қазіргі күні батып, түні болып,
Орнынан Ай айналып, қайта толсын!

Ай туып, қараңғы, жұлдыз шығып,
Тағы да әрбірден соң, күндіз болсын.
«Көкке сиқыр жүрмейді» – деген сөз бар,
Осындай мұғжизанды халық көрсін.

Хак расул көкке қарап дұға қылды,
Күн батып, жұлдыз шығып, түні болды.
Ай батып, қараңғы болып тұрып,
Батқан күн күншығыстан қайта туды.

Бір емес, баршасының пір болып,
Күллі жұрт көкке қарап бағып тұрды.

Жаһил айтты:

– Бір іске көңіл сенсін,
Бұл Айды қолменен екі бөлсін!

Бірісі көк жүзінде жүріп қалып,
Бірісі көктен келіп қойнына енсін!
Қайтадан он төртінен жарық болып,
Дәл көктің ортасына барып тұрсын!

Билігін көк пен жердің Тәңірім берді,
Сонда Ай отызынан бітіп еді.
Он төртінен туғызды айтқанындай,
Айдың отыз күні біткені жұртқа мағлұм болды.

Толған Ай ортасынан қак жарылып,
Хақ расул қолын көкке сілтеп еді.
Жартысы көк жүзінде тұрып қалып,
Жартысы көктен келіп, қойнына енді.

Қойнына еніп, қайта шықты-дағы
Көтеріліп көкке қарап жүре берді.
Қосылды сонда барып жартысына,
Күллі жұрт тамашалап бәрі көрді.

– Ла-ила, ила Алла, Мұхаммед расул Алла, – деп,
Аспанның жан-жағынан әуез келді.

– Сикыры Мұхаммедтің көкке ұшты! – деп,
Айқайлап Жаһил лағнет жүре берді.

Бір патша Маликиабып деген
Сол жерде иман айтып, дінге кірді.
Жолдасы қасындағы бір жүзікші:

– «Мұхаммед – хақ, пайғамбар, шын!» – деп білді.

Төрт ат шаптырып Жаһил лағнет,
Білдірмей құр ұялды тамам елден.
Бұл мұғжиза жер жүзіне болған екен,
Көп жөһит калиме айтып, дінге кірген.

Хақ пайғамбар жер жүзіне білінген соң,
Ислам діні осынша көтерілген.
Әзелде иман несіп болмаған соң,
Айтқанын жаһил лағнет күндеп жүрген.

Мұсылман көтерілді бұрынғыдай,
Дінге кірген кәпірлер ұнамаған.
Хақ пайғамбар екенін білсе-дағы,
Жаһил лағнет айтқанына бір болмаған.

Жар дос-ты Пайғамбардың көнбеген (күтпеген) соң,
Ит Жаһил өлтіруге ой ойлаған.
Орынсыз пайғамбарды ренжітіп,
Бұрын да талай жерде қастық қылған.

Он үш жыл нәбуат [т] ан бұрынырақ,
Меккеден көшпегіне әмір қылған.
Жебірейіл пайғамбарға келді жетіп:
– Тез көшін, Мединеге жөнел! – деген.

Әбубәкір Сыдықты қасына алып,
Бір түнде сапар қылып, жолға жүрген.
Екеуі таң атқанша тынбай жүріп,
Жасырынып таңға жақын Ғарға кірген.

Аузына бір көгершін ұя салып,
Өрмекші пердесіні тоқи салған.
Ішінде бұ Ғарының үштен жатқан,
Бекер-ау Ғалы, Ғабдолла келіп жүрген.

Хабарын халайыкка есіттіріп,
Алып кеп екеуіне тамақ берген.
Үш күннен соң шығып [сол] Ғардан.
Токталмай, Мединеге тез жөнелген.

Кез болып жол үстінде пайғамбарға,
Ғамари деген сахаба жолдас болған.
Меккеден екі күндік жер еді ол,
«Асыған» – деген орынға келіп қонған.

Бөгелмей, онан кейін, суыт жүріп,
«Қаба» – деген ауылға жетіп келген.
Ғуапұғлы Ғамарға болды қонақ,
Дүйсенбі күні келіп, үш күн қонған.

Жұма күні ол арадан сапар қылып,
Панисайым орында намаз қылған.
Медине жамағаты сол уақытта
Хак пайғамбар келуінен хабар білген.

Көп халайық құрметлеп қарсы шығып,
Алдынан желмаялар алып келген.
Үстіне желмаяның тақты құрып,
Құрметлеп пайғамбарды алып жүрген.

«Пайғамбарды мен қонақ қыламын! – деп,
Бәрі де сахабаның үмітленген.
– Еркіне желмаяны қоя бер! – деп,
Жебірейіл сол арада жетіп келген.

– Бұ түйе қайда шөксе, сонда тоқта,
Ешкімді ренжітпе бүгін! – деген.
Сонда жамағатқа хак пайғамбар:
– Түйе шөккен жеріне түсем! – деген.

Келіпті Мойна қақпасына,
Таз [а] лап көшлерін құрмет етті ер басына
«Қызығып түйе бұған шөге ме?» – деп,
Әркімлер жем қойыпты жол басына.

Қақпаның ешбіріне тоқтамастан,
Мешіт Харам (Шырам) орнына барып түсті.
Бір шөгіп бұл арада демін алып,
Айырзай (Ерзай) Мүбәрекке барып жатты.

Бір шөгiп, орнынан және тұрып,
Аюп ансар үйiне жетiп кептi.
– Алланың досты үйiме келдi ғой! – деп,
Аюп ансар мын қатле құллық еттi.

Аюптың екi көзi жоқ атасы бар,
Сол бейшара қол қусырып зарлық еттi.
Жасынан екi көзi майып болған,
– Бiр шипа болар ма екен бұған? – дептi.
– Мұбарак ақ жүзiңiздi бiр көрдiм, – деп,
Ол ұстап пайғамбардың қолын өптi.

Пайғамбар:

– Бисмилла! – деп сипап едi,
Ол пақырға дүние жарық бопты.
Оны көрiп, көп халық дiнге кiрдi,
Жазылып екi көзi, нұрға толды.
– Иншалла, арман жоқ, мен көрдiм! – деп,
Аллаға шына айтып, шүкiр қылды.

Мекен [деп] Мединеге расул тұрды,
Есiтiп күллi ғалам атын бiлдi.
Алладан уахи алып пайғамбарға,
Бiр күнi Жебiрейiл жетiп келдi:

– Құдайың сәлем айтты хисапсыз көп,
Соғысуға иа расул бар ендi! – дейдi.
– Бадарның қазасына барыңыз, – деп,
Алладан алып келiп, хабар бердi.

– Ендi соғыс ашпаққа болды рұқсат,
Иншалла, көтерерсiң дiндi, – [де] птi.
– Ақыры шатлық насырат болар сiзге,
Аузына қаратарсың елдi! – дептi.

Алла бұйрық қылған соң, тұрсын не ғып,
Бiр минутте сахабалар жиылып ендi.
«Бадарның соғысына» – бармақ болып,
Отыз үш мың сахаба атқа мiндi.

Ол жақтан Әбужаһил шеру тартып,
Екi мыңдай ғаскермен жетiп келдi.

Сол жерде екі жақ та көп жиналды,
Даяр боп соғыспаққа хабар салды.

«Бадар» – деген бір жалғыз құдық еді,
Жөһутлер келіп соны қамап алды.
– Біз енді суды қайдан ішеміз? – деп,
Сол күні сахабалар қайғыланды.

Наз [а] ға Хақ пайғамбар тұрған шақта,
Су тілеп достысынан қол көтерді.
Ғажайып сонда көктен бұлт шығып,
Үстіне көп ғаскердің құйып берді.

Баршасы намаз оқып, дәрет (таһырат) алып,
Су ішіп, сахабалар мейірі қанды.
Сап түзеп екі ғаскер майдан құрып,
Дарұшпай бір-біріне қарап тұрды.

Ғұтпа, Шибаулит бастығы екен:
– Шығар, – деп, – жекпе-жекке! – қарап тұрды.
Бұл жақта Ғали, Ғұмар, Ғұбайда бар,
Олар да ілгерірек жақын жүрді.

Ол жақтан ер Ғұбайда қарсы шықты,
Әсет кәпір балуан еді аса мықты.
Ол жақтан ат ойнатып шыққан соң,
Бұл жақтан батыр Хамза қалқан тұтты.

Ғұтпа найза көтеріп жетіп келді,
Әуелі ер Хамзаға найза сұқты.
Найзасын көкіректен салған шақта,
Бір қағып батыр Хамза сындырыпты.

Қайта айналып шокпармен ұрған жерде
Батыр Хамза [Ғұтпаны] ұрып жықты.
Жіп тағып мойнына итше сүйреп,
Алдына пайғамбардың алып кепті.

Меккеде жүрген шақта бір күнлерде
Жүзіне пайғамбардың түкіріпті.
Еш кәрі расулымның қалмайды екен,
Құдайға мың мәртебе шүкір қыпты.

– Иа, Алла, бергеніне сабыр құлга,
Нәзіріме опа қылар уақытым жетті.

Айтыпты сонда қарап Хақ пайғамбар:
– Иа, Ғали, бұл малғұнды өлтір! – депті.

Ғұтпа тұрып сонда пайғамбарға:
Жалынып, жаннан қорқып, зар еңірепті:
– Бар еді арт жағымда жас балалар,
Мен өлсем, солар жетім қалар! – депті.

– Жетімлік өз басыңнан кешіп еді,
[Бір] рақым қылмайсың ба оған?! – депті.
– Иа, Ғұтпа, жаһаннамның көсеуі сен,
Ол отты жандыруға уақытың жетті.

Ол сенің ұғлы, қыз, қатыныңа
Жаһаннам оты азық болар! – депті.
Ол Ғали дүлділінен түсе қалып,
Сол жерде басын кесіп өлтіріпті.

Пәре-пәре бөздей ғып, қанын ертіп,
Бұйрығын пайғамбардың орнына келтіріпті.
Ол залым Алланың шын дұшпаны,
Жаны тура жаһаннамға барып кірді.

Ашумен Әбужаһил қарсы шапқан,
Ғұмар деген барыпты біздің жақтан.
«Мағаз бен Ғұмар» – деп айтады екен,
Батыр еді талайды доптай атқан.

Балуандығы ғаламға мәшһүр еді,
Күрескенде, талайды домалатқан.
Жаһилге батыр Ғұмар барды жетіп,
Екі жақ қарап тұрды тамаша етіп.

Астында такауары көкке қарап,
Ит Жаһил жетіп келді жер күнірентіп.
Жүгіртіп келген қарсы бетіменен.
Ғұмарды ұрып кетті ... өтіп.

Басында – болат қалқан, белде – шокпар,
Ғұмар да қатты ұмтылды екпіндетіп.
Шокпармен батыр Ғұмар бұ да салды,
Тигізбей Әбужаһил қағып алды.

Қимылын ер Ғұмардың көрген жанлар:
«Көрмедік, – деп айтады, – мұндай жанды?!»

Бірін-бірі ұрады кезекпенен,
Сонда да бірі күштеп жыға алмады.

Сәскеден түске дейін салысады,
Қайсарып батыр Ғұмар бір болмады.
Не бір қылыш, шокпарға болмаған соң,
Жаһилдің жағасынан ұстай алды.

Екеуі айдаһардай алысыпты,
Сол жерде көрген жанлар қайран қалды.
Қап-кара болыпты үсті-басы
Қарап тұрған адамдар естен танды.

[Е] кеуі жағаласып тұрған кезде
Мағаз бен Ғұмар деген жетін барды.
Шокпармен екі қолдап ұрып еді,
Есі ауып, Жаһил аттан құлап қалды.

Ғұмардың інісі еді бірге туған,
Шыдамай ағасына шокпар ұрған.
Ғұбайда батыр Хамза хазірет ұғлы
Жібермей көп ләшкерді қайта қуған.

Мағаз бенен ер Ғұмар [сонда]
Екеулеп ит Жаһилды байлап алған.
Жіп тағып мойынына итше сүйреп,
Алдына пайғамбардың алып келген.

Екеуі иттей сүйреп алып кепті,

Пайғамбар:

– Басын кесіп, өлтір! – депті.

Сол жерде хазірет Ғали келді жетіп:

– Тіліңді калимаға келтір! – депті.

– Тіліңді калимаға келтірмесең,

Басыңнан бұ дәуренін өтер! – депті.

Жаһил айтты:

– Мен қорқып, тіл алмаймын,

Латхынақтан басқаны біле алмаймын!

– Өлтірсең, өлтіре бер, мейлің білсін,

Сендермен ел болып мен жүре алмаймын.

Сонда да Ғалименен ерегісті,
Кәпірлер жаннан қорқып, қайғы жесті.
[Еш] кімнен өлме деп арман қылып,
Дінге кірмей, өлуге жаннан кешті.
Жарлық қып Хақ пайғамбар бұйырған соң,
Сол жерде ибн Масғұт басын кесті.

Төрт батыр Хамза менен аттан түсіп,
Бөлектеп мүшелерін кескілепті.
Сол жерде екі ғаскер қарсы шапты,
Бұл жақтан мұсылмандар қойды атты.

Ғұбайда, Ғали, Хамза, Ғаббас, Ғұмар, –
Бес жүзді бір сағатта қырып сапты.
Үш жүз он (310) сахаба келіп еді,
Шаһит боп он сахаба қаза тапты.

Өтірік қосқаным жоқ мұны мақтап,
Шығыпты мұсылманды Құдай сақтап.
Ғұбайда, хазірет Ғали, Ғұмар, Хамза, Ғаббас –
Қырыпты кәпірлерді екі жақтап.

Сол жерде бесеуі жүрді шауып,
Түк қыла алмай кәпірлер қырғын тауып,
Бес жүз он бес (515) кісі өлді,
Қалғаны дінге кірді есін танып.

Сонан кейін Мекке халқы бағыт берді,
Көндірді хүкіміне тамам елді.
Алладан анық хабар болғаннан соң,
Хақ Расул патша боп, такқа мінді.

Көп жұртты мұсылманға көндірмекке,
Жиырма жеті мәртебе ұрыс қыпты.
Тағы да ұрыскалы Ғали барды,
Бет қойып барған жердін бәрін алды.

Көп жұртты күшпен [ен] қырып еді,
Тамам жұрт лайықтыны дінге салды.
Иман несіп болмағаны – дін дұшпаны
Мұсылман болмай Жаһил өліп қалды.

Осындай рауаят бар пайғамбардан,
Құтқарар мұсылманды тамұқлардан.

Өз бетіммен бұ сөзді жазғаным жок,
Көріп жаздым «һахмол атбырдан».

Исламға жиырма үш жыл жауы болып,
Алпыс үш жасында дүние салған.
Онан соң төрт шариар патша болды,
Кейінгі үмбетіне мирас болды.

Онда үш жыл Мекке халкын дінге салып,
Онан соң Мединеде он жыл тұрған.
«Алума акмалту» – деген аят
Бақиға бұ паниден сапар қылған.

Биопа расул қандай еді,
Сәулесі жарык болған шамдай еді.
Исламға нұр секілді нұрын шашқан,
Бір атқан мұсылманға таңдай еді.
Бірінен бірі тәтлі айтқан сөзі,
Ләззаты шекер шәрбат балдай еді.

Ол расул дүниедегі нұрлы жүзлі
Сөйлесе, өзі әдепли, шырын сөзлі,
Өзі шалкак, сымбатлы, ұзын бойлы,
Ат жаклы, киылған қас, қой көзлі.

Расулдің көлеңкесі болмас еді,
Үстіне бүрге, шыбын қонбас еді.
Нұр еді – іші-тысы бәрі жарык,
Пақыр мен міскінлерге жолдас еді.

Ол расул шырын сөзлі, нұр сипатлы
Сөйлесе бек мүләйім балдай тәтлі.
Бір Алладан басқадан қорықпаған,
Өзі жомарт, гәділлі, мархабатлы.

«Аманатқа қиянат» – қылмағаннан
Қойыпты жөһитлер де аманаты.
Сабырлы, тәуекелшіл, мейірбанлы,
Өр жерде қысылғанға шапағатлы.

Неше мың кәпірлерден қашпаушы еді,
Не қиын іс болса да, саспаушы еді.
Жаудан қорқып, еш бетін қайырмаған,
Бір қадам кейін аяқ баспаушы еді.

Ғұмырында бір аш қалам (шат лам) болған емес,
Үстіне қылшық, тозаң тұрған емес.

Ішінде бұт-бұрқанның өссе-дағы,
Көзін салып, бір мойнын бұрған емес.

Ұйықтаса, оң жағымен жатар еді,
Ұжмақтың тағамынан татар еді.

Білінбес жұмсақ жерге басқан ізі,
Табаны тасқа тисе, батар еді.

Байтілмен (Байтолламаен) не ғайыптарды білер еді,
Ғұмырында таһаратпен (дәретпен) жүрер еді.

Ғұмырында ешбір қатты бір күлмеген,
Жымыып тәпсі бірле күлер еді.

Ояу шақта батилмен қандай білсе,
Ұйықтағанда, һәм сондай білер еді.

Анық көзбен қараса, бір қарауда
Мағыр мен Машырықты көрер еді.

Басына бір ақ бұлт сая болып,
Қайда [барса] өзімен бірге жүрер еді.

Ғұмырында көз ұшымен қарамаған,
Анықлап мойнын бұрып қарар еді.

Қажет десе ауруларға мойын бұрып,
Қайда ауру болса, көңілін сұрап келер еді.

Бір кәріп қараңғыда түсіп қалса,
Жүзінің сәулесімен көрер еді.

Мәжіліс, уағыз айтып, құрушы еді,
Намазға таң сахардан тұрушы еді.

Бір жерде мәжіліс қып, көп отырса,
Ұртында жұпар иісі калушы еді.

Ғұмырында еш нәрсені қорламады,
Адамға жауыз дұға еш қылмады.

Арада тамашалар толып жатыр
Қаһарланса, ешбір жанды тыңдамады.

Жауырында пайғамбарлық мөр бар еді,
Ішінде аят жазған сөз бар еді.

Ішінде қалың топтың отырғанда,
Бір қарыс бойы биік болар еді.

Түкірген түкірігі жерге түссе,
Қастыға берсе шипа болар еді.
Егер де соғым жайыт бола қалса,
Бармактан бірем-бірем су ағар еді.

Ғұмырында ешбір жалған сөйлемеген,
Адамды бір-бірінен кем көрмеген.
«Таужыш бар, мәшһүр онда тағын нашан,
Бар, – дейді, – бір әулие «Мынсор» деген».

Аз ғана шып-шып терлеуші еді,
Қаннан тердің, жұпардың исі қалған.
Пақырлық дәрежесін қалар еді,
Шат болып, мақтануды еш білмеген.

Іс болса, бір Алладан білер еді,
Башмағын аяғына жалап киер еді.
Сөйлесе, әдебімен сөйлеп,
Ғұмырында ешбір қатты сөйлемеді.

Жүгініп отырады тізін (тізесін) бүгіп,
Адамды ғайбат қылмас ешбір сөгіп.
Егер де бір нәрсеге көп қуанса,
Жымиып күлер еді көзін жұмып.
Сөз айтса, шала сөйлеп қойған емес,
Баяндап бітіреді тамам кылып.

Аз ғана пайғамбарды ауызға алдық,
Тағбірлеп [түкпірлеп] қадари хал хатқа салдық.
«Мұжамигны акбырһын шикалиядан» –
Тәржіме оқып көріп, хабарландық.
Тағы да пайғамбардың хикаятын
Кеткен соң еске түсіп жаза салдық.

Түсініктер

Біз бұған дейін Мәшһүр Жүсіп жазбаларын жанрына, тақырыбына қарап топтап беріп келдік. Атап айтқанда, 1-4 томдарда Мәшһүр Жүсіптің өзі жазған өлең, дастандары берілсе, 5-7 томдарда Мәшһүр Жүсіп қағазға түсірген фольклор, қазақ ауыз әдебиеті үлгілері топтастырылды. 8-9 томдарда Мәшһүр Жүсіптің тарихқа қатысты деректері, тұжырымдары қамтылса, 10 – том шежіреге арналды.

Мәшһүр Жүсіптің белгілі бір тақырыпта жазып келе жатып, ара-тұра басқа сипаттағы мәтінді келтіріп отыратыны оның шығармаларының сегізінші және оныншы томдарында ескерілгені белгілі. Біз осы 11 – томда да 8, 10 – томдардағы үрдісті әрі жалғастырдық. Демек мұнда да ара-тұра бұған дейін жарық көрген мәтіндердің қай томның қай беттерінде орын алуын ескертумен бірге, түрлі себеппен ол томдарға енбей қалған мәтіндерді бұ жолы қалдырмай тұтас енгізуді жөн көрдік. Мұнда да, 8, 10 – томдағыдай ғылыми талаптарды ескеріп, мәтіндердің Мәшһүр Жүсіп жазбасында орналасу тәртібін сақтап беріп отыруды жүзеге асырылды. Демек осы 11 томдағы алғашқы үлгіде халық ауыз әдебиеті, ізінше Мәшһүр Жүсіп ойлары т.с.с. алма-кезек түсіп отырса, бәрі қолжазбадағы мәтіндердің орналасу тәртібін сақтау талабынан туып отырғанын ескерген жөн.

Осы орайда болашақта бұл томдардың бәрін кеңейтіп, әр мәтін соңында Мәшһүр Жүсіптің араб (хадим) үлгісімен жазылған өз жазбасының бейнекөшірмесін қоса ұсыну алдағы жоспарда бар екенін еске салғымыз келеді.

Мәтін тұтастығын сақтау үшін 10 – томда Алматыдағы Ғылым академиясы Орталық ғылыми кітапхана қорында [бұған дейінгі тәрізді осы жолы және кейін де бұл аталымды қысқартып, «ОҒКҚҚ» – деп көрсетіп отырамыз. Н.Ж]. сақталған Мәшһүр Жүсіптің 1178 және 1176 папкалары мәтіндерін тұтас ұсыну жүзеге асты.

Бұ жолы 1170 папка мәтіндерін алдымен ұсынып отырмыз.

1. Шөженің Шоң биге айтқаны. – Бұл мәтін В.В. Радловтың 1870 жылғы «Наречия тюркских племен...» кітабында (Қараңыз: Ел қазынасы – ескі сөз. Алматы, 1994, 288 б.) және бұған дейін жарық көрген Мәшһүр Жүсіп таңдамалысында (2 – том, Алматы, Ғылым, 1992, 51-52 б. Құраст. С. Дәуіт) орын алған. Бұ жолы осы 11 – томға енгізіліп

отыр. Осы орайда 1170 папканың бас жағында орын алған үлгілердің Мәшһүр Жүсіп шығармаларының бұған дейін жарық көрген томдарында берілгенін ескерткіміз келеді:

1.1. Қара өлең. ОҒКҚҚ, 1170 – папка, 1-4 беттерінен алынып, 5 – томда (Мәшһүр Жүсіп. Шығармалары, 5 – том, Павлодар, ЭКО, 2005 ж., 19-21 б.) жарық көрді.

1.2. Бата үлгілері. Аталған папкадағы 5-7 б. бойынша сол 5 – томда (109-110 б.) орын алды.

1.3. Жар-жар (1-нұсқасы) сол папкаға (8-15 б.) сүйеніп, 5 – томда (3-8 б.) жарияланды.

1.4. Беташар. 1170 – папка, 15-18 б. бойынша енгізілді (5 – том, 14-16 б.).

1.5. Жұбату. 1170 – папка, 18-25 б. негізінде басылды (5 – том, 8-13 б.).

1.6. Жоқтау өлеңдері. 1170 – папка, 26-46 б. алынып, 5 – томға (27-36 б.) кіргізілді.

1.7. Жанак пен Түбек айтысы. 1170 – папка, 46-56 б. бойынша 6 – томда (224-230 б.) жарияланды.

1.8. Ұлбике мен Күдері айтысы. 1170 – папка, 56-66 б. алынып, 6 – томға (242-248 б.) енгізілді. Сонымен бірге бұл нұсқа аталған қордағы 1177 – папка (69-79 б.), 1178 – папка (250-261 б.) және әулеттік мұрағаттағы Жолмұрат Жүсіпұлы көшірмесінде (1 – папка, 174-177 б.) де орын алғанын еске саламыз.

1.9. Мөңке мен Опан айтысы. 1170 – папка, 66-77 б. бойынша 6 – томға (275-280 б.) кіргізілді.

1.10. Мөңкенің тағы бір қызбен сөз қағысуы. 1170 – папка, 77-78 б. бойынша 6 – томда (280-281 б.) берілді.

1.11. Шортанбай мен Орынбайдың айтысы. 1170 – папка, 75-85 б. алынып, 6 – томда (221-224 б.) берілді.

1.12. Бақсының сөзі. 1170 – папка, 87-92 б. бойынша 5 – томда (104-108 б.) орын алды.

1.13. Қалмақтың Сарыарканы жоқтап жылаған зары. 1170 – папка, 92-93 б. алынып, 5 – томда (37-38 б.) жарық көрді. Сонымен бірге бұл мәтін аталған қордағы Мәшһүр Жүсіп жазбасы, 1177 – папкада (41-43 б.) және әулеттіктегі Жолмұрат көшірмесінде (3 – папка, 400 б.) де орын алған.

2. «Мен үйімнен шығып ем бойлай-бойлай» – деп басталатын Қожамберді өлеңі 1170 – папка, 95-101 б. алынып, 7 – томда (225-228 б.) жарық көрді.

3. «Өтірік өлең айттым да, қызға жактым» – деп басталатын өлең 1170 – папка, 101-103 б. негізінде 5 – томға (24-26 б.) енді. Сонымен бірге бұл мәтін алдында сөз болған В.В.Радлов кітабында (65-66 б.) және Мәшһүр Жүсіп таңдамалысында (Алматы, Ғылым, 1992, 42-43 б.) басылды. Екі нұсқада 20 айырмашылық бар екені сол 5 – том түсінігінде (342-344 б.) нақты көрсетілген.

4. Ақбала мен Боздақ айтысы. 1170 папка, 103-109 б. алынып, 6 – томға (216-221 б.) кіргізілді. Сонымен бірге бұл нұсқаның алдында В.В.Радлов кітабында (573-577 б.), Мәшһүр Жүсіп таңдамалысында (2 – том, 127-131 б.) жарық көргені, В.В.Радлов пен Мәшһүр Жүсіп жазбасы арасында 15 өзгешелік бар екені 6 – томның түсінік бөлімінде (373-375 б.) нақты дәлелденді.

5. «Айтамын Құдайдан соң Мұхаммедті» – деп басталатын «Қаршығаны мақтағаны» деп аталатын халық ауыз әдебиетіне катысты өлең 1170 – папка, 109-111 б. бойынша 5 – томға (115-116 б.) кіргізілді. Сонымен бірге әулеттік мұрағатта бұл мәтіннің көшірме нұскасы (Жолмұрат, 3 – папка, 393 б.) бар екенін еске саламыз.

6. «Бір Алтынбел деген хан болған. Ханның жалғыз ұлы бар еді, аты-Қайшылхан» – деп басталатын мәтіннің бірінші үлгісі «1.2. Қазақ түбі (1 – үлгі)» – деген аталыммен аталған қордағы 1177 – папка, 279-286 беттерінен алынып, бұған дейінгі 8 – томда (16-24 б.) жарияланып, оған берілген түсінікте (400-405 б.) 1177 – папка мәтіні мен В.В. Радлов кітабы мәтіні айырмашылықтары, үндестіктері көрсетілген. Біз бұ жолғыны, яғни 1170 папкадан (111-124 б.) алынғанын, сол мәтіннің екінші нұскасы ретінде келтіріп отырмыз.

1177 – папкадағыға карағанда, 1170 – папка мәтінінде сәл қысқалық болғанымен, сөз қолданыстарында өзгешелік көп. Соның басты – бастыларын ғана көрсетіп өтеміз:

7. Мәселен, қайық ішіне орнатылған әбдіреге қыз салып, оның аузын жауып, өзенге қоя берер алдында келтірілген: «Ішіне азық салып» – сөздері 1177-де мүлде жоқ та, тек 1170-те (114 б.) орын алған.

8. 1177-де мергеннің аты Домбауыл болса, оның екінші серігі «Шабасоқыр деген түрікпен» – деп берілген. Ал, 1170-те «Домдағұл соқыр, Тоқтағұл мерген» – деп келтірілген.
9. Біз ұсынып отырған 1170 – папқадан алынған екінші нұсқада: «Мені бір қараңғы жерде асыраған екен. Мен Алланың әміріменен құрсақты болыппын» (1170 – папка, 115 б.) – деп берілсе, бірінші нұсқада өзгешеліктер бар. Мәселен, онда: «Қараңғы жерде асыраған екен... Алланың әмірімен...» – сөздері мүлде жоқ.
10. «Шыңғыс туғанда, Тоқтағұл мерген Алтынбел ханның қызын алған екен. Со қатыннан үш ұл бала туды. Ол үш бала ер жетті. Ер жеткеннен соң, со Шыңғыс деген патшаға зорлық қылды» – деген мәтін бастапқыда мүлде жоқ та, кейінгіде ғана орын алған.
11. Бүргелтай жұртты бүтін тұтып, жақсы қылып, тұра алмады. Жұртында ұры көп болды, тентек көп болды, өтірік көп болды. Оның тілін адам алмады. Өзі әділ болмады, паракор болды. Сонан соң сол жұрты азып-тозды» – деген мәтін де бұ жолғыда бар да, алдыңғыда жоқ.
12. Осы мәтін жазылған беттің [1170 – папка, 122 – беттің] оң жақ қапталында көлденеңдеп мына сөздер жазылған: «Алмалы – көріктінің аузынан шыққан лебіз: «Доңызға ерген балшыққа аунайды, // Бұланға ерген таза жерге аунайды». Алмалы-көрікті-Шыңғысты тапқан әйелдің аты».
13. «Тозған жұртын жиып алды. Өзі сондай әділ патша болды» – мәтін де бұрынғыда жоқ, кейінгіде ғана орын алғанын ескертеміз.
14. «Ол Шыңғыстың өзі өлгеннен соң, елде жақсы патша болмады» – деп басталып, осы әңгімені аяқтайтын мәтін алдыңғыда жоқ та, тек осында орын алған.
15. «Бұхар хан [ы] Абылайға айтты: «Маған қызын жіберсін!» – деп басталатын мәтін осы 1170 – папқадан (124-125 б.) алынып, бұдан бұрын «56 мәтін [Жақсы Жанайдар] (екінші нұсқа) – деген аталыммен 8 – томда (204 б.) жарық көрді.
16. «Абылай хан қазақтың ханы болған, бір Ботақан дегенді тірі көрге салған» – деп басталатын мәтін «Абылай аспаған сары бел» – аталған мәнісі)(үшінші нұсқа) – деген аталыммен бұған дейінгі 9 – томда (54 б.) басылды.

17. «Ай, жарандар, жарандар, // Маған да таман қарандар» – деп басталатын «Абылай хан» дастаны 1170 – папкадан (127-129 б.) алынып 5 – томда (299-300 б.) жарияланды.
18. «Айтайын, айт дегеннен, ау жарандар, // Кейін сал кеңесінді бозбалалар» – деп басталатын «Кенесары» тарихи дастаны осы жазба (1170 – папка, 129-136 б.) бойынша 5 – томға (300-306 б.) енді.
19. «Мен аттанып шықтым қалмаққа» – деп басталатын Қойкелді өлеңі осы жазба (1170 – папка, 137-143 б.) негізінде 7 – томға (228-231 б.) енгізілді. Сол томдағы түсінік бөлімінде (387-388 б.) аталған мәтінді алдында жарық көрген В.В. Радлов кітабындағы мәтінмен салыстыру жүргізілген.
20. «Бір батыр қырғызға барыпты: әкесінің, Мандық деген батырдың, кегін алуға» – деп басталатын мәтін осыдан (1170 – папка, 143-148 б.) алынып, «59 мәтін. [Қырғызға барған батыр]» – деген аталыммен 8 – томда (208-212 б.) орын алды.
21. «Уақ ұлы Қамбар екен, // Қамбарұлы – ер Көкше» – деп басталатын «Ер Көкше» жыры 1170 – папка, мәтіні (148-173 б.) бойынша 5 – томда (264-277 б.) жарияланды. Түсініктеме бөлімінде бұл жырды В.В. Радлов кітабындағы нұсқамен салыстыру (400-403 б.) жүргізілген.
22. «Бұрынғы заманда Нұрманбет деген хан болған» – деп басталатын «Желкілдек» ертегісі осыдан (173-218 б.) алынып, 6 – томда «Желкілдек» деген атпен (26-47 б.) басылды.
23. «Қыз тәрбиесі туралы» – тақырыбындағы мәтін сөз болып отырған Мәшһүр Жүсіп жазбасы (1170 – папка, 218-221 б.) бойынша берілді.
24. «Бұрынғы елдің барында, // Өткен елдің заңында» – деп басталатын «Сайын батыр» жыры осыдан (1170 – папка, 225-284 б.) алынып, 5 – томда (215-264 б.) жарық көрді. Түсінік бөлімінде бұл жырдың тағы бір нұсқасы В.В. Радлов кітабында орын алғаны ескертіліп, екі нұсқа арасындағы 102 мәтіндік айырмашылық нақты көрсетілген (392-400 б.)
25. «Аманқұл Абыз», «Қосдәулет әңгімесі», «Абылайдың Бұқар жыраудың көңілін сұрауы» әңгімелері 1170 папка (285-287 б.) мәтіні бойынша берілді.
26. Төйте тәуіпке арналған әңгіменің бірінші нұсқасы әулеттік мұрағаттағы Мәшһүр Жүсіп жазбасы (3 – папка, 95 б.) негізінде 6 – том-

да (191 б.) басылды. Бұ жолғы екінші қысқалау нұсқасы осы жазба (1170 – папка, 287 б.) бойынша ұсынылды.

27. «Пайғамбар шапағатшы таңда жарым» – деп басталатын «Мұхаммед пен шариярлар» дастаны осы жазба (1170 – папка, 289-295 б.) бойынша 5 – томда (144-150 б.) жарияланды. Түсінік бөлімінде В.В. Радлов кітабындағы «Шарияр» дастанымен салыстырылып, 21 өзгешелік келтірілді (383-387 б.).

28. «Қиын жол қияметтік тар-ды – дейді» – деп басталатын «Бозторғай» туындысы осыдан (1170 – папка, 296-312 б.) алынып, 5 – томда (116-129 б.) басылды. Түсінік бөлімінде бұл үлгіні басқамен (1870 жылғы кітаптағы В.В. Радлов нұсқасымен) салыстыру жүргізіліп, 50 өзгешелікке сараптама жасалды (366-370 б.).

29. «О заманда бар екен жалғыз киік» – деп аталатын «Киік» туындысы 1170 – папка (312-321 б.) негізінде 5 – томға (129-132 б.) енгізілді. Түсінік бөлімінде В.В. Радлов нұсқасымен салыстыру жүргізіліп, 21 өзгешелікке көңіл бөлінді.

30. «Айтамын, тыңдасаңыз жақсы кепті» – деген тармақты мандайша еткен «Алтынбас пен Күмісаяк» дастаны 1170 – папка (321-338 б.) мәтіні бойынша 5 – томда (136-144 б.) басылды. Түсінік бөлімінде В.В. Радлов нұсқасымен салыстыру жүргізіліп, 48 негізгі айырмашылық сарапталды (375-383 б.).

31. «Хабиб хак сәруардайын» – деген жолды ту еткен «Заман ақыр» дастаны 1170 – папка (341-358 б.) мәтінінен алынып, 5 – томға (156-162 б.) кіргізілді. Түсінік бөлімінде В.В. Радлов нұсқасымен салыстыру беріліп, 58 басты-басты ерекшелік (387-391 б.) сөз болды.

32. «Тимушын, Шыңғысхан, Жошыхан, Сайын хан...» – сөздерінен бастау алған мәтін 1170 – папка, 361-364 б. бойынша «45 мәтін. [Қарқаралы төрелері]» – деген атпен 8 – томда (166-168 б.) басылды.

33. «Бәсентиін: төртінші қатынынан – Сырым» – деп басталатын шежірелік мәтіндердің бәрі осыдан (1170 – папка, 364-379 б.) алынып, 10 – томға (298-305 б.) енгізілді.

34. «Түрлі әңгімелер» мәтіні де 1170 папка (361-388 б.) бойынша әзірленді.

35. 383 – беттің бұдан кейінгі мәтіні енгізілмеді.

36. 386 – беттегі бұған дейінгі 2 жол және бұдан кейінгі 7 жол оқылуы, ажыратылуы қиын болғандықтан, кейінге қалдырылды.

37. Бұдан кейінгі 387 – бетті де ажырату мүмкін болмады.
38. Осы ойлар өрнектелген 1170 – папка, 391 – бетінің сол жақ ашық тұсында көлденеңдеп басқа қаламмен мына қосымша ескертпе кіргізілген: «Адамға шаттық [шадлық] қанның көптігінен (көплігінен) келеді. Күйіп-жану зерденің көплігінен келеді. Қорқу-жасқану қарақұрымның көплігінен келеді. Қайғы-қасырет қақырықтың көплігінен келеді».
39. «Жүректің қызметкері – өкпе» – деп басталып, «Топырақ орнында» – деп бітетін бет пен «1-нәпсі, 2-ауа» – деп басталып, «Атадан – алтау, анадан төртеу» – деп аяқталатын беттер жазба ішінде басқа қаламмен жазылып, 393 – беттің «ә», «б» сыңары ретінде келтірілген. Біз бұл мәтінді осы тұсқа енгізіп отырмыз.
40. Бұл күнге дейін Абайдың «Сегіз аяқ» өлеңінің ең соңғы шумағы басындағы «Атадан алтау, // Анадан төртеу, // Жалғыздық көрер жерім жоқ» – дегендегі бастапқы екі тармақ мәні не түсіндірілмей, не Абайдың жеке өміріне, туыстары т.с.с. санына байланысты қабылданып келгені мәлім. Біздіңше, бұл Абайдың жеке туыстары санына байланысты емес, Алла жаратуындағы адам мүшелерінің арасалмағы туралы айтылған болар деп шамалаймыз. Мәшһүр Жүсіп ойларының: «Атадан – алтау, анадан – төртеу» – деп бітуі осы ойға жетелейді.
41. Біздіңше, тап осы арада тұруға лайық мәтін сол беттің (393 б.) сол жақ қапталына басқа қаламмен кейіннен сыналап қосылғаны байқалатын ескертпеде орын алған: «Бүйректің қызметкері – өкпе: бүйрекке қанды тазартып беріп тұратұғын машинаның ең күштісі. Дымахиның қызметкері – бауыр. Бауырдың қызметкері – мехза – құрсақ. Дымахи хәм бауыр әр кісі тіріклігінің қуатын хәм хыратт ғыризаны жүректен алып тұрады. Хыратт ғыриза – Құдайдың адамның денесіне берген тіршілік қызуы.
42. Біздіңше, осы тұста тұруға лайық мәтін сол 394 – беттің оң жақ қапталында басқа қаламмен кейінірек сыналап жазылған тәрізді: «Дымахи барша хуасларының башланатұғын орыны. Бауыр бар шағында алатұғын машина – оның башланатұғын орыны. Жүрек – барша тірлікке сылахаты бар машиналарының башланатұғын орыны».

43. Осы мәтін жазылған 395 – беттің сол жақ қапталына басқа сия, қаламмен мына бір түсініктер енгізілген: «Араб тілінде: «Сәуедар, сапыре, балеғам, дәм» – дейді... «Қаракұрым – топырақ, зерде – от, былхим-жел, кан, су».

44. Осы ұғымға және бұдан кейінгі айтылғанға катысты біраз ойлар осы 398 – беттің оң жақ қапталына көлденеңдеп басқа қалам, сиямен кейінірек жазылған тәрізді: «Тоғыз жолдың торабы» – дегеніміз: 1 – ет, 2 – қан, 3 – сүйек, 4 – жілік, 5 – сіңір, 6 – тамыр, 7 – тері, 8 – май, 9 – түктер (түклер).

«Сегіз қиыр, шар тарап» – дегеніміз: 1. жазба, 2. мәске, 3. һазыма, 4. дафға, 5. ғадие, 6. мысурра, 7. намие, 8. мүллда.

Он түрлі қазына: 1. бауыр, 2. ми, 3. жүрек, 4. талақ, 5. өт, 6. құрсақ, 7. өкпе, 8. шектер (шеклер), 9. бүйрек, 10. ең асыл қазына – екі домалақ». [Ескерту: одан әрі бет реті қойылмаған қағаздағы сол қалыпты сия, әріп таңбаларымен берілген мәтінді де осы түсініктің жалғасы ретінде береміз – Н.Ж]. «Тоғыз жолдың торабы» дегеніміз-ет, қан, сүйек, жілік, сіңір, тамыр, тері, май, түктер (түклер). «Сегіз қырлы шар тарап» – дегеніміз: жазба, мәске, һазыма, дафға, ғадие, мысурра, мынмие, муәлде. 10 түрлі қазына: бауыр, ми, жүрек, талақ, өт, құрсақ, өкпе, шектер (шеклер), бүйрек, ең асыл қазына – екі домалақ.

Он екі даруаза: екі құлақ, екі көз, екі танау, ауыз, екі емшек, кіндік, төменгі екі жол.

От: көздің оты. Қыздардың жайнап тұрған көзінің оты адамның ішін күйдірмеуші ме еді?!

Жылы ауыздан бір лебіз, жылы сөз шықса, адамның ғақылы мен сабырын жүндей қылып, ұшырмаушы ма еді?!

Суы – тілінен сүйсең, онан ләззат жалғанда не су бар еді, айтшы?!

[Ескерту: Келесі бір беттегі ұқсас қалыпта жазылған мына толықтыруды да осы мәтін жалғасы ретінде келтіреміз – Н.Ж.].

Топырағы – бір сүйгеніңнің ойсыз түссең, кара басқандай басып бүлк етуге шамаң келмей қалмаушы ма едің?!

Мышной Шариф: «...» – Біз құранның дәнін алып, қабығын хиыслардың (хиссалардың) алдына тастадық» – деген...

45. Осы мәтін орын алған 1170 – папка, 399 – бетінің үстінгі шекесінде және сол жақ қапталы мен төменгі етегінде басқа қалам, сиямен кейінірек қосылған анықтама берілген: «Екі құлақ, екі көз, екі танау, ауыз, екі емшек, кіндік, төменгі екі жол – 12 даруа [за] – осылар. Оты – көздің оты, қыздардың жайнап тұрған көзінің оты – адамның ішін күйдірмеуші ме еді?!

Жылы аузынан бір лебіз, жылы сөз шықса, адамның ғақылы мен сабырын жүндей қылып ұшырмаушы ма еді?! Суы – тілінен сүйген болсаң, оған ләззатты жалғанда не су бар еді? Айтшы, айтпай қалмаушы ма едің?! Басып, бүгіп, қара басқандай, ұйығына түссең, топырағы – бір сүйгенін».

46. Ол уәзірдің ақыл екендігі т.с.с. түсініктер 1170 – папка, 401 – бетінің сол жақ қапталында сол тәрізді сиямен ізінше көрсетілген деп есептедік: «Бұл патша Латифа, rybания, махыз рух құл лыром мен ғарабы мұның хақында. Уәзір дымақыда-ғақыл».

47. Естігенін жеткізушінің қалай аталатыны сол 402 – беттің оң жақ қапталында ескертілген: «Бұл құлақтың кішкене шүртекейі. Сонымен бірге 402 – бет пен 403 – беттің аралығында түсіндірме ретінде реті көрсетілмеген кішірек екі бет қосақталған. Оның бастапқы бетінде былай деп жазылған: «Ғақылда болатұғын мәжнүнлік кей нәрселері бүтіншілік неше буынларға қыдырсытып... Ғақылсыз мәжнүн бір басқа жетеді, ғақылы бар болатұғын мәжнүнлік бір басқа [жетеді]. Он алты баласын жауға қамап қырдырған жаннан [Арғын ішіндегі Сүйіндік тарауына кіретін Күлік ұлы Тілеуімбет, яғни Мәшһүр Жүсіптің өз атасы туралы айтылып отыр – Н.Ж.]. қай жақсы бала туады дейсің?! Деушінің сөзі [нің] ғылым, білім иелерінің сөзімен бір шықты».

Жыннан сау ешкім болмайды. Бірақ әуелі жын-мақам, сонан соң шын мақам – шынға айналғушылардан болғай-ақ!».

Екінші кішірек бетте соның жалғасы берілген...

48. Осы мәтін жазылған беттің (403 – бет) сол жақ қапталында осы бес білгішті таратып айту жүзеге асқан: «1. Хыс мүшетірек. 2. Қиял (хиял). 3. Құт мітфікре. 4. Уаһыма. 5. Ғақыл-қабет».

49. Қатын туралы жазылған мәтін орналасқан 1170 – папка, 430 – беттің оң жақ қапталында көлденеңдеп жазылған мына бір дерек бар: «Бір шайырдың айтқаны:

Қаруы ер жігіттің қылыш екен,
Қылыштың үлкен пышақ інісі екен.
Құрбының алған жары жақсы болса,
Төрт елі маңдайының ырысы екен».

50. «Сонымен бұ жалғаннан өттің, кеттің» – жолын маңдай еткен Мәшһүр Жүсіп өлеңі осы жазбадағы 479-496 – беттерден алынып, Мәшһүр Жүсіп шығармалары 2 – томында (Павлодар, ЭКО, 2003, 91-96 б.) «Өлең және кара сөз гibrаты» – деген аталыммен жарияланды.

51. «Мәшһүрден келе жатыр өнер қайтып» жолын ту еткен өлең осы жазбадағы (498-519 беттер бойынша) Мәшһүр Жүсіп шығармалары 4 – томында (Павлодар, ЭКО, 2004, 124-139 б.) «Мәшһүрдің қырық алты жасында сөйлегені» аталымымен жарық көрді. Бұл туындының бірнеше нұскасы бар екендігі түсінік бөлімінде (445-448 б.) сараланған. Атап айтқанда, әулеттік мұрағаттағы: Мәшһүр Жүсіп жазбасы, 1 – папка, 3-11 б. және оның жиені Жолмұрат Жүсіпұлы көшірмесі (1 – папка, 110-121 б.) бар екені, салыстыру нәтижелері камтылған. Осы орайда кезінде кітапхана қызметкерлерінің бет ретін қате есептеуінен бе, әлде қағаздың бос тұсына акынның өзі сонынан қосуы болған ба – әйтеуір осы өлеңнің аякқы 4 шумағы соңғы 519 – бетте емес, 513 – бетте яғни басқа орында орналасқанын ескертеміз.

52. Бұл орындағы арабша жазылған мәтінді аудару кейінге ысырылды.

53. Бұдан кейінгі 1170 – папканың 548-550 беттері оқылуы қиындығы т.с.с. ескеріліп, кейінге қалдырылды.

54. Осы мәтін жазылған 1170 – папка, 557 – бетінің сол жақ қапталында былай деп жазылған: «Қара тамыр, бауыр тамыры, қызыл тамыр, жүрек тамыры, ақ тамыры, жұлын... тамыры».

55. Осы мәтін орналасқан 558 – беттің оң жақ қапталында сыналап мына сөздер жазылған: «Мұның аты «Рух нысан», «Рух хайуаны», «Рух шаһуаны».

56. Осы мәтін орналасқан 559 – беттің сол жағындағы ескертулер көмескі т.с.с. көрінгендіктен, оны саралау кейінге шегерілді.

57. Осы мәтін орын алған 569 – беттің сол жақ қапталындағы сөздерді аудару – ол сөздерді көру, оқу қиын болғандықтан, кейінге ауыстырылды.

58. Осы мәтін жазылған 1170 – папка, 585 – бетінің сол жақ қапталында көлденеңдеп мына ескерту орналасқан: «Бұл үшеуінен бөлек «Сезім тамыры» – деген бір тамыр бар. Бұл сезім тамырының – денесінде бар-жоғын жанның көбі білмейді. Сол үшін сезімсіз болады».
59. Осы мәтін орын алған 1170 – папка, 597 – беттің сол жақ қапталында қиғаштап түсініктер жазылған: «...Сымом қатле мысал», «Ашар сағат демей ме?» – дерге бізден жүдеген өнім азар өлмес дүр».
60. Осы мәтін берілген беттің (1170 – папка, 611 б.) сол жақ қапталында көлденеңдеп кірістірілген мақал: «Ұйқыдан басы кетпегеннің – көзінен жасы кетпейді».
61. Бұл мәтін келтірілген беттің (1170 – папка, 613 б.) сол жақ қапталында көлденеңдеп мына қосымша өрілген: «Оны Хадис Ша [риф] айтқан: «Ан шайтан уаных фіртома ғали қылып... қан зікір Алла тағала... уан иесі әлхам қылба пан қылыт байшы...».
62. Осы мәтін орналасқан бетте (1170 – папка, 615 б.) қосымша түсініктер үстелген: «Сарт тілінде әйелдің пірежи [ін] – «күсе» – дейді, арабша «құбыле» – алдыңғы ұят жер [ін] – «дүбірре» – дейді. Артқы ұят жерд [і] сарт [тілінде] «күсе» – дейді.
63. Бұл мәтін берілген беттің (1170 – папка, 621 б.) сол жақ қапталында былай деп жазылған: «Түннен қараңғы қайғы, қорғасыннан ауыр түнілу, удан ащы қасірет, теңізден терең ойға түсіреді». Ескерту: Жалпы басқа папкалардағыдай мұнда Мәшһүр Жүсіп үнемі ескі араб әрпі үлгісінде жазса, бұл жазбаның бір жақ шекесінде кейінгі орыс әрпімен кіргізілген басқа біреу ескертуі де орын алған: «1923 жылғы сөзі».
64. Бұл мәтін орын алған беттің (1170 – папка, 630 – беттің) оң жақ қапталында көлденеңдеп мына ескерту қосылған: «Оқушы өз пікірін оқиды, жазғанды оқымайды».
65. Бұл мәтін келтірілген беттің (1170 – папка, 632 – беттің) оң жақ қапталында сыналап мына ескерту кіргізілген: «Осы сөзді жазған өзіміз өмір бойы ұстамай кеттік. Алдыңғы сағатта [сапта] болуға тырыспай, соңғы сағатта қалдық десек, өтірікші болмаймыз. Иа, Алла мұнан айыратұғын, өзіңе қайыратұғын күнің ба [р] ма?!».
66. Бұл мәтін орын алған беттің (1170 – папка, 634 б.) оң жақ қапталында берілген анықтама: «Ғамал салих Құдай үшін болған ғамал, басқа үшін емес. Дәулеттіге дидар көру үшін жолғыны айтады».

67. Осы мәтін келтірілген беттің (1170 – папка, 636 б.) оң жақ қапталында мына ескерту кіргізілген: «Туһімлік болыр фиғал хобының сығада холы. Күбірiх малы көптiң туһiмнен жырақ (ирак) зығылтылы – пенде. Кетер гисса билан ғым уфiлегенде, ан хазiретiмiз Мұхаммед Мұстафа ғалиа лысилует ассалам Аллаһым оны...».

68. Бұл мәтін орын алған беттің (1170 – папка, 637 б.) сол жақ қапталында жазылған анықтамалар: «Зерек адамда боран – зереклік шайтан ғылиа-ал-лағынның берген сабағы (сибағасы). Риазит – миуасид дүр...».

69. Осы тұста беттің (1170 – папка, 638 б.) оң жақ қапталында оқшау орын тепкен: «Төртінші соғыс» ескертпесі бар екенін еске саламыз. 70. Бұл беттің (1170 – папка, 639 б.) сол жақ қапталында оқшау орналасқан ескерту бар: «Бесінші соғыс».

71. Осы мәтін орналасқан беттің (1170 – папка, 640 б.) оң жақ қапталында мына түсініктер берілген: 1. «Құла тағала мінгенле қылып уалхы ал-лымғы уһушыһи». 2. «Лімір нышырихлік сідіркi». 3. «Ан лысмиғ уал саруа лығуам қыдышғыпһа хабба».

72. Осы орайда 1170 – папкадағы 662-666 беттердің көшірме қағазға анық түспей, тым көмескі болғандықтан, әзірше аударылмағанын, ал 667-бет алдындағы реті көрсетілмеген бетте мына ескерту орын алғанына көңіл бөлеміз: «Мұның ұмытылмайтындығы – сол күннің ертеңінде Қараөткелге сегіз шақырым калғанда, бір қоржын кітаптан айрылды. Анық аруакқа ұшырап калғандық – осы. Ол күнде отыз тоғыз жаста едік [Біздіңше, не 1897, не 1898 жыл – Н.Ж]. Адасқандығым отыз үш жылда ойыма түскені. Құдай жазса, жазғаным тәубе, азсам, [азғаным] тәубе, адассам, адасқаным тәубе, жаңылсам, жаңылғаным тәубе...».

Әрі қарай 667 – бетте мына бір дерек келтірілген: «Бұл – Мәшһүрдің бір адасқаны. «Адаспаймын!» – деген жігітті қараңғы тұман үш адастырады» – деген. Бұл дүние өзі – бір тұман. Хазірет сопы Аллажар айтты ғой: «Бүтінде – тұт бүтін иманымызды, сабак отар отыннан жанымызды. Дүниені: «Бастан-аяғы бір-ак түн!» – деп санағаны. Ду түн – екі түн. Бірі – қабір қараңғылығы, бірі – сират көпірі қараңғылығы. Осы үш түннен адаспай өткенге жарық таң ата [ды].»

Ташкеннен қара атпен қайтқан сапарда Қыпшақ-Ибрай марқұмның балалары Жаррақымжан аулының үстінен өткенде, әншейінде

анадай тұрған моланы құр қалдырмайтұғын Мәшһүр қақ жолында тұрған: Ибрай-Жайықбайұғлының моласына аят бағышламай өткені. Жай үндемей де өткен жоқ, қасындағы жолдасына өлең айтқызып, ән салдырып өтті. Сол ақымақтығы жетпіс үш жасқа аяқ басуына бір-ақ ай қалғанда есіне түсіп, тәубе қылды. Тәубе, тәубе, тәубе!»

73. «Бір қарға бес балапанына лашын алып жеп кеткен үйректің қалған тамтырын алып келіп тастай беріпті» – деп басталатын, яғни осы 1170-папаканың 668-671 беттерінде орын алған мәтін бұрын 5 – томда «Лашын мен қарға» деген аталыммен (мәтіні – 132-136 б., түсінігі – 373-375 б.) жарық көргені мәлім. Онда бұл мәтіннің неғұрлым жетілдірілген нұсқасы 1176 – папка, 4 – дәптер, 285 (31)-282 (34) беттерінде сақталғаны ескертіліп, екі мәтіндегі 25 өзгешелік көрсетілген.

74. «Әуелі Адам атаның атасының атын білуші жоқ» – деп басталатын мәтіндер шоғыры әулеттік мұрағаттағы Мәшһүр Жүсіп жазбасы, 2 – папкадан (108-124 б.) алынып, 8 – томда (мәтіні – 87-92 б., түсінігі – 419-421 б.) жарық көрді. Бұл басылған мәтінді аталған үлгінің бірінші нұсқасы деп санап, осы жолғыны (1170 – папка, 693-716 б.) екінші нұсқа ретінде ұсынып отырмыз.

75. Бұл мәтіннің бастапқы екі нұсқасын салыстырсақ, жеке бір сөздердің қысқаруын т.с.с. есепке алмаған күннің өзінде біріншіде жоқ, екіншіде ғана орын алған тұтас сөйлемдер шоғырын ескерген жөн. Мәселен, осындағы: «Өзге пайғамбарлардың...» – деп басталып, «... бір кітап былай дейді» – деп бітетін мәтін алғашқыда мүлде жоқ, тек екіншіде орын алған.

76. Бұрынғыдағы: «Ол бекер» орнын кейінгіде: «Оған көңіл тұрақтамайды» – сөздері иеленген.

77. Осы мәтін орналасқан беттің (1170 – папка, 694 – бет) сол жақ қапталында мына қосымша ескерту отау тіккен: «Қазақ шежіресінде қыз аты – Алмалы-Көрікті, әкесінің аты – Алтынбел хан».

78. Осыған орай сол беттің (1170 – папка, 695 б.) сол жақ қапталында мына ескерту қосақталған: «Басындағы тас [та] жазылғаны: «Абылай ибн Сүйеніш қожа... ибн Әлфейіз хан».

79. Бұдан кейінгі: «Айтушының бәрі де өтірік айтады» – деп басталып, «... және мұнысына орын табады» – деген мәтін алғашқы нұсқада жоқ, тек кейінгіде жалғастырылып үстелген.

80. Мәшһүр Жүсіптің Әмір Темір еңбегін кемсітуге қарсы екенін сол мәтін орналасқан беттің (1170 – папка, 706 б.) оң қапталындағы ескерту де аша түседі: «Татарстаннан шыққан Шаһафдин Мұстафа дайырман, – деп тарих жасап бастырған. Сонда Әмір Темір Көрегенді жамандаған, қаһар тілеп сөйлеген. Соның сөзіне қарсы Мәшһүрдің сөйлегені».

81. Осы мәтін орналасқан беттің (1170 – папка, 710 б.) оң жақ қапталында мына қосымша кіргізілген: «Ғұшманлы түріклерінің баба уаждатлары Оғыз тұрманларының қабы осында Бәдәуи көшпелі түркінің етпекте ұлан бір қыбыла еді...».

82. Осы мәтін орын алған беттің (1170 – папка, 711 б.) сол жақ қапталында сыналап мына сөздер енгізілген: «Біздің бала күнімізде: «Мұхтар па [т] шаның соғысында қолға түскен едік» – деп, «әпенді» – деген көп болушы еді. Сонда: «Сіз қай жұрттың кісісіз?» – деушіге: «Құндыгер жұртынікіміз», – деуші еді».

83. «Біздің қазақ жұртының қариялары Түрікпен жұртынан шыққан: «Көрұғлы», «Хамдабек» («Хамзабек»), «Жүсіпбек» – дастандарын өзге хикаялардан жылы көріп, жан тартып: «Өзіміздің туысқанымыз ғой!» – десіп отырады» – деп басталып, «... не «ноғай мен қазақ сондай өштес болды!» – деп» – деп тамамдалатын мәтін бұрынғыда, яғни әулеттіктегі Мәшһүр Жүсін жазбасында (2 – папка, 120 б.) орын алмағандықтан, 8 – томға (94 б.) енбей қалса, бұл мәтін тек осы екінші нұсқада орын алуымен ерекшеленеді.

84. Осындағы: «Ормамбет ханның жұрты» орнында бұрынғыда: «Орал тауындағы Естек» сөздері тұрғанын ескертеміз.

85. «Мынау Еділ, Жайық қасында: Шуаш, Шерміш, Армұкса» – сөздерінің де алдыңғыда жоқ екеніне көңіл бөлгіміз келеді.

86. «Жеті атаның ұлы ноғай бар» – деп басталып, «Құлан жалғыз, Құдай жалғыз» – деп сөйленген сөзінен білініп тұр» – деп бітетін мәтін де бастапқыда ұшыраспай, тек екінші нұсқада орын алуымен ерекшеленеді.

87. Осы мәтін орын алған беттің (1170 – папка, 715 (112) б.) сол жақ қапталында басқа қауырсын қаламмен көлденеңдеп кейіннен мына бір ескерту қосылған: «Мұнда татарлардың: «Құран сиырдың ішінде қалды. Хазірет жоқты сөйлеп отыр [еке] н» – дегендері жазылмай қалған, баспахана ноғайларда болғандықтан». Міне, бұдан бұл екін-

ші нұсқаның баспаға әзірленген үлгі екенін байқаймыз. Сондай-ақ құранның сиыр ішінде қалуы әңгімесі алғашқы нұсқада толық келтірілгенін еске саламыз.

88. Құранның сиыр ішінде қалғаны туралы дау бұл нұсқадағы, яғни 1170 – папкадағы, 716 – беттің оң жақ қапталында онша анық емес күйде жазылған: «Бірін татарға берді... қайтып [келіп іздесе], жоқ.

– Жаңа терезеде тұрған [құранды сиыр] ашап [жеді], – деп, дауласып, оны сойып,... қарамақшы...»

89. Құранның сиыр ішінде қалғаны туралы даудың жалғасы келесі 717 (114) беттің сол жақ қапталында жалғастырыла берілген: «Татар соны башлағаш: сиясы өшіп [ке] тіпті.

– Әне, әне, қағазлары қалпында қарап тұр! – деп дауласқан.

Сонан бері қарай татар халқы: «Құран сиыр [ішінде] қалған» – деп ұғысқан»

90. «Он екі жасар бала күнінде қасында Оразаулық деген сарт бар, екеуі Түркістан шаһарына келіп...» – деп басталып, «... деп, өлеңге шыққан Абылай-осы» – деп бітетін мәтін осы жазбадан (Мәшһүр Жүсіп, 1170 – папка, 721-727 б.) алынып, «Абылайдың алғаш көзге түсуі» (үшінші нұсқа) деген аталыммен 9 – томда (Мәшһүр Жүсіп, Шығармалары, 9 – том, Павлодар, ЭКО, 2006 ж., 12-14 б.) жарық көрді. Онда бет қапталындағы Мәшһүр Жүсіп ескертпелерінің қамтылмағанын осы жолы ескеріп, түсініктеме бөлімінде беріп отыруды жөн көрдік. Мәселен, 723 – беттің сол жақ қапталында кейінірек басқа қаламмен сыналап кіргізілген мына ескертуді келтіреміз: «Абылай қалмақ [ты] осы шапқан. Біреу: «Сәру [ді] өлтірді» – дейді. Біреу: «Ше...ді өлтірді» – дейді. Жекпе-жекте бір қалмақты өлтір [гені] анық. Аты кім еке [ніне] жұрт танық».

91. «Құба қалмақтың ханы Қалдан Шеріннің Сәру деген інісін бір жорықта кез болып, Абылай өлтірген екен» – деп басталып, «... Сарыарқаның сауырысы, шөбі шүйгін жерлері болса керек» – деп тамамдалатын мәтін де осы жазба (1170 – папка, 728-735 б.) бойынша алдында сөз болған 9 – томда (31-35 б.) «Абылайдың тұтқын болуы» (төртінші нұсқа) – деген аталыммен берілді. Мұнда да бет қапталындағы ескертулер қамтылмай қалғаны осы жолы ескерілді. Мәселен, 728 – беттің оң қапталындағы қосымша: «Абылайдың осы қолға түсетұғын жолында қарауылшысы бір Тілеуімбет деген жаман

екен. Қарауылшы ұйықтап қалғаннан, алдырған екен». 730 – беттің оң жақ қапталындағы: «Абылай: «Үш арманым бар-деген» – деп басталатын қосымша жалпы мәтіндегі оқиға ретіне қарап, 733 – беттегі мәтіннің жалғасы ретінде берілді де, 731-735 беттер қосымшалары да сол қосымша тізбегі ретінде келтірілгенін (9 – том, 33-34 бет) ескертеміз.

92. «Абылай хан Қалдан Шерінге жауласпай тұрған күнінде көп елші жіберген екен» – деп басталып, «Келін мұрдарды кісі бұрын танып қоятұғын екен-ау! – депті» – деп бітетін мәтін де осыдан (1170 – папка, 735, 738 б.) алынып «Абылайдың Қалдан Шерінге елші жіберуі» (екінші нұсқа) – атпен 9 – томға (21-22 б.) енгізілгенін еске саламыз. 737 – беттің сол жақ қапталында Абылайдың бір батыры Балтаке-рей-Тұрсынбай туралы: «Құлағы жоқ, шұнақ» – дегені – «Туысканы жаман екен» – дегені. «Шолақ» – дегені – «Баласы жоқ екен» – дегені. «Жауы желкесінде екен» – дегені – «Сыр жалаңаш кедей екен. Қонақтан қорқып, төмен бұғады екен. Онан басқа қорқары жоқ екен!» – дейді.

93. «Абылай хан қарақалмақ Қатысыбанға қол жиып, шеру тартып барғанда, қалмақтың ханы Абылайға кісі салды дейді» – деп басталып, «... хан болса, осындай болсын» – деп аяқталатын мәтін де осы жазба (1170 – папка, 739-745 б.) бойынша «Абылайдың бір жорығы» (төртінші нұсқа) – аталымымен 9 – томда (мәтін – 44-46 б., түсінігі – 340 б.) басылды.

94. «Абылай хан және бір жорыққа аттанғанда, құс ұшпас, құлан жортпас Бетпақтың сары даласында бір қарала атты кез болды дейді» – деп басталып, «Әне, заманның жұмысы» – деп саркылатын мәтін де осы жазба (1170 – папка, 745-750 б.) негізінде әзірленіп, «Балтаке-рей-Тұрсынбай батыр» (үшінші нұсқа) – айдарымен 9 – томға (135-136 б.) енгізілген.

95. «Абылай ханның заманындағы қазақ жұртынан шыққан батырлар» – дегенді маңдайша етіп, «Бұл екеуі де Абылай заманында қарт басып, тұғырдан түскен кісілер» – дегенмен тұйықталатын мәтін де осы жазбаға (1170 – папка, 751-752 б.) сүйеніп даярланып, 9 – томда (113-114 б.) «Абылай заманындағы батырлар» (үшінші нұсқа) – деген айдармен орын алды.

96. «Абылай ханның хан болып, дәуірі жүріп тұрғанында құнға кесім қылдырған, тамам талас сөздің үстінен қаратып, бітім айтқызып, билік қылдыратұғын биі-Күлік Шобайбаласы Жаңабатыр екен» – деп басталады.

97. «Абылай ханның хан болып, билігі жүріп тұрғанда, құнға кесім қылдырған» – деп басталатын мәтін осы папка бойынша (752-758 б.) 9 – томда «Бұрынғы замандағы құн төлеу, адам емдеу салты» (екінші нұсқа) деген аталыммен (мәтін-293-295 б.), түсінігі – 362 б.) басылды.

98. «Абылай ханның заманындағы Төртуыл-Қаржас Қалқаман батырдың баласы Бұқар жырау деген қария болған екен», – деп басталатын мәтін де Мәшһүр Жүсіп жазбасы, 1170 – папка, 759-786 беттер бойынша әзірленіп, Мәшһүр Жүсіп, Шығармалары, 7 – томында (Павлодар, ЭКО, 2006 ж. Мәтін – 3-25., түсінігі – 289-308 б.) жарияланды.

99. «Құдай рақмет қылсын Бұхарекеңе» – деп басталатын түсініктің басы 1170 – папка 785 – бетте орын алса, оның 1177 – папқадан (60 б.) алынған екінші кеңейтілген нұсқасы сол 7 – том түсінігінде (302-303 б.) келтірілген. Ал, «Садыр, қайда барасың?» – өлеңінің туу тарихы және мәтіні осыдан (1170 – папка, 785-786 б.) алынып, сол томның түсінік бөлімінде (303-304 б.) орын алған.

100. «Абылай хан заманында қырғыз Садырбала деген шығып, ақ қалпақты қырғызды түгел билеп тұрған күнінде мақтанып сөйлеген екен» – деп басталатын мәтін осы жазба бойынша (1170 – папка, 787 б.) әзірленіп, «Абылайдың қырғыз, өзбекке жорығы» (екінші нұсқа) – деген атпен 9 – томға (мәтіні – 75-78 б., түсінік – 344-345 б.) енгізілді.

101. «Абылай ханның Қарауыл қызы – алғашқы алған бәйбішесінен ұл жоқ, жалғыз қыз болды» – деп басталып, «9.Сыздық төре» – деп тамамдалатын мәтін де осы жазбаға (1170 – папка, 795-796 б.) сүйеніп, 9 – томда (110 б.) «Абылай ұрпақтары» (үшінші нұсқа) – деген аталыммен берілді.

102. «Абайдлда, Аббастың елін жайлап» – деп басталатын Жанақ ақын өлеңі осыдан (1170 – папка, 797 б.) алынып, 7 – томда (32 б.) орын алған.

103. «Тінәлі, Тышқанбайдан алдым «жетім»» – деп басталатын Көтеш ақын өлеңі де бұл жазба (1170 – папка, 797 б.) негізінде 7 – томға (28 б.) енгізілген.

104. «Абылай хан өлген соң, Сарказак, Сейтен, Итқара сұлтан – бір таптын осылардай басты кісілері жүріп, Уәлиханды хан көтерді» – деп басталып, «Болмаса, Наурызбай колға түскенде, бірге түсіп, олар өлген соң, қайтып келіп, айтып отырып» – деп сарқылатын мәтін де осы жазбаға (1170 – папка, 798-808 б.) сүйеніп, 9 – томда (мәтіні – 164-167 б., түсінігі – 352-353 б.) «Абылайдан кейінгі хандар» (екінші нұсқа) – аталымымен орын алды.

105. «Кешегі өткен хан Кене – // Дүр гауһардың данасы» – деп басталып, «Ат жемі болдык тағы біз» – деп бітетін «Кенесары-Наурызбай» дастанының бірінші нұсқасы осы жазба (1170 – папка, 808-845 б.) бойынша 5 – томда (мәтіні – 306-335 б., түсінігі – 405-408 б.) жарық көрді. Сонымен бірге бұл мәтіннің 2 – нұсқасы әулеттіктегі жазба – 2 – папка, 87-104 б. бойынша 9 – томда (мәтіні – 184-214 б., түсінігі – 354-358 б.) жарық көргенін еске саламыз. Сонымен бірге бұрынғы басылымдарда ескерілмеген мына бір дерек дастанның жазылған уақытын анықтап береді: «Қой жылынан бір жыл бұрын жылқы жылы еді. Жиырма төрт жаста, соған биыл алпыс бір жыл үшбу 1918-жылқы жылында. Жылқы жылының алдында дегенге дәл келеді. Мәшһүрдің 60 жасында [яғни 1918 жылы – Н.Ж.], келер жылғы – қой – 61-мүшелі».

106. «Кіші жүз:Алшын, Жаппас: бес Жаппас, төрт Шөмексі: «Кенесары ханға қараймыз, бізге зекетші жіберсін!» – дегенімен жүз жігітке бас қылып Наурызбайды жіберген» – дегенді маңдай етіп, «... деп, Кәрібоздың айтқан себебі-сол» – сөздерімен тұйықталған мәтін де осы жазба (1170 – папка, 846-849 б.) бойынша «Наурызбай мен Жанкабыл қактығысы» (екінші нұсқа) – тақырыбымен 9 – томға (мәтіні – 167-168 б., түсінігі – 353 б.) кіргені мәлім.

107. Әрі қарай анық көрінбегендіктен, оқылуы қиын болғандықтан, 1170 – папканың 852-854, 856-857 беттері кейінге қалдырылды.

108. «Ел қамын айтқан жақсыны // Сөйлетпей ұрар ұртынан» өлең жолдары – Бұқар жыраудың «Ханға жауап айтпасам» өлеңінің аяғы. Бұл 7 – том, 25 – бетте жарияланған. Бұған ілесе берілген басқа да өлеңдері сол 7 – томның 24, 25, (түсінігі – 307) беттерінде орын алған.

109. «Олардың бұл Россияға табиғ болған уақыттағы хандары – хан тұқымынан емес, қарасүйектен» – басталатын мәтін осы жазба

(1170 – папка, 862-883 б.) бойынша «65 мәтін [Бұхар, Қоқан хандары туралы – бірінші нұсқа] – деген айдармен 8 – томда (мәтіні 221-231 б., түсінігі – 446-447 б.) жарық көрді.

110. «Япырмай, кессем бе екен мен тілімді, // Үйрендім қайдан өнер көп білімді» – деп басталатын мәтін Мәшһүр Жүсіптің 1907 жылғы «Хал-ахуал» (Қазан, 1907 ж., 15-17 б.) кітабында жарық көргені белгілі. Біз ол кітаптағыны соңғы екінші нұсқа деп санап, бұ жолғыны қолжазбаның алғашқы нұсқасы ретінде ұсынып, кітап пен қолжазба арасында салыстыру жүргізуді жөн көрдік.

111. Садап (сәдеп) – араб сөзі, бұл арада «асыл тас» ұғымын беруге қолданылып тұр.

112. Екіншіде, яғни оған негіз болған «Хал-ахуал» кітабында (Мәшһүр Жүсіп, Хал-ахуал, Қазан, 1907, 15 б.) «бұлт болып» делінсе, мұнда (біздіңше, қолжазба бірінші нұсқада «болып бұлт» – делініп, аталған екі сөздің орын алмасуы жүзеге асқан. Келесі тармақта да етістік сөз «болып» – қимыл иесі «шортан» («болып шортан») сөзі алдында тұрғанын ескерсек, ең дұрысы – кітаптағы емес, қолжазбадағы деуге негіз толық.

113. Мұндағы «тыныш» сөзі 1907 жылғы кітапта (15 бет) «тыйыш» – деп басылғанын еске саламыз.

114. Осындағы «абрахмет» – жай су емес, «нұрға бөленген қасиетті су» «бақыт суы» – мағынасында қолданылған деп санаймыз.

115. Мұндағы «тамып кетсе» – алдыңғыда «кетсе тамып» – деп орын тепкен.

116. 1907 жылғы кітапта: «Ұзын түн зығырланам қайнауменен» – (16 б.) деп жазылып, сол үлгі бұдан бұрынғы Мәшһүр Жүсіп шығармалары 4 – томында (Павлодар, ЭКО, 2004, 54 б.) қайталанса, бұ жолғыда (1170 папка, 887 б.) «зығырланам» орынын «зығырланым» иеленген.

117. Алдыңғыда: «Зарығып бұ қападан қанлар жұтып» – делініп, 1907 жылғы кітаптан сәл ауытқу орын алса (онда «қападан» орнына «қиғадан» деп жазылған), бұл жолы 1170, 887 б. бойынша «қападан» (қиғадан) орнына «қайғыдан» енгізілді.

118. 1907 жылғыда: «Мұратын әр пенденің тәңірім берсін» – деп жазылса, кейінгі кітапта (4 – том, 55 б.) «мұратын» орнына «тілегін» басылған екен, әрі 1907 жылғыны, әрі осы нұсқадағыны (1170 папка, 889 б.) ескеріп, «мұратын» сөзі берілді.

119. 1907 жылғыда және осы нұсқада: «Бермейді саған етті қаныменен, // Бір құстың тояттатар саныменен» – деп келтірілсе, кейінгі кітапта (4 – том, 55 бет) «Бермейді» орнына «жегізбес», «тояттатар» орнына «тояттатпас» алынған екен. Бұл тұста көшірмелер әсері тиюі де мүмкін. Осы жолы түпнұсқа мен 1907 жылғы бойынша «бермейді», «тояттатар» калпына келтірілді.

120. Бұл мәтін жазылған беттің (1170 папка, 888 б.) сол жақ қапталында кесе көлденеңдеп мына ескерту жазылған: «Сұлтанмұрат Перуанның хауазында Шегіртке әулиенің зиараты бар».

121. Жоғарыда аталған қолжазба қорындағы Мәшһүр Жүсіп қолжазбасының 891-902 беттері реті қате көрсетілген. Сол беттердегі ең алдымен 1-12 беттер деген екінші белгінің дұрыс екендігін мәтіндегі сөздердің жалғасу тәртібі бойынша анықтап, ол беттерді мына ретпен қағазға түсірдік. Атап айтқанда: 902 – беттегісі осы мәтіннің бірінші беті болуға лайық болса, екіншісі – 901, үшіншісі – 900, төртіншісі – 899, бесіншісі – 898, алтыншысы – 897, жетіншісі-896, сегізіншісі – 895, тоғызыншысы – 894, оныншысы – 893, он біріншісі – 892, он екіншісі – 891 бет боп, керісінше қате белгіленгенін, ол сол қордағы жазба ретін тәртіпке келтуге ниетімен, араб әріптеріндегі мәтін сырына қанық емес кітапхана, немесе қолжазба қоры қызметкерлерінің кейінгі қате танбалауы нәтижесі екені анықталып отыр. Алдағы уақытта, бұл мәтінге сілтеме жасалғанда, алдымен жалпы тәртіпті бұзбай, үлкен сандарды – 891, 892 т.с.с. берсек те, іле соның қасына тік жақша ішінде бастапқы ретін де келтіріп отырамыз – Н.Ж.]

122. Осы мәтін орналасқан беттің (1170 папка, 908 б.) оң жақ қапталында көлденеңдеп мына түсінік берілген: «Аспандағы [жарық] шашып тұрған күнді әлдеқандай көресің, өз көзіңді көрмейсің. Өзіңнің заһар дененде күн тұрғандығымен жұмысың жоқ. Кәне, айырбас қылар сыб...».

123. Бұл мәтін орын алған беттің (1170 папка, 910 б.) оң жақ қапталында мына ескерту жазылған: «Өз денендегі мәуліт шылаша: қан, жан, ғақыл. Жамадат, ныбатат, хайуанат, шарғынасыр – мәуліт шылашасы».

124. Бұдан кейінгі бет (1170 – папка, 918 б.) көрінуі бұлдыр болған соң, кейінгіге шегерілді.

125. «Ғылым-білім (үшінші әңгіме)» тақырыбындағы мәтін (1170 – папка, 919-930 бет аралығы) көрінуі, оқылуы т.с.с. киын болғандықтан, толық аударылмағанын, кейін оның анық нұсқасын, не көшірмесін тауып, қайта оралу керектігін ескертеміз.

126. «Айтушы мен болайын, құлақ кой сен» – деп басталатын Мәшһүр Жүсіп өлеңі «Мәшһүрдің сөзді киіндіріп, жұрт көзіне түсіргені» – деген атпен оның шығармаларының 4 – томында (мәтіні – 139-142 б., түсінігі – 448-449 б.) жарық көрді. Онда бұл мәтіннің осы жазба (1170 – папка, 931-933 б.) және әулеттіктегі жазба (Мәшһүр Жүсіп, 1 – папка, 11-13 б.) салыстырылуы негізінде әзірленгені ескертілген.

127. «Оттай боп қызыл гүлдің көрінісі» – деп басталатын Мәшһүр Жүсіп өлеңі осы жазба (1170 – папка, 933-937 б. және әулеттік мұрағаттағы Мәшһүр Жүсіп жазбасы (1 – папка, 15-20 б.) бойынша салыстырыла әзірленіп, «Дойбының ойыны» – деген аталыммен 4 – томда (мәтіні – 144-149 б., түсінігі – 450-452 б.) басылды.

128. «Жалғанның тозақ пенен пейіші бар» – деп басталатын Мәшһүр Жүсіп өлеңі осы жазба (1170 – папка, 938-946 б.) бойынша әзірленіп, 2 – томда («Күндіз бен түннің айырмасы» – деген атпен (мәтіні – 21-31 б., түсінігі – 349 б.) жарық көрді. Онда бұл шығарманың кезінде 1940 жылғы мектеп оқулығына еніп, кейіннен әміршілдік жүйе қысымымен шығып қалғаны және одан кейінгі жариялану тарихы т.с.с. сөз болған. Сонымен қатар әулеттік мұрағатта бұл мәтіннің сәл қысқа нұсқасы (1 – папка, 20-21 б.) және Жолмұрат көшірмесі (1 – папка, 129-130 б.) бар екенін еске саламыз.

129. Абай өлеңдері алдындағы 947-954 беттер аталған қолжазба қорында сақталмағандықтан, не ксерокске түсіру кезінде ескерілмегендіктен, біздің қолымызға әзірше тимегенін еске саламыз.

130. «Ем таба алмай», «Кейде есер құрғырың» – деп басталатын Абай өлеңдері осы жазбадан (1170 – папка, 955-956 б.) алынып, 7 – томға (137 б. және 141 б.) енгізілгенін ескертеміз.

131. Бұдан кейінгі 958-973 беттер жоқ. Мұның себебі не аталған қорда сақталмай, «қолды» болуынан, немесе көшірме жасау кезінде ескерілмей қалудан болар деп санаймыз.

132. Бұл жазбаның, 1170 – папканың 980-981 беттері жазуы көмескі т.с.с. болғандықтан, кейінге қалдырылды.

133. «Дүниенің қарамадым көп-азына» – деп басталатын Мәшһүр Жүсіптің «Кәф пен нон» өлеңі осы жазба (1170 – папка, 983-989 беттері) бойынша Мәшһүр Жүсіп шығармалары 1 – томында (Павлодар, ЭКО, 2003, мәтіні – 14-20 б., түсінігі – 383 б.) жарияланды.

134. «Ер едім талай бұзған қамалынды» – деп басталатын Мәшһүр Жүсіптің «Жалғыздық» өлеңі осы жазба (1170 – папка, 989-992 б.) негізінде Мәшһүр Жүсіп шығармалары 1 – томына (мәтіні – 102-105 б., түсінігі – 388-389 б.) енгізілген.

135. «Бір үйге көп қараймын тамаша етін» – деп басталатын Мәшһүр Жүсіптің «Бір үйге» өлеңі осы жазбаға (1170 – папка, 995-1001 б.) иек артып, 1 – томда (мәтіні – 3-8 б., түсінігі – 379-382 б.) басылды. Бұл туындыға байланысты түсінік сөздер бұрынғыда (1 – том, 379 – бетте) Мәшһүр Жүсіптің жиені Жолмұрат Жүсіпұлы көшірмесі бойынша берілсе, бұ жолы түпнұсқаның өзіндегісін келтіргенді жөн көрдік: «1910-ыншы жылында Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің Назынларының қарап отырып, жүзінен алған сабак оқуы. 1911 – жылының 31 мартта қаламмен қағаз жүзіне нұсқа болып орнатылды. 53 жаста сөйлеген сөзі. Бұл кітаптан көрген сөз емес, не біреуден естіген сөз емес. Он бес-он алты жаста болған балалардың бетіне қарап отырып жазған сөзі. Құдай тәбәрік отғылының шеберлігін тамаша қылу үшін осындай сөзді жазуға сеп болған балаларды танитұғын көз қайда?! Бірақ не қылайын, наданда көз де жоқ, құлақ та жоқ. Соқыр мен саңырауға айттым не, айтпадым не?!... Осы екі бала. А, дүние не қылайын, болмаған соң?! (1170 – папка, 1001-1002 – беттер)».

136. «Аргын – Сүйіндік – Айдабол тарауы» – деген тақырыппен басталған қазақ шежіресінің бесінші нұсқасының жалғасы осы жазба (1170 – папка, 1003-1016 б.) бойынша бұған дейінгі 10 – томда (305-309 б.) жарияланғанын еске саламыз.

137. «Он сан Орта жүзге ұран болған Олжабай» – деп басталатын мәтін осы жазбадан (1170 – папка, 1017-1028 б.) алынып 9 – томға (116-118 б.) «Олжабай батыр» (екінші нұсқа) – деген аталыммен кіргізілгенін еске саламыз.

138. «Жалқаулық жастан үйір болды басып» – деп басталатын Әмен Жүсіпұлы Көпеев (1888-1921) – Мәшһүр Жүсіптің ортаншы ұлы өлеңдері осы жазбадан (1170 – папка, 1030-1045 б.) сақталған. Мұны

да қолжазба тұтастығын сақтау дәстүрі бойынша осы томға жазылу ретімен ұсынып отырмыз.

139. «Пірлерден зат едіңіз тиген назар» – деп басталатын Мәшһүр Жүсіп өлеңі де осы жазбадан (1170 – папка, 1038-1039 б.) алынып, 2 – томға (34-36 б.) кіргізілгенін еске саламыз.

140. «1905 – жылында Ақмола облысына қараған Атбасар уезінде Терісаққан өзені бойында Мейрам Жанайдаров ауылында» – деп басталатын мәтін әулеттік мұрағатта сақталған Мәшһүр Жүсіп жазбасы (7 – папка, 116-130 б.) негізінде Мәшһүр Жүсіп шығармалары 1 – томында «Қыз жұмбағының шешуі» – деген атпен (Павлодар, ЭКО, 2003, 319-321 б.; түсінігі – 431 б.) жарық көрді. Ол мәтінді шығарманың бірінші нұсқасы деп санап, осы жолғыны екінші нұсқа ретінде ұсынып отырмыз. Сондай-ақ жоғарыда сөз болған қорда бұл мәтіннің көшірме түрі, яғни үшінші нұсқасы бар екенін еске саламыз. (Қараңыз: Мәшһүр Жүсіп, 1171 – папка, 60-63 б.).

141. Мұндағы сөйлем: «Киімі жоқтың етегі тола ақша түйілген: төгіледі деген ойында, қиялында дәнеме жоқ» – деп берілсе, алдыңғысы «төгіледі» орнына «төгілер» орын алумен бірге «дәнеме» сөзінің мүлде енбеуімен ерекшеленеді.

142. Бұрынғыда бір сөйлемнің аяғы: «Түбі жоқ қазанға асып жедім, сабы жоқ пышақпен кесіп жедім» – делініп, «жедім» сөзі екі рет қайталанса, кейінгісі алдыңғы «жедім» сөзінің түсіп қалуымен оқшауланады.

143. Алғашқыда әулеттік мұрағаттағы Мәшһүр Жүсіп жазбасы (7 – папка, 119 б.) бойынша: «Баянауладағы тұрғын қазақ Мәшһүр Жүсіп Көпеев» – делініп, 1 – томда (түсінік бөлімі 431 – бетте) берілсе, кейінгіде сәл өзгеріс бар: «Баянаулада тұрағы – Мәшһүр Жүсіп Көпеев»

144. Соңғыда: «Баласына сақтатуға да көзі кимайды» – делінсе, әдепкіде «да» шылауы мүлде жоқ.

145. Бірінші нұсқада әулеттік мұрағат (7 – папка, 126 б.) бойынша: «Көңілін дауалатқанға» – деп орын алса, екіншіде «дауалатқанға» орнына «тапқанға» сөзі ірге тепкен.

146. Кейінгідегі: «Ғақылдың өзі де ғылымсыз болған күнде сабы жоқ пышақ сықылды» – дегендегі «болған күнде» сөздері бастапқыда орын алмағанын еске саламыз.

147. Бұрынғыда: «Есіктен шықпағаны белгілі» – делінсе, екіншіде «шықпағаны» сөзі сәл өзгеріп, «шықпағандығы» түрінде қоныс тепкен.

148. Алғашқыдағы: «Осы үйдің есігінен шығайыншы!» – дегендегі соңғы сөз кейінгіде «шығармын-ау!» – қалпында орын тепкен.

149. Мәшһүр Жүсіп шығармалары 11 – томының түсінік бөлімінің ең басында ескертілгендей, белгілі бір мәтінді не тақырыбына, не жанрына т.с.с. қарай жіктемей, ондағы мәтіндердің жазылу, сақталу ретін сақтау үшін, сол орналасқан ретпен беруді сақтап, бұған дейінгі мәтіндерді Алматыдағы ОҒКҚҚ-да сақтаулы Мәшһүр Жүсіп жазбалары 1170 – папкасы бойынша ұсынып келсек, тап осы мәтіннен бастап сол қордағы 1645 – папқадан келтіре бастаймыз. Осы орайда бұл мәтін алдындағы 1645 – папканың алғашқы 1-32 беттері, яғни: «Исламиттің түп негізі болған: қалам, қадим, хадис Шәріфтен хабарлары жоқ...» – деп басталатын мәтіннің «Ғылым және дін» (бірінші әңгіме) – деген аталыммен бұған дейінгі 9 – томда (320-337 б.) жарық көргенін еске саламыз.

150. Бұдан әрі орын алған 39-45 беттердегі мәтіндер оқуға қиын болғандықтан, кейінге қалдырылды.

151. «Қазак: «Неке суы – Мекке суы» – дейді» – деп басталатын мәтін осы жазбаның 45-55 – беттерінен алынып, «Қазак мақалдары туралы» деген тақырыппен 9 – томға (312-317 б.) енгізілгенін еске сала отырып, бұл осы мәтіннің екінші нұсқасы болса, оның алғашқы нұсқасының көп үлгілерден теріліп алынып, алфавит тәртібі бойынша 5 – томға (40-94 б.) енгізілгенін, сонымен бірге осы мәтіннен кейін жалғаса орын тепкен: «Мәшһүр Жүсіптің қазақ мақал-мәтелдерінің шығу тарихы туралы жазғаны» – тақырыбындағы мәтінді сол алғашқының жалғасы ретінде санауға болатынын, тек бұл нұсқалардың қайсысы бірінші, қайсысы екінші екені осы біз келтіріп отырған түсіндірмеде тұңғыш аталып отырғанын ескертеміз.

152. «Көтеш ақынның «Қу мешін» жылында айтқан өлеңі» – осы жазба (1645 – папка, 46 б.) негізінде 7 – томда (30 б.) жарық көрді.

153. «Ханбабаны «Ханбаба» деген төреден Малқар баласы Қарпық алып қалған» – дегенді маңдай еткен мәтін де осы жазба (46 б.) бойынша 8 – томға (168 б.) енгізілді.

154. «Шанышқылы – Бердіқожа батырды бір дұшпаны өлтірейін деп жатқанда айтты дейді» – деп басталатын мәтін осы жазбаға (1645 – папка, 56 б.) сүйеніп, «Бердіқожа» -деген аталыммен 8 – томға (212-213 б.) кіргізілді.

155. «Бұзылған шаһардың сыны жоқ – дегені» – деп басталатын мәтін осы жазба (1645 – папка, 56 – б.) бойынша алынып, осының алдында сөз болған «Қазақ мақалдары туралы» – деген тақырыптың үшінші нұсқасы ретінде беріліп отыр. Ескерту: мақалдардың санын, ретін танытатын сандық көрсеткіштерді қойғанда, біздің есептеуімізді білдіруге тік жақшаны, ал Мәшһүр Жүсіп белгілеген ретті айқындауға жай жақшаны пайдалану жүзеге асты.

156. «Кіші жүзден шыққан Өтетілеу би төрт Шөмекей, бес Жаппасқа қараның ханы болған» – деп басталатын мәтін 1645 – папкадан алынып, «Өтетілеу – деген аталыммен 6 – томда (153-154 б.) жарық көрді.

157. «Төртуыл: Қаржас Үкібай би сөз бастағанда, былай бастайды екен» – деп басталатын мәтін осы жазбаға (1645 – папка, 71 б.) сүйеніп, «Үкібай» – деген тақырыппен 6 – томға (154 б.) енгізілді.

158. «Үйсін: Төле бидің дауам айтатыны» – сөздерін маңдай еткен мәтін де 1645 – папка (71-72 б.) бойынша 6 – томда (155 б.) «Басқа да бұрынғы шешендік үлгілері» – деген аталыммен орын алды.

159. «Бұл да бұрынғы үлгілі билерден қалған сөз» – дегеннен бастау алған мәтін де осы жазбадан (1645 – папка, 72 б.) алынып, 6 – томда (155-156 б.) басылды.

160. «Азарсың, жұртым, азарсың» – деп басталатын Мөңке би сөздерінің бірінші нұсқасы Мәшһүр Жүсіптің ертерек қағазға түсірген жазбасы (11 – папка, 89-90 б.) бойынша 6 – томда (139-140 б.) жарияланды. Сонымен бірге бұл мәтіннің үшінші нұсқасы (Мәшһүр Жүсіп, әулеттік мұрағат, 3 – папка, 137 б.) және төртінші нұсқасы (ОҒКҚҚ, 1177 – папка, 150-151 б.) бар екенін ескерсек, бұл жолғыны мәтіннің екінші нұсқасы деп санап, азын-аулақ өзгешеліктерді нақты көрсеткен жөн деп санадық.

161. «Қылмысы жаққан пенделер» – дегендегі «қылмысы» сөзі бастапқы нұсқада ертерек жазылуы, көрінуі нашарлығы, т.с.с. себептермен қате оқылып, «камысы» боп қате басылғаны осы жолы байқалды.

162. Кейінгідегі: «Ауылдарын шу қылған, // Жаулықтарын ту қылған» – тармақтарының бұрынғыда орны ауысып берілген. Дұрысы – осы

жолғысы деп санаймыз. Себебі «Ауылдарын шу қылған» – дегеннен соң, соған жалғасуға екінші тармақтың сұранып тұрғаны анық.

163. Бұрынғыда: «Өзі болған жігітке // Қыз артылар деп еді» – түрінде келсе, кейінгіде «Өзі болған» сөздерінің орнын «қарап тұрған» иеленген.

164. Бастапқыда көне мәтіннің дұрыс сақталмауынан: «Туған байым болар!» – деп, // Аруақ шығар деп еді» – деп мүлде қате берілсе, бұ жолы ол: «Тоға [н] басы – мұраб, – деп, // Арық шығар» деп еді» – түрінде түзетілді.

165. Бұл мәтіннің алғашқы нұсқасы: «Адам құмандай болады» – жолымен аяқталып, шығарма соны бізге жетпесе, бұ жолы соңғы 9 тармақ қосылғанын еске саламыз.

166. «Және бір қарияның үлгілі сөзі: «Байғыз деген құс болар» – деп басталатын мәтін де осы жазба (1645 – папка, 75 б.) негізінде эзірленіп, 6 – томда (156-157 б.) орын алды.

167. «Дадан-Тобықтыдан шыққан Қараменде бидің сөзі» – дегенді маңдайша еткен мәтін 1645 – папка, 75 – беті бойынша 6 – томға (158 б.) енгізілді.

168. «Бұл қазақ қай уақытта «Үш жүз» атанған» мәтінінің бірінші нұсқасы әулеттік мұрағаттағы Мәшһүр Жүсіп жазбасы (2 – папка, 1-9 б.) бойынша 8 – томға (145-149 б.) енгізілсе, оның екінші нұсқасы Алматыдағы ОҒКҚҚ, 1177 – папкасы (293-298 б.) негізінде сол 8 – томда (148-157 б.) жалғастырыла берілген. Сонымен бірге бұл мәтіннің үшінші нұсқасы әулеттіктегі Жолмұрат жазбасы (3 – папка, 218-220 б.) бойынша осы 8 – томда (157-159 б.) берілген. Сонымен бірге тақырыбы бұлай аталмай, «Қазақ хандары» (бірінші үлгі) – аталымымен сол 8 – томның 114-124 беттерінде орын алған мәтін тап осы жазба бойынша 1645 – папка, 76-86 б. орын алса, бұл тақырыптың екінші, үшінші үлгілері де сол томда (124-133 б.) берілгенін де еске саламыз.

169. «Жұттан, жаудан жаяу басын алып қашқан ел – шұбырған шұбырындысы аппақ сүрлеу болып қалады екен де» – дегенді алға ұстаған мәтін осы жазба (1645 – папка, 86-87 б.) бойынша 8 – томда «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» – тақырыпшасынан кейін (123-124 б.) орын алған.

170. «Сөз – сөзден туады» – дегенге дәл келеді. Шон, Торайғыр билер»... деп басталатын шағын мәтін де 1645 – папка (87 б.) бойынша

8 – томда (136 б.) «31.4. мәтін Өз Тәуке заманы, Ақтабан шұбырынды» тақырыбы соңы ретінде қосақталып берілген.

171. «Бұл Кишек – Бекболат алпыс бесте, Едіге жиырма бесте: «Абылай ханды шабамыз!» – деп барғанда...» – деп басталатын шағын мәтін «Абылай аспаған сары бел» – аталған мәтіндерінің соңы болуға лайық. Бұл мәтіндердің алты нұсқасының біріншісі әулеттік мұрағаттағы Мәшһүр Жүсіп жазбасы 2 – папкасы (275-283 б.) бойынша 8 – томда (196-201 б.) орын алса, қалған үлгілері Мәшһүр Жүсіп жазбалары бойынша (11 – папка, 113-122 б.) – екінші нұсқа; 1170 – папка (125-127 б.) – үшінші нұсқа; 1177 – папка, (163-171 б.) – төртінші нұсқа; 1176 – папка (134-139 б.) – бесінші нұсқа; 1178 – папка, 213-219 б. – алтыншы нұсқа ретінде 9 – томда (50-71 б.) жарық көргенін еске саламыз.

172. «Біздің бұл қазақта – құлақ естіген жерде Уақ: Нұрекен байдан бұрын қажыға барған кісі жоқ» – деп басталатын мәтін де осы жазба (1645 – папка, 88-90 б.) бойынша 8 – томда (60-62 б.) жарияланды.

173. «Замандардан заман өткенде, бұрынғылар өліп, таусылып, қалғандарға нәубет жеткенде: «Араб жұртынан бір Мұхаммед деген пайғамбар шығыпты» – деп басталатын мәтін осы жазба (1645 – папка, 90-93 б.) негізінде 8 – томға (62-65 б.) кіргізілді.

174. «Алланың шайтанынан адамның шайтаны күшті» – деген сөздің бірінші нұсқасы ОҒКҚҚ-дағы Мәшһүр Жүсіптің 1176 папкасы (219-220 б.) бойынша бұдан бұрынғы (10 – томда (250-251 б.) берілсе, бұл жазбадағысы (1645 – папка, 94 б.) сол мәтіннің екінші нұсқасы ретінде ұсынылып отыр.

175. Бастапқыда: «Күндерде бір күн Алланың шайтаны мен адамның шайтаны ұшырасыпты» – делінсе, соңғыда: «Алланың шайтаны мен адамның шайтаны» – сөздері орнын «Алдар көсеге» – сөздері иеленген.

176. Екіншіде: «Не ғып жүдеп, салбырап келесің, байғұсым?» – делінсе, алдыңғыда «байғұсым» сөзі мүлде жоқ болумен бірге, оған берілген жауап соңы: «Шаршап келемін» – деп тамамдалған. Ал, аяққыда ол: «Шаршап келе жатырмын ғой!» – деп келтірілген.

177. Алдыңғыда: «Маған өзің қол тапсырып, пір қылып, аяғыма бас ұрамысың?» – түрінде қысқа алынса, екіншіде бұл біраз кеңейтіліп,

өрістетілген: «Маған өзін қол тапсырып: «Бір!» – деп, білегімді; «Екі!» – деп, етегімді ұстап, тағыма бас ұрамысың?».

178. Әдепкіде: «Жарайды, ондай қылсаң, не айтқаныңды қылайын!» – делінсе, кейінгіде бұл біраз үдетілген: «Жарайды, осы екеуін айырып жіберсең, айтқаныңды қылайын!».

179. «Ана соқырын солай тұрсын!» – дегеннен кейінгі: «Оның сыбағасын да беремін! Беремін!» – сөздері соңғыда ғана орын алып, бұрынғыда ұшыраспауымен ерекшеленеді.

180. Алғашқыда: «Ақсақ шойнаңдап басып, шолақ аяғын арбаның дөңгелегіндей дөңгелеттіріп, жетіп келгенде» – түрінде өрістесе, кейінгідегі өзгешелік те назар аударарлық: «Ақсақ шойталаңдап басып, шолақ аяғын – қолын бұлғап, біреуді шақырып келе жатқан не-медей жетіп келгенде».

181. Ара тұра орын алған жеке сөз ерекшеліктерін санай бермегеннің өзінде мына бір өзгешелік те көңіл бөлерлік. Әдепкіде: «Мынаны соқырға бер, соқырыңның сыбағасы, – деп, сол жағына келістіріп құлаштап тұрып періпті. – Мұны өзің ал, бұл өзіннің сыбағаң! – деп, қолын қоя беріп, жүре беріпті». Соңғыда бұл басқаша өрістеген: «Мұны соқырыңа апарып бер, – деп, және құлаштап тұрып сол жағыма періп, – Бұл – өзіннің сыбағаң!» – деп, екі жағын дуылда-тып, қоя беріпті. – Көзі жоқ! – деп, ана сорлынікін алып қойма! – деп айғайлайды дейді.

182. Бұдан кейінгі әңгіме жалғасы тап осы мәтінде сақталмағандықтан, бізге жетпесе, шығарма соңы бірінші нұсқада (10 – том, 251 б.) сақталған.

183. 1645 – папка, 95-96 б. орын алған Көтеш ақын өлеңдері мен өміріне қатысты деректер 7 – томда (мәтіні – 28 және 27 б., түсінігі – 308, 311 б.) орын алған.

184. «Шәкәрім шежіресінен Тобықтыны жазып алуы» – деп басталатын мәтін Мәшһүр Жүсіп жазбасы, 1645 – папка, 97-107 беттері бойынша 10 – томға (185-192 б.) кіргізілді.

185. «Өзі тоймағанның сарқытын ішпе» – деп басталатын мақалдардың (1645 – папка, 106-107 б.) біразы 5 – томда (40 б. т.с.с.) алфавит тәртібімен орын алғанын ескерту үстінде бұл мақалдардың сонымен бірге жазылу, сақталу реті бойынша 10 – томда да (191 б.) басылғанын еске саламыз.

186. «Еңсегей бойлы ер Есім» хан (бірінші нұсқа) Мәшһүр Жүсіп жазбасы (1645 – папка, 108-111 б.) бойынша 8 – томға (136-139 б.) кіргізілді.

187. «Манатхан баласы Баһир төре Арқаға келгенде...» – деп басталатын мәтін де 1645 – папка, 112 (111) – беттен алынып, 8 – томға (169 б.) енгізілген.

188. «Айдабол – Сары-Қоңыратбай баласы Досжан молда...» – деп басталатын мәтін осы жазбадан (1645 – папка, 112-113 б.) алынып, 10 – томда (192 б.) берілген.

189. «Көрсары, Аксары – төрт сарының екі сарысының нәсіл жұрағаты...» – деп басталатын мәтін (1645 – папка, 113 б.) «Керей шежіресі жалғасы» – тақырыбымен 10 – томда (192 б.) орын тепті.

190. «Талас:Қобдан, Имаңке, Туатай, Жаманқара, – «Төрт Қара» – атанған – осылар» – дегенді алға ұстаған мәтін (1645 – папка, 114 б.) де 10 – томда «Арғын-Қаржас-Талас тарауы» – тақырыбымен (193 б.) орын алды.

191. «Ғышмания» аталған түркілерінің баба уаждатлары» – деп басталатын мәтін де 1645 – папка (115-116 б.) бойынша 10 – томда «Түрлі деректер» деген атпен (193 б.) қоныс тепті.

192. «Ұлы жүз – Үйсін – Ошақты – Жалайырдың Жалайырынан Бөлтірік би деген би шығыпты» – деп басталатын (1645 – папка, 117-118 б.) мәтін «Бөлтірік би» – деген тақырыппен 6 – томда (141-142 б.) басылды.

193. «Ақмайдан, Тоқмайданның Тоқмайданынан – Қатыс» – дегенді маңдай еткен мәтін 1645 – папка (119-120 б.) бойынша «Бәсентиін шежіресі жалғасы» тақырыбымен 10 – томда (194-195 б.) жарық көрді.

194. «Ұлан жасындағысын ұмытпайды» – деген бар ғой. Мұса-Секербай заманында» – деп басталатын мәтін осы жазбадан (1645 – папка, 123-125 б.) алынып, «Арғын шежіресі басы» – деген аталыммен 10 томда (195-196 б.) жарияланды.

195. «Шу ауданы Қырғызстанмен шектес» – дегенмен басталатын мәтін де осы жазба (1645 – папка, 126-128 б.) бойынша «65 мәтін «Князь арығы» атауы мәнісі» – деген тақырыппен 8 – томда (219-220 б.) басылды.

196. «Қазақтың «Қап» дегені – Кавказ серек» – деп басталатын Ақылбай Абайұлының (1861-1904) «Дағыстан» дастаны осы жазба

негізінде (1645 – папка, 129-140 б.) 7 – томда (мәтіні – 159-174 б., түсінігі – 355-363 б.) жарық көрді.

197. «Кең дала, кеткенің бе, кер бетеге?!» – деп басталатын Нармамбет акын өлеңі 7 – томда (мәтіні – 158-159 б., түсінігі – 354-355 б.) орын алды.

198. «Қыстау Адыр түбінде Ташен сал бар» – дегенді маңдай еткен Байқошқар қажы өлеңі де осы жазбадан (1645 – папка, 141 б.) алынып, 7 – томда (216 б.) берілді.

199. «Қалмақта құбақалмақтың ханы «Қалдан Шерін» – деген хан болған» – деп басталатын мәтін осы жазба (1645 – папка, 142-151 б.) негізінде әзірленіп, «Абылайдың тұтқын болуы» (үшінші нұсқа) аталымымен 9 – томда (мәтіні – 25-31 б., түсінігі – 339-340 б.) жарық көрді.

200. «Кенесары ханның «Жапар төре» – деген бір баласы Кенесарының өзіне ерніп, соғысқа кіріп жүргенде...» – деп басталатын мәтін (1645 – папка, 152 б.) де 9 – томда (217 б.) басылған.

201. «Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің ата тарапынан нысыбы. Айдабол-Күліктің Күлігі» – деп басталатын мәтін де 1645 – папка (153-164 б.) бойынша 9 – томда (274-280 б.) берілді.

202. «Бұрынғы заманда Қазан деген қалада Тама деген ел тұрақ қылған екен» – деп басталатын мәтін де осы жазбадан (1645 – папка, 165 – 206 б.) алынып, 5 – томда (мәтіні – 277-299 б., түсінігі – 403 б.) жарияланды.

203. «Жылым-қой, биыл жасым жетпіс үште» – деген Мәшһүр Жүсіп өлеңі осы жазбадан (1645 – папка, 209-212 б.) алынып, 2 – томға (78-82 б.) енгізілді.

204. «Мұса мырзаға Ташкентлік бір Қадірия деген ишан келді» – деп басталатын мәтін (1645 – папка, 214 б.) «Қадірия ишан» – деген атпен 9 – томға (256 б.) кіргізілді.

205. «Шалқарбайдың Жүнісін ажал алды» – деп басталатын Мәшһүр Жүсіп өлеңі (1645 – папка, 215-218 б.) 1 – томда (180-184 б.) жарық көрді. Ескерту: Бастапқы – 29 шумағы, яғни 116 жолы мұнда сақталмағандықтан, Мәшһүр Жүсіптің әулеттіктегі (8 – папка, 1-8 б.) мәтіні негіз болды.

206. «Ер Едігеден естігенімді сөйлейін» – деп басталатын мәтін де осы жазба (1177 – папка 4-10 б.) бойынша: «28 мәтін. Ер Едіге (екін-

ші нұсқа)» тақырыбымен 8 – томда (106-112 б.) жарияланды. Ескерту: Бұған дейін 11 – томда ОҒКҚК-дағы 1170, 1645 папка жазбалары тұтас беріліп келсе, осы мәтіннен бастап 1177 – папка үлгілері келтіріліп отырады.

207. «Күні кеше Қуандықтан шыққан Арық Қоңырбай Айқожа ишаннан халфе болып...» – деп басталатын мәтін осы жазбаға (1177 – папка, 10-11 б.) сүйеніп, «28.2 мәтін. Жалаңаяқ Әудер әулие» – деген аталыммен 8 – томға (112-114 б.) кіргізілді.

208. «Әкесінің атын жан білмейді» – деп басталатын мәтін де осы жазба (1177 – папка, 13-14 б.) бойынша, «Әкесі басқа адамдар туралы» (бірінші нұсқа) – деген тақырыппен 9 – томға (257-258 б.) кіргізілді.

209. «Қазақтың ауыз айтқан өлеңі, жоқтауы...» – деп басталатын мәтін де осы жазбадан (1177 – папка, 15-21 б.) алынып, «Шернияз Жарылғасұлы» – деген аталыммен 7 – томда (мәтіні – 35-43 б., түсінігі – 319-324 б.) берілді.

210. «Әуелі Құдай жарылқасын!» – деп басталатын мәтін осы жазба (1177 – папка, 22-23 б.) негізінде «Бұрынғылардың батасы» – деген тақырыппен 5 – томда (111-113 б.) басылды.

211. «Кеше Қоңыраттан шыққан «Көктің ұлы» атанған Сапақ датқамен замандас – Қоңыраттың бір табынан «Қара Нұрман» шешен шыққан» – деп басталатын «Нұрман сөзі» мәтінінің екінші нұсқасы Мәшһүр Жүсіп жиені Жолмұрат Жүсіпұлы (1894-1977) көшірмесі бойынша 6 – томда (207-208 б.) алдымен жарық көрсе, бұ жолы түпнұсқа саналуға лайық үлгі бірінші нұсқа ретінде тұңғыш баспаға ұсынылып отыр.

212. «Өлі аруақты тіргіздің» – деп басталатын мәтін «Байдалы және Айғаным» – тақырыбындағы әңгіменің бірінші нұсқасының соңы, яғни үзгі. Әңгіменің толық нұсқасы осы жазбадан (1177 – папка, 147 б.) алынып, 6 – томда (мәтіні – 123-124 б., түсінігі – 361-362 б.) басылғанын, ал осы үзінді бар екені сол түсінікте (361-362 б.) арнайы ескертілгенін еске саламыз.

213. «Мұса пайғамбардың заманында Шайхы Бұрқы деген диуана болыпты» – деп басталатын мәтін осы жазба (1177 – папка, 25-26 б.) бойынша «Шайхы Бұрқы диуана және Мәшһүр Жүсіптің бір өлеңі» – деген тақырыппен 9 – томда (286-287 б.) басылды.

214. «Сарыарқада Нұра деген өзен бар» – деп басталатын мәтін осы жазбадан (1177 – папка, 26-34 б.) алынып, «74 мәтін. Сарыарқа тарихы (екінші нұсқа)» – тақырыбымен 8 – томда (276-284 б.) басылды.
215. «Сөз шықты біздің қазақ баласына» – деп басталатын Мәшһүр Жүсіптің туындысының үзіндісі осы жазба бойынша (1177 – папка, 34-36 б.) «Сарыарқаның кімдікі екендігі» – деген аталыммен 4 – томға (58-62 б.) енгізілді.
218. «Сөйлей берсе, сөз таусылмайды» – деп басталып, «Қалмақ «хан» – деген сөзін «Тайшы» – дейді екен» – деп түсінік берілгеннен кейінгі Күдеріқожа Көшекұлының (1820-1858) «Лә-ила-Алла, Алламен // Әуелі Құдайды айтайын» – деп басталатын өлеңі осы жазба (1177 – папка, 34-41 б.) негізінде 7 – томда (мәтіні – 108-113 б., түсінігі – 337-338 б.) жарық көрді.
219. «Сорқара, Сортың бар ма?» – дегенді маңдайша еткен қалмақ өлеңі осы жазба (1177 – папка, 41 б.) негізінде, «Қалмақ Сарыарқадан ауғанда, тамақ сұрап жылаған балаларына айтқаны» – деген тақырыппен 7 – томда (37 б.) берілді.
220. «Қайран да, қайран, қайран тау» – деп басталатын өлең осы жазбадан (1177 – папка, 41-43 б.) алынып, «Қалмақтың Сарыарқаны жоқтап жылаған зары» – деген аталыммен 7 – томда (мәтіні – 37-40 б., түсінігі – 354-356 б.) орын алды.
221. «Ойтүндік пен Белеңде» – дегендегі «Белең қай жұрт?» – дегенді алға салған мәтін осы жазба (1177 – папка, 45 б.) негізінде 8 – томға (58-59 б.) енгізілді.
222. Белгілі акын Бұқар жырау толғаулары мен оған берілген түсініктер шоғыры бұл жазбадан (1177 – папка, 51-63 б.) алынып, басқа да нұсқалармен салыстырылып 7 – томда (мәтіні – 3-25 б., түсінігі – 289-308 б.) басылды. Сонымен бірге бұрынғы түсініктеме соңынан калып қойған (7 – том, 308 б.) мына бір сөзді, Мәшһүр Жүсіп сүйсінуін осы жолы ұсынып отырмыз: «Ай, аруағыннан айналайын, жатқан жайың торқа болсын!» (1177 – папка, 63(32) – бет).
223. Мәделі қожа өлеңдері және оған берілген түсініктер шоғыры осы жазба (1177 – папка, 64-67 б.) бойынша 7 – томда (мәтіні – 68-70 б., түсінігі – 328-329 б.) берілді.

224. «Жошыхан ұғлы – Тоқайтемір, мұның ұғлы – Токқұлқожа» – деп басталатын мәтін (1178 – папка, 68 б.) «Хандар шежіресі» – деген атпен 10 – томға (6 бет) кіргізілді.
225. «Ұлбике мен Күдері айтысы» және оның 1177 – папка, 69-79 б. алынғаны, айтыстың көп нұсқалы екенін ескеріп, салыстыру жүргізулер нәтижесі – бәрі 6 – томда (мәтіні – 242-255 б., түсінігі – 381-387 б.) қамтылған.
226. «Ұлбике мен Жангел айтысы» 1178 – папкадан (262-264 б.) алынып, 6 – томға (мәтіні – 255-258 б., түсінігі – 387 б.) енгізілді. Оны біз айтыстың бірінші нұсқасы деп санап, бұл жолғыны (1177 – папка, 79-81 б.) екінші нұсқа ретінде жеке ұсынып отырмыз. Екі нұсқа арасында аз да болса өзгешелік барын да нақты көрсетуді жөн көрдік. Мәселен, осы бастапқы сөйлемнің аяғындағы «Жалғыз үй қала алмайды» – сөздері бұрынғыда, яғни 1178 – папкада мүлде жоқ екенін ескертеміз.
227. Айтыс алдындағы түсінік ішінде алдыңғыдан басқа тағы да 1178-де жоқ екі қосымша бар: 1. «Ұлбике – байдың қызы. 2. Сонда Жангел айтты».
228. Жангел иттеріне берілген түсінік 1178-де: «Жангелдің екі төбеті бар екен: бірінің аты-Басар, бірінің аты – Байтөбет екен» – деп берілсе, 1177-де ол түсінік сол мәтін жазылған 80(45) беттің оң жақ қапталында қиғаштап орын тепкені: «Байтөбет – бір итінің аты екен де, Басар бір итінің аты екен. Өлеңге екі иттің атын қосып айтқаны».
229. Ара-тұра орын алған жеке сөз, не сөз ауысуларын тіркемей-ақ, тағы да негізгі дегендерге көңіл бөлсек: «Қатын болып қолына барып, түскен соң» сөздері 1178 – папкадағыда мүлде жоқ екенін ескертеміз.
230. Сондай-ақ «Келсе, «ит» те келіп қалып» – сөздері де бұрынғыда орын алмауымен ерекшеленеді.
231. «Тіл тартпай-ақ кете беріпті» – баяндауы да бастапқыда ұшыраспайды.
232. Әдепкіде бұл сөз: «Пайғамбар шарифатына түсесің бе, бидің билігіне жүгінесің бе?» – делінсе, бұл жолғыда: «Бидің билігіне бересің бе, пайғамбар шарифатына көнесің бе?» түрінде сәл өзгеріп берілген.
233. Әдепкіде: «Күдері қожаның шарифатына беріпті. Күдері қожаның берген төресі» – делінсе, екіншіде сәл кеңейтілу бар: «Сонда шарифат айтатұғын Күдері қожа екен, айтқан шарифаты».

234. Бұрынғыда: «Өкпесінде жазу жок болса, әйел адамның тойға барып өлен айтуы дұрыс емес» – калпында келсе, соңғыда біраз өзгеше: «Өкпесінде жазу жок болса, тойға бару, өлен айту әйел жынысына дұрыс емес».

235. «Ұмсын мен Заман қожа айтысы» (екінші нұсқа).

Бұл мәтіннің бірінші нұскасы жоғарыда сөз болған Алматыдағы ОҒКҚҚ-да сақталған Мәшһүр Жүсіп жазбалары 1178 – папкасы (243-248 б.) бойынша 6 – томда (мәтіні – 288-296 б., түсінігі – 391 б.) жарық көрді. Онда екі нұсқа мәтіндеріндегі өзгешеліктер ескерілмей, тек түсініктер камтылса, бұ жолы 1177 – папкадағы айтыстың айырмашылықтар орын алған шумақтары беріледі де, ондағы ерекшелік атауы осы түсінік бөлімінде көрсетіліп отырады.

236. Мұндағы: «Сегіз ұшпак ішінде» сөздері орнына бұрынғыда, яғни 1178-ден алынған бірінші нұсқада: «Ішімен сегіз пейіш» – орналасқан. Сонымен бірге осыдан кейінгі: «Жомарт ер акыретте иман табар» – тармағын маңдай еткен бұл шумақ 1177-де мүлде жок.

237. Осындағы «Сегіз пейіш пен» «ішіне» сөздерінің орын ауысуы, яғни алдымен «ішіне», сонынан «Сегіз пейіш» орналасуы бірінші нұсқада осы арада бір шаң берсе, арада бір шумақ өтсімен, тағы да шумақ аяғында осы сөздердің орын алмасуы қайталанған.

238. Бастапқыда: «депті Алла тағалам» – деп берілсе, мұнда: «деп айтқан Құдай тағалам» – деп өзгертілген.

239. Бұрынғыда: «Қиямет кайым болғанша қосылмақ жок» – деген үшінші тармақтан кейін: «Заманақыр болғанда, сөз құн сұрар» – қосылып, тап осы шумақтың бес тармақты болуын негіздесе, 1177 – папкадан алынған бұл екінші нұсқада бұл тармақ мүлде жок болуымен ерекшеленеді.

240. Екінші нұсқадағы «адамға» сөзі әуелгіде «адамды» – деп келтірілген.

241. Осындағы соңғы сөз «қысаң» бұрынғыда «қыспақ» – деп басылған.

242. Осы шумақтағы «құпия» сөзі әуелгіде – «капия»; «сұралмаған» сөзі – «сұрамаған» – деп басылған.

243. Алматыдағы ОҒКҚҚ-да сақталған Мәшһүр Жүсіп жазбасы, 1178 – папка, 89-100 беттерінен алынып, «Сақау мен Тоғжан айтысы» тақырыбымен 6 – томда (мәтіні – 231-242 б., түсінігі – 380-381 б.)

жарық көрген бірінші нұсқа мәтіні мен осы жазбада (1177 – папка, 89-100 б.) орын алған екінші нұсқа мәтіні өзгешелігі болмағандықтан, алғашқыда жок, кейін берілген түсініктерге қатысты мәтіндерді және соңғыдағы түсініктерді келтірумен шектелеміз. Мәселен, осы шумақтағы «қорасан» сөзіне байланысты 1177 – папка, 90 – бетінің оң жақ қапталында Мәшһүр Жүсіптің өз қолымен көлденеңдеп мына түсінік берілген: «Қызылтау, Баянаула жұтқа ұшырап, шалдығып, басына-қорасан, малына – арасан тиіп, жүдеп шыққан екен де, Қаракесек – «иті май жемей» – семіз күйлі, құтырып шыққан екен».

244. 91 – беттің ең аяғындағы: «Кеспелік, Түрмелік» сөздеріне алғашқы нұсқада мынадай түсінік берілген: «Кеспелік, Түрмелік, Елік-Мәукенің үш баласы, оңбаған азғын туған нашар тұқым болғандар» (6 – том, 380 б.). Ал, жазбаның (1177 – папка) 91 – бетінің сол жақ қапталында қиғаштап мына түсінік енгізілген: «Кеспелік, Түрмелік, Елік-Мәукенің үш баласы, оңбаған, азғын туған, нашар тұқым болғандар». Сонымен бірге соның алдында орын алған «Шаншар» сөзіне қатысты түсінік қосылған: «Сақау «Шаншар» – деген елдің жиені екен, шешесі оң жақтан көтеріп келіп тапқан, – дейді».

245. 93 – беттің сол қапталында көлденеңдеп «Бәңгі» есіміне қатысты мына дерек келтірілген: «Бұл Тоғжанның өзін Орманшы деген елге беріп, ұзатайын деп жатыр, күйеуінің аты – Бәңгі».

246. Тоғжанның осы сөзінен кейін, ақындық суырып салу, шешендік өнеріне сүйсіну ретінде Мәшһүр Жүсіптің мына бір баға беруі орын алған: «Өлең болса, айтыс болса, осы екеуінікіндей болсын!» (1177 – папка, 93 – бет).

247. Тоғжанның: «Болғаны қиямет қайым қашан еді» – деп басталатын өлеңі алдында мына түсіндірме орын алған: «Тоғжан сасқан соң, аруаққа жабысады».

248. Сақаудың осы сөзінен кейін кіргізілген анықтама: «Төртуыл билері Торайғыр, Қойшыбай Қаракесекке бітімге барып, Қаракесек бітім бермей, бұлар «салы суға кетіп салбырап қайтып, аштан өле жаздаған жері болған екен» (1177 – папка, 96 – бет). Тап осы түсінік дәл осы мәтінге ұштастырылмаса да, бұрынғыда да бар (6 – том, 380 б.).

249. Тоғжан өлеңіндегі «Қушоқы» сөзіне байланысты мына түсінік келтірілген: «Қушоқы – Ақмола, Қарқаралы, Баянаула – үшеуінің

кираниты [границасы] астасқан жер, орысқа карамаған күнде елсіз болған жерлер».

250. Алғашқы нұсқада ескертілгендей, мұнда да «Шортанды» сөзіне қатысты дерек берілген: «Шортандының Қарасуы Қоңырадыр деген жерде-Есілдің басы болады» (1177 – папка, 96 б.).

251. Ұлбике мен Күдері айтысының Мәшһүр Жүсіп қолымен жазылған үш нұсқасы (1170 – папка, 56-66 б.; 1178 – папка (250-261 б., 1177 – папка (69-79 б.) сақталғаны ескертіліп, сол үшеуін салыстырып ұсынылған нұсқа 6 – томда (мәтіні – 242-255 б.; түсінігі – 381-385 б.) жарық көргенін еске саламыз.

252. «Шөже мен Қалдыбай айтысы» – осы жазба (1177 – папка, 101-102 б.) негізінде 6 – томға (мәтіні – 273-275 б., түсінігі – 387 б.) енгізілді.

253. Жанақ пен Түбек айтысы осы жазба (1177 – папка, 103-109 б.) бойынша және сол қордағы, яғни ОҒКҚҚ-дағы 1170 – папка (46-56 б.) негізінде баспадан шыққан В.В. Радлов кітабымен («Ел қазынасы – ескі сөз», Алматы, Ғылым, 1994, 564-566 б.) салыстыру жүргізіп, 6 – томда (мәтіні – 224-230 б., түсінігі – 377-380 б.) жарық көрді.

254. С.Торайғыровтың «Тұрмысқа», «Ләнет бұлты шатырлап» өлеңдері осы жазбадағы 1177 – папка, 105-106 қосымша беттерден алынып 7 – томға (мәтіні – 209-210 б., түсінігі – 376-377 б.) кіргізілді.

255. Мөңке мен Опан айтысы осы жазба (1177 – папка, 109-117 б.) және сол қордағы, яғни ОҒКҚҚ-дағы Мәшһүр Жүсіп жазбасы, 1170 – папка (66-70 б.) мәтіні қатар алынып, оны 1870 жылғы В.В. Радлов кітабындағы нұсқамен салыстыру жүргізіліп, 6 – томда (мәтіні – 275-281 б.; түсінігі – 387-390 б.) басылды.

256. «Бұхарай Шәріпте «Жаксы Ғабдолла хан» – атанған хан болған» – деп басталатын мәтін осы жазба (1177 – папка, 111-114 б.) бойынша 69. мәтін «Көкалташ атауы туралы» (екінші нұсқа) – аталымымен 8 – томға (мәтіні – 250-251 б., түсінігі – 448 б.) енгізілді.

257. Шортанбай мен Орынбай айтысының осы жазбадағыдан (1177 – папка, 117-120 б.) көлемі шағындау екінші нұсқасымен (1170 – папка, 78-85 б.) және жоғарыда сөз болған В.В. Радлов (1870 ж.) нұсқасымен салыстыру жүргізе отырып жариялау 6 – томда (мәтіні – 221-223 б.; түсінігі – 375-380 б.) жүзеге асты.

258. Түбек пен Жамшыбай айтысының да осы жазбадағыдан (1177 – папка, 120-124 б.) басқа екінші нұсқасы (1178 – папка, 239-242 б.) бар екені ескеріліп, екі мәтін салыстырыла отырып, 6 – томда (мәтіні – 281-287 б.; түсінігі – 391 б.) жарияланды.

259. Бұл айтыстың да бір нұсқасы осы жазба (1177 – папка, 125-129 б.) болса, екіншісі де сақталған (1178 – папка, 267-271 б.). Екі мәтінді салыстыра отырып жариялау тағы да 6 – томда (мәтіні – 258-265 б.; түсінігі – 387 б.) іске асты. Сонымен бірге бұл мәтіннің алғаш рет Мәшһүр Жүсіп таңдамалысының 2 – томында (Алматы, Ғылым, 1992, 131-136 б. Құраст. С.Дәуітов) және «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналында (11-12, 1998 ж., 2, 1999, 17-19 б.) жарық көргенін еске саламыз. Сондай-ақ әулеттік мұрағатта тағы 3 көшірменің (Жолмұрат Жүсіпұлы, 3 – папка, 240-241 б. және 332-334 б.; 335-339 б.; Мұхаммедфазыл Жүсіпұлы, 2 – папка, 229-230 б.; Иманғали Мәненов, 3 – папка, 167-169 б.) сақтаулы тұрғаны сол 6 – том түсіндірмесінде көрсетілгені белгілі.

260. «Көтеш пен Күнекей қағытпасы» – осы жазба (1177 – папка, 130 б.) бойынша 6 – томда (мәтіні – 212 б., түсінігі – 370 б.) басылды. Осы орайда сол басылымда ақынның екінші бір жазбасы (1178 – папка, 222 (130) б.) бар екені ескерілмеген. Бұл жерде 1178-тегі өзгешеліктерді камтығанды жөн көрдік. Мәселен, 1177-ден алынған 6 – томда «Көтеш айтыпты» – дей салынса, 1178-де: «Сонда Көтеш ат бетін былай қайырды» – делінген. 1177-де: «Шашың мен шашбауына» делінсе, 1178-де «Шаш пен шашпауына» – деп сәл өзгертілген. Сондай-ақ қағыспа соңындағы мына бір деректер 1177-де мүлде жоқ болғандықтан, 6 – томға енбей қалса, бұл 1178-де ғана орын алуымен ерекшеленеді: «Күнікейдің танауы тарс бітіп, тығындалып, дыбысы шықпай қалса керек. Бұл Күнікей – өзі Қаракесек; Бошан-Қаракемпір-Наманай деген елге катын болып түскен. «Қаракемпір-Наманай, // Ниетіңнің жаманы-ай!» – деген мақал сонан қалған» (1177 – папка, 222 (130) – бет)

261. Шөже мен Шортанбай қағытпасы 1177 – папка, 130 бет бойынша тұңғыш жарияланып отыр.

262. С. Торайғыровтың «Кедей» дастанынан үзінді және «Қымыз» өлеңі 1177 – папка, 131-134 б. алынып, 7 – томға (мәтіні – 211-213, 202-208 б., түсінігі – 375-376 б.) енгізілді.

263. Байкошқар, Ажар, Жапардың өлеңдері 1177 – папка, 134 б. негізінде 7 – томда (216-224 б.) жарық көрді.
264. «Әкесі басқа адамдар туралы» (екінші нұсқа) да 1177 – папка, 135-138 б. негізінде 9 – томда (259-261 б.) берілді.
265. Жаяу Мұсаның әкесі басқа екендігі кезінде белгілі жазушы З. Ақышевтің «Жаяу Мұса» романында сөз болып, оған: «Көркем шығармада ойдан шығару, дәлелденбеген деректі қосу бола береді» – дегендей сыңай таныту орын алғаны белгілі. Бұ жолы сол Жаяу Мұса ауылына іргелес өскен Мәшһүр Жүсіп дерегіне де шүбәмен қараушылар шығуы мүмкін екенін ескерсек те, жазылған шындықты оқырманға сол калпында жеткізгенді жөн деп таптық. Бұл мәтін Мәшһүр Жүсіптің өз жазбасы, 1177 – папкадағы қосымша қысқа беттерден (137-138 б.) алынды. Сонымен бірге бұл деректі Мәшһүр Жүсіп мұның алдында 1177 – папка, 13-14 б. бойынша сол 9 – томға: «Әкесі басқа адамдар туралы» (бірінші нұсқа) еңбегінде кеңейтіп: «Жас күнінде Жаяудың өзі айтады екен: «Баласы сол Боштайдың» – деп айтады, // Білмесе, қазақ оны неге айтады?!» – дерегінің сол бірінші нұсқамен қатар, екіншіде де орын алуы (9 – том, 258-260 б.) да белгілі бір дерекке, пікірге дәлелсіз күдік ала жүгірушілерге жеткілікті жауап бере алады деп санаймыз.
266. «Жақсы Ғабдолла хан (екінші нұсқа)» осы жазба (1177 – папка, 141-146 б.) негізінде 8 – томға (258-263 б.) кіргізілді.
267. Байдалы және Айғаным (бірінші нұсқа) – мәтіні де 1177 – папка, 147 б. алынып, 6 – томда (123-124 б.) басылды.
268. «Кешкенбай биге қатысты мәтін 1177 – папка, 148 б. бойынша 6 – томға (158 б.) енгізілді.
269. «Арай, арай, арай бар» – деп басталатын «Тақпақ» – деген тақырыппен осы жазба бойынша (1177 – папка, 149-150 б.) 5 – томда (22-24 б.) жарияланды.
270. Мөңке би сөзінің бірінші нұсқасы әулеттік мұрағатта сақталған Мәшһүр Жүсіптің жас кезінде ертеде қағазға түсін, сақталуында кемдік көрген (қыста от жағылмағандықтан, суық қорада ылғал т.с.с. әсерінен жазу өшуі т.с.с.) жазбасынан (II – папка, 89-90 б.) алынғандықтан, әрі әріптер таңбасын анықтаудан кеткен ақаулар салдарынан, әрі Мәшһүр Жүсіптің өзінің түрліше жазу мүмкіндігінен туған өзгешеліктер баршылық екені анықталды. Мәселен, II –

папка бойынша берілген 6 – томда (139 б.) «Қамыс жаққан пенделер» – деп берілсе, екінші бір жазбада (1645 – папка, 74 б.) «Қылмысы жаққан пенделер» – делінген. Ал, 1177 – папкадағы үлгіде: «Қылмысы жаққан қылықты» – түрінде отау тіккен. Біздіңше, соңғыны неғұрлым дұрыс нұсқа деуге болады.

271. Алғашқы үлгіде: «Жаулықтарын ту қылған, // Ауылдарын шу қылған» – қалпында берілсе, екіншіде (1645 – папка, 74 б.): «Ауылдарын шу қылған, // Жаулықтарын ту қылған» – түрінде тармақтардың орын алмасуы іске асқан. Бұл алмасудың соңғыда (1177 – папка, 150 б.) да ұшырасуы – кейінгі екі үлгідегінің дұрыстығын дәлелдейді.

272. Әуелгіде: «Үй басына тақ еткен // Келі шығар деп еді» – түрінде өрістеп, екіншіде «тақ еткен» сөзін «тоқ еткен» – ауыстырса, аяққыда (1177 – папка) сол сөзді «тоқылдақ» алмастырған.

273. Бұрынғыда: «Келісімен кірпиіп (кіршиіп), // Келін шығар деп еді» – делінсе, екіншіде «кірпиіп» сөзін «келісіп» ауыстырған да тап осындай өзгеріс үшінші үлгіде де (1177 – папка, 150 б.) орын тепкен.

274. Әдепкіде: «Өзі болған жігітке // Қыз артылар деп еді» – түрінде шаңырақ көтерілсе, екіншіде (1645 – папка, 74 б.): «Қарап тұрған жігітке // Қыз артылар» – деп еді – өзгерісі туып, сол ерекшелік осы жолғыда да қайталанған.

275. «Біріншіде: «Ағып жатқан дария су // [Бір] тартылар деп еді» – түрінде келіп, алғашқы тармақ соңына кейінгінің бастапқысын («су» сөзін) кіргізіп, жаңылысу орын алса, екіншіде ол түзетілді: «Ағып жатқан дария // Су тартылар деп еді». Үшінші нұсқада сол өзгеріс бекітілді.

276. Бастапқыда: «Ендігінің қатыны // Байын билер деп еді»-делініп, сол қалып екіншіде де (1645 – папка, 74 б.) қайталанса, үшіншіде «ендігінің» сөзі «егіншінің» болып түзетілді.

277. Алғашқыда: «Туған байым болар, – деп // Аруақ шығар деп еді» – делінсе, екіншіде ол түзетілген: «Тоған басы мұраб, – деп // Арық шығар» – деп еді. Үшіншіде кейінгі өзгеріс қайталанумен бірге «тоған» сөзі «тоғам» деп берілген.

278. Әуелгіде: «Жалаң аяқ шар иттерін // Бегім дерсің деп еді» – қалпында отау тігілсе, екіншіде: Жалаң аяқ сарттарды // «Бегім, – дерсің» – деп еді» түрінде өзгертілген. Бұл өзгеріс үшіншіде де орын алуы тағы да кейінгілер дұрыстығын аша түседі.

279. Бұрынғыда: «Алысқа деген қамыстан // Үй шығады деп еді» (6 – том, 140 б.) – делінсе, екіншіде (1645 – папка, 74 б.): «Ысқа деген қамыстан // Үйі шығар» – деп еді» түрінде өзгеріп, сол ауысу соңғыда да қайталанған (1177 – папка, 151 б.).
280. Бастапқыда: «Құрыс жауырын, қой бұтты // Би шығады деп еді» – түрінде өрістесе, екіншіде «құрыс» орнына «қозы», «би шығады» орнына «биі шығар» орын тепкен. Бұл өзгеріс үшіншіге де тән.
281. Біріншіде: «Адам құмандай болады» – дегеннен кейінгі соңғы 9 тармақ қолжазбада сақталмағандықтан да, 6 – томға (140 б.) енбей калса, бұл екінші, үшіншіде кіргізілді.
282. «Шоң бидің Қуандық еліндегі асқа баруы» (бірінші нұсқа) – әңгімесі осы жазбадан (1177 – папка, 153-162 б.) алынып, екінші бір жазбамен (1176 – папка, 141-154 б.) салыстыру жүргізіле отырып, 6 – томда (мәтіні – 171-178 б., түсінігі – 366 б.) жарық көрді.
283. «Абылай аспаған сары бел» – аталған мәнісі (төртінші нұсқа) мәтіні де осы жазба (1177 – папка, 163-171 б.) бойынша 9 – томға (мәтіні – 55-61 б.; түсінігі – 340-344 б.) енгізілді. Осы орайда бұл мәтін аяғында орын алған Төлеген қожаның өлеңі оның алдындағы 7 – томда (281-282 б.) бұрынырақ бір жарық көргенін еске саламыз.
284. «Бұхар, Қокан хандары туралы» (үшінші нұсқа) мәтіні осы жазба (1177 – папка, 173-181 б.) негізінде 8 – томда (мәтіні – 234-242 б.; түсінігі – 447-448 б.) басылды.
285. «XVIII-XIX ғ. Қокан хандары» – мәтіні де 1177 – папкадан (182-189 б.) алынып, 8 – томға (мәтіні – 242-249 б.; түсінігі – 447-448 б.) кіргізілді.
286. «Кіші жүздің ұрандары» мәтіні де 1177 – папка, 190-191 б.) бойынша 8 – томға (164 б.) енгізілді.
287. «Тілеукабыл батырдың тұнғышы – «Ақша» – деп басталатын мәтін кезінде қолжазбаны реттеу, оған бет ретін қоюда кеткен кателіктен «193 – бет» – деп кате таңбаланған, әйтпесе бұл осы жазбадағы 356 – бет соңына тұруға лайық. Соны ескергендіктен де бұл мәтін «Бәсентиін шежіресі» соңы ретінде 10 – томда (44 б.) жарық көрді.
288. «Нух, Наурыз тарихы» әңгімесі 1177 – папка, 195-200 беттерден алынып, 8 – томға (мәтіні – 49-56 б.; түсінігі – 415 б.) енгізілді.

289. «Бердіқожа (2 – үлгі)» – мәтіні де осы жазба (1177 – папка, 201-202 б.) негізінде 8 – томда (213-214 б.) басылды.
290. «Құнанбай туралы (бірінші нұсқа)» мәтіні 1177 – папка, 202-203 б. бойынша 9 – томға (241 б.) кіргізілді.
291. «Едігенің алғашқы билігі» мәтіні Мәшһүр Жүсіптің осы жазбасынан (1177 – папка, 204-206 б.) алынып, 6 – томда (126-127 б.) басылды.
292. «Едігенің Тоғаспен құда болуы» – мәтінінің алғашқы екі нұсқасы әулеттік мұрағатта сақталған Мәшһүр Жүсіптің өз жазбасы: 11, 2 – папкалары бойынша әзірленіп, 6 – томда (біріншінің мәтіні – 127-131 б., екіншінің мәтіні – 131-135 б., түсінігі – 362 б. жарық көрді. Біз бұ жолғыны осы жазба (1177 – папка, 206-210 б.) бойынша үшінші нұсқа ретінде жеке ұсынып отырмыз.
293. Назар аударарлық жәйт: әр кезде әр қағазда жазылса да, Мәшһүр Жүсіптің 2 – папкасы мен 1177 – папкасы мәтіндерінде айырмашылық болмауы, тек бір тұста: «Бұрынғы ата-бабамыздан қалған сөз бар еді (6 – том, 132 б.)» – дегендегі «ата-бабамыздан» – орнына кейінгі үшінші нұсқада «ата-бабадан» түрінде ғана сәл өзгеруі – бәрі Мәшһүр Жүсіптің естіген сөздерін әр кезде есте ұстау қабілетінің жоғары болғандығын дәлелдейді деп санаймыз.
294. «Едігенің көрген түсі (үшінші нұсқа)» – мәтіні де осы жазбадан (1177 – папка, 210-211 б.) алынып, 6 – томда (мәтіні – 136-137 б.; түсінігі – 363 б.) берілді.
295. «Күлік: Шобалай баласы Жаңабатыр бидің бес көк ала бас атаны жоғалыпты» – деп басталатын мәтін де осыдан (1177 – папка, 212-214 б.) алынып, 6 – томға (137-139 б.) кіргізілді.
296. «Осы Өміртай жас бала жігіт күнінде...» – деп басталатын мәтін 1177 – папка (214 б.) бойынша 9 – томға (247 б.) енгізілді.
297. «Он сан Орта жүзге ұран болған Олжабай» – деседі» – деп басталатын мәтін де бұл жазба (1177 – папка 215-219 б.) негізінде әзірленіп, «Олжабай батыр (төртінші нұсқа)» – деген тақырыпта 9 – томда (мәтіні – 121-124, түсінігі – 351 б.) басылды. Сонымен бірге осы томдағы түсінік бөлімінде «Олжабай батыр» әңгімесінің 3, 4 – нұсқалары бұрын да жарық көргені («Абылай хан» – деген жинақ ішінде, құраст. С. Дәуіт. Алматы, 1993, 1 – том, 327-335 б.) ескертілген.
298. «Кеше қазақ орысқа қарағанда, Керей, Уақ, Атығай, Қарауыл бұрын қарап бодан атанған» – деп басталатын мәтін де осы Мәшһүр

Жүсіп жазбасынан (1177 – папка, 219-221 б.) алынып, «Тұрлыбек пен Сақау ақын» – деген аталыммен 9 – томда (250-251 б.) орын алды.

299. «Сөз – сөзден туады, // Сөйлемесе, қайдан туады? Тұрлыбек сол келгенінде біздің Сүйіндік жұтамай жүре ме, жұтқа шалдығып, жүдеп-жадап шыққан екен» – дегенді маңдай еткен мәтін осы жазба (1177 – папка, 221 б.) бойынша 9 – томда (251-252 б.) бар екенін ескертеміз.

300. «Бұл – тарих шежіре: ауыздан – ауызға алынған сөздерден жиналған» – дегенді алға тартқан мәтін 1177 – папқадан (222-226 б.) алынып, «Олжабай батыр (үшінші нұсқа)» – деген тақырыпта 9 – томда (мәтіні – 118-121 б., түсінігі – 351 б.) жарияланды.

301. «Он сан Орта жүзге ұран болған Олжабай батырдың бағының ашылған, аруағының шашылған жорығы» – деп басталатын мәтін осы жазбаға (1177 – папка, 226-230 б.) сүйеніп, «Малайсары және Олжабай» – деген тақырыппен 9 – томда (мәтіні – 124-127 б., түсінігі – 351 б.) жарық көрді.

302. «Біздің бұл қазақ Сыр бойынан ауып келгенде, Ұлытау, Кішітауды қыстап, Сорқара, Сортыны жайлап, сол маңа [йы] на орын теуіп жүріпті» – деген мәтін осы жазба (1177 – папка, 230-236 б.) бойынша «Олжабай және Жасыбай» – деген аталыммен 9 – томға (127-131 б.) енгізілді.

303. «Ең алғаш қазақ орысқа қарап, дуан аузы ашылғанда, Шоң би аға сұлтан, дуанбасы болған» – деп басталатын мәтін осы жазба (1177 – папка, 238-241 б.) бойынша «Кенесарының қырғызға барған себебі» – деген аталыммен 9 – томға (мәтіні – 169-172б.; түсінігі – 353 б.) кіргізілді.

304. «Абылай хан» (бірінші нұсқа) дастаны да 1177 – папка, 241-248 б. мәтіні бойынша 9 – томда (мәтіні – 84-96 б.; түсінігі – 345-350 б.) орын алды.

305. «Қалмақтың ханы кәрі Аюке жалғыз қызын қырық қыз қосып, Қалдан Шерінге жіберген екен: «Кімге берсе, билігі Қалданда», – деп, басталатын мәтін осы жазбадан (1177 – папка, 248-251 б.) алынып, «Абылайдың тұтқын болуы» (бесінші нұсқа) – деген аталыммен 9 – томда (мәтіні – 35-40 б.; түсінігі – 340 б.) берілді.

306. «[Абылай]... тауды бет алып аттанып, бара жатқан бетінде, «Құс ұшпас, құлан жортпас» Бетпақтың сары даласында бір кара

ала атты оқтай ұшырады» – деп басталатын мәтін осы жазба (1177 – папка, 302-303 б.) бойынша «Балтакерей-Тұрсынбай батыр» (төртінші нұсқа) – деген тақырыппен 9 – томда (мәтіні – 137-139 б.; түсінігі – 352 б.) жарияланды. Осы орайда бұл төртінші нұсқаның бұған дейін «Абылай хан» жинағы ішінде (Алматы, Жазушы, 1993, 313-315 б. құраст. С. Дәуіт) басылғанын еске саламыз. Сондай-ақ мұндағы 202-203 – беттердің орны ауысып кеткенін Мәшһүр Жүсіптің өзі 252 – беттің (ал біз оны 253-бет деп түзеттік) аяғында былай деп ескерткен екен: «Кәрілік, енеңді с...н, кылдың да тындың: екі бетті теріс жаздырған – кәрілік!» (1177 – папка, 252 б.).

307 «...Олжабайдың тұңғышы – Есенаманнан: Көлен, Үйсінбай, Қожабай» – дегенді ту еткен мәтін 1177 – папка (254 б.) негізінде «Арғын-Сүйіндік-Айдабол тарауы» – деген тақырыппен 10 – томға (7 б.) енгізілді.

308. «Қарақалмақ – қатысыбанның ханы Абылайға елші жіберген екен» – дегенді маңдай еткен мәтін 1177 – папка, 255-257 б. негізінде «Абылайдың бір жорығы» (үшінші нұсқа) – деген тақырыпта 9 – томда (мәтіні – 42-44 б.; түсінігі – 340 б.) жарияланды.

309. «Керейден бір Жәнібек деген батыр шығыпты» – деп басталатын мәтін 1177 – папка, 257 (210) б. бойынша «Бодансыз Керей аталу мәнісі» – деген аталыммен осы 11 – томда тұңғыш беріліп отыр.

310. «Абылай хан заманында қазақтан шыққан батырлар: Қаракерей-Қабанбай...» – дегенді алға ұстаған мәтін осы жазба (1177 – папка, 257-258 б.) негізінде «Абылай заманындағы батырлар» (төртінші нұсқа) – аталымымен 9 – томға (мәтіні – 114-115 б.; түсінігі – 350-351 б.) кіргізілді.

311. «Бұрынғы замандарда қалмақ қазаққа таң атырып, күн шығармаған» – деп басталатын мәтін осы жазбадан (1177 – папка, 258-261 б.) алынып, «Абылай хан түсі және өлімі» (үшінші нұсқа) – тақырыбымен 9 – томда (мәтіні – 81-84 б.; түсінігі – 345 б.) басылды.

312. «Абылай ханның алғашқы алған Қарауыл қызы бәйбішесінен ұл жоқ, жалғыз қыз болды» – дегенді маңдай еткен мәтін 1177 – папка (261-263 б.) мәтіні негізінде «Абылай ұрпақтары» (төртінші нұсқа) – деген аталыммен 9 – томда (мәтіні – 111-112 б.; түсінігі – 350 б.) жарық көрді.

313. «Үргеніш дейді, Хорезм дейді, Хиуа дейді» – деп басталатын мәтін осы жазбадан (1177 – папка, 214 бет) алынып, «Қазақ түбі» (бірінші нұсқа) тақырыбындағы мәтіннің алдында берілуге лайық кіріспе ретінде 8 – томның кіріспе бөлімінде (396-397 б.) толық берілген.

314. «Адам ата, Хауа ана – күллі адамзат осы екеуінен өрбіп-өнген» – деп басталатын мәтін де осы жазба (1177 – папка, 265-286 б.) негізінде «Қазақ түбі» (бірінші нұсқа) – деген аталыммен 8 – томда (мәтіні – 3-24 б., түсінігі – 395-406 б.) жарияланды.

315. «Қазақ сөзі: «Арғы атаң сенің – Шыңғысхан, // Пайда болған сағымнан» – дегенді алға ұстаған мәтін осы жазбадан (1177 – папка, 287-292 б.) алынып, «1.3 мәтін. Қазақ хандары» – деген тақырыппен 8 – томға (мәтіні – 24-27 б.; түсінігі – 400-406 б.) кіргізілді.

316. «Қырық сан Қырым, отыз сан Рум, Он сан Оймауыт... Ноғайлының елі бір алаша тайдан бүлініпті» – дегенді маңдай еткен мәтін осы жазба (1177 – папка, 293 – 298 б.) бойынша «Бұл қазақ қай уақытта «Үш жүз» – атанған?» – деген аталыммен 8 – томға (мәтіні – 149-157 б.; түсінігі – 424 б.) енгізілді.

317. «Замандардан заман өткенде... «Араб жұртынан бір Мұхаммед деген батыр шығыпты!» – деп... тоқсан екі батыр атқа мінді дейді» – дегеннен бастау алған мәтін 1177 – папкадан (299-304 б.) алынып: «Сахабалар тарихы, қазақ қажылары» (екінші нұсқа) тақырыбымен 8 – томға (мәтіні – 65-73 б.; түсінігі – 417 – 418 б.) ұсынылды. Осы орайда бұл мәтіннің қазақ қажыларына қатысты бөлімі бұған дейін «Қазақ шежіресі» кітабында (Алматы, 1993, 9-13 б. құраст. С. Дәуіт) орын алғанын еске саламыз.

318. «Жанарыс екі қатыны болыпты...» – деп басталатын мәтін осы жазбадан (1177 – папка, 305-330 б.) бойынша «Орта жүз шежіресі жалғасы» – тақырыбымен 10 – томда (мәтіні – 7-29 б.; түсінігі – 397 б.) басылды.

319. «Болатқожаның бел баласы – Акша, Төйте» – деп басталатын мәтін 1177 – папка, 330-333 б. негізінде «Жидебай батыр» (екінші нұсқа) – деген аталыммен 9 – томға (мәтіні – 142-145 б.; түсінігі – 352 б.) кіргізілді.

320. «Жанарыстың бәйбішесінен туған төрт қожаның бірі – Қаракожа» – деп басталатын мәтін осы жазбадан (1177 – папка, 334-337 б.)

алынып, «Найман шежіресі» – деген тақырыппен 10 – томға (мәтіні – 30-32 б.; түсінігі – 397 б.) енгізілді.

321. «Бұрынғы қариялар Орта жүзді: «Жеті арыс» – деп сөйлейтұғын» – сөйлемін бетке ұстаған мәтін де осы жазба (1177 – папка, 338-339 б.) негізінде «Қыпшак шежіресі» тақырыбымен 10 – томда (мәтіні – 33-34; түсінігі – 397 б.) берілді.

322. «Ақбура: Аққошқар, Жиібай (Жетібай), Кенже, Көкен» – дегенді маңдай еткен мәтін 1177 – папка, 340-341 б. бойынша «Арғын – Сүйіндік-Ақбура» – тақырыбымен 10 – томға (34-35 б.) кіргізілді.

323. «172 [3]-інші жылда Ақтабан шұбырынды болды, – деп, «Қалқаман-Мамырда» айтқан» – деп басталатын мәтін 1177 – папка, 342 б. бойынша «Тобықты шежіресі» – деген аталыммен 10 – томда (36-37 б.) қоныс тепті.

324. «Қанжығалы: Ішпек, Піспек» – деп басталатын мәтін осы жазба (1177 – папка, 343-345 б.) бойынша «Қанжығалы шежіресі» – деген атпен 10 – томға (37-39 б.) енгізілді.

325. «Қанжығалыдан Бөгенбай батыр шықты» – дегенді алға ұстаған мәтін осы жазба (1177 – папка, 346-348 б.) негізінде «Бөгенбай батыр ұрпақтары» – деген аталыммен 9 – томда (159-161 б.) жарық көрді.

326. «Мен өзім Павлодарда тұрдым» – деп басталатын мәтін осы жазбадан (1177 – папка, 349-356 б. және 193 б.) алынып, «Бәсентиін шежіресі» – деген тақырыппен 10 – томда (39-45 б.) орын алды.

327. «Сүйіндіктен: Оразкелді, Суғыншы» – деп басталатын мәтін 1177 – папка 357 б. бойынша: «Арғын – Сүйіндік – Орманшы тарауы» – деген аталыммен 10 – томда (44-45 б.) жарияланды.

328. «Көрсары (Кұрсары), Ақсары» – деп басталатын мәтін де 1177 – папка, 358 б. негізінде «Керей шежіресі» – деген тақырыппен 10 – томға (45 б.) кіргізілді.

329. «Бәсентиін ішінде Бұқа, Күбірміз» – дейді» – деп басталатын мәтін 1177 – папка, 359-362 б. негізінде «Бәсентиін: Бұқа, Күбір тарауы» – деген атпен 10 – томға (46-49 б.) енгізілді.

330. «Мұса, Секербай заманындағы қариялар» – дегенді маңдай еткен мәтін осы жазбадан (1177 – папка, 363-366 б.) алынып, «Арғын, Сүйіндік, Қаржас тарауы» – деген тақырыппен 10 – томда (49-52 б.) жарық көрді.

331. «20 май 1927 жыл. М. аға, хатыңызды алдым» (1177 – папка, 372 (325) б.) – деп басталатын Жүсіпбек Аймауытовтың хаты Мәшһүр Жүсіп шығармалары I – томының (Павлодар, ЭКО, 2003 ж.) түсінік бөлімінде (416-418 б.) келтірілді. Осы орайда Алматыдағы ОҒКҚҚ – да сақталған Мәшһүр Жүсіп қолымен жазылған жазбалар топтастырылған 1177 – папканың Жүсіпбек қолымен жазылған хаттар орын алған тұсында бет ретін қою, белгілеуде қате кеткенін, бізде келтірілген хат басталымы онда кейінірек орналасып (1177 – папка, 372 (325) – 373 (326) б.), ал хаттың екінші бөлімінің орыны ауысып алға шығып кеткенін (1177 – папка, 368 (329) – 371 (332) ескертеміз. Бұл мәтінді дұрыс қалыпта беру үшін кезінде ертерек қағазға түскен Жолмұрат пен Мұхаммедфазыл көшірмелерімен салыстыру жүргізілгенін қайталап еске саламыз.

332. «Мен «Мимнан» бір сәлем хат «Жым ініме» – деп басталатын Мәшһүр Жүсіптің «Жүсіпбек Аймауытұлына» (бірінші өлең) – деп аталатын туындысы 1177 – папка, 376-377 б. бойынша алдында сөз болған I – томда (мәтіні – 270-272 б.; түсінігі – 415-418 б.) басылды.

333. «Кісі едім әлдеқашан өліп қалған» – деп басталатын Мәшһүр Жүсіптің «Жүсіпбек Аймауытұлына» (екінші өлең) – туындысы осы жазбадан (1177 – папка, 378-379 б.) алынып I – томда (273-276 б.) жарияланды. Осы орайда тағы да бет ретін белгілеуде кеткен қате салдарынан «Әменді көрген болсаң, кіпә қойма» – деп бітетін 379 – беттен кейін тұруы керек, яғни «Бұл өмірді өткіздік осы ретпен» – деп басталатын 380-бет болуға лайық бет, 380 емес, 384 болып қате белгіленген де, бұл аралықта Жүсіпбектің екінші хаты орын алғанын (1177 – папка, 380-383 б.) ескерген жөн.

334. Жүсіпбек Аймауытұлының Мәшһүр Жүсіпке жазған екінші хаты 1177 – папка, (380-383 б.) бойынша I – том түсінігі ішінде (418-419 б.) жарық көрді.

335. «Алты атаның ұлы Әжібайдан шыққан абыз – Шумақтың абызы Сүгірәлі абыз...» – деп басталатын мәтін осы жазбадан (1177 – папка, 384 б.) алынып, «Сүгірәлі абыз» (бірінші нұсқа) – деген аталыммен 9 – томға (242 б.) енгізілген.

336. «Атығайдан мен шыққан Зілқара едім» – деп басталатын Шопанның Зілқарасының өлеңі 1177 – папка, 385-386 б. бойынша 7 – томда (мәтіні – 224-225 б.; түсінігі – 383-384 б.) басылды.

337. «Бойында Шөптікөлдің Үлкенашы» – деп басталатын Үшкелбай Сасықұлының өлеңі 1177 – папка, 386-388 б. негізінде 7 – томда (мәтіні – 283-286 б.; түсінігі – 391 б.) жарияланды.
338. «Бисмилла – бұ сөзімнің басы болды» – деп басталатын Мәшһүр Жүсіп өлеңі осы жазбадан (1177 – папка, 389-392 б. және 403-404 б.) алынып, 1 – томға (мәтіні – 297-302 б.; түсінігі – 425-427 б.) кіргізілді.
339. «Мен өзім үйден шығып Далба бардым» – деп басталатын Мәшһүр Жүсіптің «Ізбас қажы» өлеңі 1177 – папка, 392-402 б. негізінде 1 – томға (мәтіні – 202-211 б.; түсінігі – 400-403 б.) енгізілді.
340. «Мұса мырзаның асы(ның)» – өлеңін бастағанда Әкімбек Ші-дертіні өрлей көшіп...» – деп басталатын мәтін осы жазба (1177 – папка, 403-404 б.) негізінде Мәшһүр Жүсіп шығармалары бірінші томының (Павлодар, ЭКО, 2003) түсінік бөлімінде (426-427 б.) жарияланды.
341. «Бұл Ауған жұрты әр рудан құралып, жұрт болған ел» – деп басталатын мәтін 1177 – папка (179-180 б.) бойынша «Ауған жұрты» – деген тақырыппен 8 – томда (мәтіні – 263-264.; түсінігі – 448 б.) басылды.
342. 11 – томда бұған дейін Алматыдағы ОҒКҚҚ-да сақталған Мәшһүр Жүсіп қолжазбасының 1170, 1177 – папкалары мәтініне сүйеніп келсек, «Жақсы қыз бозбалаға пар болғандай» – дегенді маңдай еткен Мәшһүр Жүсіптің «Қиянат» өлеңінен бастап жоғарыда айтылған қордағы 1171 – папка, мәтіндеріне иек артуға кірісеміз. Мәселен бұл өлең сол 1171 – папканың 9-10 беттері бойынша Мәшһүр Жүсіп шығармалары 2 – томында (Павлодар, ЭКО, 2003 ж., 83-84 б.) жарық көрді. Осы орайда 1171 – папканың көп беттері Мәшһүр Жүсіптің өз жазбасы емес, белгісіз біреу көшірмесі екенін еске саламыз.
343. «Әуелі керек нәрсе – иман деген» – деп басталып, оған «Бес қымбат» – деген тақырып беріліп, 2 – томда (183 б.) басылған бұл өлеңнің Ақмолла ақын туындысы екені кейін анықталды. Демек оны Мәшһүр Жүсіп шығармасы емес, жинаған үлгісі ретінде қарау керек.
344. 1171 – папканың көп беттері белгісіз біреу көшірмесі болғандықтан да, бұл мәтіннің Мәшһүр Жүсіптің өз жазбасымен (1178 – папка, 93 б.) – 10 том, 119 б. үндес екенін ескерткіміз келеді. Содан көшірілген деп саналмау себебі кейінгіде аталар ретін беруде орын ауысуы т.с.с. байқалады.
345. «Үш жүздің баласы – қазақ: Үш Келімбеттің баласы: Қаракелімбет, Сарыкелімбет, Ақсақкелімбет» – деп басталатын бұл мәтін

1171 – папкадан (73(38)-81(41) б.) алынып, осы 11 – томға енгізілді. Бұл мәтінді «Қазақ шежіресі» (тоғызыншы нұсқа) деу себебіміз, бұдан бұрынғы 10 – томда қазақ шежіресінің сегіз нұсқасы берілгенін ескердік. Сонымен бірге үндестік жағын ойлағанда, оны 8 – томдағы «Сахаба ұрпағы» – тақырыбындағы 11,12 – мәтіндерімен (74-75 б.) салыстыра карауды ұсынамыз.

346. Бұдан бұрынғы шежірелердің бәрінде алдымен әкесін, ізінше баласын келтіру тәртібімен бергенде, былай боп өрілетін: Жанарыс-Қарақожа-Арғын-Құтан – Мейрам. Бұл дәстүрлі бөлінім бойынша Қуандық, Сүйіндіктер тікелей Мейрам ұлдары болса, мұнда Құтан Мейрамның әкесі емес, ұлы болып алынған. Біздіңше, бұрынғылары дұрыс та, ал бұл жолғысы ел арасына тараған бөлекше нұсқа тәрізді.

347. Мәшһүр Жүсіптің «Құдайым жексенбі күн жер жаратты» – өлені осы жазба (1171 – папка, 82-100 б.) бойынша 1 – томда (мәтіні – 23-32, түсінігі – 383-384 б.) жарық көрді.

348. Бұл мәтіннің алғашқы нұсқасының әулеттік мұрағатта жақсы сақталған Мәшһүр Жүсіп жазбасынан (7 – папка, 116-130 б.) алынып, Мәшһүр Жүсіп шығармалары 1 – томында (Павлодар, ЭКО, 2003 ж.; мәтіні – 319-321 б.; түсінігі – 431 б.) жарияланғаны белгілі. Бұл екінші нұсқа толық сақталмағандықтан да, оның бастапқы бөлімі, жұмбақ авторы кім екені, оны шешуге Мәшһүр Жүсіптің қандай жағдайда кіріскені жоқ. Екі мәтінде көп ретте ұқсастық болғанымен, ара-тұра жекелеген өзгешеліктері бар екені ескеріліп, бұл жолы оны екінші нұсқа ретінде жеке ұсынуды жөн көрдік. Әр тұстағы өзгешеліктерді салыстырып саралау да қоса жүргізілді.

349. Бірінші нұсқада, яғни әулеттіктегі Мәшһүр Жүсіп жазбасынан (7 – папка, 122 б.) алынып, 1 – томда орын алған үлгіде: «ананың қарнынан шыққанда» – деп берілсе, екіншіде бұл кеңейтілген: «атаның қарны, ананың қабы [р] ғасынан шыққанда» (1171 – папка, 120 – бет).

350. Бұрынғыда: «Желге шиі жоқ үй есебінде болғанлығын айтқаны» (1 – том, 320 б.) – делінсе, кейінгіде «үй» сөзінен кейін де «жоқ» сөзі орын алған. Біздіңше, бастапқысы дұрыс та, кейінгіде көшіруден кеткен селкеулік болуы мүмкін.

351. Әуелгіде: «Дүние сақтатқан кісісі қатыны болады» – деп берілсе, соңғыда «сақтатқан» орынын «ұстатқан» иеленген.

352. Алғашқыда: «Ғақылдың өзі де ғылымсыз сабы жоқ пышақ сықылды»-делінсе, аяққыда: «ғылымсыз» – сөзінен кейін «болған күнде» сөздері қосылған.

353. Біріншіде: «Нәпсі – дүние мысалы сықылды еді де, оны көтеріп, ұшырып жүрген жан аяқ есебінде еді» – деп жарияланса, енді екі қолжазбаны салыстырып, «мысалы» сөзін «мешел» – деп өзгерттік. Зерделесек, кейінгі үлгіде «мешел», яғни жүре алмайтын нәпсіні көтергендіктен де жанның «аяқ» ретінде атқарар қызметі мәні айқындала, жоталана түсетіні анық.

354. Бұрынғыда: «Жан тарфым, ақырет пайдасы жағым арықтап, өзі өлуге тақалды» – деп берілсе, тағы да екі жазбаны салыстырып, «өзі өлуге» орнына «үзілуге» сөзі кіргізілді.

355. Алғашқыда: «Өлген адам отырған үйінің жабығынан еріксіз шығып кеткен есепті» – делінсе, кейінгіде: «жабығынан» орнына «жабығы – жапсарынан» – делініп, ұғым кеңейіп, оның есесіне «еріксіз» сөзі түсіп қалған.

356. «Ағайын барды күндеп көре алмайды» – деп басталатын Мәшһүр Жүсіптің «Дауасыз дерт» өлеңі осы жазба (1171 – папка, 127-131 б.) негізінде 2 – томда (85-86 б.) жарық көрді.

357. «Шығады: «Асыл – тастан, өнер – жастан» – дегенді алға ұстаған өлең де 1171 – папқадан (131(66) – 133(67) б.) алынып, «Бұлақ көзі» – деген атпен 2 – томға (87 б.) енгізілді.

358. «Өнерпаз қара жерге салар қайық» – деп басталатын өлең де осы жазба (1171 – папка, 134-136 б.) бойынша «Өнерпаз» – деген аталыммен 2 – томда (88 б.) жарық көрді. Осы орайда «Тамаша болдың жігіт таңғажайып» – дегеннен кейінгі, яғни 1171 – папка, 135 беттің жоғары жағындағы 8 жолдық мәтін көмескі тартып, кітапқа енбей қалғанын ескертеміз.

359. «Бисмилла – сөздің басы, Хақтың аты» – деп басталатын Мәшһүр Жүсіптің «Адам екі түрлі» өлеңі осы жазба негізінде (1171 – папка, 139-147 б.) 1 – томға (мәтіні – 148-151 б.; түсінігі – 394-395 б.) кіргізілді.

360. «Айтатын құран сөзін молда қайда?» – деп басталатын Мәшһүр Жүсіп өлеңі осы 1171 – папкадағы 152 (77) – 158 беттер және 423 (343) – 426(344) беттер бойынша 4 – томда (мәтіні – 80-85 б.; түсінігі – 434-435 б.) басылды. Ондағы түсілік бөлімінде аталған өлеңнің алғашқы

нұсқасымен (Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Танд. 1 – том, Алматы, Ғылым, 1990, 164-168 б.) салыстыру жүргізіліп, әулеттік мұрағатта: Жолмұрат, Мұхаммедфазыл, Иманғали көшірмелері бар екені ескертілген.

361. Сөз болып отырған 1171 – папка мәтіндерінің осы тұсында Мәшһүр Жүсіптің Мәдина деген қарындасынан туған жиені Жолмұрат Жүсіпұлының (1894-1977) түсіндірмесі орын алған. Жолмұраттың 1946 жылдары Алматыдағы Ғылым академиясында сақталған Мәшһүр Жүсіп жазбаларын реттеу т.с.с. жұмыстарын жүргізгені осы жазбада да дұрыс көрсетілген. Біздің ескертеріміз: 1946-2001 ж. аралығында, яғни сол жазбалар көшірмелерін біз бейнекөшірге түсіріп алғанға дейін (2001 ж.) көп мәтіндердің «қолды» болғанын бұл мәтіндерге түрліше бет ретін қою нәтижелерінен де аңғаруға бөлады. Осы орайда кеңестік жүйе қыспағына бейімделіп Жолмұраттың да Мәшһүр Жүсіп жазбаларын көшіру кезінде жеке сөздерді алып тастау, не өзгерту жүргізулерін де ол мәтіндерді кейін табылған Мәшһүр Жүсіп жазбаларымен, немесе әулеттік мұрағаттағы Жолмұраттың өз көшірмелерімен және Фазыл, Иманғали т.с.с. жазбаларымен салыстыру арқылы айқындауға болады. Біз бұған дейін осы салыстыру жүргізілген жағдайда орын алған айырмашылықтарды ескертіп келдік, алда да бұл істі жалғастыра береміз. Енді Жолмұраттың түсініктерін тікелей келтіреміз: «Барлығы – Мәшһүр Жүсіп сөзі – небәрі тоғыз түрлі.

1. [Бір] жастан 20 жасына дейін өлеңмен сөйлеген. (Ескерту. Бұл өлең акынның «Бірінші бап. Мәшһүр Жүсіптің 21 жасында жазғаны» – деген аталыммен Мәшһүр Жүсіп шығармалары 2 – томына (мәтіні – 96-104 б.; түсінігі – 353-357 б.) жарық көрді. Түсінік бөлімінде осы туындының 1171 – папкадағыдан басқа әулеттік мұрағатта тағы 6 көшірме нұсқасы (Жолмұрат, Фазыл, Иманғали, Төлепберген т.с.с.) бар екені айтылып, колжазбалар салыстырылуы т.с.с. жүргізілген).

2. «Шайқы Ысқақ сөзі» – түгел. [Бұдан әрі әр мәтіннің қайда басылғаны т.с.с. сол мәтін жарық көрген томдардан іздеу керектігін еске саламыз – Н.Ж.].

3. Жер мен көк (жұмақ, тамұқ, Адам туралы).

4. Пайғамбардың дүниеден қайтуы туралы.

5. Пайғамбардың миғражға баруы туралы.

6. Қарғамен айтысканы.

7. Едіге бидің бір түйенің дауына берген төресі.

8. Шоң бидің бір баланың дауына берген төресі.

9. Пайғамбар заманынан бергі батырлар, байлар, билер, хандар, төрелер, қазақтан шыққан аты бар адамдарды айтып сөйлегені. Түрлі жұмбақтары да бар – ең аяғында.

Бұл сөздердің бас-аяғын айырып, түсіндіріп жазбаған, түсініксіз. [Біздіңше, бұған дейінгі және бұдан кейінгі Мәшһүр Жүсіп шығармасын 1171 – папкадан қағазға түсірген белгісіз көшіруші туралы айтып отыр. Көшірушінің кім екенін Жолмұраттың айтпау себебі: ол адамның сол кезде тыйым салынған «халық жауы» – дегендердің бірі болуы мүмкін деген де жорамалымыз бар. Мұның бәрі Мәшһүр Жүсіпке қатысты мәтіндерді толық жинақтағанда анықталады деп сенеміз. Осы орайда Мәшһүр Жүсіп мұрасын толық жинау жұмысының әлі де кемі 30 жылға созылуы мүмкін екенін ескерткіміз келеді. Ескі араб әрпін аудару білетіндердің тым аздығы, біраз адамдардың өзі оқи білмесе де, «кейін кірісем» – деп, көп мәтінді үйлерінде т.с.с. тығып сақтаумен айналысуы, шет ел архивтеріне баруға т.с.с. түрлі кедергілер бар екені – бәрі бұл іргелі істі қиындатып отырғанын осы тұста тағы ескертеміз – Н.Ж].

[Жолмұрат түсінігі жалғасы]:

Кейбір сөзінде екі түрлі сөздің арасын айырмағандықтан: «бір-ак сөз» – деп ұғынатын жері бар. Сөздердің арасында «Мәшһүр Жүсіп» – деген сөзді қалдырып, өзгертіп: «Иүсіп» – деп қана жазып, оның өзінде үстінен сызып, өшірін қойған. [Бұл арада не «Мәшһүр Жүсіп» – деп атаудан заман қысымы салдарынан бастапқы көшірушінің қорқып, әсіресе халық ауыз әдебиеті үлгілерін жойып жіберу ниеті барлардан сақтану ниетінен де өшіруі т.с.с. орын алуы ықтимал деп шамалаймыз. Мәшһүр Жүсіптің 1940-1946 ж. аралығында мектеп оқулығына енгенін ескерсек, Жолмұраттың 1946 жылы жазғанда – оған акын уақытша емес, толық ақталғандай көрінуінен деп есептеген жөн. Сонымен бірге кеңес үкіметі саясатын ескеру Жолмұрат «тәртіптеуіне» де әсер етуі мүмкін деп шамалаймыз – Н.Ж].

[Жолмұрат түсінігі жалғасы]:

Ескі әріптерінде (харіптерінде) түсінбейтін жері көп. Барлық өшкен жерлерін түгел қайта жазып қостым. Түрге бөлгенде, 9-10 түрлі

деуге болады. Осы қағаздағы сөз – барлығы – Мәшһүр Жүсіптікі. Басқадан бір бөтен сөз жоқ. Ескерту: «Жер мен көк қиссасы» – деген сөздің басынан біраз сөзі жоқ. Кейін оны жазып қостым. Ескерту: «Қатесін» дегенім – өшкен жерлері, қатесін түзетуші-Жолмұрат Жүсіпұлы Мәшһүр Жүсіптің шәкірті, жиені, тірі күнінде бірге жасысып, өлгенінде қолынан қойған кісі. 1946 жылы Алматы қаласында 10 мартта».

362. «Бисмилла, агузи бар сөз басында» – деп басталатын мәтін осы 1171 – папка, 163-167 б. және басқа жазбалар бойынша «Жетпіс бап» – деген аталым басы ретінде Мәшһүр Жүсіп шығармаларының 2 – томында (мәтіні – 96-109 б., түсінігі – 356-357 б.) жарық көрді. Түсінік бөлімінде бұл туындының көп нұсқасы, көшірмелер т.с.с. бар екені, түрлі мәтіндік салыстыру жүргізілгені ескертілген.

363. «Ғибрат ал, ей, ағалар, мына сөзден» – деп басталатын Мәшһүр Жүсіптің «Шайқы Ысқақ» өлені осы жазбадан (1171 – папка, 165 (52) – 168 (50) б.) алынып, 1 – томда (мәтіні – 92-94 б., түсінігі – 385 б.) басылды. Түсіндірмеде туындының басқа да көшірме үлгілерінің (Жолмұрат, Мұхаммедәмен, Төлепберген) әулеттік мұрағатта сақталғаны ескертілген.

364. «Серік жоқ, кемшілік жоқ және де айып» – дегенді алға ұстаған мәтін Мәшһүр Жүсіптің «Жер мен көк» дастанының бесінші шумағының басы екенін және ол Жолмұрат жазбасымен кейін енгізілгенін ескертеміз. Бұл туынды алдымен республикалық «Абай» журналында (№ 4, 1997, 40-56 б. Түсінік жазып, әзірлеген – Гүлназ Жүсіпова) жарық көрсе, кейін: «Екінші – он төртінші баптар: «Жер мен көктің қиссасы» – деген аталыммен Мәшһүр Жүсіп шығармалары 2 – томына (Павлодар, ЭКО, 2003 ж. мәтіні – 104-146 б., түсінігі – 357-359 б.) енгізілді. Ондағы түсінік бөлімінде «Жетпіс бап» тақырыбы Мәшһүр Жүсіптің кезінде атқосшысы болған, ақын туындыларын Жолмұраттан кейін ең көп жинап көшіруші Иманғали Маненов (1903-1993 ж.) көшірмесі (2 – папка, 104-146 б.) бойынша келтіріліп, ара-тұра Жолмұрат, т.с.с. бойынша толықтырулар енгізілгені – бәрі нақты көрсетілген. Сонымен бірге жоғарыда аталған қордағы кітапхана қызметкерлерінің араб әрпімен жазылған мәтінді түсінбегендіктен, қолжазба бетінің ретін қате, керісінше таңбалау орын алғанын ескертеміз. Мәселен, дастан басы болуға лайық бет «57 бет» деп

кішірек таңбамен белгіленсе, кейінірек ірірек таңбамен, басқа сиямен «174» деп көрсету орын алған. [Біз осы орайда алдымен кішірек таңбамен берілгенін неғұрлым дұрыс нұсқа деп алып, ізінше қателігі мол ірілеу жазылғанын жай жақша ішіне, ал өз есептеуіміздегі рет санын тік жақша ішінде келтіріп отырамыз. Н.Ж]. Сонда «Жер мен көк» дастанының бет реті былай болып шығады: 57 (174) [167], 56 (180) [168], 55 (169 [169], 54(170) [170], 53(171) [171], 52(172) [172], 51(173) [173], 50 (174) [174], 49(175) [175], 48(176) [176], 47(177) [177], 46(178) [178], 45(181) [179], 44(182) [180], 43(183) [181], 42(184) [182], 41((185) [183], 40(186) [184], 39(187) [185], 38 [186], 37 [187], 36 [188], 35 [189], 34 [190], 33 [191], 32 [192].

365. Мәшһүр Жүсіптің «Миграж» дастаны мәтіндері біраз бар, соның бірі осы жазба (1171 – папка) мәтіні мен әулеттік мұрағатта сақталған: Жолмұрат жазбасы (3 – папка, 104-112 б.), Иманғали (2 – папка, 46-61 б.), Мұхаммедфазыл (2 – папка, 96-102 б.), Мұхаммедәмен жазбасы және «Орталық Қазақстан» газетінде басылған (1991 жыл, 25 шілде) Махмет Назарұлы нұсқасы. Бұл шығарма ең алғаш ҚР ҰҒА хабарлары, Тіл-әдебиет сериясы, 1994, 3, 56-66 б. (Әзірлеген – Г.Қ. Жүсіпова) жарық көрсе, кейіннен жоғарыда айтылған нұсқалар ішінде Жолмұрат нұсқасы негізінде әзірленгені Мәшһүр Жүсіп шығармалары екінші томына Иманғали Маненов белгілеген «Жетпіс бап» топтамасы ішінде жарық көрді (мәтіні – 146-163 б.; түсінігі – 359-361 б.). Осы орайда кейіннен Мәшһүр Жүсіптің өз қолымен жазылған нұсқа табылғанын (11 – папка, 23-36 б.) ескеріп, бұлардың бәрін екінші нұсқа деп санап, бастапқысын осы 11 – томның 11 – папка мәтініне арналған кейінгі бөліміне енгізбек ойымыз бар. Мұнда да бет санын белгілеуде алдыңғы қателік қайталанғанын, сол ретпен келтіргенде, 32 [192] – 20 [202] беттерін ескеру керектігін еске саламыз.

366. «Алма ақы ешкімдерден қылып борыш» – деген тармақты маңдайша еткен мәтін «Пайғамбардың дүниеден өтуі» тақырыбымен алдымен республикалық «Жұлдыз» журналында (1996, екінші саны, 113-128 б., әзірлеген-Гүлназ Жүсінова, кейін 3 – томда (мәтіні – 175-192 б., түсінігі – 357-360 б.) жарық көрді.

Осы орайда журналда да, 3 – томда да алдымен әулеттік мұрағатта сақталған Жолмұрат Жүсіпұлы жазбасы (3 – папка, 113-119 б.) ес-

- керілгенін, ал кейінгі кітапта осы жазбамен (1171 – папка: 20 [202] – 9 [213] б.) салыстыру жүргізілгенін еске саламыз.
367. «Ал енді патшада ғаділдік жоқ» – деп басталатын 1171 – папка-9 [213] – 5 [217] мәтіні басқа да жазбалармен (Жолмұрат, Иманғали) салыстыру нәтижесінде «Он тоғызыншы бап. Басқа да патшалар, жомарттар, әулиелер» тақырыбымен 2 – томға (мәтіні – 167-174 б., түсінігі – 362-363 б.) кіргізілді.
368. «Түн ұзап, күн қыскарып, болды қазан» – деп басталатын Мәшһүр Жүсіп өлеңі әулеттік мұрағаттағы ақынның жазбасы 3 – папка(27-30 б.) бойынша әзірленіп, осы жазба (1171 – папка, 217 (5) – 226 (2) және Жолмұрат, Фазыл жазбаларымен салыстыру жүргізіле отырып, 4 – томға (мәтіні – 283-288 б.; түсінігі – 481-482 б.) енгізілгенін еске саламыз.
369. Бұдан әрі әріп көмескілігінен екі бетті оқу қиын болғандықтан, кейінге қалдырылды.
370. «Дүние малын тамам қылып, // Қарын көзі тойған жоқ-ты» – деп басталатын Мәшһүр Жүсіптің өлеңі, осы жазбадан, оның ішінде Мәшһүр Жүсіптің өз қолымен жазылған үлгіден (1171 – папка, 117-бет) алынып, «Фибрат өлең» (бірінші сөз) – деген аталыммен 4 – томға (347-348 б.) кіргізілді.
371. «Әуел бастан туғызған Адам» – деп басталатын туынды да осы жазба (1171 – папка, 118 б.) негізінде «Фибрат өлең» ішіндегі «Екінші сөз»-деген аталыммен 4 – томда (348-350 б.) басылды.
372. «Адам ұғлы, бес ісінді» – деп басталатын туынды да осы жазба (1171 – папка, 119-120 б.) бойынша «Фибрат өлең» топтамасы ішіндегі «Үшінші сөз»-тақырыбымен 4 – томда (350-352 б.) жарық көрді.
373. «Қырғыз келіп, «көш-көш» болса» – дегенді бетке ұстаған туынды да 1171 – папкадан (120-122 б.) алынып, «Фибрат өлең» топтамасы ішіндегі «Төртінші сөз» – атауымен 4 – томда (352-354 б.) жарияланды.
374. «Өтінейін, достарым, // Хош тынданыз, бисмилла!» – деп басталатын Мәшһүр Жүсіп өлеңі 1171 – папка (123 б.) бойынша 4 – томға (351-355 б.) кіргізілді.
375. «Өтіпті Хасен бірлан, ол Хұсайын» – деп басталатын Мәшһүр Жүсіптің «Ғашық жігіт сөзі» өлеңі осы жазба (1171 – папка [409], 221 (188) – [417] – 225 (196) б.) негізінде 2 – томда (74-78 б.) жарияланды.

376. «Бисмилла – сөздің басында, // Көрдім бір қасірет жасымда» – деп басталатын «Мәшһүр Жүсіптің Мұса Шормановты оның келіні атынан жоқтауы» өлеңі осы жазбадан (1171 – папка, [579] 308 (357)-[613] 326 (390) б.) алынып, 2 – томда (36-61 б.) басылды.

377. «Ағуз, бисмилла бар сөз басында» – деп басталатын Мәшһүр Жүсіп өлеңінің алғашқы 15 шумағы, яғни 60 тармағы осы жазба бойынша (1171 – папка, [614] 326 (391) – [615] 397 (397 б.)) 2 – томға «Жетпіс бап» топтамасы басы ретінде (96-98 б.) енгізілді. Туындының қалған бөлімі Жолмұрат (2 – папка, 246-247 б.) жазбасы бойынша толықтырылды.

378. «Бисмилла, ал рахман рахим дейін» – деп басталатын Мәшһүр Жүсіптің «Қамардин хазірет» өлеңі осы жазба (1171 – папка, 327-342 б.) негізінде 1 – томға (мәтіні – 251-264 б.; түсінігі – 414 б.) кіргізілді. Түсінік бөлімінде әулеттік мұрағатта бұл мәтіннің: Жолмұрат, Фазыл жазбалары бар екені ескертілсе, біз бұ жолы кейіннен табылған Мәшһүр Жүсіптің ертерек жазған (11 – папка, 45-46 б.) үлгісінің толық емес нұсқасы бар екенін ескертеміз.

379. «Жамандық қайдан туар, тілден туар» – дегенді маңдай еткен мәтін, яғни Мәшһүр Жүсіптің «Жарты нан» өлеңінің екінші бөлімі, қолжазба қорындағы бет ретін көрсетудегі кателік салдарынан осы папкадағы өлең басының: 152(77) – 158 (80 б.) – жалғасы ретінде берілмей, тап осы арада қате орын алғанын ескертеміз.

380. Мәшһүр Жүсіптің «Сәйгелді, сона, бөгелек» өлеңі осы жазбадан (1171 – папка, 344-346 б.) алынып, әулеттік мұрағаттағы басқа да үлгілермен (Мәшһүр, 7 – папка, 149-156 б. және Жолмұрат, 1 – папка, 247-249 б.) салыстырылып, 4 – томда (мәтіні – 272-275 б.; түсінігі – 477-479 б.) жарық көрді.

381. «Жүректе қайрат болмаса» – деп басталатын Абай өлеңдері осы жазба негізінде (1171 – папка, [654] 346 (165)- [658] 348(169 б.)) 7 – томда (146-151 б.) басылды.

382. «Ноғай, қазақ шежіресінен жазылған бір сөз» – дегенді алға ұстаған мәтін де осы жазбадан (1171 – папка [666], 352 (177) – [673] 356 (184) б.) алынып, «Ноғай, қазақ шежіресі» (екінші нұсқа) – аталымымен 10 – томда (мәтіні – 311-313 б.; түсінігі – 432 б.) жарияланды. Бұл орайда кезінде 10 – томды әзірлеушілерге байқалмай қалған, елеусіз жазылған сол мәтіннің жалғасын осы жолы келтіреміз: «11 кітту иұм

лахида 6-ыншы майда 17 – інші жерде араб тілінде ақиманы өсімге берген бұл... мұхтасары уалқаяның қай тіл екенімен жұмысы жоқ. Өзі білгені жаша болған соң: «Ибі харам» – дегенді «Балық харам» – деп отыр» (1171 – папка [673] 356, 184 б.).

383. «Айырбассыз нәрсе жоқ» – деп басталатын бұл мәтін де осы жазба (1171 папка [674] 356(185) – [679] 359(188) б.) негізінде әзірленді.

384. Айырбас туралы жазылған бұл мәтін беттерінің төменгі жақтарының үш рет жыртылуы орын алғандықтан, осы тұста және кейін айналасы үш рет көп нүкте қойып белгіленді. Сол беттердің жыртылған тұстарына дейінгі сақталып қалған сөздер мәнісі де бет жыртылуы тегін еместігіне жарық түсіре алады. Біздіңше, сол алынып тасталған бет аяқтарында Мәшһүр Жүсіптің неғұрлым өткір сындары орын алуы мүмкін. Мәшһүр Жүсіптің де, онын мұрасын сақтап бізге жеткізушілердің де қағазға ұқыпты адамдар болғанын ескерсек те, тыңшылық, жағымпаздық етек алған бұрынғы патшалық Ресей заманында да (1917 жылға дейін), кейін кедейлерге бостандық әкелуші болып көрінгісі келген коммунист отаршылдардың қыспағы тұсында да (1917-1991 ж. аралығында) қазақ халқының неғұрлым құнды мұрасын жоюдың алуан амалы қолданылғанын ескерсек, осы бір үш қысқа беттің төменгі бөлігі жыртылуы да (мұндай жыртылу басқа тұстарда да кездеседі) қазақ халқының соңғы екі ғасырлық тауқыметінің бір көрінісі деп түюге хақымыз бар деп санаймыз.

385. Мәшһүр Жүсіптің қағазға түсіруімен жеткен, әр кезде қағазға түскен Бұқар жырау өлеңдерінің төрт нұсқасы жинақталып, оған дейінгі жарық көрген толық емес үлгілермен салыстыру жүргізіліп, 7 – томда (мәтіні – 3-25 б.; түсінігі – 289-308 б.) жарық көргені белгілі. Назар аударарлық жәйт: бұ жолы ұсынылып отырған «Жал құйрығы қаба – деп» – деп басталатын Бұқар жырау өлеңі ол төрт нұсқада жоқ болғандықтан, 7 – томға кірмеді. Осы орайда бұл туындының Бұқар жырау өлеңдері қамтылған түрлі жинақтарда (Мәселен, Бес ғасыр жырлайды, 1 – том, Алматы, Жазушы, 1984, 102 б.; Бұқар жырау Қалқаманұлы. Шығармалары, Алматы, Мұраттас, 1992, 26 б. Құраст. М. Жармұхамедұлы) жарық көргенін атай отырып, Мәшһүр Жүсіп жазбасында сақталған алғашқы он тармақтың өзінде елеулі бес өзгешелік бар екенін ескеріп, соның біріншісін, ең соңғы жетіл-

дірілген М. Жармұхамедұлы нұсқасымен ғана салыстыру жүргізсек, онда: «Қалың малы арзан деп» – берілгені, мұнда: «Атасы бай екен деп» – қалпында орын алған.

386. Мұнда да ең соңғы дұрыс деген М.Жармұхамедұлы жинағымен салыстырсақ, бастапқыда бұл жол мүлде жоқ екенін еске саламыз.

387. Бастапқы үрдісті жалғастырсақ, бұрынғыда: «Жабыдан айғыр салсаңыз, // Жауға мінер ат тумас» – деп, екі тармақ көлемінде келтірілсе, бұ жолғыда жол саны өсуімен бірге соңғы тармақтағы сөздерде өзгеріс бар: «Жабыдан айғыр салсаңыз, // Жаугершілік күн туса, // Ұстап мінер ат тумас».

388. Мұндағы: «Атасы бай екен деп» – тармағы бұрынғыларда ұшыраспауымен ерекшеленеді.

389. Бұрынғыдағы: «Топқа кірмес ұл тумас» орнына кейінгіде: «Екі кісі бас қосса, // Сүйрендеп сөйлер ұл тумас» – қалпында беріліп, әрі жол саны өсуі, жеке сөздер алмасуы жүзеге асқан. Осы орайда өлеңнің кейінгі 12 тармағының тап осы беттерде жоқ екенін де ескертеміз.

390. «Шығасы шықпай, кіресі кірмейді» – мақалының шығу төркіні» – деген Мәшһүр Жүсіп еңбегінің алғашқы нұсқасы әулеттік мұрағаттан (5 – папка, 7-12 б.) алынып, 5 – томда (мәтіні – 94-97 б.; түсінігі – 359 б.) басылғаны мәлім. Бұ жолы Алматыдағы ОҒКҚҚ-да сақталған Мәшһүр Жүсіп жазбалары топтастырылған 1171 – папка ішіндегі белгісіз біреу жазбасы [695] 367 (203) – [707] 373 (215) б. бойынша сол туындының екінші нұсқасын ұсынып отырмыз. Екі туынды арасындағы жеке әріп ауысуларын, өзгешеліктерін тізбей-ақ, елеулі деген айырмашылықтарды көрсетіп отырамыз.

391. Бастапқыда: «Бір қатты дауыл – құйын соғып» – деп берілсе, кейінгіде: «құйын» сөзі түсіп қалған.

392. Бұрынғыда: «Ай, бейшара, мұндық, мүсәпір» – делінсе, соңғыға; «мұндық, мүсәпір» – сөздері енбей қалған.

393. Біріншіде: «Маған әлім жеттік қылып» – сөздерінен кейін «бір қап ұнымды жел тартып алды» – делінсе, екіншіде бұл сөздер топтамасының орны ауысып: «Бір қап ұнымды жел тартып алды...» – алдымен берілген.

394. Әуелгіде: «Дауылдан ұнымды алып бер» – түрінде келсе, аяққыда «ұнымды» орнына «ақымды» қоныс тепкен.

395. Алғашқыда: «Мен ұн сұрай келгенім жоқ, ұнымды алып кеткен желден көлдененімді алып бер, – деп жабыс» – қалпында келтірілсе, бұл жолғыда «келгенім жоқ» сөзінен кейін «сізге» қосылуымен қатар «жабыс» орнын «келдім» иеленген.
396. Әдепкіде: «Қазактың карабайы сықылды кайыр бергеніңе» – орын алса, екіншіде «сықылды» сөзінен кейін «болып» қосылған.
397. Бастапқыда: «Қатын қайта кіріп еді» қалпында өрістесе, кейінгіде «кіріп» сөзінен соң «айтып» үстелген.
398. Біріншіде: «Дауымды орнына келтірсеңіз екен! – дейді» – түрінде отау тігілсе, бұл жолғыда: «Дауымды тыңда! – деп еді» – болып өзгерген.
399. Әуелгіде: «Ұнын алып кеткен желдің» – деп басталса, екіншіде «ұнын» алдына «есебі» қосылған.
400. Бұрынғыда: «Кемесі толған пұл еді» – делінсе, соңғыда «пұл» сөзін «товар» ығыстырған.
401. Алғашқыдағы: «тостырыңыз» – дегенді «шаптырыңыз» деп өзгерту жүзеге асқан.
402. Бастапқыда: «Қатынның ұны кабымен тығын болып, су кіргізбей бөгет болып тұр. Ол керуеннің бір де – бірі оны көрген жоқ, тек: «Құдай сақтады» – деумен келеді» – түрінде берілсе, кейінгіде өзгерістер баршылық: «Қатынның ұны» алдында «жарылған жерінде» сөздері қосылумен бірге «су кіргізбей» – дегені «су кіргізбеске» – деп сәл өзгеріске ұшыраған. Оның есесіне «Құдай сақтады» – деумен келеді» – сөздері соңғыда мүлде жоқ болуымен ерекшеленеді.
403. Әуелгіде: «Мұнан соң хазірет Дәуіт ғалайссалам қатынды жібермей, [токт] атып қойып, дарияның жағасына қарауылшы қойып, қатынды ертіп, кідірмей керуендер де құрғакка шығып, қысылған саскандығына пейіл болысып:…» – қалпында берілген. Бет шетінің іріп түсуіне байланысты: «атып» алдына тік жақша ішінде «токт» әріптері енгізіліп, түсіп қалған сөз «токтатып» – толық қалпына келтірілді. Сонымен бірге «қарауылшы» алдына «жасауыл» енгізілді. Сондай-ақ бет шетіндегі жеке әріптер орын алған тұсы түсіп қалғандықтан да, қате жазылған «пейіл» сөзі «қайыл» – деп алмастырылды. Сонымен бірге кейінгі мәтіннің: «Жаидары аман қалғанына» – сөздерінен кейінгі 13 сөздің сақталмағанын да еске саламыз. Мұның бәрі Мәшһүр Жүсіптің әр кезде жазылған сақталу

- деңгейі қилы қалыптағы жазбаларының бар нұскасын қамтып, нұсқа санын шектемеу керектігіне жарық түсіреді.
404. Мәшһүр Жүсіптің «Шайтанның саудасы» өлеңінің алдымен 1940-1946 жылдар аралығында мектеп оқулығында орын алғаны, кейінгі басылу тарихы, ең соңғы жетілген бірінші нұскасының бұдан бұрынғы 4 – томда (мәтіні – 167-175 б.; түсінігі – 456-461 б.) жарық көргені белгілі. 4 – томда Мәшһүр Жүсіптің ертеректе жазылған әулеттік мұрағаттағы (II – папка, 19-22 б. және 17-18 б.) мәтін негіз болып, Жолмұрат, Мұхаммедфазыл, З. Ақышев жазбаларымен салыстыру жүргізілгені айтылса, бұ жолы 1171 – папкадағы жазбаның ерекшеліктері бар екені ескеріліп, оны екінші нұсқа ретінде жеке ұсынғанды жөн көрдік. Мәселен, осы бірінші шумақтың үшінші жолы кітапта: «Бір нақыл жұртқа таңсық, жәдігер сөз» – делінсе, бұ жолғыда яғни 1171 – папкадан ([708] 373 (216) б.) алынған екінші нұсқада сөздердің орны ауысуы, толығыуы орын алған: «Бір нақыл, жұртқа жәдігер, таңсық бір сөз». Бұдан әрі мәтінді тұтас келтірмей, тек өзгерісі бар шумақтарын келтірумен шектелеміз.
405. Екінші шумақтың екінші жолы кітапта: «Ынсапты шын құлақтан тындаңыз сіз» – қалпында орын тепсе, бұ жолғыда біраз басқаша: «Ынсаплы шын құлақпен тындасаңыз».
406. Екінші шумақтың үшінші тармағы бұрынғыда, яғни кітапта: «Базарға жұрт жиылған келе жатса» – түрінде беріліп, түсініктемеде бұрынғылардың бәрінде де «жаққан» – делінсе де, Мәшһүр Жүсіптің өз жазбасында «жатса» тұрғаны басшылыққа алынғаны ескертілген (459 – бет). Бұ жолы тағы мұқият үніліп, II – папкада «жатса» емес, «жатсам» – түрінде екенін, әрі 1171-де «жатқан» тұрғаны ескеріліп, сол «жатқан» сөзінің неғұрлым дұрыс екеніне көз жеткіздік.
407. Кітап түсіндірмесінде бұрынғы үлгінің бәрінде, бесінші шумақтың үшінші жолы: «Жалпақ жұрт барып тұрған ду базарға» болса, «ду» сөзі Мәшһүр Жүсіп жазбасы бойынша «ол» – деп түзетілгені айтылған. Бұ жолы әрі Мәшһүр Жүсіп үлгісінің де ертерек жазылғаны, әрі 1171 – папкада [708] 374 (217) б. «ду» тұрғаны ескеріліп, ол сөз қалпына келтірілді.
408. Сегізінші шумақтың екінші жолы бастапқыда: «Өтірікті шындай қылып, нанып тұрмын» – делінсе, соңғыда: «қылып» орнын «кылдың» – сөзі иемденген.

409. Тоғызыншы шумақтың үшінші жолы әуелгіде: «Нанбасаң, еріп бірге көр көзінмен» – қалпында берілсе, кейінгіде «көр» орнына «жүр» кіргізілген. Осы орайда «жүр» сөзі біріншіге негіз болған үлгіде де (II – папка, 19 б.) бар екенін, тек тармақ үстінде орын алғандықтан, байқалмағанын енді ғана аңғардық. Сонда бәрін камтығанда: «Нанбасаң, еріп бірге жүр, көр көзінмен» – қалпында болса, дағдылы II – буындық тармақтың 12 буынды болып ұзаруына тап боламыз. Біздіңше, ырғақ, ұйқас, ұғым қалыптылығы, дәлдігі тұрғысынан карағанда, кітапқа (4 – том, 168 б.) енгізілген алғашқы қалыптысы неғұрлым қолайлы екені анық.

410. Оныншы шумақтың соңғы жолы әдепкіде: «Көптің басы қосылған жиын – тойда» – делініп, «тойда» орнында бұрынғы нұсқалардың бәрінде де «жайда» сөзі тұрғанымен, Мәшһүр Жүсіптің өз жазбасында «тойда» сөзі болғандықтан да, соны басшылыққа алу жүзеге асканы түсінік бөлімінде (459 б.) ескертілген. Біз бұ жолы «тойда» сөзінен, мағынасы неғұрлым кең бастапқы қолданым, яғни «жайда» өрнегі, орындылығына осы 1171 – папка мәтіні ([709] 374 (218) б.) көмегімен көз жеткіздік. Бұ тұста да Мәшһүр Жүсіп мәтінінің ертерек жазылғаны, кейін жетілдірілуі мүмкіндігі есепке алынды.

411. Тағы да II – папкадағыға ғана сүйеніп, бұрынғылардың бәрін шеттеткен өзгеріс, яғни он бірінші шумақтың екінші жолындағы «буып» дегенді алмастырған «бұрап» сөзінің орнына енді 1171 – папка ([709] 374 (218) б.) бойынша сол ығыстырылған «буып» сөзін қайта қалпына түсіруге болады дегенге ойыстық.

412. Он екінші шумақтың бірінші жолы біріншіде: «Артқаным бір есекке – өңкей зорлық» делінсе, екіншіде «өңкей» сөзін «өңшең» сөзімен алмастыру жүзеге асырылды.

413. Он жетінші шумақтың бірінші жолы алғашқыда: «Білмейді ешкім менің қулығымды» – түрінде келсе, аяққыда 1171 – папка [710] 373 (219) б. бойынша «қулығымды» сөзі – «улығымды» деп өзгертілді.

414. Он жетінші шумақтың үшінші тармағы кітапта: «Қатынның ең жаманы от әкелер» – деп келтірілсе, бұ жолы 1171 – папкаға ([710] 375 (219) б.) сүйеніп: «Қатынның ең жаманы, ит ап келер» – деп түзетілді.

415. Он сегізінші шумақтың басталымы: «Закон жоқ мұны босқа қалдыруға» – делінсе, тағы да 1171 – папка ([711], 375 (220) б.) негізінде «жок» сөзінен кейін «жерде» кірді де, «босқа» сөзі ығыстырылды.

416. Он тоғызыншы шумақтың үшінші тармағы бұрынғыда: «Білмейтін күншілдіктің қадір – құнын» – қалпында болса, тағы да 1171 – папка ([711], 375 (220) б.) бойынша «білмейтін» орнына «білетін» кіргізілді.

417. Тағы да кейінгідегі өзгеріс негізінде жиырмасыншы шумақтың төртінші жолындағы: «зорлықты» сөзі «зорлығымды» – дегенмен алмастырылды.

418. Бұрынғылардың бәрінде 24 – шумақ басталымы: «Томпитып қалтасына жүрген сыймай» түрінде келсе де, II – папка (21 б.) бойынша «жүрген» орнын «ақша» (4 – томда) иеленгені мәлім. Енді осы жазбаға (1171 папка, [712] 376 (221) б.) сүйеніп, «жүрген» сөзі кері қайтарылды.

419. Кітапта (4 – том, 170 б.) 24 – шумақтың соңғы тармақтары: «Алған соң тәкаппарлық менен сатып, // Дүрдиіп өз үйіне өзі сыймай»-қалпында орын тепкені белгілі. Бұ жолы да 1171 – папка мәтіні ([712] 376 (221) б.) бойынша түзету енгізілді: «Алумен тәкаппарлық сатып менен, // Дүрдиер өз үйіне өзі сыймай».

420. Жиырма алтыншы шумақ II – папкада орын алмағандықтан да, тек бұрынғы көшірмелерге иек артып:

Сиырдай жүреді де [дәл] болған құрт,
Көмейде жоқ бос сөзбен толтырып ұрт.
Желбірер еңтігумен екі танау,

Семіз деп құр көрумен айтсын деп жұрт – деп (кітап, 170 б.) берілгені мәлім. Бұ жолы 1171 – папка ([712] 376 (221) б.) мәтіні бойынша жетілдірілді:

– Сиырдай қатып жүрер дәл болған құрт,
Көмей де жоқ, бос сөзбен толумен ұрт.
Еңтігер желбіреумен екі танау:
«Семіз, – деп құр көрумен, – айтсын, деп жұрт».

421. 28 – шумақтың ұйқас құрайтын 1, 2 және 4 – жолдарының соңы кітапта (170 б.) «деді» сөздерімен бітіп отырса, енді 1171 папка ([713] 326 (222) б.) бойынша «дейді» сөздерімен алмастырылды.

422. Отыз екінші шумақтың бастапқы жолының соңы кітапта (171 б.) «даяр етті» – деп басылғанда, сол томды әзірлеушілер көне хадимше

- араб әрпі ерекшелігін: «итті» деп жазылса, оны «етті» – деп те, «жетті» – деп те оқуға болатынын ескермеген. Бұ жолғыда (1171 – папка, [714] 377 (223) б.) «жетті» сөзінің анық жазылғаны ескерілді. Сонымен бірге бұрынғы II – папкадағы «ұшырап» сөзін байқамай, көшірмелер жетегінде кетумен «ұшырады» – деп берілсе, тағы да кейінгідегі неғұрлым анық жазылған «ұшырап» сөзін тиянақ ету жүзеге асты.
423. Алғашқыда 33 – шумақтың үшінші жолы: «Артқаным бәріне де тамиг еді» – калпында сап түзесе, ақырғыда «де» шылауы түсіп, оның орнына сонынан «ғой» шылауы үстелген.
424. Әуелгіде 34 – шумақ басы: «Иініне әуел келіп қоржын салған алды» – түрінде келсе, аякқыда (1171 – папка, [714] 377 (223) б.) «келіп» сөзі ығыстырылып, он бір буындық өлең өлшемі қалпы сақталды.
425. Отыз бесінші шумақтың соңғы тармағы біріншіде: «Дағдарып тұрған шақта солар жетті» – делінсе, соңғы екі сөзі 1171 – папка [715] 377 (224) б.) бойынша өзгеріске ұшырады: «сол сап етті».
426. 38-47 – шумақтар II – папкада сақталмағандықтан да, тек көшірмелерге сүйену нәтижесінде 38 – шумақтың үшінші тармағы аяғы: «қайнаттырып» сөзімен бітіп, тармақ ішіндегі буын саны асып кетуін тудырса, бұл жолы ол сөз 1171 – папка бойынша [716] 377 (224)б. – «қайнатып» болып түзетілді.
427. 39 – шумақтың бастапқы екі жолы алғашқыда: «Олардың және айтайын қылған ісін, // Кейбіреуі бұлдайды сатып терісін» – деп өрістесе, тағы да соңғы жазба (1171 – папка, [715] 377 (224)б.) негізінде «қылған» сөзі – «қылар», «терісін» сөзі – «түсін» – деп өзгертілді.
428. 41 – шумақтың екінші тармағы бұрынғыда: «Надандық, қисық, қыңыр жолға бастап» – түрінде өрбісе, екіншіде «надандық» орнын «наданды» иемденіп, ұғым нақтылана түсті. Атап айтқанда, әйтеуір «надандық, қисық, қыңыр» жолға емес, наданды сол «қисық, қыңыр» жолға бастау орынсыздығын бөліп көрсету жүзеге асты.
429. 42 – шумақтың ұйқас құрайтын соңғы сөздері: «қалмай өзі», «шайтан сөзі» – түрінде келіп, аякқыдағы «жайған торы» сөздерімен мүлде ұйқаспай тұрса, тағы да кейінгі жазба (1171 – папка, [716] 378 (225) б.) көмегімен алғашқы тармақтар соңына: «қылмайды ұры», «шайтан қоры» – сөздері енгізіліп, ұйқас сапасы қалпына келді.
430. 43 – шумақтың бірінші жолы әуелгіде: «Мал табу бәрінің де болып қасты» – делінсе, екіншіде (1171 – папка, [716] 378 (225) б.)

«бәрінің де» орнын «бәрінікі» иеленген. Сонымен бірге осы шумақтың екінші тармағы: «Мал сойып, мырза атанып» – деп басталса, тағы да кейінгіде «атанып» сөзін «болып» алмастырған. Сонымен бірге шумақ аяғындағы «Құран асты» – сөздері «кітап асты» – деп өзгертілген.

431. 46 – шумақтың басы: «Бір табақ ет пенен шай беріп пара» түрінде орын алса, соңғыда ол осы жазба (1171 – папка, [716] 378 (225) б.) көмегімен: «Бір шай мен бір табақ ет беріп пара» – делініп, сөздердің орын алмасуы туындаған.

432. 47 – шумақтың үшінші тармағы бұрынғыда: «Жүзқараның айтам деп арсыздығын» – делініп, өзінің алдындағы 46 – шумақтың үшінші жолын созбе-сөз қайталап тұрса, бұ жолы соңғы жазба (1171 – папка [716] 378 (225) б.) бойынша ол тармақ мүлде өзгертілді: «Хадтен асып кеткеннің кебін сөйлеп».

433. «Армансыз кім кетпейді бұл жалғаннан» – деп басталатын 48, 49, 50 – шумақтардың 1171 – папка мәтінінде болмауы «Сияға былғамайын қалам малып» – делінген 47 – шумақтың аяққы жолынан кейін: «Байқамай жазып өттім бес – алты жол» – тармағын маңдай еткен 51 – шумақ басталуы – бұл мәтіннің де ең кейінгі нағыз толық нұсқа еместігіне жарық түсіре алады. Сонымен бірге осы 51 – шумақтың екінші жолындағы «сырғанап» орнына соңғыда (1171 – папка [717] 378 (226) б.) «қызығып» орын алғанын ескеру үстінде бұ жолғыдан алдыңғы сөз «сырғанап» неғұрлым ұтымды екенін де байқау қиын емес. Мұның бәрі 1171 – папкадағының да ең соңғы кемелденген үлгі емес, орта тұстағы қайта жазу, жетілдірулердің бір сәті деп бағалауға болатынын да аңғартады.

434. 52 – шумақтың екінші жолы әдепкіде: «Тұрған жоқ анық көңіл бір құдайда»-делінсе, бұл жазбада ([718] 379 (227) б.) «жок» сөзі түсіп қалып, оның алдында тұруға лайық «жан» сөзі кіргізілген.

435. 53 – шумақтың басындағы: «Дүниеден қалған жан жоқ» – дегендегі «қалған» сөзі соңына «ы» жалғауы қосылумен бірге «жан» сөзі түсіп қалған.

436. 54 – шумақтың екінші жолындағы «тіпті» сөзі осы жазбаға ([718] 379 (227) б.) сүйеніп, «текке» сөзімен алмастырылса, соңғы тармақтағы «тіл» және «көңіл» сөздерінің орын ауысуы іске асқаны да әр нұсқа ерекшелігіне жігі көңіл бөлу керектігін дәлелдейді.

437. 55 – шумактын бірінші сөзі: «айтсак» болса, тағы да осы жазбаға ([718] 379 (227)б.) иек артып, «айтсак» сөзін «айтсаң» деп өзгерту жүзеге асты.

438. 56 – шумактын алғашқы тармағы бастапқыда: «Бет алдыма мен лактым аузым жаппай» – деп берілсе, бұ жолғыда ([718] 379 (227) б.) «алдыма» орнына «алдына» – деп сәл өзгерумен бірге соңғы сөздер мүлде жанарған: «ауыз бақпай». Сонымен бірге бірінші жолдағы «мен» жалғауы және үшіншідегі «пен» жалғауының алғашқыда болып, соңында түсіп қалуы көңіл бөлерлік.

439. 60 – шумактың соңғы тармағы әдепкіде: «Шелекке тағуға» – деп басталса, бұ жолғыда (1171 – папка, [719] 379 (228)б.) «Шелекке тағу үшін» – деп буын саны ұзарып, тармақ үйлесімдігі қалпына келген.

440. 61 – шумактың бастапқы сөзі бұрын «он» болса, бұ жолғыда ([720] 380 (229) б.) «бес» – делініп өзгертілген. Сонымен бірге біріншіде екінші тармақ соңы: «қатты-тәтті» сөздерімен тұйықталса, енді «бар не қатты» – деп алмастырылған. Сондай-ақ шумак соңындағы: «Жүзінде бұл жалғанның» сөздері аяққыда: «Жүзінде жалған дүние» – деп өзгертілген.

441. «Құдайдың құлшылығы бізге парыз» – деп басталатын Мәшһүр Жүсіптің «Сүлеймен мен Ібіліс» өлеңі осы жазба (1171 папка [721] 380 (230) – [728] 384 (236) б.) бойынша алынып, әулеттік мұрағаттағы басқа да жазбалармен: Мұхаммедәмен, Мұхаммедфазыл, Иманғали көшірмелерімен салыстыра сараптау жүргізіліп, 2 – томда (мәтіні – 3-6 б.; түсінігі – 346-348 б.) жарияланған.

442. «Біреу – шумакөлі, бірі – шумактірі: «Ал» мен «Бердің» – деп басталатын Мәшһүр Жүсіп өлеңі осы жазба (1171 – папка [728] 384 (236) б.) негізінде 2 – томда (91 б.) басылды. Сонымен бірге бұл мәтіннің басқа да нұсқалары баршылық екені, атап айтқанда, 1170 – папка, 384 б.; 1178 – папка, 316 б., Жолмұрат, 1 – папка, 345 б. бар екені 2 – томда көрсетілмей, кейінірек анықталғанын ескертеміз.

443. «Ай, қараңғы, күн-бұлт: түн деменіз» – шумакдегенді ту еткен Мәшһүр Жүсіп өлеңі де 1171 – папка [729] 384 (237)б.) бойынша 2 – томға (91 б.) енгізілді.

444. «Дүниеде қарап тұрсаң, мақұл бар ма?» – деп басталатын Мәшһүр Жүсіптің «Ханымбике» өлеңі осы жазбадан (1171 – папка,

[740] 389 (247) – [759] 399 (266) б.) алынып, 1 – томда (мәтіні – 186-195 б., түсінігі – 398-400 б.) жарияланды.

445. «Жазғытұры қалмады қыстың сызы» – жолымен өріс алатын Абайдың «Жазғытұры» өлеңі осы жазба (1171 – папка, 399(267) – 401 (270) б.) негізінде 7 – томға (мәтіні – 141-143 б.; түсінігі – 351-352 б.) кіргізілді.

446. «Бір күні отыр едім кітап оқып» – деп басталатын Мәшһүр Жүсіптің «Ібіліс шайтан хикаясы» дастаны әулеттік мұрағатта сақталған Мәшһүр Жүсіптің ортаншы ұлы Мұхаммедәмен Көпеев (1888-1921) жазбасы бойынша 3 – томда (мәтіні – 3-15 б.; түсінігі – 340-341 б.) жарық көрді. Түсінік бөлімінде бұл дастанның ең дұрыс делінгені-Мұхаммедәмен жазбасы болса, екіншісі – Мәшһүр Жүсіп жиені Жолмұрат Жүсіпұлы (1894-1977) көшірмесі екені, ал үшіншісі – осы жазба (1171 – папка [763] 401 (271) – [783] 411 (291) б. екені көрсетілген. Біздің бұ жолы қоса айтарымыз: Мәшһүр Жүсіптің ертеректе жазылған өз жазбасы (II – папка, 39-44 б.) кейін табылғандықтан да, бұл туындының екінші нұсқасы ретінде берілуі мүмкін екендігі. Сонымен бірге дастанның 1910 жылы жазылғаны Жолмұрат ескертуімен берілсе, 1171-дегі белгісіз бір адам көшірмесі соңында – жазбаның 1914 жылы қағазға түскені ескертілген.

447. «Қалмай ма әлі-ақ бір күн Мәшһүр өліп» – деп басталатын бұл мәтін Мәшһүр Жүсіптің «Қиямет ахуалы» кассасының 13-жолы екенін ескерген жөн. Бұл мәтін 2 – томда Мәшһүр Жүсіптің «Жетпіс бап» – деп аталатын өлең-дастандары ішінде «53-54 баптар. «Қиямет ахуалы» кассасы» – деген тақырыппен (мәтіні – 280-315 б.; Түсінігі – 359-361 б.) жарық көрді. Түсінік бөлімінде кітапқа негіз болған ең көлемді нұсқа-Мәкішев Рақымжан көшірмесі (көлемі – 219 шумақ, яғни 876 тармақ екені, бұл жазбаның көлем жағынан төртінші орын алатыны 1171 – папка ([784] 412 (292) – [809] 425 «а» (318) б. екені ескертілген. Сонымен бірге Мәшһүр Жүсіптің ертерек қағазға түскен өз жазбасы (II – папка, 1-11 б.) ол кезде бізге жетпегенін, нұсқаларды мәтіндік салыстыру толық жүрмегенін ескерсек, туындының екінші нұсқасын ұсыну қажеттігі туары да анық.

448. «Жақсылық талап ойлап жолға түстің» – тармағы Мәшһүр Жүсіптің «Шонтыбай қажы» дастанының 37 – шумағының басы бұл жазбаның (1171 – папка [811] 425 – [881] 461 б.) маңдайы ретінде орын

алған. Бұл шығарма 3 – томда (мәтіні – 243-267 б.; түсінігі – 363-370 б.) басылды. Түсінік бөлімінде бұл шығарманың үш нұсқасы сақталғаны, кітапқа әулеттік мұрағаттағы Мәшһүр Жүсіптің өз жазбасы 7 – папка, 1-63 б. негіз болғаны, біз сөз етіп отырған үлгідегі мәтін беттерінде орын ауысуы бар екені т.с.с. ескертілген.

449. «Қиямет ахуалы» дастанының екінші нұсқасын қолымызға кейінірек тиген, ертеректе қағазға түсірілген Мәшһүр Жүсіптің өз жазбасы (II – папка, 1-11 б.) бойынша ұсынып отырмыз. Осы орайда бұл жазбаның қалай табылғаны 4 – том түсініктемесінде (439 б.) бұрын Мәшһүр Жүсіптің атқосшысы болған Иманғали Маненовтен алынып сақталған Садық Сапабекұлы мұрағатынан Садықұлы Кенжебек қолынан 2004 жылдың 27 сәуірінде алынғаны көрсетілгенін еске саламыз. «Қиямет ахуалының» бірінші нұсқасы 2003 жылы шыққанын ескерсек, бұл нұсқа тұнғыш жарияланып отыр. Сонымен бірге 2 – томға кірген мәтіннің (280-385 б.) сол том түсінігінде көрсетілгендей (363-366 б.) тек: Мәкішев Рақымжан, Жұматай Әкбарұлы, Жолмұрат Жүсіпұлы және осы нұсқадан алынуы ықтимал Иманғали Маненов көшірмелерін салыстыра отырып әзірленгенін ескерсек, қанша ерте жазылғанмен, түпнұсқаның аты түпнұсқа екенін де атап айтқан жөн. Екі нұсқада айырмашылықтар аз емес. Соның біріншісі – осы екінші нұсқаның алғашқысы, ал 2 – томдағының 5-шумағы болып саналатын шумактын: «Жалп етер жетсе каза» орнына: «Жалп етіп, каза жетсе» – түрінде, «Тұрған күнде тілге келіп» орнына «Тұрған шақта тілге келіп» қалпында өзгергенін ескертеміз. Түпнұсқа болғанымен, Мәшһүр Жүсіптің алғаш қағазға түсірген нұсқасын кейін жетілдіріп отырғанын бағымдасақ, осындағы: «тілге келіп» – дегеннен де алдында берілген көшірмелерден алынғаны дұрыстығы байқалады. Демек алдағы уақытта Мәшһүр Жүсіптің кейінірек қағазға түскен нұсқасы табылған жағдайда, сол көшірмелердегілердің қаншалық дұрыстығы айқындалуы мүмкіндігін де ескерген жөн. Мұның бәрі Мәшһүр Жүсіптің белгілі бір шығармасының көп нұсқасын бергенде, анасы «дұрыс», мынасы «бұрыс» деуге келе бермейтініне, екі нұсқаны да қатар ескеріп отыру керектігіне жарық түсіре алатынын дәлелдей түседі деп санаймыз.

450. Бұрынғыда, яғни 2 – томда: «Дүниеден ғәпіл жүріп біз де өтерміз» (281 б.) – делінсе, бұ жолғыда (II – папка, 1-бет) «жүріп» ор-

нын «болып» иеленген. Осы орайда екі нұсқа арасындағы елеулі өзгешеліктер ғана қамтылып, бәрінің арнайы талдана бермейтінін ескертеміз.

451. Бастапқыдағы жетінші шумақтың (мұндағы үшінші шумақ болуға лайық): «Мінеді иманды құл алтын тақты» тармағы мұнда мүлде жоқ. Оның есесіне ондағы «Бекерге жібермейік келген шакты» – тармағы кейінгіде шумақ басына алдыңғы болып көтеріліп, «Пенде алмас құдіретім берген бакты» – жолы тыңнан кіргізілген. Көшірушілердің бәрі де бұл туындыны кешегі коммунистік әміршілдік жүйе қыспағында қағазға түсіргенін ескерсек, Алла құдіретін ту еткен бұл жолды алып тастауды біреу бастап, екіншісі соны көшірумен де өзгеріс енуі мүмкін деп санаймыз. Сонымен бірге Мәшһүр Жүсіптің де әр кезде түрлі өзгеріс енгізуі мүмкіндігін, кеңес дәуірінде ол кісінің кейінгі тыңшылар бақылауынан сақтану үшін де, ара-тұра шегінуі ықтималдығын да бір бүйірде ұстаған жөн.

452. Бұл шумақ Мәшһүр Жүсіпте 4 – шумақ ретінде орын алса, кітапта ол 19 – шумақ ретінде келтірілген. Сонда «Болу хақ және нанбақ киямет күн» – деп басталатын кітаптағы 8 – шумақ және 9-18 шумақтар Мәшһүр Жүсіптің бастапқы жазбасында тап осы арада орын алмауымен ерекшеленеді. Сонымен бірге бұл шумақтың бірінші жолының аяғы бұрынғыда «болады түн» түрінде келсе, соңғыда «болады» орнын «шығады» иеленген. Сондай-ақ екінші тармақ соңындағы: «бойында мін» сөздерін бұл жолғыда «мойнында мін» ауыстырған.

453. Бұрынғының 23 – шумағының, кейінгінің 8-шумағының соңғы ұйқас негіздейтін сөздері: «кәрі-жаста-ай», «ешбір баста-ай», «бәрі мастай» – қалпында орын алса, аякқыда (бұ жолғыда) ол: «кәрі жастан», «ешбір бастан», «бәрі мастан» – түрінде өзгерген. Сонымен қатар үшінші жол соны әдепкіде: «өз халімен» болса, екіншіде: «әліменен».

454. Бұрынғының жиырма алтыншы, кейінгінің он бірінші жолының басы бастапқыда: «Бастарын бокқа былғап, жылай берер» қалпында келсе, екіншіде: «Болсақ-шы иа лайтаны күн тұту рабан!» – дер» – деп өзгертілген.

455. Алғашқыда: «Құдайым жебірейілге пәрмен етер» (27 (12) – шумақ) деп берілсе, аякқыда «пәрмен» сөзін «жарлық» ығыстырған.

Сондай-ақ шумақтың төртінші жолы басы «кешіксе» – дегені екіншіде: «кешіксең» – деп сәл өзгерген.

456. Әуелгі тармақ соны бұрынғыда: «алар күтіп» (28(13) – шумак) түрінде болса, бұл жолдағысы: «алар тұтып». Сонымен бірге соған ілескен екінші жолдың басындағы: «кұп етіп» сөздері «тоқтамай» – дегенмен алмастырылды.

457. 29 (14) – шумақтың үшінші жолы бұрынғыда: «Жүрегі дүрс-дүрс етіп» – деп берілсе, екіншіде «дүрс-дүрс етіп» – дегенді «қорыққаннан» ығыстырған.

458. Келесі шумақтың үшінші тармағы бұрынғыда «пенделерін» – деп бітсе, кейінгіде «пенделер көп» – түрінде сәл өзгерумен қатар, төртінші жол басындағы: «соны бүгін» орнына «соларды» келіп орын тепкен.

459. Келесі 31 (16) шумақтың бастапқы жолының екінші сөзі әуелгіде: «ғапілдікпен» – делінсе, кейінгіде «кәпірлікпен» – түрінде қоныс тепкен. Сонымен бірге үшінші тармақ ортасындағы: «хақ өмірін» сөздерін бұ жолы «жарлық сөзін» – деп алмастыру жүзеге асқан. Сондай-ақ төртінші жол ортасындағы: «бүгін сені» сөздері де «сізді тәңірім» болып өзгертілді.

460. 35 (17) шумақтың үшінші-төртінші жолдары әуелгіде: «Әр шығыршық басына бір жетпіс мың, // Періште өткерілген неше сымнан» – деп өрістесе, кейінгіде басқаша: «Шығыршық бас-басына толып жатыр, // Періште жетелейді миллион саннан»

461. Жоғарыда ескертілгендей, бәрін қамтымай-ақ 34 (18) шумақтың соңғы тармағы әдепкіде: «Тауларды бір қойғанда, быт-шыт қылар» – делінсе, бұ жолғыда ол: «Тауларды бір ұрғанда, қылар дал-дал» түрінде өзгерген.

462. Келесі шумак аяғындағы «жазалының» сөзі екіншіде «кәпірлердің» – деп алмастырылған.

463. Келесі шумак басталымы бастапқыда: «Қызуы жаһаннамның өтер қызып, // Дүрілдеп баса көктеп топты бұзып» – деп келтірілсе, соңғыда мүлде өзгеше: «Мың жылдық жетер лебі жолдан қызып, // Сол келер баса көктеп топты бұзып».

464. Бастапқыда 38 (22) шумақтың бірінші жолының ортасындағы сөз: «ғапіл жүрмей» – делінсе, кейін оны: «ай, пенделер» ауыстырған. Екінші тармақ ортасындағы «фазылымен» сөзі «жарық үшін» – деп

өзгертілген. «Алланың әмірімен күшейген соң» – деген үшінші тармақты «Құдайдың жарлығымен қызғаннан соң» – ығыстырған. Төртінші жол басындағы: «Бетіне қарсы тұрып» – сөздерінің орнын «күшіне жаһаннамның» – иеленген.

465. 42(25) – шумақтың екінші жолы басы әуелгіде: «Өзге қайтсін, сасқан соң» – делінсе, кейін оның орнын «айрылар ақылынан» иемденген.

466. 42(26) шумақ ортасындағы «ағасы» орнына соңғыда «інісі» сөзі шаңырақ көтерген.

467. 44(28) шумақтың екінші жолы бұрынғыда: «Рәсуа қыла ма, – деп, бізді сөгіп» – қалпында ірге тепсе, бұ жолғыда: «Рәсуа ғып тастай ма, – деп, – бекер сөгіп» – деп өзгерген.

468. 46(30) шумақтың үшінші тармағындағы «сәруар» сөзі кейінгіде «пана» сөзімен алмастырылды.

469. 51(35) шумақтың екінші жолы мен төртіншісі соңғыда орындары ауысқан.

470. 53(37) шумақтың аяққы тармағы әдепкіде: «Мен сені жібермеймін үмбетіме» – делінсе, бұ жолғыда: «Жібермен мұнан былай үмбетіме» – деп дамытыла түскен.

471. 56(40) шумақтың соңғы жолы бастапқыда: «Сыйлап қал онандағы Мұхаммедті» – деген қалыпта өрбісе, кейінгіде: «Сыйла да қайт онан да Мұхаммедті» – деп, біраз өзгертілген.

472. 57(41) шумақтың екі нұсқада мүлде өзгеше болуы, сөз мәнісіне, орнына қарағанда, тағы да екіншінің неғұрлым ұтықты екені көңіл бөлерлік:

1. Ғаршының оң (сол) жағына барар жүріп,
Қуанар жан-жануар мұны көріп.
Тозактың барлық оты сөнгеннен соң
Асқанын Мұхаммедтің сонда біліп (2 – том, 286 б.)
2. Қалған соң, қайтсін тозақ, өзі сөніп,
Ғаршының сол жағына тұрар келіп.
Қуанар Махшар халқы сол арада
Асқанын Мұхаммедтің сонан біліп (II – папка, 5 б.)

Мұндай айырмашылықтың болу себебі ара-тұра Мәшһүр Жүсіптің бізге әлі жете қоймаған жазбасынан көшіру орын алуымен бірге,

көбінесе ел арасында ауызша айтылып жүрген үлгіден алынғанын байқау қиын емес. Ауызша айтылып тарағанда, оның біраз жерін жаттап алушының ұмытып қалып, бірте-бірте өзгерту мүмкіндігі халық ауыз әдебиетін зерттеушілер үшін әлдеқашан дәлелденген жәйт. Осы арада 1917 жылғы төңкеріске дейін патшалық Ресей отаршыларының қазақ халқын шоқындырып үлгермеуінің басты себебі келіп шығады. Ол Мәшһүр Жүсіп тәрізді басқа да қазақ ақындарының ислам тарихын, дін мәнін дәріптеген діни өлең-дастандарының жұрт алдында әндетіп айтылып, яғни поэзиялық үлгіні неғұрлым әсерлі жеткізуді әдетке айналдыруының шешуші ықпалы болғанын байқатады. Мұның бәрі қазақ халқының алдымен дінін, сонымен байланысты тілін сақтап, қалуында осы тәрізді діни туындыларды ауызша айтылып таратудың үлкен мәні болғанын көрсетеді. Осыдан келіп Мәшһүр Жүсіптің дін тақырыбына баса көңіл бөлуінің себебі келіп шығады. Ол отаршылардың алдымен дінді, сонымен байланысты тілді тұншықтырмақ болуына сол кезде мүмкін болған басты амалды, яғни көркем шығарма көмегімен халықты ояту амалын, Мәшһүр Жүсіптің ұтымды пайдалануы деп санаймыз. Сол кездегі адамдар санасын жетілдіріп, дінсіздіктен, мәнгүрттіктен сақтандыру үшін, Мәшһүр Жүсіптің діни шығармаларды жазғаны ақынның одан кейінгі мына бір өлең жолдарында да анық көрініп тұр: «Мұны естіген адамдар бой бақсын!» – деп, // Білгенін Мәшһүр Жүсіп жаза берді» (II – папка, 5-бет, 80 (43) шумақ).

473. «Құранда: «Рахмат әл ғаламин!» – деген жолдан, яғни 52 (42) шумақтан кейіні 20,5 шумақ, яғни 82 тармақ Мәшһүр Жүсіпте тап осы арада жоқ.

474. 81(44) – шумақта да өзгерістер бар. Бұрынғыда екінші жолы: «Аят пенен хадистен бар хикаят» – делінсе, соңғыда: «Аятпен шертейін бір хикаят» – деп өзгертілген. Сондай-ақ төртінші тармақ басындағы «қылады» сөзі «қалыпты» – деп алмастырылған.

475. Бастапқыда 83 (45) шумақтың аякқы тармақтары «Темірден тырнақтары, бетін тырнап, // Өз бетін алып тастап, өзі жұлып» – қалпында шаң берсе, кейінгіде «бет» сөзін қайталау ысырылып, алғашқы «бет» орнын «етін» иемденген: «Темірдей тырнақтары етін жыртып, // Өз бетін алып салып, өзі жұлып».

476. 84 (46) – шумақтың екінші, үшінші жолдары әуелгіде: «Періште күрзі бірлан ұрар дейді // Тамам жұрт қорыққаннан дүр-дүр етіп» – калпында орын алса, бұ жолғыда: «Тамам жұрт қорқып сонан тұрар, – дейді. // Халайық жиылғаннан сұрар сонда» – деп өзгертілген.

477. 90(51) шумақтың соңғы жолдары әуелгіде: «Сүйрелін басы жерге, жүзқара боп, // Етпеттеп жерді басып жүзіменен» – түрінде орын тепсе, кейінгіде: «Салбырап басы төмен, жерге қарап, // Еңбектеп, жерді басып жүзіменен» – деп келтірілген.

478. 92(53) шумақтың соңғы сөзі әдепкіде: «арсалақтап» – делінсе, бұ жолы оны «сандалақтап» – ығыстырған.

479. «Төресін он тиынға жырып берген» – деп тамамдалатын 94(54) шумақтың соңғы жолынан кейін: «Ол күнде жан құтылмас қылып сылтау» – деп басталатын шумақ кітапта 17 шумақтан кейін 112 – шумақ ретінде берілсе, бұ жолы ол 94(54) шумақ жалғасы ретінде келтірілді.

480. Бұрынғы бойынша 112 – шумақ былай өрілген.

Дүниеде ғапілдікпен алданғандар,
– «Қылдық, – деп, – Хакқа құлдық!» – малданғандар.

Кес, кеше, мылқау болып түсер көзге

Зорсынып, өзін-өзі танданғандар.

Кейінгісі мүлде өзгеше:

Дүниенің опасына алданғандар,

Тәрк етіп Хак бұйрығын қылған жандар.

«Құлағы жоқ, дал болып келер», – дейді, –

Зорсынып өзін-өзі малданғандар.

481. 96(56) шумақтың аяққы жолдары алғашқыда. «Салбырап тілі жетіп кеудесіне // Тілдерін азуымен қыршып шайнап» – деп өрілсе, соңғыда мүлде басқаша: «Періште бұлар, – дейді – айдап келер, // Қамайды сол арада қатты айғайлап».

482. Тағы да жеке сөз ерекшеліктерін тізе бермей-ақ елеулі дегендерге үңілсек, 97(57) шумақтың аяққы жолдары әдепкіде: «Жұртқа айтып насихатты, өзі тұтпай, // Дүниенің тұзағында тұтқын қылған» – түрінде өрістесе, бұ жолғыда басқаша: «Жұртына өсек айтып өз аузымен // Құр қалған біле тұрып көп ғылымнан».

483. 99(58) шумақтың бастапқы сөздері алғашқыда: «Келеді бір түрлісі» – делінсе, соңғыда: «Өтеді әр қылмысы» – калпында берілген. Осы шумақтың үшінші жолы біріншіде: «Сықылды кірпікшешен бір топ болып» түрінде орын тепсе, екіншіде тағы өзгерген: «Келеді әр бір түрлі жазалылар».

484. Отарлау саясатының нәтижесінде қазақ даласында тыңшылық, сөз тасудың етек алғаны, Мәшһүр Жүсіптің өзінің ашық та жасырын бақылау тауқыметін шеккені мәлім. Сондықтан да ағайынды ұлыққа шағыстырудың үлкен күнә екенін шегелеуі ақынның адамдар тәрбиесін ту етіп ұстағанының бір көрінісі деп есептеген жөн. Бұрынғысы (102, 60 – шумақ):

Буынып кеңірдектен дарға асылып,
Аузынан жан-жағына от шашылып.
Ұлыққа ағайынын шағыстырып,
Білдірмеген боп жүріп, бой жасырып.
Кейінгіде (II – папка, 7 б.):
Жұтқаны оттан болған сол асылып,
Аузынан будак-будак от шашылып.
Ұлыққа ағайынды шағыстырып,
Көрінбеген боп жүріп, сөз жасырып.

485. Алғашқыда 103(61) – шумақтың бірінші тармағы: «Жыланға шаян менен іші толып», – делінсе, бұ жолғыда бастапқы сөздер: «Жалынға түтін менен» – деп өзгерген.

486. 106(64) – шумақтың екінші жолы әуелгіде: «Мойнына оттан болған жіп тағылып» – делінсе, соңғыда: «Мойнына шынжырменен бұйда тағып» – деп, нақтылана түскен.

487.110 (67) шумақ соңы бұрынғыда: «Ішкені арақ, қылғаны зина болып, // Бас қосып сол төртеуі бірге келген» – калпында орын алса, бұ жолғыда: «Аракты ішуменен өмірі өтіп, // Бас қосып бұл үшеуі бірге келген» – түрінде өзгеріске түскен.

488. Бұдан бұрын ескерткеніміздей, түпнұсқа мен көшірмелер арасында алшақтықтар болуы көбінесе ел аузына ауызша тараған мәтінді қайта қағазға түсіру нәтижесінде болуы ықтимал десек, соның бір дәлелі – 113(69) шумақтың түрліше жазылғаны сондай, ұйқасы да әртүрлі болып көзге түсуі. Мәселен, бұрынғыда:

Келеді он екінші болып айдай,
Жарқырап аппақ қаска болып маңдай!
Жүзі-жарқын, мерейі үстем болып,
Ойнақтап, асыр салып, құлын-тайдай.

Бұ жолғыда:

Келеді ең соңынан – он екінші,
Айдай боп сол жүзлері он төртінші.
Көздері нажағайдай жарқ-жүрк етіп,
Сол асып бір күнгіден бір күнгісі.

489. «Уа, дариға, жыр екен ғапіл мастық» – деген тармақтан кейінгі, яғни кейінгіше 71 – шумақтан басталған 30 шумақ, яғни 120 тармақтық мәтін бұрынғы 2 – томға енгізілмеген, осы жолы тұңғыш ұсынылып отыр.

490. «Сәуірде көтерілер рахмат туы» – деп басталатын Ы. Алтынсарин өлеңі Мәшһүр Жүсіп жазбасынан (II – папка, 12-13 б.) алынып, Мәшһүр Жүсіп өлеңі ретінде, (4 – том, 99-100 б.) қате көрсетілуі себебі 10 – том түсінігінде (402 б.) дәйектелгенін қайталап ескертеміз.

491. «Құдайдың құлшылығы бізге парыз» – деп басталатын Мәшһүр Жүсіптің «Сүлеймен мен Ібіліс» өлеңінің бірінші нұсқасы 2 – томда (мәтіні – 3-6 б.; түсінігі – 346-348 б.) жарық көргені белгілі. 2 – том баспаға әзірленген кезде бұл жазба қолымызға тимегендіктен (оның себебі мұның алдындағы «Қиямет ахуалы» дастаны түсінігінде (449 – түсінік) жете сөз болғанын еске саламыз), шығарманың түпнұсқасын осы жолы 2-нұсқа ретінде ұсынып, кітаптағы мәтінмен текстологиялық салыстыру жүргіземіз.

492. Екі нұсқа арасындағы айырмашылықтарды діттегенде, бірнеше жерде сөз орны ауысып келетініне көңіл бөлген жөн. Мәселен, екінші шумақтың екінші жолының ортасы бастапқыда, яғни 2 – томда, «арзан қылып» делініп келсе, кейінгіде: «қылып арзан» – түрінде сөздер ауысуы іске асқан. Мұндай сөз орын ауысулары бесінші шумақтың үшінші тармағы соңындағы: «маған берсен», сондай-ақ алтыншының үшіншісі аяғындағы: «байлап қойсан», жетіншідегі төртінші ортасындағы: «байлап соны» т.с.с. туралы да айтуға болады.

493. Тоғызыншы шумақтың үшінші тармағы соңы әуелгіде «байлап салды» болса, бұ жолы «байлап қойды» – қалпында қоныс тепкен.

494. Он екіншінің төртіншісі біріншіде: «Сабыр қып, аш та болса, жатады екен» – делінсе, соңғыда: «Аш та болса, сонымен жатады екен» – делініп, сәл өзгерген.
495. Он үшінші ортасындағы «шаршы базар» сөздері кейінгіде «шаһар іші» – дегенмен алмастырылған.
496. Он бесіншінің екінші жолы 1171 – папка жазбасы бойынша: «Қылып тұр тәнірім оны сынамакка» – делініп, кітапта екінші нұска ретінде жақша ішінде ғана келтірілсе, бұ жолы ол түпнұсқа бойынша бірден-бір нұсқа ретінде енгізілді.
497. Он алтыншы аяғы әдепкіде: «Дүниенің жұмысының бәрі қалған» – түрінде орын алса, бұ жолы ол: «Бұл іске тақ Сүлеймен қайран қалған» – деп ауыстырылды.
498. Он жетіншінің соңғы тармақтары бұрынғыда: «Ешкімнің еш нәрсемен жұмысы жоқ, // Көзінен тақ Сүлеймен көрген, әні!» – делінсе, бұ жолғыда мүлде өзгерген: «Бұл не сыр, жұртқа түскен, не күн болды, // Жұмыстан қалды бүгін жұрттың бәрі!»
499. Он сегізінші шумақтың бұл жолғыда тек соңғы тармағының: «Құдая, білдірсейші, қалдым ғой таң» – сакталуы Мәшһүр Жүсіп жазбасының бастапқы үлгісі екенінің бір дәлелі болумен бірге, кейінгі нұсқаларын іздестіру мәнділігіне де жарық түсіреді.
500. Бастапқыдағы он тоғызыншының үшінші тармағы бұ жолғыда он жетіншінің төртіншісі болып келуімен қатар, үшінші жол орны бос қалып, төртінші ғана: «Өзіңнің еркін айтқан сөзіңменен» сакталуы да Мәшһүр Жүсіп жазбасының әлі жетілдірілмеген әуелгі нұсқа екенін дәлелдесе керек.
501. Жиырма екіншінің үшіншісі әуелгіде: «Ерікті шайтан құлға бола алмаса», – делінсе, бұ жолғыда: «Болмаса шайтан ерікті пенделерге» – болып өзгерген.
502. Бірінші нұсқада, 2 – томда, жиырма үшінші тармақ басындағы сөз: «бейхикмет болса, екіншіде – «себепсіз».
503. Бастапқыда жиырма төртіншінің алғашқы жолдары: «Таң қалып тақ Сүлеймен күлді дейді, // Құдайдың шеберлігін білді дейді» – түрінде өрбісе, соңғыда: «Құдіреттің шеберлігін білдім енді, // Менікі ойлап тұрсам, бекер! – дейді» – деп өзгертілген.
504. Бұрынғының 32 – шумағының бастапқы тармақтары: «Бір ниет ой ойласан егер дінге, // Тартам деп Хак жаратқан түзу жөнге» – қалпында

өрістесе, кейінгіде біраз басқаша: «Бір талап ой ойласаң егер дінге, // «Жүрем, – деп, – Құдай сүйген тура жөнге!»

505. Бұл туынды аяғы алғашқы нұсқада: «Түлеген акку құстың қанатындай, // Жерінде жүрген – тұрған сөзі қалған», – делінсе, кейінгіде мүлде өзгеше: «Дегенге ер жете ме мал жеткізбей, // Барады іште кетіп әрбір арман».

506. Мәшһүр Жүсіптің «Шайтанның саудасы» өлеңі осы жазбадан (II – папка, 19-22 б. және 17-18 б.) алынып, 4 – томда (мәтіні – 167-175 б.; түсіпгі – 456-461 б.) жарық көргені мәлім. Бұ жолы содан бергі ескі араб (хадим) жазуын бүгінгі әріпке аударудағы тәжірибені және Мәшһүр Жүсіптің алғашқы жазбаларындағы әріптерді жазу ерекшеліктерін ескеріп, аударуда дұдамалдық, қателік кетті деген шумақтарды іріктеп келтіріп, ерекшеліктерге екінші рет үңілуді жөн деп таптық. Мәселен, екінші шумақтың екінші жолы басындағы «нысаплы» («ынсапты») – деп әуелгіде (4 – томда, 167 б.) аударылған сөзді «не себеплі» – деп те жазуға болатынына осы жолы көз жеткізілді. Сонымен бірге осы тармақтағы: «Шын құлақтан» – сөздері – «Шын құлақпен» – деп өзгертілді.

507. Оныншы шумақ басы кітапта (4 – том, 168 б.): «Жүгім бар бір есекте мікір-хайла» – делінгенде, «мікір-хайла» мағынасының 1940 жылғы мектеп хрестоматиясындағы түсініктен алынғаны ескертілген. Біз қазір де ол пікірге қосылу үстінде «мікір» сөзін қазір «мекер» деп жазу қалыптасқанын ескеріп, соңғы жазылу қалпына көшкенді жөн деп таптық.

508. Он алтыншы шумақтың үшінші жолы бұрынғыда: «Кім де болса жалғанда сол әкетер» – делінген екен, біз жоғарыда аталған қордағы 1171 – папка [710] 375 (219 б.) мәтінде соңғы сөздің «ап кетер» – түрінде келгенін, үңіле зерделегенде, бұ жолғыда да (II – папка, 20 б.) солай екенін ескеріп, өзгерту енгіздік.

509. Он жетінші шумақтың бірінші тармағы соңы бастапқыда: «қулығымды» – деп берілсе, 1171 – папкада және мұнда «улығымды» – делінгені ескерілді. Сонымен бірге «Қатының ең жаманы от әкетер // Талау мен мекер-хайла қулығымды»-деген аяққы жолдардағы «от» сөзі осы үлгіде анық жазылғанымен, 1171 – папкада «ит» сөзі тұрғаны, аяққы тармақтағы «талау» ұғымына қатын емес, ит лайықты екені – қабағат ескеріліп, «ит» – деп алу дұрыстығы анықталды.

510. Жиырма төртінші шумақтың бірінші жолы соңы әуелгіде: «ақша сыймай» – түрінде берілсе, бұ жолы «сыймай» орнына «салып» сөзі тұрғаны ескерілді. Біздіңше, ең дұрысы бұл емес, 1171 – папкадағы (376 (221) «сыймай» сөзі. Мәшһүр Жүсіптің II – папкадағысы оның ең алғаш қағазға түсірген бастапқы нұсқасы екенін ескерсек, 1171 – папкадағы кейінгі жетілдірілген үлгі екені осы тұста да анық байқалып тұр.

511. Отыз екіншінің үшіншісіндегі «ұшырады» сөзі II – папка (22 б.) бойынша өзгертілді: 1171 – папкадағы (377 (223 б.) мәтінінің осы калыпта келуі де кейінгі өзгеріс дұрыстығын дәлелдейді.

512. Отыз бесіншінің ең соңғы сөздері әуелгіде: «солар жетті» – делінсе, бұ жолы «сол сап етті» – енгізілді. 1171 папкада (377 (224) да тап осылай болуы кейінгі өзгеріс дұрыстығын аша түседі.

513. Ескі араб (хадим) жазуы ерекшелігі ескеріліп, қырық сегізінші шумақ соңындағы түсініксіз «диттан» сөзі «оны да» – дегенмен ауыстырылды.

514. Елу екіншінің екінші тармағы басы бұрынғыда «тұрған жоқ» – деп берілсе, бұл жолы әрі 1171 – папкадағы (379 (227), әрі II – папкадағы (17 б.) калып ескеріліп, «жоқ» сөзі «жан» – деп алмастырылды.

515. Мәшһүр Жүсіптің «Миграж» дастанының бірінші нұсқасы әулеттік мұрағаттағы: Жолмұрат, Иманғали, Мұхаммедфазыл, Мұхаммедәмен көшірмелері және жоғарыда сөз болған қордағы Мәшһүр Жүсіп жазбасы 1171 – папкасындағы белгісіз адам көшірмесі, оған қоса «Орталық Қазақстан» газетінде басылған Махмет Назарұлы көшірмесі негізінде әзірленіп, Мәшһүр Жүсіп шығармалары 2 – томындағы «Жетпіс бап» айдарымен берілген шығармалар топтамасы ішінде жарияланғаны белгілі (мәтіні – 146-162 б.; түсінігі – 359-361 б.) Біз бұ жолы кейінірек қолға тиген Мәшһүр Жүсіптің ертеректе жазылған өз жазбасы негізінде (әулеттік мұрағат, II – папка, 23-36 б.) осы туындыны екінші нұсқа ретінде ұсынып, жеке сөздер, сөз қосымшаларындағы өзгерістерге тоқталмай-ақ, негізгілеріне арнайы салыстыру жүргізуді жөн көрдік. Мәселен, алғашқы шумақ бастапқыда:

Әуелі бисмиллада сөзім басы,
Тыйылмас булықса да көздің жасы.

Мигражын ан хазіретінің тамаша қып,
Сөйлеген ақын Мәшһүр хикаясы.

Кейінгіде:

Бисмилла – хактың аты, сөздің басы,
Кәріптің естісе ағар, көздің жасы.
Мигражын ан хазіретінің өлең қылып,
Сөйлеген Мәшһүр Жүсіп хикаясы.

Біздіңше, бұл екі үлгінің алғашқысы теріс, кейінгісі ғана дұрыс деп актық түйін жасауға асықпаған дұрыс. Себебі біздің бұ жолы ұсынып отырғанымыз туындының ең алғашқы нұсқасы болса, кейіннен Мәшһүр Жүсіптің әр жылдары қайта оралып, бұл туындыны жетілдіріп отырғаны анық. Сондықтан да біріншідегі өзгерістер не сол жетілдірілгеннен көшірілгендіктен, неғұрлым дұрысы болуы да, немесе ауызша тараған үлгіден қайта қағазға түсірілгендіктен де, түпнұсқадан ауытқыған қате нұсқа болуы да ықтимал. Сондықтан да екі үлгінің біреуіне артықшылық беруге асықпай, сөз мәнісіне қарап зерделеп анықтай түсуді кейінгі зерттеушілер үлесіне қалдырамыз.

516. Бастапқыда екінші шумақтың үшінші жолы. «Жарандар, құлақ салып тыңдасаңыз» – деп берілсе, кейінгіде өзгерген: «Қанша сөз, бәрін жазып, тауыса алман».

517. Бұрынғыда: «Жасына кейін қалған қайта бардым» – тармағы үшінші шумақ маңдайы ретінде берілсе, бұ жолғыда үшінші мен төртінші шумақтар орны ауысқан. Сондай-ақ шумақ басындағы «Жасына» сөзі – «басына» – деп жаңғырумен бірге үшінші жолы: «Қылма айып: үзіп созып сөйледі – деп» – қалпынан мүлде өзгеріп: «Қаламды қолыма алып: «Жазайын! – деп» – қалпында орын тепкен.

518. Жетінші шумақтың екіншісі әуелгіде: «Жіберді хило мен тәж, пырақ саған» – делінсе, бұ жолғыда басқаша: «Жіберді пырақ пенен шола саған».

519. Оныншы шумақтың соңғы жолы ортасындағы: «өтіп кеттім» сөздерін екіншіде «жүре бердім» алмастырған.

520. Он екінші шумақтың үшіншісі алғашқыда: «Бисмилланың мимінде кеш пе, ерте ме?!» – делінсе, соңғыда: «Міндім: «Бисмилла!» – деп, кеш, ерте ме» – түрінде өзгерген.

521. Он тоғызыншы шумақ бұрынғыда: «Құдыста жан-жануар бәрі келді» – жолымен басталса, бұ жолғыда: «Құдыста» орнын «Құдысқа» иеленумен бірге «жан-жануар» сөзін «тамам аруақ» ығыстырған.

522. Жиырмасыншыны маңдай еткен: «Алдынан пайғамбардың шықты бәрі» – тармағы да өзгеріп: «Алдынан сәлем айлап келді бәрі» – түрінде бой көтерген.

523. Жиырмасыншының бастапқы сөздері әуелгіде: «Алдынан сәлем берген» – болса, кейінгіде баскаша: «Бәрінен бұрын келген».

524. Жиырма үшіншінің үшіншісі әдепкіде: «Періште туамит мұқараб жағында» – делініп, бір түрлі ұғынықсыздық тудырса, бұ жолғыда бәрі айқын: «Періште төрт мұқараб төрт жағында».

525. Жиырма жетіншінің екінші-төртінші жолдары бастапқыда: «Кісі екен ұзын бойлы, сонда көрдім, // – Қош келдің бәрекелді-ай, балам! – дейді, // Токталмай өтіп онан жүре бердім» – деп өрбісе, бұ жолғыда «сонда» сөзін «жүзін» алмастырумен бірге «бәрекелді-ай» сөзін – «бақытын ашылсын»; «токталмай» дегенді – «бөгелмей» ауыстырған.

526. Отызыншы шумақ басындағы «үшінші» және отыз бірінші маңдайындағы: «төртінші», отыз екінші кіріспесіндегі «бесінші» сөздері өзгертіліп, алдымен «екінші», кейін «үшінші» сонынан «төртінші» сөздерімен алмастыру бұ жолы жүзеге асса, бұл өзгеріс отыз екінші шумақта жалғастырылған «бесіншіде» және «алтыншыда» сөздеріне дұрыс ұласуымен де кейінгі өзгертулер дұрыстығын ғана дәлелдейді.

527. Отыз бесінші шумақ беташары біріншіде: «Есік ашты, мен барып тура кірдім» – деп берілсе, кейінгіде нақтылана түскен: «Аспанға жетінші көк барып кірдім».

528. Отыз алтыншының екіншісі ортасы алғашқыда: «Сонан аққан» делінсе, соңғыда тағы да нақтылай түсу басым: «саулап аққан». Сонымен бірге осы тармақ аяғындағы: «бір сағым нұр» – сөздерін «бәрі де нұр» – алмастырған.

529. Отыз екінші маңдайындағы: «Палак дая болғанда» сөздері әуелгіде түсініксіздік тудырса, «дая» сөзін «дария» ығыстыруы ұғымды нақтылай түскен.

530. Отыз тоғызыншының төртінші жолы басы әуелгіде: «Асылын хак біледі» – түрінде өрбісе, бұ жолғыда «Нәсілін Алла біледі» – сөздері орын тепкен.

531. Қырық біріншінің соңғы тармағы біріншіде. «Өзінің сипатын жаңа көрдім» – түрінде орын тепсе, кейінгіде басқаша: «Формына асыл сурет кірген енді».

532. Қырық алтыншының үшінші тармағы аяғы алғашқыда «тегіс өтіп» – делінсе, кейінгіде «арман өтіп» түрінде беріліп, сапардың ұзара түсуіне ықпал еткен.

533. Қырық сегізінші шумақтың төртінші жолы бұрынғыда: «Кітаптың айтқан сөзін тыңда, сыла» – деп өрілсе, кейінгіде сәл басқаша: «Кітаптың ұқтыр жырын айтып қана».

534. Келер шумақтың үшінші тармағы әуелгіде: «Жерлерге би нехаят аяк басып» болса, соңғыда өзгеріс бар: «Жерлерге нақият жок кадам басып».

535. Елу үшіншінің екіншісі алғашқыда: «Пайғамбар ізгі құлды қосакка алар», – делінсе, бұ жолғыда: «Ізгі құл пайғамбарға қосакталар» – деп қоныс тепкен.

536. Елу бесіншінің басы әуелгіде: «Жер тағам, әзір қойған бұған арнап», – делінсе, екіншіде өзгеріс бар: «Же тағам саған қойған қажир арнап».

537. Елу алтыншының екінші, үшінші жолдары біріншіде: «Сауытқа күміс қасық малулы тұр. // Баяғы жолда қалған сақинасы» – деп берілген. Ал, соңғыда «сауытқа» орнына «табақта» орын алумен бірге үшінші тармақ: «Манағы жолбарысқа берген жүзік» – деп өзгертілген.

538. Алпыс сегізіншінің екіншісі бастапқыда (2 – том, 154 б.): «Мен оны құрбан беріп қойған болсам» – қалпында өрбісе, соңғыда басқаша: «Бір қошқармен ажалдан мен құтқарсам».

539. «Нұхқа кеме берсем топан суда» – деген жолмен басталатын шумақ кітапта алпыс алтыншы шумақ ретінде келтірілсе, бұ жолғыда ол 4 шумақ кейін шегініп, жетпіс бірінші шумақ ретінде орын тепкен.

540. Жетпісінші шумақ соңы біріншіде: «Әйтеуір күнәсы көп пенделерің» – делінсе, кейінгіде сәл басқаша: «Болғандай күнәсы ауыр пенделерің».

541. Жетпіс жетіншінің аяғы алғашқыда: «Тоғыз жүз және тоқсан мың сөйлескен» – делінсе, бұ жолғыда: «мың» орнын «тоғыз сөз» сөздері иеленген.
542. Жетпіс тоғызыншының үшіншісі әуелгіде: «Кілттеулі бір үй көрдім сондай үлкен» – түрінде сап түзесе, соңғыда: «Келбетті сол жайларда бір ү [й] көрді» – деген қалыпқа көшкен.
543. Сексен екіншінің екіншісі бұрынғыда: «Ашылды, әлгі есікке қайран қалдым» – түрінде өрістесе, бұ жолғыда: «Ашылды есік, есік-тен көзім салдым» – деп өрілген.
544. Сексен бесіншінің екіншісінің соны біріншіде «созан» – делініп, бір түрлі ұғынықсыздық тудырса, бұ жолы «бозаң» – деп түзетілді. Сонымен бірге ондағы үшінші тармақ: «Жапырақ зор ма, иа ағаш, иа құс зор ма?» – қалпында орын тепсе, екіншіде басқашалау: «Дария үлкен бе, иа ағаш, иа құс зор ма?».
545. Сексен жетіншінің алғашқы жолы аяғы бұрын араб әрпінен аудару тәжірибесі кемдігінен «тозан дейді» – делініп, өзінен кейінгі тармақ соны сөзімен: «оза алмайды» – онша ұйқаспай тұрса, бұл жолы «тозандай-ды» – деп аударылды.
546. Тоқсан біріншінің екіншісі бастапқыда: «Бәріне назар салмай өте берген» – қалпында шаңырақ көтерсе, бұ жолғыда өзгеріс баршылық: «Бәріне көзін салмай, жүре берген».
547. Жүз үшіншінің екіншісі басы бұрынғыда: «Белгісіз көрінбейтін» – делінсе, соңғыда басқаша: «Болжалсыз көрмеген соң».
548. Жүз бесіншінің басы әуелгіде: «Біткен жоқ» – сөздерін алға ұстаса, кейінгіде оны «піскен жоқ» ығыстырған. Сонымен қатар осы шумактың үшіншісі онда біртүрлі ұғынықсыз болса, екіншіде нақтылана түскен: «Сахарада «Бір алла!» – дегеніме».
549. Жүз жетіншінің аякқы жолдары да соңғыда дамытылып, неғұрлым дәлдікке ұмсынуымен ерекшеленеді: «Таксырдың бетіндегі сол қарасын // Бетіне хор қыздары қылады мең».
550. Жүз он сегізіншінің үшіншісі алғашқыда: «Баяғы жолда қалған сақинасы» – делінсе, бұ жолы тағы өзгерген: «Түндегі жолбарысқа берген жүзік».
551. Жүз он тоғызыншының аякқы тармақтары да әрі «сақина» орнына «жүзік» келтірілуімен, әрі сөздер орны ауысып, нақтылана түсуімен көзге түседі: 1. «Емес қой бұл сақина өзіңдікі, // Баян қыл,

білсең, балам, маған кепті!» (2 – том, 154 б.). 2. «Емес қой өзіндікі мынау жүзік, // Қолыңа, кімнен алып, салдың?» – депті» (II – папка, 35-бет).

552. Жүз жиырма екіншінің соңғы жолдары да екі нұсқада түрліше: «Шаһарымын ғаламның, ей, жарандар, // Есігі Ғалы деген хақ пайғамбар» (2 – том, 160 б.). «Шаһариар мен асхаптың бәрінен де // Екінші Ғалы – деген хақ пайғамбар» (II – папка, 36 бет).

553. Біз ұсынып отырған мәтіннің жүз жиырма бесінші шумағынан кейін: «Мифражын хақ пайғамбар хаққа салдым» – жолын маңдай еткен соңғы сегіз тармақтық мәтін бұрынғыда жоқ, тек осы жолғыда тұңғыш орын алуымен көңіл бөлгізеді.

554. Мәшһүр Жүсіптің «Жігіт назы» өлеңі осы жазбадан (II – папка, 37-38 б.) алынып, бұдан бұрынғы 4 – томда (101-102 б.) жарық көрді. Өлең маңдайшасы ретінде берілген: «Мәшһүр сөзі» – дегеннен де шығарма авторы талассыз анық көрініп тұрғанына осы жолы назар аудартқымыз келеді.

555. «Білемін ақыр бір күн өлмегімді» – деп басталатын мәтін Мәшһүр Жүсіптің «Ібіліс шайтан хикаясы» – дастанның қырық бесінші шумағының басы. Бұл мәтіннің осы 45 – шумақпен, ең соңғы 102 – шумақ аралығын қамтитынын ескерсек, мұнда айналасы 58 шумақ берілген. Біз бұ жолы осы үлгіні екінші нұсқа ретінде келтіріп, оның ішінде жеке әріп, сөз ғана емес, шығарма сюжеті, бейнелері үшін біршама мәні барларын салыстыра саралауды жөн көрдік.

556. Қырық жетіншінің бірінші сөзі алғашқы нұсқада (3 – том, 8 б.) «Кимесе» сөзін маңдай етсе, бұ жол ол «киейін» – деп алмастырылды.

557. Елу екіншінің үшіншісі әуелгіде: «Тағамың сенің малғұн осы болсын» – делінсе, кейінгіде басқаша: «Қорегің ішіп-жейтін болсын сенін».

558. Елу үшіншінің үшіншісі бұрынғыда: «Сүт-катық адамдарға сусын бердің» – деп өрілсе, бұ жолы «қатық» – «қайнатып» болып өзгерумен қатар «сусын» дегенді «тағам» алмастырған.

559. «Хадисте үшбу сөздер қылынған иад» жолы әуелгіде елу жетінші шумақ ретінде келтірілсе, бұ жолы өзінен кейінгімен орын ауыстырып, бір шумақ кейін жылжып, елу сегізіншінің орнын иеленген.

560. Алпысыншының екінші жолы ортасындағы «орныкпады» сөзі соңғыда «ұнамады» сөзімен ауыстырылған.
561. Жетпіс алтыншының екінші тармағы басы біріншіде (3 – том, 12 б.) «қару бер» – деп беріліп, екінші «өнер бар» жақша ішінде келтірілсе, аяққыда жақшасыз бірден-бір үлгі ретінде енгізілді. Сонымен бірге осы шумақтың үшіншісі ортасындағы «кәйі» – сөзі «калам» сөзімен ауыстырылды.
562. Тоқсан біріншінің үшіншісі біріншіде: «асып түсті» – деп келсе, енді «асып шықты» – деп өзгертілді. Сондай-ақ осы шумақтың төртіншісі аяғы: «Қатындардың шырай көркі» – делініп, жақша ішінде «ұрғашының ажар көркі» – орын алса, бұ жолы сол жақша ішіндегі алға шықты.
563. Тоқсан төртінші шумақ алғашқыда екі шумақ кейін жылжып тоқсан жетінші ретінде берілген. Сонымен бірге шумақ соңындағы ұйқас құрайтын сөздер бастапқыда: «көздер», «жүздер», «сөздер» – қалпында сап түзесе, бұ жолы: «көзді», «жүзді», «сөзді» сөздерімен алмастырылған.
564. Тоқсан сегізіншінің аяғы бірінші нұсқада (3 – том, 14 б.): «Хакиқы беріп сәуле хактын нұры» – деген қалыпта канат жайса, бұ жолы мүлде басқаша: «Адамның кетіргендей кайғы-шері».
565. Айналасы он шумақтан тұратын «Мәшһүр Жүсіптің он екі мүшесімен амандасқаны» өлеңі бұдан бұрын Мәшһүр Жүсіп шығармалары I – томында (251-252 б.) «Қамардин хазірет» өлеңі басталымы ретінде келтірілгені, оған Алматыдағы ОҒКҚҚ – да сақталған Мәшһүр Жүсіп жазбасы 1171 – папка ішіндегі белгісіз біреу жазбасы негіз болғаны белгілі. Ол туындының түсінік бөлімінде (414 б.) 1171 – папка жазбасын әулеттік мұрағаттағы Жолмұрат, Мұхаммедфазыл көшірмелерімен салыстыру жүргізілгені айтылған. Кітаптағы нұсқада 9 шумақ болса, мұнда 10 шумақ болуымен бірге түрлі айырмашылық баршылық екенін де ескерген жөн. Сонымен бірге II – папкадағы туынды маңдайында ақынның өз қолымен: «Мәшһүрдің шығарған өлім баяны – он екі мүшесіне амандасқаны» – деп жазғанына сүйеніп, шығарма атын: «Мәшһүр Жүсіптің он екі мүшесіне амандасқаны» – деген аталымға ат басын тіредік.
566. «Танырлық молда болсаң құран қайтын» – деп басталатын өлең маңдайшасында ақынның өз қолымен: «Қатын хақында» – деп

жазғанына сүйеніп осы аталыммен жеке туынды ретінде тұңғыш ұсынылып отыр.

567. Мәшһүр Жүсіптің «Ит дүние» өлеңінің бірінші нұсқасы әулеттік мұрағаттағы Мәшһүр Жүсіп жазбасы (3 – папка, 32-33 б.) негізінде 1 – томда (153-154 б.) жарық көргені белгілі. Бұл туындының жалғасы саналарлық екінші нұсқасы «Ит дүние» аталымымен әулеттік мұрағаттағы Омар Иманбаев көшірмелері бойынша (2 – папка, 118-119; 3 – папка, 58 б.) 2 – томға (226 б.) енгізілгені де мәлім. Біз бұ жолғының әрі екіншідегіге орайлас, әрі түпнұсқа екенін ескеріп, үшінші үзік нұсқа ретінде жеке келтіруді жөн санадық.

568. Мәшһүр – Жүсіптің қағазға түсіруімен бізге жеткен Ғали Елубайұлының «Имам Зүфір» дастаны осы жазба (II – папка, 47-69 б.) бойынша бұдан бұрын 7 – томда (257-278 б.) жарық көрді.

569. «Мақал, жұмбақ және нақыл сөз» – мәтіні де 11 – папкадан (70,71 б.) алынып, ұсынылып отыр.

570. «Еңсегей бойлы ер Есімхан» – әңгімесінің үшінші нұсқасы да осы жазба (II – папка, 71-77 б.) негізінде 9 – томда (9-11 б.) орын алды.

571. «Атасының аты білінбей, өз аты шыққан ерлер» әңгімесінің бірінші нұсқасы әулеттік мұрағаттағы Мәшһүр Жүсіп жазбасы (2 – папка, 108-111 б.) бойынша 8 – томда (87-89 б.) жарияланды. Бұл мәтіннің екінші нұсқасы әулеттік мұрағаттағы Мәшһүр Жүсіптің ертерек жазылған үлгісінен (басы 156 – беттен, жалғасы 78-80 беттерден) 9 – томда (3-4 б.) келтірілді.

572. «Абылайдан кейінгі хандар» әңгімесінің бірінші нұсқасы әулеттік мұрағаттағы Мәшһүр Жүсіп жазбасы (2 – папка, 82-86 б.) бойынша, ал соның екінші нұсқасы жоғарыда аталған Алматыдағы ОҒКҚҚ – да сақталған Мәшһүр Жүсіп жазбасы (1170 – папка, 798-808 б.) негізінде 9 – томда (161-164, 164-167 б.) жарық көргені мәлім. Бұ жолы Мәшһүр Жүсіптің ертеректе жазылса да, кейінірек қолға тиген II – папкада (81-82 б.) орын алған жазбасын мәтіннің үшінші нұсқасы ретінде ұсынып отырмыз.

573. Мәшһүр-Жүсіптің «Исабек ишан» өлеңінің бірінші нұсқасы әулеттік мұрағаттағы: Жолмұрат, Мұхаммедфазыл көшірмелері бойынша 1 – томға (мәтіні – 229-238; түсінігі – 410-413 б.) енгізілгені белгілі. Енді біз кейін қолға тиген Мәшһүр Жүсіптің өз жазбасын мәтіннің екінші нұсқасы ретінде ұсынып отырмыз. Мәтіннің

ең басы II – папка 105-106 беттерде сақталса, жалғасы 83-84 және 157-158 беттерде орналасқан. Осы орайда ертеректе жазылып, бізге дейін онша жақсы сақталмағандықтан да, бет шетінің жыртылып, іріп түсіп қалуы, тұтас бет болмауы т.с.с. ескеріп, бар сөздерді ғана көрсетіп, елеулі айырмашылықтарға арнайы тоқталып отырамыз.

574. Мәшһүр Жүсіп шығармаларының бірінші томында (Павлодар, ЭКО, 2003, 229 б.) алғашқы шумақ әулеттік мұрағаттағы Жолмұрат көшірмесі (3 – папка, 171 б.) бойынша былай берілген:

Бісімлла, сөз бастайын асыл тектен,
Түскендей асыл еді-ау аспан көктен!
Керуендей бұ дүниеге аз күн қонып,
Пәниден жақсы, жаман – бәрі де өткен.

Мұхаммедфазылда мүлде басқаша:

Дүниеден жақсы да өтті, жаман да өтті,
Ақкөлде әулиелік мекен етті.
Хазірет ишан Ғайсабек назымларын
Айтайын бір зат Шәріп ғауһар текті.

Мәшһүр Жүсіптің біз келтіріп отырған өз жазбасының Жолмұраттан гөрі Мұхаммедфазылмен көбірек үндесетіні байқалады. Мұнда алғашқы және соңғы жол тап Мұхаммедфазылдай болса да, екінші, үшінші тармақтары мүлде өзгеше болуы Мәшһүр Жүсіптің бұл өлеңді бір рет жазумен тынбай, екінші рет жетілдіре түсуін аңдатса керек.

575. Кітаптағы (1 – том, 230 б.) «Шораның Баязит бастасындай» – деп басталатын сегізінші шумақ мұнда үш шумақ қысқаруымен бесінші болып тұрумен қатар бастапқы «Шораның» сөзі орнын «Шәрбатың» иеленуімен ерекшеленеді. Сонымен бірге үшінші тармақта бір түрлі ұғымсыздық арқалаған «су хайбатының» сөздері «махаббаттың» – деп өзгертілді.

576. Тағы да жеке әріп, сөз өзгешеліктерін тізе бермей-ақ, негізгілеріне үнілсек, кітаптағы: «Айбатың бар-ды – Әділ Омардайын» – тармағын маңдай еткен шумақтың үшінші жолы бұрынғыла: «Күндіз күлкі, түн болса, ұйқы көрмей» – қалпында өрбісе, енді мүлде басқаша келтірілді: «Сүннетлі парыздарды ада қылып».

577. «Салила ол имам раббани» – деп басталып, он төртінші болуға тиісті шумақтың осы жолы ғана кіргізілгенін еске саламыз.
578. Бастапқыда: «Бір аз күн Арқаға болдың қонақ, // Дүние бар болғаның болды-ау сол-ақ!» – делінсе, соңғыда: «Бір аз күн бұл Аркада болдың қонақ, // Дүние, опасы жоқ не еткен шолақ?!» – деп біраз өзгертілген.
579. Алғашқыда: «Ішінара бас берген Апай, Бөрі» – деп басталатын шумақтың бірінші тармағы: «Ас берген шыныменен Апай, Бөрі» – делінумен қатар екінші жол басындағы «жұқарак» сөзі «жоғары» – дегенмен алмастырылған. Сонымен бірге осы шумақ соңындағы «не түрлі кемеңгері» – дегендегі «түрлі» сөзін «маңғаз» ауыстырған.
580. «Төрт арыс: Қама, Жапар, Есен, Бозым» – деп басталатын 3 шумақтық, яғни 12 тармақтық мәтін бұрынғы кітапта жоқ, тек осы жазба (II – папка, 81 б.) бойынша енгізілді.
581. Әуелгіде шумақ басы: «Жар досың көруші еді сізді жандай» – түрінде келсе, екіншіде мүлде басқаша: «Көруші ең ғалымдарды шыбын жандай».
582. «Әулие Құлболды ишан өткен бұрын» – деп басталатын шумақтың алғашқы жолындағы «өткен» сөзінің «шықты» – дегенмен ауысумен қатар үшіншідегі: «ходайда» – «һуайда» болып, ал, төртінші басындағы: «алған» дегені – «білген» – сөздерімен алмастырылды.
583. «Жайылма, Ақкөл менен иесіз қалған» – дегенді маңдайша еткен шумақтағы «менен» орнын «Қонай» (жер аты болуы керек) – сөзі иеленген.
584. «Шырақшы орнатылды бастарында» – дегенді алға ұстаған шумақтың бірінші «шырақшы» сөзін «Күмбез бар» – ауыстырумен бірге төртінші тармақтағы «алдандырып» орнын «алдап бір күн» иемденді.
585. Тағы да жеке сөз, әріп өзгерістеріне тоқталмай-ақ, басты-бастысына үңілсек: «Дариға, бұ шамада өттің, кеттің» – жолын ту еткен шумақтың соңғы тармағы әдепкіде: «Уа, дүние, әрбір жаққа тентіреттің!» – деп берілсе, енді аяққы сөзден басқасы: «Әр жаққа сергелдең ғып» – деп өзгертілді.
586. «Жарандар, олай болса, керек басшы» – деп басталатын шумақтың үшінші жолы бұрынғыда: «Айрылдың көш басшыңнан,

ей, халайық» – түрінде отау тіксе, бұ жолы (II – папка, 158 – бетте) мүлде басқаша: «Бетімен болғаннан сон бара алмайтын».

587. «Бар құдай Ишекеме рақмет етсін» – жолымен басталатын соңғы тармақтар әуелгіде: «Аз сөз алтын болғанда, көп сөз күміс, // Ақыры осымен тамам етсін» – калпында өрілсе, кейінгіде елеулі өзгеріске ұшыраған: «Көп сөз күміс болғанда, аз сөз – алтын» // Осымен сөзін Мәшһүр тамам етсін!»

588. «[Қ] ой қолым, айтпа тілім, тоқта қалам» – дегенді маңдай еткен соңғы 2 шумақтық, яғни 8 тармақтық мәтін алғашқыда жоқ, тек осы жолы, II – папка, 158-бет жазбасы бойынша толықтырылды.

589. Мәшһүр Жүсіптің «Бак құсы» өленінің бірінші нұсқасы 4 – томда (336-337 б.) жарияланса, соңғы бөлімі ақынның өз қолымен ертеректе қағазға түскен нұсқасы, (II – папка, 87 б.) бойынша әзірленді.

590. Кәрілік туралы «Көшекен сөзі», «Шортекен сөзі» – деп жазылған бұл мәтін де II – папкадан (87-88 б.) алынып ұсынылды.

591. «Азарсың, жұртым, азарсың» – деп басталатын Мөңке бидің сөзі осы жазба (II – папка, 89-90 б.) негізінде 6 – томда (139-140 б.) жарық көрді.

592. Мәшһүр Жүсіптің «Сүлеймен мен құмырсқа патшасы әңгімесі» (екінші нұсқа) мәтіні де осы жазбаға (II – папка, 91-98 б.) бойынша берілді.

593. «Едігенін Тоғаспен құда болуы» – әңгімесінің бірінші нұсқасы әулеттік мұрағаттағы Мәшһүр Жүсіп жазбасы: II – папка, 291 -302 б. негіз етіліп және II – папка, 122-124 б., 108-112 беттері ескеріліп, бір нұсқа ретінде 6 – томда (мәтіні – 127-131 б.; түсінігі – 362 б.) басылғаны мәлім. Бұ жолы II – папкадағыны одан бөліп үшінші нұсқа ретінде жеке ұсына отырып, екінші және осы он бірінші папка мәтіндеріндегі өзгерістердің негізгілерін нақты атап өтуді жөн көрдік. Мәселен, осы алғашқы сөйлемнің өзіндегі «үйленген» сөзі тек II – папкада (29 б.) орын алса, «келін» сөзі он біріншіде (122 б.) ұшырасуымен ерекшеленеді.

594. Кітапта II – папка бойынша: «тігіп берді» – деп басылса (6 – том, 127 б.), осы жолы II – папкада оның орнын «кылып берді» – иемденіп тұрғанын еске саламыз.

595. Бұрынғыда 2 – папка, 291 б. бойынша. «Түнде қонақасын беріп» – түрінде келсе, кейінгіде 11 – папка, 122 б. негізінде сәл кеңейген: «Түн болды, қонағасын беріп жатты».

596. Әуелгіде: «Екі даугерді алдына алдырып, құрым кигізге тігілген баланы, кигізін сөктіріп көрсе, түсік екен» – қалпында орын алса, бұл жолғыда ол біраз өзгеріп, кеңейген: «Екі даугерлерді алдына алдырып:

– Құрым кигізге тіккізген баланы алдыр! – дейді. Кигізін сөктіріп көрсе, түсік екен».

597. Алғашқыда: «Мұнда бастайтын бас жоқ екен, көретұғын көз жоқ екен» – қалпында өрістесе, соңғыда «бастайтын» – сөзін – «бас дейтін»; «көретұғын» – дегенді «көз дейтін» – сөздері алмастырған.

598. «Бекболатпен екеуімізге бітіріп қайтарған» – дегеннен кейінгі мәтін жалғасы 11 – папкада осының алдында 107-111 беттер аралығында орын алған.

599. Әуелгідегі: «Өзенге сыңыса» орнын бұ жолы «тізіліп жағалай» – алмастырған.

600. «Күнде келіп жатқан көптің бірі ғой!» – деп, [отыра] берді» – сөздері біріншіде жоқ, тек осы жолы енгізілді.

601. «Едігеге ішкі сырды, күйеуінің жайын айтпай, амандасып, өкпелеп қайтып кетіпті» – сөздері және одан кейінгі мәтін соңына дейін созылған үзік те мүлде өзгеше болуымен назар аудартады.

602. «Ескі сөз бұрынғыдан қалған екен» – дегенді маңдай еткен Мәшһүр Жүсіптің «Сүлеймен мен Байғыз» – өлеңінің бірінші нұсқасы әулеттік мұрағаттағы Мұхаммедфазыл көшірмесінен алынып, 1 – томда (мәтіні – 276-279 б.; түсінігі – 419-420 б.) жарық көргені белгілі. Сонымен бірге әулеттік мұрағатта Мәшһүр Жүсіптің екі жазбасы: 2 – папка, 222-224 беттері; 11 – папка, 98-100 және 159 б. бар екенін ескеріп, 11 – папкадағыны осы туындының екінші нұсқасы ретінде жеке ұсынып отырмыз.

603. Бастапқыдағы: «Дүниенің біліңіздер шын-жалғанын» – деген он үшінші тармақта орын алған «біліңіздер» сөзі 11 – папка, 98 – беті бойынша «біле алсаңыз» – деп өзгертілді.

604. Он сегізінші шумақтың үшінші жолы алғашқыда: «Бөгеліп күні бойы келмей жаттың» делінсе, бұ жолы: «Беріліп күні бойы күлмей жаттың» – түрінде өріс алды.

605. Тағы да жеке сөз, әріп өзгешеліктерін тізбей-ак негізгісіне үнілсек, ең соңғы жиырма алтыншы шумақтың үшінші тармағы әуелгіде: «Хазірет сөзі кейінге қалсын, – деп-жад!» – делінсе, бұ жолы: «Ғибрат боп кейін [гі] ге қалсын, – деп-жат!» – деп түзетілді.

606. Мәшһүр Жүсіптің «Өлім алдындағы хал» өлені әулеттік мұрағаттағы 11 – папка (102-104 б.) бойынша 4 – томға (338-341 б.) енгізілгенін, аяғы әзір табылмағанын еске саламыз.

607. «Абылай аспаған сары бел» – аталған мәнісі (скінші нұсқа) мәтіні 11 – папка (113-122 б.) бойынша 9 – томда (50-53 б.) жарияланды.

608. Мәшһүр Жүсіптің «Жетпіс бап» дастандар шоғырының толық нұскасы әулеттік мұрағаттағы бір кездегі Мәшһүр Жүсіптің атқосшысы Иманғали Маненов (1903-1993 ж.) және ақынның кенже ұлы Мұхаммедфазыл Жүсіпұлы (1890-1969), ақынның Мәдина деген қарындасынан туған жиені Жолмұрат Жүсіпұлы (1894-1977) көшірмелері бойынша Мәшһүр Жүсіп шығармалары екінші томында (мәтіні – 96-345 б.; түсінігі – 353-378 б.) жарық көргені мәлім. Бұ жолы біздің қолымызға Павлодар облысы, Баян селосы тұрғыны Садықұлы Кенжебек сақтауынан (27.04.2004 ж.) алынған Мәшһүр Жүсіптің ертеректе (1879-1880 ж.) жазылған өз жазбасы толық болмағандықтан да, оны екінші қысқа нұсқа ретінде осы жолы жеке ұсынғанды жөн көрдік.

609. Ислам дініне орынсыз мін тағушылардың қазір де аз еместігін ескеріп, дін тарихын жетік білетін Мәшһүр Жүсіптің осы туындысын (11 – папка, 127-141 б.): «Пайғамбарға сенбеушілер хикаясы» – деп шартты түрде өзіміз белгілеген аталыммен жеке ұсынып отырмыз.

Мазмұны

Шөженің Шоң биге айтқаны	3
Қазақтың түбі.....	3
Қыз тәрбиесі туралы	10
Аманқұл абыз.....	12
Қосдәулет әңгімесі.....	12
Абылайдың Бұкар жыраудың көңілін сұрауы	12
Күн, Ай және адам денелері	13
Бір шайырдың сөйлеген насихаты.....	14
Түрлі әңгімелер.....	14
Ғылым-білім (бірінші әңгіме).....	16-27
Мәшһүр Жүсіптің «Адам мүшелері» өлеңі	21
Шүкіршілік тағылымы	27
Назым.....	31
Ғылым-білім (екінші әңгіме).....	32
Мінез түзету хақында	32
Ғылым-білім (үшінші әңгіме)	40
Сөз өнері туралы.....	44
Мәшһүр Жүсіп уағызы	46
«Басқа пәле – тілден» – деудің мәнісі	52
Жыл мезгілдері туралы	55
Ризық туралы	58-65
[Мәшһүр Жүсіп өлеңі] Жаратылыс сыры	62
Нәпсі, рух туралы	65
Алла тағаланың шеберлігі	74
Екі тіленші әңгімесі.....	82
Үш асыл туралы.....	87
Жан ғаламы	93
Атасының аты білінбей, өз аты шыққан ерлер (екінші нұсқа).....	103
Әмір Темір көреген (бірінші әңгіме).....	105
Түркістан шаһары туралы	109
Қазақ тегі туралы бір әңгіме	111
Жеті Құран әңгімесі (екінші нұсқа).....	112
Орманбет хан әңгімесі	113
Бұрынғы замандағы құн төлеу (екінші нұсқа).....	116
Абылайдың қырғыз-өзбекке жорығы (екінші нұсқа).....	116

Абылай ұрпақтары (үшінші нұсқа)	117
Абылайдан кейінгі хандар (екінші нұсқа)	117
«Кенесары-Наурызбай» дастаны (бірінші нұсқа)	118
Наурызбай мен Жанкабыл кактығысы (екінші нұсқа)	118
Тарихи бір дерек	118
Өзбек хандары туралы	119
Мәшһүр Жүсіп «Ғибратнама» өлең (бірінші нұсқа)	120
Жеке деректер	124
Төрелер шежіресі	124
Ғылым-білім (төртінші әңгіме)	124
Қан, жан, ғақыл	130
Ғылым-білім (бесінші әңгіме)	134
Тәубе (түп) ағашы	137
Мәшһүр Жүсіптің «Мықдима» өлеңі	138
Дін тағылымы (бірінші әңгіме)	139
Әмен Көпейұлы өлеңдері	140
Сөз тапқыш – Афоризм	144
Накыл сөз	145
Мәшһүр Жүсіптің «Иман жолдас» өлеңі	146
Мақалдар	146
Мәшһүр Жүсіп өмірі	147
Мәшһүр Жүсіптің «Тарынын қауызындай» өлеңі	148
Бір үзік шежіре	148
Қыз жұмбағынын шешуі (екінші нұсқа)	149
Ғылым-білім (алтыншы әңгіме)	151
Қазақ мақалдары туралы (үшінші нұсқа)	155
Накыл сөздер, мақалдар	156
Енді бір деректер	170
Әмір Темір көреген (екінші әңгіме)	172
Ноғайлыдан шыққан Мөңке бидің сөзі (екінші нұсқа)	173
«Абылай аспаған сары бел» – аталған мәнісі» дерегі	176
«Алланың шайтанынан адамның шайтаны күшті» – деген сөз (екінші нұсқа)	176
Мәшһүр Жүсіп өлеңі	178
Бір ұғып алып айтып жүретұғын сөз	178
Он екі жыл аттары	178
[Географиялық мәліметтер]	179
[Мәшһүр Жүсіп өлеңі]	179

Нұрман сөзі (бірінші нұсқа).....	181
Түрлі деректер	182
Әмен Көпейұлы (1888–1921) өлеңі	184
Ұлбике мен Жангел айтысы (екінші нұсқа).....	185
Ұмын мен Заман қожа айтысы (екінші нұсқа)	188
Тағы бір деректер.....	189
Сақау мен Тоғжан айтысы (екінші нұсқа)	190
Шөже мен Шортанбай қағытпасы	192
Жаяу Мұса туралы	192
Мөңке би сөзі (үшінші нұсқа)	193
Такпак	195
Өмірбаяндық бір үзік дерек	197
Едігенің Тоғаспен құда болуы (үшінші нұсқа)	198
«Бодансыз Керей» – аталу мәнісі.....	203
Арғын-Сүйіндік – Айдабол шежіресі жалғасы	207
Нәпсінің тарихы.....	208
Пайғамбар мен кәпірлер соғысы.....	208
Қазақ шежіресі (тоғызыншы нұсқа)	210
Ғылымға берілгендік үлгілері	211
Шайтаннан адамның жеңілуі мәнісі	212
Адам денесін ай, жылмен салыстыру	213
Сараңдықтың зияны туралы.....	214
Қыз жұмбағының шешуі (үшінші нұсқа)	217
Ниет туралы	219
Біреп сөздер мәнісі.....	220
Дін тағылымы (екінші әңгіме)	222
Дін тағылымы (үшінші әңгіме).....	223
Адамдар тілін байлауға болмайтыны	226
Мұхаммед пайғамбар туралы	227
Айырбастың қалай құнсызданғаны туралы	229
Мәшһүр Жүсіп өлеңдері.....	230
Бұқар жырау	231
Қазақ мақалдары.....	231
«Шығасы шықпай, кіресі кірмейді» мақалының шығу төркіні (екінші нұсқа).....	234
Мәшһүр Жүсіптің «Шайтанның саудасы» өлеңі (екінші нұсқа).....	238
Қазақ мақалдары:.....	242
Ақыл мәнісі	243

Өзін жерлеуге байланысты Мәшһүр Жүсіптің айтқан ескертпесі.....	244
Қазақ мақалдары, нақыл сөздері	245
Мәшһүр Жүсіптің «Қиямет ахуалы» дастаны (екінші нұсқа).....	246
Мәшһүр Жүсіптің «Сүлеймен мен Ібіліс» өлеңі (екінші нұсқа).....	257
Мәшһүр Жүсіптің «Шайтанның саудасы» өлеңі (үшінші нұсқа).....	261
Мәшһүр Жүсіптің «Миғраж» дастаны (екінші нұсқа).....	263
Мәшһүр Жүсіптің «Ібіліс шайтан хикаясы» дастаны (екінші нұсқа).....	277
Мәшһүр Жүсіптің он екі мүшесіне амандасқаны.....	284
Мәшһүр Жүсіптің «Қатын хақында» өлеңі.....	285
Мәшһүр Жүсіптің «Ит дүние» өлеңі.....	286
Мақал, жұмбақ және нақыл сөз.....	286
Абылайдан кейінгі хандар (үшінші нұсқа).....	288
Мәшһүр Жүсіптің «Исабек ишан» өлеңі (екінші нұсқа).....	289
Мәшһүр Жүсіптің «Бак құсы» өлеңі (екінші нұсқа).....	294
Кәрілік туралы	295
Шортекең сөзі.....	296
Өлім хикаясы [кетіп баяны]	296
Белгісіз бір мәтін аяғы	296
Қазақ мақалдары	296
Едігеннің Тоғаспен құда болуы (төртінші нұсқа).....	297
Мәшһүр Жүсіптің «Сүлеймен мен Байғыз» өлеңі (екінші нұсқа).....	302
Мәшһүр Жүсіптің «Жетпіс бап» – дастандар шоғыры (екінші нұсқа).....	305
Он екінші бап.....	305
Мәшһүр Жүсіптің «Пайғамбарға сенбеушілер хикаясы» туындысы.....	309
Түсініктер.....	326

Мәшһүр Жүсіп

Шығармалары. 11 том

18.07.2007 ж. басуға қол қойылды. Көлемі 60x84/16.
Офсеттік басылым. Қаріп түрі KZ Times.
Шартты баспа табағы 24,2. Есептік баспа табағы 19,7.
Таралымы 1000 дана.

«ЭКО-С» ЖШС-та басылған.
Қазақстан Республикасы, 140000, Павлодар қ.,
29 Ноябрь к., 2, Тел.: 32-16-08